

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

М. ҰТЕМИСОВ АТЫНДАҒЫ
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН
МЕМЛЕКЕТТІК
УНИВЕРСИТЕТІ



ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКИЙ
ГОСУДАРСТВЕННЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ
ИМ. М. УТЕМИСОВА



Ғылыми журнал

БҚМУ ХАБАРШЫСЫ ВЕСТНИК ЗКГУ

Научный журнал

Педагогика

Филология

Тарих

Биология және экология

География

2019/
2

<http://wksu.kz>

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

М.ӨТЕМІСОВ АТЫНДАҒЫ
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН
МЕМЛЕКЕТТІК
УНИВЕРСИТЕТІ



ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКИЙ
ГОСУДАРСТВЕННЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ
им. М. УТЕМИСОВА

БҚМУ ХАБАРШЫСЫ

Жылына 4 рет шығады

№ 2 (74) - 2019

ВЕСТНИК ЗКГУ

Выходит 4 раза в год

Орал-Уральск



Выпуск 2 (74) шығарылым
Сәуір – Апрель. Мамыр – Май. Маусым - Июнь
Педагогика, филология, тарих,
биология және экология, география /
Педагогика, филология, история,
биология и экология, география



Бас редактор – Главный редактор:
Н.Х.СЕРҒАЛИЕВ

биология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор/
кандидат биологических наук, ассоциированный профессор

Бас редакторының орынбасары – Заместитель главного редактора

А.С.ҚЫДЫРШАЕВ

педагогика ғылымдарының докторы, профессор/доктор педагогических наук, профессор
Редакция алқасы – Редакционная коллегия:

Т. Вюнш –	философия докторы (PhD), профессор, доктор философии (PhD), профессор, Пассау университеті (Германия, Пассау қ.)	доктор философии (PhD), профессор, Университет Пассау (Германия, г. Пассау)
П.М. Кольцов -	т.ғ.д., профессор, Қалмақ мемлекеттік университеті (Ресей, Элиста қ.)	д.и.н., профессор, Калмыцкий государственный университет (Россия, г. Элиста)
А.С. Тасмағамбетов -	т.ғ.д., доцент, М.Өтемісов атындағы БҚМУ	д.и.н., доцент, ЗКГУ им. М.Утемисова
Т.З. Рысбеков -	т.ғ.д., профессор, М.Өтемісов атындағы БҚМУ	д.и.н., профессор, ЗКГУ им. М.Утемисова
А.С. Турчин -	психол.ғ.д., доцент, Иванов мемлекеттік университеті (Ресей, Иванов қ.)	д.психол.н., доцент, Ивановский государственный университет (Россия, г. Иванов)
В.Ю.Салов -	п.ғ.д., профессор, М.Өтемісов атындағы БҚМУ	д.п.н., профессор, ЗКГУ им. М.Утемисова
Г.И.Имашев -	п.ғ.д., профессор, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті	д.п.н., профессор, Атырауский государственный университет им. Х.Досмұхамедова
А.В. Скали –	п.ғ.к., доцент, Экономика университеті (Польша, Быдгощ қ.)	д.п.н., доцент, Университет экономики (Польша, г. Быдгощ)
К. Кайнер -	ф.ғ.д., профессор, Йоханнес Гутенберг атындағы университет (Германия, Майнц қ.)	д.ф.н., профессор, Университет им. Йоханнеса Гутенберга (Германия, г. Майнц)
А.Р. Габидуллина -	ф.ғ.д., профессор, Донбасс мемлекеттік педагогикалық университеті (Украина, Горловка қ.)	д.ф.н., профессор, Донбасский государственный педагогический университет (Украина, г. Горловка)
Г.К. Хасанов -	ф.ғ.д., профессор, М.Өтемісов атындағы БҚМУ	д.ф.н., профессор, ЗКГУ им. М.Утемисова
А.Г. Абуханова -	ф.ғ.к., доцент, М.Өтемісов атындағы БҚМУ	к.ф.н., доцент, ЗКГУ им. М.Утемисова
М. К.Сапанов -	б.ғ.д., профессор, Ресей ғылым академиясының Ормантану институты (Мәскеу қ, РФ)	д.б.н., профессор, Институт лесоведения, Российская академия наук (г.Москва, РФ)
Е. Е.Андронов -	б.ғ.к., доцент, Ресей ауыл шаруашылық ғылым академиясының Бүкілресейлік ауылшаруашылық микробиология ҒЗИ (Санкт-Петербург қ., РФ)	к.б.н., доцент, Всероссийский научно-исследовательский институт сельскохозяйственной микробиологии (г. Санкт-Петербург, РФ)
А. Г.Бакиев -	б.ғ.к., доцент, Ресей ғылым академиясының Едіп бассейнінің экологиясы институты (Тольятти қ., РФ)	к.б.н., доцент, Институт экологии Волжского бассейна Российской академии наук (г.Тольятти, РФ)
А. А.Иманбаева -	б.ғ.к., Маңғышлақ эксперименталдық ботаникалық бағы ҚР БҒМ ҒК (Ақтау қ., ҚР)	к.б.н., РГП «Мангышлакский экспериментальный ботанический сад» КН МОН РК (г.Ақтау, РК)
Т. Е.Дарбаева -	б.ғ.д., профессор, М.Өтемісов атындағы БҚМУ	д.б.н., профессор, ЗКГУ им.М.Утемисова
Р. Г.Сафиуллин -	ғ.ғ.д., профессор, Башқұрт мемлекеттік университеті (Уфа қ., РФ)	д.г.н., профессор, Башкирский государственный университет (г.Уфа, РФ)
В. П.Петрищев -	ғ.ғ.д., доцент, Орынбор мемлекеттік университеті (Орынбор қ., РФ)	д.г.н., доцент, Оренбургский государственный университет (г.Оренбург, РФ)
О. Б.Мазбаев -	ғ.ғ.д., профессор, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (Астана қ., ҚР)	д.г.н., профессор, Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева (г.Астана, РК)
А. Д.Маусымбаева -	т.ғ.к., Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті (Қарағанды қ., ҚР)	к.т.н., Карагандинский государственный технический университет (г.Караганда, ҚР)
К. М.Ахмеденов -	ғ.ғ.к., қауымдастырылған профессор, М.Өтемісов атындағы БҚМУ	к.г.н., ассоциированный профессор, ЗКГУ им.М.Утемисова

2000 жылдан бастап шығарылады. Жылына 4 рет шығады.

Жинақ ҚР Қоғамдық келісім және ақпарат, мәдениет министрлігінің келісімімен 07.12.1999ж. тіркеліп, №971 – Ж куәлігі берілген.

Жинақ ҚР Қоғамдық келісім және ақпарат, мәдениет министрлігінің келісімімен 09.08.2000ж. қайта тіркеліп, №1432 – Ж куәлігі берілген.

ҚР Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің келісімімен мерзімді баспасөз басылымдарын және (немесе) ақпарат агенттіктерін 26.01.2011ж. есепке алу туралы №11389-Ж куәлігі берілген.

Жинақ филология, тарих және педагогика ғылымдары бойынша диссертациясының негізгі нәтижелерін жариялау үшін Қазақстан Республикасының Білім және ғылым саласындағы Бақылау комитеті бекіткен ғылыми басылым тізіміне енді.

Журнал 2012 жылдан бастап Қазақстандық цитаталау базасына енген

Журнал 2019 жылдан бастап Ресейлік ғылыми цитаталау индексі базасына енген

2019 жылдан бастап журнал электронды форматта шығарылады

Издается с 2000 года. Выходит 4 раза в год.

Свидетельство о регистрации издания № 971-Ж от 07.12.1999г. выдано Министерством культуры, информации и общественного согласия РК.

Свидетельство о перерегистрации №1432-Ж от 09.08.2000г. выдано Министерством культуры, информации и общественного согласия РК.

Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания и (или) информационного агентства №11389-Ж от 26.01.2011г. выдано Комитетом информации и архивов Министерства связи и информации РК.

Журнал включен в Перечень научных изданий Комитета по контролю в сфере образования и науки Республики Казахстан, рекомендованных для публикации основных результатов диссертаций по филологическим, историческим и педагогическим наукам.

Журнал с 2012 г. входит в Казахстанскую базу цитирования

Журнал с 2019 г. входит в базу Российского индекса научного цитирования

С 2019 г. журнал издается в электронном формате

ISSN 1680-0761

© М.Өтемісов атындағы БҚМУ, 2019.

УДК 37.013.43

Сарсенбаева Б.И. – доктор педагогических наук,
профессор ЗКГУ им. Утемисова
Аманбаев А.С. – кандидат исторических наук, ЗКГУ им. Утемисова
E-mail: askar72048@mail.ru

О ПРОБЛЕМАХ ФОРМИРОВАНИЯ ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ СОВРЕМЕННОГО СПЕЦИАЛИСТА

***Аннотация.** Данная статья посвящена актуальным проблемам формирования педагогической культуры современных специалистов. Цель состоит в том, чтобы показать, что в содержание обучения и воспитания будущего специалиста необходимо ввести культуuroобразующий блок дисциплин, разработать и внедрить в виде факультативов спецкурс «Основы формирования педагогической культуры специалиста», сконструировать и апробировать программу – минимум по психолого-педагогическому образованию студентов, как будущих специалистов гуманитарного профиля. Разработать программу саморазвития, самообразования, самореализации для дальнейшего развития педагогической культуры специалиста в период самостоятельной профессиональной деятельности.*

***Ключевые слова:** педагогическая культура, культура как знаковая система, профессиональная подготовленность, методологической анализ.*

Отечественный психолог, педагог, организатор высшего образования М.М. Рубинштейн, в своей книге «Проблемы учителя» еще в 1927 г. писал: «Какое большое значение может иметь включение педагогического образование в общие высшие учебные заведения для привлечения новых и разнообразных сил в сферу педагогических интересов...» По сути М.М. Рубинштейн еще тогда, около века назад, поставил проблему необходимости педагогически образовывать подготавливаемых в системе высшего образования специалистов непедагогического профиля. Эта проблема до сих пор не решена и не потеряла своей актуальности и сегодня.

Если исследованию проблемы формирования педагогической культуры преподавателя, занимающегося педагогической деятельностью в системе высшего профессионального образования, педагогической деятельности в системе профессионального образования, педагогической наукой уделяется достаточно большое внимание (М.М. Рубинштейн, А.В. Барабанщиков, В.Л. Бенин, Е.В. Бондаревская, Н.Д. Никандров, В.А. Сластенин, И.Ф. Исаев, В.В. Краевский, Е.Н. Шиянов и др.), то проблема формирования педагогической культуры специалиста гуманитарного непедагогического профиля еще не исследовалась должным образом учеными и педагогическая наука пока не дает рецепта устранения сложившегося противоречия между требованиями общества и существующей системой подготовки специалиста.

До сих пор не выработана полная онтологическая картина, отображающая процессы формирования педагогической культуры специалиста гуманитарного непедагогического профиля.

Понятие «педагогическая культура» включает такие родовые понятия, как «педагогика» и «культура». Если под педагогикой понимают науку, занимающуюся обучением и воспитанием, то однозначного определения понятия «культура» мы не имеем. Ю.М. Лотман и Б.А. Успенский в работе «О семиотическом механизме культуры» указывают на большое количество определений понятия «культура», на его неоднозначность. Они считают, что разница лишь в семантическом наполнении данного понятия в разные исторические эпохи, что значение этого термина производно от типа культуры: каждая историческая данная культура порождает определенную, присущую только ей модель культуры. Несмотря на многообразие определений понятия «культура», Ю.М. Лотманом и Б.А. Успенским выделены две общие черты:

- 1) Культура имеет признаки;
- 2) Культура выступает как знаковая система.

При таком подходе культура – это многообразные формы и методы познавательной и практической деятельности то, что было использовано в прошлом историческом опыте, что должно быть сохранено и использовано в будущей деятельности в качестве ее культурного образца, способа.

Очень важным для понимания сущности и специфики понятия «педагогическая культура» является аксиологический подход к понятию «культура». Этот подход зафиксирован и в этимологии слова «культура». В большинстве случаев указывается, что в переводе с латинского «культура» означает возделывание, воспитание, образование, развитие, почитание.

Обратимся теперь к анализу понятия «педагогическая культура». В.Л. Бенин в своем научном труде «Теоретико-методологические основы формирования педагогической культуры» считает, что «педагогическая культура как явление неразрывно связывает две общественных системы - педагогику и культуру – и требует определения ее положения, как в системе педагогики, так и в системе культуры». Он дает следующее определение данного понятия: «Педагогическая культура представляет собой интегративную характеристику педагогического процесса, включающую единственную как непосредственной деятельности людей по передаче накопленного социального опыта, так и результаты этой деятельности, закрепленные в виде знаний, умений, навыков и специфических институтов такой передачи ее от одного поколения к другому» [1].

Е.В. Бондаревская в своей работе «Педагогическая культура как общественная и личная ценность» считает: «Педагогическая культура - это часть общечеловеческой культуры, в которой с наибольшей полнотой запечатлелись духовные и материальные ценности образования, воспитания, а также способы творческой деятельности, необходимые для обслуживания исторического процесса смены поколений, социализации личности, осуществления образовательно- воспитательных процессов» [2].

И.Ф. Исаев в книге «Профессионально-педагогическая культура преподавателя» дает такую трактовку данному понятию: «...совокупность личностных характеристик, в которую входят гуманистическая

направленность, творческое педагогическое мышление, способность к инновационной деятельности, высокая ответственность» [3].

Авторский коллектив ученых (Е.В. Бондаревская, Т.Ф. Белоусова и др.) в разработанном научном труде «Введение в педагогическую культуру» сделали актуальнейший для решения проблемы формирования педагогической культуры любого общественного субъекта вывод, что в широком смысле «педагогическая культура» присуща любому «Я» в соприкосновении с «Ты», что она «является универсальным феноменом, присущим всем общественным субъектам на различных уровнях их жизнедеятельности и отношений» [4].

Несмотря на различные определения, данные этими исследователями понятию «педагогическая культура», все они рассматривают этот феномен в контексте историко-культурного анализа как многоаспектное явление, как часть общечеловеческой культуры, характеризующей взаимодействие между образованием и культурой в тот или иной исторический период развития человеческой цивилизации.

Реформирование системы профессиональной подготовки специалиста гуманитарного непедагогического профиля в вузе должно исходить из переориентации направленности его из плоскости формирования специальной культуры в плоскость формирования специальной и педагогической культур.

Педагогическая культура должна способствовать подготовленному специалисту гуманитарного непедагогического профиля успешно осуществлять свою профессиональную деятельность.

Нужны юристы, экономисты, врачи, которые являлись бы носителями не только специальных знаний, но и педагогической культуры. Педагогическая культура специалиста, подготовленного в непедагогическом вузе, не должна отождествляться в полном объеме с педагогической культурой преподавателя вуза, которому необходимо разбираться в педагогических ситуациях, соответственно решать педагогические задачи, но она должна иметь те структурные и функциональные компоненты педагогической культуры преподавателя, которые помогут специалисту эффективно реализовать профессиональные знания, полученные им в вузе, в своей практической специальной деятельности.

Таким образом, нам нужен не полуспециалист, а хорошо подготовленный специалист с гармонично сформированными специальной и педагогической культурами.

Ведь сама по себе система высшего профессионального образования далеко еще не обеспечивает воспроизводства культуры в человеческих поколениях при подготовке специалиста гуманитарного непедагогического профиля, т. к. современная система воспитания студента пока не располагает набором культурных средств для решения этой проблемы.

Ненормальность создавшегося положения подтверждается и тем, что высшие профессиональные школы выпускают не только специалистов, которые идут на работу по своей специальности, но и специалистов значительная часть которых привлекается к педагогической деятельности в учреждениях ТипО и вузах.

М.М. Рубинштейн почти сто лет назад указывал на необходимость решения этой актуальной уже тогда проблемы, говорил, что «в наших

условиях университеты и высшие школы почти со всех своих факультетов выпускают специалистов, которые не только идут в жизнь на свою специальную работу, но в большом числе занимаются педагогической работой. Меж тем теперь нет нужды доказывать, что специальная подготовка, даже хорошая, теперь недостаточна, так как современная постановка школы требует специальных методико-педагогических навыков и знаний. Это явление-приток педагогов без достаточной педагогической подготовки - нельзя рассматривать как скоро преходящее явление...» [5].

Это еще один серьезный аргумент, подтверждающий необходимость формировать не только специальную, но и педагогическую культуру у студентов гуманитарного непедагогического профиля в стенах вуза и продолжать ее у них развивать после окончания вуза в период их самостоятельной производственной деятельности.

Это означает ориентацию всего образования, в том числе системы высшего профессионального образования, на общечеловеческие ценности, гуманитаризацию его содержания, гуманистические технологии обучения и воспитания, создание педагогических условий формирования педагогической культуры у студента как будущего специалиста гуманитарного непедагогического профиля, опережающих современное состояние культуры.

Формирование и развитие профессионально - педагогической культуры специалисты гуманитарного непедагогического профиля невозможно без специального методологического исследования, которое выявит предметы исследования и технологию исследования данных предметов. Методологический анализ должен указать, что должно быть взято в качестве исходного материала, какие средства и какой инструментарий необходимо использовать, какие действия и процедуры нужно совершить, чтобы получить знания и умения, необходимые для формирования педагогической культуры специалиста гуманитарного непедагогического профиля.

Однако, несмотря на то, что нет ничего более практичного, чем хорошая теория, необходимо сейчас искать, находить и предлагать конкретные пути решения проблемы подготовки специалиста гуманитарного непедагогического профиля в контексте формирования у него педагогической культуры.

При всей сложности мы попытаемся изложить субъективное видение путей решения этой проблемы:

- во-первых, педагогическую культуру сформировать у студента как будущего специалиста гуманитарного непедагогического профиля невозможно без его педагогической и психологической подготовленности;
- во-вторых, в высших учебных заведениях необходимо создать межфакультетские кафедры психологи и педагогики, главным предназначением которых является не готовить педагогов, а психологически и педагогически образовывать подготавливаемых в вузе специалистов гуманитарного непедагогического профиля;
- в-третьих, кафедры психологии и педагогики должны быть укомплектованы специально подготовленным для этих целей профессорско-преподавательским составом, который, отличаясь высоким профессионализмом в области педагогических и психологических знаний, мог бы за короткие педагогические циклы, не в ущерб основной подготовке, формировать главные элементы и компоненты педагогической культуры у студентов как

будущих специалистов гуманитарного непедagogического профиля. При этом студенты должны получить хорошую педагогическую и психологическую подготовку не для преподавания и ретрансляции этих знаний, а для их творческого применения в своей самостоятельной профессиональной деятельности после окончания вуза. Это значит, что их нет необходимости проводить через детализованную педагогическую подготовку, как это нужно делать со студентами, способными выступить после окончания вуза в роли преподавателей колледжей и вузов;

- в-четвертых, кроме кафедр психологии и педагогики, психолого-педагогических циклов, необходимо разработать и апробировать в непедagogических вузах центры педагогической культуры (ЦПК), которые системно занимались бы формированием педагогической культуры у студентов непедagogического профиля на всех факультетах;

- в-пятых, повсеместно в вузах создавать необходимые требования и условия социокультурной направленности преподавания всех дисциплин, особенно дисциплин культурно-формирующих блоков, которые призваны формировать у студентов культуuroобразующие смыслы и компоненты педагогической культуры;

- в-шестых, кафедры психологии и педагогики совместно с выпускающими кафедрами той или иной специальности должны производить отбор студентов, имеющих отличные успехи в учебе, со сформированными личностными качествами, элементами педагогической культуры, имеющих желание и способности вести преподавательскую работу, и проводить с ними детализованную педагогическую подготовку на 4-ом курсе, как это нужно делать со студентами при их подготовке в педагогическом вузе. По окончании педагогической и психологической подготовки можно предусмотреть выдачу выпускникам сертификатов, дающих право подготовленным специалистам вести преподавательскую деятельность по дисциплинам, соответствующим профилю полученной специальности и квалификации;

- в-седьмых, создание межфакультетских кафедр психологии и педагогики и формирование объема педагогической нагрузки ППС должны пройти в основном за счет компонентов по выбору (элективных дисциплин), которые имеются во всех учебных планах на всех факультетах, абсолютно не затрагивая основной профессиональной подготовки студента;

- в-восьмых, необходимо обеспечить гуманистическую направленность формирования педагогической культуры у студентов как будущих специалистов, которые должны сами выбирать по своему желанию ту или иную дисциплину, более углубленно заниматься собственной психологической и педагогической подготовкой, имея цель осуществлять педагогическую деятельность после окончания вуза. При этом сам студент, учитывая свои склонности и способности, выбирает приоритеты в своей педагогической подготовке. Однако дополнительное обучение на кафедре психологии и педагогики должно ставиться в зависимость от успеваемости студента на основном факультете. Необходимо разработать и апробировать несколько небольших по объему часов дисциплин элективного характера типа «Основы формирования педагогической культуры специалиста»

- в-девятых, лимит дополнительного времени, которое необходимо изыскать для педагогической подготовки будущего специалиста без ущерба его основной подготовке по профессии, и невозможность ввести в до-

полнительное педагогическое образование специалиста непедагогического профиля целый ряд элементов создают особые условия при подходе к конструированию программы педагогической подготовки, которая должна иметь вид программы-минимум, при этом она должна удовлетворять тем современным требованиям, которые предъявляются сегодня к подготовке специалиста, пропорционально распределяться по всем курсам обучения так, чтобы формирование педагогической культуры шло постепенно, параллельно, органически вызревало от курса к курсу. Это позволит будущему специалисту не только получить специальность, но и эффективно ее применять в педагогической деятельности;

- в-десятых, не надо строить иллюзию, что за время подготовки специалиста в вузе можно сформировать у него хорошую педагогическую культуру. Необходимо предусмотреть возможность проектирования и конструирования программ дальнейшего развития этой культуры у специалиста после окончания вуза, в период его самостоятельной работы;

- в-одиннадцатых, необходимо развивать в вузе активные методы обучения и воспитания, которые позволяют студентам в более короткие сроки и с меньшими усилиями овладеть необходимым уровнем знаний и умений. Особенно важно развивать когнитивные компоненты, внимание, память и в целом сознание, особенно мышление студентов, которые помогут в той или иной практической ситуации. Существующие методы обучения, к сожалению, не формируют изначально указанных выше психологических свойств учебной деятельности студента. Преподаватель, по существу, не учит формированию и развитию этих качеств. При сложившейся практике обучения и воспитания они, как правило, формируются не целенаправленно, а стихийно.

И в заключение хотелось бы подчеркнуть следующее. Перечисленные выше предложения и пути решения проблемы формирования педагогической культуры специалиста гуманитарного непедагогического профиля не являются бесспорными. Названы в основном те предложения, которые лежат на поверхности и не заметить которые просто нельзя. Большая часть из этих предложений реализуется нами на практике. Нет нужды доказывать, что специалист без знания педагогики и психологии - не специалист. Это совершенно аксиоматическое положение, вызванное требованиями реалий настоящего времени, быстрого вхождения Казахстана в культурное и экономическое пространство цивилизованного мира.

Мы неоднократно поддерживали тезис о том, что высшая школа, вуз непедагогического профиля не могут выпустить специалиста, у которого будет завершено формирование специальной профессиональной культуры и параллельно педагогической культуры. Но это не должно нас освобождать от обязательства стремиться к этой цели. При этом формирование педагогической культуры специалиста не должно являться самоцелью, нам необходимо подготовить специалиста с высокими человеческими качествами, доброго, отзывчивого, обязательного, ответственного, нравственного. Необходимо прогностически, опережая время проектировать формирование педагогической культуры специалиста гуманитарного непедагогического профиля, ставить амбициозные цели - вести подготовку специалиста, адекватную требованиям мировых стандартов.

Необходимо преодолевать иммунитет студентов, специалистов, преподавателей, которые ошибочно считают достаточным наличие хороших спе-

циальных знаний для успешного построения своей профессиональной деятельности. Нас уже не может удовлетворить только хорошо профессионально подготовленный специалист, нас может удовлетворить только специалист с хорошо сформированной педагогической культурой, только он может быть адекватным требованиям мирового уровня.

Если в содержание обучения и воспитания специалиста в педагогическом вузе ввести в обязательном плане социокультурное преподавание всех дисциплин учебного плана, особенно уделить внимание культуурообразующему блоку дисциплин, разработать и ввести в виде компонента по выбору дисциплину «Основы формирования педагогической культуры специалиста», сконструировать и апробировать программу-минимум по психолого-педагогическому образованию студентов как будущих специалистов гуманитарного педагогического профиля, разработать программу саморазвития, самообразования, самореализации для дальнейшего развития педагогической культуры специалиста в период его самостоятельной профессиональной деятельности, то мы можем с большой долей вероятности утверждать, что мы приблизимся к достижению цели - решению проблемы формирования педагогической культуры специалиста гуманитарного педагогического профиля.

Литература:

1. Бенин В.Л. *Теоретико-методологические основы формирования педагогической культуры*. — Уфа, 1994. — 132 с.
2. Бондаревская Е.В. *Педагогика и культура как общественная и личная ценность // Педагогика, 1999. — № 3. — С. 37-43.*
3. Исаев И.Ф. *Профессионально-педагогическая культура преподавателя: учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений*. — М.: Изд. центр «Академия», 2002. — 208 с.
4. Бондаревская Е.В., Белоусова Т.Ф., Власова Т.П. и др. *Введение в педагогическую культуру: учеб. пособие* – Ростов на Дону: РГПУ, 1995. — 172 с.
5. Рубинштейн М.М. *Проблема учителя: учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений / Под ред. В.А. Сластинина*. — М.: Изд. центр «Академия», 2004. — 176 с.

Сарсенбаева Б.И., Аманбаев А.С.

**ЗАМАНАУИ МАМАННЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН
ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Бұл мақала заманауи мамандардың педагогикалық мәдениетін қалыптастырудың өзекті мәселелеріне арналған. Мақсаты - болашақ маманды даярлау мен тәрбиелеу мазмұнында пәндердің мәдени блогын енгізу, «Маманның педагогикалық мәдениетін қалыптастырудың негіздері» арнайы курсы әзірлеу және енгізу, бағдарламаны жобалау және тестілеу - кем дегенде студенттік психологиялық-педагогикалық білім беру үшін, болашақ гуманитарлық мамандар ретінде. Тәуелсіз кәсіби қызмет кезеңінде маманның педагогикалық мәдениетін одан әрі дамыту үшін өзін-өзі дамыту, өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі жетілдіру бағдарламасын әзірлеу.

Тірек сөздер: педагогикалық мәдениет, мәдениет белгілер жүйесі, кәсіби дайындық, әдістемелік талдау.

Sarsenbayeva B.I., Amanbayev A.S.
**ABOUT PROBLEMS OF FORMATION OF PEDAGOGICAL
CULTURE ON THE MODERN EXPERT**

This article is devoted to the actual problems of the formation of the pedagogical culture of modern specialists. The goal is to show that it is necessary to introduce a cultural block of disciplines, to develop and introduce the special course “Basics of forming a pedagogical culture of a specialist” as an elective course, to design and test the psychological and pedagogical education program for students, as future specialists in humanities. To develop a program of self-development, self-education, and self-realization for the further development of the pedagogical culture of a specialist during the period of independent professional activity.

Keywords: pedagogical culture, culture as a sign system, professional competence, methodological analysis.

ӘОЖ 378.1

Албытова Н.П. – педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор,
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
E-mail: nalbytova@mail.ru

Сламбекова Т.С. – педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор,
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
E-mail: tolkyn_1969@mail.ru

**МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ
ПРОБЛЕМАЛАРЫ**

Аңдатпа. Мақалада Қазақстан Республикасында орта білім беру барысы қарастырылады. Осыған байланысты жаңартылған білім мазмұны бойынша оқытуда кездесетін қарама-қайшылықтарды атап өтеді. Осыдан оқу жетістіктеріне жетуде оқушыларға педагогикалық қолдау көрсету қажеттігінің туындап отырғандығы анықталған. Автор «педагогикалық қолдау» ұғымына түсініктемелер келтіріп, оның қазақстандық және шет елдік білім беру жүйесінде даму тарихына шолу жасайды, педагогика классиктерінің ой-тұжырымдарынан дәйектемелер келтіреді. Шетелдік мектеп тәжірибелерінде жиі қолданылатын педагогикалық қолдау, көмек түрлерін зерттеген ғалымдар еңбектеріне, ондағы оқушыны педагогикалық қолдау ерекшеліктеріне тоқталады. Тәжірибеде ересектердің (педагогтар мен ата-аналардың) оқушыны педагогикалық қолдауы анықталып, заманауи мектеп оқушыларымен жұмыс жасауда педагогикалық қолдау бағыттары ұсынылады.

Тірек сөздер: жаңартылған білім мазмұны, 12 жылдық білім беру, педагогикалық қолдау, оқу жетістіктері, негізгі құзыреттіліктер, пәндік құзыреттіліктер, оқыту, тәрбие.

Қоғамның бәсекеге қабілеттілігі рухани және адамгершілік құндылықтар негізінде қаланған білім беру саласының мықтылығына байланысты. Қазақстандағы білім беру жүйесінің түбегейлі жаңа мазмұнға көшуіне себеп болған да осы проблеманың шешуін іздестіру.

Жак Делордың халықаралық комиссия баяндамасында тұжырымдап, Комиссия шешімі бойынша білім беру сапасы жетістіктерінің адамға өмірлік жетістіктерге қажетті танымға, әрекет етуге, бірге өмір сүруге, өмірдің кез-келген қарам-қайшылықтарына төтеп береуге үйрену негізінде бағалануы ХХІ ғасырда білім берудегі жаңалық болып саналады [1].

Әлемдік өзгерістерге сәйкес Қазақстан Республикасы білім берудің мазмұнын қайта қарауды жалпы орта білім беру жүйесін жаңарту жолдары мен дамыту стратегиясын айқындаудан бастау қажет деп шешті. Және 12 жылдық мектеп жағдайында Қазақстан Республикасының жалпы білім беру жүйесін жақсарту жолдары мен дамыту стратегиясын айқындайтын арнайы Тұжырымдама әзірленді. Онда білім беру бағдарламаларының негізгі басымдығы өзгерістерге үнемі бейім болу және жаңа білімді меңгеру қабілетін дамыту болуға тиіс деп, осыған сәйкес жаңа бағдарламалар, оқулықтар, стандарттар және кадрлар даярлау қажеттігін белгілеп берді [2].

Алайда, білім беру мазмұнын жаңарту бойынша оқытуда көзделетін жаңа талаптардың оқушыларға салмақ салатындығы кездеседі, олар:

- Білім мазмұнының жаңаруы мен педагогикалық оқу орындарында осы өзгерістерді тәжірибеде еңсеруге қабілетті мамандарды дайындаудағы кейбір сәйкессіздіктер;
- Жаңартылған білім мазмұны бойынша ата-аналардың балаларды оқу-тәрбие мақсаттарына жеткізу белсенділігінің аздығы;
- Оқу нәтижелеріне ықпал ететін оқушыға қосымша білім беру мен мектептен тыс сабақтарды ұйымдастыру және т.б. қызметтердің өз мәнінде жолға қойылмауы.

Бастауыш мектепте жаңартылған білім мазмұны бойынша оқытуда оқушы оқу нәтижелеріне жетуі үшін олардың жас және психологиялық ерекшеліктерін ескерумен қатар әлемдік білім беру жүйесінде қалыптасқан оқушыға көмек көрсету мен педагогикалық қолдау жүйесін уақытылы әрі жүйелі пайдалану керек. Бұл қызметті (оқушыны педагогикалық қолдау қызметін) қазіргі бастауыш білім беру саласының мақсаты болып отырған басқарушылық, ақпараттық, коммуникативтік, әлеуметтік, тұлғалық, азаматтық және технологиялық сияқты негізгі құзыреттіліктер мен пәндік құзыреттіліктерді меңгеруде аса қажетті шарт деп қарастыру қажет. Мәселен, Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың “Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері” атты Жолдауда «Біздегі оқушылардың жүктемесі ТМД елдерінің ішінде ең жоғары болып отырғанын және Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы елдеріне қарағанда орта есеппен үштен бір еседен көп екенін ескеріп, оны төмендету керек» -деп көрсетті [3]. Бұл педагогикалық қолдау қызметін қазақстандық білім беру жүйесінде жан-жақты зерттеп, тәжірибеге енгізуді жеделдетуді талап етеді.

Білім беру жүйесіндегі 12 жылдық мектепке өту мәселесін арнайы зерттеген ғалым Г.Қ.Айқынбаева Қазақстандағы білім беру жүйесінің қалыптасу барысын басынан кешкендігіне (ХҮ-ХҮІІІ ғғ және ХҮІІІ- ХХғғ) талдау жасаған. Ғалым: «Қазақ халқында оқымыстылықтың пайдасы мен қуатының түсінікті болғандығы сондай, олар өздері үшін молда шақырып, үйде бала оқытып, мұғалім ұстап, хандардың өзі білім алуды жолға қойған. Жәңгір ханның басшылығымен Бөкейханның ордасында мектеп ашылғандығы тарихта жазылған... Әр жылдың желтоқсан айында мектепте өткізілетін емтиханға оқушылардың ата-аналары да қатыстырылған. Сол күні

хан және басқа да ақсүйектер мектепке жиналып, әр түрлі қызықты шаралар өткізген. Бұл – сол заманда бабаларымыздың өз ұрпағының білімді болуын қолдап, атсалысқандығының айғағы. Бұдан отбасы мен мектептің бірлікте балаға білім беру жолдарын пайдалана білгенін көреміз» - [4] деп жазады.

Жеке-даралық психологиясының негізін қалаушы, белгілі психолог Альфред Адлер: «Ересек адам міндетті түрде бала дамуын басқаруы тиіс... Жеке-даралық психологияның мақсаты да балалардың психологиясын зерттеу болып табылады... Жеке-даралық психология басқа психологиялық тұғырларға қарағанда, теория мен практиканың арасындағы алшақтыққа жол бермейді. Ол тұлғаның тұтастығымен байланысты. Біз әрқашан адамның дамуындағы қателіктері мен жаңылысуларымен, әсіресе, балалық шақта бұрыс қабылданған түсініктерімен санасуымыз қажет, себебі олар оның кейінгі өміріне әсер етеді»-деп көрсетеді [5]. Яғни, А.Адлер адамның балалық шақ кезеңі тым қысқа мерзімде өткенімен, оның өміріне өзіндік мықты із қалдыратындығын ескертіп, бала қабілеті мен даралығын танып-біліп, дер кезінде қолдау жасау қажеттігін зерттеп дәлелдеген.

Балаға (оқушыға) өзін-өзі тәрбиелеуге, дамытуға қалай көмектесуге, қолдау көрсетуге болады деген сұрақ педагогика тарихының көкейкесті проблемасы болғандығын педагогика классиктерінің еңбектерінен көре аламыз.

Я.А. Коменский мұғалімнің қызметі оның балаға қызмет ету ниеті мен дайындығының болуы деп түсіндірді. Дидактикалық жүйесінде ол балаларға адамгершілік және сүйіспеншілікпен жұмсақ қарау қажеттілігін және бала дамуына көмектесу керектігін айтты [6].

Білім беру тарихында ересектердің (тәрбиеші, сынып мұғалімі, ата-анасы) баланы қолдау мәселесін И.Г. Песталоцци қатты ескерткен. И.Г. Песталоцци - «жетім балалардың әкесі» саналып, кемсітушілік көргендерді тәрбиелеп, шынайы халық мұғалімі аталған танымал тұлға, ол өзінің педагогикалық жүйесін жақсы қарым-қатынасқа, оқушыларға қамқор болу бағытында құрды. Педагог қамқорлық туралы ғана емес, сонымен қатар анасы сияқты баланың табиғатын түсіну арқылы қамқорлық жасау керектігін ескертіп отырды. Оның пікірінше, тұлғаның табиғатына қарай қамқорлық жасау адамның «өз-өзіне қамқор болуға», «өз-өзіне көмек көрсетуге», «өзін-өзі қорғауға» бағытталады. «Мұндай қамқорлық баланың сезіміне кері әсер етпей, оның физикалық қажеттіліктерін қанағаттандыра алады. Бұл табиғатқа сәйкесті қамқорлық анасының бойында инстинкт түрінде болғанымен, оның ақыл-ойы мен жүрегінің сұранысында үйлесімділік қажет» -деп жазды [7, 217 б.].

Көрнекті орыс педагогтарының ой-тұжырымдарында (П.Ф. Каптерев, П.Ф. Лесгафт, А.Н. Острогорский, Н.И. Пирогов, Л.Н. Толстой, К.Д. Ушинский және т.б.), кезіндегі оқу орындарының нұсқаулықтарында, гимназиялар мен прогимназиялар туралы Жарғыларда баланың табиғатына сәйкес дамуына қамқорлық жасауға аса мән берілді. Л.Н. Толстой өзінің «Ясная поляна мектебіндегі күнделіктерінде» балаға қамқорлық тәрбиеші қызметінің негізі болуы керектігі туралы айтады [8; 6].

К.Д. Ушинский балаларды қорғау мәселесін қарастыра келе, «Әйелдерге арналған педагогикалық курс Бағдарламасында» балаға деген ақылға қонымды қорғаудың қажеттігіне тоқталады. Ақылға қонымды қолдау мен қорғау бала тұлғасының ұмтылыстары мен қателіктерін және т.б. терең танып білуден туындайтындығына тоқталған болатын. Бұл туралы Л.Н. Толстой, К.Д. Ушинский еңбектерінен (Л.Н. Толстой «Яснополян мектептеріндегі

күнделіктер»), (К.Д. Ушинский «Ата-аналарға кеңес») жан-жақты мағлұмат алып, бүгінгі күні де кәдемізге жарата аламыз. Педагогтар өздерінің жеке бас үлгілерін көрсетіп, практикада іске асырып, оны әдіс ретінде пайдаланып, баланың даму үдерісіне– тұлғаның шынайы түрде психикалық қалыптасуына ықпал етті, осылайша балаға әлеуметтік тәжірибе жинақтауға, қиындықтарды, өмірлік проблемаларды өз бетімен жеңу үшін тіжірибе жинақтауға көмектесті [8; 7].

Я.Корчактың еңбектерінде баланы қолдау мен қорғау идеясы педагогтың басты міндеті ретінде баса айтылады және ол «жақсы педагог» қалыптасуындағы басты педагогикалық ұстаным негізі болып табылады. Я.Корчак жылы да тартымды мекен-жай, ойын ойнайтын, сабақ оқитын, демалатын орын тәрбиеленушіні физикалық та, танымдық та қанағаттандырып, одан әрі дамуына бағыттайды деген [9].

Баланың өмір сүру кеңістігін ұйымдастыруға А.С.Макаренко да үлкен мән берді [10, 182 б.]. Ол ұжымда баланың дамуына ықпал ететін қамқор боларлық ортаны құра алды. А.С. Макаренко өзінің «Общие вопросы воспитания», «Методика воспитательной работы», «Воспитание в советской школе» атты еңбектерінде баланың ұжымдағы әлеуметтік қорғанысы туралы идеяларын айтқан болатын. Педагог тұлғаның және ұжымның қалыпты дамуының мәнді көріністері болып баланың ұжымда қорғаулы екендігін көрсететін өлшемдер жүйесі болатындығын қадап айтқан. А.С. Макаренко сөйлеген сөздерінде, оқыған дәрістерінде әлеуметтік ортаға жаңадан келгендерге қамқорлық жасау қажеттілігін және басқалардың бір-біріне қолдау көрсетуін әрдайым ескертіп отырды [10, 342 б.].

И.П. Иванов А.С.Макаренконың мұрасын терең және байыпты зерделеп, ұлы ұстаздың бүкіл қызметі жалпыға ортақ қамқорлық, қолдау идеясына толы болғандығын, оның барлық адамдарға қамқорлық, қоғамның игілігі үшін қамқорлық жасауды қамтығандығы туралы тұжырым жасады. Ғалым жалпыға ортақ шығармашылық қатынастарды аша келе (тең құқылы қарым-қатынастар), балалардың ұжымшылдық мінездемелерінің дамуын мысалдармен дәлелдейді: басқаларға көмектесу, адамға, табиғатқа, әлемге мейірімділік таныту, әлемге сеніммен қарау көзқарасы және т.б. И.П. Иванов жалпы мотивтерді (кейбіреулердің өзін ерекше артық жағынан көрсетуге, талпыныс жасау қажеттілігі) және «белсенді», «белсенділігі төмен» белгілі бір топ өкілдеріне тән - ортақ шығармашылық қызметті ұйымдастыру мен іске асыруды қажет ететін арнайы мотивтердің болтындығын ескеру керектігін зерттеп, тәжірибеде дәлелдеді.

1990-1991 оқу жылдарында баланың дамуына педагогикалық қолдау қажеттілігі туралы ресейлік ғалымдардың еңбектері жарық көре бастады («Новые подходы к воспитанию в условиях демократической перестройки школы» Газман О.С., Иванов А.В.). О.С. Газманның педагогикалық қолдау тұжырымдамасы жарық көріп, онда педагогикалық қолдау педагог қызметінің негізі, білім берудің бір қыры ретінде (тәрбие және оқытумен қатар) қарастырылды. Әкімшіліктен бастап еден жуушыға дейін жаңаша өзара әрекеттестікке құрылған өзінің жаңа міндеттерін сезінетін, педагогикалық қолдау жүйесі бар мектеп моделін жасау идеясы туындады және жаңа кәсіби мазмұнға, сапаға көшетін жаңа механизмдер пайда болды. Нәтижесінде білім беру жүйесінің әрбір субъектісінің өзін-өзі дамытуға жағдай жасауға негізделген жаңа педагогикалық кеңістік қалыптасатындығы ұсынылды [11].

Бүгінгі күні өзгерістер легінде өмір сүріп жатқан мектеп оқушыларының оқу, тәрбиелеу, қалыптасу, даму процесіне ересектердің тікелей басшылық жасауы, педагогикалық қолдау көрсетуі де қажеттілік және заманауи мәселе. Т.В. Анохина қазіргі кезеңдегі білім беру жүйесінде оқушыны педагогикалық қолдау мәселесіне талдау жасаған және оның келесідей түрлері жиі кездесетіндігіне тоқталған. Ғалымның байқауы бойынша, әлемдік білім беру жүйесінде «school-counselling and guidance» - «мектепте кеңес беру және басшылық» термині кеңінен танымал және алдыңғы қатарлы педагогикалық әдебиеттерде «гайдэнс» термині жиі кездеседі. Кең мағынасында «гайденс» - адамға кез келген қиын жағдайда, талқыға түскенде, таңдау жасауда, шешім қабылдауда немесе жаңа жағдайларға бейімделуде көмектесу дегенді білдіреді. Ал, тар мағынасында- тұлғаға білімді табысты меңгеру, мамандық таңдау, өзіндік қабілеттерін дамыту үшін өзінің қоршаған ортасын танытуға бағытталған көмектесу процесі. «Гайденс» американдық оқушыларға тұлғалық қасиеттерін дамыту үшін тәрбиелік әсер етіп, олардың әлеуметтенуіне белсене қатысады, академиялық жетістіктерді белгілеп отырады, идеологиялық және адамгершілік дамуын бақылайды, өміріндегі қақтығыстарды шешуге араласады. Англияда «counselling and guidance» жүйесіндегі мамандардың қызмет мазмұнын жетілдіру, қазіргі уақытта, «guidance» ұғымында қолданысқа еніп, тұлғаның әлеуметтік және жеке дамуына бағытталған, әлеуметтік дағдыларды үйрету, кәсіптік бағдарлау, пәндерді меңгеру мүмкіндіктерін анықтау, пәндерді таңдауға, іріктеуге көмек көрсету, қолдау қызметі ретінде қабылдау қалыптасқан. АҚШ-та «guidance» алдын-алу жұмыстарымен байланысты, ал «counselling» - тәрбиесінде, мінез-құлқында проблемасы бар балалармен айналысатын мамандардың қызметі ретінде қарастырылады. Т.В. Анохина зерттеулерінде, жалпы, шетелдік мектепте қолдау жүйесі қызметінің түрлі модельдері кездеседі деп, олардың бірқатарын көрсеткен: «tutor» - «тьютор» (жеке, топтық, сыныптық), сынып тәрбиешісі, сынып жетекшісі, психолог, үйлестіруші (координатор), «adviser» - кеңесші, «counsellor» - кеңесші, кеңес беруші, «carrer counsellor» кәсіби жолын таңдаудағы кеңесші, білім беруді толықтырушы мұғалім (кейде «емдеуші педагог» (бұл жерде адам жанын емдеуші мағынасында қолданылады). Американдық білім беру жүйесінде келесідей қолдау формалары да кездеседі: мектеп кеңесшісі - «school-counsellor», «school-psychologist» - мектеп психологы, мектептің әлеуметтік қызметкері - «school social worker» және т.б. [12, 72-74 б.].

«Қолдау» ұғымы адам туралы ғылымдарда кеңінен қолданылады. Бұл ұғым адамның игілігі мен бақытын арттыру және жанашырлық пен міндетін, борышы мен жауапкершілігін сезінуден туындаған қамқорлық жасау, көмек көрсетуге бағытталған белсенді қарым-қатынас ретінде қарастырылады. Уақыт алға басқан сайын бұл ұғымның өрісі кеңейіп, тұлғаның қалыптасуында ойын-сауық, оқу-білім, тәрбие процесінде маңызы ұлғайып, дәрежесі артауда.

Қоғамдық жағдай деңгейінде көмек көрсету, қолдауға деген қатынастың дамуын арнайы әлеуметтік институт ретінде талдауға болады. Қолдау тарихи тұрғыда әртүрлі формаға ие болды.

Орта ғасырларда бұл қатынас қайырымдылық, мейірімділік пен бауырмалдық, кеңпейілдік, сүйіспеншілік формасында жүзеге асқан. Мұнда

күшті рухани мотивация болып, адамға көмекке келуге дайын тұру қайырымдылық пен мейірімділік сезімінен туындады.

Қазақ елінде жетім мен жесірге, көршіге, жолаушыға, азап шеккендерге, әлсізге, кем-тарға, дос-жаранға, туыстарына көмек көрсету, тіпті көмектесуге ниетінің болуы оның кісілік көрсеткіші және адамның ең маңызды қасиеттерінің бірі ретінде құрметтелді.

Балаға көмектесу, қолдау көрсету оның жан дүниесін дамытуға, материалдық жағдайын көтеруге бағытталып, діни мазмұндағы түсініктер арқылы балалардың рухани құндылықтарын қалыптастырып, жалпы әлеуметтенуін қамтыды деуге тұрарлық.

Ресейде XVIII ғасырда баланы қолдау қайырымдылық түрінде өтті, баланы әртүрлі көмек түрімен қамтамасыз етудің мемлекеттік тәсіліне «бейімдеу», «адамның тәуелсіздігі», «отанының адал ұлы» деген аталыммен әлеуметтену мен әлеуметтік даму бағытына әсер етті.

XIX ғасырда қолдау түсінігі мейірбандық пен ақыл мотивациясы біріккен филантропия және қайырымдылық формасында болды. Қолдау қоғамдық міндет ретінде қарастырылды. Бұл «адамазамат» тұлғасының қалыптасуына, сондай-ақ, әлеуметтену мен әлеуметтік дамуға әсер ететін «қоғамға қызмет ету», «әлеуметтенуі сәтсіз» тұлғаларға қайырымдылық қолдау көрсету ретінде танылды.

Тарихта баланы қолдау, әлеуметтік қолдау формаларынан бастап (қайырымдылық, садақа беру, филантропия, қамқорлық көмек); әлеуметтік педагогикалық қолдау формаларына дейін (тәрбие мен білім беруді жүзеге асыратын (қайырымдылық қоры, меценаттық); аты аталмаған дара формадағы қолдаудан (садақа беру, қамқорлыққа алу және т.б.), нақты белгіленген әлеуметтік проблемасы бар жетім балаға үй-жайсыздарға көмектесу формасында бала өміріне авторитарлық араласу формасынан, бала мен қоғам арасындағы демократиялық формаға дейін; патернализм формасынан тұлғаның өз проблемасын өз бетімен шешуін күшейтуге, көмектесуге бағыттау сияқты даму сатысынан өтіп келді.

А.В. Иванов «педагогикалық қолдау» отандық педагогикаға баланы оқыту мәселесіне қатысты педагогтардың жұмыс түрін көрсету арқылы қолданысқа енгендігін және осыған сәйкесті әр түрлі мекемелердің атқаратын қызметіне орай әлеуметтік-педагогикалық қолдау, психологиялық-педагогикалық қолдау, медико-педагогикалық қолдау ұғымдарының пайда болғандығын айтады. «Қолдау» тұлғаның белгілі бір көмекке мұқтаждығы туралы белгі беруді атқарады деп, әлеуметтенудегі қиындықтарды, оқудағы қиындықтарды педагогикалық қолдаудың пәні ретінде қарастырады [8; 6]. Әрине, оқу үлгеріміне қатысты қиындықтар педагогтар мен ата-аналарда да айтарлықтай қиындықтар туындайды.

«Педагогикалық психология» атты оқу құралында И.А. Зимняя оқыту мен тәрбиелеу психологиясы туралы: «Шығыстың ұлы ойшылы Ибн Сина (Авицина) медицина қызметкерлеріне «Зиян келтірме» деген қағида қалдырып, мұны медициналық жоғары оқу орындарының түлектері Гиппократ анты ретінде қабылдайды. Осыдан, педагогикада педагогикалық ықпал етуді сипаттайтын және оның тиімділігін анықтайтын осындай кәсіби қағида бар ма деген сұрақ туындайды. Бұл ретте, өз қызметін бастайтын педагогтарға «оқушының жанын түсін», «оқушының оқу үлгеріміне көмектес» деп келетін екі кеңес ұсынар едік,- дейді» [13].

12 жылдық білім беруге көшуге байланысты білім мазмұнының жаңаруына сәйкес пән мұғалімдері мен ата-аналардың баланы педагогикалық қолдауын диагностикалау бағытында тәжірибелік жұмыс жүргізілді. Диагностика мынадай мақсатта жүргізілді:

- ересектердің (педагогтар, ата-аналардың) жаңартылған білім мазмұнымен оқыту бойынша нормативтік-құқықтық құжаттармен таныс болуы;
- ата-аналардың жаңартылған білім мазмұны бойынша оқу-тәрбие процесіне белсене араласу қажеттілігін ұғынуы;
- оқушымен оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруда ересектердің педагогикалық қолдау көрсетуде (педагогтар, ата-аналардың) психологиялық-педагогикалық білімдерінің болуын анықтау.

Диагностикамен қатар жанама түрде сауалнама және ауызша, жазбаша формадағы анықтау бағытындағы әдіс-тәсілдер жүргізілді. Бұл қойылған мақсат-міндеттердің мазмұнын еркін ашуға мүмкіндік берді.

Мәліметтерді талдау нәтижесі тәжірибеде ата-аналардың 100%-ы мектепте жаңаша оқудың басталғанынан хабардар, бірақ, «жаңартылғын білім мазмұны», «функционалдық сауаттылық», «пәндік құзыреттілік», «негізгі құзыреттілік», «12 жылдық білім беру» туралы түсініктері жалпылама және балаға тұрақты түрде талап қоюды ескере бермейтіндігін аңғартты (49%). Ал 61% ата-ананың оқу-тәрбие жұмысына тұрақты түрде көмекке келмейтіндігі анықталды. Сондай-ақ, олардың аксиологиялық негізде оқу-тәрбие процесіне белсене араласу қажеттілігін ұғынуы және отбасы тәрбиесінде өзін-өзі өзгертуге жағымды эмоционалдық ынтасының болуы 13 % -ында жоғары, 39 %-ында орта және төменгі деңгейді 48 %-ды көрсетті. Бұл мәліметтер бізге мектептің ата-аналардың белсенділігін көтеру жұмысын жоспарлы әрі тұрақты түрде жүргізулері қажет екендігін айқындай түсті. Өйткені PISA бағдарламасы бойынша оқушылардың оқу жетістіктерін анықтауда олардың нәтижелеріне ата-аналардың белсенділігі тікелей әсер ететіндіктен белгіленген құзыреттіліктерді меңгеруге ересектердің педагогикалық қолдау көрсетуіне аса мән беріледі.

Бүгінгі уақыттағы мектепте білім берудегі міндет тар мағынада белгілі бір білім, іскерлік, дағдаларды меңгерту емес, оқушының ойын, интеллектуалдық және адамгершілік, танымдық, шығармашылық қабілетін дамыту. Педагог оқушының мүмкіндік әлеуетін және қабілетін танып, оның болашақта өз білімі мен дағдыларын әлеуметтік ортада белсенді болуға, жоғары кәсіби маман ретінде қалыптасуға, әлеуметтік қарым-қатынаста пайдалануға қолдау көрсетуі қажет. Тұлғалық дамудағы мақсат адамгершілік тұрғысынан жетіле түсу болмақ, сондықтан педагогикалық қызмет тұтастай адамға, оның дамуына бағдарлануы тиіс. Олай болса, оқушылардың жақсы нәтижелерге жетуін мақсат еткен педагогтар педагогикалық қолдауды тиімді ұйымдастырудың жолдарын іздестіріп, тұлғаға бағдарланған оқу-тәрбие заңдылықтарын терең түсінулері қажет. Бұл педагогтан терең педагогикалық, психологиялық білімділік мен біліктілікті заманауи тұрғыда пайдалануды қажет етеді.

12 жылдық білім беруге көшу жағдайында жаңартылған білім мазмұны бойынша оқытуда оқушылардың жаңа талаптарды орындауында педагогикалық қолдау жұмыстарын ұйымдастыруды төмендегідей бағытта жүргізу ұсынылады:

Бірінші бағытта 12 жылдық білім берудің мәні, оқушылардың бойында құзыреттіліктерді қалыптастыру қоғамда бәсекеге қабілеттілікке сұраныс талабының жоғарылауынан екендігін түсіну;

Екінші бағытта оқушыларды педагогикалық қолдауды іске асырудың ғылыми-әдістемесін дайындау;

Үшінші бағытта баланы педагогикалық қолдауда заманауи қатынас орнатуды дағдыға айналдыру.

Болашақ ұрпақты жас кезінен сан ғасырлар бойы қалыптасқан өзіндік тарихы бар құндылықтар негізінде тәрбиелейтін мазмұнды ақпараттар өте мол. Олар ғұлама ойшылдардың, педагогтар мен психологтардың еңбектерінде түрлі көзқарастарда баяндалып, атадан балаға ұласатын құндылық сезім ниеттер, ұмтылыстар, тұлғаның бағыттылығын анықтайтын ізгі қасиеттерді қамтиды. Бұл өз кезегінде ғылым әлеміндегі құндылықтар ұғымына байланысты алуан түрлі тұжырымдармен айқындалып, нақтыланып

отырады. Әрбір ғылым саласы өзінің зерттеу бағытына сәйкес құндылықтарды түрліше деңгейде қарастырады.

Қазіргі кезде құндылық термині философия, әлеуметтану, мәдениеттану, этика, эстетика, психология, педагогика ғылымдарында кеңінен қарастырылуда. Өйткені, құндылықтың қоғамға жаңа келген буын бойында сол қоғамның әлеуметтік жүйесіне толықтай берілгендік сезімін қалыптастыруға көмектесетін әлеуетін көрсету қажет.

Философиялық, психологиялық, ғылыми-педагогикалық әдебиеттерді зерделеп, ой елегінен өткізіп талдаулар жасау арқылы «құндылық», «адамгершілік құндылық», «жалпы адамзаттық құндылық» ұғымының мәні жайлы оларға әртүрлі анықтамалар берілгендігін байқауға болады.

Біз құндылық мәселесіне арналған еңбектерден өз зерттеуімізге қатысты «құндылық» ұғымының философиялық, психологиялық, педагогикалық мәніне баса назар аудара отырып, оларды өз зерттеуіміздің алғышарттары ретінде жүйелі түрде қарастырамыз.

Кесте 1 – Құндылықтар жіктелімі

Философиялық тұрғыда	Психологиялық тұрғыда	Педагогикалық тұрғыда
қ ұ н д ы л ы қ т а р		
Адам үшін пайдалы мәнгері болатындардың барлығы, яғни адамзат қоғамының іргелі дамуы мен адамның жеке тұлғасын жетілдіруге тиімді ықпал ететіндердің барлығы.	Қоғам үшін әлеуметтік-тарихи мәні бар және жеке адамдар үшін тұлғалық мағынасы бар болмыстың белгілі бір құбылыстары ретінде сипатталады. Сонымен бірге қоғамның моральдық қатынастарының көріну формасы.	Жеке тұлғаның адамгершілігі, абыройы және олардың адамгершілік әрекеттері немесе адамгершілік сипаттары, моральдық нормалар, қағидалар, мұраттар, қайырымдылық, әділеттілік, бақыт ұғымдары.

Құндылықтар дүниесі – жеке тұлғаның дүниетанымына негізделген іс-әрекет пен тұрмыс-тіршілігін сипаттайтын, өмірлік ұстанымының беріктігін анықтайтын, адамзатқа қоғамға, идеологияға, саясатқа, имандылыққа, білімге, ғылымға, өнерге қатысты, өзі терең түсініп қабылдаған, ішкі және сыртқы әсерлерге байланысты адам бойында қалыптасқан, биік мақсат көздеген: ізгі қасиеттердің өмір сүру барысындағы көрінісі деп тұжырымдауға болады.

Адам әрдайым болып жатқан құбылыстарды (саяси, рухани-адамгершілік, эстетикалық және т.б.) бағалауға, міндет қоюға, шешімін іздеп, табуға, оны жүзеге асыруға мәжбүр. Адамның қоршаған ортаға (қоғамға, табиғатқа, өзіне) көзқарасы екі жақты белгіленеді: практикалық және теориялық. Практикалық және теориялық көзқарастардың байланысын аксиологиялық (грек. Ахiа – құндылық және logos – ғылым), немесе құндылықты тұрғы жүзеге асырады. Адам құндылығының өзегін құрайтын және оны зерттейтін саланы аксиология дейді.

Аксиология – құндылықтар жаратылысы туралы, оның объективті орны мен құндылық әлемдегі құрылымы туралы, яғни әлеуметтік және мәдени факторлар мен тұлға құрылымы арасындағы әр түрлі құндылықтар байланысы туралы ілім.

Аксиология адам құндылығының өзегін құрайды. Аксиология философиялық зерттеу, талдауы бойынша болмыс ұғымының екі элементке ыдырауынан туындап: құндылық және нақтылық, талап пен ұмтылыс нысаны ретінде қарастырылады.

Аксиология ғылымының мақсаты – болмыстың, жалпы құрылымындағы құндылық мүмкіндігін және оның нақтылық ойының айғақтарына деген түсінігін, қатынасын, байланыстарын көрсету болып есептеледі [4].

Аксиологиялық тұрғы бастауыш сынып оқушыларының сол не басқа оқиғаларды, өзінікі сияқты басқаның да мінез-құлқын бағалау; адамгершілік таңдауды талап ететін жағдаяттан шығуды саналы ұғыну; өзінің әрекетінің салдарын алдын ала көру қабілеттерін сипаттайды. Бастауыш сынып оқушыларының іс-әрекет, қарым-қатынас үдерісінде ол үшін өмірлік қажетке, тұлғалық мәнге ие құндылықтарды өзектендіреді.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: «Құндылық – нарқы жоғарылық, қымбаттылық, бағалылық. Құндылық арқылы сол заттың маңызын, мәнділігін, пайдалылығын, қажеттігін білуге болады» - деп сипаттаған [5, 122 б.].

«Қазақстан» Ұлттық энциклопедиясы. 6-томында: «Құндылықтың әр түрлі көріністеріне адамның іс-әрекетін бағалауда пайдаланылатын сұлулық, қайырымдылық, мейірімділік секілді ұғымдар жатады. Сыйластық та құндылық ұғымының өлшемі» - деп берілген [6].

Ежелгі философиялық көзқарастарда құндылықтың әр түрлі көріністеріне жататын табиғи, қоғамдық құбылыстар, адамның іс-әрекетін бағалауда пайдаланылатын сұлулық, қайырымдылық, мейірімділік секілді этикалық және эстетикалық ұғымдар қолданылады. Құндылық белгілі бір нысанның адам үшін қаншалықты маңызды екендігін айқындайды. Құндылықтар өмірге, еңбекке, шығармашылыққа, адам өмірінің мәніне т.б. баға беру қатынасынан тұрады. Құндылықтар қоғам үшін ең маңызды деген әдет-ғұрыптар, нормалар мен мән-мағыналар қызметін өзіне бағындырады, реттейді.

Сократ үшін құндылық «адамның өмірді бағалауы» екен. Ал Аристотель «жақсылық», «игілік» ұғымдарын жағымды мінез-құлықты, рухани құндылықты бейнелеуде қолданылды. Құбылысты, затты жағымды бағалау адам үшін құнды игілікті түсінуге негізделген.

Философиялық сөздікте: «құндылық» – бұл танымның, белгілі бір объектінің адам үшін, топ үшін, қоғам үшін қасиетті деп танылуы. Құндылыққа ешқандай күмән келтіруге болмайды, ол барлық адамдар үшін идеал, эталон қызметін атқарады» - деген анықтама беріледі [7, 156 б.].

Құндылықтар - идеал ретінде өмір сүретін неғұрлым жағымды сапаға ие объектілер мен тұлғаның ең маңызды, бағалы қасиеттерінің жиынтығы. Сондай-ақ, құндылықтар қандай да болмасын құбылысқа баға берудегі негізгі үлгі деп білеміз және құндылық субъекті үшін объектінің жоғары мәнділігі ретінде айқындалады.

Құндылық екі құрамдас бөліктерден тұрады, біріншісі – *заттық* құндылық, екіншісі – *субъективтік* құндылық.

Заттық құндылық – оның табиғи қажеттілігі, еңбектен шыққан өнімнің құны, әлеуметтік игілік, ғасырлар бойы қалыптасқан мәдени мұралар, ғылыми ақиқаттық, теориялық маңызы, іс-тәжірибелік пайдасы, адамдардың тіршілігіндегі жақсылық пен жамандықтар, табиғи және қоғамдық нысандардың тамаша көрініс беретін түсі, симметриясы сияқты қасиеттерін айтамыз.

Санадағы құндылық алға қойылған мақсат және оған жетудің жолдары, қоғамда кездесетін түрлі қалыптар. Заттық құндылық баға берудің объектісі және адамның дүниеге қатысын білдіреді, ал субъективтік – санадағы құндылық олардың өлшемі мен әдісі болып табылады.

«Заттық құндылық – адамдардың қабілеті мен мүмкіндіктерінен шыққан әрекеттердің қажеттілігі. Сондықтан ол адамдардың әлеуметтік әрекеттерінің сыртқы қоғам үшін керекті жақтарын қамтиды. Субъективтік құндылық адамдардың әлеуметтік өміріндегі іс-әрекетінің бағытын нормативтік формаларға бағындырып отырады» делінген [4].

Құндылықтар сезім мен ақыл-ойдың ұштасуын және сол арқылы адамның іс-әрекетін белгілейді. Құндылықтар тек объективті, яғни шынайы ғана болады, ол адамға тәуелді емес, сол болса да, субъективті, өйткені ол адам санасында орын алады. Құндылықтар сезім арқылы қабылданады, ал сана арқылы оны түсінуге болады, соның нәтижесінде тұлғы құндылықты игереді де, іс-әрекет етеді.

А.Г. Здравомыслов, В.П. Тугаринов сынды философтар құндылықты белгілі бір құбылыстың немесе заттың нақты бір адамға не қоғамға маңыздылығы, мәнділігі түріндегі категория ретінде қарастырады. Мәселен, В.П. Тугаринов құндылық ұғымына мынадай анықтама береді: «Құндылық – адамдардың қажеттіліктері мен мақсаты, қызығушылығы жағынан алып қарағандағы пайдалы, қажетті және жағымды деп есептелінетін құбылыстар немесе құбылыстардың қасиеті». Олар құндылықтардың төмендегідей топтарын бөліп көрсетеді:

1) өмірдің құндылықтары: өмір, денсаулық, отбасы, өмірдегі қуаныш, адамдармен қарым-қатынас т.б.

2) материалдық құндылықтар: баспана, тамақ, киім, техника т.б.

3) әлеуметтік-саяси құндылықтар: қоғамдық тәртіп, қоршаған әлем, бостандық, қауіпсіздік т.б.

4) рухани құндылықтар: білім, ғылым, өнер [8].

Ал Отандық философ Т.Қ. Ғабитов [9, 291 б.] «құндылықтар – қасиеттер» дей отырып, бұл қасиеттердің бала кезден, ана сүтімен бірге өзінің ана тілі арқылы, мораль негіздері ретінде, өз тарихын, мәдениетін, әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін игеру нәтижесінде орнығатындығын ерекше бағалайды. Ол құндылық қатынас әрқашан да субъектінің бойында белгілі бір эмоцияларды – қуану, сүйсіну, таңдану, табыну т.б. туғызатындығын айта келе, мынадай құндылықтарды анықтайды: адам өмірі, еркіндік, адамгершілік, отбасы, қарым-қатынас, жеке бақыт, ұрпақ көбейту, күнкөріс көзі және әрекет мәні ретіндегі жұмыс, игілік, беделділік, заңдылық, мейірімділік, тәуелсіздік.

Құндылықтар өмір сүріп қана қоймайды, сонымен қатар бір-бірімен салыстырыла отырып, өзіндік құндылықтық қатарды, құндылықтық сатыны құрайтындығын айтады.

Оның негізгі белгілерінің бірі – адамдық, ар-намысты ардақтау, әр уақытта жақсылық жасауға ұмтылу, соған дайын болу, «Өзің үшін еңбек кылсаң, - дейді Абай, – өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың. Досыңа достық – қарыз іс, дұшпаныңа әділ бол». Ақылды, мейірімді адам кез келген уақытта өзгенің жақсылығын бағалағыш болып келеді. Арлы адам – ардақты. Адамгершілігі мол адам – басқаларға қашан да үлгі-өнеге.

Құндылықтар уақыт бойы өзгереді. Түйінді құндылықтар біздің өмір, өзіміз және бізді қоршаған адамдар, жалпы адамдардың әлеуеті туралы көзқарасымыздың қалыптасуына негіз болады. Сондай-ақ құндылықтар дегеніміз біздің сенетін дүниеміз, олар біздің қоршаған ортаға деген қарым-қатынасымызды және мінез-құлқымызды анықтайды.

Адамгершілік адамдардың күнделікті қарым-қатынасына қатысты ізгілік ұстанымдарын бейнелейтін моральдық қасиет. Мұнда адамдарға деген ізгі ниеттілік, құрмет, жанашырлық пен сенім, кеңпейілділік, басқалардың мүддесі үшін жан аямаушылық сияқты жеке қасиеттер қамтылған.

Адамгершілік құндылықтар – бір халықтың, этностың, мәдениетінің өзегі, жеке ішкі мәдениеттің іргетасы. Рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруда маңызды тәрбиелік міндеттер: біріншіден, рухани-адамгершілік, руханилық, әсемдік, ақиқат, ізгілік, еркіндік, рахымшылдық, кешірімділік, тәуелсіздік сияқты жалпы адамзаттық құндылықтардың өмірге еркін ене бастауы; екіншіден, жалпы адамзаттық құндылықтармен қатар, ұлттың өз мәдениетін меңгере отырып, әлемдік рухани ынтымақтастық рухта басқа ұлттармен бейбітшілікті сақтау; үшіншіден, оқушылардың белсенді өмірлік позициясын, жан дүниесін адами құндылықтар арқылы рухани-адамгершілік пен руханилықты берік орнықтыру.

Ал, жалпы адамзаттық құндылық – барша адамдарға, әлеуметтік жүйе ретіндегі бүкіл адамзатқа ортақ, дүниежүзі халықтарының ғасырлар бойғы тәжірибесін қорыту нәтижесінде тұжырымдалған, қазіргі заманғы өркениеттің дамуын анықтайтын мұраттар.

Адамгершілікке негізделген тәрбие қарым-қатынастың қарапайым түрі – ұжымдық өмірдің талаптарымен, ерекшеліктерімен танысу арқылы жүзеге асырылады. Балаларды бағалау көрсеткіші әрбір оқушының оқудағы табыстары және оның мінез-құлқының негізгі қырларынан көрінеді. Оқушыларды адамгершілік құндылыққа тәрбиелеуде қарым-қатынастың да рөлі зор. Олардың қарым-қатынастарында бірте-бірте өзара көмек, бүкіл топқа тапсырылған қоғамдық жұмыстың орындалуына бірдей жауапкершілік сезімі, бүкіл топтың жұмысын басқару кімге тапсырылса, соған бағына білу, топқа жетекшілік міндетін мойнына алып, жалпыға тән ережелер мен тәртіпке қатаң мойын ұсына отырып, атқара білуі қалыптасты. Бірлескен іс-әрекеттің барысында балалар бір-бірін жақынырақ, тереңірек таниды. Ал, оқушылардың белсенді іс-әрекетінде білімді, ізденімпаз педагог балалар жігерінің көзін ашып, әрбір оқушының шығармашылық күшін, қабілеттерін шешуге бағыттайтын мүмкіндік табады.

Адамгершіліктің ең жоғары рухани қажеттілігінің бастау көзі – өзін-өзі көрсету, өзін-өзі жетілдіру, өзін-өзі дамыту, қарым-қатынаста, дүниетанымда өзінің шығармашылық қабілетін таныту болып табылады. Оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеудің шарттарының бірі – мектеп жасында жеке тұлғаның өздігінен даму заңдылықтарын білу болып табылады. Адамның өзіндік сана-сезімінің көрінісі туралы басқа адамға үңіліп көз тоқтатып, өзін

өзгелермен салыстырғанда ғана ол өзін-өзі таниды. Осы орайда адамгершілік тәрбиесінің ойдағыдай табысты болуы жеке тұлғаның өзін рухани дамыту мақсатында үздіксіз өзін-өзі жетілдіруіне байланысты.

Бастауыш сынып оқушысының ұлттық құндылық бағдарының мазмұнын анықтайтын баланың дүниетанымы мен сенімдері, адамгершілік ұстанымдары мен мінез-құлқы оның жасына сәйкес әлеуметтік тәжірибесіне, өзіндік санасы мен сезімдік толғаныстарына негізделеді.

Өйткені, ұлттық құндылық бағдар тұлғаның ішкі құрылымының маңызды бөлшегі бола отырып, баланың физиологиялық, психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін есепке алуды қажет етеді.

Бастауыш саты – оқушылардың бойында құндылық бағдарын қалыптастырудың ең тиімді кезеңі болып есептеледі. Ұрпақ бойына адамгершіліктің ізгі қасиеттерін үйрете білу, бала жүрегінің бағбаны – ұстаздың қолынан келеді. Түрлі өмір жағдаяттарын әр қилы пайдалана отырып, мұғалім оқушының өмірлік құндылықтарын еркін жаттықтырады, оның ой-өрісін кеңейтеді және мінез-құлықтарын байытады. Мұғалім оқушыны күрделі қажеттіліктерге тәрбиелейді: бастаған ісін аяғына жеткізу, оның орындалуына жауапкершілікпен қарауды, тәртіптілікке және ұйымшылдыққа әдеттендіреді.

Нағыз адамның өзі де танымы кең, рухы берік бола алмайды. Өйткені алып жүру оңай емес, оның жолы да ұзақ. Құнды қасиеттерге ие болу, рухани бай адамды қалыптастыру оның туған кезінен басталуы керек. Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік, өз ұлтын сүю сияқты құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен мұғалімдер шешуші рөл атқарады. Тәрбиедегі басты мәселе оқушылардың тұлғааралық қатынасын дамыту, яғни өз құрбы-құрдастарымен, отбасы мүшелерімен қарым-қатынас орната білуі, ол үшін өзге адамдарды түсінуі, қабылдауы, әр адамның құндылықтарын және даралық ерекшеліктерді жасына, ұлтына қарамастан саналы түрде түсіне білуі және өзіне-өзі сырт көзбен қарап, өзінің көңіл-күйіне байланысты іс-әрекетінің себебін түсініп, істеген ісінің нәтижесіне өзіндік баға бере білуге үйрету.

Бастауыш білім берудің жаңартылған білім мазмұнындағы оқу бағдарламаларында құндылыққа бағытталған ұстаным оқушы тұлғасының бойында мақсатты түрде құндылықтар жүйесін қалыптастырады. Құндылықтарға бағытталу – ол тұлғаның өз әрекетінде жекелеген құндылықтарды таңдап алу (құндылықтарда бағдарлану қабілеттілігі), қасиеті және оларды өзінің әлеуметтік маңызды құндылықтары ретінде сезіну, қабылдау қабілеттілігі. Құндылықтарды жүзеге асыру дегеніміз құндылықтардан шығатын талаптарға сай болу және күнделікті өмірді сол талаптарға бағындыру. Құндылықтардың мәні қоғамда сәтті әрекет ету үшін қажетті ережелерді, дағдыларды, өмір салтын, жүріс-тұрысты қалыптастыруда көрініс табады. «Мәңгілік ел» ұлттық идеясының құндылықтары орта білім беру құндылықтарының негізі болып табылады. Қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік, құрмет, ынтымақтастық, еңбек пен шығармашылық, ашықтық және өмір бойы оқып-үйрену орта білім берудің құндылықтары ретінде белгіленеді.

Бастауыш сынып оқушысын құндылық бағдар үдерісі құндылықтарды иелену фазасының айқын байқалуымен ерекшеленетіндіктен (Кирьякова), ең маңызды мәселе олардың қандай құндылықтарды иеленетіндігінде. Бала белгілі бір заттың немесе құбылыстың құнды қасиеттерін білмеуі және оны пайдаланбауы мүмкін. Бұндай жағдайда ол оған құндылық болып табылмайды. Сондықтан, тұлғаны құндылықтарға бағыттауда ақпараттық қызметтің рөлі зор. Құндылық бағдар беру құндылықтардың қасиетін, сипатын ашқан кезде жүзеге асады.

Балалардың жасқа байланысты ерекшеліктері олардың барлық іс-әрекетінен – оқу, ойын, қарым-қатынас, еңбектен көрініс тауып отырады. Ал құндылық бағдар іс-әрекеттің құрылымына тікелей байланысты. Сондықтан, педагогикалық теориядағы іс-әрекеттік қатынас қағидаларына сүйене отырып, бастауыш мектеп жасындағы оқушылардың құндылық аясының дамуын біз ең алдымен осы іс-әрекеттер барысында жүзеге асыруды қарастырамыз.

2-4 сыныптарға арналған «Әдебиеттік оқу» пәнінің оқу бағдарламасының мақсаты – оқушылардың оқырмандық және қатысымдық дағдыларын қалыптастыра отырып, олардың адамгершілік және әдеби-эстетикалық құндылықтар жөнінде түсініктерін кеңейтуге, әлем туралы, жалпы адамзат туралы білім алады. Шығармадағы кейіпкерлердің іс-әрекетіне, мінез-құлқына, сөйлеген сөзіне талдау жасай отырып, адамдардың жан-дүниесін түсінуді және оған өз көзқарасын білдіруді үйренеді. Оқушының бойында ұлттық тәрбие мен адамгершілік қасиеттерінің үйлесімді дамуына, қазақ ұлтының мәдениетін, тарихын меңгеруге, оқу дағдылары мен оқырмандық біліктілігін қалыптастыруға, әдеби-эстетикалық талғамын жетілдіре отырып, ізгілікті-елжанды жеке тұлға ретінде тәрбиелеуге бағытталады. Сондай-ақ, оқушыларға адамдардың өзара түсінісуі, сыйластық, құрмет сезімдері, адамгершілік қасиеттері, өзінің және өзгенің іс-әрекетіне жауапкершілікпен қарай білуі сияқты ізгілікті қасиеттерді қалыптастыру.

Оқу бағдарламасының мазмұны көркем шығармалар арқылы оқушылардың шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетіне баға беруді, мәтін бойынша өздігінен сұрақтар құрастырып, мүмкін болатын жауаптарды болжап, өзін-өзі бақылауды, өзін-өзі бағалауды, шығармадағы негізгі ойды өз бетінше тұжырымдауды қамтиды. Пәнді меңгере отырып, ұлттық және жалпыадамзаттық рухани құндылықтарды бойына сіңіруіне, тілдік құралдарды саналы түрде дұрыс таңдауына және өмірлік тәжірибесінде қолдануға, алған білімі мен дағдыларын өмірлік жағдаяттарда және басқа адамдармен қарым-қатынас барысында пайдалануға көмектеседі.

Жас ұрпақтың халқымыздың рухани байлығымен және қазіргі замандық біліммен қаруландырып қана қоймай, олардың бойында жаңа сапалық белгілерді дарытуда жаңа мазмұнды оқулықтардың үлкен рөл атқаратындығын баса айтқымыз келеді. Жаңа бағдарламада аталғандай «білім мазмұнының теориялық деңгейін көтеру мен оқу әрекетін қалыптастыруды оқушы дамуының басты шарты ретінде қарастыратын жаңа білім беру мазмұнына сай» дайындалған оқулықтарын талдау барысында бастауыш сынып оқушыларына шығармадағы жазушы тілін, сезімін, сөз құдіретін ұғындыру үшін оқушыға әдебиет теориясы элементтерінен мағлұмат беру керектігі туындайды.

Бастауыш мектептің нормативтік құжаттары мен оқулықтарына талдау жасай отырып, бастауыш сынып оқушыларының ұлттық құндылық бағдарының төмендегідей мазмұнын белгілейміз: Отан, туған жер, ана тілі, отбасы, салт-дәстүрлер, ел рәміздері, тарихи тұлғалар т.б.

2-4-сыныптардың «Әдебиеттік оқу» оқулықтарында құндылықтарды оқу үдерісінде таныстыруға баса назар аударылып, арнайы тақырыптар беріліп, сағат саны бөлінгенін айтуға болады [10].

4-сынып «Әдебиеттік оқу» байқау оқулықтарында «Құндылық» атты арнайы лексикалық тақырып бар. Бұл бөлімде оқушылар адами құндылықтар тақырыбына қатысты мәтіндер беріліп, оқушылардың тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдыларын қалыптастыру жұмыстары жүргізіледі. Көркем мінез, жылы жүрек, тәтті тіл, жарасымды қарым-қатынас, мейірімділік, қайырымдылық, еңбек, жомарттықты дәріптейтін мәтіндер арқылы оқушылардың бойына адами құндылықтарды дарыту көзделеді. Өзгенің пікірін тыңдау, өз пікірін дәлелдеу барысында әдептілікке тәрбиелеу үдерісі жүзеге асырылады.

Берілген бөлімде құндылық туралы: «Құндылықтың әр түрлі көріністеріне адамның іс әрекетін бағалауда пайдаланылатын сұлулық, қайырымдылық, мейірімділік секілді ұғымдар жатады. Сыйластық та құндылық ұғымының өлшемі» - деген анықтама берілген («Қазақстан» Ұлттық энциклопедиясы. 6-том).

Мысалы: Абай шығармалары 1-сыныптан бастап бастауыш сынып бағдарламасына енген. 1, 2-сыныптарда оқылатын «Ғылым таппай мақтанба», «Әсемпаз болма әрнеге», «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» өлеңдерінің тәрбиелік мәні ерекше. Ақын осы өлеңдері арқылы адамгершілік қасиеттерді дәріптеп, өлең-білімге шақырады, жат қылықтан жирендіріп, оқушыға үлкен ой салады.

Адамгершілік тәрбиесі – ол жүрек тәрбиесі. Рухтың ұясы да – жүрек. Ақыл жүрекпен нұрланса, рахымды болса, ізгіленеді. Жүректің терең жылуынсыз тек ақылмен қабылданған білім адамның өзіне де, қоғамға да, болашаққа да теріс ықпал етеді. Тәрбие баланың даму кезеңдерінде адамның рухани өзегін қоректендіруші болып, білімнен бұрын жүргізілуі тиіс, яғни білімге адами және рахымдылық сипат беріліп, ақылды жүрек жылуымен нұрландыру қажет. Міне, ұлы Абай бойындағы осындай игі қасиеттерді бастауыш сынып оқушыларының санасына әрбір Абай шығармасын өткенде бірте-бірте сіңіре отырып, алған білімдерін дағдыға айналдырған дұрыс.

«Әдебиеттік оқу» оқулықтарында *Отан, Туған жер* тақырыбына арналған оқу материалдары мынадай тақырыптарда қарастырылған: «Туған елім – Қазақстан», «Ыстық қой, шіркін, туған жер!» Ж.Аймауытов, «Туған жер» Ә.Нұрпейісов, «Отан туралы» М.Мақатаев, «Туған өлкем» Ө.Тұрманжанов, «Астана» Т.Молдағалиев, «Кімнің мекені жақсы?» С.Жүнісов, «Ұланымыз ұлы елдің», «Ұлытау», «Алтай», «Көкшетау».

Берілген мәтіндерді оқи отырып оқушы ұлтына, нәсіліне, сенімі мен нанымына, саяси көзқарасы мен ұстанған бағыт-бағдарына, т.б. ерекшеліктеріне қарамастан, республикамыздың әрбір азаматы өзі өмір сүріп, ауасын жұтып, игілігін пайдаланып отырған мемлекетін «Туған елім, Отаным» деп тануы қажет. Мемлекетке есімін беріп отырған ұлттың салт-дәстүріне құрметпен қарау, оның тілі мен дінін сыйлау, заңдарына бағыну, рәсімдерін ардақтап, жетістіктеріне шаттану – қоғамның әрбір мүшесінің басты міндеті.

Отансүйгіштік сезімі оқушылардың бойында бір күнде не болмаса бір ғана тәрбие сағатында даритын қасиет емес екені белгілі. Ол тұрақты, әрі терең болуы үшін мазмұндылық, жүйелілік, бірізділік, өмірмен ұштастыру секілді педагогикалық қағидалармен бірге патриоттық іс-әрекеттерге дағдыландыруды нысана етіп алуы бүгінгі күннің басты мәселесі.

Елімізде болып жатқан шын мәніндегі тарихи өзгерістер, ұлттық сана-сезімнің өсуі, ұлт арқылы қатынастар үрдісі Отанымыздың ортақ тағдыры үшін жауапкершілікті сезінетін ұлтжанды азаматтар тәрбиелеуді ерекше талап етеді. Осыған жас ұрпақтың отансүйгіштік санасына байланысты мектеп ұжымдарының қалыптастыру үдерісіндегі іс-әрекетіне қажетті, адамгершілік ұстанымдар мен тұжырымдардың мәндерін тереңірек анықтау қажет.

«Туған елім – Қазақстан» мәтіні бойынша мынадай сұрақтар берілген:

1. «Туған елім – Қазақстан» дегенді қалай түсінесің?
2. Қазақстан қай жылы өз тәуелсіздігін жариялады?
3. Қазақстан Республикасының рәміздеріне нелер жатады?

Бұл сұрақтар оқушыларға Қазақстан Республикасы, туған ел туралы түсініктерін нақтылауға, Ел рәміздері туралы білетіндерін пысықтауға көмектеседі. Мәтінмен жұмыс барысында қосымша тапсырмалар, пікірталас тудыратын сұрақтар арқылы оқушылардың бұл ұғымдарды тереңірек меңгеруін және өзіндік көзқарастарын білдіруін қамтамасыз етуге болады.

Отансүйгіштік сезімнің объектісі мен қайнар көзі – Отан десек, оның мазмұны – туған жер, табиғаты, оның тіршілік дүниесі мен тау-тасы, рухани әлемі – тілі, салт-дәстүрі, тарихи ескерткіштері. Бала өз өлкесінің тарихын, салт-дәстүрін, жануарлар дүниесін, өсімдіктер әлемін, табиғат ерекшеліктерін т.б. жақсы білуі тиіс. Салт, дәстүрлерді насихаттайтын материалдардың бүгінгі күн дәстүрлерімен үндестігін көрсету, дәстүрлердің күнделікті тұрмыста орындалып отыру мүмкіндігін анықтау қажет. Білім алумен қатар, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар туралы ақпаратты бойына сіңірген оқушы ғана өз елі мен жерін, тілі мен ділін қорғауға жауапты екендігін жан дүниесімен сезіне алады.

«...Мұндай балалар бастауыш мектепті бітіргеннен кейін қай жұрттың ортасында жүрсе де сүйегіне сіңген ұлт рухы жасымайды. Қайда болса да, тіршілігінде қандай ауырлық, өзгерістер көрсе де ұлт ұлы болып қалады»-дейтін ұлттық тәлім-тәрбиенің көрнекті өкілі М.Дулатовтың пікірі де осы тұжырымды дәлелдей түседі [11].

Бүгінгі заман бәрімізге үлкен сенім жүктеп, ұрпақ тәрбиесіне сергек қарамауымызды талап етіп отыр. Сондықтан, біліктілік пен шеберлігімізді ұштастырып, кәсіби құзыреттілігімізді тиімді пайдалана отырып, жас ұрпақты әлемді мойындататын рухани биікке көтеру – болашақ мұғалімдердің міндеті. Сыни ойлай алатын, білімге құштар, ұлттық, рухани-адамгершілік құндылықты игерген, алған білімдерін талдап, жинақтап, тәжірибеде қолдана алатын, өмірде мәселені шеше алатын, білім алушы ғана нағыз көшбасшы болатыны анық.

Әдебиеттер:

1. *Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы.* – <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>_ Пайдаланған уақыты: 20.12.2018 ж.
2. *Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан Республикасы 2050 Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің»*

жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы (2012 жылғы 27 қаңтар). – Астана: Ақорда, 2012. –www.edu.gov.kz. Пайдаланған уақыты: 17.02.2018 ж.

3. Қожахметова К.Ж. *Этнопеддагогика: әдіснама, теория, тәжірибе: оқу құралы. 2- бөлім.* – Алматы, 2013. – 252 б.

4. Айджанова З. *Бастауыш мектеп оқушыларының рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру / Педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация.* – Ақтау, 2009. – 162 б.

5. *Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі.* – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.

6. *Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы. Т. 6. / Бас ред. академик, филос.ғ.д. Ә. Нысанбаев.* – Алматы: Қазақстан энциклопедиясы, 2004. – 45 б.

7. *Философиялық сөздік / Құрастырғандар Н.М. Нұрғалиев, Ф.Ф. Ақманбетов, Ж.М. Әбділдин.* – Алматы, 1996. – 525 б.

8. *Речь и общение / Под ред. А.В. Петровского.* – М.: Просвещение, 1985. – 113 с.

9. *Ғабитов Т.Х. Қазақ философиясы.* – Алматы: Раритет, 2011. – 280 б.

10. *Әдебиеттік оқу: Орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында бастауыш мектепке (1-4 сыныптар) арналған оқу бағдарламасы.* – Астана, 2017. – 128 б.

11. *Әдебиеттік оқу: Жалпы білім беретін мектептің 4-сыныбына арналған оқулық. 2 бөлімді.* – Алматы, Атамұра, 2017. – 123 б.

Сәдуақас Г.Т., Хамидуллина А.М.

ФОРМИРОВАНИЕ ОБЩЕЧЕЛОВЕЧЕСКИХ ЦЕННОСТЕЙ У УЧАЩИХСЯ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ

В статье рассматривается проблема формирования у учащихся начальных классов основной компетентности на основе общечеловеческих и духовно-нравственных ценностей, ставшая сегодня одной из основных в области образования. В школе важность духовно-нравственных ценностей подчеркивается учащимися на основе науки. Указано на актуальность воспитания человеческих ценностей через тексты учебников, в которых рассказывается о благонаравии, доброте, гармоничных взаимоотношениях, благотворительности, трудолюбии, щедрости и т.д.

Ключевые слова: ценности, общечеловеческие, духовно-нравственные, ценностная ориентация, система ценностей.

Sadvakasova G., Khamidullina A.

THE FORMATION OF HUMAN VALUES AMONG PRIMARY SCHOOL PUPILS

The article deals with the problem of formation of primary school pupils' basic competence on the basis of human and spiritual and moral value, which has become today one of the main in the field of education. At school, the importance of the over-nourishment tastes is upgraded to the basis of science. The urgency of education of human values is shown through the texts of textbooks, which tells about good manners, kindness, harmonious relationships, charity, hard work, generosity, etc.

Keywords: values, human, spiritual and moral, value orientation, system of values.

ӘОЖ 796/799.378

Сейсенбеков Е.К. – педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор м.а.,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
E-mail: Yerlan_fks@mail.ru

Тастанов Ә.Ж. – педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент,
Қазақ спорт және туризм академиясы
E-mail: tstanov_70@mail.ru

Әшімханов Ғ.Р. – аға оқытушы, Абай атындағы Қазақ ұлттық
педагогикалық университеті

Телахынов Е.Б. – оқытушы, Абай атындағы Қазақ ұлттық
педагогикалық университеті

МЕКТЕПТЕГІ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ САБАҚТАРЫ – ОҚЫТУДЫҢ НЕГІЗГІ ТҮРІ РЕТІНДЕ

Аңдатпа. Педагогикалық тапсырмалар кешенін толыққанды орындау мақсатында сабаққа жақсы дайындалу – кез келген мұғалім-оқытушылар құрамы үшін ең негізгі де, жауапты міндет. Оны 2 кезеңге бөле отырып, мақсат-міндеттеріне сипаттама берген жөн: 1-ші кезең мақсатының мазмұны мен сабақ құрылымы – тоқсандық жоспардағы оқу-тәрбие, сауықтыру міндеттерін қою, оқу тапсырмасы жүйесінің және жаттығулардың уақытын анықтау, әдіс таңдау. 2-ші кезеңге – сабаққа керекті құрал-жабдықтарды дайындау, өтетін орны мен жаттығуларды пысықтау, дайындау кіреді. Мұғалім өзінің дайындығына: арнайы әдістемелік әдебиеттерді жинақтау, пысықтау, сабақ жоспарын жазып, дайындау, өзінің іс-қимыл, сөйлеу дағдыларын тексеріп алу, үсті-басының сырт көрінісіне мән беру секілді жайттарға баса назар аударуы қажет.

Білім алушылардың дайындығына басты міндеттермен алдын-ала танысу, сабақтың ерекшеліктерін, бағыттамасын түсіну, сабақта керекті құрал-жабдықтармен танысып, дайындау жатса, сабақты ұйымдастыруды қамтамасыз ету үшін: санитарлық-гигиеналық жағдай тудызу, сабақтың материалдық-техникалық қамтамасыздығы, білім алушыларды алаңда орналастыру, оқу ісінің ұйымдастыру-әдістемелік түрлері, мұғалімге көмекші білім алушыларды түзеу, ұйымдастыру жұмыстарын орындау кіреді. Бұл жерде мұғалім сабақта ауру, дене жаттығуларын толық істеуге жарамайтын, бірақ, сабаққа қатысатын, өзіне көмектесуші білім алушылар қатарынан көмекшілерді құрап алуы тиіс.

Тірек сөздер: білім беру мекемелері, дене шынықтыру сабақтары, сабақ құрылымы, әдістері, сауықтыру, білім беру, тәрбиелік міндеттері.

Кіріспе. Дене тәрбиесінің сабақтары туралы жалпы ережелерге бағына отырып, мектептегі дене шынықтыру сабағы оқу күн тәртібіндегі және жалпы білім беретін мектептердегі аталмыш сабақтардың орны мен педагогикалық міндеттерін шешуге, оқу бағдарламасының мазмұнына, білім алушылардың жас ерекшеліктеріне, мүмкіндіктеріне байланысты [1]. Бұның барлығы мектептегі сабақ беру әдістемесінің бірқатар талаптарын орындауға арналған. Сабаққа қойылатын талаптар төмендегідей:

1. Әр сабақтың тақырыптық жоспарлаудағы орнын тиімді қолдана отырып, алдын-ала жоспарланып отырған сауықтыру, білім беру және тәрбиелік

міндеттерін шеше білу керек. Сабақ міндеттерін анықтай отырып, сабаққа берілген уақытты жөнді жұмсай алу, тақырыпта қойылған міндеттер мен талаптарды орындауға, оқу кезеңіне, білім алушылардың тәрбиелік, білімділік, дене қимылы дайындығының, материалдық-техникалық жабдығына баса назар аудару, қойылған талап-міндеттер нақты, жас ерекшеліктері мен жыныстарына байланысты болуы, талаптарды орындағаннан кейін оның нәтижесін талдай білуі қажет [2, 14 б.].

2. Оқу материалының көлемі – оқу бағдарламасына, қойылған мақсат-міндеттердің түріне, оның көлеміне, бір текті болуына сәйкес болғаны жөн. Бағдарламадан тыс материал қосымша ретінде, міндетті емес, жекелей ретінде жетілдіре беруге арналған, оны бағдарламаға қосу міндетті емес. Мұғалім дарынды балалармен осылай бағдарламадан тыс жұмыс істей беруіне болады.

3. Әр сабақ өзінің бағыттамасына қарай педагогикалық міндеттермен, оқу материалының мазмұнымен, көлеміне, алдыңғы, кейінгі сабақтардың жүктеме көлемімен байланысты [3].

4. Қолданылып отырған оқу мен тәрбие әдістері сабақ міндеттерімен сәйкес болуына баса назар аударған абзал.

5. Білім алушылардың жан-жақты дамуына ықпал ететін барлық элементтердің мазмұнының өзара байланыстылығының сабақ үдерісінде қамтамасыз етіп беру.

6. Сабақ барысы бойынша кезекті күш түсіруге дайындық және уақыт тығыздығын үйлесімді пайдалануын қамтамасыз ету. Ол үшін жаттығуларды орындау алдындағы үзіліс кезінде бос тұрмас үшін, әртүрлі іс-қимылдарды қайталайтын келесі жаттығуларды орындауға дайындалып тұру [4].

7. Әр сабақ сайын білім алушылардың іс-қимылын бақылау. Ол үшін істелінген жаттығуларды талдау жасап, бағалау, көңіл-күйді аулау.

8. Өз бетінше қойылған іс-қимыл жаттығуларды, білімділік қимылдарды игере алмайтын білім алушыларға қажетті әдістемелік көмек көрсету. Кейбір білім алушылар жаттығуды қамтамасыз етуге құлқы немесе шамасы жоқ, өздігінше істей алмайды. Сондай білім алушыларға ақыл-ойлық, білімділік іс-әрекеттер мен жаттығулар кешенін үйрету.

9. Белгіленген ережелерге байланысты білім алушының тәртібінің тура болуы, оның оқу тапсырмасын орындауы – ол үшін уақытылы хабарлап, ескертіп тұруын қамтамасыз ету.

10. Сабақ міндеттеріне, дайындық деңгейіне, оларды орындау шарттарына байланысты үй тапсырмасын орындау жүйесін дайындау [5].

Зерттеу мақсаттары. Білім алушылардың дене сапасын арттыру үшін, олардың білімділік, іс-қимыл белсенділігін көтеру, оған әртүрлі әдістер қолдана білу керек. Оған сабақ барысындағы тапсырмаларды орындау үшін, ондағы сабақтың мақсат-міндеттерін нақтылау, қою, ізденіс, табу жатады.

Барлық ұйымдастыру-әдістемелік түрі сабақ өткізудің екі топқа өткізеді. Бірінші топқа – фронтальдік, топтық, жекеше түрлері жатады. Екінші топқа білім алушылардың жаттығуларды бір-бірлеп орындауы – айналма, кезекшілік, ауыспалы болып бөлінеді [6, 25-68 б.].

Білім алушылардың дене тәрбиесінің әртүрлі міндеттерін ойдағыдай орындау үшін, мектеп ұжымы мен ата-аналардың, мектептен тыс мекемелердің қызметкерлерімен бірге жұмыс істегендері абзал. Осындай ұйымдастырудың барлық түрлерінің әсерінен кейін ғана, дене тәрбиесі жұмыстары балалар арасында кең етек жаяды, мүмкіндігінше педагогикалық әсер қалдырады.

Зерттеу әдістері. Балаларды тәрбиелеудің әр саласы өздігінше бір көзделген бағытты ұстайды, бірақ бәрі қосылып келгенде толыққанды дене тәрбиесінің міндеттерін атқарады [7]. Әрқайсысының өз бетінше қойылған әдіс-тәсілдері, міндеттері бар. Балалардың дене тәрбиесін ұйымдастыру салалары:

- әр сыныпта міндетті, Үкімет қаулысы мен жергілікті органдардың шешіміне сәйкес – аптасына 3 рет өтілетін дене шынықтыру сабақтары – сыныптық-сабақтық түрлері ретінде;

- оқу күні тәртібіндегі дене шынықтыру-сауықтыру іс-шаралары: сабаққа дейінгі гимнастика, бір мезеттік дене шынықтыру жаттығулары, дене мәдениетілік үзілістер, ұзартылған үзілістегі дене шынықтыру жаттығулары;

- ұзартылған күндік топтарындағы дене қимылы жаттығуларымен күнделікті айналысу;

- 1-4 сыныптар үшін дене шынықтыру үйірмелеріндегі сабақтарды қоса, сыныптан тыс жұмыстар. Жалпы дене қимылын дамытатын жаттығулар және Елбасы сынамаларындағы, спорт түрлері үйірмелеріндегі спорттық жарыстар, жалпы ойындар, туристік слеттер мен саяхаттар [8].

Аталмыш *зерттеу әдістері* мектептен тыс мекемелердегі дене тәрбиесін ұйымдастыру түрлерімен толықтырылады:

- балалар және жасөспірімдер спорттық мектебі, Оқушылар үйіндегі ерікті дене шынықтыру-спорттық қоғамдарда, спорттық үйірмелерде, тұрғылықты жері бойынша, әртүрлі типтегі демалыс шатыржайларындағы жүйелі спорттық жарыстар мен оқу-жаттықтырушылық сабақтар;

- бұқаралық жаппай дене шынықтыру-сауықтыру іс-шаралары: таңертеңгілік гимнастика, күнделікті суға шомылулар, тұрғылықты жері бойынша ойындар т.б.

Зерттеу нәтижелері. Сабақтың дайындық бөлімінде жекеленген міндеттер шешілді – сапқа тұруға үйрету, дұрыс мүсінді қалыптастыру, бұйрықты мінсіз орындауға үйрету т.б. Басты міндет – сабақтың алда тұрған негізгі бөліміне ағзаны қызметтік жағынан даярлау [9]. Оған сабақтың 10-20% бөлінген. Негізгі бөлімді орындауға жағдай жасайды, келесі құрамнан тұрады:

а) қатысушыларды ұйымдастыру (білім алушыларды сапқа тұрғызу, орында топтық жаттығулар, т.б.);

ә) сабақ мақсатымен таныстыру;

б) білім алушыларды ойындар арқылы сабаққа буырқанды сезімдік және психологиялық дайындау;

в) сергіту жаттығулары, ағзаны келесі күрделірек жаттығуларға дайындау (аса қиындық туғызбайтын жаттығулар жасау, шамалы жүгіріс, спорттық жүріс, т.б.);

г) негізгі бөлімде жасалатын жаттығуларға дайындық.

Сабақтың негізгі бөліміне барынша күрделі міндеттерді шешу жүктелген. Соның барысында оқудың кезеңдері ескеріліп, міндеттерді қоюдың төмендегі тәртібі сақталады: таныстыру, үйрету, жетілдіру [10]. Сабақтың бұл бөліміне жалпы уақыттың 75-85% бөлінген. Сабақтың мақсаты мен жоспарына байланысты жаттығулар мен тапсырмалар:

а) ағзаның мүмкіндіктерін пайдаланып, тірек-қимыл жүйесінің жаттығуларын орындау;

ә) жаттығулар техникасын игеру арқылы дененің қимыл-қозғалысына үйрену;

б) арнайы білімді қалыптастыру;

в) негізгі және арнайы қозғалыс қимылдарын дамыту;

д) зияткерлік қасиеттерге және адамгершілікке тәрбиелеу.

Сабақтың бұл бөлімі бағдарлама материалымен белгіленеді [11].

Сабақтың қорытынды бөлімінде ағзаның қызмет белсенділігін бағыттай отырып, біртіндеп кемітуді қамтамасыз еткен жөн. Үйге берілетін тапсырмаларға барынша көңіл бөлген абзал. Үйге берілетін тапсырманы жете бағаламау – шұғылданудың сабақтық және сабақтық емес байланыстығын бұзады. Сабақтың бұл бөліміне уақыттың 5% шамасы берілген. Бұл бөлімде ағзаның дене қимылы жаттығуларынан кейін қалпына келтірілуі қарастырылады:

а) дене бұлшық еттерінің тынығуына, ағзаның қалыпты жағдайға оралуына арналған жаттығулар жасау;

ә) буырқанды сезімдік жағдайды реттеу, осыған байланысты назар аударту ойындарын жүргізу;

б) білім алушы мен педагогтың сабақты бағалауы, сабақты қорытындылау;

в) үй тапсырмасын беру.

Мектеп жасындағы кезеңдер шамамен үш топқа: бастауыш, орта және жоғары сыныптар болып бөлінеді. Бастауыш кезеңі 1-4 сыныптарды қамтыса, орта кезең – 5-9 сыныптарды қамтиды. Жоғары сыныптарға – 10-11, келешекте – 12 сыныптар жатады. Мектеп өзінің ерекшеліктеріне қарай 10-11,12 сыныптан бастап, жергілікті бюджеттің қаржылай мүмкіндіктері болған жағдайларында – 5-6 сыныптардан бастап ұлдар мен қыздар бөлек оқыту әдістемесі қолданыла бастайды. Ондай жағдайларда бір сыныпта екі және одан да көп мұғалімдер сабақ беретін болады [12].

Жалпы білім беретін ауыл мектептерінің ішінде жартысынан астамы кіші кешенді болып келеді. Оған себеп: сыныптарды қосу арқасында әр сыныпқа берілген тапсырма әртүрлі болғандықтан және ауылды жерде барлық талапқа сай спортзалдары, спорт алаңдары болмағандықтан, бағдарламаға сәйкес оқу материалын өту біршама қиындырақ болады. Әсіресе, бастауыш сыныптарда бір мұғалім бірнеше сыныптарға қатарынан өте беруі көзге үйреншікті болып қалған. Әсіресе, ол мұғалімдердің арнаулы спорттық білімдері болмаса, дене тәрбиесінің: мысалы, оңға немесе солға бұрылу, тік тұру, сап түзеу т.б. секілді алғашқы әліппелері ескерусіз қалады. Сондай-ақ, дене шынықтыру сабақтарында, мұғалім сабақ өту үдерісінде төменгі сынып білім алушыларының жалпы дене қимылы жаттығуларын жоғары сынып білім алушыларына істете салады [13].

Сондықтан да, мектептерде ұялы әдістемелік үйірмелер жұмыс істеулері керек. Осындай жиналыстарда дене шынықтыру мұғалімі өзінің әріптестеріне ақыл-кеңестерін айтып, сабақты қалай жемісті өткізулеріне өз үлестерін қосады. Сонымен қатар, оқу-тәрбие, мектептен тыс, сыныптан тыс өтілетін іс-шараларды өткізу әдістерін де ортаға салады. Осындай жерлерде ең ауызға толтырып тұрып айтуға тұрарлығы – ауа-райының жылы кездерінде сабақтың далада, таза ауада өтілетіндігінде, өз кезегінде, бұның денсаулыққа өте пайдалы екендігі белгілі. Бірақ, кейбір жаттығуларды, әсіресе, құрал-жабдықтарды қолдана отырып, тақыр жерде орындалатын жаттығуларды орындау, үйрету, сұрау, тексеру – белгілі бір қиыншылықтарды туғызады [14].

Сабақ беру әдісі туралы, оның арнайы ерекшелігін, дене шынықтыру сабақтарын өткізудің ұйымдастыру жолдарын айтқан жөн. Мұнда табиғи жер жағдайын ескере отырып, таза ауада сабақты өткізу жолдарын қарастыру қажет. Әртүрлі сыныптардың оқу материалын сабақта сондай жолмен өткізу керек, егерде жоғары сынып білім алушылары төменгі сынып білім алушыларына көмек көрсетіп отырса. Одан кейінгі ерекшелік – сапқа тұру кезінде бірінші сынып білім алушылары мұғалімге ең жақын тұрады. Себебі, жалпы дене қимылы дайындығы жаттығуларын орындау кезінде жіберілген қателіктерді көз алдында тұрып, дер

кезінде жөндейді. Әрі десе, артында тұрған жоғары сынып білім алушылары қателіктерін жөндеп тұрады [15].

Тәрбиеші мұғалімдер өздеріне бекітілген сыныптарға толық жауап беретіндіктен, сабақтан тыс қандай да іс-шара болмасын, бүкіл сынып, мектеп бойы толық қатыстырыла береді. Одан басқа, олардың өздеріне байланысты күн тәртіптері бар. Спорттық үйірмелер әдеттегідей жұмыс істейді.

Білім берудегі барлық құралдар, тәсілдер мен міндеттер біріге келе, білім алушыларға тәрбие беру мен олардың тұлға ретінде қалыптасуына оңтайлы жағдай жасайды. Барлық тәсілдердің жүйелілігі іс-әрекетті тиімді етеді. Сабақтың құрамы өзара байланысқан, бірақ, 3 бөліктен тұратын өзіндік [16, 48-93 б.] ерекшеліктері бар:

1. Оқу құралы. Ол белгілі ретпен, тәртіппен құрылған барлық дене жаттығуларын қамтиды, дене тәрбиесі пәнінің құрылымын анықтап береді;

2. Педагогтың ұйымдастырушылық, басқару және қадағалау қызметі. Бұл білім алушыларға жаттығулар, тапсырмалар беру, оның орындалу ретін, тәртібін үйрету, қауіпсіздік ережелерін айқындау, түсіндіру, қауіпсіздікке жауап беру, сабақтың өту барысын түсіндіру, спорт құралдарын пайдалануды, оны қолданысқа дайындауды жүргізу; үй тапсырмаларын тексеру, бағалау, сабаққа қорытынды жасау мен тәрбие беру, үлгі бола білу;

3. Білім алушылардың танымдық іс-әрекеті. Білім алушылардың дидактикалық материалдарды игеруі, өзін-өзі бақылау, жаттығулар мен тапсырмаларды орындау, өз жұмысын бағалай білу, педагог сілтемелерін орындай алу, тапсырмалар мен мәселелерді шеше алу қабілеті. Жалпы, сабақтың қалай өтуі сабаққа қатысушы оқушыға тікелей қатысты [17, 16-51 б.].

Сабақтың құрылымы – сабақтың барлық элементтерінің дидактикалық бекітілген ретпен және уақытқа сай жиынтығы. Ол барлық элементтердің функционалды жағын айқындап, тапсырмаларды және мәселелерді шешуде оңтайлы әсер етеді. Сабақ құрылымының ең негізгі өлшем бірліктері – педагог пен білім алушының қатысуы мен іс-әрекеті болып табылады. Ол ішкі және сыртқы көрініс береді. Сыртқы көріністер визуалдық тұрғыдан қарастырылады: көрнекілік құралдарды пайдалану, дидактикалық материалдар қолдану, мәліметтер беру, педагогтың ауызша түсіндіруі және әр түрлі ақпараттар таратуы [18].

Қазіргі кездегі дене тәрбиесінің ерекшелігі – дидактикалық материалдар білім алушылар жасына, сыныбына сай жасалып, үлгерімдері ескеріледі.

Сабақтың игерілуі мен тапсырмалар білім алушылар жасы, физиологиялық, психологиялық дайындығы жағдайына сай жүргізілуі керек. Сабақтардың жіктелуі.

Дене тәрбиесі сабақтары негізінен белгілі бір қағидаға сай немесе тәртіп бойынша арнайы түрлерге бөлінбейді. Себебі сабақтар әр түрде өтуі мүмкін.

Дене тәрбиесі сабақтары өзінің көп түрлілігі мен бір-біріне байланыстылығына орай, түрлі иерархиялық тұрғыдан жіктеледі. Ол дене тәрбиесінің бағыттылығына сай бөлінген [19].

1. Дене тәрбиесінің жалпы сабақтары білім алушылардың дене қимылының дамуы мен қалыптасуына оң әсер ету мақсатында жүргізіледі, қарапайым жаттығулар өткізіледі. Спортқа бейімделмеген мектептерде өткізіліп, гигиена мен табиғи күшке ғана бағытталады;

2. Кәсіби бағытталған сабақтар болашақта мамандануы мен айналысатын іс-әрекетке сай даярлық жүргізу мақсатында өткізіледі;

3. Спорттық бағыттағы сабақтар белгілі бір спорт түрінен білім беру арқылы білім алушыны жарыстан биік жетістіктерге жеткізу мақсатын алға қояды;

4. Емдік-сауықтыру бағытындағы сабақтар денсаулық жағдайына байланысты, арнайы топтарға өткізіліп, медициналық ауруларына сай сауықтыру, арнайы жаттығулар жүргізу үшін қолданылады [20].

Аталған әрбір топ өз ішінде ерекшеліктеріне сай тағы кішігірім топтарға бөлінеді.

Мысалы, жалпы сипаттамасына сай гимнастикалық, ойын, жеңіл атлетикалық сабақтар ажыратылуы мүмкін. Сондай-ақ, құрамына ойын, жеңіл атлетикалық, гимнастикалық элементтерді біріктірген кешенді сабақтар да болады. Сонымен қатар, акробатикаға, гимнастикаға, белсенді ойындарға, соның ішінде, спорттық ойын жаттығуларына негізделген арнайыландырылған сабақтар болады; қосымша жүгіруге арналған жаттықтырушылық-даярлық жаттығу сабақтары. Әскери мамандыққа байланыстырылған арнайы сабақтар да бар. Олардың да алға қойған мақсат-міндеттері болады [21].

Бағытталуы мен сауықтыру, білім беру мақсатына қатысты, дене тәрбиесі сабақтары келесі 4 топқа жіктеледі:

1. Әмбебаптанған кешендік сабақ жалпы білім беру жүйесінде қолданылады.

2. Адамгершілікке баулу және эстетикалық тәрбие беруге бағытталған тәрбие сабақтары.

3. Сауықтыруға негізделген сабақтар екі нұсқада жүреді: біріншісі – ағза жүйелерін дамыту, екіншісі – еңбекке қабілеттілікті қалпына келтіру мақсатында. Бірақ екі нұсқа да сауықтыру мақсатын берік ұстанады.

4. Білім беруге бағытталған сабақтар сауықтыру, тәрбие, білім негізінде дидактикалық мақсаттарға сүйене отырып, өз ішінде 5 түрге бөлінеді:

- оқу жылының басында берілетін кіріспе сабақтар негізінен білім алушылардың сабаққа даярлығын жүзеге асыру мақсатында, сабақтың мақсаттары мен міндеттерін түсіндіру, нормативтік талаптармен таныстыру секілді, жұмыстарды іске асырады. Сарамандық жұмыстар, әңгіме, сұхбаттасу арқылы жүреді [22, 23-46 б.];

- жаңа материалдарды игеру сабағында білім алушылар жаңа жаттығу түрлерімен танысады, қозғалыс жаттығуларын түсіндіру және көрсету арқылы жүзеге асырылатын, бұл сабақта білім алушылардың аса үлкен назар аударуы керек, себебі, бұл сабақта жаңа мәліметтер көптеп беріледі;

- жетілдіру, бұрын өткен жаттығулар дамытылып, жаттығулар мен тапсырмаларды орындаудың жиілігі артады. Бұл сабақтарда кіріспе бөлім көп уақыт алмайды, қорытынды бөлімде қалпына келтіру және тынығу жаттығуларының уақыты арта түседі. Сабақ топтық, сондай-ақ жеке өткізіледі. Жаттығуларды орындау барысында шығармашылық тапсырмалар көбейіп, білім алушылардың танымдық дамуы өсе түседі;

- бақылау сабақтарында оқытушы білім алушылардың игерген жаттығуларын қаншалықты түсінгені мен дұрыс орындай алатындығына ерекше назар аударып, бір бөлім немесе тақырып бойынша тапсырмалар орындатады. Осыдан кейін, жаттығуларды орындау бойынша баға беріледі. Ал баға критерийлері алдын-ала таныстырылып өтілуі тиіс;

- аралас сабақ кезінде басқа сабақ элементінің жиынтығы қолданылады. Сабақтың кіріспе бөлімінен басқа сергіту жаттығулары қосымша өткізіліп, келесі тапсырманың орындалуына алғышарт болып табылады. Сабақ жылдамдыққа,

шапшаңдыққа негізделеді, сонымен қатар, алдында өтілген жаттығу түрінен қайталау ескеріліп, тапсырмалар бағаланады [23].

Қорытынды. Жоғарыда аталған сабақтардың типтік түрі мұғалімнің сабақ өткізуде өзіне сай, мақсаттың орындалуына сәйкес таңдау жасауға мүмкіндік береді. Дене тәрбиесі сабағының барлық жағдайларын қарастыра отырып, мектептегі дене тәрбиесі сабағы білім алушылардың басқа сабақтармен қатар жүруі және олардың күн тәртібі мен сабақ кестелеріне сәйкес болуы керек. Осыған байланысты, мектептегі дене тәрбиесі сабағы келесі талаптар қояды:

Сабақтың өтілу барысына қатысты [24]:

1. Әрбір сабақ сауықтыру, тәрбие және білім беру мақсатында арнайы жасалған жоспар бойынша жүзеге асуы қажет. Сабақ міндеттерін қоюда сабаққа, тақырыпқа арналған уақыт, материалдық-техникалық жабдықтау, білім алушылардың дене қимылы даярлығы ескерілуі керек. Тапсырмалар нақты, ықшамды және күтілер нәтижесі түсінікті етіп жасалғаны дұрыс. Себебі, бұл мұғалім мен білім алушылардың мақсаттарына жетуіне, сабақтың жүзеге асуына әсер етеді. Жаттығулар мен тапсырмаларды таңдауда оқытушы білім алушылардың физиологиялық мүмкіндіктерін, көңіл-күйлері мен сол жаттығуларға қажеттіліктерін түсіне білуі керек. Мысалы, төменгі сынып білім алушыларына констатация түрінде (түзу бойымен жүгіруге үйрену), орта буын білім алушыларына арнайы терминдерді қолдану (қысқа қашықтыққа жүгіру техникасымен танысу), жоғары сыныптарда танымдылық белсенділікке шақыру. Бір сабақта жаңа материалға немесе бұрынғы өтілгенге байланысты, 2-3 түрлі тапсырма орындалуы керек.

2. Оқу материалы оқу бағдарламасына және қойылған мақсаттарға, сонымен қатар, сабақ ұзақтылығына және білім алушылар санына сәйкес жасалуы қажет. Бағдарламадан тыс материалдар жеке сабақ өткізуге немесе қосымша түрде міндетті емес ретте ұсынылуы тиіс [25, 4-6 б.].

3. Әрбір сабақ толық, әрі логикалық тұрғыдан қорытындыланған, игеріліп жатқан тақырыпқа сай, сонымен қатар жүктеменің көлемі мен жиілігіне сай, жалпы оқу бағдарламасына сәйкес өтуі керек.

4. Білім беру тәсілдері қойылған мақсатқа әсерлі тиімді орындалуы қажет. Мысалы, егер теориялық материал төменгі сыныпқа арналып және тек түсінуге, есте сақтауға бағытталып келсе, оқу ақпараттары факторларын сипаттау, ұғымдарға түсініктеме беру, ақпараттық хабарлама беру, мазмұндаудың репродуктивті тәсілдерін қолдану секілді, жүйемен өтеді. Ал, егер тапсырмалар шығармашылық тұрғыда болса, түсіндіру, ойға түрткі болу секілді тәсілдер қолданылады.

5. Сабақ барысында білім алушыларға әсер ету үшін оқу элементтерін барынша құрамдастыру керек. Мысалы, дене жаттығуларының көлемі тек білім беру мақсатында ғана емес, сондай-ақ, адамдық қасиеттерге, зияткерлік іс-әрекетке, танымдық қызығушылыққа, буырқанды сезімдік кеңістікке де әсер етуі тиіс. Сонымен қатар, топтық жұмыстар кезінде, әр білім алушыға жеке де көңіл бөлінген жөн (мысалы, жаттығу орындауда).

6. Білім алушылардың алдағы жаттығуларға дайындығын іске асыру. Ол жаттығулар арасындағы үзілістерде алдағы жаттығуларды ойластыру, жолдастарының іс-әрекетіне көңіл аудару арқылы жаттығуларға үйрену, өз араларында көмекке даярлықтарын дамыту. Осы арқылы оқытушы уақытты рационалды қолдана білуі және тәртіптің сақталуына әсер ете алуы керек.

7. Әр сабақта оқытушы ұйымдастыру, басқару жұмыстарын орындауы. Ол білім алушылардың тапсырмаларды орындауына талдау жасау, бағалау ретінде көрініс табады. Сонымен қатар, білім алушылардың материалды дұрыс қабылдауы, маңызды мәселелерді есте сақтауы, көңіл бөлулерін қарастырған жөн. Осыларды жүзеге асыру мақсатында дидактикалық шарттар бар: көрнекілік құралдарды қолдану, түсінікті мазмұнда хабарлама жасау, сұрақтар қарастыру, сараман жүзінде бекіту, материал бойынша сұраққа жауап беру т.б.

Осыған қосымша, оқытушының білім алушылар назарын ұстай білуі, яғни, буырқанды сезімдік кеңістікті реттей алуы. Оның сөйлеу мәнері, сабақ беру стилі, сабақты қызықты өткізуге ұмтылысы және т.б. жатады.

8. Өз бетінше тапсырма орындауға қиындығы бар білім алушыларға мұғалімнің көңіл бөлуі, көмекке келуі. Зияткерлік тұрғыдан тапсырманы түсіндіру болса, жаттығу орындауда оқытушының көмектесуі қажет (мысалы, баста тік тұру жаттығуын орындауда аяғынан ұстап көмектесу немесе т.б.). Алайда, көмектесу кезінде мұғалім білім алушыға көп көңіл бөлмеуі керек, себебі, білім алушы өзіне аса көп сенімді. Сондай-ақ, көмектен де бас тартуға болмайды.

Қоғам үшін адамның өзін – өзі маңыздануының басты нәтижесі-күнделікті өмірдің, өндірістік және қоғамдық қызметтің нақты жағдайларында туындайтын типтік мәселелерді, міндеттерді тиімді шешуге мүмкіндік беретін өзіндік қабілет-құзыреттілік деңгейін алу және арттыру болып табылады. Құзыреттілік деңгейін арттыру адамға барынша кең уақыт шеңберінде өз іс-әрекетінің салдарын моделдеуге және бағалауға, өзін, өзінің өмірлік жоспарларын, проблемалы жағдайларын және басқа да адамдарды бағалау үшін сыртқы бағалауға және мінез-құлықты "ішкі стандарттарды" әзірлеуге бағдарланудан өтуді жүзеге асыруға мүмкіндік береді, бұл адамға өзін-өзі бекіту тірегін дамытуға мүмкіндік береді. Бұл өмірлік жоспарды іске асыру белгісіздік немесе қатаң бәсекелестік жағдайында болған жағдайларда өте маңызды.

Тұлғаның өзін – өзі маңыздануын дамыту - бұл ұзақ және қиын процесс. Маңызды психологиялық-педагогикалық міндет – өзін - өзі маңыздануға бағытталған белсенді іс-әрекетке қабілетті тұлғаны өзі және қоғам мүддесі үшін өз әлеуетін толық ашу және іске асыру мақсатында өзі және әлем туралы түсініктерді, өмірлік жоспарды жүйелі түрде өзгерту арқылы дамыту және тәрбиелеу. Бұл қызмет әрбір өмірлік жағдайда Даму мен өсудің пайдасына саналы таңдауды және осы таңдау негізінде іс-әрекеттерді іске асыру жолымен жүзеге асырылады.

Әдебиеттер:

1. *Қазақстан Республикасының білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарына арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2016. – 130 б.*

2. Челомбицкая М.П. Интеллект и креативность как факторы самоактуализации человека в инновационном обществе / Дис. ... канд. философ. наук. – Ростов н/Д, 2009. – 155 с.
3. Акмеологический словарь / Под общ. ред. А.А. Деркача. – М.: Изд-о РАГС, 2004. – 161 с.
4. Маслоу А. Самоактуализированные люди: исследования психологического здоровья (Мотивация и личность) / Пер. с англ. А.М. Татлыбаевой. – СПб.: Евразия, 1999. – 382 с.
5. Гуманистическая и трансперсональная психология: хрестоматия / Сост. К.В. Сельченков. – М.: АСТ, 2000. – 592 с.
6. Ассаджоли Р. Психосинтез: теория и практика / Сост. и пер. В.Данченко // PSYLIB. Самопознание и саморазвитие: психологическая библиотека Киевского Фонда содействия развитию психической культуры.
7. Недашковская М.А. Самореализация личности как феномен культуры / Дис. канд. философ. наук. – Киев, 1990. – 167 с.
8. Идинов А.А. Самореализация личности во внепроизводственной сфере общества / Дис. ... канд. философ. наук. – Фрунзе, 1990. – 171 с.
9. Карпенко С.В. Самоактуализация личности в условиях современной и информационной среды / Дисс ... канд. психол. наук. - Краснодар, 2007. – 183 с.
10. Городилова Е. Н. Самоактуализация и ее связь с интегральной индивидуальностью / Дисс. канд психол наук. – Пермь, 2002. – 244 с.

Нургалиев К.А., Жанабаева Р.Е
ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ САМОАКТУАЛИЗАЦИИ
ЛИЧНОСТИ

Самоактуализация соотносится с самореализацией, личностной зрелостью и психологическим здоровьем. В связи с этим выделяются особенности самоактуализации личности. Самоактуализация рассматривается как основополагающее свойство психологически здоровой, зрелой личности, стремящейся к полноценной реализации собственного потенциала, к саморазвитию, сохранению и максимальному проявлению своих лучших черт.

Ключевые слова: самоактуализация личности, самореализация, личностное развитие, личностная зрелость, психологическое здоровье.

Nurgaliyev K.A., Zhanabayeva R.E.
THEORETICAL ASPECTS OF PERSON'S SELF-ACTUALIZATION

Self-actualization is related with self-realization, personality's maturity and psychological health. Thus, features of person's self-actualization are stood out. Self-actualization is considered as a fundamental feature psychologically healthy, mature personality, aiming to full- realization his potential, to self-improvement, to saving and demonstrating his best qualities.

Keywords: person's self-actualization, self-realization, self-improvement, personality's maturity, psychological health.

ӘОЖ 37.091.39:378

Ниязбекова А.Б. – химия ғылымдарының кандидаты, доцент,
Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті
E-mail: abnyazbekova@mail.ru

Назарова Д.С. – магистр, аға оқытушы, Жәңгір хан атындағы Батыс
Қазақстан аграрлық-техникалық университеті
E-mail: nazarova.ria@mail.ru

ОҚУ ҮРДІСІНДЕ ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА БЕЛСЕНДІ ФОРМАЛАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІН ҚОЛДАНУ

Аңдатпа. Бұл мақалада қазіргі уақытта жоғары мектеп алдына қойылған мақсаттарға оқу процесін ұйымдастыруға, оқытудың дәстүрлі және жаңа әдістерін үйлестіруге шығармашылық көзқарас арқылы ғана қол жеткізуге болатыны, оқыту әдістері мамандарды даярлау нәтижелеріне елеулі әсер ететіні зерттелді. Жоғары оқу орындарында оқытудың белсенді әдістерін қолдану қажеттілігі, оқыту сапасы оқу процесінің тиімділігіне, оқыту әдістемесіне, оқытушының студенттерді өз пәнімен қызықтыру қабілетіне байланыстылығы, тиімді оқу процесі үшін біздің университеттің көптеген оқытушылары өз сабақтарында оқытудың белсенді әдістерін енгізу, олар күнделікті оқу іс-әрекетіне, ойын-сауық элементтеріне әртүрлілікті әкеледі және пәнге деген қызығушылықты дамыту туралы қарастырылды. Оқу үрдісінде оқытушы мен білім алушылардың рөлі анықталды.

Тірек сөздер: оқытудың белсенді әдістері, дискуссия, диспут, компьютерлік технологиялар, педагогикалық эксперимент.

Қазіргі таңдағы егеменді еліміздің болашағы дарынды, білімді, іздеп-паз жастарға байланысты. Осыған орай бүгінгі күн білім ордасы алдында тұрған басты міндет – өзіндік айтар ой – пікірі бар, жоғары сапалы, белсенді азамат тәрбиелеп шығару.

Уақыт алдыға жылжыған сайын сабақ үрдісін жетілдірудің жолдары мен әдістері үнемі өзгеріп, жаңарып отырады. Уақыт талабына сай жан – жақты білімді азаматтар тәрбиелеп шығару оқытушылардың алдында тұрған үлкен міндет.

Білімді қалыптастыруда ерекше рөл білім беру қызметіне жатады, оның барысында адам өзі өзгереді және өмірлік қиын міндеттерді шешуге қабілетті болып табылады.

Әрбір білім алушының білімділігіне мемлекет талаптарының негізі білім беру стандарты болып табылады.

Оқыту мазмұнындағы, әдістері мен құралдарындағы өзгерістер әдістемеді айтарлықтай өзгерістер тудырды. Соңғы жылдары педагогикалық ғылым мен практиканың барлық назары өзінің мазмұны мен тәсілдері бойынша оқушылардың ішкі және сыртқы белсенділігінің жоғары деңгейінсіз жүзеге асыру мүмкін емес оқыту әдістерін тартады.

Оқыту әдісі – оқыту, дамыту және тәрбиелеу мақсаттарына қол жеткізу бойынша оқытушы мен білім алушының өзара байланысты қызметінің тәсілі. Әдістің белгісі – қызмет.

ЖОО білім беру жүйесінде құзыреттілік тәсілді табысты жүзеге асыру үшін барлық мүмкін болатын психотехнологиялық ресурстарды пайдалану қажет. Осы міндетті шешу үшін ең қолайлы оқыту әдістері болып табылады.

Біріншіден, оқытудың белсенді әдістерін пайдалану барлық студенттердің қызметін жандандыруға мүмкіндік береді, ал семинарларды дәстүрлі түрде өткізу кезінде әрдайым маңызды дайындықтан жалтаратын адамдар бар. Белсенді әдістерді қолдану арқылы арнайы ұйымдастырылған сабақ қажетті кәсіби құзыреттілікті қалыптастыруға ғана емес, сонымен қатар студенттің өмірлік тәжірибесін кеңейтуге да мүмкіндік береді.

Екіншіден, оқытудың белсенді әдістері білім беру ортасын барынша тұлғалық-бағдарлы етуге мүмкіндік береді.

Үшіншіден, оқытудың белсенді әдістері оқытушылардың шығармашылық потенциалын барынша танытуға мүмкіндік береді.

Белсенді әдіс – бұл оқытушы мен білім алушылар арасында сабақ барысында бір-бірімен тең құқықтағы өзара іс-қимыл жасайтын өзара іс-қимыл түрі. Егер пассивті әдістер өзара іс-қимылдың авторитарлық стилін болжаса, онда белсенді демократиялық стильді көбірек болжайды. Белсенді және интерактивті әдістер арасында көпшілігі теңдік белгісін қояды, алайда, ортақтыққа қарамастан, олардың айырмашылықтары бар.

Интерактивті әдістерді белсенді әдістердің заманауи түрі ретінде қарастыруға болады.

Оқытудың белсенді түрлері «білім алушылардың қызметін жандандыру және қарқындату негізінде оқытуды жаңғырту технологиялары» деп белгіленген білім беру технологиялары түріне жатады. Оқытудың белсенді түрлері-бұл білім алушыларды оқу материалын меңгеру барысында белсенді ойлау және практикалық қызметке итермелейтін әдістер. Негізгі даусыз абырой ретінде дербестіктің, бастамашылықтың жоғары дәрежесі, әлеуметтік дағдыларды дамыту, білім алу және оларды практикада қолдана білу біліктілігінің қалыптасуы, шығармашылық қабілеттерін дамыту болып саналады. Таңдау еркіндігі сезімі оқытуды саналы, өнімді және одан да нәтижелі етеді. Олар келесі технологияларды қамтиды: проблемалық оқыту технологиясы, жобалық оқыту технологиясы, ойын технологиялары, интерактивті технологиялар.

Интерактивті әдіс. Интерактивті ("Inter" - бұл өзара," act " – әрекет ету)-өзара іс-қимыл жасауды, әңгімелесуді, біреумен диалогты білдіреді. Басқаша айтқанда, белсенді әдістерге қарағанда, интерактивтік білім алушылар тек оқытушымен ғана емес, сонымен қатар бір-бірімен және оқу процесінде білім алушылардың белсенділігінің үстемдігіне бағытталған. Интерактивті сабақтардағы оқытушының орны сабақтың мақсатына жету үшін білім алушылардың қызмет бағыты болып табылады. Оқытушы сондай-ақ сабақ жоспарын әзірлейді (әдетте, бұл интерактивті жаттығулар мен тапсырмаларды орындау барысында білім алушы материалмен танысып меңгереді). Демек, интерактивті сабақтардың негізгі құрамдастары білім алушылар орындайтын интерактивті жаттығулар мен тапсырмалар болып табылады. Интерактивті жаттығулар мен тапсырмалардың дәстүрлі әдістерден маңызды айырмашылығы, оларды орындай отырып, білім алушылар тек қана оқытылған материалды ғана емес, сонымен қатар жаңа материалдар, мәліметтер деректермен таныс болады [1].

Оқыту мен тәрбиелеудің әдістері мен формаларын іздеу міндетін шеше отырып, білім алушылардың мотивациялық саласын, олардың шығармашылық белсенділігін дамытуға ықпал ететін белсенді формалар мен әдістерге артықшылық беру қажет.

Белсенді оқыту әдістері – МАО – оқу процесін ұйымдастыруға бағытталған және арнайы құралдармен жағдай жасайтын, білім алушыларды танымдық іс-әрекет процесінде оқу материалын өзіндік, бастамашылық және шығармашылық игеруге ынталандыратын педагогикалық іс-әрекеттер мен тәсілдер жиынтығы.

Белсенді оқыту әдістерінің пайда болуы оқытушылардың білім алушылардың танымдық қызметін жандандыруға немесе оның артуына ықпал етуге ұмтылуымен байланысты. Білім беру үдерісінде белсенділіктің үш түрі айқын көрінеді: ойлау, әрекет және сөйлеу. Тағы бір – эмоциялық-жеке ақпаратты қабылдау. Сабақта белсенді оқытудың қолданылатын әдістерінің түріне байланысты не бір түрі немесе олардың үйлесімі іске асырылуы мүмкін. Оқушылардың белсенділігін арттыру дәрежесі сабақта білім алушылардың белсенділігінің қандай және қанша түріне байланысты қарастырылады. Мысалы, дәрісте ойлау (бірінші кезекте есте сақтау), практикалық сабақта – ойлау және әрекет, дискуссияда – ойлау, сөйлеу және кейде эмоционалдық – тұлғалық қабылдау, іскерлік ойында – белсенділіктің барлық түрлері, экскурсияда – тек эмоционалдық-тұлғалық қабылдау. Бұл тәсіл эксперименталды деректермен келісіледі, олар материалды дәрістік беру кезінде 20-30% – дан артық емес, әдебиетпен өз бетінше жұмыс істеу кезінде 50% – ға дейін, сөйлесу кезінде 70% – ға дейін, ал зерттелетін қызметке жеке қатысу кезінде 90% – ға дейін сіңірілетіндігін көрсетеді [2].

Қазіргі жағдайда жеке қолданылатын компьютер қандай көрнекі құралдарды қолдануға ерекше көңіл бөлінеді. Компьютерлік технологиялар танымдық іс-әрекетті белсендіруге үлкен мүмкіндік береді. Ақпараттық технологиялар әр түрлі «саяхатқа» баруға көмектеседі, онда білім алушылар білім іздеушілерге айналады. Компьютермен жұмыс білім алушылардың қызығушылығын арттырады және оқыту мотивациясын күшейтеді. Компьютерлік технологияларды пайдалану заманауи, жаңа ақпаратқа қол жеткізу, білім көзімен «диалогты» жүзеге асыру, білімді бағалаудың жаңа түріне мүмкіндік береді. Мультимедиа құралдары басқа техникалық оқыту құралдарымен салыстырғанда көрнекілік принципін іске асыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Табысты, компьютерлік бағдарламалар оқытуды қызықты және әр түрлі формада жасауға мүмкіндік береді [3].

Оқытудың белсенді түрлері мен әдістері ретінде іс – шаралардың кең жиынтығы: білім алушылардың өсіп келе жатқан ерекшеліктерін, қабілеттері мен бейімділігін ескере отырып, бағдарламалық оқыту, оқу-көрнекі құралдарды, техникалық құралдар мен аспаптарды кеңінен қолдану, аудиторияларда сабақтардың әртүрлі түрлері мен нысандары, кеңістікті аймақтарға бөлуді ескере отырып, сабақ жүргізу.

Оқыту белсенділігінің деңгейін арттыратын жұмыс түрлері:

- Сабақ өткізудің дәстүрлі емес түрлерін қолдану (іскерлік ойын – сабақ, жарыс – сабақ, семинар – сабақ, экскурсия – сабақ, кіріктірілген сабақ және т. б.);

- Оқу сабақтарының дәстүрлі емес формаларын қолдану (бір тақырыпқа біріктірілген интегрирленген сабақтар, мәселелік сабақ; аралас, жобалық сабақтар, шығармашылық шеберханалар және т.б.);
- Ойын нысандарын пайдалану.
- Диалогтық өзара іс – қимыл (диалог – сабақ);
- Проблемалық – міндет тәсілі (проблемалық сұрақтар, проблемалық жағдайлар және басқалар);
- Оқу жұмыстарының әртүрлі формаларын қолдану (топтық, жұптық, жеке, жалпы және т.б.);
- Дидактикалық құралдарды пайдалану (тест тапсырмалары, терминологиялық кроссвордтар және т.б.);
- Дамытушы дидактикалық тәсілдерді енгізу («Мен сұрағым келеді...», «Мен үшін бүгінгі сабақ ...», «Мен келесідей жасар едім ...» және тағы да сол сияқты сөз тіркестерін; символдар, суреттер, сызба-нұсқалардың көмегімен бейнелеу);
- Оқытудың интерактивті әдістері (репродуктивті, іздеушілік, творчестволық және т.б.);
- Мотивация түрлерін қолдану (эмоциональды, танымдық, социальды және т.б.).

Білім алушыларды оқыту мен тәрбиелеудің әртүрлі түрлері мен әдістерін қолдана отырып, біз оқыту әдісін таңдауға әсер ететін төрт факторды негізге аламыз: материалдық – дидактикалық база, оқу материалының мазмұны, білім алушылардың оқытылу және тәрбиелену деңгейі, оқытушының әдістемелік дайындық деңгейі.

Оқытушылардың инновациялық қызметі – оқыту және тәрбиелеу процесінің сапасы мен тиімділігі ішіндегі ең маңызды міндеттердің бірін орындауға бағытталған әдістемелік жұмыстың бір бөлігі – сабақты өткізу формаларын, әдістері мен құралдарын одан әрі жетілдіру, яғни педагогикалық технологияларды құру болып табылады [3].

Біздің ойымызша, инновациялық білім беру тек оқытушылар өздері инновациялық қызметпен айналысатын жоғары оқу орындары ғана бере алады. В.П. Делийдің пікірінше, инновациялық білім онда педагогикалық инновациялардың, инновациялық қызметтің болуымен сипатталады [4]. Осмоловская И. М. оқу үрдісінде қолданылатын инновациялық білім беру технологияларының негізін әлеуметтік тапсырыс, болашақ мамандардың кәсіби мүдделері, студенттердің жеке, жеке ерекшеліктерін есепке алу құрауы тиіс деп есептейді [5]. Черкасов, М.И. оқытушылардың оқыту үдерісінде инновациялық әдістерді қолдануы әр түрлі пәндерді оқытуда стереотиптерді жеңуге, кәсіби жағдайларға жаңа көзқарасты қалыптастыруға, студенттердің шығармашылық, креативті қабілеттерін дамытуға ықпал ететінін көрсетеді [6].

Жоғары оқу орындарының қазіргі оқытушысы студенттердің жаңа материалды меңгеру ерекшеліктерін, жастардың қазіргі қоғамдағы шаршауға бейімділігін ескере отырып, инновациялық технологиялардың кең ауқымынан таңдап алуы тиіс. Оқыту сапасы оқу процесінің тиімділігіне, оқыту әдістемесіне, оқытушының студенттерді өз пәнімен қызықтыру қабілетіне байланысты. Тиімді оқу процесі үшін біздің университеттің көптеген оқытушылары өз сабақтарында оқытудың белсенді әдістерін енгізеді, олар күнделікті оқу іс-әрекетіне, ойын-сауық элементтеріне

әртүрлілікті әкеледі және пәнге деген қызығушылықты дамытуға ықпал ететін шығармашылық атмосферасын, қуаныш сезімін туғызады.

Сондай міндеттерді алға қойып Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық – техникалық университетінің машина жасау факультетінің «Химия және химиялық технология» кафедрасының профессор – оқытушылар құрамы сабақтарын инновациялық технологияны белсенді қолданумен жүргізеді. Доцент, техника ғылымының кандидаты Губайдуллина Г.М. «Силикатты материалдардың қалдықсыз технологиясын жасау әдістері» пәні бойынша «Цемент өндірісіндегі фосфогипс» тақырыбындағы практикалық сабағын магистранттармен пресс – конференция түрінде өткізді. Сабақ барысында магистранттар зауыт өкілдері, экономист, эколог, кәсіпкерлер кейіпінде тақырыпқа байланысты актуалды сұрақтарды талқылады. Кафедраның аға оқытушысы Ермуханова С.Т. «Көбікті шыны технологиясы» тақырыбындағы сабағын дәріс конференция түрінде оздырды. Студенттер Қазақстан, Ресей, Еуропа және АҚШ мемлекеттерінде көбікті шыны өндірісінің әдістері мен технологиясы туралы сөз қозғады. Аға оқытушы Джанаисова Г.Ш. «Полимерлердің қасиеттерін модификациялау» тақырыпты практикалық сабағын диспут түрінде өткізді. Білімалушылар «Жақтаушы», «Даттаушы» командаларына бөлініп заманауи полимерлердің қасиеттеріне байланысты сөз таластырды. Техника ғылымының кандидаты, доцент Алмагамбетова М.Ж. «Мұнай мен газды өңдеудің жаңа технологиялық процестерін жобалау принциптері» тақырыпты сабақты магистранттарға графикалық технологиялық тапсырмаларды орындау әдісімен өткізді.

Аға оқытушы Қонырбаева Г.Х. «Қала шаруашылығының қалдықтарынан жасалатын материалдар» тақырыпты сабағын «Алты қалпақ» әдісін қолданумен жүргізді. Білімалушылар өздерінің ой – пікірлерін әртүрлі көзқараста жеткізді. Химия ғылымының кандидаты, аға оқытушы Сатаева С.С. «Көмірсутек шикізаттарын зерттеудің физика-химиялық әдістері» тақырыбында практикалық бейнесабағын өткізді. Аға оқытушы Абдрахманова А.Г. «Промышленные способы подводы и отводы теплоты в химической аппаратуре. Теплообменники.» тақырыпты сабағын бейнедәріс түрінде жүргізді. Кафедраның аға оқытушылары Уразова А.Ф., Азғалиева Г.С., Уразғалиева Н.Т. практикалық – зертханалық сабақтарын ойын түрінде оздырды.

Аға оқытушы, магистр Д.Ж.Киішева «Көмірсутекті газдарды өңдеу технологиясы» пәнінен «Жаңа интербелсенді әдістермен білім алушылардың кәсіби бағытталған құзыреттіліктерін дамыту» тақырыбында ХТОВ-31, ХТОВ-33 топтарында педагогикалық эксперимент жүргізді. Эксперимент барысында оқытудың инновациялық әдістері: интеллект карталар, Венн диаграммасы, кластер, «соқыр сұлба», «Kahoot» мобильді қосымшасы қолданылды.

«Студенттерді бағалаудағы инновациялық технологияларды қолдану» туралы ақпараттарды және осы әдісті «Plickers.com» жаңа мобильдік қосымшаның көмегімен қолдануды «Химия және химиялық технология» кафедрасының аға оқытушысы Бегалиева Р.С. көрсетті.

Бұл бағдарламада білім алушылардың сұрақ карталарынан QR-кодтарды оқу үшін оқытушының планшетін немесе телефоны пайдаланылады. Әрбір білім алушының өзінің карточкасы болады, ол төрт түрлі жауаптар беретін айналмалы болады. Қосымшада топтың тізімі жасалады және білім алушыны

калай жауап бергені анықталады. Plickers бағдарламасы жауап диаграммасын құрастырады және диаграмма арқылы топтың білімдерін анықтауға мүмкіндік береді.

Инновациялық әдістерді қолдану білімалушылардың пәнге деген қызығушылықтарын, сабаққа ынталарын жоғарлатады, рухани дүниесін байытады, оқырмандығын күшейтеді, ауызша, жазбаша тіл мәдениетін және эмоциялық мәдениетін тәрбиелейді, көзқарасын тереңдетеді, өзінше бағалауды, пайымдай білуді және өмірмен өзіндік ойын байланыстыруды нығайтады, шығармашылық ізденіске жол ашады.

Жоғарыда аталған барлық әдістер білім алушылардың мәселені, оқу міндеттерін және т. б. шешуге бағытталған белсенді өзіндік танымдық қызметін болжайды. Студенттерге шын мәнінде "өмір сүруге" мүмкіндік беру, студентті ойлауға, бағалауға, шешім қабылдауға және өзіне жауапкершілік алуға, сондай-ақ үнемі өзгеріп тұратын ортада жұмыс істеуге үйретеді. Оқытудың белсенді әдістерін қолданудың нәтижесі шығармашылық іс-әрекет тәжірибесін арттыру, практикалық іс-әрекетке дайындық, кәсіби шешімдерді моделдеу және қабылдай білу болып табылады.

Біз студенттердің оқу қызметіне қызығушылығын ояту үшін жоғары оқу орындарында белсенді оқытудың әртүрлі әдістері мен тәсілдерін қолдану қажет деген қорытындыға келдік. Оқытуда инновациялық әдістерді пайдалану жоғары білікті мамандарды дайындау үшін қажетті шарт болып табылады, сондай-ақ оны қызықты әрі мазмұнды ете отырып, оқу процесін оңтайландыруға мүмкіндік береді.

Біз оқытудың белсенді түрлері мен әдістерін пайдалану білім алушылардың білімін арттыруға, олардың алдында тұрған міндеттерді шешуге, оларға өз мүмкіндіктерін іске асыруға көмектесуге көмектеседі деген қорытындыға келдік.

Әдебиеттер:

1. Селевко Г.К. *Современные образовательные технологии.* – М., 1998 – 256 с.
2. Краевский В.В., Бережнова Е.В. *Методология педагогики: новый этап: учеб. пособие для студентов высш. учеб. заведений.* – М.: Академия, 2006. – 400 с.
3. Шарипова А.Ж. *Инновациялық технологияларын қолдану арқылы білім сапасын арттыруды жүзеге асыру // Молодой учёный.* – 2014. – №20 (79). – Б. 57.
4. Делия В.П. *Инновационное образование, формирующее инновационное мышление: монография.* – Балашиха: ИСЭПиМ. – 2005. – 223 с.
5. Осмоловская И.М. *Инновации и педагогическая практика // Народное образование.* – 2010. – № 6. – С. 182–188.
6. Черкасов М.И. *Инновационные методы обучения студентов // XIV Международная заочная научно-практическая конференция «Инновации в науке».* – Новосибирск. – 2012. – С. 89.

Ниязбекова А.Б., Назарова Д.С.

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ НОВЫХ АКТИВНЫХ ФОРМ И МЕТОДОВ ОБУЧЕНИЯ В УЧЕБНОМ ПРОЦЕССЕ

В данной статье исследовано, что цели, поставленные перед высшей школой в настоящее время, могут быть достигнуты только через творческий подход к организации учебного процесса, гармонизации традиционных и новых методов обучения, методы обучения существенно влияют на

результаты подготовки специалистов. Необходимо применение активных методов обучения в высших учебных заведениях. Качество обучения обусловлено эффективностью учебного процесса, методикой преподавания, способностью преподавателя заинтересовать студентов своей дисциплиной. Для эффективного учебного процесса многие преподаватели нашего университета на своих занятиях внедряют активные методы обучения, которые приводят к разнообразию повседневной учебной деятельности, элементов развлечений и развивают интерес к предмету. В учебном процессе определена роль преподавателя и обучающихся.

Ключевые слова: активные методы обучения, дискуссия, диспут, компьютерные технологии, педагогический эксперимент.

Nyazbekova A.B., Nazarova D.S.

THE USE OF NEW ACTIVE FORMS AND METHODS OF TEACHING IN THE EDUCATIONAL PROCESS

In this article it is investigated that the purposes set for Higher school now, can be reached only through a creative approach to the organization of educational process, harmonization of traditional and new methods of training, methods of training significantly influence results of preparation of experts. The need for the use of active teaching methods in higher education, the quality of training is due to the effectiveness of the educational process, teaching methods, the ability of the teacher to interest students in their discipline, for an effective educational process, many teachers of our University in their classes introduce active teaching methods that lead to a variety of daily learning activities, elements of entertainment and develop interest in the subject. The role of the teacher and students is defined in the educational process.

Keywords: active teaching methods, discussion, debate, computer technology, pedagogical experiment.

ӘОЖ 373.1.013

Текесбаева А.М. – педагогика ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор,

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика университеті

Текесбаева Г.М. – педагогика ғылымдарының магистрі,
аға оқытушы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогика университеті

E-mail: tekesbaeva_anar@mail.ru

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ДҮНИЕТАНЫМЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ МАҢЫЗЫ

Аңдатпа. Мақалада бастауыш сынып оқушыларының дүниетанымын қалыптастыруда Ыбырай Алтынсарин шығармаларының маңызы сөз болады. Сондай-ақ, Ыбырай Алтынсарин шығармалары қысқа мазмұнды, балалар түсінігіне жеңіл етіп жазыла отырып, бастауыш сынып оқушыларының дүниетанымын кеңейтудегі маңызы ерекше. Тұңғыш педагогтың шығармалары табиғатты суреттеуге, жастарды ізгілікке,

адамгершілікке тәрбиелеуге, ата-ананы құрметтей білуге тәрбиелеуге арналған. Мақалада Ыбырай Алтынсарин шығармалары талданып, олардың бастауыш сынып оқушыларының дүниетанымын қалыптастырудағы орны туралы айтылады.

Тірек сөздер: дүниетаным, тәрбие, ұлттық болмыс, өнер-білім, адамгершілік, үлгі-өнеге.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау» [1] – деп айтылған. Білім беру мәселесі Қазақстан Республикасының Конституциясында [2], «Қазақстан – 2050» стратегиялық бағдарламасында [3] және де басқа да мемлекеттік құжаттарда көтерілген.

Білім беру жүйесінің приоритетті міндеттерінің бірі - өсіп келе жатқан жас ұрпақ дүниетанымын қалыптастыру. Оның себебі егемендікке қол жеткізген уақытта заман сұранысына сай ұлттық рухани ерекшеліктерді еске ала отырып ұлттық салт-дәстүрдің озық үлгілерін, туған өлкенің дүниетанымдық мүмкіндіктерін өсіп келе жатқан жас ұрпақ бойында қалыптастыру – бүгінгі таңның кезек күттірмес мәселелерінің бірі болып отыр.

Дүниеге көзқарас адам қоғамымен бірге пайда болған қоғамдық тарихи - құбылыс. Оның шығуының қайнар көзі - өмірдің өзі, адамның тіршілік болмысы. Қоршаған дүние жайлы көзқарастың қалыптасуы – танымға байланысты.

Кез-келген тарихи кезеңдерде дүниенің жаралуы, табиғаттың түрлі құбылыстары туралы адамның өзіндік көзқарасы, түсінігі болады. Дүниеге көзқарас – адамзат санасының, дүниетанымының қажетті бөлігі.

Дүниетаным сөзінің мағынасына, оның лексикалық құрылымына көңіл бөлсек, бұл ұғым ”дүние” және “таным” сөзінен шыққан. Дүние – бұл қоршаған орта, табиғат, бүкіл әлем. Ал “таным” философиялық ұғым “... айналадағы материалдық шындықтың адам санасында бейнеленуі”. Дәлірек айтқанда, дүниетаным адамның санасының өзінше ерекше түрі, -қоршаған ортаға оның көзқарасы дүние және сол дүниеден оның алатын орны. Дүниетанымның басты категориясы ретінде “дүние” және “адам” алынады, өйткені, дүние кең байтақ ұшы-қиыры жоқ, оны танитын, оның сырын ашатын табиғаттың перзенті – адам.

Адам ойлауға, қорытынды жасауға қабілеті бар болғандықтан ол біртіндеп, тек күнделікті тұрмыстағы сұрақтарға ғана емес, сонымен қоса терең, ауқымды: қоршаған әлемнің пайда болуы және оның даму заңдылықтарының көптеген жалпы мәселелері туралы, өмір, жан, ақиқат дегеніміз не, жаратылыстың тізбегі неге осылай, намыс, парыз, жауапкершілік дегеніміз не, жақсылық пен жамандықты қалай ажыратамыз, өмір неліктен осылай құрылған, адам өмірінің мәні неде, ол қандай заңдылықтар бойынша дамиды, адамның туу мен өлімінің, бақыты мен қайғы-қасіретінің себебі неде деген сияқты сауалдарға ойлана бастайды. Себебі табиғат құбылыстары тылсым жұмбақ болып көрініп, адам санасына елеулі әсерін тигізеді.

Дүниетаным ғылыми білімдердің жүйесіне негізделеді. Дүниетанымның қалыптасуы күрделі үдеріс болғандықтан оны баланың кішкентай кезінен бастап жүзеге асырудың маңызы зор.

Бастауыш сынып оқушыларының ғылыми дүниетанымын қалыптастырудың маңызды алғы шарттарының бірі – нақты деректерге негізделген білімді меңгеру. Ғылыми дүниетанымның негізделетін фундаменті ғылыми білім екенін білеміз. Ғылыми білім жеке тұлғаны қалыптастырудың және дүниені танып білудің тірегі болып табылады. Білім неғұрлым ғылыми, терең, нақты деректерге негізделген болса, соғұрлым оқушының табиғат пен қоғам дамуының объективтік заңдылықтары туралы түсінігі жинақталып, объективтік дүние құбылыстарын ғылыми тұрғыдан түсінеді. Білім объективті дүниені бейнелейтін адам баласының мол тәжірибесі. Білім арқылы адам табиғаттың, қоғам құбылыстарының объективті жақтарын зерттеп, түсінеді. Бұл жайлы С.М.Торайғыров бізді қоршап тұрған дүние сыры мол, үлкен дүние, бірақ оны тануға әбден болады деп, мұнда ғылымның алатын орнын ерекше екендігін былайша түйеді:

Зерттесе де адамға білмейтін ғып,
Дүние ешбір сырын жасырмаған...
Әлемдегі терең сыр
Ғылыммен ғана ашылмақ.

Қазіргі таңда мемлекетіміздің алдында біртұтас білім кеңістігін қалыптастыру міндеті тұр. Білім беру жүйесінің басты міндеті – оқушыларға тек белгілі бір білім беріп қана қоймай, сонымен бірге оларда адамзаттық позицияларды, құндылық бағдарды дамытатын дүниетанымды қалыптастыру.

Дүниетанымды қалыптастыру өсіп келе жатқан жас ұрпақты тәрбиелеудің, қиындықты жеңе білуде дайын болуға тәрбиелеудің қажетті шарты болып табылады.

Бүгінгі нарықтық заманда дүниетаным мәселесі – білім берудің ең жоғарғы мақсаттарының бірі болып отыр. Еркін елдің ертеңгі кемеңгерлерін ұлттық игіліктер мен адамзаттың мәдени мұраларының сабақтастығын сақтап, олардың дүниетанымының жан-жақты болуына жағдай жасау қажеттігі туып отыр.

Жас ұрпақ санасына туған халқының дүниетанымына деген құрметпен қарап, мақтаныш сезімін оятып, ұлттық рухты сіңіру, тарихы мен өнерін қастерлеп, салт-дәстүрін меңгерту өмір талабы болып отыр.

Адамның дүниетанымының негізі, рухани әлемінің бастауы саналатын ана тілін заман талабына сай қоғам сұранысымен үндестіре оқыту оқушының дара тұлғалық қабілеттерін жан-жақты дамытатын сөйлеу мәдениетін меңгертуге келіп тіреледі. Өйткені өмірдің мәнін танытатын, оған гуманистік келбет пен шынайы нәр беретін дүниелер – рухани құндылықтар. Осы құндылықтардың ішіндегі ең негізгі құндылық – әр халықтың ана тілін жан-жақты меңгерту, яғни ана тілінде өз ойын анық әрі еркін жеткізе білуге үйрету. Ендеше, бұл құндылықты қалыптастырудың бірден бір жолы - ана тілінде, бала тіліне, оның дүниетанымына, түсінігіне жеңіл етіп жазылған шығармалар.

Жастарды ұлттық салт-санаға, тәлім-тәрбие берудегі халықтық педагогиканың бастамасын, қазақ балалар әдебиетінің белгілі жүйеге келтірілуі Ыбырай Алтынсарин атымен тығыз байланысты екені ғылымда белгілі. Қазақ халқының қоғамдық тарихында, мәдениеті мен әдебиетінде бай

қазына қалдырған даламыздың дара ұстазы Ыбырай Алтынсарин өзінің бүкіл өмірін балалардың дүниетанымын қалыптастырып, жетілдіру мен халық ағарту ісіне арнаған.

Ыбырай Алтынсарин туындылары XIX ғасырдың 70-жылдарынан бастап түрлі баспасөз беттерінде талқыланды. Қазан төңкерісіне дейін үш рет жеке кітап болып жарияланды. Ағартушы-педагогтың еңбектері туралы зерттеу жұмыстары жарық көргені белгілі.

Ыбырайдың ағартушылық-педагогтік ой-пікірлері, негізінен туған халқының болашағы мен қабілетіне деген сенімнен нәр алған. Ыбырай: «Қазақ халқы - қарапайым, ақылды, дарынды, бірақ оқымаған халық», «Қазақ халқы - қарапайым, өнері жоқ халық, бірақ біз қарапайымдылықтың өзінен де көп жақсылық табамыз», «Қазақ халқы деген оқу-білімге сусап отырған халық» [4, 213 б.], - дейді.

Сондықтан Ыбырай өз халқын оқу-білімге баулып, оның дарынын ашуды өзінің басты мақсаты етіп алады.

Ыбырай Алтынсаринның ағартушылық және әдеби-педагогикалық қызметін анықтауда оның 1879 жылы жарық көрген «Қазақ хрестоматиясы» атты еңбегі ерекше орын алады. «Қазақ хрестоматиясы» - өз дәуіріндегі қазақ халқының тарихи-мәдени ескерткіші. Ыбырай бұл кітапты орыс-қазақ мектептерінде тәрбиеленіп жүрген қазақ балаларына оқулық етіп ұсынған. Кітапты құрастыруда сол кезде өзі білген, пайдаланған оқулықтардың ең тәуір үлгілерін басшылыққа ала отырып, оқу материалдарын бастауыш мектеп балаларының жас ерекшелігіне лайықтап, олардың дүниеге дұрыс көзқарасын қалыптастыратын, дамытатын, тәрбиелік мәні бар шығармалардан іріктеген.

Ұлы педагог әдебиетті бала санасына әсер ететін, оның дүниетанымын қалыптастыратын құрал деп санады. Сондықтан да оның бүкіл әдеби мұрасы ағартушылық идеясына бағынғанын айқын көреміз. Оның «Қазақ хрестоматиясына» енген әңгіме-новеллалары, өлеңдері баланың ұғымына лайықты, тілі жеңіл, мазмұны тартымды, кіші мектеп жасындағы балалардың ой-өрісін, дүниетанымын кеңейтуге бағытталған. Онда балаларды өнер-білімге, оқуға, еңбекті сүйеге, елін, жерін сүйетін отаншылдық сезімге, жігерлі, кішіпейіл, талапты болуға үндейді.

Ыбырай Алтынсарин шығармалары аз сөзге көп мағына сыйғызу, мақал-мәтел, қанатты сөздерді орынды қолдануымен ерекшеленеді.

Бүкіл ғұмырын ағарту ісіне арнаған тұңғыш педагогтың «Қазақ хрестоматиясына» енген өлеңдерінде халық ағарту идеясын көтереді. Оның «Кел, балалар, оқылық», «Өнер-білім бар жұрттар» өлеңдері оқу, білім алудағы мақсат неде екенін, білімнің дүниетанымдық маңызын көрсетеді.

«Кел, балалар, оқылық» өлеңінде балаларды оқуға, білім алуға шақырады, өлеңнің әр шумағында оқудың пайдасын әр жақты түсіндіре келе:

*Сиса көйлек үстіңде
Тоқуменен табылған
Сауысқанның тамағы
Шоқуменен табылған
Өнер-білім бәрі де*

Оқуменен табылған [5, 6 б.], - деп балаларды оқуға, білімге шақыра отырып, ғылым-білімнің бала дүниетанымының қалыптасуына қажет екенін аңғартады.

Ұлағатты ұстаз «Өнер-білім бар жұртар» өлеңінде оқу-мәдениет жағынан артта қалған өз еліне *«тастан сарай салдырып, айшылық алыс жерлерден көзіңді ашып-жұмғанша, жылдам хабар алғызатын»* озық мәдениетті елдерді үлгі-өнеге етеді.

Табиғат – адам баласының өмір сүретін ортасы. Оны әлемнің классик ақындарының бәрі де жырлаған, Ыбырай да өзінше жырлаған.

Бастауыш сынып оқушыларын табиғат сұлулығына тамсандыра отырып, мәдениеті мен дүниетанымын дамытатын туған өлкеге, өскен елге деген сүйіспеншілігін арттыруда Ыбырайдың «Өзен», «Жаз» өлеңдерінің орны ерекше.

Ақын «Жаз» өлеңінде жерді көк майса шалғын басып, дүние гүл жайнап, оның хош иісі адамды рахатқа бөлеп жатқан ең бір әсем кезеңі – көктемнің тамаша көрінісін жасайды.

*Сәуірде алуан-алуан жауар нөсер,
Нөсердің қуатымен жер шөбі өсер.
Көкорай дүние жүзі шалғын болып,
Мал, айуан, адамзат бауырын төсер.
Жән-жәндік рахат тауып тұру үшін
Ұштақтан қош иісті желдер есер, -*

деп табиғат кестесін мал баққан шаруаның тұрмысымен ұштастыра, көшпелі елдің өміріне сай суреттейді. Өлеңде табиғат, адамзат пен жан-жануарлар, аң мен құстардың тіршілігіндегі үйлесім сөз болып, табиғаттың адамдар мен жан-жануарларға тигізер әсері бейнелі сөз айшықтарымен суреттейді. Оны ақынның «қыстаудан ел шығады алуан-алуан», «күлісіп, құшақтасып әзіл етер», «жүгіріп киік, құлан тау мен қырға, қуанып ықыласпен келген жылға» деген бейнелі сөздерінен байқауымызға болады. Ақынның «Жаз» өлеңін оқыта отырып, жас ұрпақтың көңілін табиғаттың әсем келбетіне аудару арқылы өз елін, туған жерін сүйуге, отансүйгіштік сезімге тәрбиелеп, дүниеге деген көзқарастарын кеңейтіп, дүниетанымын арттыруға болады.

Ақын «Өзен» өлеңінде:
*Таулардан өзен ағар сарқыраған,
Айнадай сәуле беріп жарқыраған.
Жел соқса, ыстықсоқса бәр қалыпта.*

Аралап тау мен тасты арқыраған, - деп, табиғат суретін тамаша бейнелей келе:

*Көңілің суын ішсең ашылады,
Денеңде бар дертіңді қашырады,
Өксіген оттай жанып жануарлар*

Өзеннен рақат тауып басылады, - деп, табиғат пен адам өмірінің байланысын, бүкіл тіршілік иесі мен табиғаттың біртұтастығын суреттейді.

Суға толы өзеннің ағысы өмір сырын бейнелеп, өзеннің тынымсыз ағып, адам, жан-жануар біткенге өмір нәрін ұсынатынын арқау етеді.

«Таза бұлақ», «Бай баласы мен жарлы баласы», «Әке мен бала», «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш», «Сәтемір хан» тағы басқа әңгіме-новеллаларында табиғат пен адамның байланысын, табиғаттың адам өміріне,

ісіне, ой-сезіміне тигізер әсері мен бала дүниетанымын қалыптастыратынын әңгімелейді. Бұл әңгіме-новеллалары төменгі сынып оқушыларын табиғат пен қоршаған дүниеге терең оймен көз жіберуге, табиғаттың әсемдігі мен тылсым құпиясын танып, білуге үйретеді. Мысалы, «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш» әңгімесінде баланы, ұшқан құс, түрлі жәндіктердің тіршілігімен таныстырады, олардың әрекеттерін мысал етіп, баланы еңбекті сүйеге тәрбиелейді. Әңгімеде атасы он жасар немересімен далада келе жатып, жерде құмырсқа, ағашта өрмекші, көкте қарлығаш тіршілік үшін еңбек етіп жатқанын көрсетіп, *«Жұмыссыз жүрген бір жан жоқ. Сені де Құдай тағала еңбек етуге жаратқан»*, -деп өсиет айтады. Сөйтіп, еңбек – адамның екінші анасы, ол адамды өмір сүруге үйретеді деп ой қорытады.

Ағартушы-педагог «Мейірімді бала» әңгімесінде ежелгі Қытай елінде ұрлық жасаған адамның қолын шабатын заңы сөз болады. Осында іспен қылмысты болып ұсталған әкесінің орнына жас қызының өз қолын кесуге келісім бергенін баяндай отырып, баланың әкеге деген мейірімін дәріптей отырып, баланы өмірге әкеп асырап-бағатын қамқоршысы екенін, бала да ата-анасына мәңгі қарыздар екенін, ата-аналардың балаға деген махаббаты қандай күшті болса, баланың да ата-анаға деген сүйіспеншілігі сондай болуы керек деген идеяны құптайды. Қаламгердің «Бұл кім?» өлеңінде де осы идея басшылыққа алынған.

Айналасына ас қойып,

Изені көлдей шалқытқан.

Қолын қатты тигізбей,

Кірлі көйлек кигізбей,

Ісін жұпар аңқытқан [5, 9 б.], - деп, жастарды ізгілікке, қайырымдылыққа, ата-ананы сыйлауға шақыра отырып, сүйіспеншілік пен мейірімділікті сөз етеді.

«Талаптың пайдасы» атты әңгімесінде шіркеуде орыс патшасы Петрдің суретін салуға талпынған баланы патшаның көріп қалып, талабына риза болып, баланы шетелге суретшілер дайындайтын мектепке жіберуі, кейін әлгі баланың атақты суретші болғандығы баяндалады. Ұлы педагог өз әңгімесі арқылы жас ұрпаққа «Талапты ерге нұр жауар» деген халық нақылын дәріптеп, жастарды үнемі білім мен өнерге талпынуға үгіттейді. Жазушының осы әңгімесі арқылы бастауыш сынып оқушыларын жақсылыққа талпыну қажеттілігін ескертеді, өнер үйреніп, білім алуға шақырып, олардың дүниетанымын арттырады.

Жазушы «Байұлы» атты әңгімесінде «Батамен ел көгерер», «Баталы ұл арымас» деген халық ұғымының өміршеңдігін, қазақ ұғымында батаның киелілігін аңғартады. Әңгімеде Байұлының әкесі мінгізген тайын кедейдің баласына беруін көріп, оның қайырымдылығы мен жомарттығына сүйсінген қарт кісінің: *«Ей, Құдайым, бұл балаға ұзақ жас бер, мал мен бас бер!»* деп бата беруін, сол ақсақалдың батасы қабыл болып, ақырында Байұлының он екі балалы болып, олардың бәрі де асқан бай адам болғанын, олардан елге қадірлі «Он екі ата Байұлы» деген ру тарағанын баяндайды. Жазушы осы әңгімесі арқылы қазақ халқының ұлттық дүниетанымын білдіре отырып, жастарды қайырымдылыққа үндейді.

Ағартушы, ақын, жазушы Ыбырай этнограф - ғалым да болған. Оның "Орынбор ведомствосы қазақтарының өлген адамдарды жерлеу және оған ас беру дәстүрінің очеркі", "Орынбор ведомствосы қазақтарының құда түсу, қыз

ұзату және той жасау дәстүрлерінің очеркі" атты еңбектері көпке таныс.

Ыбырайдың халқымыздың салт-дәстүрлерін зерттеудегі мақсаты – дәстүрдің озығы мен тозығына ғылыми талдау жасау арқылы өз көзқарасын білдіріп, мәнін ашу, озық дәстүрді дәріптеп, тәрбие құралына айналдыру.

Қолөнер – халық өмірімен, тұрмысымен бірге жетіліп, біте қайнасқан өміршең өнер. Ы.Алтынсарин халқымыздың қолөнерін жоғары бағалап, бірнеше қолөнер мектебін ашқан.

Ұлы педагог өз шығармаларының басым көпшілігінде тіршілік тұтқасы еңбекте деген ой қорытып, өнер де, білім де, байлық та еңбексіз қолға түспейтінін айта отырып, балалардың дүниетанымын кеңейтуге база назар аударады. Оның «Атымтай жомарт», «Білгеннің пайдасы», «Зеректік» әңгімелері – осы мақсатты көздей отырып жазылған туындылар.

Бүгінгідей қайта түлеу, рухани қайта жаңғыру заманымызда аталған еңбектердің балалардың ұлттық сана сезімін оятып, ұлттық дүниетанымын қалыптастыруда маңызы зор. Ыбырай Алтынсарин шығармалары аз сөзге көп мағына сыйғызу, мақал-мәтел, қанатты сөздерді орынды қолдануымен ерекшелене отырып, бастауыш сынып оқушыларының дүниетанымын кеңейтуде маңызды рөл атқарады.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Білім туралы заңы // Егемен Қазақстан. – 1999. – 11 маусым.
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы // Егемен Қазақстан. – 1995.
3. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан-2030». Ел президентінің Қазақстан халқына жолдауы // Егемен Қазақстан. – 1998. – 11 қазан.
4. Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалары. – Алматы: ҚазССР ҒА баспасы, 1955. – 268 б.
5. Алтынсарин Ы. Таза бұлақ: Өлеңдер, әңгімелер, хаттар, очерктер. – Алматы: Жазушы, 1988. – 320 б.

Текесбаева А.М., Текесбаева Г.М.

ЗНАЧЕНИЕ ПРОИЗВЕДЕНИЙ Ы.АЛТЫНСАРИНА В ФОРМИРОВАНИИ МИРОВОЗЗРЕНИЯ УЧАЩИХСЯ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ

В статье говорится о значении произведений Ы.Алтынсарина в формировании мировоззрения учащихся начальных классов. Произведения педагога очень интересны, привлекательны, доступны детскому восприятию. Творчество Ы.Алтынсарина способствует нравственному развитию личности, формированию их мировоззрения, воспитанию любви к родине. Авторы попытались сделать анализ творчеству выдающегося педагога.

Ключевые слова: мировоззрение, воспитание, образование, нравственность, искусство, пример.

Tekesbayeva A.M., Tekesbayeva G.M.

THE VALUE OF THE WORKS OF Y.ALTYSARIN IN SHAPING THE OUTLOOK OF PRIMARY SCHOOL STUDENTS

The article talks about the significance of the works of Y. Altynsarin in shaping the outlook of primary school students. Works of the teacher are very interesting,

attractive, accessible to children's perception. Creativity Y. Altynsarin contributes to the moral development of the individual, the formation of their worldview, education of love of country. The authors tried to make an analysis of the work of an outstanding teacher.

Keywords: worldview, education, education, morality, art, example.

ӘОЖ 371.851:33 (043.3)

Кошанова Г. Р. – педагогика ғылымдарының кандидаты,
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар
және инжиниринг университеті доценті
E-mail: koshanova.k@mail.ru

Медешова А.Б. – педагогика ғылымдарының кандидаты,
М.Өтемісов атындағы БҚМУ доцент
E-mail: medeshovaa@mail.ru

Мамаева В. А. – жаратылыстану ғылымдарының магистрі,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
E-mail: Aktau2727@mail.ru

ОҚУШЫЛАРҒА ЭКОНОМИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДЕ МАТЕМАТИКА КУРСЫНЫҢ ПӘН РЕТІНДЕГІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҮМКІНДІГІ

***Андатпа.** Бұл мақалада экономика мен математиканың пәнаралық байланысы ғана емес, мектеп оқушыларына экономикалық білімді математиканы оқыту арқылы меңгерту мәселесі қарастырылады. Тақырып бойынша ғылыми зерттеулер зерделенеді. Қазіргі педагогикалық жүйеде тұлға құзыреттілігін қалыптастырудың мүмкіндігі ретінде математиканы оқыту барысында экономикалық білім мен тәрбие берудің әдістемелік жағдайлары ұсынылады. Атап айтқанда, математика сабақтарында оқушылардың жалпы математикалық функционалдық сауаттылығын қалыптастыру үшін адамның күнделікті өмірінде туындайтын практикалық мәселелерді шешу үшін экономикалық сипаттағы міндеттерді математиканың мазмұнына кіріктіруге, экономикалық идеяларды білуге, алған білімдері мен дағдыларын өмірде тиімді пайдалануды үйренуге болатындығы баяндалады.*

***Тірек сөздер:** оқушы, функционалдық сауаттылық, экономикалық тәрбие, математикалық білім, есеп шығару әдістері, оқыту тиімділігі.*

Бүгінгі таңда экономикалық білім беру – кәсіби білімнің ең танымал бағыттарының бірі. Экономика, менеджмент және кәсіпкерлік саласындағы білім адам қызметінің түрлі салаларында, өз елінің лайықты азаматы болуға ғана емес, сонымен қатар қазіргі жаһандық қоғамдастықта табысты болуға қабілетті адамды қалыптастыру үшін қажет.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру және оны тексеру құралы шығармашылық сипаттағы экономикалық мазмұндағы тапсырмалар болып табылады. Оқушылардың математикалық функционалдық сауаттылығын қалыптастыру үшін білім беру

деңгейлеріндегі математика пәнінің мазмұнына әрекеттік сипаттағы білімдерді кіріктіру қажет:

- анықтамалық материалдарды және қарапайым есептеу құралдарын пайдаланып, дәрежені, түбірді табу, логарифмдер мен тригонометриялық функцияларды қамтитын формулалар бойынша практикалық есептерді шешу;
- қарапайым математикалық моделдерді құрастыру және зерттеу;
- нақтылы тәуелділіктерді функцияның көмегімен сипаттау және зерттеу, экономикалық және басқада қолданбалы сипаттағы математикалық есептерді шешу [1].

Мектептегі математика курсының экономикалық бағдарына қатысты мәселелермен А.К. Артемов, В.Ф. Любичева, Н.А. Терешин, И.М. Шапиро, В.В. Фирсов және т.б. айналысқан, ал факультативтік сабақтарда экономикалық есептеулерге математиканы қолдану арқылы оқушылардың экономикалық сауаттылықтарын арттыру мәселелері Э.С. Беляев және т.б. еңбектерінде қамтылады [2; 3; 4; 5; 6].

С.Гараев, Н.Б. Мельникова, О.Д. Юнеева және т.б. ғалымдардың диссертациялық зерттеулері математика сабақтарында экономикалық білім мен тәрбие беруге арналған [7; 8; 9].

Қазақстанда математика сабақтарында экономикалық білім мен тәрбие мәселесі Е.К. Есенжолов, Л.Ла, М.С. Жанбөбекова, Р.А. Садвақасова, Г.Р. Коцанова және т.б. ғалымдардың ғылыми-зерттеулерінде қарастырылған [10; 11; 12; 13; 14].

Ғылым негіздерін оқыту үрдісінде оқу бағдарламаларының экономикалық әлеуетін жүзеге асыру – оқушылардың функционалды сауаттылығын қалыптастыру жұмыстарының маңызды бағыты.

Мектепте оқушыларға экономикалық білім беру екі сатыға бөлінеді:

- мектепте берілетін әлеуметтік-экономикалық және әлеуметтік-саяси білімге сүйеніп, оқушылардың экономикалық ойлауын қалыптастыру;
- оқушылардың қалыптасқан экономикалық ойлауы негізінде экономикалық білімін дамыту.

Сатылап оқыту бірнеше кезеңнен тұрады. Бірінші саты оқытудың екі кезеңінен тұрады:

Бірінші кезеңде (1-4 сыныптар) экономикалық ойлаудың бастапқы қалыптасуы жүзеге асады. Алғашқы экономикалық мәліметтерді және тәжірибелерді игереді. Бастауыш сыныптарға арналған оқулықтарды, оқу бағдарламаларын, әдістемелік оқу құралдарын және жүргізілетін тәрбие жұмыстарының мазмұнын талдау және оларды жас ерекшеліктерін ескере отырып, саралау негізінде экономикалық тәрбие берудің тиімді жолдарын белгілеуге және жүзеге асыруға болады.

Екінші кезеңде 6-7 сыныптарды экономикалық білім кеңейіп, тереңдей түседі, ал 8-9 сыныптарда бұл білімнің, дағдылардың бастапқы жүйесі тәжірибе жүзінде дамуын жалғастырады. Бұл сыныптарда экономикалық ойлауды қалыптастыратын негізгі пәндер – математика, биология, география, тарих және т.б.

Экономикалық білім берудің екінші сатысын оқушыларды оқытудың үшінші және төртінші кезеңдері құрайды.

Үшінші кезең (10-11 сыныптар) жүйелі экономикалық білім беру және оның негізінде экономикалық ойлауды қалыптастыруды, ал төртінші кезең

экономикалық ойлауды қалыптастыру негізінде экономикалық білімді дамытуды жолға қояды.

Оқушылардың экономикалық ойлауын қалыптастыратын негізгі пәндердің бірі – математика. Экономикалық білім мен тәрбие беру міндеттерін іске асырудағы математиканы оқып үйренудің маңыздылығын бірқатар әдістемелік еңбектерде баса айтылған [15; 16]. Экономикалық білім мен тәрбиені жақсарту оқушылар бойында идеялық, өз еліне ие болу сезімі, еңбекке адамгершілік қатынасты, белсенді өмірдің бет-бейнесін қалыптастырудағы маңызды факторлар екендігін атап көрсетілген. Экономикалық мәдениетке ие болу адамның жан-жақты дамуына негіз болатыны байқалады.

Е.В. Винокуровтың пікірінше: «экономика негізінен, сапалық өлшемі бар шамалармен (экономикалық көрсеткіштермен) және олардың функционалдық байланыстарымен (есеп айырысу формулалармен немесе экономикалық заңдармен) жұмыс істейді. Қазіргі экономика – нақты ғылым. Бұдан экономикалық білім негіздерін оқыту әдістемесінің жаратылыстану пәндерін оқыту технологиясымен ортақ жақтары болуы әбден мүмкін, ол математиканы оқыту әдістемесімен де ұқсас болуы тиіс деген тұжырым жасауға болады. Экономика сабақтарында математикалық есептерді кең қолдану тиімді» [17].

«Математика бағдарламасын талдай келе, онда экономикалық мазмұндағы тақырыптардың басымдығын байқауға болады. Олардың дербес мән-мағынасы бар, өйткені олар әрі математиканың абстрактілі ұғымдары әр түрлі экономикалық пәндердің (макро және микроэкономика, бухгалтерлік есеп, қаржы және несие және т.с.с.) нақты ұғымдарымен байланыстыратын әдістеме қызметін атқарады. Бұл жерде бюджет желісі – сұраныс және ұсыныс қисығы, тепе-теңдік құны, шектік пайдалылық және т.б. маңызды экономикалық ұғымдардың көпшілігі функция, туынды, логарифмдік функция және т.с.с. математикалық стандарттық ұғымдардың талдауының нақты мысалдары болады», - деген пікір айтады О.Д. Юнеева [9].

Математика сабақтарында экономикалық мәселелерге назар аудару елдің экономикалық жүйесіндегі коммерциялық қызметпен және басқа да шағын кәсіпкерліктермен қарым-қатынастар жасауға мүмкіндік туғызады. Жасалған талдаулар негізінде экономикалық білім мен тәрбие беру математиканы оқытуды идеялық және практикалық бағытын күшейтудің маңызды факторы болып табылады. Соңғы жылдары мектептегі математика курсына өзгерістер бұл пәннің өмірмен байланысын күшейтуге жол ашты.

Экономикалық проблемаларға күнделікті іс-тәжірибе тұрғысынан келіп, мақсатты түрде экономика мәселелеріне негізделген математикалық есептер арқылы осы мәселелердің шешіміне көздерін жеткізіп, практикалық маңыздылығын түсіндіріп, ахуалдарды математикалық әдіс-тәсілдермен шешуді іс-тәжірибелер арқылы үйретеді. Тіптен, аса күрделі емес экономикалық фабулаларға негізделген мазмұнды есептерді математикалық түсініктер мен алгоритмдерге негіздеп өзінше пайымдату арқылы сәтті пайдаланып, оқушылардың математикалық білімдерін сапалы түрде бекітуге жол ашуға болады.

Мектеп оқулығында кездесетін экономикалық мазмұнды есептерді шешу әдістерін қарастырайық:

Жұмысқа және еңбек өнімділігіне байланысты есептер

Бұл типтегі есептердің негізгі компоненттері: A - жұмыс, t - уақыт, N - жұмыстың уақыт бірлігіндегі еңбек өнімділігі. Олай болса жұмыс еңбек өнімділігі мен уақыттың көбейтіндісіне тең болады: $A = N \cdot t$

Есепті шығаруда келесі жоспарды қолданамыз:

1) Бітірілуі тиіс жұмысты бірге теңестіріп аламыз.

2) Әр жұмысшының еңбек өнімділігін жеке тауып аламыз, яғни $\frac{1}{t}$, мұндағы t – әр жұмысшының жеке алғанда жұмысты толық бітіре алу уақыты.

3) Әр жұмысшының жеке жұмыс істеген уақыттағы орындағын жұмысын табамыз.

4) Әр жұмысшының жеке жасаған жұмысының қосындысын жұмыс көлеміне теңестіру арқылы теңдеу құраймыз (егер есептің шартында жұмысшылар бірге орындаған болса).

1-мысал. Жоспар бойынша тракторлық бригада 14 күнде егіс алқабын жыртуы тиіс еді. Бригада күніне жоспарланған межеден 5 га артық жер жыртады, сондықтан жұмысты 12 күнде аяқтады. Қанша гектар жер жыртылады?

Шешуі: Бригаданың еңбек өнімділігін x -деп белгілейік (га\күн), $x > 0$

Шамалар	Жер жыртылуы	
	Жоспар бойынша	Іс жүзінде
$A = N \cdot t$ (га)	$14 x$	$12 (x + 5)$
	↑ бірдей ↑	
N (га\күн)	x	$x + 5$
t (күндер)	14	12

Теңдеу құрып шешеміз:

$$14 x = 12 (x + 5) \Rightarrow 2 x = 60 \Rightarrow x = 30$$

Жоспар бойынша өнімділік 30 га\күн, ал жыртылған жер бетінің ауданы:

$$30 \cdot 14 = 420 \text{ га}$$

Жауабы: 420 га(гектар).

Құбырлармен толтырылатын бассейнге байланысты есептер

Жұмысқа байланысты мәселе есептерде насостармен сұйықтықтарды айдау, толтыруға байланысты тапсырмалар да кездеседі. Бұл жағдайларда атқарылған жұмыс ретінде айдалған сұйық көлемі алынады.

2-мысал. Бассейн бір мезгілде 2 сағат ішінде 2 құбырмен суға толады. Егер бірінші құбыр екіншісіне қарағанда 3 сағат бұрын су толтыратын болса, неше сағатта бірінші құбыр бассейнді толтыра алады?

Шешуі: Бірінші құбырдың бассейнді толтыруға жұмсайтын уақытын x (сағ) деп белгілейік, $x > 0$.

Құбыр	Уақыт t	Өнімділік N	Жұмыс $A = N \cdot t$
I құбыр	x	$1 / x$	1
II құбыр	$x + 3$	$1 / (x + 3)$	1
I+II	2 сағат	$\frac{1}{x} + \frac{1}{x + 3}$	1

Теңдеу құрып шешеміз:

$$\left(\frac{1}{x} + \frac{1}{x+3} \right) \cdot 2 = 1$$

$$\frac{1}{x} + \frac{1}{x+3} = \frac{1}{2}$$

$$x^2 - x - 6 = 0 \Rightarrow x_1 = 3, \quad x_2 = -2 < 0$$

$x_2 = -2 < 0$ есептің шартын қанағаттандырмайды.

Жауабы: 3 сағ

Концентрация және проценттік құрамға арналған есептер

Барлық мәселе есептеріндегідей, бұл жағдайда да есептің шартын толық түсіну және есепті неғұрлым қарапайым түрге келтіру қажет.

Массалық концентрация деп белгілі бір компоненттің барлық массаның қандай бөлігін құрайтынын көрсететін өлшемді айтамыз. Егер қоспаның (қорытындының, ерітіндінің) массасы M болса және ол массалары m_a, m_b, m_c болатын сәйкес A, B, C заттарынан тұрса, онда

$$\frac{m_a}{M}, \frac{m_b}{M}, \frac{m_c}{M}$$

өлшемдерін A, B, C заттарының концентрациясы, ал

$$\frac{m_a}{M} \cdot 100\%, \quad \frac{m_b}{M} \cdot 100\%, \quad \frac{m_c}{M} \cdot 100\%$$

өлшемдерін заттардың пайыздық құрамы деп атайды.

Сонымен қатар төмендегі теңдік орындалады:

$$\frac{m_a}{M} + \frac{m_b}{M} + \frac{m_c}{M} = 1$$

3-мысал. Теңіз суында 5% тұз бар. Тұздың концентрациясы 4,5% болуы үшін 80 кг теңіз суына қанша мөлшерде тұщы су қосу керек?

Шешуі: Тұзды суға x кг тұщы қосу керек болсын $x > 0$

Тұзды – таза зат деп қарастырамыз.

Қоспаның күйі	Таза зат мөлшері $m_A = C_A \cdot M$	Қоспаның жалпы мөлшері M	Массалық концентрация C_A
1	$0,05 \cdot 80$	80	0,05
Су қосу	0,05	$80 + x$	0,04

Кестенің екінші бағанындағы мәліметтер бойынша теңдеу құрамыз:

$$0,05 \cdot 80 = (80 + x) \cdot 0,04$$

$$80 + x = 100$$

$$x = 20$$

Жауабы: 20 кг

Процентке арналған есептер

А санының проценті дегеніміз оның жүздік үлесі деп аталады. Демек санның өзі 100% болып табылады. Бір процент деген санның жүзден бірі.

Мысалы: 100 санының 45% - $100 \cdot 0,45 = 45$

120 санының 30% - $120 \cdot 0,3 = 36$

x санының 42% - $0,42x$

Проценттерге есеп шығарғанда b шамасын 100% , ал оның бөлігі a шамасы $x\%$ деп қаралып, пропорция құрастырылады

$$\frac{b}{a} = \frac{100}{x};$$

Екі белгілі шама арқылы үшінші белгісізін анықтау үшін пропорцияның негізгі қасиетін қолданамыз.

$$b \cdot x = 100 \cdot a$$

4-мысал. Жас саңырауқұлақтар салмағының 90%– ы, ал кептірілгеннің 12%– ы су болады. 22 кг жас саңырауқұлақтан қанша килограмм кептірілген саңырауқұлақ алуға болады.

Шешуі. Жас саңырауқұлақтың кептірілгенінің салмағы оның 10%– ын құрайды, яғни 22 кг – нан 2,2 кг кептірілген.

Кептірілген саңырауқұлақтың таза кепкен салмағы 88%, өйткені оның 12%– ы су, яғни ізделінді сан x болса, онда таза кепкен салмақ $0,88x$.

Қоспаның күйі	$m_A = M \cdot C_A$	M	C_A
Жаңа жиналған	2,2	22	0,1
Құрғақ	$0,88x$	x	0,88

Кепкен заттың салмағы тұрақты болғандықтан, келесі теңдеуді құрамыз:

$$0,88x = 2,2 \Rightarrow x = 2,5$$

Жауабы: 2,5 кг.

Күрделі проценттік өсу

Күрделі процентер формуласы:

$$S_n = \left(1 \pm \frac{P}{100} \right)^n \cdot S$$

Бұл формула қарастырылатын мөлшер белгілі уақыт аралығында бастапқы мәнін есептегенде p -процентке артатын немесе кемитін жағдайлардың бәрінде қолданылады.

5-мысал. 30% кірісі бар шотқа 2000 теңге салынса, 4 жылдан соң сомасы қанша болады?

Шешуі:

$$S_n = \left(1 + \frac{P}{100} \right)^n \cdot S; \quad S_4 = \left(1 + \frac{30}{100} \right)^4 \cdot 2000 = 5712,2$$

Жауабы: 5712,2 тг.

6-мысал. Банктің жылдық өсімі 30% болса, екі жылда 845 000 теңгеге жетуі үшін бастапқы салым қандай болуы тиіс?

Шешуі:

$$845000 = \left(1 + \frac{30}{100}\right)^2 \cdot S \Rightarrow S = 500000$$

Жауабы: 500 000 тг.

Мұндай экономикалық мазмұндағы есептерді математикада шығарып үйрету оқушылардың экономикалық сауаттылығын дамытып, тұлғалық құзыреттілік аясын кеңейте түсері анық. Келтірілген мысалдарға ұқсас есептер әр сыныпта кездеседі. Біз солардың ішінен жиі ұшырасатынын және оқушылардың мазмұндық есепті шығаруға қиналатынын іріктеп көрсеттік. Қорыта келгенде, математиканы оқыту үрдісінде мектеп оқушыларына білім берудің мақсаты осы заманғы тіршілік құрылымын танудан, ондағы өз орнын сезінуден, экономикалық мәдениеттің ережелерін меңгеруден, тиісті іс-әрекет дағдыларын ұштаудан құралады демекпіз.

Ойымызды түйіндесек, оқушыларға экономикалық білім беруде математика курсының оқу пәні ретіндегі мүмкіндігін көтеру үшін жүзеге асыру қажет:

- мектеп оқулықтарында дәстүрлі экономикалық бағыты бар мәтіндік есептерді шешу барысында мәтінде кездесетін экономикалық терминдерді түсіндіруден, экономикалық шамалардың өзара байланысын анықтаудан тұратын және алынған шешімнің нақты жағдайға сәйкестігін беретін тиісті әдістемені басшылыққа алу;
- математика сабақтарында оқушыларды негізгі экономикалық мәселелермен есеп мазмұны арқылы таныстыру;
- мемлекет меншігіне ұқыпты қарау, қоғам өмірінде дұрыс бағыт алу үшін соған сәйкес мазмұны бар арнайы есептер, тапсырмалар жинағын пайдалану.

Әдебиеттер:

1. *Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда 12 жылдық білім беру мазмұнының кіріктірілуі мен сабақтастығы: әдістемелік құрал.* – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2013. – 41 б.
2. *Артемов А.К. Методологические основы методики формирования математических умений школьников / Диссертация на соискание ученой степени доктора педагогических наук.* – Пенза, 1985. – 210 с.
3. *Любичева И.Ф. Экономическое направление и воспитание в условиях усиления практической направленности обучения математике (4-8 классы) / Диссертация на соискание ученой степени кандидата педагогических наук.* – М., 1985. – 139 с.
4. *Терешин Н.А. Прикладная направленность школьного курса математики.* – М.: Просвещение, 1990. – 96 с.
5. *Шатири И.М. Использование задач с практическим содержанием в преподавании математики: книга для учителя.* – М.: Просвещение, 1990. – 96 с.
6. *Беляев Э.С. Система факультативных курсов «Математические методы в экономике» / Диссертация на соискание ученой степени кандидата педагогических наук.* – М., 1972. – 188 с.

7. Гараев С. Формирование умений учащихся решать экономические задачи при обучении алгебре в неполной средней школе / Диссертация на соискание ученой степени кандидата педагогических наук. – Чарджоу, 1991. – 197 с.
8. Мельникова Н.Б. Проблема прикладной экономической ориентацию курса алгебры средней школы / Автореферат диссертация на соискание ученой степени кандидата педагогических наук. – М., 1980. – 24 с.
9. Юнеева О.Д. Система компьютерных тестов и задач курса математики экономической ориентации / Диссертация на соискание ученой степени кандидата педагогических наук. – М., 1998. – 166 с.
10. Есенжолов Е.К. Экономическое воспитание учащихся старших классов в ходе решения задач с практическим содержанием / Диссертация на соискание ученой степени кандидата педагогических наук. – Алма-Ата, 1988. – 156 с.
11. Ла Л. Экономическое воспитание школьников в процессе обучения решению задач в практическом содержаниям / Диссертация на соискание ученой степени кандидата педагогических наук. – Алма-Ата, 1975. – 196 с.
12. Жанбөбекова М.С. Бастауыш сынып оқушыларының экономикалық тәрбиесінің педагогикалық негіздері / Педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2002. – 143 б.
13. Садвакасова Р.А. Система математических задач, ориентированных на формирование пропедевтических экономических знаний у учащихся 5-6 классов / Диссертация на соискание ученой степени кандидата педагогических наук. – Алматы, 2003. – 143 с.
14. Коцанова Г.Р. Мектептің негізгі сатысындағы математиканы оқыту барысында оқушылардың экономикалық ойлауын қалыптастыру / Педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2004. – 159 б.
15. Семенова И.Н. Роль и место сюжетных задач в развитии математического мышления и повышении качества знаний учащихся / Диссертация на соискание ученой степени кандидата педагогических наук. – Свердловск, 1990. – 195 с.
16. Ла Л. Решение задач как средство экономического воспитания // Математика в школе. – 1978. – №4. – С. 56-57.
17. Винокуров Е.Ф. Школьное экономическое образование и учитель математики // Математика в школе. – 2001. – №2. – С. 75-76.

Коцанова Г.Р., Медешова А.Б., Мамаева В.А.
ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ВОЗМОЖНОСТИ КУРСА МАТЕМАТИКИ
КАК ПРЕДМЕТА В ЭКОНОМИЧЕСКОМ
ОБРАЗОВАНИИ ШКОЛЬНИКОВ

В этой статье рассматривается не только межпредметная связь между экономикой и математикой, но и проблема изучения экономики путем преподавания математики в школе. Предлагаются разные подходы и научные взгляды по теме исследования. Методические приемы экономического образования и воспитания в курсе математики представлены как возможность формирования компетентности личности в современной педагогической системе. В частности, утверждается, что для формирования общей математической функциональной грамотности учащихся на уроках математики можно достичь интеграции задач экономического характера в

содержание математики для решения практических проблем, возникающих в повседневной жизни человека, усвоения экономических представлений, обучения эффективному использованию полученных знаний и навыков в жизни.

Ключевые слова: учащиеся, функциональная грамотность, экономическое воспитание, математическое образование, методы решения задач, способы обучения.

Koshchanova G.R., Medeshova A.B., Mamaeva V.A.
PEDAGOGICAL OPPORTUNITY OF THE COURSE OF
MATHEMATICS AS A SUBJECT IN ECONOMIC EDUCATION OF
STUDENTS

The article discusses not only the interdisciplinary connection between economics and mathematics, but also the problem of studying economics by teaching mathematics at school. Different approaches and scientific views on the topic of research are proposed. Methodological methods of economic education in the mathematics course are presented as an opportunity to form a person's competence in a modern pedagogical system. In this article it is said that for the formation of General mathematical functional literacy of students in mathematics lessons it is possible to achieve the integration of economic problems in the content of mathematics to solve practical problems arising in everyday life, the assimilation of economic concepts, learning the effective use of knowledge and skills in life.

Key words: students, functional literacy, economic education, mathematical education, problem solving methods, teaching methods.

ӘОЖ 004.418

Давлетова А.Х. – педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент,
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
E-mail: ainash_5@mail.ru

Касымова А.Х. – педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент,
Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті
E-mail: kasimova_ah@mail.ru

Айтжан Е. – Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университетінің магистранты

Адырбекова А.Д. – магистр, Нұр-Сұлтан қаласының №32 мектеп
гимназиясы

ОРТА БІЛІМ БЕРУДЕГІ ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

Аңдатпа. Бұл мақалада орта білім берудегі оқытудың жаңа технологиялары туралы баяндалады. Жаңартылған бағдарлама негізінде «технология» ұғымына жан-жақты сараптама жұмыстары жүргізілген. Сонымен қатар білім беру процесінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың мүмкіндіктері мен артықшылықтары сипатталады.

Орта мектептерде балаларды оқытуда әртүрлі ережелер жиынтығы мен нұсқаулар қолданылады, сондықтан осы жастағы балалардың ойын теориясы арқылы алгоритмдік түрде ойлауын дамытуға болады. Ойын теориясын білімді негүрлым тереңірек игеруге ғана емес, сонымен қатар

компьютерлік әлемге деген баланың қызығушылығын арттыру мақсатында қолдануға болатындығы айтылған.

Орта мектепте «Ойын теориясын» қолдану төмендегідей мүмкіндіктер береді: балаға мәселені талдауды үйрету; іс-әрекеттерді жоспарлауға баулу; оның нәтижесіне жетуге талпындыру.

Жұмыстың барлық кезеңдерінде олардың іс-әрекеттерінің дұрыстығын қадағалау және де қателіктер жіберген жағдайда оларды түзету, яғни бұл баланың оқу және тәрбиелік жұмысында және болашақта өз тәжірибесіне қажет болатын дағдылардың кең ауқымын қалыптастыруға бағыттау жұмыстары жүргізілген.

Егер де оқыту процесінде ойын теориясын қолдансақ, онда ол бастауыш мектеп оқушыларының логикалық ойлауын дамытады және сондай-ақ информатикадағы жалпы білім деңгейін көтеруге ықпалын тигізетіндігі айтылған.

Тірек сөздер: жаңартылған бағдарлама, педагогикалық технологиялар, технология, білім беру технологиясы, ойын технологиясы.

Қазіргі уақытта еліміздегі білім беру жүйесінде елеулі өзгерістер орын алып жатыр. Бұл өзгерістер білім берудің теориялық-практикалық және тәрбие берудегі процесіне ықпал етуі мүмкін. Білім беру жүйесін жаңғырту – білім берудің мазмұнын және мұғалімнің педагогикалық әдіс – тәсілдерін өзгертуіне алып келді.

Бүгінгі күні еліміздің білім берудегі педагогикалық процесі таңдауға және жасауға, соның ішінде авторларға мүмкіндік беретін өзгермелілік принципін жариялауға мүмкіндік берді. Білім берудің бұл бағыты мынадай процестердің жүргізілуіне ықпал етті:

- білім мазмұнының әртүрлі нұсқаларын әзірлеу;
- білім беру құрылымдарының тиімділігін арттыруда заманауи дидактиканың мүмкіндіктерін пайдалану;
- ғылыми және жаңа идеялар мен технологияларды практикалық түрде негіздеу.

Мұндай жағдайларда оқытушы заманауи инновациялық технологияларды, идеяларды қолдана алуы қажет. Қазіргі күні білім беру технологиясының кең ауқымын меңгермей, сауатты да, бәсекеге қабілетті білікті маман болу мүмкін емес [1].

Қолданыстағы педагогикалық технологиялардың жиынтығын, яғни мектептің даму тұжырымдамасына және педагогикалық стратегияның негізгі бағыттарына сәйкес келетін таңдаулы және ақпараттандырылған «педагогикалық технологиялар» және «білім беру технологиясы» ұғымының заманауи түсіндірілуінің маңызды сипаттамаларын түсіну қажет.

Ең алдымен, «технология» ұғымына тоқталып өтсек.

«Технология» - кез келген бизнесте, шеберлікте, өнерде қолданылатын әдістер жиынтығы.

Енді «педагогикалық» және «білім беру» технологиясының ұғымына мүмкіндігінше анықтама берсек. «Педагогикалық технология» ұғымын ерте заманнан бері ғалымдар зерттеген. Солардың бірі – Б.Лихачев. Оның айтуынша «Педагогикалық технологиялар» - бұл психологиялық-педагогикалық әдістер және оқыту мен тәрбиелеудің тәсілдері, оқу

құралдары. Педагогикалық процесті ұйымдастырудағы әдістемелік құрал болып табылады.

Ал Беспалько В.П. былай деп анықтама берген: «Педагогикалық технологиялар» - оқу процесін жүзеге асырудың маңызды әдістемесі.

Волков И.В. «Педагогикалық технологиялар» - жоспарланған оқу нәтижелеріне жету процесінің сипаттамасы деген болатын.

«Педагогикалық технологиялар» – білім беру нысандарын (ЮНЕСКО) оңтайландыруға бағытталған техникалық және адами ресурстар мен олардың өзара әрекеттесуін ескере отырып, оқыту мен тәрбиелеудің барлық процесін ұйымдастыру, қолдану және анықтаудың жүйелі әдісі [2].

«Педагогикалық технология» түсінігі үш аспектімен ұсынылуы мүмкін:

- ғылыми: педагогикалық технологиялар педагогикалық ғылымның бір бөлігі және мақсаттар-міндеттердің зерттеу және дамыту, білім мазмұны мен оқыту әдістерін ұйымдастыру және педагогикалық процестерді жобалау;

- сипаттамалық: процестің сипаттамасы (алгоритмі), жоспарланған оқу нәтижелеріне жету үшін мақсаттардың, мазмұнның, әдістер мен құралдардың жиынтығы;

- тиімділік: технологиялық (педагогикалық) процесті жүзеге асыру, барлық жеке, аспаптық және әдістемелік педагогикалық құралдардың жұмыс істеуі [3].

Осылайша, педагогикалық технологиялар оқытудың ең ұтымды әдістерін зерттейтін ғылым ретінде, сондай-ақ оқытуда қолданылатын әдістер мен қтәсілдер жүйесі және нақты оқу процесі ретінде жұмыс істейді.

«Білім беру технологиясы» - оқушылар мен мұғалімдердің нақты нәтижелерге жету үшін білім беру процесін жобалау (жоспарлау), ұйымдастыру, бағыттау және түзетудегі бірлескен іс-әрекеттерінің жинақталған жүйесі.

«Білім беру технологиясының» анықтамасын түсіндіріп өтсек. Біріншіден, ол мұғалім мен оқушылардың бірлескен жұмысының көрсеткішін білдіреді, бұл бағдарламаны түпкілікті нәтижелерге жетуі оқушының оқыту бағдарламасын қаншалықты меңгергендігін байқатады. Нақты айтқанда, оқушыны субъект ретінде қалыптастырып, оның қызметінің түпкілікті нәтижелері менжетістіктерін анықтаймыз.

Екіншіден, жоғарыда айтылған анықтамада оның білім беру қызметін оқушыны басқарудың толық циклі жазылады. Осыған байланысты, білім беру технологиясы оқушыларды өзін-өзі басқаруды оқытуға арналған.

Үшіншіден, анықтамада айтылған білім беру процесінің субъектілерінің іс-әрекеттері үшін бірінші кезекте мұғалімдердің, оқушылардың жеке қызметін енгізу және дамыту үшін жағдайларды жасау және құру үшін қолайлы жағдайлар басты назар аудару [4].

Әртүрлі технологияларды сипаттайтын кезде «білім беру» және «педагогикалық» сияқты ұғымдарды зерттеу барысында авторлар бірінше кезекте әдебиет көздеріне шолу жасарда, білім берудің жаңа технологияларын қарастырады. Қазіргі уақытта жаңартылған бағдарлама негізінде білім беретін мектептерде әртүрлі инновациялық технологияларды пайдаланады. Педагогикалық және білім беру технологиясының барлық түрлерінен біз заманауи технологияларға назар аударамыз.

Сонымен білім берудегі жаңа технологияларға сипаттама берсек:

- технология белгілі бір әдіснамалық және философиялық ұстанымына негізделген автордың педагогикалық тұжырымдамасы (білім мен дағдыларды беру технологиясы, педагогиканы дамыту технологиялары арасындағы айырмашылық);

- іс-әрекеттердің, операциялардың, байланыстың технологиялық тізбегі және мақсаттарға негізделген белгілі бір күтілетін нәтиже түрі;

- технологияның жұмысы оқытушы мен оқушының өзара іс-қимылын шарттық негізде, даралау мен дифференциация қағидаларын ескере отырып, адамның және техниканың мүмкіндіктерін оңтайлы іске асыру, диалогты, коммуникацияны пайдалану;

- кезеңдік жоспарлау және педагогикалық технология элементтерін жүйелі түрде іске асыру, бұл бір жағынан, кез-келген мұғалімнің жұмысын жеңілдетуі тиіс, ал екінші жағынан барлық оқушылар жоспарланған нәтижелерге жетуіне кепілдік беруі тиіс;

- білім беру технологиясының ажырамас бөлігі болып табылады [5].

Қазіргі заманғы орта мектепте баланың тұлғасы мен оның қызметі бірінші кезекте тұр. Сондықтан, орта мектепте көп қолданылатын ең заманауи технологияларды келесі суретте атап көрсетеміз (1 сурет).



Сурет 1 – Орта мектепте көп қолданылатын жаңа ақпараттық технологиялар

Пәндерді оқытудағы ақпараттық және коммуникациялық технологиялар (АКТ). Оқу процесінің мазмұны бойынша АКТ-ны енгізу әртүрлі пәндік салаларды компьютерлік ғылыммен интеграциялауды қамтиды, бұл оқушылардың санасын ақпараттандыруға және қазіргі қоғамдағы

ақпараттандыру процесін түсінуге алып келеді [6]. Мектепке ақпараттандыру процесінің қалыптасу үрдісі туралы әрдайым хабардар болу өте маңызды, себебі:

- мектеп оқушылары жалпы білім беру пәндерін оқып үйрену үшін компьютерлік бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдаланады;
- компьютерлік ғылым туралы негізгі ақпаратты оқиды;
- білім берудің құрылымы мен мазмұнын бүкіл білім беру процесін іргелі қайта құрылымдауды жүзеге асырады;
- информатика элементтерімен танысып, өз тәжірибесінде жаңа ақпараттық технологияларды қолданады.

АКТ тәжірибеде қолдану мынадай нәтижелерге жетуге ықпал етеді:

- оқушылардың тақырыптық пәндерді оқып-үйренуіне, әсіресе жоба әдісінің көмегімен мпәнге деген қызығушылықты едәуір арттыруға;
- мектептегі «мұғалім – оқушы» қарым-қатынастардың орнына «оқушы-компьютер-мұғалім» объективті қатынастарға көшу арқылы психологиялық стрессті жоюға болады;
- оқушының еңбек етуге деген тиімділігін арттырады;
- сондай-ақ білім сапасын арттыруға ықпал етеді [7].

Технологиялық жобалар қызметі. Жобалық қызмет - жаңа білім алушыларға шынайы өмірмен тығыз байланыста болу, олардың арнайы дағдыларын қалыптастыруға бағытталған білім беру технологиясы.

Жобаның әдісі қызметтік тәсілдің тұжырымдамасына негізделеді және оқушыларға шығармашылық тапсырмаларды - жобаларды жоспарлауға және орындау процесінде білім алуға мүмкіндік беретін оқытуды ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Жоба бойынша оқытудың даму мақсаттары осы саладағы қызметті сәтті жүзеге асыруда көрініс табады:

- логикалық ойлау (анализді енгізу, синтездеу, салыстыру, индуктивті, дедуктивті негіздеу);
- іздеу іс-шаралары (проблемаларды шешудің стандартты емес әдістерін табу, стандартты емес мәселелерді шешу, шешімдер жоспарын жасау, іс-әрекеттерге кезең-кезеңмен мониторинг жүргізу, алынған нәтижелерді талдау, әрекеттердің ең ұтымды жолдарын іздеу және таңдау).

Орта мектепте оқушыларды оқытудың әдістері мен түрлеріне тоқталып өтсек. Қазіргі таңда орта мектеп жасындағы оқушыларға сабақ үстінде қызықсыз. Балалар шаршаңқы көрінеде немесе оларды сабақ қызықтырмайды. Мектеп өмірі әрдайым балаларды достармен, кітаптармен байланыстыра отырып, жарқын, әсем өмірге жетелеуі қажет. Сонымен қатар мектеп және мектеп өмірі баланы ғажайып оқиғалармен таң қалдырып, баланы керемет білім әлеміне енгізу керек.

Осы кезде компьютер өзінің ойын-сауық және танымдық әлемімен мектеп өміріне енеді. Оқу-тәрбие процесінде компьютерді пайдалану көлемі күн өткен сайын көбірек артып келеді: оқушылардың білімін тестілеуден бастап, олардың жеке қасиеттерін ескере отырып ойынға дейін. Компьютерді оқытудың нысаны ретінде немесе оқу құралы ретінде пайдалануға болады. Компьютерлік оқытудың екі түрі бар:

1. Информатика пәнін оқу үшін;
2. Әртүрлі пәндерді оқып-үйрену үшін оны пайдалану.

Сонымен қатар, компьютер - оқытудың тиімділігін арттыру үшін қолданылатын құралдардың бірі.

Көптеген адамдар компьютер арқылы алған білімдерінің нәтижесінде былай қорытынды жасайды:

- компьютермен жұмыс істеу дағдыларын меңгерген балалар өмірге бейім келеді;

- әлемдегі материалдық әл-ауқатты өзгеретуге дағдыланады.

Компьютердің берер мүмкіндігі өте зор. Олар:

- оқушының мотивациясын нығайтады;
- оқуға деген қызығушылықты арттырады;
- қиын тапсырмаларды реттеуге;
- дұрыс шешім қабылдауға және т.б.

Компьютер білімге қатысты да біраз мәселелерді шешуге ықпал етеді:

- сәтсіздік;
- түсінбеушіліктен туындаған мәселелер;
- білімдегі елеулі кемшіліктер.

Оқушы компьютерде жұмыс істеу барысында өзіне қажетті көмекке сүйене отырып, мәселенің шешімін табуға мүмкіндік алады.

Компьютердің мүмкіндіктері:

- оқу процесін басқару жолдарын өзгерту;
- ойын түрінде балаға ақпаратты жеткізу;
- балаларға нақты бір көмек көрсету;
- оқу материалдарын шынайы, әдемі графикамен безендіруге және т.б.

Сонымен қатар компьютер оқушыларға өз ойларын ашық түрде жеткізе алу дағдысын қалыптастыруға көмектеседі және оқушы өз әрекеттерінің нәтижесін көре алады.

Компьютерлік технологияны орта мектепте қолдану сабақты тартымды және шын мәнінде заманауи етіп көрсетеді, оқытуды жекелендіру арқылы, оқушының білімін бақылау мен бағалау объективті түрде әрі уақтылы жүзеге асырылады.

Ойын түрлерін сабақта қолдану жаңа материалдарды қорытындылау үшін қолданылады және пәннің негізгі әдістерін көрсетуге бағытталады [8].

Қазіргі таңда педагогикалық ғылымда және мектептегі практикалық оқытуда туындап отырған ең негізгі мәселелердің бірі – ол оқыту әдістерін дұрыс таңдау. Әсіресе бұл орта мектепке қатысты болса, онда оқыту әдістері- оқытудың ең негізгі құралы болып табылғандықтан оқыту әдістерін барыншы тиімді етіп таңдау қажет. Оқыту әдістері мыналарды қалыптастыруға ықпал етеді:

- мұғалім оқушыларды білім нәрімен қамтамасыз етеді;
- оқушылардың танымдық қабілетін дамытады;
- жеке тұлғаның дамуын қамтамасыз етеді;
- ғылыми көзқарас қалыптастырады.

Оқыту әдістерін дұрыс таңдау баланың біліміне, пәнге деген қызығушылығына әсерін тигізеді [9].

Оқытудың тиімділігі мен нәтижелілігі әдістерге байланысты. Оқытушының шығармашылығын, оның жұмысының тиімділігін, оқу материалын меңгеруін және оқушылардың жеке ерекшеліктерін қалыптастыруды оқыту әдістері анықтайды.

Мұғалім әлі білім туралы ақпараттан хабарсыз бала мен білім арасындағы дәнекерші қызметін атқарады. Мұғалімнің саналы да сапалы білімін арқасында бала өзіне қажетті білім қорын жинақтайды. Мұғалім шәкіртіне болашаққа деген дұрыс жолды таңдауға бағыт –бағдар береді және де ол электронды есептеуіш машина секілді оқыту қызметін ғана атқармай, сол оқытудың әдіс – тәсілдерін таңдай отырып, оқыту процесін ұйымдастырады [10].

Сонымен қатар оқыту әдістері дамушы ағзаның анатомиялық және физиологиялық, биологиялық сипаттамаларына байланысты. Оқушылардың танымдық белсенділігін ұйымдастыру процесінде олардың жас ерекшеліктеріне байланысты биологиялық дамуын ескеру керек, онда оқудың көптеген компоненттері қамтылған:

- оқушының еңбекке деген қабілеттілігі;
- шаршау;
- шығармашылық жағдайы;
- физикалық денсаулығы.

Мұғалімдерді толғандыратын негізгі мәселелер мыналар:

- оқушының білімге деген қызығушылығын тұрақты түрде дамыту;
- оқушының білімді өз беттерімен іздеуге дағдыландыру.

Осы мәселелер баланың мотивациялық және қажеттілік жағдайына қарай өз шешімін табады. Бастауыш мектеп оқушы «өзі үшін оқу қажет» деген қағаданы әлі түсінетін жаста емес. Кейде олар жақсы баға үшін, кейде мақтау сөз үшін, кейді сыйлық алу үшін оқиды. Бірақ осы әдістердің кез-келгені бір күні аяқталары анық. Сондықтан, мұғалім оқушының танымдық қызығушылық негізінде оқытудың ынталандыруы әдісін ұйымдастыру керек. Бала өз іс –әрекеттерін жақсы көруі керек ол әрдайым қолжетімді болуы шарт. Оқыту әдістерін жан –жақты саралап таңдау қажет және ол сурет 2 көрсетілген.

Көп жағдайда мұғалім оқушыларға тапсырма берер алдында, олардың бұл тапсырмадан хабары бар ма, жоқ па екендігін және олардың бұл тапсырманы өз бетінше орындай алу мүмкіндіктерін сұрайды. Оқушылар тіпті өз бетінше шешім қабылдаудан бас тартса да, мұғалім оқушыларға логикалық сұрақтар қою арқылы олардың дайын білімін бірден бермесе де қорытындыға жеткізуге тырысуы керек.

Орта мектепте оқушыларды оқыту кезінде мынадай оқытудың әдістері мен формалары қолданылады:

- диалогтар;
- топтарда жұмыс істеу;
- ойын методикасы;
- ақпараттық минуттар;
- эвристикалық тәсіл және т.б.

Сондай-ақ есте сақтауды, ойлауды, қиялды дамытуға үлес қосатын көрнекі оқыту әдістерін ұмытпаған жөн. Оқытудың көрнекі әдістері деп оқу процесіндегі оқу материалын меңгертуде қолданылатын көрнекі құралдар мен техникалық құралдардың жиынтығын айтамыз. Көрнекі құралдар оқу материалын көрнекі түрде түсінуге әсер етеді және оқушылардың ой-пікірлерінің мазмұны мен құрылымын айқындайды. Көрнекі оқыту әдісі мынадай түрлерге бөлінеді:

- бақылау;

- иллюстрациялық;
- демонстрациялық.



Сурет 2 – Оқыту әдістерін таңдау

Енді осыларға тоқталып өтсек. Бақылау әдісі арқылы оқушылардың өзін қоршаған өмірге деген қызығушылығын арттып, табиғи және әлеуметтік құбылыстарды талқылауға болады. Сонымен қатар сол құбылыстардың басты ерекшеліктеріне назар аударуға және анықтауға үйретуге болады.

Ал демонстрациялық әдіс арқылы оқушының назарын белгілі бір затқа немесе және байқалмаған объектілердің, құбылыстың және процестердің сыртқы сипаттамаларына аударуға болады.

Иллюстрациялық әдіс жаңа материалдарды оқытуды қолданған өте тиімді болып табылады. Оқытудың негізгі элементтері сурет 3 көрсетілген.

Орта мектепте сабақ өткізгенде төмендегідей әдістерді де ескеру керек:

- оқу - танымдық қызметті ынталандыру әдістері;
- оқу-танымдық қызметті ұйымдастыру және енгізу әдістері;
- оқу-танымдық қызметтің тиімділігін өздігінен бақылау және бағалау әдістері [11].

Бұдан басқа да оқытудың әдістері көп. Мысалы, М.И. Махмутов оқытудың әдістерін тереңірек зерттеген ғалымдардың бірі. М.И. Махмутов оқыту әдістерін бірнеше топтарға бөліп сипаттайды.

Бірінші топқа кіретін оқыту әдістері:

- әңгіме;
- сұхбат;
- сипаттау;
- түсініктеме.

Бұл оқыту әдістерінде басты рөлде – мұғалім. Оқушының міндеті мұғалімнің логикасына ере отырып, оның айтқан ақпараттарын есте сақтау, ұсынылып отырған материалдың мазмұнын ұғыну және өтілген

материалдарды уақыт өте ұмытпау. Ауызша оқыту әдісі мұғалімнен мыналарды талап етеді:

- логикалық ойлауын дамытуды;
- түсініктемелердің дәлдігін;
- материалдың сенімділігін;
- көрнекті презентация жасауды;
- әдеби тілде дұрыс сөйлеуді.

Екінші топқа кіретін оқыту әдістері:

- жаттығулар;
- өздік жұмыстары;
- практикалық жұмыстар;
- бақылау жұмыстары.



Сурет 3 – Оқытудың негізгі элементтері.

Орта мектептерде балаларды оқытуда әртүрлі ережелер жиынтығы мен нұсқаулар қолданылады, сондықтан осы жастағы балалардың ойын теориясы арқылы алгоритмдік түрде ойлауын дамытуға болады. Ойын теориясын білімді неғұрлым тереңірекігеруге ғана емес, сонымен қатар компьютерлік әлемге деген баланың қызығушылығын арттыру мақсатында қолдануға болады.

Орта мектепте «Ойын технологиясын» қолдану төмендегідей мүмкіндіктер береді:

- балаға мәселені талдауды үйрету;
- іс-әрекеттерді жоспарлауға баулу;
- оның нәтижесіне жетуге талпындыру.

Жұмыстың барлық кезеңдерінде олардың іс-әрекеттерінің дұрыстығын қадағалау және де қателіктер жіберген жағдайда оларды түзету, яғни бұл оқушының оқу және тәрбиелік жұмысында және болашақта өз

тәжірибесіне қажет болатын дағдылардың кең ауқымын қалыптастыруға бағыттау.

Әдебиеттер:

1. Селевко Г.К. Білім берудің заманауи технологиялары: оқу құралы. – М.: Народное образование, 2008. – 256 б.
2. Гузев В.В. Образовательная технология: от приема до философии. – М.: Сентябрь, 2016. – 112 с.
3. Молоков Ю.Г., Молокова А.В. Актуальные вопросы информатизации образования // Сборник научных трудов «Образовательные технологии». – Новосибирск, ИПСО РАО, 2017. – С.77-81.
4. Босова Л.Л. Компьютерные уроки в начальной школе // Информатика и образование. – 2012. – №1. – С. 5-6.
5. Глоссарий терминов по технологии образования. – Париж: Юнеско, 2015. – 240 с.
6. Личностно-ориентированный подход в работе педагога: разработка и использование / Под ред. Е.Н. Степанова – М.: ТЦ Сфера, 2014. – 128 с.
7. Дьяченко В.К. Сотрудничество в обучении: О коллективном способе учебной работы: кн. для учителя. – М.: Просвещение, 2011. – 192 с.
8. Глушко А.И. Компьютерный класс в школе // Информатика и образование. – 2004. – №4. – С. 50-52.
9. Луначарский А.В. Учитель, учись // Учительская газета. – 2014. – №1. – С. 2.
10. Крупская Н.К. Методические заметки // Педагогическое сочинение. Т. 7. – М., 2010. – С. 110-120.
11. Айламазьян А.М. Актуальные методы воспитания и обучения: деловая игра: учебное пособие для студентов. – М.: МГУ, 2012. – 203 с.

**Давлетова А.Х., Касымова А.Х., Айтжан Е.А., Адырбекова А.Д.
НОВЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В СРЕДНЕМ ОБРАЗОВАНИИ**

В статье представлены новые технологии в области среднего образования. На основе обновленной программы был проведен всеобъемлющий обзор концепции «технологии». В то же время учебный процесс описывает возможности и преимущества информационных и коммуникационных технологий.

В средних школах для обучения детей используется набор правил и руководств, поэтому дети этого возраста могут развивать алгоритмическое мышление через теорию игры. Говорят, что теория игры может быть использована не только для более глубокого изучения знаний, но и для интереса ребенка к компьютерному миру.

Использование «Теории игр» в старшей школе дает следующие возможности: научить детей анализировать проблемы; участие в планировании деятельности; мотивация для достижения своего результата.

На всех этапах работы необходимо следить за правильностью своих действий и исправлять их в случае ошибок, т. е. направлять широкий спектр навыков в воспитательной и воспитательной работе ребенка и ее опыт в будущем.

Если вы будете использовать игровые плейвизеры в процессе обучения, это будет развивать логическое мышление учащихся начальных классов, а

также будет способствовать повышению общего уровня знаний в области компьютерных наук.

Ключевое слово: обновленные программы, педагогические технологии, технология, коммуникационные технологий, игровая технология.

Davletova A.Kh., Kasimova A.Kh., Aytzhan E.A., Adirbekova A.D.

NEW TECHNOLOGIES IN SECONDARY EDUCATION

This article presents new technologies in the field of secondary education. Based on the updated program, a comprehensive review of the “technology” concept was conducted. At the same time, the learning process describes the capabilities and benefits of information and communication technologies.

In secondary schools, a set of rules and guidelines are used to teach children, so children of this age can develop algorithmic thinking through game theory. They say that game theory can be used not only for a deeper study of knowledge, but also for the child’s interest in the computer world.

Using the Theory of Games in high school provides the following possibilities: to teach children to analyze problems; to participate in planning activities; motivation to achieve their results.

At all stages of work, it is necessary to monitor the correctness of their actions and correct them in case of errors, another way to direct a wide range of skills in the educational and pedagogical work of the child and her experience in the future.

If you use game playwizers in the learning process, this will develop the logical thinking of elementary school students, and will also contribute to raising the general level of knowledge in the field of computer science.

Keywords: updated programme, pedagogical technologies, technology, communicational technology, gaming technology.

ӘОЖ 378:502.14

Байтлесова Л.И. – химия ғылымдарының кандидаты,

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің доценті

E-mail: beu64@mail.ru

Кенесарина К.Х. – биология магистрі, аға оқытушы,

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті

E-mail: kunsayakenesarina@mail.ru

БІЛІМ БЕРУ ҮРДІСІНДЕГІ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ

***Аңдатпа.** Экологиялық білім және тәрбие-ғылыми негізделген ұсыныстарды әзірлеу үшін табиғи экологиялық жүйені терең меңгеруге қосымша табиғи байлықтарды қорғау және ұтымды пайдалану жөніндегі маңызды міндеттердің бірі. Табиғатты қорғау үшін жазылған құжаттар мен заңдылықтарды зерттеу, тәжірибелік пайдалану. Экологиялық білім және тәрбие-бұл студенттерге қоршаған табиғи ортаны саналы түрде қабылдау, табиғатқа ұқыпты қарау, жоғары интеллекті бар байлықтарына ұқыпты қарау дағдыларын үйрету.*

***Тірек сөздер:** экологиялық білім беру, экологиялық тәрбие, экологиялық мәселелер.*

Егеменді еліміздің бүгінгі таңдағы ең басты мақсаты - өркениетті елдер қатарына көтерілу болса, оған жетудің бірден-бір жолы бүкіл әлемдік білім кеңістігінен орын алу болып табылады. Оның өзі ұлттық білім беру жүйесінің даму бағыттарын айқындап, оны тың арнаға, жаңа сапаға жеткізу қажеттілігін міндеттейді. Сондықтан да білім мазмұнын байыту, оқыту үрдісін жетілдіру, инновациялық технологияларды өмірге әкелу, жан-жақты дамыған, рухани жетілген жас ұрпақты қалыптастыру, дамыту - өз шешімін қажет ететін, кезек күттірмейтін мәселелер қатарына жатады. Осыған сәйкес білім беру мақсаттары мүлде жаңа арнаға бет бұрды [1].

Ел Президентті «Қазақстан - 2030» бағдарламасында табиғат жағдайының қиын кезеңде тұрғанын нақты атап өтіп: «... экологиялық нашар ахуал бүгінде адам өлімінің жиырма пайызына себеп болып отыр. Қоршаған ортаны ластаушыларға берік тосқауыл қойылу қажет», - деген болатын. Бұл мәселенің тиімді шешілуі студенттерге экологиялық білім мен тәрбие беру арқылы олардың экологиялық тәрбиесін қалыптастыру барысында мүмкін болатыны анық.

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында «білім беру жүйесі міндеттерінің бірі ретінде белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке адамды тәрбиелеу, республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру» атап көрсетілген.

Қазіргі таңдағы қоғамның саяси, әлеуметтік және экономикалық дамуындағы жаңару процестері өткен тарихымыз бен мәдени мұраларымызды қайта қарауды, рухани құндылықтарымызды саралап, оны оқу-тәрбие процесіне ендіру арқылы студенттердің экологиялық тәрбиесін қалыптастыруға қолайлы жағдайлар жасалып отыр.

Өскелең ұрпақтың экологиялық тәрбиесін қалыптастыра отырып, жаңа заманның көкірегі ояу, ұлттық сана-сезімі жоғары саналы азаматын тәрбиелеу ұзақ әрі күрделі процес болып табылады. Сондықтан бұл мәселе бүгінгі таңда өткір қойылып, өз шешімін табуы қажет етіп отыр.

Қазіргі кезде экологиялық білім беру мәселесі білім жүйелері дамуының өзекті бағыттарының бірі. Экологиялық білімсіз қоғамдық экологиялық сана құру мүмкін емес. Қоғамдық экологиялық сана қоғамның экологиялық проблемаларымен күресуде мықты фактор болып табылады.

Заман талабына сай экологиялық білім беру - балабақша, орта мектеп, лицей, гимназия, колледждерде, жоғарғы оқу орындарында үздіксіз экологиялық білім беру жүйесін жетілдіру мен ұйымдастырудың мемлекеттік жүйесі.

Экологиялық білім беру - бұл табиғатты пайдаланудың дайындау, іргелі негіздері ретінде жалпы экологияның теориясы мен практикасын игеруге бағытталған оқыту жүйесі. Ол табиғатты қорғаудың теориясы мен практикасын игеруге бағытталған оқыту жүйесі - табиғатты қорғау білімімен тығыз байланысты. Ол кәсіби мамандарды дайындауға ықпал етіп, кадрларға білім беру, оларды дайындау жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады. Заңдар бойынша экологиялық тәрбие мен білім берудің бәріне ортақ, кешендік және үздіксіз болуы қарастырылған.

Қазіргі заманғы экологиялық білім берудің негізгі мақсаты - қоғамдық сананы экологизациялау болып табылады. Міндеті - адамның тіршілік

барысында қалыптасатын рухани ортасын сақтау. Ол өз кезегінде өмірдегі қоғамдық мәселелермен қатар, өзі тіршілік ететін ортаны басқаруды да белсенді, көрегендікпен шеше алатын жеке тұлғаның дамуына ықпал ету.

Экологиялық ақпараттар алуға және қоршаған ортаны қорғау саласында шешімдер қабылдауға қоғамның қатысуы бойынша Қазақстан қол қойған Орхус Конвенциясы халықтың экологиялық саясатқа қатысуына үлкен жол ашады [2].

Жоғары оқу орындарында экологиялық білім беру біршама кәсіби деңгейде жүргізіледі. Қазіргі кезде Қазақстанның көптеген жоғары оқу орындарында экологиялық пәндері бар факультеттер бар. Айта кетерлігі, халықаралық талаптар бойынша эколог-мамандарды даярлауда тек жетекші университеттер ғана есепке алынады

Қазіргі экологиялық білім берудің креативтік технологиясы әр түрлі елдер арасында ақыл-ой ресурстарының сапасына деген бәсекелі күрес белең алды. Қоғамымыздың элементарлық, экономикалық, саяси, мәдени салаларында болып жатқан терең өзгерістер Республика білім беру жүйесіне де ықпал етпей қалмады. Оқыту мазмұнын жетілдіруде, мектептегі оқыту ісін оқушылардың жеке ерекшеліктері мен қызығуын ескере отырып ұйымдастыруға жан-жақты мүмкіндік туды.

Экологиялық білім беруді жалпы мектептердің әр бір кластарына арналған немесе курстар бойынша жүргізілетін пән кіргізілуі керек. Бұрынғы уақытта жалпы экологиялық білім көтеріле қоймағаны өздеріңізге мәлім. Ал қазіргі уақытта яғни бүгінгі таңда нақты және маңызды бөлек пән ретінде немесе пән аралық байланыстар ретінде пайдалану мектептер үшін өте қажетті және керек. Мектеп қабырғасында сыныптарға нақты мысалдар келтіре отырып қарасақ экологиялық білім беру қазіргі уақытта материал жеткілікті.

ҚР Конституциясының 31-бабында «Мемлекет адамның өміріне және денсаулығына қолайлы жағдай жасап, қоршаған ортаны қорғау мақсатын көздейді» делінген. 15.07.1997 жылы қабылданған ҚР «қоршаған ортаны қорғау туралы» заңның 73-74 баптарында экологиялық білім мен тәрбие берудің жалпыға бірдейлігі, үздіксіз болуы қарастырылған. Бұл ережелер ҚР-ның «Білім туралы» заңында да көрсетілген. Қазақстанда көпшілікке, жас өспірімдерге экологиялық білім берудің құқылық негізі соңғы жылдары жедел түрде жасала бастады.

ҚР Президентінің жарлығымен қабылданған «ҚР стратегиялық тұрақты даму жолына арналған 2030 бағдарламасы» (1996 ж.), «ҚР экологиялық білім мен тәрбиенің ұлттық стратегиясы» (1998 ж.), «Экологиялық білім бағдарламасы» (1999 ж.), т.б құжаттар осының айғағы. Қоршаған орта материалдары негізінде оқушыларды рухани дамытуда орта мектепте, оқушылардың ерекшелігі-қоршаған орта туралы білімдерін жинақтап қана қоймай, құбылыстың мәнін жете түсінеді және оларға деген өзіндік көзқарасы қалыптасады.

Экологияның өзі табиғатты қорғаумен байланысты екендігі түсінікті. Экология табиғаттың толық тазалығын, табиғаттың сұлулығын, табиғаттың мол байлығын сақтап, қорғай отырып, табиғатты адам қажетіне толық пайдаланудан тұрады делінген анықтама берген.

Жас ұрпаққа экологиялық білім беру мәселесі қазір дүниежүзі халықтарының, ғалымдарының, педагогтардың, саясат қайраткерлерінің назарын аударып отыр.

Қазіргі кезде жер шарында жаппай экологиялық апаттың таралуы және оның алдын алу мақсатында табиғат қорғау жұмыстарын түбірімен жаңа негізде жетілдірудің қажеттігі экологиялық мәселенің өзектілігін көрсетеді.

Оқытушы оқушылардың әрқайсысының табиғатты қорғауға тәрбиелеуде дәрістер, этнографиялық әңгімелер, сол сияқты табиғатқа саяхат, экология үйірмесі (жас натуралистер станциясына қамқорлық), факультативтік сабақтар және сыныптан тыс тәрбие жұмыстары оқушылардың азаматтық борышын қалыптастыратын ғылыми білім болып табылады. Қазіргі кезде оқушыларға экологиялық білім мен тәрбие беруде көбірек қолданылатын сыныптан тыс жұмыс түрлеріне ашық тәрбие сағаттары мен тақырыптық кездесу кештері жатады.

Сыныптан тыс жұмыс – балаларды табиғатпен таныстырудың негізгі түрі. Сыныптан тыс жұмыста балаларға табиғат құбылыстары мен заттары туралы жазылған әңгімелер, өлеңдер, жұмбақтар т.б. көркем шығарма туындылары, түрлі түсті суреттер, слайдтар сияқты көнекі құралдар кеңірек пайдалану керек. Қазіргі таңда көптеген экологияға байланысты жұмыстар жүргізілуде. Мектептерде табиғатты қорғауға байланысты кеш, апталық, дәріс, т.б. өткізу мәселесі өркендеуде. Көптеген өркендеген елдерде экология жеке пән ретінде жүргізіледі, ал біздің оқу жүйемізде экология ғылымның тек кейбір элементтері мен терминдері ғана жаратылыстану пәндерінде қосымша беріледі. Ертедегі нақыл сөздер, мақал-мәтелдер, жастарды табиғатты сүйуге, олардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруда құнды құрал болып саналады. Экология тәрбие беруде, табиғатты қорғауға баулуда, халықтық педагогиканың ролі ерекше және оның саласы мол. Олар-табиғатты қорғау дәстүрі, оған сену, сыйыну ырымдары, жан-жануарлар мен өсімдік түрлеріне байланысты әдеп-ғұрыптар т.б. Қазақ халқының табиғатты тануы, оған көзқарасы ұзақ жылдар бойы қоршаған ортаға жүргізген бақылау нәтижесінде тәжірибе елегінен өтіп шыңдалып, сұрыпталған. Бақылау тәжірибесінде жинақталған жаратылыстану түсініктері мен білімдері негізінде халық табиғат жемісін пайдалану әдістерін, дағдыларын ғана емес, оны қорғау дәстүрлерін де дамытты, оларды жетілдіру жолдарында жөн-жорықтар мен ырымдарды қалыптастырды.

Сонымен қатар, оқушы бойына экологиялық тәрбиені сіңіруде ескеретін жағдайлар:

А) Адамның, қоғамның табиғатқа әсер ету ортасындағы білімнің ғылыми жүйесін қолдану;

Ә) Тұлғаның адамгершілік дүниетанымын тәрбиелеу;

Б) Экологиялық іс-әрекетте білім, тәрбиенің жүзеге асуына ықпал ететін жан-жақты факторлар қарастыру [3].

Адам ежелден өсімдіктерді өз қажетіне пайдаланып келеді, пайдалана береді. Бірақ адамның шаруашылық мақсат үшін өлшеусіз, көп пайдалануынан, кей жағдайларда орынсыз, ойланбай немесе білмесіктен істегені бар, әйтеуір, жер бетіндегі өсімдіктер әлемі қазір елеулі зардап шегуде. Еліміздің ормандары сирей бастады. Өсімдіктер әлемінің, соның ішінде орман-тоғайлар азайды. Әсіресе қалалар төңірегі күшті өзгеріске ұшырады. Қоқыс пен қалдықтар үйіндісі көбейеді. Су қоймалардың көпшілігінде су ішуге жарамсыз болып қалды. Судың, ауаның, топырақтың ластануынан табиғи қатынастар бұзылды. Бұл сияқты өзгерістер біздің елімізде ғана емес, барлық елдерде бар. Адам табиғатты зерделеп терең білген

сайын, зиянды өзгерістердің әрі қарай бола беруі жердегі тіршілікке қауіпті екенін жақсы түсінді. Сондықтан табиғаты, өсімдіктер әлемін қорғау елімізде үлкен мақсат етіп қойылып, елеулі жұмыстар істелуде. Табиғат қорғау, оның байлығын тиімді пайдалану Қазақстан Республикасы Конституциясында жазылған. Орта мектептерде оқушыларға экологиялық білім беру бірнеше арнайы талапты қажет етеді.

Экологиялық білім беруді дамыту педагогика ғылымының басым бағыты екенін көрсетіп отыр.

Экологиялық білім мен тәрбие беру – студенттерді қоршаған табиғи ортаны ұғынып қабылдауға, табиғатқа ұқыпты қараудың қажеттілігіне сендіруге, оның байлықтарын жоғары саналықпен пайдалануға дағдыландыру. Экологиялық білім беру – бұл табиғатты пайдаланудың дайындау, іргелі негіздері ретінде жалпы экологияның теориясы мен практикасын игеруге бағытталған оқыту жүйесі. Ол табиғатты қорғаудың теориясы мен практикасын игеруге бағытталған оқыту жүйесі – табиғатты қорғау біліммен тығыз байланысты. Экологиялық білім – қоршаған ортаны қорғау үшін қажетті білімді, әдетті, екілікті, икемдікті қамтиды.

Экологиялық тәрбиенің көкейтестілігі Қазақстандағы экологиялық апат аймақтарының болуымен тығыз байланысты. Батыс Қазақстан жұртшылығын әскери полигондар, экологиялық талаптарды өрескел бұзып отырған өндіріс орындары алаңдатып отыр.

Қарашығанақ кен орнын игеруге 3000 га-ға жуық егіс, жайылым және орман жері пайдаланылады. Бұрғылайтын қондырғылар мен магистралды газ мұнай тасымалдайтын құбырлар кездейсоқ апатты жағдайға ұшыратуы мүмкін, осы кезде қоршаған ортаның әсіресе жер бетіндегі сулардың ластануы орын алады. Апаттық жағдайлардың тууының негізгі себебі - тасымалдау құбырларының коррозия процесіне ұшырап, жарылуы (90,5 %).

Еділ мен Жайық өзенінің аралығында орналасқан аумағы 40 мың км² құмды өңір орта есеппен теңіз деңгейінен 0,21 м төмен жатыр. Жер астының тұщы су қоры мол екені анықталды. Облыс тұрғындары Азғыр мен Капустин Ярдағы әскери ядролық сынақ полигонын жабуды, сынақ аймақтарын өз иелеріне байырғы тұрғындарға қайтаруды, т.б. талап етіп, осы мақсатта бұқаралық саяси күрес шараларын жүзеге асыратын қоғамдық қозғалыс құруды ұсынды. 1990 жылғы мамыр 1992 жылғы мамыр аралығында "Нарын" қозғалысының орталығы Орда ауданында болды.

Органикалық отынды жағу кезінде атмосфераға күкірттің қос тотығынан басқа азоттың қос тотығы да шығарылады. Күкірт пен азоттың қос тотықтары «Қышқылдық жаңбыр» деп аталатын жауын түсуіне себепші болады, олар топыраққа араласа отырып, оның қышқылдылығының жоғарылауына әкеп соқтырады. Ауылшаруашылық дақылдарының өнімділігіне әсерін тигізді. Қышқылдық жаңбырлар металды жабдықтар мен құбырлардың тоттануын туғызуы мүмкін.

Әскери полигон Батыс Қазақстан облысы мен Астрахань облыстың шекарасында орналасқан. Адамдар мен тірі табиғатқа тигізген зияндары жөнінен «Азғыр», «Капустин Яр» белгілі Семей полигонынан асып түседі. Полигондар онкологиялық, жүрек тамыр және басқа ауруларды қоздырып, жануарлар мен өсімдіктер дүниесіне зиянын тигізді.

Озон қабатының жұқаруы, қышқылды жаңбыр, жер ғаламшарларындағы климаттың жылына бастауы жер биосферасындағы тіршілікке тікелей қауіп

төндіруде. Ойықтардың пайда болуына өнеркәсіптерден бөлінетін М, Си, Fe, Мп, С1, Р оксидтері әсер етеді. Озон қабатының бұзылуы жер бетіндегі тіршілікке зиянды әсер етеді.

Экологиялық білім мен экологиялық тәрбие қазіргі кездегі маңызды проблемалардың бірі болып есептеледі. Ұзақ жылдар бойы адамның табиғатқа тигізіп жүрген әсері байқалған жоқ. Себебі бұл әсердің өршіп дами бастауы ғылыми техникалық прогресстің тез дамып, жер бетіне шапшаң тарап, ашылған жаңалықтарды адамзаттың шаруашылығының түрлі салаларында пайдалануымен байланысты болып тұр. Өнеркәсіп пен экономиканың қарқындап дамуы, халық санының өсуі экологияның нашарлауына әсер етуде. Соңғы жылдары пайдалы қазба қорларының азаюы, жер бетіндегі өсімдіктер мен жануарлардың кей түрлерінің мүлде жойылы кетуі салдарынан ауаның шектен тыс ластану қаупі арта түсті. Қоршаған ортаның ластануына, табиғаттың бұзылуына қарсы қоғам аландаушылық білдіруде. Экологиялық мәселелер негізінен әлеуметтік-экономикалық факторлардың әсерінен туындайды. Сондықтан бұл мәселелерді шешу жеке тұлғалардың, жалпы халықтың табиғат пен қоршаған ортаға қатынасын өзгерту арқылы шешімін табуы тиіс.

Адам экологиялық қауіпсіздікке үлес қосып, экологиялық білім мен тәрбие мәселелеріне ерекше назар аударуы қажет. Экологиялық білім беруді адамгершілігі жоғарғы жеке тұлғаны қалыптастыру үрдісінен ажыратып алуға болмайды. Адам жоғарыдан келетін нұсқауларды бұлжытпай орындау емес, өз бетімен дұрыс шешімдер қабылдай алатын шығармашыл болуы керек. Ерте жасынан бастап, әр адам өзінің қоршаған ортаға деген бейберекет көзқарасы неге әкеліп соғатынын білуі тиіс. Табиғи ортаның ластануы қандай ауруларды туғызады қандай генетикалық ауытқуларға апарады? Жануарлар мен өсімдіктердің кейбір түрлерінің сан жағынан азаюы немесе, тіпті, таусылу себебі неде? Топырақ құнарлығының нашарлауы, ауыз су қорының азаюы неліктен? деген сияқты табиғи ортадағы келеңсіз өзгерістер жөнінде білуі керек. Біліп қана қоймай, үрдіске қатысатын кез келген адам белгілі бір әрекеттерді өз бетінше таңдай алады. Олардың қоршаған ортаға әсерінің пайдалы немесе зиянды болуы осы адамға байланысты. Міне, сондықтан әр адамның санасында қоршаған ортаға зиян келтіруге мүмкіндік бермейтін, табиғатпен тиімді әсерлесуге ұмтылдыратын адамгершілік ұстанымдары қалыптасуы керек. Мұндай адам күрделі жағдайларда экологиялық жағынан дұрыс шешім қабылдап, ұнамсыз нәтижелерге жол бермейтін болады. Осыған байланысты экологиялық білім мен тәрбие мектепке дейінгі, орта, арнаулы және жоғарғы білімнің құрамдас бөлігіне айналып, жасы, мамандығы, білім деңгейі әртүрлі адамдарда жаңа экологиялық сананы қалыптастыруға бағытталуы керек. Сөйтіп, экологиялық білім мен тәрбие берудің үздіксіздігі қамтамасыз етіледі [4].

Экологиялық білім беруге деген қажеттілік адамның өміріне қажет қалайлы ортаны қамтамасыз ету мен байланысты. Қоршаған ортаның санасы адамның негізгі құқықтарының бірі – денсаулықты және дамуының негізгі мақсатын анықтайды. Экологиялық білім беру табиғатқа адамгершілік қатынасты қалыптастыру, табиғатты өзгертудің шекті мөлшерін анықтау үшін, адамның одан әрі өмір сүруін мен дамуына мүмкіндік беретін мінез-құлықтың арнайы әлеуметтік табиғи заңдылықтарын меңгеру үшін қажет.

Экологиялық білім берудің негізгі мақсаты - табиғатқа деген жауапкершілік қатынасты қамтамасыз ету. Экологиялық білім беру дегенде әрбір адамның жалпы экологиялық мәдениеттілігін қалыптастыруға бағытталған үздіксіз білім, тәрбие беру даму процестерін түсінеміз.

Экологиялық жауапкершілік адамның мына қасиеттерімен байланысты. өз іс-әрекетін бақылау, табиғи ортадағы өзінің іс-әрекетінің жақын кездегі және болашақты нәтижелерін болжай білу, өзіне және басқаларға сын көзбен қарай білу және т.б.

Жоғарғы айтылғандарға байланысты педагогтардың халықаралық экологиялық қозғалысы қоршаған орта саласындағы білім беруді жалпы білім беру жүйесін жетілдірудің маңызды бағыты деп есептеледі.

Экологиялық білім беру дегеніміз – әр түрлі деңгейдегі экологиялық білімдерді меңгеру. Экологиялық білім берудің екі негізгі бағыты бар қоршаған ортаны қорғаудың жалпы ілімі негізінде тәрбиелеу және табиғатпен антропогенді экожүйелердің өзара қатынасының жалпы заңдылықтары туралы арнайы білім беру. Ал білім беру жүйесін экологизациялау - экологиялық ойлардың, принциптер мен көзқарастың басқа пәндерге енгізу және экологиялық білімді әр түрлі салалардың мамандарын дайындау.

Экологиялық білім берудің негізгі мақсаты - табиғатқа деген жауапкершілік қатынасты қамтамасыз ету. Экологиялық білім беру дегенде әрбір адамның жалпы экологиялық мәдениеттілігін қалыптастыруға бағытталған үздіксіз білім, тәрбие беру даму процестерін түсінеміз [5].

Қорыта айтқанда, қоршаған табиғи ортаға қамқорлық жасау, оның бар байлығын адам игілігі үшін мейлінше ұтымды пайдалану, қорғау және көркейту ісі бүгінгі күн талабына сай туындап отырған келелі мәселе. Дархан табиғат қаншама бай болғанымен, оның сан алуан ресурстарының қай-қайсысы болмасын шексіз емес екендігін күнделікті өмірдің өзі дәлелдеп отырған тұста экологиялық үздіксіз білім беруді, азаматтардың қолдауын күтетін қоғамдық тұжырым деп білеміз. Ал, бұл іс-шара халықтың жаппай экологиялық мәдениетін көрсететін белсенділік қабілетінсіз мүмкін емес. Сондықтан да экологиялық білімі мен тәрбие қоғамның әрбір мүшесіне табиғатты қорғауға немқұрайдылықпен қарамауды үйретіп, қоғам мүшесін әрқашанда қоршаған ортаны қорғауға дағдыландыруды көздейді. Экологиялық білім беру мен тәрбиелеудің міндеттеріне табиғат туралы, оның тұтастығы және қоғаммен бірлігі хақындағы ғылыми негізделген білімді меңгеру, оған ықпал етуге байланысты туындайтын практикалық шараларды дәлелдеп орнықтыру, қоғам мен адам үшін табиғаттың құндылығы шексіз екенін ұғындыру, табиғи ортада дұрыс жүріп-тұрудың нормаларын сақтау, табиғат пен сырласа білу қабілетін дамыту, табиғат пен қайта түлеген ортаны жақсарту жөніндегі қызметті сауатты ұйымдастыру жатады. Міне, осы міндеттерді шешу жастардың экологиялық білімін арттырып, олардың табиғатқа деген қарым-қатынасын қалыптастыруға бағытталады.

Әдебиеттер:

1. Алексеев В.А., Алексеев Л.П. Биосфера и жизнедеятельность. – М.: Высшая школа, 2002. – 412 с.

2. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III. – <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>_ Пайдаланған уақыты: 17.10.2018 ж.

3. Основы общей, специальной и социальной педагогики: учеб. пособие / Под общ. ред. Л.В. Мардахаева. – М.-Тула: Изд-во ТГПУ им. Л.Н.Толстого, 2007. – 503 с.

4. Жуков В.И. Методика преподавания в вузе. – М.: Изд-во РГСУ, 2006. – 202 с.

5. Иштаева Ф., Костарева Л., Набидоллина Ш., Молдагалиева Ж. Экология. – Астана: «Фолиант» баспасы, 2011. – 160 б.

Байтлесова Л.И., Кенесарина К.Х.
ЭКОЛОГИЧЕСКОЕ ВОСПИТАНИЕ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ
ПРОЦЕССЕ

Экологическое образование и воспитание - одна из важнейших задач по охране и рациональному использованию природных богатств в дополнение к глубокому усвоению природной экологической системы для выработки научно обоснованных предложений. Изучение, практическое использование документов и закономерностей, написанных для охраны природы. Экологическое образование и воспитание - это привитие студентам навыков осознанного восприятия окружающей природной среды, убеждения в необходимости бережного отношения к природе, бережного отношения к ее богатствам с высоким интеллектом.

Ключевые слова: экологическое образование, экологическое воспитание, экологические проблемы.

Baitlessova L.I., Kenesarina K.H.
ENVIRONMENTAL EDUCATION IN THE EDUCATIONAL PROCESS

Environmental education and training is one of the most important tasks for the protection and rational use of natural resources in addition to the deep assimilation of the natural ecological system for the development of science-based proposals. The study, practical use of documents and laws written for the protection of nature. Environmental education and upbringing-is to instill in students the skills of conscious perception of the natural environment, the belief in the need for respect for nature, respect for its riches with high intelligence.

Keywords: ecological education, ecological education, ecological problems.

ӘОЖ 37.022

Үсен А.Ә. – филология ғылымдарының докторы, профессор,
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
E-mail: aierke0102@mail.ru

БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЖАҢА МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ ЖҮЙЕЛЕР

***Аңдатпа.** Мақалада заманауи білім беру жүйесіндегі жаңа әдіснамалық тұжырымдар талданады. Жаһандану кезеңіндегі жаңа білім беру жүйелері мен оқулықтарды жазу принциптері анықталады. Сыни ойлау жүйесін оқу үдерісінде қолдану ерекшелігі мен оқулықтарды жазудағы талаптар сараланады. Әлемдік инновациялық концепцияларды мектептерге енгізудің ұлттық ерекшеліктері қарастырылады.*

***Тірек сөздер:** білім беру, сыни ойлау, инновация, концепция, оқу үдерісі.*

Қоғамды өзгертетін күш - мектептер мен білім беру ұйымдары. Мектеп барлық қоғамның іргетасы. Іргетасы мықты қоғамның ертеңі анық болашағы зор. Кеңестік жүйе кезінің методологиясы жаңа уақытқа жарамсыз болатын себебі- қазіргі қоғамының даму концепциясына сай келмейді. Кеңестік жүйе концепциясы тыңдау, айтқаннан шықпау, оқушы мен оқытушы, үйретуші мен тыңдаушы ғана. Өзіндік пікірі бар, оқытушы айтқанды мойындау, оған өзіндік көзқарасы мүлде болмауы. Бұл кеңестік жүйенің негізгі даму концепциясы болғаны белгілі. Кеңестік жүйе адамдарды өзіндік ойлауынан алшақтатып, айтқанды ғана істейтін құлақкесті күл ету еді.

Қазір қоғам өзгеріп, шекаралар ашылып, бүкіл әлем жақындасып, мемлекеттер арасында өзара ықпалдастық күшейді. Дамыған елдердің білім саласындағы оқу үдерісіндегі тиімділігі оларда ашылып жатқан жаңалықтар мен өндірісінің дамуынан көрінеді. Мектеп партасынан өндіріс орнындағы қызметіне дейін адам дамуы үлкен маңызға ие. Мектепке келген жас баланы сондай деңгейге жеткізетін отбасы мен мектеп, жоғары оқу орындары екені анық. Мектепте тек тыңдаушылық пен орындаушылық функциясын меңгерген бала ертең өзіне өзі сенімсіз, бойындағы қабілеттің өзін көрсете алмайтын әлсіз болып шығатыны белгілі. Яғни бұл кеңестік қоғамының мақсатының орындалуы.

Қазақ елі мәңгілік ел идеясын алға шығарып, қоғамдық дамудың шамшырағы етіп алуында үлкен мән бар. Әр адам өзін толық тұлға, толық адам ретінде сезінбей, жарқын болашағы бар мәңгілік ел құра алмасымыз анық. Сондықтан мәңгілік ел құрушы жастар санасына үлкен сілкініс пен серпіліс керек. Адамның ойлау жүйесін өзгерту арқылы ғана тәуелсіз елде бақытты өмір сүреді. Оның кілті - оқу жүйесінде, мектептер мен жоғары оқу орындарында екені даусыз. Білім беру мен мектеп жұмысын ұйымдастыру ұлтты тәрбиелейтін, ұлтты алға жетелейтін маңызды құрылым екендігін қазақ білім беру жүйесінің басында тұрған біртуар елін сүйген азамат А.Байтұрсынұлы да атап көрсетіп, публицистикасының басым бөлігін арнаған еді.

Қазіргі барлық елдің мектептері, жалпы білім беру жүйесі жаңғыру үстінде. Қазақстанда өте көп реформалар білім мен ғылым саласына тиесілі. Оны қолдайтындармен қатар оған қарсы пікір білдірушілер де бар. Бір нәрсе анық бұл реформалардың болуы заңды. Бұл реформалар өз кезеңінің

талаптарынан туындап, уақыт пен қоғамның қажетін өтеуге жұмылдырылуы керек. Бұл реформалар мінсіз деп айтуға болмайды. Соңғы реформа аса көп сынға ұшырағандығы да белгілі. Үш тұғырлы тіл білім бағдарламасы шынында біздің қоғамды қатты толғандырып, көп қарсылықтар туғандығы да жасырын емес. Бұл қазақ тілін жаңа ғана тұғырына қондырып қуанған елдің тілге тағы да қауіп төніп тұрғандығына балап, алаңдағаны еді. Ұлт ретінде еңсесін тіктей алмай жатқан кезеңде орыс тілінің үстіне ағылшын тілін қосып, жас ұрпақтың ұлттық болмысы мен дүние танымынан ажырап қалады деген орынды үрей еді. Шынында бұл тұста қазақ тілінің қолданылу мүмкіндігі шектеліп, үйренуге деген қызығушылық азайатыны анық. Сондықтан қазақ тілін шын мәнінде мемлекеттік тұғырдан көруге мемлекеттік құрылымдардың өзі мүдделі болуы тиіс. Мемлекеттік тілді қолдау мен ғылым, бизнес тіліне айналдыру үшін мемлекеттік бағдарлама болуы керек.

Әлемдік инновацияларды меңгеріп, оны тұрмыс пен өндіріске қолдануды жүзеге асыратын жастар тәрбиелеу үшін қазіргі білім беру концепциясы – сыни ойлау екендігін білім берудің барлық кезеңінің оқытушылары атап көрсетіп, оның практикалық маңызын жоғары қоюда. «Сыни тұрғыдан ойлау» ұғымын белгілі бір идеяларды қабылдай отырып, оның неге қатысты екенін зерттеу, оларды жеңіл септикалық ойларға қарсы қоя білу, салыстыра алу, сол идеяларға қарсы көзқарастармен тепе-теңдікте ұстап зерттеу, оларға сеніммен қарау деп түсіндіреді авторлар.

Сын тұрғысынан ойлау деңгейіндегі ойлау тек ересек адамдарға, жоғары сынып оқушыларына ғана тән деп ойлау аса дұрыс емес. Жас балалардың да бұл жұмысты дұрыс ұйымдастырған жағдайда өз даму деңгейіне сәйкес ойы шындалып, белгілі бір жетістіктерге жетері сөзсіз. Сын тұрғысынан ойлау жобасының әдіс-тәсілдері оқушыларды тынымсыз ізденімпаздыққа баулиды. Баланың еркін де терең ойлауына, үздіксіз жұмыс жасауына жол ашады. Оқушының ізденісі жеміссіз болмақ емес. Дәстүрлі білім беру кезіндегі оқушыны сын тұрғысынан ойлайтын оқушымен салыстырғанда нәтижесі жақсы болды» [1]. Білім алушының қабілетін жан-жақты ашып, оның бойындағы ерекшеліктерді тануда сыни ойлауды өзге технология алмастыра алмасы анық. Бұл әлемдік білім беру жүйесінде көптеген жылдар бойы бақылаудан өтіп, тиімділігі мен нәтижелілігін дәлелдеген үрдіс. Оқу мен жазу арқылы сыни тұрғыдан ойлау, яғни, RWCT жобасы 29 мемлекетте қолданылады. Сыни ойлау технологиясының негізін американдық ғалымдар Чарльз Темпл, Джон Дьюи, Мередит қалады. «Оқу және жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау технологиясы» RWCT Сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасы Америкада пайда болғанмен әлемнің дамыған елдерінің барлығында тәжірибеден өтіп, толықтырылып, жетілдіріліп келген. Ж.Пиаже, Л.С.Выготский, Эльконин-Давыдовтардың сияқты ғалымдардың идеялары бір арнада тоғысып, сыни ойлау жүйесі терең талдаудан өткен. Сабақ үдерісінің барлық кезеңін қамтитын сыни ойлау білім алушыны жай жанама тұлға емес, негізгі тұлға деңгейінде танытады. Жаңа сабақты тыңдап қоймай, оны меңгеру үшін белсенді әрекет жасап, өз еңбегімен білім дағдысын меңгеру қызықтырып қана қоймай, жауапкершілікті күшейтіп, оның өзіндік шешім қабылдауда дербес тұлға болып қалыптасуына мүмкіндік береді. Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетіне жыл сайын қабылданып отырған жастардың бойындағы өзгеріс байқалады. Қазіргі

жастардың талапшылдығы, пікір білдірудегі ашықтығы мен батылдығы, ізденісінің жан-жақтылығы қуантады. Өсіп келе жатқан жастардың санасында жаңа лептің ескендігі сезіледі. Қыздар педагогтік институтында білім алған 90-95 жылдардағы біздің кезең жастары мен қазіргі кезеңді салыстыру мүмкін емес. Сол жылдар біздің топта білім алушы студенттердің 50 пайызға жуығы сабаққа дайындықпен келіп, өз мүмкіндігін көрсеткен емес-ті. Сол жастардың көпшілігі өз мамандықтары бойынша жұмыс істемей, өзге салада маман болып қалыптасты. Оның арасында өзінің бес жыл уақытын босқа өткізгендеріне өкінгендер де болды.

Сыни ойлаудың ең басты жетістігі оның адамды жүйелі ойлауға үйрететіндігі, білім алушының өзіндік пікір қалыптастырып, ұсынылған білім мазмұнын жай қабылдаушы емес өзіндік көқарас пен дербес дүниетаным тұрғысынан тануға мүмкіндік береді. Білім алушыға өмірде толыққанды өзіндік мүмкіндігін ашуға бағытталған білім технологиясы заманауи талаптардың үдесінен шығарытындығы анық. «Мектептің жаны - мұғалім. Мұғалім қандай болса мектеп һәм сондай болмақшы. Яғни мұғалім білімді болса, білген білімін басқаға үйрете білетін болса, ол мектептен балалар көбірек білім біліп шықпақшы. Солай болған соң, ең әуелі мектепке керегі-білімді, педагогика, методикадан хабардар оқыта білетін мұғалім» [2, 315 б.] деген А.Байтұрсынұлы пікірі білім беру жүйесіндегі жетекші роль білім берушіде екендігін атап көрсетеді. Қазіргі кезеңде оқытушыларды жаңаша білім беру мазмұны мен әдіснамасын меңгеру үшін шетелдік әдіскерлерді, ғалымдарды шақырып арнайы курстардан өткізу тұрақты жолға қойылып отыр. Бұл іске министрліктен бастап жеке білім беру ұйымдарына дейін тартылып, үлкен жұмыстар атқарылып жатқандығы жасырын емес. Балаларды тәрбиелеушілер мен білім берушілер әрқашан ізденіс үстінде болып, өзгелерден алда жүру керектігі белгілі. Қазіргі кезең оқытушылары аса қысқа мерзімде аса үлкен білім технологиясын меңгеріп, ерекше бетбұрыс жасап, жаңа қоғам құрып, реформа жасаушы алдыңғы қатарлы топ болып отыр.

Жоғары оқу орындарында соңғы 5 жылда білім үдерісін әлемдік білім жүйесімен біртұтас ету үшін жаңа реформалар жүріп жатыр. Оның ең бастысы білімнің өндіріспен біртұтас болуы. Білімнің өндірістің қажетін өтеп, оның нәтижесін өнімділікпен өлшеу. Білім мен ғылымдағы инновациялық мәселелердің маңыздылығын Президент Н.Назарбаев институтционалды дамудың маңызды саласы ретінде қойып отырғаннан түсінуге болады. Оқу мен өндірістің біртұтас болуы халықтың әл-ауқатын арттырып, экономикалық тұрғыда дамуға ықпал ететін негізгі фактор. Жоғары білім мекемелерінің оқытушылық-профессорлық құрамының ғылымилық деңгейі жоғары Томсон райтерс және Скопус журналдарында мақала жариялауы университет рейтингін анықтаушы фактордың бірі. Бұл Қазақстан ғалымдарының ғылыми жетістігін әлемдік деңгейде көрсетіп қана қоймай, ғылыми әлемде ашылатын жаңалықтардың жүйеленуіне әсер етеді. Қазақ ғалымдарының тіл білмеушілігі оларға кедергі келтіріп отырғандығы жасырын емес. Бірақ бұл кедергіні меңгеріп, тұтас әлем ғылыми кеңістігіне шығу ғалымдардың өзі үшін әрі қоғамдық даму үшін аса қажет. Жаратылыстану мен гуманитарлық салалар үшін маңыздылығы бірдей. Қазақ әдебиеттану ғылымы кеңестік қапаста жарыққа шыға алмай өз жөргегінде тұншықтырылуға аз қалғандығы белгілі. Әлемдік деңгейге

шыққан қазақ қаламгері мен көркем шығармалары саусақпен санарлықтай. Оның өзі тарихи шындықты бұрмалап кеңестік идеология негізінде жазылған шығармалар. М.Әуезовтің «Абай жолы» романының алғашқы томдарының қандай қиындықтармен шығарылғандығы, Б.Кенжебай сынды ғалымдардың көрген қиянаты қазақ әдебиетінің аса қиын да күрделі өткелдерден өткендігінің бір дәлелі. Абайдың өмірін, оның қоршаған ортасының кеңестік идеология кесірінен бұрмаланып тек оның мақсат-мүддесінен шыққаны үшін ғана өзге тілдерде жарық көрді. Жазушының «Қилы заман», «Қараш-қараш оқиғасы» сынды озық шығармалардың қазақ ауылынан алыстамауы әділетсіздік еді. Шәкәрім, Ахмет, Мағжан, Жүсіпбек, Бейімбет сынды қазақ әдебиетінің алтын ғасыр тұлғаларын шетке шығару, олардың әлемдік әдеби – ғылыми айналысқа түсуі қазақ халқының ұлттық болмысы мен дүниетанымын көрсетуге орайласады. Кей әдебиеттанушылар айтып жүргендей, бізге шетелдік журналдарға шығу қажеттігі жоқ дейтін пікірлер қазақ руханиятының дамуына кедергі келтіреді. Қазақ әдебиеті мен өнері тек қазаққа керек деген қате пікір. Қазақ руханиятын шетелдерге таныту, олардың шығармашылығын әлемдік аспектіде қарастыру жаңа әдебиеттанушылардың міндеті болмақ. Қазіргі кезең тұрғысынан ойлап, болашақты жоқ ету қазақ руханиятын алға оздырмасы анық.

Қазіргі білім мен ғылым әлемдік интеграциялану үдерісінен қалмауы керек. Сонда қазақ мемлекеті де әлемдік өркениеттен өзіндік орнын алады. Өзімен-өзі тұйықталу артқа тартатын зиянды жүйе. XX ғасыр басындағы Алаш азаматтарының әлемдік білім мен ғылым, даму көшінен қалмауға жасаған жанкешті қадамдары қазіргі ұрпаққа өнеге болуы тиіс. Арнайы кәсіби білімі болмаса да, қазаққа керек деген білім мен ілім саласы бойынша кітаптар мен мақалалар жазғаны халыққа шексіз берілгендік және шынайы қамқорлық еді. Алаш арыстары ең кемі екі-үш ғылым саласында қатар еңбек етті. Ә.Бөкейхан экономика, аграрлық саламен қатар публицистиканы, әдебиеттанушылық, аудармашылық т.б. салалардың барлығында өнімді еңбек етіп, ұлтжандылықтың өнегесін көрсеткен-ді.

Сыни ойлау сабағының құрылымы 3 кезеңнен (ERR) тұрады:

- Эвокация – оқу жұмысымен шұғылдануға қызығушылықты ояту. Болжау кестесі, Тірек сөздер, Венн диаграммасы, Т кестесі, Бір айналым күнделік, Блум таксаномиясы, Миға шабуыл, Топтастыру;

- Реализация – мағынаны таныту, яғни оқып жатқан тақырыптардың қажеттігін түсіну. Т кестесі, Пікір – талас, Аквариум, INSERT, RAFT, ДЖИК СО, Куббизм, Геометриялық фигуралар, Бір айналым сұхбат, Түртіп алу, Жұпта талқылау, Бағытталған оқу, Талдау картасы, Топтастыру;

- Рефлексия – тұжырымға келу, қорытындылау, жаңа білімді бекіту. Бұл бағдарламаның қорытынды үшінші кезеңінде үйренгенін саралап, салмақтап ой елегінен өткізіп, алған білім мазмұнын бекітеді. Эссе, Топтастыру, Пирамида, Құндылық сызығы, Т кестесі, Sinkuein немесе бес жолды өлең, RAFT, Түйін сөз, Семантикалық карта, Концептуалды таблица, Бір айналым сұхбат.

Сыни тұрғыдан ойлау сабағы мен дәстүрлі сабақты салыстыру кестесіне қарағанда сыни ойлау сабағының жетістіктері өте көп екендігі байқалады.

СТО мен дәстүрлі сабақтарды салыстырсақ:

<i>СТО сабақтарда</i>	<i>Дәстүрлі сабақтарда</i>
Оқушылар жекелей, жұппен, топпен жұмысты жақсы ұйымдастырады.	Оқушы бірден жұмысқа кірісіп кетпейді.
Өз беттерімен жұмыс істеу қабілеттері, белсенділіктері басым.	Белсенділік орташа, мұғалімнің көмегін керек етеді.
Шығармашылық қабілеттері артады, топтағы әр оқушының жауапкершілігі басым.	Шығармашылығы бірқалыпты, ынта-ықыластарын білдіре қоймайды [1]

Сыни тұрғыдан ойлаудың жоғары білім беру мекемелерінде де қолдану аясын кеңейту керек. Мектепте сыни ойлау жүйесі жетілген оқушы университетке келгенде дәстүрлі дәрістер мен практикалық сабаққа көңілі толмайтыны анық. Кей жоғары оқу орындарында магистратураға түскен кей жастардың білім беру үдерісі мен сапсына көңілі толмай, шетелге білім іздеп кетіп жатқаны да жасырын емес. Мектептен көрі күрделенген формаларын алып, білім алушыға мол мүмкіндік пен жауапкершілік жүктеу, белгілі мәселелерде ғылымда дәлелденген тұжырымдардың дәлелін өзге жолдармен шеше білуге дағдыландыру керек. Сыни тұрғыдан ойлаудың қоғамдық-саяси жүйені жетілдіріп, мемлекеттік институтқа ықпалы туралы әдіскердің пікірі құнды: «Сыни тұрғыдан ойлау – бұл демократиялық қоғамды құру және оны әрі қарай жетілдірудегі қажетті фактор, өйткені демократиялық қоғамда бірінші орында жағдайды сыни бағалауда дайындық пен қабілеттілік жоғары бағаланады. Өркениетті пікірталас – екі немесе одан да көп еркін тұлғалардың өзара пікір таластарын тудырып, өз мүдделерін шешуде сыни тұрғыдан мәселелерді шешу жолдары қарастырылады, сондықтан сыни тұрғыдан ойлау еркін демократиялық қоғамда қажетті жетістікке жету шарттарының бірі болып саналады.» Сыншы болу, сын айту, шешімнің басқа бір баламасын ұсыну ол сол мәселе бойынша жеткілікті білім мен білікті қажет етеді. Сондықтан сыни тұрғыдан ойлау технологиясының талаптары өте жоғары екендігі даусыз. Сыни ойлау технологиясының психологиялық ерекшелігін зерттеуші америка психологы Д.Халперн психология критического мышления» и «Интеллект: знания и незнания» еңбектері сыни тұрғыда ойлау жүйесін дамыту жолдарын ұсынады:

1. Дедуктивное мышление. Два требования, которые каждый человек, стремящийся к развитию критического мышления, должен себе предъявлять: проверка следствия заключения из посылок и аргументированность суждений;
2. Сомневайтесь. Подвергайте здоровому сомнению любую входящую информацию, с какого бы надёжного источника вы её не получили;
3. Проверяйте факты. Избегайте выборочной аргументации. Нельзя получить истинное знание, отбирая только те факты, которые подтверждают ваши догадки. Причинно-следственная связь должна быть установлена полностью;
4. Принимайте решения взвешенно. Составьте список возможных вариантов решений и постепенно отберите то, которое будет максимально подходить, учитывая все за и против;

5. Структурируйте задачи. Процесс решения задачи должен проходить 4 стадии: подготовка и ознакомление, выработка решения, принятие решения, оценка его эффективности. Такая простая последовательность приучит ваш ум к структурированности и позволит мыслить эффективнее;

6. Развивайте творчество. Автор «Психологии критического мышления» рассматривает «творчество как когнитивный процесс, в котором используется информация, хранящаяся в памяти и выходящая за рамки личного опыта». Именно креативность научит вас смотреть на проблему под разными углами и генерировать больше, в сравнении с человеком нетворческим, идей для её решения [4].

Психологтың практикалық кеңестері күнделікті дағдыға айналдыру мектептегі сабақ барысында орын алып, бірте-бірте баланың ойлау дағдысы болып бекиді. Өмірді өзгерту өзінді өзгертуден басталады деген қағиданы ойшылдар талай айтты. Өзінді өзгерту ойлауды, дүниені қабылдауды, оны өз сананда қорытып, жарыққа шығарып, сенімді дәлелдей білу. Қазіргі білім беру саласындағы үлкен өзгерістер мен бетбұрыстар болашақ жастардың мәңгілік ел құруының негізі болып қаланатынына сенімім зор. Өткен кеңестік жүйені аңсау болашақты барлап біле алмай жүрген ескішіл жандардың пікірі. Қазір ата-ана мен мектеп, университет пен өндіріс орындары сабақтаса әрекет етіп, бұл технологияны жатырқамай, өзімізді өзгерту үшін пайдалануымыз керек. Ой түйінін белгілі ғалым С.Пірәлиевтің тұжырымымен бекітуімнің себебі, осы мақалада айтылған ойлар мен пікірлердің қорытылып, көріктен өткен негізімен үндес, сабақтас: «Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, кез келген мемлекеттің экономикалық, әлеуметтік гүлденуі мен қауіпсіздігі халықтың білімі мен интеллектілік ресурстарымен тығыз байланысты. Интеллектуалды ұлт болу деген тар шенбердегі ұғым емес, оның түпкі иірімінде ұлттық негіз, ұлттық ұстын, ұлттық болмыс жатыр. Ұлттың сапалық құрамын арттыру тек қан тазалығын жақсартумен ғана шектелмейді, рух тазалығын тәрбиелеу арқылы да биік мұратқа жетуге болады. Ал, оның түпкі мақсатында инновациялық терең білім алу қажеттілігі мен технологиялар әлемінде қабілеттілік таныту сұранысы менмұндалап тұр. Өкінішке орай, бүгінгі таңда біздің елімізде интеллектуалдық тапшылықты” “дефициті” қай кездегіден де жоғары» [5].

Қазақ елі көпұлтты мемлекет болғандықтан тілдерді үйрету мен жас ұрпаққа оның тиімді тәсілдерін ұсыну қай кезеңде болмасын өзекті. Ағылшын тілін оқытудың ғасырлық тарихы барболса да ол тілді оқытудың методологиясы әлі күнге жетілдіріліп, оны үйретудің тиімді тәсілдері әлі күнге ізденіс үстінде. Сондықтан қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытудың жаңа ғана басталғанын мойындап. Оның әдіс-тәсілдерін жетілдіру жолдары талай кезеңдерді өткеру қажеттігі белгілі.

Бұл орайда тілді үйрету мен үйренудің мақсаттарының үлкен рольді иеленетіні анық. Ағылшын тілін үйреті методологиясының ерекше дамып, қарыштауының үлкен себебі бұл тілге деген сұраныстың жоғарылығынан туындап отыр. Ал қазақ тіліне деген қажеттілік ол деңгейде көрінбейді. Сондықтан қазақ тілін оқытудың жаңа методологиясы мектептер мен оқу орындарында мемлекеттік бағдарлама негізінде жасалады.

Қайбір тілді оқытудың негізгі құралы оқулық пен әдістемелік нұсқаулықтар. Ұлттық мектептерге арналған оқулықтарға ғылыми сарапшылық жасағанда байқаған кей жағыдайларға назар аудару қажет. Бұл

оқулықтардың көпшілігіне тән кемшілік – ізденістің аздығы. Мәтіндердің қайталануы мен тартымсыздығы тіл үйренушінің білімге қызығушылығын төмендетеді. Тапсырмалардың әртүрлілігі ескеріле бермегендік те тілді оқыту дерісінде дағдарысқа соқтыратыны жасырын емес. Оқулықтардың мазмұны идеологиялық тұрғыдан ескіргендігі, жаңа уақыт талаптары мен қызығушылығына сай келе бермеуі де оқушының тіл үйренуінде үлкен фактор ретінде алға тартамыз. Қазіргі заман мәселелрінен көрі өткен уақыттарды арқау еткен мәтіндер балаларды қызықтыра қоймысы анық. Оқулықтардың көркемдік сапасының төмендігі оқытушылар мен ата-аналар тарапынан сынға ұшырап жүрген жайларды жасырып қалу мүмкін емес. Оқу үдерісіндегі ең басты кемшіліктердің қатарында оқулыққа деген сынның көп болуына оқулық жазатын авторларға талаптың күшейтіліп, ізденіске орайласатын факторларды жетілдіру қажет. «Сенатор Қуаныш Сұлтанов үкіметке депутаттық сауал жолдауына мәжбүр болды. «Әсіресе бастауыш кластарға арналған танымдық оқулықтар, орта, жоғарғы кластарға арналған тарих, әдебиет, дүниетаным тағы басқа оқулықтар мазмұны жағынан бала, жасөспірім үшін түсініксіз, тартымсыз, дарынсыз жазылғаны туралы шағым, арыздар да жеткілікті. Олардың көпшілігі баланы оқуға ынталандырмайды, қызықтырмайды» деп атап өтті сенатор. Осылайша елде мектеп оқулықтарына түрлі деңгейдегі талдау мен сараптама жасайтын тұлғалар көбейді. Мұның себебі не?» Оқулық сараптамасын жасауға тұрақты түрде қатысып, жетістіктері мен кемшіліктерін атап көрсетіп жібергенмен, сол оқулықтардың сарапшылар көрсеткен кемшіліктерінің қаншалықты түзетілгендігі турлы мәлімет сарапшыларға жетпей жатады. Ол кемшіліктердің біразы түзетілмей, сол қалпында шығып жатқандығы да жасырын емес. Бұл тұста оқулықтарды жазу мен сараптама жасау мәселесін жүйеге енгізу керек. Оқулыққа сараптама жасаушы тұлғаларға талапты күшейтіп қана қоймай, оны ынталандыру жағына көңіл бөлінгені дұрыс. Оқулық жазу оны шығару жасырын емес, барынша ашық болғаны дұрыс. Кей авторлар көп сынып оқулықтарына қатыстырылып жатады. Бұл да дұрыс үрдіс емес. Педагог пен мұғалім, әдіскер мен сала бойынша ғалым қатыстырылып, оқулықты жан-жақты тиімді ету жағына көңіл бөлінгені дұрыс.

Қазіргі оқу жүйесі оқушы санасына өзгеріс әкелуге бағытталған. Кеңестік жүйе құрсауында ой-санасы еріксіз, қысымда болған кезең сол жүйегебарлық халықтың болмысына өз таңбасын салғаны анық. Адамдардың көпшілігі «Партия қайда болса» жеңіс сонда деген деген ұранмен сол партия идеологиясының орындаушысы ғана болып, жеке пікір мен дербес көзқарас деген түсініктерден алыс қалып, ойлау жүйесі сол негізде дамыды. Сол себепті қазіргі кезеңде өзін-өзі таба алмай, жаңа заманның сынағына шыдай алмай, күйзеліс пен қиындыққа қарсы тұра алмай, қайғылы жағыдайлар орын алып отырғаны белгілі.

Ал қазіргі кезең адамдардың жеке қабілетінің барынша дамуына жол ашып, оны еңбек үдерісінде көрсете біліп, білім мен білікке сүйенетін және бәсекеге қабілетті жастардың уақыты. Жаңа дәуір ұсынып отырған талаптарды орындау үшін жастар білім мен біліктілік қана иеленіп қоймай, өз идеясын ұсынып, оны орындау жолдарын да меңзей алатын болуы керек. Креативтілікті талап ететін қазіргі кезең адам идеясын, дербес ой-пікірін қымбат құндылыққа айналдырған. Жаһандық дамудың қарқынды көшіне ілесу үшін болашақ мамандардың қиындықтан қорықпайтын, қай мәселе

болмасын өзінің идеясын ұсынып, шешім шығара алатын білімді, әрі іскер болу қажет. Қазіргі бүкіл оқу жүйесінің негізіне дамыған елдердің кеңестік кезеңдегі қарабайыр түсінідіру мен оны қайталап айтудан бөлек білім жүйесін енгізіп келеді.

Оқу саласындағы өзгерістер мен инновация бүкіл қоғамды алға ілгерілетуші күш екендігі анық. Сондықтан бұл салаға заманауи талаптарға сай келетін білім мен инновация ұштасқан, баланы ойландырып, берілген материалды қорытып, оның негізінде дербес пікір қалыптастыратын білімді, бастамашыл, батыл, жауапкершілігі мол адам етіп шығару қазіргі кезең жүйесінің негізі. Білім жүйесіндегі қарама-қайшылықтар мен сындар қоғам әркерлілігі, ұрпақтар қайшылығынан да туындап отыратыны ескерілу қажет. Ата-ана тарапынан айтылатын сындар материалдың күрделілігіне келіп саяды. Қазіргі кезеңде бала мен оның ата-анасының екеуі екі түрлі қоғамды білім алған. Сондықтан кей ата-аналардың сыны орынсыз болуы да мүмкін. Кеңестік жүйенің білімін мақтап, қазақ тілі мектептерінің білім беру сапасына күмәнмен қарау астарында ескі көзқарастың басым түсіп отырғандығы байқалады. Қай кезеңде болмасын білім беру үдерісін ұйымдастыру өте күрделі істердің қатарынан табылған. Ол салада реформаның көптігін де осы ерекшелігімен түсіндіруге болады. Алдыңғы қатарлы білімімен ғылым жүйесі өзгелерден озық тұрған елдердің білім жүйесін әкеліп орнықтырған дұрыс. Дегенмен де әр ұлттың болмысымен қоғамдық-саяси, мәдени-әлеуметтік жағыдайлары ескерілмесе, ол жүйе дұрыс орнықпайды.

Қазақ білімі мен ғылымының негізін салушылардың бірегейі А.Байтұрсынұлы өз еңбектерінің ең үлкен саласын осы білім жүйесін ұйымдастыру мен оны оқулықтармен, мамандармен қамтамасыз етуге арнағаны белгілі. «Расын айтқанда, мектеп бағдарламасына көңіл толмайды. Оқулықтың тілі ауыр, оқушы емес, ғалымға арнап жазылғандай. Оқулық тек қана білім мен тәрбиенің ғана құралы емес, бұл патриотизмді қалыптастыратын да дүние.»- деген пікірі туралы ХХ ғасырдың басында қазақ мектептері ашылып, жүйелене бастаған кезде Ахмет Байтұрсынов мынадай пікірін алға тартады: «Үйрену һәм үйрету ең басында қиын. Балалар оқудың басында қиналмаса, оқудан тауы шағылмай, көңілі қайтып, мұқалмайды, оқуға ықыластанып, оқыған сайын қызығады. Үйретушінің де жігері құм болмай, ісі ілгері оңай жылжыған сайын, көңілденіп, оқытуға жаһады зорайып, шабыттанады. Оқу басында қиын болса, балалар миға (ұйыққа) түскен мал сықылды малтығып, жылжи алмай қиналады. Екі жағының да жігері кеміп, шабыты болмайды. Шабаттанып істемеген іс оңды да болмайды.» Ғалымның бұл пікірінен оқу үдерісіндегі психологиялық фактордың жетекшілік роліне көз жеткіземіз. Ғалымның одан кейінгі тарқатқан ойлары қазіргі кезең үшін аса өзекті. «Сондықтан әліппе кітабы оңай болып, оқытқанда балаларды неғұрлым аз кинаса, соғұрлым жақсы болмақшы. Әліппені балалар қиналмай оқып шықса, онан әрі оқуға ықыластанып, талаптары қанат байлағандай көтеріліп, зораймақшы» [1, 280 б.]. Қазіргі таңдағы бастауыш сынып оқушыларының оқулықтарының балалардың жас ерекшеліктерін ескермей, олардың ұғым-түсініктерінің күрделілігі шынында жас баланың оқуға деген ынта-ықыласын азайтып, оқу үдерісінің нәтижелі етпесі анық. Қазақ мектептерінің білімінің төмендігін арқау еткен кей пікірлердің шешімі осы оқулық мәселесінде жатқаны анық. Қазақ тілінің орыс тілді ортада

өрісін кең жаюы қанша қиындыққа толы болса да шегінбей, қазақ тілін толыққанды ғылымның, ресми іс-қағаздары мен көркем әдеби тіл ретінде өз биігіне шығару қасиетті парыз.

Қазіргі таңдағы үлкен реформа білім жүйесіндегі үштілділік. Орыс тілін меңгеру қиындық тудырмасы анық. Себебі біздің елде орыс тілін өз туған тіліндей меңгерген. Ағылшын тілін үйренуде күрделі болмысы айқын. Себебі ел-жұрттың ағылшын тілін үйренуге деген мотивациясы жоғары. Болашаққа ұмытылған жастың алдынан ағылшын тіліне деген қажеттілік жиі туындап отыратындықтан, бұл тілге деген сұраныс мемлекеттік бағдарламада бекітілмесе де өз орнын алады. Қазақ тілі бұл жағыдайда дамымай, керексіз күй кешеді деген қазақы болмысын сақтаған ұлт өкілдерінің алаңдаушылығы толастар емес. Қазақстан бағдарламасында 2025 жылы қазақстандықтардың 95% қазақша сөйлеуі тиіс. «К 2025 году казахский язык станет главенствовать во всех сферах жизни, станет языком повсеместного общения. И это, безусловно, будет важнейшим достижением нашего государства. Наш суверенитет, наша независимость наконец-то обретет то, что скрепляет нацию, цементирует ее, – это родной язык» [3, 169 б.]. Қазақ халқын біріктіруші болуы тиіс қазақ тілі аталған жылға дейін сол биіктен көріне ала ма? Оған ықпал етуші әлеуметтік – саяси жағыдайлар бар. Ол қазақ халқының үлес салмағының артуына тікелей байланысты. Осы орайда қазақ тілін ағылшын немесе орыс тілі деңгейінде оқытып жүрміз бе?

Қазіргі оқулықтардың бірнеше нұсқасының ұсынылуы тіл үйренушілер мен оқушылардың тілді меңгеру мүмкіндігін арттырады. Қазіргі кезеңде оқулықты жазушы білім мен ғылым орталықтары оқулықтың түрлі нұсқасын дайындап, білім беру ұйымдары таңдауға ие болуы бұл саладағы ізденістің шынайы екендігіне көз жеткізеді. «Жақсы оқулық – ұлттың игілігі, оның рухани құндылығы. Бұл іс қазір ұлттық сипат алып, мемлекеттік маңыз беріліп отыр, – деді ол – Осы негізде Білім және ғылым министрлігі Ұлыбритания, АҚШ, Ресей, Сингапур, Оңтүстік Корея сияқты бірқатар шетелдердің оқулықтар жасау тәжірибелеріне талдау жасады.» Назарбаев зияткерлік мектебінің оқу бағдарламасы негізінде жаңа оқулықтар жасау ісі басталып, ол Кембридж университетінің мамандарының жетекшілігімен практик мұғалімдер мен ғалымдар тобы қатыса отырып, жаңа әдіс-тәсілдерді пайдалану негізінде оқулықтар дайындалды. Балалардың сыни ойлауы мен бағалауға негізделген бұл заманауи жүйенің басты ерекшелігі - олардың өзіндік ойлау қабілетін жетілдіріп, жауапкершілік пен бастамалыққа, креативті ойлауға баулу. Оқу процесінің әрбір кезеңінің нәтижелі болуын қамтамасыз ететін жаңа әдіс-тәсілдерді мұғалімдерге үйрету де осы мектеп жанынан құрылған білім мен ғылым орталығының игілікті іс-шарасы болып отырған жайы бар. Қазақ тілін оқытудағы инновациялық бастамалар: Назарбаев Зияткерлік мектептер тәжірибиесі атты Республикалық форумы жыл сайын Республикамыздың түк-түкпірінен келген мұғалімдердің іс-тәжірибиесін бөлісу үшін жиналып, бір-бірінің сабақтарын үйреніп, талдап, кәсіби шеберлігін жетілдіруге өте пайдалы алаңға айналған. Назарбаев мектептерінің түлектерінің алдыңғы қатарлы әлемдік оқу орнына түсу мен онда оқу мүмкіндігінің жоғары екендігі бұл күнде мақтан етерлік. Осы зияткерлік мектептерінің өзге де мектептерде білім алып жатқан балалар да тыс қалмай, өз мүмкіндіктері мен қабілеттерін дамытуға жағыдай жасап отыр. Сабақты бастаудың алдында аңдату, сабаққа қатыссыз сияқты зат не

құбылыс арқылы балалардың назарын аударып, қызығушылығын тудырудан басталатын сабақ үдерісінің әрбір кезеңінде оқытушы бағыт беруші ретінде көрініп, балалар білімді өзі дербес меңгеруге орайластырылған тапсырмалардың арасында оқу-білім дағдысын қалыптастырып қана қоймай, оның қызығушылығы мен білімді меңгеруге деген ықыласын дамытуға қажетті ыстық орындық, ДЖИГСО, шеринг, әдеби шеңбер, пікір ағашы, әдеби эссе, кейіпкерге немесе авторға хат сынды жаңа әдіс тәсілдер сабақ мазмұнын түсіну, бекіту, жаттығу жасау сияқты кезеңдердің нәтижиелі болуына орайластырылады. Сондай-ақ жаңа жүйедегі әдістеме бойынша қазақ әдебиеті сабағында көркем мәтін бойынша мынадай білім дағдыларын меңгеріп шығады: шығармадағы кейіпкерлер портретін анықтау, шығармадағы кейіпкерлер образын іс-әрекеті арқылы ашу, шығармадағы теңеу, эпитет, ауыспалы мағынадағы сөздер, қайталаулардың мағынасын анықтауды, әңгіме сюжеті бойынша жоспар құру, әңгіменің фабуласы мен сюжеттік дамуын сипаттау, әңгіменің тақырыбын анықтау, әңгіменің идеясын айқындау, шығармадағы автор көзқарасын айқындау, шығармадағы автор бейнесін анықтау, автор бейнесін айқындап, биоэпоэма жазуды, әңгімеден шағын үзінділерді рөлге бөліп, мәнерлеп оқу, әңгіме үзінділері мен суреттегі кейіпкерлерді салыстыру, шығармадан алған әсерді сипаттап авторға хат жазу, шығармадағы ұлттық құндылықтарды бағалау, эпизодтар арқылы әңгіменің тарихи құндылығын бағалау, кейіпкерлерді өмірмен салыстырып бағалау, әңгімедегі екі нәрсені салыстыра суреттеулерді табу, шығармадағы қарама-қарсы суреттеулер табуды, әңгімедегі кейіпкерді өзіндік құндылығы тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу.

Қорыта айтқанда, мектеп жаны мұғалім мен оқулық деген қағидаға сай болатын оқулықтарды дайындау мен мамандарды жетілдіру үдерісі жалғаса беру қажет. Тек ештеңе істемеген кезең ғана қателеспеуге болады деген өмірдің ережесі бойынша бұл тұста да кемшіліктер мен қателіктер болмайтыны белгілі. Дегенмен осы бір факторлар үшін тоқтауға да, кеңестік кезеңдегі білім жүйесін мақтаушылар ұсынатындай оған кері қайтуға да болмайды. Қазіргі білім жүйесі бойынша тәрбие алып жатқан балалардың бойындағы өзгеріс пен серпіліс байқалып келеді. Қазақ жастарының тақсатқа ұмтылуы, білім мен біліктілікті жоғары бағалауы өз елімізде ғана емес шет елдерде көрініп жүр. Бұл әрине, осы жылдардағы білім саласындағы тәжірибелер мен атқарылған істердің, жаңа сипатты оқу жүйесінің жемісі әрі жеңісі екнедігінде күмән жоқ.

Әдебиеттер:

1. Оқу және жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау технологиясы RWCT стратегиялары. – <https://szh.kz> Пайдаланған уақыты: 25.07.2018 ж.
2. Байтұрсынов А. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1988. – 267 б.
3. Сагадиева К. Сыни тұрғыдан ойлауға үйретудегі зерттеулердің негізі. Білімді ел сайты. – http://bilimdinews.kz/?page_id=9613 Пайдаланған уақыты: 25.07.2018 ж.
4. Развитие критического мышления (советы Дайаны Халперн). – <https://4brain.ru/blog/> Пайдаланған уақыты: 12.07.2018 ж.
5. Піралиев С. Ұлттық тәрбие және жаһандану. – atazholy.kz/2009/12/lty-t-rbie-zh-ne-zha-andanu/ Пайдаланған уақыты: 27.07.2018 ж.

Усен А.А.

НОВАЯ МЕТОДОЛОГИЧЕСКАЯ СИСТЕМА В ОБРАЗОВАНИИ

В статье анализируются новые методологические концепции в современной системе образования. Определены принципы новых образовательных систем и написания учебников в период глобализации. Проанализирована особенность применения системы критического мышления в процессе обучения и требования к написанию учебников. Будут рассмотрены национальные особенности внедрения глобальных инновационных концепций в средних, высших учебных заведениях.

Ключевые слова: образование, критическое мышление, инновации, концепция, процесс обучения.

Ussen A.A.

A NEW METHODOLOGICAL SYSTEM IN EDUCATION

The idea of Mogilik El is a deeply entrenched theme in Kazakh literature. The question of the creation of the country, the creation of a powerful state became an urgent problem of the ancient scriptures of antiquity and for contemporary literary works of sovereign Kazakhstan. The idea of statehood was especially striking in the literature of the twentieth century, because at that stage the civil position of the Kazakh people was formed, and the national intelligentsia took real steps towards the creation of an independent state. Therefore, works of this era were based on the freedom of the country, the problems of democracy and individual freedom, social equality, national unity and the concepts of the Alash party.

Keywords: education, critical thinking, innovation, concept, learning process.

ӘОЖ 159.9.015

Иргалиев А.С. – педагогика ғалымдарының кандидаты,
М.Өтемісов атындағы БҚМУ доценті

Жалмаханова Л.А. – М.Өтемісов атындағы БҚМУ магистранты
E-mail: lyazzat.zhalmahanova@bk.ru

КОЛЛЕДЖ ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЭМОЦИЯЛЫҚ ӨЗІН-ӨЗІ РЕТТЕУ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ

Аңдатпа. Мақалада қазіргі психология ғылымындағы «эмоциялық өзін-өзі реттеу» ұғымына талдау, білім беру саласында оқушылардың эмоциялық ерік-сфераларын басқару, мінез-құлқы мен іс-әрекетінің бағытын, оқушының өзін-өзі реттеу қабілеттілігін жақсарту мақсатында психологиялық қызмет түрлері қарастырылады. Жасөспірімдерді өзін-өзі бағалауға үйрету, өзін-өзі ұстау, өзін-өзі басқару қабілетін қалыптастыру мақсатында эмоционалдық өзін-өзі реттеудің функционалдық құрылымы ұсынылып, әдістемелер жасақталды. Теориялық талдау жасалып, оқушылардың эмоциялық қабілеттілігін қалыптастырудың негізгі белгілері көрсетілі.

Тірек сөздер: эмоция, жағымды-жағымсыз эмоция түрлері, эмоциялық өзін-өзі реттеу, өзін-өзі бағалау, өзін-өзі ұстау, өзін-өзі басқару.

Қазақстан Республикасының Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы № 205 жарлығымен Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы бекітті. Бағдарламаның басты мақсаты - экономиканың орнықты дамуы үшін білім берудің және ғылымның бәсекеге қабілеттілігін арттыру, адами капиталды дамыту керектігін атап көрсету [1].

Мемлекеттік жастар саясаты туралы Қазақстан Республикасының заңында Жастарға арналған әлеуметтік қызметтер өз қызметін жастардың зияткерлік, рухани, дене бітімінің, шығармашылық тұрғысынан дамуы, кәсіби даярлығы және кәсіпкерлік әлеуетін іске асыру үшін жағдайлар жасау мақсатында жүзеге асырылады. Жастарға арналған әлеуеттік қызметтерінің негізгі бағыттарының бірі: жастардың өзін-өзі басқаруын дамытуға жәрдемдесу деп көрсетілген [2].

Ғылыми еңбектерде адамның эмоцияларын реттеу, өзін-өзі басқару, эмоция туралы мәселелерге көп көңіл бөлінді. Антикалық философиядан бастап бүгінгі күнге дейін, өзін-өзі реттеу мәселесі физиологтардың, психологтардың және педагогтардың ғылыми дауларының мәні болып табылды.

Н.А.Абульханова-Славская өзін-өзі реттеуді мінез-құлықтың даралығын ғылыми психологиялық талдаудың принципі ретінде түсіндіреді. Адам іс-әрекетінің және тіршілік әрекетінің барлық биологиялық жүйелерінің интегралды өтпелі механизмі ретінде өзін-өзі реттеу қарастырады [3, 335 б.].

В.П. Симонов шын мәнінде өзін-өзі реттеу және рефлекторлық қызмет пен жүйкеде айырмашылық жоқ деп санайды. Өзін-өзі реттеу рефлекторлық қызметтің ерекше көрінісін зерттеуші ғалым А.А. Ершов реттеуді «бейімделу» синонимі ретінде қарастырады [4, 3-28 б.]. Авторлардың пікірінше, реттеу ағзаны ортамен теңдестіруге есептелген. Өйткені екі жағдайда да «реттеу» ұғымының шеңбері жеке деңгейге дейін тарылып, реттелудің жеке деңгейін көрсетпейді.

Б.И. Зайгарник саналы түрде өзін-өзі реттеу процесінде мінез-құлық басқарудың екі деңгейіні көрсетті: операциялық-техникалық саналы түрде іс-әрекетті ұйымдастыруды оңтайландыру көмегімен және мотивациялық ұйымдастыру жалпы іс-әрекетке бағытталуы, мотивациялық қажеттілік сферасының басқару көмегімен жүзеге асырады [5, 122-132 б.].

Отандық психология ғылымдары Ж.Қ. Жарықпаев, О.С. Сангилбаев «Жантану атауларының түсіндірме» сөздігінде өзін-өзі ұстау, өзін-өзі басқару сөздеріне анықтама берді [6, 214-221 б.].

Өзін-өзі ұстау - адамның өз іс-әрекетінің шырқын бұзатын, эмоциялық саласына ықпалы болатын жағдаяттарда өз қарекетін жүзеге асыруға қабылеттілігі. Өзін-өзі ұстауда осы іс әрекетті реттейтін психикалық процесстерді саналы-еріктік ұйымдастыру көрінеді. Өзін- өзі ұстай білу тұлғаның эмоциялық және әлеуметтік кемелділігінің көрсеткіші.

Өзін-өзі басқару - ұжым мүшелерінің өз ортасына басшылық етіп, басқару әрекеті. Өзін- өзі басқару негізінен мекемеден тыс жұмыс түрінде кеңінен көрініс береді. Өзін-өзі бекіту - адамның өзін-өзі білдіру мен өзін-өзі ашуға деген іргелі қажеттілігі өзін өзі басқару негізгі мотиві - тіршіліктің берілген

жағдайларында едәуір толымды өмірге жетуге және ұжыммен қоғамда мәнді әрі жағымды әлеуметтік-психологиялық мәртебеге жетуге ұмтылыс [6, 214-221 б.].

Өзін-өзі басқару адамдар көбінесе үлкен рухқа ие және жоғары дамыған талаптану деңгейімен сипатталып, іс-әрекетте басқалардан жоғары нәтижелерді көрсетуге тырысады. Өзін-өзі танытумен байланысты ұғымдардың бірі - өзін-өзі басқару мәселесі психоанализде де арнайы қарастырылған. А.Адлердің пікірінше, тұлғаның өзін-өзі басқару ұмтылысы оның жастық кезеңінен қалыптасқан кемістік сезімін компенсациялау жолы ретінде пайда болады. Оның тұжырымдауынша, егер невротиктерде өзін-өзі басқару басқалардың «Менін» басу негізіндегі өзін-өзі жүзеге асыру ұмтылысымен, көбінесе эгоцентрлік бағытта іске асса, ал психикасы сау адамдарда ол, ең алдымен, белгілі бір мақсатқа жетуге кездесетін қиындықтарды жеңуге, өмір талабынан шығатын шынайы міндеттерді шешуге бағытталған, яғни өзінің әлсіз «Менін» жеңуінде, бүгінгі «Меніне» өктемдігінде көрінетін тұлғаның өзіндік өктемдегі түрінде жүзеге асады [6, 214-221 б.].

А.А.Төлегенова эмоциялық интеллекттің психофизиология тұрғысынан қарастырған. Оның зерттеу еңбегінде эмоциялық интеллекттің психофизиологиялық параметрлері адамның эмоцияны реттеу кезіндегі индивидуалды ерекшеліктерінің негізі ретінде қарастырылған. Эмоциялық интеллекттің адамның өнімді іс-әрекет, әлеуметтік бейімделу және стрестік жағдайлар үшін маңыздылығы көрсетілген [7, 16 б.].

Жасөспірімдік кезеңде баланың жеке дамуына әсер ететін жағдайлар терең өзгерістермен сипатталады. Олар дененің физиологиясы, ересектер мен құрдастар бар жасөспірімдер арасында қалыптасатын қарым-қатынас, когнитивтік процестердің, интеллект пен қабілеттердің даму деңгейіне қатысты. Бала организмнің тез өзгеріске ұшырап, ересек организмне айналуына байланысты. Баланың физикалық және рухани өмірі үйден сыртқы әлемге көшеді, құрдастар мен ересектердің ортасына ауысады. Құрдастарымен бірлесіп барған ойын-сауықтар, бірлескен жасаған істен қарағанда, өмірлік маңызды тақырыптарға байланысты қарым - қатынастар әлдеқайда маңызды болады. Осы жаңа қарым-қатынаста жасөспірім интеллектуалды жеткілікті дамыған тұлға болып табылады және өзінің құрдастарымен қарым-қатынас жасауда белгілі бір орынды иеленуге мүмкіндік беретін қабілеттерге ие болады [8, 224 б.].

Оқушылар ағзасында орын алатын психофизиологиялық өзгерістер пайда болуымен байланысты кризистік даму кезеңі орын алады және осы ахуалмен байланысты жасөспірім мінезінің кейбір көрсеткіштері шамадан артық дамып кетуі, эмоциясын реттей алмауы, агрессияның орын алуы, эмоцияға берілуі, эмоциясын басқара алмауы, орынсыз кикілжіңдер байқалады.

Заманауи жас ерекшелік психологиясы практикалық міндет ретінде жасөспірімдердің проблемаларын шешуде психологиялық көмек яғни алдын-алу және түзетуді қарастырады: өздігінен білімге және жеке өсуде психологиялық көмек көрсететін жасөспірімдердің толық ақыл-ой және жеке дамуына қолайлы жағдай жасау үшін білім беру жүйесін оңтайландыру, баланың ата-аналарының проблемаларын және қақтығыстарын шешу: ата-аналардың мен бала арасындағы тежеушілік тәуелділікті еңсеру, жасөспірімдегі агрессия, девиантты және заңсыз мінез құбылыстар,

нашақорлық, ерте жыныстық белсенділігі және жасөспірімдік жүктілік жіне девиантты ана атануды болдырмау [9, 187 б.].

Эмоционалды өзін-өзі реттеу (эмоционалды реттеу, ЭР) - бұл өмірлік оқиғаларға эмоционалды түрде әлеуметтік жағынан қолайлы жолмен жауап беру қабілеті, сонымен қатар өздігінен реакция жасауға жеткілікті икемділік сақтай отырып, қажет болған жағдайда оларды кейінге қалдыру мүмкіндігі [10, 73-100 б.].

Өзін-өзі реттеу - бұл тұлғаның субъект ретіндегі жаратылысын, оның әртүрлі тіршілік жағдайларында өзінің тіршілік ету параметрлерін (күйі, мінез-құлқы, қызметі, өзгелермен өзара әрекеттесуі) ерікті түрде реттеп отыруға қабілеттілігін көрсететін жүйелі сипаттамасы.

Өзін-өзі реттеу ұғымы (лат. regulare – тәртіпке келу, бәрін үйлестіру) энциклопедиялық нұсқада ұйымдасуы мен күрделілігі әртүрлі тірі жүйелердің мақсатқа сай тіршілік етуі ретінде анықталады, ол шетелдік және отандық психологияда жақсы дамыған [11, 6 б.].

Е.А. Сергиенко жүйелі және субъектілік-әрекеттік тәсілдердің шеңберінде мінез-құлықты бақылау дербестіктің интегративті сипаттамасы ретінде қарастырылады және өзін-өзі бақылаудың негізі болып табылатын мақсатты қызметті қамтамасыз ететін мінез-құлықты реттеудің психологиялық деңгейі ретінде түсініледі [12, 95-98 б.].

Мінез-құлықты бақылауда үш компонентке бөлінеді:

1. Іс-әрекетті бақылау-мінез-құлық көріністерін бақылау;
2. Эмоцияны бақылау-эмоциялық реттеу;
3. Когнитивті бақылау-когнитивті талдауға, алдын ала зерттеуге және қызметті жоспарлауға қабілеттілік.

Эмоциялардың саналы реттелуін В.И. Моросанова зерттеуінде кез-келген мақсатқа бағытталған іс-қимыл, яғни мақсат (белгілі бір эмоцияларға қол жеткізу / болдырмау), бағдарламалау бірлігі (ресурстарды бағалау және бөлу), өнімділік бірлігі (психикалық операциялар, мінез көріністері, өзін-өзі реттеу құралдарын пайдалану) және кері байланыс жүйесі (мақсат пен алынған нәтижелер арасындағы байланысын) қарастырды [13, 5-17 б.].

Н.Б. Дорошенко өзін-өзі реттеу үлгісін шолу, олардың негізгі екі құраушысы бар екенін көрсетті: өзреттелімнің бірінші мінез ерекшелігі болып мақсаттарды қоюдың динамикалық уәждемелік жүйесі, аралық қорытындыларды бағалау болып, ал екінші малі түрлері мен формаларын бастау, құру, қолдау және басқару бойынша жүйелі ұйымдастырылған процесс» деп түсіндіреді. Өзін-өзі реттеу процестерінің жетілу дәрежесіне кез-келген еркін белсенділік актісінің табыстылығы, сенімділігі, өнімділігі, соңғы нәтижесі байланысты екенін атап көрсетеді. О.А. Конопкиннің пайымдауынша, адам психиканың жоғары формаларыныңызды ерекшелігі, сонымен бірге, уәждеме жүйесінің негізгі элементтері болып табылатын және когнитивтік үдеріспен байланысты сезім реакцияларын түзетумен істес болу табылады [14, 246-278 б.].

Шетелдік ғалымдар J.Gross, A.Gyurak және A.Etkin зерттеуінде уақытқа, ұзақтығына байланысты және түрлі реттеуші стратегияларды қамтиды. Оларды қолдану қарқындылығы: «жағдайды таңдау, жағдайды өзгерту, назар аудару, когнитивті қайта бағалау және өзін өзгерту, эмоциялық реакция» [15, 400-412 б.].

Ғылыми әдебиеттерді талдағанымызда кейбір ғалымдар, адам

психикасының жоғары бейімделудің тиімділігін қарастырады. «Өзін-өзі реттеу» ұғымын басқа ұғымдармен теңестіріп, психикалық үдерістерді, құбылыстарды, психикалық белсенділік пен тағы басқа да саналы өзін-өзі реттеу процестерін қарастырды. Мәселен, эмоциялық өзін-өзі реттеуді терең анықтаған О.А. Конопкин саналы өзін-өзі реттеу «адамның ішкі белсенділігінің әртүр тасымалдаушысы ретінде, ол өзінің орындаушылық іс-әрекетінің мақсаттарын өзі қабылдайды және оларды қолайлы құралдармен жүзеге асырады, ол сондай-ақ бірқатар жағдайларда өзі анықтайтынын ескере отырып, бұл жерде саналы өзін-өзі реттеу туралы айтуға болатынын алға тартады.

Сонымен қатар, адам мінез-құлқының барлық жеке ерекшеліктері функционалдық қалыптасуымен және өзін-өзі реттеу процестерінің мазмұндық сипаттамаларымен анықталады. Белсенділік субъектісі жүзеге асырады [16, 128-135 б.]. Осы пікірлерге келесе отырып, оқушылардың эмоциялық өзін-өзі реттеу қабілеттілігін қалыптастыру мақсатында, біз эмоционалдық өзін-өзі реттеудің келесі функционалдық құрылымын ұсынамыз (жалпы өзін-өзі реттеу сияқты) (кесте 1) [17, 130 б.].

Кесте 1 – Эмоциялық өзін-өзі реттеудің функциялық құрылымы

Өзін-өзі реттеу процесінің құрылымы	Эмоционалдық өзін-өзі реттеу мазмұны мен функциялары
Субъект қабылдаған мақсат	Проблемалы жағдайда жеке тұлға ретінде сезіну және оны оңтайландыру бойынша шешім қабылдау-эмоциялық өзгерістердің қалай өзгеретіні туралы білім қалыптастыру
Қызметтің маңызды жағдайларының субъективті моделі	Қалыптасқан жағдайдың қандай эмоционалдық жай - күйі неғұрлым адекватты болып табылатыны туралы түсінік қалыптасу-эмоционалдық қарым-қатынастың әлеуметтік-қолайлы нұсқасын ұғыну, жағымсыз эмоционалдық жай-күйлерді жеңу үшін үлгі іздеу
Бағдарлама орындаушылық	Эмоционалдық өзін-өзі реттеу процесінде жеке тұлғаның іс-әрекетінің алгоритмін қалыптастыру: а) қажеттіліктің іс-әрекетінің өзгеруі; б) қажеттілікті қанағаттандыруға бағытталған өз белсенділігінің өзгеруі; в) қажеттіліктің тұлғалық бағалауының өзгеруі; г) қызмет шарттарының өзгеруі.
Табысқа жету критерийлері	Атқарушылық іс-әрекеттер бағдарламасын іске асырудан адамның қанағаттану дәрежесін сезінуі
Нәтиже туралы ақпарат	Тұлғаның эмоционалдық жағдайының және оның қажеттілігінің келісілуінің қандай дәрежеде еңсерілгендігін сезінуі
Қызметті түзету туралы шешім	Тұлғаның эмоционалдық жағдайының және оның қажеттілігінің оңтайлы арақатынасына қол жеткізу үшін эмоционалдық өзін-өзі реттеу процесін жалғастыру туралы шешім қабылдау.

Эмоциялық өзін-өзі реттеудің функциялық құрылымын қарастыра, психологиялық диагностика бағдарламасына төмендегі әдістемелерді белгіледік:

- В.В. Бойконның «Кедергілер» әдістемесі;
- Басса-Даркиннің «Эмоцияны зерттеуге арналған» тесті;

- А.Уэссман және Д.Рикстің «Эмоционалдық күйлерде өзін-өзі бағалау».

Жасөспірімдер арасындағы аутодеструктивті әрекет пен дағдарыстық ахуалдардың пайда болуын детерминациялайтын және дербес немесе басқа да себептермен бірлесе психологиялық қауыртқылықты күшейтетін жасерекшелік психологиялық факторлар туралы мәліметтер әлі де болса жеткіліксіз жағдайда.

Осыған орай, теориялық талдау барысында жасөспірімдерде аталған деструкция әрекеті жасерекшелік психологиялық жаңа құрлымдардың пайда болуынан эмоциялық (жеткіліксіз эмоциялық зерттеу, депрессиялық жағдай) когнитивті (талдау қызметінің бұзылуы, болжамдау мен ақпаратты бағалау; руминация; ойлаудың, зейінің, есте сақтаудың, реттеуші қызметтерінің бұзылуы) және тұлғалық салалардың (өзіндік сана сезім дамуының бұзылуы) бұзылуымен түсіндіріледі [18, 39 б.].

Оқушылар арасында осындай проблемалардың орын алуына байланысты біз психологиялық қызмет түрлерін төмендегідей қарастырдық:

а) мінез-құлқында өзгеріс пайда болған оқушыларды бақылау, жұмыс жасау; балалардың неғұрлым нышандық проблемаларын және олардың ой өрісінің дамуы динамикасындағы көрініс түрлерін (депрессиялық күйді, қобалжуды, агрессивтілікті, алаңдаушылықты, үрейлік, қорқыныш және т.б.) анықтау;

б) оқушыларға «Сенім қызметі» арқылы психологиялық көмек көрсету;

в) дағдарыс жағдайларында оқушыларға психологиялық көмек беру;

г) эмоциялық-ерік сферасын дамыту, эмоциялық өзін-өзі реттеу қабілеттілігін қалыптастыру мақсатында тренингтер, сауалнамалар жүргізу;

е) стресске қарсылықты күшейту;

ж) жағымсыз эмоциясын жеңуге көмек көрсету (сурет салу, музыка тыңдау, өлең жаздыру, сұхбаттасу т.б.);

Осылайша теориялық талдауды қорытындылай келе, оқушылардың эмоциялық қабілеттілігін қалыптастырудың негізгі белгілері болып келесілер саналады:

1. *Эмоциялық саланы жетілдіру.* Оқушылар арасында (оның барлық қозғаушы күштерін дамыту, әр түрлі сезімдер мен эмоцияларды үйлесімді дамыту, өзін-өзі бағалауды қалыптастыру, түсіну біліктерін дамыту, эмоциялық өз жағдайлары мен себептері, оларды тудыратын, шамадан тыс эмоциялық шиеленісті және жоғары үрейленуді жеңу);

2. *Жағымды эмоционалдық жағдайын дамыту үшін жағдай жасау:* оқушылардың эмоционалдық тәжірибесіне назар аудару; эмоциялық қиындықтарды жеңу жолдарына ілесіп жүретін эмоционалдық процестер туралы түсінік қалыптастыру;

3. *Оң эмоционалдық фонды сәттер туғызу;* көркем-шығармашылық ортада оң эмоционалдық көңіл-күйдің пайда болуын қамтамасыз ететін психологиялық-педагогикалық құралдарды қолдану; (көңіл көтеру, әзіл-сықақ, мадақтау, табыс жағдайы және т. б.);

4. *Жағымды эмоционалдық жағдайларды өзектендіру* (зияткерлік, шығармашылық, танымдық қажеттіліктен қанағаттандыру сезімі; мотивациялық қанағаттандыру, жетістіктер, шығармашылық, табыс қуанышы, қызықты жұмыс, тапсырмалар, қарым-қатынас, ойындар, көңілді көңіл-күй және т.б.);

5. Жағымсыз жағдайларды бейтараптандыру (оқушылардың өз күштерінде сенімсіздігі, жоғары алаңдаушылық, реніш, қызғаныш, агрессия, қорқыныш, үрей және т. б.);

6. Эмоциялық өзін-өзі реттеу қабілеттілігін қалыптастыру және дағдыландыру: осыған байланысты оқушылар арасында қарым-қатынас, топтық жаттығулар, психологиялық тренингтер мен сауалнамалар жүргізіледі;

7. Саналы түрде эмоциясын басқара білуді үйрету (оқушылар арасында өзін-өзі ұстай білуді дамыту, өзінің жеке эмоционалдық жағдайын және оның себептерін түсіну, жоғары шашыраңқы, тітіркендіргіш, сондай-ақ үрей мен шиеленісті жеңуге жұмыстану).

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасында білім беруде және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – www.adilet.zan.kz Пайдаланған уақыт: 14.12.2018 ж.

2. Мемлекеттік жастар саясаты туралы Қазақстан Республикасының заңы 2015 жылғы 9 ақпандағы №285-VҚРЗ. Жастарға арналған әлеуметтік қызметтер 3-тарау 25-бап // Егемен Қазақстан. – 2015. – №27(28505). – Б. 5.

3. Абульханова-Славская К.А. Сознание личности в кризисном обществе / Под ред. К.А. Абульхановой-Славской, А.В. Брушлинского, М.И. Воловиковой. – М.: ИПРАН, 1995. – 335 с.

4. Вилюна В.К. Основные проблемы психологической теории эмоций // Психология эмоций: Тексты / Под ред. В.К. Вилюнаса, Ю.Б. Гиппенрейтер. – М.: МГУ, 1984. – С. 3-28.

5. Зайгарник Б.В. Холмогорова А.Б, Мазур Е.С Саморегуляция поведения в норме и патологии // Психологический журнал. – 1989. – Т. 10. – №2. – С. 122-132

6. Жарықбаев Қ.Б., Сангилбаев О.С Жантану атауларының түсіндірме сөздігі. - Алматы: Сөздік-словарь, 2006. – 384 б.

7. Төлегенова А.А. Психофизиологическое исследование эмоционального интеллекта. – Алматы: Казахский национальный университет, 2009. – 115 с.

8. Карабанова О.А. Возрастная психология: Конспекты лекций. – М.: Айрис-пресс, 2008. – 240 с.

9. Немов Р. Психология. Кн. 2. Психология образования. – М: Гуманитар, 2010. – 187 с.

10. Cole P.M., Michel M.K., Teti L.O. The development of emotion regulation and dysregulation: a clinical perspective // *Monogr Soc Res Child Dev.* – 1994. – Vol. 59. – P. 73–100.

11. Додонов Б.И. В мире эмоции. – СПб.: К Политиздат, 1990. – 140 с.

12. Сергиенко Е.А Контроль поведения как интегративная характеристика саморегуляции // Тезисы докладов на юбилейной научной конференции «Современная психология: состояние и перспективы». Т. 1. – М.: ИП РАН, 2002. – С. 95-98.

13. Моросанова В.И. Личностные аспекты саморегуляции произвольной активности человека // Психологический журнал. – 2002. – №23(6). – С. 5–17.

14. Дорошенко Н.Б. Теории и концепции саморегуляции в достижении благополучия и здоровья // Гуманистическая парадигма построения развивающей психологической практики в образовании, социальной сфере. - Пятигорск, ПГЛУ, 2009. – С. 246-278.

15. Gyurak A., Gross J., Etkin A. *Explicit and Implicit Emotion Regulation // A DualProcess Framework. Cognition and Emotion.* – 2011. – Vol. 25 (3). – P. 400-412.

16. Конопкин О.А. *Общая способность к саморегуляции как фактор субъектного развития // Вопросы психологии.* – 2004. – № 2. – С. 128-135.

17. Бойко В.В. *Энергия эмоций: 2-е изд., доп. и перераб.* – СПб.: Питер, 2004. – 473 с.

18. Лафренье П. *Эмоциональное развитие детей и подростков: Пер. с англ.* – СПб.: Прайм-Евразия. – М.: Олма-пресс, 2004. – 250 с.

Иргалиев А.С., Жалмаханова Л.А.
ПСИХОЛОГИЧЕСКОЕ ОПИСАНИЕ ФОРМИРОВАНИЯ
ЭМОЦИОНАЛЬНОЙ САМОРЕГУЛЯЦИИ УЧАЩИХСЯ КОЛЛЕДЖА

В статье рассматривается анализ понятия «эмоциональная саморегуляция» в современной психологической науке, виды психологических услуг с целью улучшения эмоциональной воли учащихся, направления поведения и деятельности, способности к саморегуляции учащихся. С целью формирования у подростков способности к самооценке, самоуважению, самообладанию была предложена функциональная структура эмоциональной саморегуляции, разработаны методики. Проведен теоретический анализ, показаны основные признаки формирования эмоциональных способностей учащихся.

Ключевые слова: эмоции, позитивно-отрицательные эмоции, эмоциональная саморегуляция, самооценка, саморегуляция, самоуправление.

Irgaliev A.S., Zhalmahanova L.A.
PSYCHOLOGICAL DESCRIPTION OF THE FORMATION OF
EMOTIONAL SELF-REGULATION COLLEGE STUDENTS

The article deals with the analysis of the concept of "emotional self-regulation" in modern psychological science, in the field of education, the types of psychological services are considered in order to improve the emotional will of students, the direction of behavior and activity, the ability to self-regulation of students. In order to form the ability of adolescents to self-esteem, self-esteem, self-control, the functional structure of emotional self-regulation was proposed, methods were developed. The theoretical analysis is carried out, the main signs of formation of emotional abilities of pupils are shown.

Keywords: emotions, positive-negative emotions, emotional self-regulation, self-esteem, self-regulation, self-government.

ӘОЖ 371.33

Исабаева С.Н. – педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті

E-mail: sulu.74@mail.ru

Абдыкеримова Э.А. – педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті

E-mail: Abdykerimova_el@mail.ru

Абишева Н.М. – педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент м.а., Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті,

E-mail: a-nurmag@mail.ru

Пазилова Б.А. – педагогика ғылымдарының магистрі, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті

E-mail: bakiza_kz@mail.ru

Талпакова Б.Ә. – педагогика ғылымдарының магистрі, Алматы технологиялық университеті

E-mail: balzhan_14@mail.ru

СТУДЕНТТЕРДІҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ІС-ӘРЕКЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ЖОБАЛАУ ӘДІСІНІҢ РӨЛІ

Аңдатпа. Студенттердің дайындығын анықтайтын басым бағыттардың бірі – зерттеушілік іс-әрекет. Мақалада студенттердің зерттеушілік іс-әрекетін қалыптастыруға, сондай-ақ идеялары мен ойларын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін жобалық әдісті қолданудың негіздемесі келтірілген. Пәндер мазмұнындағы студенттердің зерттеушілік іс-әрекеттерін қалыптастыру үшін түрлі жобалар ұсынылған: ақпараттық жобалар, ғылыми жобалар, шығармашылық жобалар, тәжірибе-бағытталған жобалар, ойын жобалары.

Тірек сөздер: зерттеу іс-әрекеті, оқу үрдісі, жобалық әдіс, іс-әрекеттер, студенттер, ақпараттық жобалар, ғылыми жобалар, шығармашылық жобалар, тәжірибеге бағдарланған жобалар, ойын жобалары.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында мемлекеттік саясат негізінде ең алғаш рет әр оқушының қабілетіне қарай интеллектуалдық дамуы жеке адамның дарындылығын таныту сияқты өзекті мәселелер енгізіліп отырғаны белгілі [1]. ХХІ ғасыр - бәсеке ғасыры, бұл бәсеке енжарлықты, керітартпалықты көтермейді. Еліміз егемендігін алып, өзін бүкіл әлемге мойындата бастаған осы кезеңде біздің қоғам дарынды, қабілетті, жан-жақты жетілген тұлғаларды қажет етеді. Сондықтан да еліміздің білім берудегі ұлттық жүйесі өте қарқынды өзгерістер сатысында тұр. Бүгінгі таңдағы негізгі мақсат - ұлттық құндылықты әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті, өзіндік жеке көзқарасы қалыптасқан тұлға тәрбиелеу. Ол үшін оқушылардың белсенділігін арттыру, ізденімпаздыққа үйрету және білімді өз бетінше алуы мен қолдана білетін зерттеушілік іс-әрекетін қалыптастыру керек.

Жалпы, аталған мәселеге байланысты, оны өзінің зерттеу объектісі немесе зерттеуінің «өзегі» етіп алмағанымен де, студенттерде зерттеушілік біліктілік

қалыптастыру жайлы белгілі бір деңгейде тұжырымдар айтқан, ой-пікір білдірген ғалым-әдіскерлер В.И. Андреев, М.Г. Гаруков, И.Я. Лернер, П.И. Пидкасистый және т.б. монографиясы мен мақалаларында, Н.Г.Морозова, Қ.Б.Жарықбаев, Ю.К.Бабанский, М.А.Данилов, М.И. Махмутов, М.Н. Скаткин, Г.И. Щукина және т.б еңбектерінде зерттеу әрекеті ретінде оқушылардың танымдық қызмет субъектісі ретінде қалыптасу үрдісі қарастырылды [2].

Бұл талапқа байланысты қазір әлемнің көптеген дамыған елдеріндегідей біздің елімізде ауқымды шаралар қолға алынуда. Соның бірі ғана емес бірегейі, ол – бұл күнде ХХ ғасырдың еншісінде қалып бара жатқан белгілі бір уақыт кезеңінде ғана білім алу жағдайынан - бүкіл өмір бойы білім алу жағдайына көшу, яғни адамның бүкіл өмір бойы тұрақты түрде жаңа білім мен дағдыларды игерулеріне жағдай туғызу. Сондықтан да қазіргі таңда білім беру жүйелерінің алдында тұрған негізгі міндет тұлғаның бүкіл өмір бойы тұрақты түрде жаңа білімдерді ала алуларына және соған сәйкес оларды қолдана алу іскерліктерін игерулеріне, яғни шығармашылық тұлға ретінде қалыптасуына негіз қалау болып табылады.

Бұл міндетті жүзеге асыру білім беру жүйесінде студенттерді өз бетімен білім алуға ынталы ету, оларға жаңа білімді тек репродуктивтік қана емес ізденіс жүргізу және зерттеушілік іс-әрекетін дамыту арқылы игерту мәселелерінің практикада нақты шешімін табумен тығыз байланысты. Зерттеушілік іс-әрекет оқушыларды жаңа білімді игеруге ғана бағыттап қоймай, жаңа ақыл-ой қызметінің қалыптасуына көмектеседі. Ал, бұл студенттердің арнайы шығармашылық қабілетінің ғана емес, жалпы алғанда теориялық ой-пікірлерінің дамуына да зор ықпал етеді. Мұндай қбілеттерді қалыптастыруда жобалау әдісін қолдану маңызды.

Неміс ғалымы К.Фрей «Жобалау әдісі» кітабында осы ұғымды былай түсіндіреді: «бұл білім алушылар мен білім берушілердің жобаны құрастыра отырып жүретін жолы». Ол жобалау әдісінің төрт жағымсыз белгілерін атап көрсетеді [3]:

- 1) жобаға қатысушылар жобалау бастамасын өмірдегі біреуден алады;
- 2) жобаға қатысушылар оқыту формалары туралы бір-бірімен келіседі;
- 3) жобаға қатысушылар жобалау бастамасын дамытады және оны барлығына хабарлайды;
- 4) жобаға қатысушылар өздерін жұмыс барысында ұйымдастырады;
- 5) жобаға қатысушылар жұмыстың барысы туралы бір-біріне ақпарат береді;
- 6) жобаға қатысушылар пікірталасқа түседі және т.б.

Сонымен бірге, жобалау іс-әрекеті айналасында пікірталастар үздіксіз жүруде. И.А.Сасова атап өткендей, бір авторлар, жобаны студенттің жеке іс-әрекетінің нәтижесі, оның өзіндік идеясын жүзеге асырудың нәтижесі ретінде түсіндіреді, яғни жобалар әдісі тек қана сабақтан тыс уақытта қабылдауға болатын әдіс болып саналады; басқа бір авторлар жобалар әдісі бойынша оқыту кезеңінде, барлық білім алушылардың қажеттіліктерін анықтауға үйрете отырып, фронтальды жұмыс жүргізуді дұрыс деп санайды, бұл кезеңде бастапқы идеяларды ұсыну, оларды бағалау, жұмысты жоспарлау, бұйымды дайындау, оны сынау және бағалау бойынша фронталды жұмыста жүргізген дұрыс деп санайды [4]. Бірінші жағдайда – ол оқытушы мен жеке

білім алушының бірлескен жұмысы, ал екінші жағдайда – оқытушы енетін бүкіл топтың жұмысы болып табылады.

Оқытушы басқа қызметтерді де атқарады: ұйымдастырушы және кеңес беруші, бұл оқытудың субъектісі болып саналатын студент ұстанымының өзгеруіне негізделеді. Біз Е.С. Полаттың педагогтың жобалар әдісін қолдану шеберлігі – оның жоғары біліктілігінің көрсеткіші, оқыту мен дамытуда алдыңғы қатарлы әдістемені меңгеруінің көрсеткіші деген пікірімен келісеміз.

Бұл технологияларды ХХІ ғасырдың технологиясына бекер жатқызбайды, олар ең алдымен, адамның индустриалды қоғамдағы жедел өзгеретін жағдайларына бейімделу білігін қарастырады. Е.С. Полат жобалау әдісі деп, «тұлғаның өзбетінділік іс-әрекетінің нәтижесінде, белгілі бір мәселені шешуге мүмкіндік беретін, оқу-танымдық тапсырмалардың белгілі жиынтығын» атайды [5]. Егер жобалар әдісін, педагогикалық технологиялар ретінде түсіндіретін болсақ, ол өзінің құрамына зерттеу, ізденістік, проблемалық әдістерді, мәні бойынша шығармашылық әдістерді қамтиды деп түсіндірме береді. Бірақ бұл анықтамалар білім алушы-оқытушы қатынасының сипатын, олардың өзара іс-әрекетінің мақсаттары мен нәтижелерін көрсетпейді.

Т.И. Шамованың көзқарасын негізге ала отырып, қазіргі жағдайда жобалау іс-әрекеті арқылы оқытудың негіздерін құру туралы айтуға болады, оның бастапқы бағдарларын атаймыз:

1) оқытушының барлық ойы-зейіні – білім алушы және оның шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал ету;

2) білім беру үдерісі тек қана оқу пәнінің логикасы бойынша емес, негізінен студент үшін тұлғалық мәні бар, іс-әрекет логикасы бойынша құрылады, бұл өз кезегінде білім алушының оқуға деген мотивациясын арттырады;

3) жобамен жұмыстың жылдамдығы, әрбір білім алушы дамудың жаңа кезеңіне өтуге мүмкіндік алады;

4) оқу жобаларын құрастырудағы кешенді тұғыр, білім алушының негізгі физиологиялық және психикалық қызметтерінің дамуына ықпал етеді;

5) базалық білімді терең саналы меңгеру, оны әмбебап қолдану есебінен қамтамасыз етіледі [6].

Жобалар әдісінің негізінде, студенттердің танымдық дағдыларын дамыту, өз бетімен білімін құрастыру білігі, ақпараттық кеңістікте бағдарлану білігі, сыни ойлауының дамуы жүзеге асады. Білім беру үдерісінде жобаны қолдану тәжірибесін сипаттай отырып, беделді британ психологы Д.Равен, білім алушылармен жұмыс істейтін оқытушының қалыптан жоғары дәрежеде, бағдарламаны орындаудан бас тартуын атап көрсетті [7]. Оның орнына оқытушының зейіні, студенттердің белгілі бір жұмысты орындай отырып, меңгере алатын құзыреттілігіне аударылу керек.

Жобалап тәлім жинақтау мақсаты студенттердің, келесідей білімдік әрекеттеріне орай қойылады:

- әрқилы ақпарат көздерінен жеткіліксіз болып тұрған білімдерін өз бетінше әрі қалауы бойынша игереді;

- игерген білімдерін танымдық және тұрмыстық міндеттерді шешу үшін пайдалануға үйренеді;

- әрқилы топтар жұмысына қатыса отырып, қарым - қатынастық ептіліктер игереді;

- өздерінің зерттеушілік ептіліктерін дамытады (міндеттер белгілеу, ақпарат жинау, бақылау, эксперимент кою, талдау, болжам жасау, қорыту);

- жүйелі ой топшылау ептілігін дамытады.

Жобалау технологиясының бастау бағыттары:

- басты назарда – тәрбиеленуші студент, оның шығармашыл қабілеттерінің дамуына көмектесу;

- тәлімдік жүйе студент үшін тұлғалық мәнге ие іс-әрекеттердің қисынына негізделеді, осыдан студенттің тәлім, білімге деген талпынысы артады;

- жоба бойынша жеке-дара жұмыс қарқыны әр студенттің өз даму деңгейіне орай іс жасауына жол ашады;

- тәлім жобаларын дайындаудағы кешенді бағыт студенттің негізгі физиологиялық және психологиялық мүмкіндіктерінің теңдей дамуына жәрдемдеседі;

- базалық білімдерді әрқилы жағдайларда әмбебап қолдануға үйренеді.

Жобалау әдісінің негізіне студенттердің таным дағдыларының дамуы, өз білімдерін өз бетінше құрастыра алу ептіліктері, ақпараттық кеңістікте бағдар таңдау шеберліктері, сындарлы ой дамуы алынған.

Жобалау әдісі әрдайым студенттердің белгілі уақыт аралығында орындайтын дербес – жеке-дара, жұптасқан жұмыстарына бағдарланады. Бұл бағыт шәкірттерді топтастырып үйрету, білім игеру істерімен сәйкес келеді. Жобалау әдісі қай уақытта да, бір жағынан, әрқилы әдістер мен құралдарды пайдалануға, екінші жағынан - әртүрлі ғылымдар, техника, технология, шығармашылық саласынан қажетті білімдер мен ептіліктерді біріктіре ұсынуға қолайлы. Жобалардың орындалу нәтижесі барша уақытта сезімді болуы қажет, яғни, егер проблема теориялық болса, оның шешімі, ал практикалық болса, оның нақты пайдалануы, көзге түсер нәтижесі болуы шарт.

Жобалау әдісін пайдалана білу ептілігі оқытушының жоғары біліктілігінің, студенттің білім игеруі және дамуына тиімді озат әдістемесінің көрсеткіші. Бұл технология, ең алдымен, адамның постиндустриалды қоғамның шалт өзгерістеріне икемденуін көздеген ХХІ ғасыр технологиясы деп бекер аталмаған. Жобалау әдісін пайдалануда қойылатын талаптар:

- шешімі бірігімді білімдерді, ізденісті зерттеулерді қажет ететін тұрмыстық мәнді де маңызды тапсырмалардың болуы (мысалы, әлемнің әртүрлі аймақтарындағы демографиялық мәселелерді зерттеу, қышқылды жаңбырдың қоршаған ортаға келтіретін зиянын ашу және т.б.);

- ниетті нәтижелердің тәжірибелік, теориялық, танымдық маңызының болуы (мысалы, аймақтың демографиялық жағдайы жөнінде тиісті орындарға хабарлап тұру, әртүрлі жерлердегі тоғай, орманды қорғау, мәдени-қоғамдық шаралар жоспарын түзу және т.б.). Студенттердің дербес (жеке-дара, жұптасқан, топтық) іс-әрекеттері; жобаның мазмұндық бөлігін құрастыру (кезеңді нәтижелерін көрсетумен).

Бұл құзыреттілік мақсатқа жетуде қажет ақпаратты іздеуді, тапқырлықты, сендіру білігін, басқару білігін қамтиды. Уақыт өткен сайын, әдістің негізін қалаушылардан кейін, жобаларды жіктеу туралы мәселе өзекті болып қала береді. Біздің бұл пікіріміз И.С. Сергеевтің көзқарастарына жақын, ол шамамен келесі негіздер бойынша үш жіктеуді атап көрсетеді:

1) іс-әрекеттің басым түрі: практикалық-бағдарлы, зерттеу, ақпараттық, шығармашылық, рөлдік;

2) кешендік: моножобалар – бір пәннің немесе білімнің бір саласында болады, сабақта жүргізілуі мүмкін; пәнаралық жобалар проблеманы қоюда кіріктіруді талап етеді;

3) байланыстардың сипаты: топаралық, жоғарғы оқу орны арасындағы, әртүрлі деңгейдегі қалалық, республикалық, халықаралық олимпиадалар.

4) орындаудың ұзақтығы: мини-жобалар сабақтың бір бөлігін немесе бір сабақтың уақытын алады, қысқа мерзімді жобалар – 4-6 сабақ; апталық жобалар - жобалау апталығының аясында жүргізіледі, 30-40 сағатты алады: сабақтарда жұмысты координациялау жүргізіледі, ал жұмыстың негізгі көлемі сабақтан тыс уақытта немесе үйде орындалады; жылдық жобалар - ұжымдық және жеке түрде жүргізіледі.

Е.С. Полат жобаны жіктеудің тағы екі негіздемесін қарастырады:

5) жобаны координациялау сипаты: тікелей (қатаң, жұмсақ), жасырын (айқын емес, жобаға қатысушыны имитациялайтын);

6) жобаға қатысушылардың саны.

Жоғарыда аталған ғалымдардың пікірлеріне сүйене отырып, студенттердің біз айқындаған ақпараттық технологиялық құзыреттілікті меңгеруі үшін, белгілі мүмкіндіктерін, сонымен бірге, жобалау іс-әрекетінің тәсілдерін анықтаймыз және сипаттаймыз:

1. Ақпараттық жобалар бастапқы кезден, белгілі бір нысан, құбылыс немесе оқиға туралы ақпарат жинауға, жобаға қатысушыларды онымен таныстыруға, кең аудиторияға арналған деректерді талдау және жалпылауға бағытталған. Мұндай жобалар, жобамен жұмыс барысында, құрылыммен алдын ала анықтауды, жүйелі түрде түзетудің мүмкіндіктерін талап етеді. Осындай жобаның құрылымын Е.В. Полат келесі үлгіде белгілейді: жобаның мақсаты, оның өзектілігі – ақпарат алу әдістері (әдебиет көздері, мәліметтер базасы, оның ішінде электрондық, сұхбат, сауалнама, «миға шабуыл» жүргізу, ақпаратты өңдеу (талдау, жалпылау, таныс деректермен салыстыру, дәйектелген тұжырымдар), нәтиже (мақала, реферат, баяндама, видео), мультимедиялық презентация (басылым болуы мүмкін, оның ішінде желідегі және т.б.).

Зерттеу іс-әрекеті ақпараттық іздеу және талдау мақсатында, келесі құрылымнан тұрады: ақпараттық іздеу пәні – аралық нәтижелерді белгілеумен іздеудің кезеңдері – жинақталған деректермен аналитикалық жұмыс – тұжырымдар – бастапқы бағыттарды түзету (егер талап етілсе) – нақтыланған бағыттар бойынша ақпаратты әрі қарай іздеу – жаңа деректерді талдау – жалпылау – тұжырымдар, әрі қарай мәліметтерді алғанға дейін жалғаса береді, ол жобаға қатысушыларды қанағаттандыруы керек – қорытынды, нәтижелерді безендіру (талқылау, редакторлау, презентация, сыртқа бағалау), біздің пікіріміз бойынша, олар ақпарат көзінің типіне тәуелсіз, ақпараттық іс-әрекеттің құрылымына ұқсас болады, өз кезегінде, жобалау кезеңінің барысында, «тікелей» тұрғыда қатысушылардың ақпараттық-технологиялық құзыреттілігін қалыптастыруға тікелей жұмыс істейді.

2. Практикалық-бағдарлы жобалар нәтижені алдын ала анықтауды талап етеді, мұнда жобаға қатысушылардың, қоршаған социумның немесе сырттай тапсырыс берушінің (студенттерге арналған алаң, қойылым үшін

декорациялар, газет, бейнефильм, қойылым және т.б.) қызығушылықтарына бағдарлануы міндетті болып саналады. Мұндай жоба жақсы ойластырылған құрылымды талап етеді, тіпті оған қатысушылардың іс-әрекетінің сценарийі, олардың қызметтері анықталуы керек, аралық нәтижелердің дәл шығуы және әрбір студенттің соңғы өнімді безендіруге қатысуы жақсы ойластырылуы қажет. Мұнда әсіресе, күш-қуатты сатылы түзету, презентация мен алынған нәтижелердің сырттай бағалануы, апробацияның мүмкін болар тәсілдері мен оларды тәжірибеге ендіру тұрғысында, жұмысты жақсы реттеу маңызды болып саналады.

3. Зерттеу жобалары шынайы ғылыми зерттеуге ұқсас, жобаның өзектілігінің негізделуін, әлеуметтік маңыздылығын, мақсаттарын, құрылымын, әдістерді, болжамды ұсыну және эксперименталды тексеруді, нәтижелерді статистикалық өңдеуді талап етеді.

4. Шығармашылық жобалар, детальды құрастырылған құрылымының болмауымен ерекшеленеді, ол жобаға қатысушылардың қызығушылықтары мен қабылдаған логикасына бағынып, жаңадан құрылады және әрі қарай дамиды. Біздің жағдайымызда, қаланған және жоспарланған нәтижелер туралы айтуға болады (шығарма, спорт ойындары, экспедиция, театрландарылу және т.б.).

Студенттер білімді шынайы қажеттік ретінде қабылдауы үшін оның өзіне маңызды келген проблеманы қойып, өз белсенділігімен шешу талабын тарту лазым. Нәтижені сырттай көруге, ұғуға, тұрмыс-тәжірибеде қолдануға болады. Ал іштей нәтиже сол білімге деген ынта мен ептіліктер, біліктілік және құндылықтар.

Жоба әдісін дайындап, әлемде бірінші болып білімдену жобаларын ажырата топтастырған американдық профессор **Коллинге** болды. Оның ойынша, тәлім-білім тиімділігін көрсетуге бағытталған жобалар түрі келесідей болуы мүмкін:

Ойындық жобалар - әрқилы ойындар, халық билері, сахналық қойылымдар және тағы басқалар. Мақсат – балаларды топтық қатынастарға тарту.

Саяхаттық жобалар – қоршаған табиғат және қоғамдық өмірмен байланысты жағдайларды мақсатты түрде зерттеп үйрену.

Баяндама жобалары – мақсаты - әрқилы формада әңгімелесуден (ауызша, жазбаша, ән орындау, күй тарту және т.б.) қанағат табу.

Құрастырушылық жобалары - нақты пайдаға жарағандай өнім жасау (құс ұясын жасап, жоғарыға ілу, мектеп театры сахнасын құру, көпір салу, ойын алаңын түзу және т.б.).

Зерттеу әдістерін пайдалану келесідей: қойылатын мәселені және туындайтын міндеттерді белгілеп, оны шешуге байланысты болжамдарды алға тарту, соңғы нәтижелерді өрнектеп, алынған деректерді талдау, қорытынды шығару, түзетулер енгізу. Әрқилы жағдайлардағы жоба тақырыбын таңдау әртүрлі жолмен анықталуы мүмкін. Бұл жағдайларда оны бекіткен бағдарлама шеңберінде тәлім-тәрбие мекемелерінің басшылары ұсынуы мүмкін, және бірде тақырыпты өз пәні жағдайларын, өзінің кәсіби қызығулары мен студенттердің қабілеттерін ескерумен оқытушы тарапынан ұсынылуы ықтимал. Үшіншіде - жоба тақырыбы студенттер тарапынан өз қызығушылығына сәйкес тек танымдық сипатта ғана болмай, қолданбалы, шығармашыл формада алдағы міндеттер есебінде қолға алынуы мүмкін.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III. – <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319> Пайдаланған уақыты: 25.09.2018 ж.
2. Полат Е.С., Бухаркина М.Ю., Моисеева М.В., Петров А.Е. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования / Под ред. Е.С. Полат. – М.: Изд. Центр "Академия", 2001. – 272 с.
3. Шумакова Н.Б. Развитие исследовательских умений младших школьников. – М.: Просвещение, 2011. – 157 с.
4. Опыт организации исследовательской деятельности школьников: «Малая Академия Наук» / Автор-составитель Г.И. Осипова. – Волгоград: Учитель, 2007. – 154 с.
5. Из опыта методической работы: Дайджест журнала «Методист» / Сост. Е.М. Пахомова. Науч. ред. Э.М. Никитин. – М.: АПКиПРО, 2004. – 57 с.
6. Нефедова Л.А., Ухова Н.М. Развитие ключевых компетенций в проектном обучении // Школьные технологии. – 2006. – №4. – С. 61- 65.
7. Полат Е.С. Педагогическое проектирование: от методологии к реалиям // «Методология учебного проекта»: материалы методического семинара. – М., 2001. – 123 с.

**Исабаева С.Н., Абдыкеримова Э.А., Абишева Н.М., Пазилова Б.А.,
Талпакова Б.Ә.**

**РОЛЬ МЕТОДА ПРОЕКТА ПРИ ФОРМИРОВАНИИ
ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ**

Одним из наиболее приоритетных направлений, определяющих подготовку студентов, является исследовательская деятельность. В статье дается обоснование необходимости использования метода проекта как позволяющая студентам реализовать собственные идеи и замыслы. Предложены разные виды проектов для формирования исследовательской деятельности студентов: информационные проекты, исследовательские проекты, творческие проекты, практико-ориентированные проекты, игровые проекты.

Ключевые слова: исследовательская деятельность, процесс обучения, метод проекта, деятельность, студент, информационные проекты, исследовательские проекты, творческие проекты, практико-ориентированные проекты, игровые проекты.

**Issabayeva S.N., Abdykerimova E.A., Abisheva N.M., Pazilova B.A.,
Talpakova B.A.**

**THE ROLE OF THE PROJECT METHOD IN THE FORMATION OF
RESEARCH ACTIVITIES**

One of the most priority areas that determine the preparation of students is research. The article provides a rationale for the use of the project method as allowing students to realize their own ideas and ideas. In the content of the disciplines. Different types of projects are proposed for the formation of students' research activities: information projects, research projects, creative projects, practice-oriented projects, game projects.

Keywords: research activity, learning process, project method, activity, student, information projects, research projects, creative projects, practice-oriented projects, game projects.

ӘОЖ 531

Сырым Ж.С. – педагогика ғылымдарының кандидаты,
доцент, М.Өтемісов атындағы БҚМУ

Ахметов М.Г. – педагогика ғылымдарының кандидаты,
доцент, Батыс Қазақстан инженерлік гуманитарлық университеті

Муратова К.М. – М.Өтемісов атындағы БҚМУ магистранты
E-mail: kunduzka.27@mail.ru

МЕХАНИКА КУРСЫ БОЙЫНША ТІРЕК КОНСПЕКТІЛЕРІН ҚОЛДАНУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа. Мақалада физика сабағында тірек конспектілерді қолдану артықшылықтары баяндалған. Тірек конспектілер берілген оқу материалдарын есте сақтауға көмектеседі. Сонымен бірге тірек конспектілер оқыту құралы ретінде түсініктерді тез меңгеруге, терең білім беруге және оны жүйелеуге мүмкіндік береді.

Тірек сөздер: оқыту үдерісі, тірек конспекті, мектеп, мұғалім, оқушы, эксперимент, физикалық құбылыстар, механика, кинематика, динамика.

XXI ғасырдың бет-бейнесі біліммен өлшенбек. Ертеңгі келер күннің бүгінгіден гөрі нұрлы болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға апаратын күдіретті күш тек білімге ғана тән. Қай елдің болсын өсіп-өркендеуі, өркениетті дүниеде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына тікелей байланысты.

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологиясы мен инновациялық әдіс – тәсілдерді енгізу, білім беруді акпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» – деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттерін көздейді. Бұл міндеттерді шешу үшін мектеп ұжымдарының, әрбір мұғалімнің күнделікті ізденісі арқылы, барлық жаңалықтар мен қайта құру, өзгерістерге батыл жол ашарлық жаңа практикаға, жаңа қарым-қатынасқа өту қажеттігі туындайды.

Бүкіл дүниежүзілік білім әлеміне кіру мақсатында қазіргі кезде Қазақстанда білімнің жаңа жүйесі құрылуда. Бұл үрдіс педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үрдісіне нақты өзгерістер енгізумен қатар жүргізіледі. Елімізде болып жатқан түрлі бағыттағы өзгерістер білім беру қызметіне жаңаша қарауды, қол жеткен табыстарды сын көзбен бағалай отырып саралауды, оқушылардың шығармашылық әлеуметін дамытудың, мұғалім іс-әрекетін жаңаша тұрғыда ұйымдастыруды талап етеді. Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық іс-

әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі маңызды мәселелерінің бірі.

Орта мектепте физиканы оқыту үдерісінде тірек конспектiлердi тиiмдi пайдаланудың нәтижесi – тақырыптың тұтастығын, ықшамдылығын, көрнекiлiгiн, түсiнiктiлiгiн қамтамасыз етедi, оқушылардың бiлiмiн тиянақтайды, алған бiлiмiн оңай еске түсiруге көмектеседi. Оқушыларға сапалы бiлiм беру, оқу бағдарламасындағы бiлiмдi қамту мен кеңейту жүйесiн жүзеге асырудың тиiмдi жолы – тірек конспектiлердi пайдалану болып табылады [1, 6 б.].

Педагогикалық әдiстемелiк үдерiстерде тірек конспектiсiн сабақта қолдану мұғалiмдердiң көпшiлiгiнен үлкен қолдау тауып отыр, оқыту үдерiсiнде кеңiнен қолданылуда.

Бұл технологияның ерекшелiгiне тоқталсақ:

Бiрiншi ерекшелiгi – нақты дәл есептелген оқу үдерiсiн құра бiлу.

Бұл құрылымды былай түсiндiруге болады: «Тірек конспектiлерi дегенiмiз – ойынның элементi, уақыт үнемдiлiгi және бала психологиясын қызықты құбылысқа бағыттау. Бiрақ ең басты мақсат – берiлген тақырыпты логикалық байланыстар негiзiнде оқушының түсiнуi мен ұзақ уақыт есте сақтауы».

Екiншi ерекшелiгi – уақыт үнемдiлiгi. Мысалы, белгiлi бiр тақырыпты түсiндiру барысында бiрнеше тақырыпты жинақтап, ықшамдап бiр-екi тірек конспектiсiне сыйдыруға болады. Бұл әдiстеме қазiргi күнге дейiн құндылығын жойған жоқ. Тірек конспектiсi сабақтың негiзгi құрам бөлiгi ретiнде қолданылады. Мұнда негiзiнен мына мәселелерге назар аударған жөн.

1. Тірек конспектiлерiн пәндi жүргiзудiң басынан бастаған жөн.

2. Мүмкiндiгiнше барлық сабақтарда пайдалану керек.

3. Сұлбаларға оқушылармен бiрге талдау жүргiзiп отыру. Сұлбаларды оқушылардың қатысуымен талдау керек.

4. Оқушылардың белгiлi тақырыпқа сай сызба белгi даярлауға негiзделген өзiндiк жұмыс жасауына мүмкiндiк беру.

5. Оқушының топпен және екi – екiден жұмыс жасауына мүмкiндiк беру.

Тірек конспектiсiнiң артықшылықтары мынада:

а) оқушыға оқу материалы жинақы, қысқаша берiледi;

б) оқушы оқу материалының iшiнен ең негiзгiсiн таңдай бiлудi үйренедi;

в) оқушы таңдап алған танымдылық – бiлiмдiк түсiнiктерiн бiр – бiрiмен байланыстырып, қарапайым жүйе жасауды үйренедi;

г) оқушы оқулықпен және қосымша әдебиеттермен жұмыс жасауға дағдыланады;

д) Оқушы өзiнiң танымдық деңгейiн бiледi. Өзiн – өзi бағалауды үйренедi.

Тірек конспектiлерi арқылы оқыту өзiнiң нәтижесiн бередi [2, 21 б.]. Атап айтсақ:

Мұғалiм:

- оқушы бiлiмiн тексеруде дидактикалық құрал ретiнде пайдаланады – мағыналық, логикалық белгiлердi нақты, қысқа түсiндiредi;

- баға қоры молаяды;

- оқушы бiлiмi әдiл бағаланады.

Оқушы:

- берiк бiлiм негiзi қаланады;

- сөйлеу қабiлетi дамиды;

- тұжырымдап, топшылау дағдылары қалыптасады;

- танымдық үдерісі нығаяды;
- қарым — қатынас қажеттілігі қанағаттандырылады;
- пәнге деген қызығушылығы артады;
- шығармашылығы шыңдалады.

Нәтижесінде мұғалімнің де, оқушының да жасампаздығы артып, жаңашылдыққа бет бұрады. Оқушы материалдарды білімге деген қажеттілігін қанағаттандыру мақсатында меңгереді. Тірек конспектілері арқылы оқыту мынадай мақсаттарды – білім, білік, дағдыны қалыптастыру; барлық баланы оқыту; оқытуды жеделдету.

Тірек конспектілері арқылы оқыту технологиясының ерекшеліктері – үнемі қайталау, міндетті кезеңдік бақылау, жоғары деңгейдегі қиыншылық, ірі блокпен оқыту, тіректі қолдану; жеке бағдарлы қарым-қатынас ықпал; ізгілік, еркімен оқыту.

Әр оқушының жобасының жариялылығы түзетуге, өсуге, табысқа жетуге жағдай жасау, оқыту мен тәрбиенің бірлігі.

Бүгінгі таңда мектеп мұғалімінің алдында тұрған келелі, әрі жауапкершілігі мол міндеттердің бірі – оқушыға тиянақты білім беру. Осы мақсаттарды жүзеге асыруда мектеп мұғалімдері іздемпаздықпен оқытудың тиімді әдіс тәсілдерін өз тәжірибесінде үздіксіз қолдана отырып жұмыс жүргізіледі. Жұмыстың нәтижелі болуы кез келген мұғалімнің таңдап алған әдісті үздіксіз, үнемі, жүйелі қолдануына және оқушының жас ерекшелігі мен білім деңгейін ескеріп отыруына байланысты.

Сонымен қатар оқушыны оқу жұмысына белсене қатыстырып, оған белгілі бағыт-бағдар беріп, қадағалап, жұмысын бағалап отыру – жақсы нәтиженің негізі. Оқушы білімінің сапасы мен оқытудың тиімді болуы таңдап алынған оқыту әдісінің пәрменділік дәрежесін көрсетеді. Әртүрлі әдістерді сабақта қолдану мектеп мұғалімдерінің көпшілігінен үлкен қолдау тауып, оқыту үрдісінде кеңінен қолдануда. Тірек конспектілерін пайдалану тиімді. Белгілі бір әдіс, белгілі бір кезең өткен соң өзге бейнеде түрлендіріп берілсе, онда оқушыларда қайта қызығушылық пайда болып, оларды ізденуге жетелейді [1, 7 б.].

Тірек конспектісін практикалық сараман кезінде сабақтарымда қолдандым. Мұнда негізінен мына мәселелерге назар аударған жөн:

I. Тірек конспектілерін орта деңгейдегі сыныптардан бастау.

II. Мүмкіндігінше барлық сабақтарда пайдалану.

III. Тірек конспектілерін оқушылармен бірге талдау жүргізе отырып даярлау.

- Оқушыларға белгілі тақырыпқа сай тірек конспектілерін даярлауға негізделген өзіндік жұмыс және үй тапсырмасын беру.

- Оқушылардың топпен не екі-екіден жұмыс істеуіне мүмкіндік беру.

Тірек конспектілерін пайдаланып оқытудың тиімділігі мынада:

1. Оқу материалы жинақы, қысқаша беріледі;

2. Оқушының қысқартылған материалды түсінуі үшін ойлау, салыстыру, есте сақтау қабілеттерінің мүмкіндік туады;

3. Оқу материалының ішінен негізгісін таңдай білуді үйренеді;

4. Топпен және өзара бірлесе жұмыс істеуді үйренеді;

5. Оқушы сызу, сурет салу, өз бетімен шартты белгі ойлау, оның мәнін білуге мүмкіндік туады;

6. Оқушы өзінің танымдық деңгейін біледі. Өзін өзі бағалап үйренеді.

Тірек конспектілерін сабақтың негізгі құрам бөліктері ретінде қолданамын. Тірек конспектілері – бұл айтылатын материалдың бейнелі жоспары, белгілі бір мағынаны білдіретін шартты белгілер, сөздер, суреттер және басқа да ойға тірек болар белгілердің жүйесі. Қысқа бейнелі түрде берілген хабарды кез – келген оқушы тұжырымдап, әрі кеңейтілген түрде айта алады. Тірек конспектілері баланың ойын қозғайды, материалды берік есте сақтауға негіз болады.

Физикалық құбылысты зерттеу бақылаудан басталады, яғни осы құбылысты табиғи жағдайда зерттеуден басталады. Айталық, бізге денелердің еркін түсу заңдары белгісіз екен делік. Егер осы заңдарды анықтағымыз келсе, онда ең алдымен, денелердің еркін түсуін бақылауға тиістіміз.

Алайда, құбылысты құр ғана бақылау, ол туралы ешқандай білім бермейді. Галилейге дейінгі өмір сүрген миллиондаған адамдар денелердің еркін түсуін бақылаған болар, алайда олардың біреуі де ол құбылысты зерттеген жоқ. Кездейсоқ және шашыраңқы бақылауларды бір жүйеге келтіріп, ойланып және барлық денелер бостықта бірдей құлауы тиіс деген болжамды айту үшін Галилей сияқты ұлы ақыл иесі керек болды. Ол тек қана болжам айтып қойған жоқ, сонымен қатар оын тексерудің жолын айқындап берді.

Демек, физикалық құбылысты зерттеудің екінші кезеңі оны сапалық талдау болып саналады. Бұл талдау барысында құбылыстың мәні туралы болжам (гипотеза) айтылады және айтылған болжамды эксперимент жүзінде тексерудің жоспары құрылады.

Физикалық эксперимент-құбылысты зерттеудің екінші кезеңі. Зерттеу әдісі ретінде физикалық эксперимент бақылаумен байланысты болғанымен, одан мәнді айырмашылығы бар. Бақылау тек қана құбылыстың бетінде жатқандарды тіркейді. (Мысалы, Галилейге дейінгі адамдар жеңіл денелер ауыр денелерге қарағанда жайырақ түсетінін бақылады. Бірақ, олардың біреуі де неге осылайша болады дегенді анықтауға тырыспады). Эксперимент барысында құбылыс қайталанып қана қоймай, сонымен қатар оның қандай шарттарға және параметрлерге байланысты екендігі зерттеледі, қажетті өлшемдер жүргізіледі.

Сонымен, экспериментті өткізген уақытта құбылыстың мәнін анықтау үшін оның жүру барысында белсенді түрде араласып отырамыз. Экспериментті өткізу кезінде құбылыс анық та, айқын білінетіндей жағдай жасалуы керек. Мысалы, денелердің еркін түсуін зерттегенде Галилей еркін түсіп келе жатқан денелер ретінде өлшемі бірдей шарлар алған.

Эксперимент барысында ғылымға қажетті жаңа фактілер ашылады, алайда олар шындықты дәл білдіре қоя алмауы мүмкін. Құбылыстың мәнін тереңінен түсіну үшін алынған эксперименттік фактілерді теориялық ой елегінен өткізу қажет. Осы кезде қажетті математикалық және ұғымдық аппарат пайда болады. Бұл құбылысты зерттеудің ең қиын сатысы болып есептеледі, өйткені бұнсыз дәл білім жинақтауға болмайды және физикалық теория тұжырымдалмайды. Атақты физик Макс Борн былай деп жазған: «Физиканың алдында мынадай мәселе тұр: құрал-жабдықтарды пайдалана отырып, біздің сезім мүшелеріміз арқылы бақыланып отырған нақты құбылыстарды дәл өлшейтін және оңай тұжырымдалатын заңдарға қалай айналдыруға болады?» Қозғалыстың жылдамдығы туралы ұғым

Аристотельдің өзіне белгілі болған, ал «үдеу» терминін тек 1841 жылы Понселе енгізді.

Физикалық құбылыстарды зерттеудің бұл кезеңінде физиктер математиканы пайдаланған және математикалық операциялар арқылы жаңа енгізілген шаманы бұрыннан белгілі шамалар арқылы өрнектеген. Бұл арқылы шамаларды өлшеуге қажетті алғышарттар жасалынды.

Эксперимент нәтижелерін теориялық талдау зерттеушіге эксперименттік заң тағайындауға мүмкіндік береді және осы заңды өзі тұрған физикалық теорияға енгізеді.

Зерттеген құбылыстарды түсіндіретін физикалық теория: 1) физикалық теорияны түсіндіретін және оның негізін құратын эксперименттік фактілерден; 2) теорияның негізгі заңдарын өз тілінде тұжырымдайтын математикалық аппараттан; 3) алынған формулалардың физикалық мағынасын ашып беретін ұғымдық аппараттан тұрады.

Айтылғандардан көріп отырғанымыздай, ғылыми зерттеу барысында, физиктер бірімен бірі тығыз байланысқан екі әдісті-эксперименттік және теориялық –пайдаланады. Теория мен эксперименттің бірлігін қатып қалған тұрғыдан қарастыруға болмайды. Зерттеудің бір кезеңінде эксперимент теорияны басып озатын болса, енді бір кезеңінде, керісінше, экспериментті теория басып озады немесе эксперимент пен теория дамуында уақытша параллелизм болуы да мүмкін. Теория мен эксперименттің бірлігі деп адамдар өзін қоршаған ортаны танып-білуде бірі-бірін толықтырып отыратын, бірімен -бірі тығыз байланысқан екі әдісті айтамыз.


Білімді қандай әдіспен (эксперименттік немесе теориялық) алса да, ол бірдей болады. Ғылым үшін де, адамзат үшін де ғылыми фактілер мен осы фактілерді түсіндіретін білімнің бағалылығы бірдей.

«Механика» тарауын оқытқанда мынадай ұғымдарға аса көңіл бөлу керек: материялық нүктенің түзу бойымен қозғалысы; координата, жылдамдық, үдеу. Бірқалыпты және бірқалыпты үдемелі қозғалыс; координата мен жылдамдықтың уақытқа тәуелділігі. Бірқалыпты және қисық сызықты қозғалыс [3, 9 б.].

Механикалық тербелістер: гармониялық тербелістер; амплитуда, жиілік және период. Еркін және еріксіз тербелістер. Резонанс. Серпімді толқындар, олардың таралу жылдамдығы. Дыбыстың қаттылығы. Тонның жоғарылығы. Денелердің өзара әсерлесуі. Масса. Күш. Ньютон заңдары. Дене импульсі, импульстің сақталу заңы. Реактивті қозғалыс. Жұмыс және қуат. Потенциалдық және кинетикалық энергия. Механикалық энергияның сақталу заңы. Жай механизмдердің пайдалы әсер коэффициенті.

Бүкіләлемдік тартылыс заңы. Ауырлық күші. Еркін түсу. Салмақ. Салмақсыздық. Қатты денелердің серпімді және пластикалық деформациялары. Серпімділік күші. Гук заңы. Үйкеліс. Үйкеліс күші. Заттың тығыздығы. Сұйықтар мен газдардың қысымы. Паскаль заңы. Архимед күші. Денелердің жүзуі. Сұйықтар мен газдардың қозғалысы. Бернулли теңдеуі [4, 11 б.].

Мектептің физика курсына Механика тарауын жалпылау және жүйелеу мақсатында келесі тірек конспектісін ұсынуға болады (сурет – 1).



Сурет 1 – Механика тарауына арналған тірек – сызба

Осындай тірек-сызбаларды қолданғанда жұмыс уақыты үнемделеді. Тірек-сызбаларын жаңа материалды түсіндіруде, оны бекітуде, сыныптан сыныпқа көшу қорытынды бақылауына әзірленуде, бірыңғай ұлттық тестілеуге әзірленуде және білімді бақылау мен күнделікті бақылауда қолдануға болады.

Тірек-сызбаларды пайдалану оқушылардың қызығушылықтарын арттырып, болжам жасатып, мақсат қойып, толық мазмұндық ақпарат алуға жағдай жасайды.

Тірек-сызбаларды пайдалану мен үшін өте тиімді болды деп айта аламын, себебі сабақты тірек-сызбаларды қолданып түсіндіру келесідей нәтиже бере алады:

- 1) Оқығысы келмейтін енжар оқушыны оқуға еріксіз жетелейді;
- 2) Қиын мәтіннен керек жердің негізгісін тауып алуға, өз бетімен жұмыс жасауға мәжбүр ете бастайды. Ойлануға, ой өрісін дамытуға көмектеседі;
- 3) Қысқа да нұсқа жаза отырып, білімді кеңейтіп, тұжырымдарды дәлелдеп сөйлеуге үйретеді;
- 4) Дағдыны сақтауды қалыптастырады;
- 5) Теорияның негізгі түйінін таба білуге, оны дәлелдеуге үйретеді;
- 6) Не үшін, қалай, қай жерде қолданылады деген сияқты өзекті мәселелерді қозғай білуге, нәтижелілікке үйретеді;
- 7) Білімдерін бағалауға жеңілдік туады;
- 8) Білімін тексеруге мүмкіндік артады;
- 9) Оқушылардың өз бетінше ойлануына және озат оқуына мүмкіндік болады;

Сонымен қатар тірек-сызбаларды қолданудың өзіндік ерекшеліктерін де байқадым:

- Берілген технологияны барлық типті сабақтарға және оның әр түрлі кезеңдеріне қолдану мүмкіншілігінің жоғарылығы;
- Дәріс материалдары қысқарған түрде берілуі;
- Оқу бағдарламасындағы бірнеше тақырыпты қамтып, блоктау әдісі арқылы берілу мүмкіндігі.

Сондықтан да сабақта тірек-сызбаларды пайдаланып жоғары нәтижеге қол жеткізуге болатынын және осы әдістің тиімді екенін нақты дәлелмен айта аламын.

Әдебиеттер:

1. Абдраманова Г.Б., Примбетова А.И. Білім беруде В.Ф. Шаталов әдісін пайдаланудың тиімділігі // *Молодой ученый*. – 2015. – №7.1. – С. 6-7.
2. Григорьева Ж. В. Применение опорных конспектов на уроках физики // *Молодой ученый*. – 2013. – №10. – С. 21-22.
3. Тульев В.В. *Физика. Весь школьный курс в таблицах*. – Минск, 2010. – 270 с.
4. Қойшыбаев Н., Шарықбаев А. *Физика. I том*. – Алматы, 2001. – 265 б.

**Сырым Ж.С., Ахметов М.Г., Муратова К.М.
МЕТОДИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ
ОПОРНЫХ КОНСПЕКТОВ В КУРСЕ МЕХАНИКИ**

В статье представлен материал о применении опорных конспектов на уроках физики. Опорные конспекты разнообразят формы уроков и делают их более запоминающимися, эмоциональными. Опорные конспекты как средство обучения способствуют наиболее осмысленному усвоению понятий, формированию глубоких знаний, их систематизации.

Ключевые слова: учебный процесс, опорный конспект, школа, учитель, ученик, эксперимент, физические явления, механика, кинематика, динамика.

**Syrym Zh., Ahmetov M., Muratova K.
METHODICAL FEATURES OF THE USE OF REFERENCE NOTES IN
THE COURSE OF MECHANICS**

The article presents material on the use of reference notes in physics lessons. Reference notes diversify the form of lessons and make them more memorable, emotional. Reference notes as a means of learning contribute to the most meaningful assimilation of concepts, the formation of deep knowledge, their systematization.

Keywords: the educational process, reference list, school, teacher, student, experiment, physical phenomena, mechanics, kinematics, dynamics.

ӘОЖ 371.3:57

Бимагамбетова Г.А. – биология ғылымдарының кандидаты,
М.Өтемісов атындағы БҚМУ

E-mail: b.g.a72@mail.ru

Құрмекеш.Ә.Д. – педагогика ғылымдарының магистрі,
М.Өтемісов атындағы БҚМУ

E-mail: Adok_92_22_12@mail.ru

Ережепова Т.А. – Ақтөбе қаласының №19 ЖОББМ мұғалімі
E-mail: turgankul-apai@mail.ru

БИОЛОГИЯ САБАҚТАРЫНДА ПРОБЛЕМАЛЫҚ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

***Аңдатпа.** Мақалада проблемалық оқытудың тиімділігі, оларды биология сабақтарында қолданудың ұтымдылығы көрсетілген. Қазіргі таңда мектеп жеткіншектерінің білімді, білікті болуында проблемалық оқыту әдісінің алатын орны ерекше екеніне көз жеткізу. Жаңа технология түрлерін биология сабақтарында пайдалану, оқушының шығармашылығының дамуына, білімін өмірде пайдалана білу дағдыларының қалыптасуына әкелетіндігі қарастырылған.*

***Тірек сөздер:** проблемалық технология, жаңа технология, проблема, проблемалық сұрақ, проблемалық тапсырма, проблемалық жағдай.*

Қазіргі кезде Республикамызда білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне еруге бағыт алуда. Бұл педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр: білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің жаңа мазмұны пайда болуда.

Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және де басқа көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі [1].

Проблемалық оқытудың қалыптасу тарихына үңілсек, Сократ өзінің шәкірттерін логикалық ойлауға, зерттеулердің нәтижелерін табуға бағыттап отырған. Руссо білімді игеру кезінде ситуацияларға мән берген. Проблемалық оқытудың ең керекті әрекеті ізденіс болса, оны өз тәжірибесінде қолданған ғалымдар қатарында Песталоцци мен Дистервергтің еңбегі зор.

«Проблемагық оқыту» ұғымы 20-30 жж. кеңес және шетел мектептерінде кеңінен тарады. Оқытудың осы әдісінің негізін қалап, оны жоспарлы түрде іске асырған Д.Дьюн болды.

Д.Дьюидің тұжырымдамасында мына сатыларды атайды: қиындықты сезіну; оны табу және анықтау; оны шешудің жорамалын жасау; іс-тәжірибе арқылы жорамалды тексеру т.б.

Проблемалық оқытудың негізгі психологиялық және педагогикалық мақсаттары:

- Оқушылардың шығармашылық ойлау қабілеттері мен дағдыларын дамыту;

- Оқушылардың белсенді ізденіс нәтижесінде игерген білімдері мен дағдылары дәстүрлі оқыту әдістеріне қарағанда есте тез және берік сақталады;

- Түрлі проблемаларды көріп, қойып, шеше білетін белсенді оқушы тұлғасын қалыптастыру;

Проблемалық оқытудың ең негізгі мақсаты-қазіргі заманғы ғылым жетістіктеріне сүйене отырып, продуктивтік және творчестволық оқу процесінің логикалық жолдарын баяндау. Міндеттер: мұғалімнің проблемалық оқыту процесінің ұйымдастыруының негізгі тәсілдері мен формаларын көрсету, оқытудың ғылымилық дәрежесін жоғарылатып, оқушылардың неғұрлым тиімді жалпы дамуына жағдай тудыру.

Проблемалық оқытудың мақсаты-ғылыми таным нәтижелерін, білімдер жүйесін ғана меңгеріп қоймай, сонымен бірге бұл нәтижелерге жету жолының өзі де, процесінде меңгеру, оқушының танымдық дербестігін қалыптастырып, оның творчестволық қабілеттерін дамыту.

Проблемалап оқыту әдісін жүргізу дидактиканың заңдылықтарына байланысты мынадай кезеңдерге бөлінеді:

1. Проблемалық ахуалдар туғызу жолын алдын ала дайындау;
2. Проблемалық сұрақтарды грамматикалық және стилистикалық жағынан дұрыс құру;
Әрі келешек ұрпақтың дүниетанымын қалыптастыруға маңызы зор. «Ел боламын десең, бесігінді түзе» деп М.Әуезов айтқандай, мемлекетіміздің тәуелсіздігін сақтап тұруы, қауіпсіздігі бүгінгі оқушылардың санасын қалыптастыру мақсатында қандай дәннің себілуіне байланысты. Ал, дәл бүгінгі күнгі дән дегеніміз – оқулықтар мен оқу әдістемелік кешендер. Оқытып тәрбиелеудегі негізгі мақсат оқушыларды мектептегі оқуға, ұйымшылдыққа, еңбек ете білуге даярлау, олардың бойына адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру, ойлау, сөйлеу бір-бірімен тіл табысу қабілеттерін дамыту. Бала бойына адамгершілік құндылықтарын оқыту барысында қалыптастыру қажет. Ұлттық тәрбиенің өркенді мақсатының бірі- ұлттық құндылық ата-бабалардың сан ғасырлық қазақ ақын-жыраулар мұрасы, келешек жас ұрпақтың санасына сіңіре тәрбиелеудің қуатты құралы айналуы тиіс.

Әдебиеттер:

1. *Ұзақбаева С.А. Өміршең өнер өрісі. – Алма-Ата, 1988. – 18 б.*
2. *Бурбаев Т. Ұлт мәдениеті. – Астана: Елорда, 2001. – 248 б.*
3. *Ұзақбаева С.А. Балаларға эстетикалық тәрбие берудегі халық дәстүрлері. – Алматы: Білім, 1990 – 32 б.*
4. *Бес ғасыр жырлайды. 1-том. – Алматы: «Жазушы» баспасы, 1984. – 53 б.*

Умирзакова Л.К.

**ВОСПИТАТЕЛЬНАЯ ЗНАЧИМОСТЬ НАСЛЕДИЯ КАЗАХСКИХ
ЖЫРАУ-АКЫНОВ**

В статье рассматривается воспитательное значение наследия казахских жырау-акынов. Педагогическая мысль знаменитых жырау-акынов, живших в разные периоды жизни. Национальная традиция поэтических произведений – воспитание духовности, нравственности и гуманности - словесные слова, пословицы поэтов.

Ключевые слова: наследие акынов- жыршы, национальная музыка, воспитание, творчество.

Umirzakova L.K.

**EDUCATIONAL SIGNIFICANCE OF THE HERITAGE OF KAZAKH
ZHYRAU-AKYNS**

The article considers the educational essence of the Kazakh poetic narrators heritage. Pedagogical ideas of well-known poets, who lived at different stages. National tradition - poetic works such as bringing up spirituality, morals and humanity in the tradition - verbal words, proverbs of poets.

Keywords: poet-singers, national piece of music, education, creative.

УДК 378.146

Исалиева А.А. – магистр педагогических наук, старший преподаватель,
Западно-Казахстанский аграрно-технический
университет им. Жангир хана
E-mail: aiza_1080@mail.ru

ФОРМАТИВНОЕ ОЦЕНИВАНИЕ В ОБУЧЕНИИ СТУДЕНТОВ ТЕХНИЧЕСКИХ СПЕЦИАЛЬНОСТЕЙ

***Аннотация.** В статье рассматриваются вопросы формативного оценивания. Оценивание – инструмент, который позволяет определять развитие, прогресс в преподавательской деятельности; способ коррекции деятельности обучаемых, с помощью которого преподаватель определяет уровень подготовленности обучающегося. Формирующее оценивание делает акцент на улучшение результатов обучения и совершенствование преподавания. Оно обеспечивает обратную связь, позволяющую регулировать обучение и учение в интересах обучающегося.*

***Ключевые слова:** оценивание, технология, обучение, исследование, формативное оценивание, успеваемость, методы.*

В веке инновационных технологии для того, чтобы студент смог добиться успеха он должен на высоком уровне владеть такими навыками, как критическое мышление, решение проблемных ситуаций, сотрудничество, работа с техникой, самостоятельная работа и общение. Молодой специалист должен не только овладеть секретами профессионального мастерства, но и свободно и грамотно владеть речью. Владение языком и культурой речи помогает личности адаптироваться в социальной действительности, успешно взаимодействовать, сотрудничать, работать в команде, принимать решения [1, с. 31-35, 155.].

Сегодня очень много говорится об индивидуализации учебного процесса вуза, повышении учебной мотивации и учебной самостоятельности студентов. Наиболее соответствующим требованиям современного общества механизмом, который учитывает индивидуальные и профессиональные способности студентов является формативное оценивание, которое можно еще назвать оцениванием для обучения [2].

Имеющиеся противоречия в системе формативного оценивания применительно к вузу заключается в необходимости, с одной стороны, конкретизировать теоретические положения использования формативного оценивания в условиях вуза, с другой, отсутствием систематизированного опыта его использования в профессиональной деятельности преподавателя.

Теоретико-методологическую основу исследования составили работы зарубежных ученых Л.Андерсона, П.Блака, Б.Блума, Д.Боуда, Д.Вильямса, Д.Красвола, М.Ловатт, Д.Роунтри, А.Смита, Д.Уайси, К.Эклестона и др., российских исследователей А.А. Атабекова, Г.А. Атановой, Н.А. Белоусовой, В.П. Беспалько, Г.Б. Голуб, Л.И. Кларина, С. Меркуловой, Ю.Г. Татур, Д.Толлингеровой, И.С. Фишман и др., и работы казахстанских ученых А.Т. Айтпукешева, Г.М. Кусаинова, Л.Г. Колесовой, К.М. Сагинова и др.

Оценивание – категория, касающаяся любого вида деятельности, в которой планомерно и систематично собраны свидетельства обучения, используемые для принятия заключения о его качестве.

Не случайно категория «оценивание» в буквальном переводе с латинского языка означает «сидеть рядом», выражая сущность оценивания, когда один человек тщательно наблюдает за тем, что говорит или делает другой либо, в случае самооценивания, рефлексии над процессом учения [3].

В самом общем смысле, оценивание - это процесс суждения о ценности или измерения ценности объекта (человека, процесса, программы).

Оценка – это общий термин, используемый для измерения результатов обучающихся по курсу в сравнении с целями и задачами этого курса [4].

Оценивание - инструмент, который позволяет определять развитие, прогресс в преподавательской деятельности; способ коррекции деятельности обучаемых, с помощью которого преподаватель определяет уровень подготовленности обучающегося.

Принципиальные характеристики оценивания для обучения:

1. формирует учебный процесс;
2. является непрерывным процессом;
3. формирует коммуникативный процесс между преподавателем и студентом;
4. требует активного участия и способствует повышению мотивации обучающихся;
5. не является основанием для выставления баллов.

Различные формы оценивания описаны и оценены с точки зрения их потенциала для усовершенствования обучения.

Все многообразие форм оценивания, построено по одному и тому же алгоритму: педагогическое измерение (мониторинг и наблюдение); интерпретация результатов; заключение с целью совершенствования процесса обучения.

Первоначально, для осуществления оценивания, необходимо провести первичную диагностику того, что знают и умеют делать обучающиеся и выявить проблемные области. Мониторинг и наблюдение за учебной деятельностью учащихся, позволяет определить актуальный уровень ЗУН и компетенций. Независимо от вида и формы оценивания ответы учащихся проходят интерпретацию с целью определения их соответствия ожидаемым результатам и критериям успешности. Таким образом, происходит верификация и выявление значимости результатов обучения.

Существует два вида такого оценивания: формативное (формирующее) и суммативное (итоговое) оценивание. Нас интересует формативное оценивание.

Формирующее оценивание относится ко всем видам деятельности, которые осуществляют преподаватель и обучающийся. Оно обеспечивает обратную связь, позволяющую регулировать обучение и учение в интересах обучающегося.

Формирующее оценивание делает акцент на улучшение результатов обучения и совершенствование преподавания. Оно противоположно суммирующему оцениванию, нацеленному на отчетность и ранжирование обучающихся.

Формирующее оценивание направлено на обеспечение дальнейшего совершенствования учебных достижений.

Формативное оценивание - это механизм, обеспечивающий преподавателя информацией, на каком этапе обучения находится студент и какие эффективные методы необходимо применить, чтобы совершенствовать свое преподавание. Прежде всего, это обратная связь, которая дает информацию о том, чему студенты обучились и как учатся в данный момент и в какой степени преподаватель реализовал поставленные учебные цели. Студенты должны понимать, зачем они учатся, чему учатся, каковы глубинные связи между отдельными фактическими знаниями, и как лучше их освоить. Им необходим доступ к оцениванию и преподаватель, всегда остававшийся монополистом в области оценивания, должен делиться со студентом инструментами оценивания, раскрыть ему основания, или критерии, по которым производится оценивание, и дать возможность воспользоваться результатами оценивания в своих интересах.

Формативное (формирующее) оценивание применяется в целях измерения образовательного прогресса обучающихся, и имеет следующие способы: наблюдение, устные ответы, письменные работы, тестовые задания, портфолио, эссе, самооценивание, оценивание одним студентом другого.

Формирующая оценка - это оценка как часть обучения: вопросы и задания, баллы за выполнение которых призваны помочь студенту эффективно учиться, но не используются для определения результатов студента по курсу.

Для проведения эффективного процесса формативного оценивания преподавателю необходимо определить для себя две позиции: что студент должен извлечь для себя в ходе изучения курса, и какие формы оценивания могут этому способствовать. Поскольку оценивание направлено на то, чтобы узнать, в какой степени поставленные цели достигнуты, надо выбрать именно такие формы и техники оценивания, которые подходят для конкретных целей.

Для того чтобы процесс формативного оценивания проходил более эффективно, преподавателю необходимо постоянно задавать себе вопросы: «Какие существенные знания и умения я должен преподать своим студентам?», «Как я могу выяснить, научились ли они этому?» и «Как я могу помочь им учиться лучше?»

Исследовательская работа проводилась в 3 этапа:

1 этап - констатирующий, заключался в определении исходного знания студентов о формативном оценивании и определении уровня сформированности стремления к саморазвитию, самооценки личностных качеств и навыка рефлексии у студентов 1 курса технических специальностей;

2 этап – формирующий, основывался на реализации методики формативного оценивания по предмету «Русский язык» посредством использования различных методов и приемов, организации парного оценивания и самооценивания студентов;

3 этап – контрольный, предполагал проведение повторного среза формируемых качеств студентов, проведение сопоставительно-сравнительного анализа и разработку рекомендаций для преподавателей.

В качестве участников эксперимента были выбраны студенты 1 курса технических специальностей.

Из результатов первичной диагностики мы можем сделать вывод, что показатели формативного оценивания у студентов 1 курса средние (3,0 - 3,7) и низкие (2,8). То есть студенты имеют фрагментарное, смутное или практически отсутствующее представление о формативном оценивании и его критериях.

В контрольной и экспериментальной группе и по методике диагностики уровня развития рефлексивности А.В. Карпова высокий уровень рефлексии отмечен лишь у 3-4 студентов. Наибольшее количество студентов (62,5-65 %) находится в группе с низким уровнем сформированности рефлексивности. Соответственно можно заключить, что навык проведения рефлексии по трем видам: ситуативная, ретроспективная и перспективная рефлексии низкий или по 1-2 видам отсутствует.

Цель формирующего эксперимента заключалась в реализации методики формативного оценивания по предмету «Русский язык».

На этом этапе работы со студентами экспериментальной группы было поставлено ряд задач по соблюдению технологии формативного оценивания:

1. определении ясных ожидаемых результатов и критериев успешности обучения;
2. организации формативной обратной связи;
3. организации парного оценивания и самооценивания.

Так были разработаны уровневые ожидаемые результаты и критерии обучения:

А (знание и понимание):

В (применение знаний и пониманий):

С (вынесение (составление) суждений):

Д (коммуникативные навыки):

Е (учебные навыки):

Следующим нашим действием было разработка инструментария для оценки успешности обучения по дисциплине «Русский язык». Так, для оценки текущей успеваемости разработана бальная система оценивания.

Далее на формирующем этапе эксперимента нами непосредственно в процессе преподавания дисциплины «Русский язык» была разработана и организована формативная обратная связь с использованием таких методов как формативный опрос, постановка вопросов по таксономии Блума, одноминутное эссе, тест, упражнение на проверку усвоенного, письменные комментарии.

В парном оценивании и самооценивании студентов по дисциплине «Русский язык» нами были использованы такие стратегии как «Меньше это больше», «Определение ошибок», «Навыки, не содержание», «Насколько это хорошо?», «Выбирайте своего партнера», «Субвокализация».

На 3 контрольном этапе эксперимента были проведены:

- повторный срез формируемых качеств студентов (вторичная диагностика);

- сопоставительно-сравнительный анализ результатов исследования;

- разработаны рекомендаций для преподавателей.

Сравнительные результаты мы представили в виде рисунков 1, 2 и 3.




Рисунок 1 – Результаты исследования на констатирующем и контрольном этапах эксперимента в экспериментальной группе согласно анкете «Исследование особенностей организации и применения формативного оценивания в обучении студентов» (в баллах)

На рисунке 1 видно какие изменения произошли в экспериментальной группе в отношении студентов к формативному оцениванию.

Результатам по всем 4 показателям приблизились к максимальным:

1. По критерию «Особенности преподавания» отмечено повышение с 3,4 до 4,4. Студенты 1 курса экспериментальной группы высоко оценивают методику преподавания, основанную на использовании методов, стратегий и приемов формативного оценивания. Понимают и принимают эффективность критериального оценивания, возможности парного оценивания и самооценивания для успешности в обучении.

2. По критерию «Представление о группе» показатель изменился с 3,3 до 4,3. После формирующего эксперимента отношения к однокурсникам, их возможностям изменилось в позитивную сторону. По итогам парной, групповой работы наладились взаимоотношения в группе, сформировался оптимальный психологический климат, развивается творческая и рабочая атмосфера.

3. Согласно критерию «Как преподаватель ведет занятия» изменения с 3,2 до 4,7. Это показывает интерес студентов к новой методике преподавания, высоко оценивается профессионализм преподавателя, его навыки применения стратегий и технологии формативного оценивания по дисциплине «Русский язык». Рейтинг данного предмета, благодаря преподавателю, несомненно, вырос.

4. По критерию «Оценивание» показатели повысились с 2,8 до 4,8. Студенты по сравнению с первичной диагностикой изменили свое отношение к процессу оценивания. Если ранее оно рассматривалось как процедура «экспертизы», метод наказания или авторитарного контроля, то теперь они видят в нем большие потенциальные возможности для самореализации.

Оценивание стало понятным, ясным, ожидаемые результаты реалистичными, а в самой процедуре студенты могут принять прямое участие.



Рисунок 2 – Результаты констатирующего и контрольного этапов исследования в экспериментальной группе по методике диагностики уровня развития рефлексивности А.В. Карпова (в %)

Сравнительные результаты по методике диагностики уровня развития рефлексивности А.В. Карпова показывают:

1. Изменился состав студентов с высоким уровнем с 10 до 45%. 18 из 40 студентов экспериментальной группы имеют высокий уровень сформированности рефлексивного навыка. Они могут прибегать к анализу происходящего, конструктивно анализировать свои допущенные ошибки, планировать предстоящую деятельность; склонны к систематическому самоанализу в конкретных жизненных ситуациях; используют планирование деталей своего поведения и прогнозирование вероятных исходов, свои действия и поведение ориентируют на будущее.

2. Количество студентов со средним уровнем выросло с 25 до 30 %, а с низким снизилось с 65 до 25%. Это тоже определенный результат, т.к. наметилась позитивная тенденция к пониманию необходимости самоанализа и саморефлексии. Данные студенты стремятся к овладению приемами самооценивания, осознают необходимость формативного оценивания для повышения успеваемости и собственного профессионального становления.




Рисунок 3 – Результаты исследования на констатирующем и контрольном этапах эксперимента в экспериментальной группе по методике диагностики уровня саморазвития Л.Н. Бережновой (в %)

По завершению контрольного этапа эксперимента мы вновь разделили студентов экспериментальной выборки на 3 группы по уровни готовности и способности студента к формативному оцениванию (рисунок 4).




Рисунок 4 – Распределение студентов экспериментальной группы по уровни готовности и способности студента к формативному оцениванию на констатирующем и контрольном этапах эксперимента (в %)

Завершая практический анализ считаем необходимым сформулировать ряд рекомендаций преподавателям вузов по использованию технологии формативного оценивания:

1. Приступая к внедрению данной технологии важно усвоить ключевые ценности формативного оценивания:

- оценивание должно быть валидным (объекты оценки должны соответствовать поставленным целям курса);
- оценивание должно быть надежным (использовать единообразные стандарты или критерии);
- оценивание должно быть справедливым (разные студенты должны иметь равные возможности добиться успеха);
- оценивание должно быть развивающим (фиксировать что могут студенты, и как им улучшить свои результаты);
- оценивание должно быть своевременным (поддерживающим развивающую обратную связь);
- оценивание должно быть эффективным (выполнимым, не забирать все ваше время и время ваших студентов).

2. Соблюдать основные характеристики формативного оценивания:

- оценивайте как по ходу занятия, так и в конце;
- оценивайте студентов с комментариями относительно того, как они могут дальше улучшить свой результат;
- учитесь на ошибках студентов;
- используйте разнообразные методы оценивания;
- старайтесь быть максимально объективным и точным при оценивании способностей студентов.

3. Старайтесь привлекать студентов к участию в процессе оценивания за счет:

- обсуждения функций методов оценивания и их соответствия целям курсов;
- использования самооценивание и взаимооценивание студентов;
- предложения студентам разделить ответственность при выборе методов оценивания;
- сделайте все, что от Вас зависит, чтобы снизить тревожность, которую инициирует оценивание;
- никогда не предлагайте задание или экзаменационный вопрос пока Вы не подготовите ответ сами;
- подготовьте модели ответов и используйте их, чтобы демонстрировать студентам, что Вы ожидаете получить от них.

4. В процессе занятий при оформлении обратной связи следует учесть, что надо:

- начинать с положительного, ободряющего комментария;
- балансировать отрицательные и положительные комментарии;
- превращать всю критику в положительные предложения;
- предложить последующую работу и рекомендации;
- предложить определенные способы улучшения выполнения задания;
- предложить обсудить оценку и ваши комментарии.

Литература:

1. Боярский Е.А., Коломиец С.М. *Оценивание обобщенных компетенций выпускников вуза // Высшее образование сегодня.* – 2007. – № 11. – С. 31-35.
2. Аванесов В.С. *Современные методы обучения и контроля знаний.* – М.: Исследовательский центр проблем качества подготовки специалистов, 1998. – 99 с.
3. *Психолого-педагогический словарь / Под ред. В.А. Мищерикова.* – Ростов н/Д.: Феникс, 1998. – 311 с.

4. *Оценивание учебных достижений учащихся. Методическое руководство / Сост. Р.Х. Шакиров, А.А. Буркитова, О.И. Дудкина. – Бишкек: Билим, 2012. – 80 с.*

Исалиева А.А.

ТЕХНИКАЛЫҚ МАМАНДЫҚ СТУДЕНТТЕРІН ОҚЫТУДАҒЫ ФОРМАТИВТІ БАҒАЛАУ

Мақалада формативті бағалау бойынша сұрақтар қарастырылған. Бағалау – құрал, ол дамытуды анықтауға мүмкіндік береді, оқытушылық қызмет прогресі; білім алушылар қызметінің түзету тәсілі, оның көмегімен оқытушы білім алушының дайындық деңгейін анықтайды. Қалыптастырушы бағалау оқытудың нәтижелерін жақсартуға және жетілдіруге екпін жасайды. Ол кері байланысты қамтамасыз етеді.

Тірек сөздер: бағалау, технология, оқыту, зерттеу, формативті бағалау, үлгерім, әдістер.

Issaliyeva A.A.

FORMATIVE ASSESSMENT IN TEACHING STUDENTS OF TECHNICAL SPECIALTIES

The article deals with the issues of formative assessment. Assessment is a tool that allows you to determine the development, progress in teaching; a method of correcting the activities of students, with which the teacher determines the level of preparedness of the student. Formative assessment focuses on improving learning outcomes and improving teaching. Formative assessment refers to all activities that are carried out by the teacher and the student. It provides feedback to regulate learning and teaching for the benefit of the learner.

Keywords: assessment, technology, training, research, formative assessment, academic performance, methods.

ӘОЖ 373.1.02:372:8

Жардемова А.Б. – аға оқытушы, М.Өтемісов атындағы БҚМУ

E-mail: akmaral.zhardemova@mail.ru

МУЗЫКА САБАҚТАРЫНДА ОЙЫН ЭЛЕМЕНТТЕРІН ПАЙДАЛАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдапта: Мақалада музыка сабағында оқушыларға ойын элементтерін пайдалану ерекшеліктері қарастырылған. Ойын – оқу үрдісіндегі оқытудың әрі формасы, әрі әдісі. Музыка сабақтарында ойын элементтерін қолдану мысалы келтіріледі.

Тірек сөздер: музыка сабағы, ойын, қызығушылық, ұлттық музыка, тәрбие, шығармашылық, әдіс.

Жас ұрпақты тамыры терең ұлттық музыкамызбен сусындата тәрбиелеу мәселесіне ерекше көңіл бөлу қажет.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев Ұлттық кеңестің мәжілісінде жасаған баяндамасында «Мәдени мұраларды жүйелеп, оларды қалпына келтіру,

сақтау, одан әрі дамыту ісіне кең көлемде білек түре кірісетін кез келді. Ұлттық мәдениетімізді ұлықтап, бар мен жоғымызды түгендеп, жүйелеп, келер ұрпаққа аманат ету – «Мәдени мұра» бағдарламасының басты мақсаты болуы тиіс» - деп, болашақ ұрпақты тәрбиелеуде ұлттық мәдени мұраның мүмкіндігі мен мақсатын айқындап берген болатын [1, 5 б.].

Тәрбие – халықтың ғасырлар бойы жинақталған озық тәжірибе мен ізгі қасиеттерін жас ұрпақтың бойына сіңіру, баланың қоршаған ортадағы қарым – қатынасын, дүниетанымын, өмірге деген көзқарасын және соған сай мінез – құлқын қалыптастыру деп білеміз. Қазақтың көрнекті қайраткерлерінің бірі Ж. Аймауытов тәрбие жөніндегі өз ойларында: «Баланы бұзуға, яғни түзеуге себеп болатын бір шарт жас күнінде көрген өнеге. Ол өнеге әке – шешенің тәрбиесі арқылы қалыптасады. Ата – ананың берген тәрбиесі баланың мінезіне салған ізге байланысты...» [3, 4 б.].

«Ұяда нені көрсе, ұшқанда соны іледі», - деп, қазақ халқы ерте кезеңдерден бала тәрбиесіне көңіл бөлген. Оның айғағы тәрбиеге байланысты туындаған нақыл сөздер, мақал – мәтелдер, өсиет, асыл ойлары ұрпақтан – ұрпаққа жетіп, бүгінгі күнде де қасиетін жоғалтқан жоқ, мысалы: «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» дегендей. Бүгінгі күнде кейбір ата-аналарымыз балаларына соңғы жетістіктерді алып беріп, киіндіруді мақсат етіп, тәрбие жұмысы өте жеңіл және кез-келгеннің қолынан келетін іс деп ойлайтындары да бар.

Әрине, бұл қате пікір, адам тәрбиесі күрделі де қиын іс. Ол күнделікті су ғана құйып қоятын гүл емес. Адам тәрбиесі – үлкен шеберлік пен білімділікті талап ететін маңызды іс. Салиқалы, адамгершілігі мол адам өзінің бала тәрбиесіне, олардың мінез – құлық пен жүріс-тұрысына жете көңіл бөліп, соның жолында еңбек етеді. Балалық шақ - адам өмірінің қайталанбас ерекше шағы. Бірақ, оған бала деп қарамай, тәрбие беруді ертерек қолға алған жөн. Отбасынан көрген тәлім – тәрбиесі өміріне жолдама болмақ. Жүрегінде иманы бар адам ешқашан жамандыққа бармайды. Өтірік, өсек айтпай, ұяттың не екенін, жанашырлық пен аяушылықтың не екенін, үлкенге құрмет пен кішіге ізеттің қандай екенін әрқашан да біліп отырады. Мысалы, адам күнделікті үш мезгіл асын ішуге тырысады және ұмытпай уақытында ішеді. Жанды да осылайша әртүрлі имандылық, патриоттық сезім, адамгершілікті оятатын шығармалармен азықтандыру қажет.

Көрнекті педагог, композитор Д.Кабалевский былай деп жазады: «Музыкаға деген қызығушылық, музыкамен әуестену, ұнату – оның, ғажайып сұлулығын түсіну үшін қажетті шарт. Сонда ғана ол өзінің тәрбиелік және танымдық рөлін атқара алатын болады. Ал, музыкаға қызықпаған, онымен айналыспаған, оны ұнатпаған адамға білім және тәрбие берем деу – бос әурешілік. Ал, музыканы ұнату, оған қызығу сезімдері балалар музыкалық өнердің нағыз көркем үлгілерін сезінгенде ғана пайда болмақ». Музыка өнері әрбір баланың әсемдік әлеміне үйірсек болып қана қоймай, оны қорғауға және рухани мәдени деңгейін көтеруге жағдай жасайды. Сондықтан, мектепте де әрбір оқушыны қызықтыра отыра өнерпаздыққа тарту қоғамның объективті қажеттілігі және заңдылығы болуы керек. Музыка өнерінің сезімге әсері ерекше [2, 180 б.].

Ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып келген халықтық қазынаны, оның таңдаулы үлгілерін жеткіншек ұрпақты тәрбиелеу құралына айналдыру, нақтырақ айтқанда, олардың көркемдік, музыкалық, эстетикалық талғамы

мен мәдени деңгейін жоғарылату – басты міндет. Ұлттық өнерге оқушыларды жастайынан баулу олардың адамгершілік, эстетикалық қасиеттерін дұрыс қалыптасуына, мәдени дәстүрге деген сыйластық сезімін дамытуға әсерін тигізіп, оқу-тәрбие үрдісінің сапасын арттырады. Оқушылардың әсемдікті түсіне білу қабілеттерін арттырады.

Ұлтты ұлт ретінде сақтап қалатын ең басты құндылықтардың бірі – музыка. Музыка – тіл, ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрып, барлығын өз бойына жинаған ұлттың жаны [4, 28 б.]. Ұлттық музыка болашақ ұрпақтың болмысын, санасын қалыптастыратын құрал. Музыка арқылы тәрбиелеуде оқушыларды өнер құндылықтарын жасауға қатыстыра отырып, олардың бойында белгілі адамгершілік-эстетикалық мәдениетті, көркемдік талғамды, шығармашылық қабілетті дамытуда музыка пәнінің орны ерекше.

Музыка мұғалімі өз сабақтарында заман талабына сай инновациялық технологияларды кеңінен пайдалана отыра, сабақ өткізудің жаңаша үлгілерін жан-жақты қарастыруы керек. Бұл орайда:

- нені оқыту керек;
- қалай оқыту керек;
- не үшін оқыту керек екенін музыка мұғалімі өте жақсы түсінуі қажет.

Біріншіден, оқушыларды кең білім шеңберімен қаруландыру, олардың бойында музыка өнері арқылы адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру. Сондықтан, білім беру мазмұнын мектеп реформасына, жалпы білім беру бағдарламасы талаптарына және жаңашыл музыка мұғалімдері идеяларына сәйкес ғылым негізінде дәлелдеп, іске асыру.

Екіншіден, оқытуда оқытумен тәрбиелеуді заман ағымына сай, әдістерді жаңарта тиімді пайдалану.

Үшіншіден, қоғамдық өмірдің барлық саласына оқушыларды белсенді қатысуға даярлау.

Музыканы қабылдау – музыка сабағында қолданылатын іс-әрекеттердің кез-келген түрінің іргетасы, бастапқы нүктесі ретінде қарастырылады. Кез-келген түрі деп отырғанымыз – музыка тыңдау, хормен ән айту, музыкалық білімділігін арттыру, нота сауаты, ырғақтық-музыкалық қимылдар, балалар аспабында ойнау, музыка сабағындағы балалар шығармашылығы. Музыканы дұрыс қабылдай білуге тәрбиелеу, оның заңдылықтары музыка мұғалімінің басты назарында болуы тиіс. Ойын элементтерін пайдалану оқушылардың музыканы тез ұғып, қабылдауына септігі тиері сөзсіз.

Әдіс – алға қойған мақсатқа жетудің жолы десек, тәрбие әдістері - тәрбие міндеттеріне жету үшін жасалған музыка пәні мұғалімі мен тәрбиеленушілер ұжымының өзара байланыс әрекеттерінің жолы. Егер, тәрбие әдісі дұрыс таңдалып алынса, дұрыс пайдаланылса, тәрбиеленушілер өздерінің жауап әрекеттері арқылы тәрбие міндеттерін шешуге ықпал етеді. Олардың санасы дамиды, сезімі байиды, мінез-құлқы, қажетті әдет-дағдылары, іскерліктері қалыптасады. Сонымен, оқушыларды тәрбиелеу әдісі - оқушылар мен музыка пәні мұғалімі өзара байланысты әрекеттерінің күрделі кешені. Әрбір әдіс оқушылардың сезіміне, санасына ықпал ететін музыка пәні мұғалімінің қолындағы құрал ретінде көрінеді.

Оқушылар сабақтарда ақпараттық құралдардан естіген әндерін айтуға құмар келеді. Музыка сабағы үнемі тақырыптар мазмұнын аша алатындай шығармалармен толықтырылып отыруы қажет.

Жалпы сабақтың дәстүрлі, дәстүрлі емес, сайыс, ойын, кіріктірілген сабақ, саяхат, аралас сабақ түрлерін жиі өткізу әдетке айналғаны жөн. Заман талабына сай оқытудың жаңа технологиясын игере отырып, пәнаралық байланысқа үнемі көңіл бөлу қажет. Мысалы, жаңашыл педагогтардың бірі Ш.Амонашвилидің әдісінде дидактикалық ойындарға аса мән беріледі. Ойындар баланың танымдық ынта-ықыласын күшейтіп, оқытудың қиын үрдісін жеңілдетудегі рөлі зор екендігін айтады. Ойын түрін оқу үрдісінде жаңа сабақты пысықтау, қорытындылау, қайталау бөлімдерінде пайдалану тиімді [5, 13 б.].

Ойын – оқу үрдісіндегі оқытудың әрі формасы, әрі әдісі. Сонымен бірге ойынды мұғалім мен оқушылардың бірлескен оқу әрекетінің өзара байланысты технологиясы ретінде қолдануға болады. Ойын деген аты ғана, ал шынында ол сабақтың, еңбектің жиынтығы. Ойын - педагогикалық жұмысты ойын түрінде ұйымдастырудың әдістері мен тәсілдерінің жиыны. Ойын материалдары оқушыларға музыкалық тәрбие беру жөніндегі мектеп бағдарламасы, жас ерекшеліктеріне сай талаптарға тығыз байланысты болуы қадағаланады. Мысалы, балалар әні «Баспалдақ» бірінші сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне сай үйретіледі және соған сәйкес өзіндік мақсат қойылады.

Мақсаты: дыбыстың қай бағытта және дыбыстың биіктігін анықтау.

Көрнекілігі: екі төртбұрышты кәртішке, онда бес басқышты баспалдақ суреттеледі. Бірінші кәртішкеде басқышпен көтеріліп келе жатырған қыз суреті болса, ал екінші кәртішкеде түсіп келе жатырған суреті.

Қолданылу әдісі: «Баспалдақ» әнімен танысып болғаннан кейін, мұғалім фортепиано немесе баян аспабында ойнап, кәртішкідегі суретпен байланыстыра балалардан қыздың баспалдақпен жоғары немесе төмен түсіп келе жатқанын сұрайды. Соған сәйкес суреттейтін кәртішкені көрсетеді. Әрине, қарапайым болғанымен балалардың музыка әуенінің төмен, жоғары көтерілуін естеріне сақтауын, ең бастысы музыкаға деген қызығушылықтарын оятуды мақсат етеді.

«Ырғақты сүйемелдеу» ойынына көңіл бөлсек. Оқушыларды екі топқа бөліп, бірінші топ әнді орындайды, ал, екінші топ ақырын шапалақпен белгілі ырғақты соғады. Мұндай «аккомпонимент» әннің ырғағын тез үйренуге көмегін тигізеді және әуенге жаңа өң береді.

«Оркестр» ойынына қатысу үшін оқушыларға алдын-ала дайындалған музыкалық аспаптар таратылады (тұяқтас, сылдырмақ, ағаш қасықтар және т.б.). Бұл аспаптарды балалар үйлерінен де алып келуге болады. Үнтаспадан музыканы тыңдау арқылы, оқушылар ырғақты соға бастайды және басқа да оркестрде кездесетін аспаптарды қимылмен келтіру арқылы музыканы тыңдайды. Бұл «оркестр» ойынын ойнаған кезде шығарманың көңіл күйін келтіре білгені маңызды. Мысалы, көңілді-мұңды, қатты-ақырын, нәзік-үрейлі. Бұл ойын тыңдаған музыканың көңіл-күйін ажыратуға және әуенді тез жадында сақтауға септігін тигізеді.

«Сурет салу» ойыны.

Қандай да бір күйді тыңдатар алдында оқушыларға мынандай тапсырмалар беруге болады: балалар, егер сендер композитор болсаңдар, мына күйді қалай айтар едіңдер?

Күйді тыңдап болған соң, осы күйдің желісі бойынша көз алдарына елестету арқылы суреттер салғызу. Бұл ойын баланың қиялын дамытуға

үлкен көмегін тигізеді. Бұл жерде аса бір суретші болудың қажеті жоқ, кейде бояулар түстерін музыка әуенінің желісімен орайластыруға болады.

«Музыкалық викторина».

Оқушылар тыңдаған музыкалық шығармаларын естерінде сақтау үшін немесе сол шығарманы терең жете түсін үшін қайталаудың орны бөлек. Ол үшін түрлі музыкалық викторина ұйымдастырға болады. Мақсаты: тыңдалған шығармаларынан үзінді тыңдатып, оны бірден ажыратуға дағдыландыру.

«Қалай айтуды білемін» атты ойыны да қызықты. Ол шағын 4 әннен тұрады (сұрақтары: кім қалай дауыстай біледі? малдың төлін емізуге шақыру; малдың төлін былай атайды). Ойын барысында ойынға қатысушылар әрбір жүргізушінің сұрақтарына жауап бере отырып, жан-жануарлардың мінез-құлқын, олардың сыртқы көрініс, олар шығаратын дыбысты айнытпай салып беруі тиіс. Ал, мұның өзі байқампаздықты, тапқырлықты, табиғат құбылыстарынан хабардар болуды талап етеді. Ойын аздап театрландырылып, ойын-сауық түрінде өтеді. Бейнелі ән-жыр айта білу, көрген-білгеніне, есте сақтай білу қабілетіне мән береді.

«Аңдардың айтысы» атты ойында қатысушылар жүргізушінің талабына сай белгілі бір әндер орындап, онда аңдардың дауыстарын, қылықтарын бейнелеп, олардың өзіне тән ерекшеліктерін сипаттап көрсетеді. Мұның өзі хайуанаттар әлемі жөнінде нақты ұғымды, музыкалық және әртістік қабілетті, жеке және топтасып ән айта білу дағдысын жетілдіреді.

Мұндай ойындар халықтың педагогикада өте көп және мазмұндары, бағыттары да бірін-бірі қайталамайтындай сан-алуан, қызықты. Олар «Алақан соқпақ», «Тартыс», «Соқыр теке», «Айгөлек» және т.б.

Ойнау арқылы балалар түрлі шығармаларды, әндерді тыңдай және орындай алады, әуенді шығара (жаза) алады (музыканы олар ертегі, аңыз, мультфильм, ойыншықтар, хайуанаттар арқылы тез қабылдайды). Ол үшін балаларға музыкалық сауаттың негізін үйрету, көрсету керек: ноталар атаулары, ұзақтықтары, заңдылықтары т.б. Айталық, сабақ үстінде музыка мен бейнелеу пәндерін кіріктіре оқыту арқылы жүргізілген әртүрлі музыкалық-шығармашылық іс-әрекеттерде оқушыларды әрі қарай ынталандыра түсе, өз ойларын жеткізуіне және жұмыстарын көрсетіп, ұсынуына жағдай жасау көзделеді. Музыкада музыкалық дыбыс арқылы жүзеге асырылады, ал бейнелеу өнерінде визуалды болып табылады. Мысалы, берілген музыкалық шығарманы тыңдағаннан кейінгі әсерлерін түрлі бояулар түсімен келтіру тапсырмасын орындатуға болады. Музыка әуенінің мұнды немесе көңілді екендігін бастауыш сыныптардан оқушыларға қазіргі кезеңдерде қолданыстағы смайликтердің қолдана отырып түсіндіру естеріне сақтауға көмектесері сөзсіз. Түрлі смайликтерді пайдаланып ойын түрінде ұйымдастыру арқылы қызығушылықтарын арттыра түсуді мақсат етуіміз қажет.

Ойын элементтерін қолдана отырып мұғалім оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын, зейінін арттыру мақсатында әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолданады. Атап айтқанда, мұғалім ойын жағдаяттарын туғыза отырып, әртүрлі заттарды қолдану арқылы сұрақтар қойып, затты көрсетіп, түсіндіріп ойын мазмұнын құрастырады. Музыка пәні бойынша оқу бағдарламасында музыка мен бейнелеу өнерінің бірігуі оқушылардың оқылым, жазылым, айтылым және тыңдалым дағдыларын дамытуға мүмкіндік туғызады делінген. Мысалы, суретшінің туындысынан шабыттанып, музыкалық

шығарма орындауға немесе суырып салма ақындық өнерлерін байқатуға немесе музыка тембрін әртүрлі бояулар арқылы, музыканың көңіл-күйі мен сипаттамасын сызықтар және формалар арқылы жеткізуге болады.

Музыка сабағында ұлттық музыка әуендерін тыңдау үні адамның тілі жетпейтін ішкі жан дүниесіндегі ойын жеткізіп, айнала әсемдік әлемін аялап қорғауға нәзік сезіммен, көңіл-күйін түсінуге тәрбиелейді. Шығарманың негізгі түйіні өмірдегі құбылыстармен, адамдардың сезімдерімен байланысып, астасып жатады.

Оқушылар әртүрлі ұлттық музыканы тыңдай отырып, олардың тек жанрлық ерекшелігін анықтап қана қоймай, білгілі бір шығарманың мазмұнын жеткізу үшін халық әуенінің немесе халық композиторының қандай құралдарға жүгінгендігін әңгімелей білуі тиіс. Мысалы, әуеннің желісі, ырғақ-өрнегі, екпіннің ауысуы, саздың өзгеруі, динамикалық белгілері т.б. Музыканы ұғыну музыкалық қабілеттің көрінісінің ішкі мәні. Әйгілі музыкант Г.М.Коган былай дейді: «Қандай мәдениет болмасын, оның негізінде ұғыну мәдениеті жатыр. Ол дамыған немесе жоқ жерде ешқандай мәдениет болуы мүмкін емес. Оқи алмайтын жерде – жаза алмайды, тыңдай алмайтын жерде – орындай алмайды» [2, 181 б.].

Музыканы саналы түрде қабылдау күрделі үрдіс. Сондықтан, «Өз сорпасында қайнаған ас тәтті», - демекші, ең алдымен ұлттық музыкалық мұраларымызды бүгінгі күні қолда бар мүмкіндіктерді пайдалана музыка мұғалімдері оқушылардың ұлттық сана сезімдерін оятуға, бағдарламаларға сәйкес музыка сабақтарында, сыныптан тыс іс – шараларында ұлттық музыка тілін жан – жақты түсіндіруге тырысады. Егер, қазақ ән-күйлерінен желдің гуілі, судың сылдыры, орманның шуылы, торғайдың шырылы, жылқының дүбірі, соғыстың дүмпуі сияқты нышандар сезілсе немесе ырғағы байқалса, бұл өмір туралы ой – талғамға бастайтын сыртқы белгі ғана.

Күй – мыңдаған ұлт, ұлыстардың ішіндегі тек қазаққа ғана тән өнер. Әрине, күй өнерінің бейнелеу құралы сөзсіз дыбыс болғандықтан, тыңдаушысын ең алдымен әуендік, дыбыстық тілімен баурайды. Күй тыңдай білетіндер күйдің әуендік, дыбыстық тілін іштей жорып, алуан түрлі сезім мен әсерге бөленеді. Мысалы, Илияс Жансүгіров айтқандай, күй «сыбырлайды», «мұңаяды», «толғанады», «зарланады», «бұрқырайды», «сарнайды», «ақтарылады», «сылдырлайды», «күмбірлейді», «маймаңдайды», «былқылдайды», «дүбір салады», «маужырайды», «қарғиды», «ағады», «асқақтайды», «шырқайды», «сілтейді», «дауылдатады», «нөсерлетеді», «қайнайды», «сарғайтады», «өртейді», «күйдіреді», «аңырайды», «боздайды», «тербейді» [3, 4 б.].

Бұл мысалдан музыканың, оның ішіндегі күйдің де сезімдік тілі өмір өзеніндей шексіз екендігін түсінуге болады. Айталық, табиғатқа байланысты туындаған күйлерге тоқталғанда оқушыларға сурет салдыруға болады. Музыка сабағындағы тыңдаған әр күйлерін оқушылардың өздерінің түсінгендерін, көз алдына елестеткендерін музыканы талдау кезінде тиімді сұрақтар беру арқылы толықтыра түсу қажет. Сабақ соңында қайталап тыңдау, оқушылардың өз қиялын нақтыландырып тиянақты түсінік берулеріне мүмкіндік туғызады. Осы тыңдаған музыкалық шығарманың әуенін еске сақтап, көз алдына елестеткен түсініктерін кім қалай бейнелей алады, сол бойынша суретпен бейнеленді әңгімелеу, өлең шумақтарын құрастыруға, мүсіндеуге болатындығын үйге тапсырма беру арқылы

дамытыла түссе. Осылай тапсырма беруді әдетке айналдырып, оқушылардың қабілеттерін, үй тапсырмасының орындалу барысында үнемі қадағалап отырғанда ғана оқушылардың қайсысының бойында қандай қасиет бар екендігін байқап, болашақта әр баланы қай салаға қарай бейімдеуіміз керектігін білеміз.

Неғұрлым музыканың ұлттық тілі айқын болса, неғұрлым сол төлтума тілге тыңдаушының құлағы қанық болса, яғни музыканың ұлттық тіліне жүйрік болса, соғұрлым музыка мен тыңдаушы арасындағы сезімнің тілі бай болмақ. Қайнар бұлақтың көзін ашқандай мұғалімнің жүйелі түрде білім беруі арқылы баланың бойындағы сан алуын қабілеттерін дамытуға болады.

Өнер пәндерін ойын элементтерімен байланыстыру ерекшелігі - сабаққа деген қызығушылықты, назар және ойлау қызметін жандандыруға, бекітілген оқу материалдарын тиімді меңгеруге, қабылдауға, ептілікке, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Әсіресе, бастауыш сыныптардағы музыка сабағында әуеннің қатты, жәй, орташа естілуін әртүрлі түстегі қима қағаздарды көрсету немесе басқа да ойын түрінде ұйымдастыру оқушыларды сезімталдыққа, шапшаңдыққа, тез шешім қабылдай білуге жетелейді. Ойындар оқушылардың ой — өрісін дамытып, ойлау қабілетін арттырумен қатар, үйретілген, өтілген тақырыптарды саналы да берік меңгеруге үлкен әсер етеді.

Әрине, қазіргі кезеңдерде ғаламтор мүмкіндігін пайдалана отыра ұлттық музыканы көрнекілікті слайдтармен көркемдей жан-жақты түсіндіре отыра тыңдатуға болады. Мысалы, жанартылған білім беру бағдарламасы бойынша Ісыныптағы "Қатты және ақырын" дыбыстар деген тақырыпты ашуда музыка мұғалімі оқушыларға дыбыс туралы түсінік бере отырып, олардың ерекшеліктері жөнінде ақпараттандыру, алған ақпарат бойынша сөз және дыбысты айыра біліп, оларды талдай алуда қосымша мәліметтермен толықтыру, өз бетімен жұмыстануға мүмкіндік жасау, алған ақпаратты өмірде қолдана білу, білімге құштарлығын арттыруды мақсат етеді. Бір сабақтың өзінде мұғалім ұлттық музыка, ұлттық музыкалық аспаптардың дыбысталуы, құстар дыбыстары, табиғат көріністерімен байланыстыра сабақ тақырыбын жан-жақты ашуға тырысады:

- Балалар, айтыңыздаршы, қандай қатты және қандай жай дыбыстар болады?

- Біз қандай әндерді қатты айтамыз?

- Қандай әндерді жай айтамыз? (Бесік жырын айтамыз, тыңдатамыз).

- Балалар енді суретке назар аударайықшы. Мына суреттегі аспаптардың қайсысын білеміз? Ал, осы аспаптардың қайсысы қатты, қайсысы ақырын дыбыстар шығарады?

- Өте дұрыс! Мына суреттерден не көріп отырмыз?

- Ия, балалар құстар қоршаған ортада да түрлі дыбыстар болып жатыр.

- Қандай құстарды білеміз? Қарға, қарлығаш, сауысқан, тоқылдақ т.б. Өте жақсы! Олар қалай дыбыстайтынын тыңдап көрейік.

- Енді балалар, біз «Әлди, бөпем» халық әуенін ақырын дауыспен орындай отыра үйренеміз.

Бұл орайда, бағдарлама көлемімен шектеліп қоймай, дүние жүзілік алдыңғы қатарлы педагогикалық әдіс – амалдарды оқып үйрену, оны пайдалану қажет. Ол үшін оқушыны ойлауға үйрету, өз ойын дәлелді түрде жеткізе білуге, бір – бірінің пікіріне сыйластықпен қарауға арналған әдістер

қолданылады. Әсіресе, музыка сабағын оқушының жан – жүрегіне әсер ететін бағытта жүргізуге болады. Әртүрлі сабақта сыныптағы оқушыларды түгел қамтып, олардың деңгейін байқауға мүмкіндік болмайды. Ал, ойын ұйымдастыру, топпен жұмыс істеу арқылы жоғарыдағы әдістер оқушылардың сабақ сайын даму үрдісін байқауға мүмкіндік тудырады, қызығушылықтарын оятады. Осы өзекті мәселелерді шешуде түрлі тәсілдер арқылы бастауыштың әр сыныптарында оқушыларға қазақтың халық әндері мен күйлерін, халық композиторларының шығармаларын тыңдату қажет. Құстардың дауыстарын ұнтаспадан тыңдатарда ойын түрінде ұйымдастырса қызығырақ болар еді. Мысалы, алдарына үйшік макетін қойып, ол жәй ғана үйшік емес, дыбысталатын айта отыра, ішіндегі ұнтаспадан құстардың дауыстарын естірту арқылы.

Сабақ тақырыбына байланысты мақсаты мен міндеттері анықталады. Мысалы, музыка тыңдатудың мақсаты - тыңдап, қабылдай білуге дағдыландыру, есту қабілетін арттыру. Сонымен қатар, би өнері немесе ойын арқылы балалардың ырғақты сезінулерін, есту қабілеттерін қалыптастыру, дамыту. Сабақта ойын элементтерін пайдалану арқылы оқушыларды білім алуға, еңбектену білуге даярлайды. Білім алуда іс-әрекетке үйренген баланың бойында алған білімі ұзақ уақыт сақталады және ол жұмыс жасауға, ізденуге, таңдау, тыңдауға үйренеді. Ойын түрлерін сабақ үрдісінде пайдалану, оқушының шығармашылық, интеллектуалдық қабілетінің дамуына, өз білімін өмірде пайдалана білу дағдыларының қалыптасуына әкеледі. Сабақта тиімді қолданылған ойын түрлері — мұғалімнің түсіндіріп отырған материалын оқушылардың аса зор ілтипатпен тыңдап, жемісті, сапалы меңгеруіне сенімді көмекші бола алады. Ойын балалардың оқуға, еңбекке деген белсенділігін, қызығушылығын арттырудағы басты құрал. Ойын барысында балалардың белсенділігі, шығармашылығы дамиды. Ал мұғалімнің міндеті — балаларды ойынға өз қызығушылығымен, ынтасымен қатысуын қамтамасыз ету. Сол үшін де мұғалім ескі дәстүрлі сабақтан арылып, ең озық тәжірибеден өткен технологиялардың бірінің тиімділігін пайдалануы қажеттігі туындайды. Бірқалыпты сабақ беру оқушыларды зеріктіреді. Бұл жағдайда шығармашылыққа жол жоқ.

Музыкалық тәрбие беру мектепте әртүрлі үйірмелерді құру арқылы да жүзеге асырылады. Мектептердегі хор, оркестр, жеке аспаптар, жеке әншілік және т.б. музыкалық үйірмелерге қатысуға деген оқушылардың музыкалық дарынына қоса ықыласы мен ынтасы болуы керек. Үйірмелерде қазақтың ұлттық музыкалық өнеріне, мәдениетіне деген қызығушылықты дамытуды және музыка сабағында алған білімдерін толықтырып, оларды әрі қарай өнер биігіне жетелеуді қажет етеді.

Музыка сабағы және сыныптан тыс шаралардағы әртүрлі әдістер арқылы оқушыларды өз халқының ғасырлар бойы қол жеткізген табыстарына ұмтылуға тәрбиелеу, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпын кеңірек насихаттай түсу негізгі мақсаттардың бірі болмақ.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы // Егемен Қазақстан. – 2004. – № 520. – Б. 5.
2. Балтабаев М.Х. Қазақ халық музыкасы және студент-жастар. – Алматы, 1991. – 151 б.

3. Щербакова А.И. Аксиология музыкально-педагогического образования. – М., 2001. – 181 с.

4. Өмірзақова Л.Қ. Музыка пәні - музыкалық талғамның дамуының негізгі формасы ретінде // Қазақстан мектебі. – 2014. – №5. – Б. 28.

5. Көнеев Қ., Қалыкова А. Оқыту үрдісінде педагогикалық технологияларды ұтымды пайдалану // Білім. – 2006. – №3. – Б. 13.

Жардемова А.Б.

ОСОБЕННОСТИ ПРИМЕНЕНИЯ ИГРОВЫХ ЭЛЕМЕНТОВ НА УРОКАХ МУЗЫКИ

В статье рассматриваются особенности применения игровых элементов на уроке музыки. Игра – это и форма, и метод обучения. Приводятся примеры применения игровых элементов на уроках музыки.

Ключевые слова: урок музыки, игры, заинтересованность, национальная музыка, воспитание, творчество, методика.

Zhardemova A.B.

FEATURES OF THE USE OF GAME ELEMENTS IN MUSIC LESSON

The article discusses the features of the use of game elements in a music lesson. A game is both a form and a method of learning. Examples of the use of game elements in music lessons are cited.

Keywords: Music lesson, games, interest, national music, upbringing, creativity, methods.

УДК 378.016:004.031.42

Искалиева А.Т. – магистр педагогических наук, старший преподаватель,
Западно-Казахстанский аграрно-технический университет им. Жангир хана
E-mail: aina_0480@mail.ru

ИНТЕРАКТИВНЫЕ МЕТОДЫ ОБУЧЕНИЯ ЯЗЫКОВЫМ ДИСЦИПЛИНАМ

Аннотация. В данной статье рассматриваются актуальные вопросы интерактивных методов обучения в вузе. Интерактивное обучение предполагает своеобразную организацию учебной аудитории. Изменение привычного учебного пространства «лицом к лицу» позволяет решать учебные задачи сообща, повышают готовность к решению нестандартной учебной ситуации. В интерактивной системе обучения изменяется подход к системе оценивания.

Ключевые слова: методы, технология, обучение, мотивация, результат, исследование, креативное мышление.

В ряду проблемных вопросов формирование мотивационных основ в процессе профессиональной подготовки по техническим специальностям особо актуально для студентов 1 курса. От уровня и степени

сформированности мотивации к обучению у студентов напрямую зависит качество профессиональной подготовки будущих специалистов. Как один из путей решения данного вопроса следует рассматривать внедрение новых методов преподавания в образовательный процесс вуза.

В Послании Президента Республики Казахстан – Лидера нации Н.А. Назарбаева народу Казахстана «Казахстанский путь - 2050: Единая цель, единые интересы, единое будущее» в качестве приоритета в сфере образования указывается, что предстоит большая работа по улучшению качества всех звеньев национального образования. Результатом обучения должно стать овладение навыками критического мышления, самостоятельного поиска и глубокого анализа информации [1].

Основные приоритеты развития высшего образования определены в Государственной программе развития образования Республики Казахстан на 2011-2020 годы, где поставлена задача – подготовить высокообразованных, компетентных людей, которые смогут самостоятельно принимать важные решения, с чувством ответственности за судьбу страны [2].

Студенчество как социальная группа характеризуется социальной направленностью, сформированностью отношения к будущей профессии, которые являются следствием правильности профессионального выбора и адекватности и полноты представления студента о профессии.

У студентов первых курсов отношение к будущей профессии не носит еще выраженного характера, но с приобретением профессиональных знаний студенты глубже осмысливают тонкости своей будущей специальности и свое «Я» в профессии. Формирование устойчивых положительных мотивов учебно-профессиональной деятельности, социально-значимых и профессионально значимых качеств личности, готовности к профессиональному росту, нахождению оптимальных приемов и способов качественного и творческого выполнения учебно-профессиональной деятельности в соответствии с индивидуально-психологическими особенностями личности студента обеспечивают успешность будущей профессиональной деятельности.

Современная отечественная система высшего образования стоит на новом этапе переосмысления. Переход общества к принципиально новой культуре, центр которой «все более смещается на индивидуальность и индивидуальное сознание (я думаю по-другому, но ты думаешь так, и я хочу это понять)» актуализирует образовательные технологии интерактивного типа [3, с. 84].

В процессе поиска педагогических технологий, отвечающих требованиям нового времени, появился термин интерактивное обучение.

Интерактивное обучение предполагает своеобразную организацию учебной аудитории. Изменение привычного учебного пространства «лицом к лицу» позволяет решать учебные задачи сообща, повышают готовность к решению нестандартной учебной ситуации. В интерактивной системе обучения изменяется подход к системе оценивания. Внимание преподавателя направляется на понимание того, каким образом этот ответ получен. Ошибки студентов преподаватель использует для анализа логики его мышления, совершенствование заданий.

Интерактивное обучение требует использования специальных форм организации познавательной деятельности и ставит вполне конкретные и прогнозируемые цели, например, создание комфортных условий обучения и

включенность всех студентов в учебное взаимодействие, что делает продуктивным сам процесс обучения.

По сравнению с традиционным обучением в интерактивном обучении меняется взаимодействие преподавателя и студентов: активность преподавателя уступает место активности студентов, а задачей преподавателя становится создание условий для инициативы.

Учитывая необходимость развития мотивации учения у студентов и применения при этом технологии интерактивного обучения, целью является изучение и использование комплекса интерактивных методов обучения для развития мотивации учения студентов 1 курса технических специальностей.

Применение интерактивных методов обучения в освоении языковых дисциплин, имеющих в основе диалогическую, «субъект-субъектную», фасилитационную форму общения и ориентированных на побуждение, осмысление и рефлексию всего учебного материала, способствует формированию и повышению учебной мотивации, развитию творческого потенциала личности, повышению креативности и мотивации к успеху у студентов 1 курса технических специальностей.

...Для проверки гипотезы, достижения поставленной цели и решения задач был проведен психолого-педагогический эксперимент.

...Для чистоты эксперимента студенты 1 курса технических специальностей были разделены на 2 группы:

- .. в контрольную группу вошли студенты агрономических специальностей;
- .. экспериментальную группу составили студенты политехнических специальностей.

...Опытно-экспериментальная работа проводилась в 5 этапов:

...На 1 этапе исследования проводился анализ и отбор диагностических методик.

Қазақ емлесі мәселелерінің қатарында академик Р.Сыздық өзінің «Қазақ тілінің анықтағышы» атты еңбегінде әсіресе сөздерді біріктіріп жазу жағдайына жіті көңіл бөледі [7]. Мәселен, «Анықтағыштың» 10 тармағы түгелдей дерлік осы ерекшелікке арналған, бұнда біріккен сөздерді жазудың негізінен морфологиялық ұстанымға сүйенетіндігі, біріккен сөз болатындар (топонимикалық атаулар, адам есімдері, терминдік мәнге ие болған атаулар және т.б.) мазмұндалған; таңбалануы бірдей күрделі сөздердің кейде бөлек жазылатындығының лингвистикалық негіздері дәлелденген (мысалы, *ақы* сөзі арқылы жасалған терминдік мәндегі *жалақы*, *қаламақы* бірге жазылса, фразеологизм құрамындағы *ақы* бөлек жазылады; *табан ақы*, *маңдай тері* немесе *тақтатас*, *зертас*, *сынтас* терминдерінің компоненттері бірге

таңбалаңады да, *тас* сөзі адъективті сыңарымен тіркесіп өзінің тура мағынасында тұрған жағдайда бөлек жазылады: *дөңбек тас, меруерт тас*). Біріккен сөз болуға тиісті ғалым көрсеткен тұлғалардың көпшілігі дерлік орфографиялық сөздіктің кейінгі басылымдарына сұрыпталып енгізіліп, одан әрі бекітіле түсті [8].

Алайда ғалым тағы бір ғылыми-практикалық пікірлерінің аясында «Жазуда қиындық тудырып келе жатқан жайт ереженің өзі емес, сол ережеге бағынатын біріккен сөз категориясын ажыратуда болып келе жатыр», – деп көрсетеді [9].

Жалпы алғанда, қазақ тіліндегі біріккен сөздер категориясы жайында пікірлер саналуан. Олардың баршасын бірдей талдау мүмкін болмағандықтан, бірнеше еңбектерге тоқталып өтеміз.

Профессор Н.Уәли еңбектерінде біріккен сөздерге семасиологиялық талдау жасалып, сөз мағынасындағы семалардың сипаттарын анықтау арқылы қатар орналасқан сөздердің бірігу себептері айқындалған. Осы арқылы зерттеуші «Күрделі атауларды бірге немесе бөлек таңбалауды тек жазудағы шарттылық деп түсінбеу керек. Әдетте қатар келген белгілі бір сөздерді босаралықпен, я болмаса босаралықсыз таңбалау олардың мазмұнына қатысты визуалды ақпарат беріп тұрады. Таңбалар арасындағы босаралық олардың әрқайсының мағыналық, формалық дербестігін, ал босаралықсыздық бұлардың біртұтастығын көрсетеді. Осымен байланысты күрделі таңбалық құрылымдарды босаралықпен / босаралықсыз таңбалауды форма мен мазмұнның бірлігі тұрғысынан қарауға тура келеді» деген қорытынды ұсынады [10, 90 б.].

Сонымен қатар профессор Б.Қалиевтің өсімдіктану терминологиясына қатысты зерттеулерінің [11] үлес қосқандығын, көбіне-көп этномәдени мазмұнға ие атаулардың бірге немесе босаралықпен жазылуы сөз болатын Қ.Күдеринovanаның еңбегі [12] бар екендігін атап өткен жөн.

Баяндалғандардан байқағанымыздай, теориялық зерттеулерде сөз біріктірудің ғылыми жағы дәлелденеді. Кейінгі еңбектерде Қ.Жұбанов жіктеген саралаулармен қатар: а) тіркесті түбір; ә) лексикаланған тіркес; б) денотаттық-коннотаттық қарым-қатынастар; в) қатар орналасқан сөздердің бірінің «бүтіннің бөлшегі» болуы сияқты факторлар аталады. Бұл тұжырымдар, сөз жоқ, сөз біріктірудің негізгі тілдік ерекшеліктерін айқындайды.

Сөз біріктіруге әсер етіп отырған басқа да факторлар бар екендігіне байланысты төмендегідей мәселелерге назар аудартамыз:

1. Кезкелген, қатар орналасқан жеке сөздердің өзара біріге бермейтіндігі белгілі. Демек, сөздердің бірігу заңдылығы неге байланысты деген сауал пайда болады. Бірігу заңдылығы сөздердің жаңа мән, жаңа атау алуына негізделеді, сөйтіп, жеке сөздер бір бүтіннің құрамды бөлшектеріне айналады да, бірге таңбаланатын болады. Бұл – жаңа сөз жасаудың өнімді тәсілдерінің бірі және бұл әдеби тілдің даму үдерісінде үзбей жүріп жататын үдерістердің қатарынан танылады. Сондықтан да терминжасамды қазақыландыру үдерісін қарқынды ету, реттеу жолында соңғы жылдары жарияланған саналуан типтердегі лексикографиялық еңбектерде, ғылыми әдебиетте, ресми құжаттарда сөз біріктіру амалы белсенді көзге түседі.

2. Бұдан көп жылдар бұрын академик Р.Сыздық әдеби және орфографиялық нормалардыреттеу мен бірізділендіруде, тіпті сөз

мәдениетінің сапалы болуы мен қазақ әдеби тілі лексикалық байлығының қолданысқа түсуінде, тілдегі динамикалық құбылыстарды қадағалауда публицистикалық стильдің доминант стильге айнала бастағандығын атап көрсеткен болатын [13]. Бұны қайырадан еске салудағы мақсатымызға жазу практикасында, әсіресе баспасөз тілінде, заңнамалық мәтіндер мен оқу-ағарту әдебиетінде, қазақ терминжасамында сөз біріктіру амалының белсенді сипаты себеп, ал әрбір тілдік құбылыстың қолданыста пайда болуы сыртқы тілдік және ішкі тілдік факторлар әсерінен туындайтыны мәлім.

3. Ішкі тілдік факторлардың бірін ғана атап өтуге болады. Синтаксис, морфология, фонетика салаларында көбірек талданатын тілдің үнемдеу заңдылығының қажеттілігі қазақ жазба коммуникациясында байқалады. Тұтастыру, ықшамдау, ықшам номинация жасау жазу практикасында спонтанды түрде жүзеге асады деуге де болады, сонымен қатар баспасөз ерекшелігі үшін үнемдеу заңдылығы маңызды орын алады. Мәселен, күрделі-құрама атаулардың (номенклатуралық атаулардың) қысқарған сөз түріндегі формасын қолдану ақпаратты молырақ қамту жайына байланысты тікелей байланысты.

4. Қазақ емлесінің қазіргі қалпында бірінші компонент болатын, сыртқы құрамы ықшам (көп дегенде үш-төрт фонемадан тұратын және *бір, екі, үш, бес, он* сан есімдері) сөздердің лексикалық-синтаксистік шекарасының сақталуына соншалықты талап қойылмайды, сөйтіп, *көпұлтты, көпнекелік, көптектілік, көпорталықтық, қосотанишылдық, жалтымемлекеттілік, қосмәнді, қосаймақтық, қосазаматтылық, қосақиқат, қосұдайылық, қостерістеу, үналғы, ұнтаспа, ұнжазба, ұнжария, бірнекелілік, бірмәнді, екімәнді, екіұдайылық, екіқұрамды, екіортада, екіарада, екіеселенген, қаржинағыш, сушашқыш, мөртабан, мөрқалып, түрөзгеріс, теңтөраға, төлқұжат, тікұшақ, тұсқағаз, жарқағаз, басқосу* түрінде таңбалау 31 томдық сөздікте бекітілген және осылайша жазуды мерзімді басылымдардан, заңнамалық құжаттардың мәтіндерінен кездестіреміз.

5. Ал *жай, хат, қап, ақы* сияқты тағы да сыртқы формасы ықшам сөздерге қатысты мыналарды айтуға болады: осы сөздер екінші компонент болған жағдайда алдыңғы сөзге біріктіріле жазылатындығының алғашқы үлгілері 1988-1990-жылдары (кейбірі тіпті одан да әріректе) жаңа қолданыс ретінде пайда болған еді (*саяжай, құлаққап, саябақ* типтестер) осы үлгілер арқылы *тәлімбақ, тынымбақ, өсімдікжай* (оранжерея), *көшетжай, жылыжай.жемісқап, тозаңқап, қаламқап* (пенал), *қаламөзек* (грифель), *өсімдіктек, жануартек, қайнаркөз, дереккөз, әділсот, кеппешөп* (гербарий), *себетгүл, бітеугүл, гүлсағақ, шәкіртақы, сыйақы, жәрдемақы, айлықақы* (оклад), *үстемеақы, мағлұмхат, ықтиярхат* (вид на жительство), *жазбахат, баянхат, тұрақжай, сапаржай* тәрізділер жасалып, *ақы, хат, жай, гүл, қап* типтессөздерінің терминдік ұғымды нақтылай түсетін демеуші тұлғаға (сөз-морфемаға) айнала бастағанын танытады.

6. Қазақ тіліндегі жеке сөз гиперонимдік мазмұнды иелене бастаған, оның үстіне олар сыртқы тұрпаты жағынан екі-үш таңбадан тұратындықтан өзінен кейінгі немесе алдыңғы сөзбен бірге жазыла бастады. Мысалы, **бет:** *беташар, беталыс, бетбұрыс, бетперде, бетмоншақ, бетесеп, бетбасы* (*заставка полигр.*), *беттопырақ, беторамал*; **жан:** *жандалбаса, жаналқым, жанайқай, жандәрмен, жанауыз* – *өгізге жанауыз салу, жанбағыс, жанкешті, жанкүйер, жанқалта, жансарай, жанқияр, жанбағыс,*

жансепбіл, жанторсық; **жер**: жерағаш, жералма, жералмұрт, жербалшық, жербауырсақ, жержаңғақ, жеркепе, жерқазба, жерқылаң, жерошақ, жертаған, жерұйық, жерұшық, жершай, жертөсек, жертөле, жертезек, жерүсті, жерсоғар, жержыртқыш, жеркезбе, жерқазан, жерқойма, жермай; **ой**: ойтүрткі, ойтамызық; **тас**: тасбауыр, тасжаңғақ, тасжол, тасжүрек, таскесер, таскөмір, тасқорым, тасқұлақ, тасошақ, тасқайрақ.

Анықтауыштық-анықталушы қатынаста пайда болғанымен, бір ұғымның атауын білдіретін (олар лексикаланған тіркестер деп аталып келеді) күрделі тіркестерді де бірге жазу дәстүрі қалыптасқан; жазу тәжірибесі мен жазу дәстүріндегі үлгілер де ықпал жасайды: *асқасық, шайсауыт, сабынсауыт (60-жылдардан бері қарай сиясауыт үлгісімен), сабынсу, тәттішай, шүкіршай, оқсауыт, мөртаңба, мөртабан, тасмүсін (статуя), тастұлға (статуэтка).*

7. Бір сыңары ықшам (екі-үш-төрт таңба) болып келетін сөздердің бірге жазылуына тұтастай, жымдаса айтылу, біртұтас ырғақ, интонация да әсер етеді.

8. Бекітілген терминдер сөздігі мен мектеп оқулықтарында дағдыға айнала бастаған жазу нысанының тағы бір түріне кейбір ұғымдардың орыс тілінен аударылуы себепкер болып отыр. Тілдік фактілер іріктелген сөздіктер мен мектеп оқулықтарында *дыбыселіктеу* (звукоподражание), *дыбысбейнелеу* (звукоимитация), *әлемитүйсік* (мироощущение), *өмірсезіну* (мироощущение), *өміртүсінік* (миропонимание), *орынбасу* (замещение), *кітапбасу* (книгопечатание), *жібекөндіру* (шелководство), *жалқытақырыптылық* (монотематизм), *үшендыбыстылық* (троезвучие), *дауыззорайтқыш* (мегафон), *қаналмасу, тынысалу, қанайналым, асқорыту, жылуреттеу қызметі, жұтқынишақмаңы, қалқаншамаңы бездері, тұқымбастама, бұлышықет, ұсақағза* (микроорганизм), *біржасушалы, сызбанұсқа, құрамбөлік, деркезінде, кезкелген тәрізді* сөздер орын алған (мектеп оқулықтарындағы қолданылу жиілігі жоғары мысалдар көрсетіліп отыр).

9. Бекітілген терминдер қатарынан бірге жазылуы қарқынды бола бастаған төмендегідей нысандарды да көрсете кетеміз; олар: *ақауапқыш* (дефектоскоп), *арақашықтық, баспатабақ, дыбысқұжат, әміртыйым* (вето), *эралуандық* (плюрализм), *әріпсан* (индекс), *бағакөрсеткі* (прейскурант), *баяндаухат, бейнеуңхат, бейнехат, бетбағыт* (тенденция), *дәлбедер* (муляж), *дерексөздік* (тезаурус), *келемежсурет, жеделақпар* (депеша), *заңсыйлаушылық* (законопослушность), *заттаңба // затбелгі* (этикетка), *қалаулеп* (кондиционер), *қолдаухат, маңдайшажазу* (вывеска), *пікірсарап*(рецензия), *ықпалшара* (санкция), *сәулебелгі* (водяной знак), *сыйқұжат, заңқұзыреті* (юрисдикция), *жөнсілтер* (путеводитель), *ұсақтауарлы, үзіксызық // көпноқат* (пунктир), *үңқұжат, телқұжат, түпқұжат, шағынфильм.*

Осылайша таңбалану мәселемен тікелей айналысатын мамандардың дәйектемелерін қажет етеді, өйткені қазақ әдеби тілінің қазіргі динамикасында сөз біріктіру амалының жандана түскендігінің сыртқы және ішкі себеп-факторларын норма регламентациясы тұрғысынан реттеу айрықша қажет. Бұл қажеттіліктің жауапты жағы мынада деп ойлаймыз: біріншіден, ұлттық мазмұнға ие аталымдардың немесе биологиялық, анатомиялық бірқатар терминдердің емлесі орныққан, дәлелденген десек те, сөз біріктіру

амалы тек осылармен ғана шектелмей, бірнеше сөздің тіркесі арқылы жаңа ұғымды білдіретін қоғамдық-саяси, ғылыми аталымдарды, терминдік орамдарды біріктіріп жазудың ең өнімді амалға айналып бара жатқандығы байқалады. Мерзімді баспасөз беттерінен сөз біріктіру амалында еркіндік бар. Олардың жазылуындағы әрбасқалық проблеманы тереңдете талдаудың өзектілігін байқатады. Мәселен, Орфографиялық сөздікте «дер кезі» түрінде берілгенімен, жазу практикасында «деркезінде» нысанында таңбалау нормаға айналған. Біріккен сөз емлесінің талданып түсіндірілуі терминжасам ісінде де, мектепте білім беруде де аса маңызды. Ұсынылған сөздердің біріге жазылуы тілдің үнемдеу заңдылығынан туындап отыр немесе бұл жайт әралуан мазмұндағы ақпаратты жеткізудегі қазақ тілінің мол мүмкіндігін танытатын белгі деп те бағалауға болар; дегенмен бұл ретте нақты бір ұғымның атауын қазақша жеткізуде, өзге тілдік терминге балама іздеген кезде жеке тұлғаның санасында өзгетілдік терминнің, атаудың семантикалық сыйымдылығы, мағынасымен қатар құрылымдық пішіні көз алдында тұратындығы анық байқалады. У. Вайнрайх «тіларалық бірдейлестіру» деген терминді атаған болатын, ғалымның пікірінше, қостілді адам өзара қарым-қатынаста болатын екі тілдің өзара ұқсас элементтерін теңдестіреді, бұл ретте теңдестіру бірінші тілдің ерекшеліктеріне бағынады. Осыған байланысты қазақ тілінің тіпті жазу-сызуда да «тіл-реципиент» ыңғайында келе жатқандығы, демек, сөз біріктіру амалының кейбір сипаттарын әлеуметтік лингвистика, психолінгвистика тармақтары арқылы түсіндірудің маңыздылығы ғалымдарды ойландыруы тиіс.

Атап өтерлік жайт – Жаңа әліпби негізіндегі қазақ тілі емлесінің ережелерінде біріккен сөздердің емлесі жан-жақты талданған, дәлелденген; талдау мен дәлелдеу барысында қазақ әдеби тілінің қазіргі функционалдық ерекшеліктері, лексика құрамындағы динамикалық сипаттар, жазба коммуникациядағы жазу дәстүрі, ғылыми тұжырымдар толық ескерілген.

Алдағы уақытта Жаңа Емле ережелерінің негізінде бекітілген терминдер қатарынан орын алып, орта білім беру жүйесінің лингводидактикалық құралдарына енгізілген біріккен тұлғалардың емлесі сауаттылық, әдеби норма үшін басшылық алынатын орфографиялық сөздік немесе оларды жинақтайтын тіркеуші жеке сөздік түзілуі арқылы бірізділенетін болады.

Емле мен жазу, әдеби норма мен сөз мәдениеті ұлт тілінің қалыптаса бастаған кезеңінен бастап-ақ орныға бастайды, алайда қоғам дамуының әр тұстарында олардың тұрақтылығы мен бірегейлігі және әлеуметтік лингвистикалық мәні өзгеріп отырады, демек, қазақ емлесі мен жазуы мәселесі де ұдайы жетілдіріп, толықтырып, қайырадан зерделеп отыруды қажет етеді.

Әдебиеттер:

1. Жұбанов Қ. Қазақ тілінің емлесін өзгерту жайлы // Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1999. – Б. 335-341.
2. Балақаев М. Біріккен сөздердің орфографиясы // Казахский литературный язык. – Алматы, 1987. – Б. 217-228.
3. Маманов И. Орфографиялық сөздіктегі олқылықтар // Қазақ әдебиеті. – 1983. – 4 ақпан. – Б. 3.
4. Аханов К. Емледе ғылыми принципті ұстанайық // Социалистік Қазақстан. – 1977. – 4 март. – Б. 2-3.
5. Есенов Қ. Біріккен сөздер // Қазақ әдебиеті. – 1977. – 11 наурыз. – Б. 4-5.

6. Қалиев Ф. Біріккен сөздердің жазылуы жайында // Жинақ «Сөз өнері». – Алматы, 1978. – Б. 155-162.
7. Сыздық Р. Қазақ тілінің анықтағышы (емле, тыныс белгілері, сөз сазы). – Астана, Елорда, 2000. – 532 б.
8. Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі / Құраст.: Н.Уәлиұлы, Қ.Күдерінова, Ғ.Әнес. – Алматы, 2007. – 616 б.
9. Сыздық Р. Жаңа жазуға көшуіміз керек, бірақ оған емле ережелері дайын емес. – Қазақ әдебиеті. – 1998. – 19 қаңтар. – Б. 3.
10. Уәли Н. Графика. Орфография. Орфоэпия: монография. – Алматы, 2018. – 235 б.
11. Қалиев Б. Өсімдік атауларының орысша-қазақша және қазақша-орысша сөздігі. – Астана: «ІС-Сервис», 2005. – 196 б.
12. Күдерінова Қ. Құрама сөздер және олардың емлесі // Кітапта: Сыздық Р. Тілдік норма және оның қалыптануы (кодификациясы). – Астана, Елорда. – 2001. – Б. 230.
13. Сыздықова Р. Жаңа сөздер жайынан // Жұлдыз. – 1966. – Б. 6-9.

Алдаш А.

СЛОЖНЫЕ СЛОВА В КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ: В УСЛОВИЯХ НОВЫХ ОРФОГРАФИЧЕСКИХ ПРАВИЛ

В процессе подготовки Орфографических правил казахского языка на основе новой графики выявилась необходимость интерпретации, уточнения и унификации орфографирования сложносоставных слов казахского языка с учетом ряда экстра- и интралингвистических факторов. На данном этапе развития казахского литературного языка, особенно в письменной практике официально-деловых текстов, учебно-дидактической и научной литературы, в публицистической письменной речи наблюдается слитное написание сложных слов, состоящих из определительно-определяемых синтаксических связей, а также в зависимости от денотатно-коннотатных взаимоотношений компонентов сложных слов. В письменной коммуникации, как свидетельствуют фактические материалы, имеются лексические единицы, которые пишутся путем дословной кальки-перевода научно-технических и учебно-образовательных терминов и они в силу расширения сферы функционирования казахского языка увеличиваются. Характеристика указанных проблем и выдвижение ряда рекомендаций по их кодификации и унификации становятся особо актуальными на данном этапе судьбы казахского языка – на этапе перехода на латинскую графику.

В статье рассматриваются экстра- и интралингвистические факторы, влияющие на правописание сложносоставных лексических единиц, дается разъяснение значимости преемственности традиции письма, а также указываются основные причины слитного орфографирования сложносоставных лексических единиц.

Ключевые слова: орфография, традиции письма, основные принципы орфографии, сложносоставные слова, принцип экономии языковых средств, слово-морфема, гипероним, динамика языка, кодификация.

Aldash A.

DIFFICULT WORDS IN THE KAZAKH LANGUAGE: IN THE CONDITIONS OF NEW ORTHOGRAPHIC RULES

In the process of preparing the spelling rules of the Kazakh language on the basis of a new graphic, the need for interpretation, clarification and unification of spelling of complex words of the Kazakh language was revealed, taking into account a number of extra- and intralingual factors. At this stage of development of the Kazakh literary language, especially in the written practice of official business texts, educational and didactic and scientific literature, in the publicist written speech there is a continuous writing of complex words consisting of definitively defined syntactic links, and also depending on denotatno-connotate relationship components of complex words. In written communication, as evidenced by factual materials, there are lexical units that are written by verbatim tracing-translation of scientific, technical and educational terms and they are increasing due to the expansion of the sphere of functioning of the Kazakh language. The characteristics of these problems and the presentation of a number of recommendations on their codification and unification become particularly relevant at this stage the fate of the Kazakh language - at the stage of transition to the Latin script.

The article discusses extra- and intra-linguistic factors affecting the spelling of complex lexical units, explains the significance of the continuity of the writing tradition, and also indicates the main reasons for consistent spelling of complex lexical units.

Keywords: spelling, writing traditions, basic principles of spelling, compound words, the principle of economy of linguistic means, word morpheme, hyperonym, language dynamics, codification.

ӘОЖ 82.09:821.512.122

Қыдыршаев А.С. – педагогика ғылымдарының докторы, профессор,
М.Өтемісов атындағы БҚМУ
E-mail: kdirshaev_abat@mail.ru

Таңатарова А.Х. – М.Өтемісов атындағы БҚМУ магистранты

ҚАЗАҚ АФОРИСТИКАСЫ: ТАБИҒАТЫ, ЛОГИКАЛЫҚ-ҒЫЛЫМИ ТАРАЛЫМЫ ЖӘНЕ ТАНЫМДЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ

Аңдатпа. Мақалада қазақ афористикасының теориялық қағидалары қарастырылып, тағылымдық мәні таразыланады. Қазақ афоризмінің анықтамалық сипаттамасы, жіктелімдік таратылымы, табиғаты, терминдер топтамасы зерделенеді. «Аталы сөз атан түйеге татиды», «Жақсы сөз – жарым ырыс», «Аталы сөзге арсыз гана қарсы тұрады» секілді тұжырымдардың тағылымдық аспектілеріне акцент беріледі.

Тірек сөздер: Афористика, шешендік сөз, мақал-мәтел, қанатты сөз, гнома, сөз өнері.

Қашан да аталы кеңес – даналық көзі. Аталы сөз атан түйеге татиды. Түркі әлемінде де, еуропа төрінде де бірегей даналардың дуалы аузынан шығып, ұрпағына рухани мирас болып қалған құнды ойлардың баршасы сөз құдіреті

арқылы берілетіні мәлім. Халық даналығы – ұлттық сана межесі, ой-өріс тұнбасы. Халық даналығы – тілінде. Егер де тіл мүмкіндігі шектеліп, сөз байлығы мен көркемдігі, оралымдығы жетіспей жатса, даналық ой-пікір де шарықтап дамымақ емес. Ал даналықты білдіретін түйін-тұжырымдар, ұғым-түсініктер сапына аталы сөз, мақал-мәтел, қанатты сөз (афоризм), нақыл сөз, шешен сөз, өсиет сөздерді қосар едік. Бұлар – даналық пен парасаттылықтан туындаған терең ой, логикалық тұжырым, философиялық толғаныс, дүниетаным, өмір тәжірибесі, тағылым-тәлім көріністері, көркем сөзбен көмкерілген тұрақты қалыптасқан тіркес, шағын мәтін, қысқа да нұсқа ой үзіктері [1; 2; 3; 4].

«Жақсы сөз – жарым ырыс». Жақсы сөз айту – жоқтан барды құрастыру, тыңдаушының құлағына әйтеуір бір жағымды сөз тауып айту емес, тыңдаушының тағатсыздана тосқан асыл арманына сәйкес, діттеген ойына сай, мақсат-мүддесін дәл тауып, тап басатын, көңілін көтеріп, сезімін сергітетін, құпия сырдың кілтін тауып айта білу. Халқымызда жақсы сөз естісе, «аузыңа – май, астыңа – тай!» деп жатуы тегін емес. Зерттеулерге сүйене ой өрсек, мақал-мәтел – көркем сөз өнерінің көрнекті өрнегі, ұлт рухының құдіретті күші. Асыл сөз – көненің көзіндей сирек айтылатын, ащы да болса шынайы шындықты баяндайтын, мағына-мәні терең, ақыл-парасатпен өрілген өнегелі сөз. Билер сөзі – қуатты да қанатты, ақыл да нақыл сөздер. Нақыл сөз – өнеге, өсиет ретінде айтылатын аталы сөз. Шешендік сөз – ділмәр адамдардың әр кезде әр түрлі жағдаяттарға байланысты тауып айтқан, нысанасына да дөп тиіп жататын ұтымды, өткір, ақылды да ғибратты өсиет сөздері. Аталы сөз – түркі әлемінде мақал-мәтел мағынасында ең алғаш қолданылған және халық даналығының қорлана қалыптасуына ұйытқы болған байырғы атаулар. «Аталы сөзге арсыз ғана қарсы тұрады». Қанатты сөз – қоғамдағы әлеуметтік, саяси, мәдени, тарихи жағдайларға байланысты айтылған және сол сәтте жұртшылық құлақтанып, қарапайым халық арасына тез тарап, елдің рухын көтеріп, ұлтжандылық сезімін оятатын ұтымды да әсерлі қалыптағы жалынды сөздер. Өсиет сөз – өмірде көп жасап, көпті көрген, алған тәлімі мен тәжірибесі, тағылымы мол қазыналы қарттардың кейінгі жас ұрпаққа арнап айтқан мәнді де мағыналы ақыл-кеңестері. Көсем сөз – ойшыл да дана, білгір де білікті, парасатты да ақылман адамдардың, сөз бастаған шешендер мен топ бастаған көсемдердің дуалы аузынан туындап, қалың жұртшылық арасына кең тарап, санасына сіңіп жиі айтылып жүретін ақыл-нақыл, бағдарлы да мақсатты ой түйіндері. Тәмсіл – мақалға да, мәтелге де жақын әрі ұқсас, бірақ екеуінен де өзіндік айырмашылығы бар кіші жанрға тән тұрақты тіркестердің бірі. Қысқасы, бұлар – халық даналығының алтын қоры, рухани байлығымыздың қайнар көзі. Ал осыншама халықтық құндылықтың асып-төгіліп жатқан мол мұрасын сол қалпында жер-жаһанға паш етіп тұрған ана тіліміздің құдіретті күші мен сөз байлығы, көркем де бейнелі өрнегі. Демек, халық даналығының ұйытқысы – оның тілінде, сөздің құдіретті күшінде [4].

Сөзге ой түрткі. Ой – тамызық. Ой – адам рухының тұғыры, адамзат өркениетінің қозғаушы күші. Сөз – құдірет. Көне Шығыс ғұламалары бұны айқын сезінген. Асылы, ат тұяғынан жаратылған қазақ үшін сөзден қуатты, сөзден асыл ештеңе жоқ. Бір ғажабы, бабаларымыз жығылғанды сөзбен көтерген, жылағанды сөзбен жұбатқан, дұшпанды сөзбен тоқтатқан. Қазақ халқының ұлттық менталитетінде сөз дертке дәрмен болар ем, жасқа ұлағат

болар тәрбие, келешекке аманат қылып қалдырар асыл мұра тұрғысында ұғынылған. Демек, сөз өнері – қазақтың қанына сіңген таусылмайтын байлық. Ал жастайынан тамыры тереңде жатқан түгесілмейтін қазақ ойының қазанынан сусындай білген ұрпағымыз сөзді түстеп те, салмақтап та, астарлап та білуі тиіс. Себебі сөз қасиетін таныған ұрпақтың ары да, жігері де, намысы да таза болары даусыз. Сөз – сиқыр. Сөз - ойды ұрпақтар игілігіне айналдырушы асыл айна, зерен зерде. Сөз де, ой да – халық болмысын, рухы мен дүниетанымын танытушы адамдық қос құдірет. Ал афоризм – сөзге айналған ойдың, оймен нұрланған сөздің сән-салтанатын паш ететін бірегей тұжырымды түйін.

«Афоризм» («aphorismos») сөзі көне грек тілінде «шағын үзінді», «бүтіннің бөлшегі», «үзік», «фрагмент», «қысқаша анықтама» ұғымдарына сай. Бұл термин орыс тілінде ХҮІІІ ғасырдан бастап ғылыми айналымға түскен. «Ресей Академиясының сөздігінде» (1789 ж.) «афорисм» деп алынған. Бұл терминді қазақ ғалымдарының арасында тұңғыш қолданушы Ш.Уәлиханов: «Қазақтардың ұшан-теңіз өлең жырлары, әлдебір дәуірлерде ақылды бабалары шығарған мәтелдері мен афоризмдері бар», - деп жазады. Әйгілі ғалым терминнің мағыналық, құрылымдық және ұғымдық ерекшеліктерін деп баса отырып, екі мәселеге ерекше маңыз берген. Біріншісі, афоризмнің белгілі бір авторға телініп және ақыл-кеңес сипатында болатындығы, екіншісі – оның жеке жанр екендігі.

Афоризмдердің табиғатына қатысты пікірлер де сан алуан. Мәселен, «Афоризм – это граненый алмаз мудрости» (*Гарун Агацарский*), «Афоризм – это алгебра мыслей» (*Георгий Александров*), «Афоризм – это мысль, исполняющая пируэт» (*Жорис де Брюйн*), «Афоризмы подобны адвокатам, неизбежно видящим лишь одну сторону дела» (*Энтони Бёрджесс*), «Хорошие афоризмы – горькое лекарство в приятной оболочке, которое лечит, не оскорбляя вкуса» (*В.Швебель*), «Единственный способ читать книгу афоризмов без скуки – это открыть ее наугад и, найдя что-то интересное, закрыть книгу и предаваться размышлениям» (*Шарль-Жозеф де Линь*), «Афоризм – как пчела: в нем и золотистый мед, и ядовитое жало» (*Кармен Сильва*), «Изречения великих людей подобны позолоченным ложкам: позолота сходит от частого употребления, так и блеск афоризмов теряется от частых повторений» (*О.Бальзак*), «Мышление афоризмами характерно для народа» (*М.Горький*), «Афоризмы – камертоны жизни», «Афоризмы – это мысль, отшлифованная опытом» (*А.Лаврухин*), «Афоризм – это оригинальное выражение банальной мысли» (*Э.Севрус*), «Афоризм содержит полправды – необычайно высокий процент» (*Габриэль Лауб*), «Любой афоризм что орех: снаружи хорош, а внутри на три четверти пуст» (*Фернан Вандран*), «Афорист – добытчик аттической соли для чужих кушаний» (*Веслав Брудзинский*), «Вы заметили, что мы обращаем гораздо больше внимания на мудрые мысли, когда их цитируют, чем когда мы встречаем их у самого автора?» (*Филип Хамертон*), «Будущее литературы – в афоризме. Его нельзя эранизировать» (*Габриэль Лауб*), «Читая древних мудрецов, часто находишь что-то свое» (*Болеслав Вольтер*), «Не пора ли ввести кольцевание крылатых слов?» (*Борис Брайнин*), «Не надо мне некролога – лучше напечатайте на этом месте мои афоризмы» (*Аркадий Давидович*), т.б. [5; 6; 7; 8; 9].

Қазақ афоризмдерінің асыл арнасы сақ-скиф дәуіріндегі ойшылдар сөздерінен, көне түркі жазбаларынан бастау алады. Яғни, қазақ

афоризмдерінің бастау көзі арғы қазақ арналарынан тарата айтқанда б.з.д. V-VII ғ. бағзы мәдениет бұлақтарынан саналады. Бұған біздің дәуірімізге дейінгі шамамен 555 жыл бұрынғы атақты Анахарсисінің «Жақсылық та – тілден, жамандық та – тілден», «Сый – жеңгендікі, сөз – тергендікі», «Бақытты шаңырақ дегеніміз – жылтылдаған сәнді сарай емес, жан жарыңның, жақын-жораларың мен сүйкімді балаларыңның сыңғырлаған күлкісі, ырысы мен ынтымағы», «Дүниеде уақыттан жасы үлкен ешкім де, ештеңе де жоқ», «Үй дегеніміз – балташылар мен тас қалаушылардың еңбегінің ғана емес, үй ішінде тұрып жатқан адамдардың өзара қарым-қатынасының да жемісі», Токсарының (Токсарид) «Достық туралы көп сөзден достық пейілді бір іс артық», «Құдалық та – достықтың дәнекері», Тоныкөктің (Тоң-ұқық) «Ақыл иесі – сөз иесі», «Қағаны батыр, ақылгөйі кемеңгер елдің бағы жанады», Білгенің (Мерген) «Түркіні бұзар – тәтті сөз», «Дарақылық үмітіңді үзіп, қанатыңды қияды», «Түркі жұртының тоқмейілсуден асқан дұшпаны жоқ», Күлтегіннің «Бек ұлдарың құл болмағай, пәк қыздарың күң болмағай!», «Ағасын танымаған іні азар, атасын танымаған ұл азар», «Кетіскеннен кектескен жаман» [3, 15-18 б.] деп тұжырыуы айқын дәлел. Демек, қазақ афоризмдері – сан ғасырлық тіршілік тағылымынан нәр алған даналық ақыл-ой тұнбасы. Афоризмдер – көшпелілер мен олардың ұрпақтарының өмір сүру тәжірибесін паш ететін ұлттық санамызда, ел зердесінде ерекше із қалдырған ұлы тұлғалар мен ұшқыр ойлы замандастарымыздың ұлағатты сөз тәмсілдері. Интеллектуалдық қазына қалпындағы афоризмдер – адам, адамзат тағдыры туралы тұжырымдар. Афоризмдер – қысқа да нұсқа ойнақы ой мен сиқыр сөзден өрілген тарих, Ұлт тағдырын ұрпақтар сөзінің сабақтастығымен айғақтайтын рухани желі, уақыт тынысын, заман, қоғам мінезін танытар таңғажайып куәлік. Афоризмдер – халық сөзінің небір жауһарлары, сұлу сөздің қадірін білетін, шешен сөйлеуді өнерге балайтындар үшін шеберлік шындау мектебі. Демек, афоризмдер – ертеде ғұмыр кешкен ұлы дала данышпандарының ой-маржандары, тұңғық сырлы толғамдары, сөз шолпандары, меруерт толқындары. Ендеше, бұл – ой мұхиты, сөз дариясы іспетті өзгеше бір бөлек әлем, шексіз шалқыған кеңістік.

Әрине, афоризм – абсолютті айқын шындық, дайын рецепт не әлдебір даяр нұсқаулық емес. Олай болса, қазақ афоризмдеріне қазақ философиясының төл табиғатын ашар, тақырыбы мен тәсілін тануға жол сілтер ғылыми көркем жүйе ретінде қарау дұрыс. Қысқасы, афоризм – адамзат өркениеті мен мәдениетіндегі рухани сабақтастықты қамтамасыз ететін шағын пәлсапалық ой, тәжірибелік түйін, логикалық қисын, әлеуметтік-саяси, моральдік-этикалық және эстетикалық көзқарас, туындыгерлік тұжырым түріндегі қысқа да нұсқа көркем туынды, бейнелі кестеленген нақыл сөз. Басты шарттары – өмірлік құбылыстар мен адамдардың іс-қимылына, мінезіне орайлас көзқарастағы анықтық, ой шындығына адалдық, пікір жинақтап қорыту мен түйін жасаудағы логикалық жүйелілік және ойды жеткізудегі дәлдік пен қысқалық. Афористік туындыда әр ой өзінше өзгеше өрнектелген бөлек бітімге ие.

Зерделеушілердің бірқатары афористиканы сөз өнерінің бір түріне жатқызады. Мәселен, данышпан Абай сөз өнерін өлең сөз (поэзия), қара сөз (проза) және ғақлия сөз (афористика) тұрғысында таразылайды. Демек, афоризм – өмір тәжірибесін барынша ықшам әрі өте жинақы кескіндеу

құралы. Бұл жүйеде образдан гөрі ойға көбірек салмақ салынады, суреттеуден гөрі салыстыруға, өрнектеуден гөрі ойласуға басымдық беріледі. Логикалық-ғылыми тұрғыдағы тезистердегі талдау тазалығы мен дәлел жүйелілігінен гөрі ақиқатын ойша дәлелдеп емес, бастан өткізу арқылы ғана танып-білуге болатын бірегей рухани тәжірибеге сүйенілмек. Мәселен, афористика жанрында туындылар қалдырған жазба ақын-жазушылар сапында дана Абай шығармаларының шоқтығы айрықша. Абай – афоризмнің кең көлемді классикалық талаптарын терең білген, жете меңгерген және осы үлгідегі ой жауһарларын жасаған әлем ақыл-ой алыптары деңгейіндегі ғұлама ойшыл. Бұған қоса айтсақ, Шәкәрім Құдайбердіұлы («Өмірдің басы – бала, ортасы – адам», «Анық байлық – бойға біткен өнерің», «Бет сұлулығы – тән сыйы емес пе, дауыс пен сөз сұлулығы – жан сыйы зой. Әрине, тән сыйынан жан сыйы артық екенінде дау жоқ. Бірақ бет сұлулығын әркім-ақ таниды, ал сөз бен ән сұлулығын танушы аз»), Ғабит Мүсірепов («Соқыр көретіндей, саңырау еститіндей етіп жаз», «Есті сөзді естігісі келмеген адам – саңырауға тең», «Оқыс сөз, одыраң мінез – үлгісі жоқ ұлдың, кер кеткен қыздың белгісі»), Бауыржан Момышұлы («Қайрат етер кезіңде – жүк көтерер нардай бол, ақыл айтар кезіңде – жүз жасаған шалдай бол», «Әдіссіздік – әлсіздік», Мұзафар Әлімбаев («Ескерткіш тозса да, естелік тозбайды», «Ақиқатты тек ақылды көздермен ғана көруге болады», «Әркім өз ескерткішін өзінің көзі тірісінде өз қолымен қалайды», «Ұста сөз – ұстаз», «Ұстаз ұқтыра алмағанды өмір ұқтырады», «Естілер еңкейген сайын, еңселене түседі», «Ұлтын білгің келсе, зұрпын біл»), Қадыр Мырза Әлі («Мақсаты кішіден үлкендік шықпайды», «Адамдарды тоқтықпен де жазалауға болады», «Қайғының кішкентайы болмайды», «Мықты қарт мықты жастан шығады», «Әкені ұлы жеңгенде немересімен жеңеді»), Әбіш Кекілбаев («Қандай заманда да өз бақыты жолында күресе білмейтін адамның өз өмірін мазмұнды, мағыналы ете алуы еш мүмкін емес», «Дүниедегі ең қатерлі кесапат – үйреншікті дағдының дегенінен аса алмау», «Жаманның құтын қашырудың жалғыз жолы – жақсының нұрын тасыту», «Кісілік деген – өнер емес, ғылым») афоризмдерінен де тұңғыық тереңдік пен тектілік айқын аңғарылады [5; 3].

Бүгінде афористиканың жанрлық жіктелуі ұғымдық және терминдік тұрғыдан әлі жан-жақты терең зерттеліп, ғылыми қалыпта жүйелене қойған жоқ. Бұл оның негізгі жанры афоризмге де қатысты. Қолданбалық мәніне молырақ назар аударылатын *өсиетнамалық афористикалық шығармалар өсиет, кеңес, нақыл түрінде* айдарлануда. Сондай-ақ афористиканың *қанатты сөз, гнома, апофтегма, хрия, максима секілді жанрлары* да бар. Мәселен, «гнома» (грекше *gnome* – пікір, түйін) – ықшамды түрде ұйқастырып айтылған екі немесе төрт тармақты өлеңмен келетін нақышты сөз. Араб, парсы, үнді әдебиеттерінде жиі кездеседі. Ежелгі грек, Рим поэзиясында да қолданылған. Кейін Еуропа әдебиетінде де өткір философиялық ой-тұжырымды қысқа қайырып айту үшін осы үлгі қолданылған [6, 117-118 б.]. Біздіңше, афористиканың өміршеңдігі оның танымдық ерекшеліктеріне байланысты. Афористика – өткен ұрпақтардың өмір тәжірибесін, мәдени және өркениеттік ой қазынасын жоғалтып алмай, жаңғырта отырып, келер ұрпақ кәдесіне жаратуға мүмкіндік беретін бірегей тиімді тәсіл, ақыл-ой диалектикасының алтын көпірлерінің озығы. Мәселен, классик жазушы Әбіш Кекілбаевтың рухани жаңғыру, рухани байлық

хақындағы афоризмдерінің өзі бір төбе. Мысалдар төмендегіше: Ұрпақтың ұрпаққа қалдырар ең асыл мұрасы - өзі бастан кешкендерден түйген азды-көпті *рухани тәжірибесі*. Одан қол үзген қауым - келешегінен қол үзген қауым; Біздің халқымыздың *рухани өмірінде* саяси проблемалардан гөрі *адамгершілік проблемалары үстемірек* орын алатын сияқты; Мен әдебиетте іскер адамды да, қарапайым адамды да емес, *рухани күшті адамды* көрсетуді жақтаймын; *Арлы адам - ең күшті адам*. Өйткені, ол өткінші бақыттың, өткінші қайғының ырқына мойынсынбайды. Сондықтан оның тағдыры қиын болуы, ауыр болуы мүмкін, өкінішті болуы мүмкін емес; Қазіргі гуманистік әдебиет адамдарды *рухани енжарлықтан, жалқаулықтан, көрсеқызарлықтан, ләззатқұмарлықтан, баққұмарлықтан, даңққұмарлықтан* сақтай білуге тиісті; Мен өз басым әдебиеттің негізгі міндеті - әшкерелеу де, дәріптеу де, ақыл айту да, алдарқату да емес, адамдарды, адамдық тіршілікті әуелі өзің жете түсініп, сосын оқушыңды жете түсіндіріп, оның *өзін-өзі рухани шыңдай білуіне түрткі болу* деп ұғамын; Небір шын құрмет, шынайы ықылас, нағыз махаббатқа лайық абзал жандар өзін-өзі көтермелеп, өзін-өзі қолдан-қолға өткізіп, өзін-өзі саудаға салып жүрген рухани жалдаптардың құрбандығына айналады; Қандай заманда да өз бақыты жолында күресе білмейтін адамның өз өмірін мазмұнды, мағыналы ете алуы еш мүмкін емес; Адам мен адамзаттың армандары ешқашан аласармайды; Адамның адам, адамзаттың – адамзат атануына Лев Толстойдай үлес қосқан кісі кемде-кем; Өмірдегі небір қаны тамшылаған шындықтар қайдағы бір жалған намыстың сойылын соққан *рухани көлгірліктің* тасасында қалып қояды; Пушкиннің ең басты *рухани ерлігі*, әрине, Евгений Онегин; Шындыққа сенбей, қисынға сену - *рухани мүгедектікке* ұрындырады; Көнбістік - *рухани мүгедектің* бір сатысы; *Жасап-жаңғыру үшін* өзінен бұрынғының аузы-мұрнын қан қылу тіпті де шарт емес; Өзіне сенбейтін кісі төңірегіндегілердің бойынан ешқандай *жақсы сипат, жақсы қасиет* көрмейді; Төтен сауалдан айламен сытылып кетуге тырысатын *рухани алаақтық* - перілік, төтен сауалға тура жауап беруге тырысатын *рухани адалдық* - періштелік, тырысып қана қоймай, жауап таппай тынбайтын *рухани жанқиярлық* – пайғамбарлық; *Рухани экологиямызды* аздырып-тоздыратын апат өзіміздікін өзімізге көп көретін ескі қасіретімізден - етектен тартпа іштарлығымыздан өніп, өрбейді; *Шын ақын* өзін өз ұлтының рухани әкесімін деп емес, *ең кенже перзентімін* деп санайды; Абыройлы азамат: артының сұрауы бар, аузының дуасы бар; Дүниедегі ең қатерлі кесапат – үйреншікті дағдының дегенінен аса алмау; Үлкен таланттың басына да бақыт – жолы болғыш аушыға жолыққан сар сазандай салаң етіп бірден түсе қалмайды; Рухани әлем - қашанда қанағатсыз әлем; Кез келген микробтар сияқты *рухани микробтарда* да тек есік-терезені тарс қымтап қойып сақтана алмайсың. *Берік рухани иммунитет керек. Рухани бедерсіздік* саяси тәуелсіздікті де тәрк етеді; Ақылға сыйымдылық - жұрт сияқты өмір сүре білу, олардың алдында именшектейтіндей қорда болмау, сескендіретіндей зор да болмау, басқалардың қадір-қасиетін сыйлай білу, өзінді басқаларға сыйлата алардай қадір-қасиетке ие бола алу. Меніңше, *ұлттық сана мен ұлттық намыстың негізгі мәні*, міне, осында жатқан сияқты; Жалпақ әлемді аузына қарату үшін, *рухани ерлік* керек, жалпақ әлемге қысылмай, қымтырылмай қарату үшін, *рухани байлық* керек; Заманға таңғалма, адамға таңғал; Маңдай ашылу үшін тәуекешіл талап керек; Күйші туралы ерніңнің ұшымен епсектеп сөйлей алмайсың, ет-бауырың езіліп,

еміреніп қана сөйлеу керек; Құймақұлақ әрі жұқа жүрек шәкірт бола білген адам ғана өнегесі мол кісілікті ұстаз бола алады; Өзіңе сену деген еңбегіңе сену деген сөз.

Жинақтай айтсақ, афористика – даналық тұнбасы. Ұшқыр ойды көркем образға айналдыру өнері. Даналықтың тылсым құпиясы осы өнерде. Даналық тұнбасының мөп-мөлдір бұлағынан нәр алу, астарлы да ажарлы ой құнарынан нұр алу қашан да жан байытар, жігер жандырар, өмірі көзқарасыңды қалыптастырар, күрмеуі көп тіршілік құпияларын танытар қастерлі дәстүр. Ата-бабамыздың, адамзат баласының жер бетінде өмір сүру тәжірибесінің қыр-сырларын көңіл көзінен өткізгенге не жетсін! Тарих төріндегі талай маркасқа бабалардың ғана емес, заманы бір толымды заңғарлардың ойына ортақтасудың өзі қандай! Демек, бүгінгі жастарды – ертеңгі кәсіби ұлт тұлғаларын, Абай ғұлама айтқандай, «табанының топырағы көзге сүртерлік қасиетті адам» ретінде баулуда осынау ұлы мұраның, даналық ойлардың орны орасан. Ендеше, афоризм – шынайы шипагер емші. Аталы сөздің атан түйеге татитындығы да осында. Олай болса, күллі әлемге белгілі қоғам қайраткерлерінің, нар тұлғалы азаматтардың өмірдің ащы-тұщысын көргендігі, тәжірибесінің молдығы, көңілге түйгенінің тереңдігі, одан алған тағылым-тәжірибесінің ұланғайырлығы алдыңғы ата-бабалардың даналық қазынасына құлақ қоюынан, әлемдік өркениет-мәдениет тұңғығына зер салуынан, замандас әріптестерінің елең еткізер ойларына сыни көзқараспен қарай алуынан деп білеміз. Ел үшін тер төгуде, тіпті күнделікті тірлікте сәтті ой өруде, онсыз да жетпей жататын уақыт шіркінді үнемдеуде, тұйықтан шығарар жол көрсетуде мол жәрдем етер осыншама асыл рухани мұра үзіктерін, алтынның жаркылдарын ерінбей-жалықпай топтастыру, арнайы зерттеу нысаны ету, келешек жастарға үлгі ете ұсыну қолдарлық іс.

Әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. Ақыл – парасат кітабы. – Алматы: RS; Халықаралық Абай клубы, 2015. – 316 б.
2. Қыдыршаев А.С. Шешен сөйлей білеміз бе? (Шешен сөйлеу мәдениетінің алтын қағидалары): оқу құралы. – Орал, «Полиграфсервис» баспасы, 2017. – 364 б.
3. Қазақ афоризмдері (Ақыл-ой антологиясы: бағзыдан бүгінге дейін) / Құрастырушы Е.Шаймерденұлы. – Алматы: «Алматы кітап» баспасы, 2012. – 320 б.
4. Қайдар Ә.Т. Халық даналығы (Қазақ мақал-мәтелдерінің түсіндірме сөздігі және зерттеу). – Алматы: «Тоганай N» баспасы, 2004. – 560 б.
5. Қыдыршаев А.С. Шешендік тағылымы. – Орал: «Ағартушы» баспасы, 2006. – 142 б.
6. Борохов Э. Энциклопедия афоризмов: Жемчужины мысли. – М.: «Издательство АСТ», 2003. – 686 с.
7. Душенко К.В. Большая книга афоризмов. 8-е, исправленное. – М.: Издательство Эксмо, 2006. – 1056 с.
8. Большая книга афоризмов. Мудрость тысячелетий. – Минск: Харвест, 2008. – 506 с.
9. Лучшие афоризмы великих людей. Формула успеха / Составитель А.П. Кондрашов. – М.: РИПОЛ классик, 2010. – 640 с.
10. Әдебиеттану. Терминдер сөздігі / Құрастырушылар З.Ахметов, Т.Шаңбаев). – Алматы: «Ана тілі», 1998. – 384 б.

Кыдыршаев А.С., Танатарова А.Х.

**КАЗАХСКАЯ АФОРИСТИКА: ПРИРОДА, ЛОГИЧЕСКОЕ И НАУЧНОЕ
РАСПРЕДЕЛЕНИЕ И КОГНИТИВНЫЕ ОСОБЕННОСТИ**

В статье рассматриваются теоретические принципы казахской афористики и назидательный смысл. Дается определение к казахским афоризмам, их классификации, терминологии, истории создания. Особое внимание уделяется к казахским афоризмам как «Аталы сөз атан түйеге татиды» («Слово оратора острее шила сапожника»), «Жақсы сөз – жарым ырыс» («Умные речи – полбогатства, доброе слово – уже полсчатья»), «Аталы сөзге арсыз ғана қарсы тұрады» («Кто слово не ценит, тот себя не ценит») и их познавательным аспектам.

Ключевые слова: афористика, риторика, крылатые выражения, гнома, искусство слова.

Kydyrshayev A.S., Tanatarova A.Kh.

**KAZAKH APHORISTICS: NATURE, LOGICAL AND SCIENTIFIC
DISTRIBUTION, AND COGNITIVE FEATURES**

The article discusses the theoretical principles of the Kazakh aphoristic and instructive meaning. The definition of the Kazakh aphorisms, their classification, terminology, history of creation is given. Particular attention is paid to the Kazakh aphorisms as «Аталы сөз атан түйеге татиды» («The speaker's word was sharper than a shoemaker»), «Жақсы сөз – жарым ырыс» («Clever speeches are half-rich, a kind word is already half the story»), «Аталы сөзге арсыз ғана қарсы тұрады» («He who does not value the word does not value himself») and their cognitive aspects.

Keywords: aphoristics, rhetoric, popular expressions, gnome, art of words.

УДК 378.02:372.8:81373:811.161.1.

Есимкулов Б.Н. – кандидат филологических наук,
и.о. ассоциированного профессора (доцента)
Жетысуского государственного университета им. И.Жансугурова
E-mail: Esimkulov.63@mail.ru

**ПРОБЛЕМАТИКА ИССЛЕДОВАНИЙ В ОБЛАСТИ
ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ЛЕКСИКОЛОГИИ**

***Аннотация.** В статье рассматриваются основные направления функциональной лексикологии, которая рассматривает слово во всем разнообразии его системных и текстовых связей. Как показал анализ научных источников, исследование функциональных качеств слова предполагает анализ естественного языка с присущей ему естественной системностью. Исследование функциональных характеристик слова, опирающихся на ассоциативные свойства, а в их числе и на те, которые не соотносятся непосредственно с семантическими признаками, это один из этапов в решении задач функциональной лексикологии.*

***Ключевые слова:** слово, система, функция, коммуникативный подход к языку, дискурс, контекст, текст, ассоциативные связи, лексикография, языковая личность, адресат.*

Выдвижение на первый план новых аспектов учения о слове стимулировало создание функциональной лексикологии. Функциональная лексикология не существует пока как целостное, вполне сложившееся направление. Однако исследования, связанные с анализом функциональных качеств слова, свидетельствуют о рождении нового подхода в лингвистике.

Подход к языку как средству общения выдвинул свою проблематику в исследовании единиц разных уровней с ориентацией на коммуникацию. Целью функциональной лингвистики стал анализ естественного языка с присущей ему естественной системностью.

Это включило понятие естественного языка в иное противоположение, чем ранее отмечаемые: естественный язык – искусственный язык (метаязык), естественный язык – формализованный язык (формальная модель языка, приспособленная для решения одной из проблем компьютеризации, – общения с компьютером на естественном языке). Изучение языка как средства общения создает противоположение естественный язык, естественная системность – структурированная системность как результат исследования языка, как системы с присущей ей абстрактностью. Для лексического уровня – это та высокая степень лингвистической абстракции, в которой выступает слово в словаре, реализующем подход к лексике как системе.

Новое противопоставление вызывает в настоящее время потребность сближения «лексикографических знаний» с реальными, «естественными» характеристиками слов, презентации в словаре не того, как следует употреблять слово, а как оно реально употребляется. В развернутом виде эти устремления отражены в прогнозировании развития лексикографии, в определении нового типа словаря – словаря активного типа, представляющего собой комплексный, интегративный словарь. Это же отражено и в критической оценке состояния русской лексикографии. Пути решения насущных задач связываются как с общей проблемой представления лексикографических знаний, так и с определением возможностей исследования естественного лексикона, естественной системности.

Перемещение акцентов в исследовании языковых единиц разных уровней вызвало изменения в когнитивной базе, определяющей терминологическую систему коммуникативного аспекта языковых единиц.

Это коснулось прежде всего понимания функции: если оно ранее определялось относительно системы языка, то теперь относительно прагматики речи и коммуникативных целей речевых актов. Соответственно в иных границах представляется и функциональное описание разных уровней языка. Для функциональной грамматики – это описание не от смысла к форме, а от мыслительной деятельности к обслуживающим ее формам. Движением от мысли, диктующей отбор лексических средств, для ее выражения, определяются и функциональные характеристики слов.

Иное содержание приобретает и понятие контекста: контекст-отрезок текста, вычленимый и объединенный языковой единицей, которая функционирует в нем, выявляя свое значение. То есть, контекст представлен в ипостаси текстового фрагмента, достаточного для определения функционально-семантической нагруженности слова. Контекст позволяет выявить смыслы, потенциально заложенные в языковой семантике слова. Это

вносит свои уточнения в понимание текстовой ипостаси слова как своего рода коррелята системных единиц.

Особого внимания в определении проблематики функциональной лексикологии, в определении путей и объектов исследования этого аспекта слова требуют следующие основные положения.

Коммуникативный подход к языку, его средствам, имея в виду лексические средства, изменил соотношение понятий система – основанное на системном подходе лексикографическое описание – речь (текст). «Между этими двумя противопоставлениями – слово в словаре и слово в речи – существует промежуточная плоскость транспонирующая «словарные» лексемы со всей сложностью глобальностью их смыслового содержания в расчлененные значимости при помощи парадигматических и синтагматических связей в лексико-семантической системе языка» [1, с. 60].

Коммуникативный аспект вызвал перемещение в центр внимания речевые произведения – тексты, а также включение в анализ языковой личности. Это вносит свои коррективы в соотношение система – речь (текст) и предполагает оценку коммуникативной роли личности.

В общении языковая личность выступает в двух ипостасях – это говорящий (пишущий) и адресат (читатель). В функциональном преломлении учитывается чаще одна из коммуникативных ролей, возможных в коммуникации для отдельной личности. У Ю.Д. Апресяна доминирует первая: «Для говорения требуется существенно больший объем собственно языковых знаний, чем для понимания» [2, с. 128]. Хотя это не оговаривается, но представляется, что речь идет о говорении на изучаемом языке. Соответственно словарная статья активного словаря должна содержать (в идеале) исчерпывающую информацию о лексеме, т.е. сообщать весь объем знаний о ней, который входит в состав языковой компетенции говорящих.

Подход с другой стороны, т.е. с ориентацией на «получателя», более или менее последовательно представлен в книге Б.С. Мучника «Человек и текст. Культура письменной речи». Этот подход предполагает психолингвистические акценты. У Б.С. Мучника – это выделение особого сегмента коммуникации, у Л.А. Климковой [3] – ассоциации, основанное на них значение: та информация, те представления, те коннотации, которые возникают у получателя речи при восприятии слова. Однако остается открытым вопрос о том, как это восприятие «задается» говорящим? «Если идти при этом от мысли, видеть в слове «элементы» информации, те или иные «образы», т.е. «ассоциативные потенции слова», «вписывающиеся в его центробежные потенции» [4].

Типовые ассоциации – отражены в социальной природе языка. В этом выражена специфика слова: «Если для установления элементов слова необходим анализ, то само слово не является результатом анализа предложения. Ведь предложение существует только в речи, в дискурсивном языке, в то время как слово есть единица, пребывающая вне этого дискурса, в сокровищнице разума» [5, с. 159]. В речи, в дискурсе, таким образом, «инобытие слова», перемещение из одной среды существования в другую, при котором определенным образом коррелируют характеристики слова.

Так, в значении слов *толстый* и *тонкий* не отмечено словарями соотношение с социальными характеристиками. Они наслаиваются на характеристику физических качеств, свидетельствующих о благополучии,

ассоциируются с ними. Это стало устойчивой ассоциацией, идущей от Гоголя: «Толстые лучше на этом свете умеют обделывать свои дела, нежели тоненькие. Тоненькие служат больше по особым поручениям, или только числятся и витают туда сюда ... Толстые же никогда не занимают косвенных должностей». Ср. также у Чехова, Михалкова «Толстый и тонкий».

Наряду с укрепившимися ассоциациями, могут возникать ситуативные ассоциации, но при всем своем своеобразии лексического наполнения отражающие общие закономерности.

Так типовая лексическая сочетаемость относительных значений глагольных полисемантов находит своё отражение в ассоциативных связях. Анализ этих связей показывает, что синтагматические реакции отражают прежде всего стандартные семантические отношения, то есть те, которые опираются на семантические связи в системе языка, связи регулярные, частотные. В ассоциативных полях глагольных слов-стимулов синтагматические реакции занимают ведущее положение. А.А.Леонтьев во вступительной статье к САН помещает данные Вудворса, по которым синтагматические ассоциаты глагола составляют 55% [6, с. 6]. С психолингвистической и психологической точек зрения «Синтагматические реакции... оцениваются экспериментаторами как менее интересные, как материал второго сорта, а применительно к оценке личности они служат для психологов показателем меньшей языковой и интеллектуальной её развитости» [7, с. 9]. Таким образом, парадигматическая реакция считается глубинно-когнитивной, тезаурусной, а синтагматическая – поверхностно-языковой. Если парадигматические реакции являются реакциями, принадлежащими к одной части речи, что и стимулы, то синтагматические реакции – реакциями, образующими со словом-стимулом некоторое грамматически верное сочетание. «В «синтагматических» реакциях преобладает не семантическая (парадигматическая), а линейная (синтаксическая) связь между двумя словами... Грамматикализованной, то есть содержащей грамматическую информацию, я называю такую реакцию, которая являет собой либо косвенную форму соответствующей лексемы, либо, будучи прямой, лемматизированной её формой, образует тем не менее в паре со стимулом цельное сочетание («модель двух слов», по словам Н.И. Жинкина), которое в своей целостности может выступать как грамматикализованный фрагмент более пространного высказывания» [7, с. 9].

Объектные ассоциации характеризуются большим разнообразием. Однако и среди них имеются реакции, которым свойственна регулярность. Это:

1) ассоциации, обобщённо указывающие на объект действия, представляющие собой дейктические указатели.

Ср.: реакция	→ стимул	реакция	→ стимул
что (1)	видеть	кого (2)	встретить
(5)	делать	(1)	искать
(4)	достать	(9)	любить
что (3)	знать		
(2)	кончать		
(3)	найти		
(4)	начать		

(см. также реакции что-то, что-нибудь, что-либо, чего-то);

2) ассоциации, называющие лицо, находящиеся с субъектом действия в родственных или дружеских отношениях, а также лицо, характеризующее по возрастному, половому или родственному признаку.

Ср.: реакция → стимул	реакция → стимул
друга (140)	человека (21)
(2) встретить	(1) встретить
(12) желать	(1) знать
(2) искать	(10) искать
(2) любить	(4) любить
(14) найти	(14) найти
девушку (8)	друзей (11)
(1) встретить	(1) встретить
(4) желать	(1) искать
(4) любить	(3) найти

3) ассоциации, называющие конкретные предметы и отвлечённые понятия, связанные с каким-либо видом деятельности.

Ср.: реакция → стимул	реакция → стимул
книгу (11)	работу (9)
(18) давать	(1) делать
(120) дать	(1) найти
(1) достать	(33) начать
(1) знать	(1) искать
(18) искать	(41) кончать
(7) кончать	
(8) найти	
(9) начать	
(3) обещать	
книги (1)	дело (28)
(1) давать	(2) делать
(1) делать	(1) желать
(1) достать	(1) дать
(1) любить	(4) знать
(1) начать	(55) кончать
(64) начать	

Анализ ассоциативных связей позволяет сделать вывод, что реакции, входящие в объектную зону, достаточно точны.

Объектные реакции структурируют ассоциативные поля глаголов, значения которых нуждаются для восполнения смысла в объектных распространителях. Так как в ассоциативном поле стираются границы между значениями, синтагматические реакции могут коррелировать с компонентами как одного, так и нескольких значений полисеманта одновременно. Так, например, объектная ассоциация «что» коррелирует с синтагматическими компонентами двух производных значений глагола *видеть*, а также с синтагматическими компонентами четырех значений глагола *делать*.

Движение от системы к речи/тексту включает, таким образом, еще одно звено – звено ассоциативных связей с присущими им видами, с их опорой на семантические компоненты значения, с экспериментально подтвержденной их соотносительностью с семантическими отношениями и связями, присущими словам в лексико-семантической их организации. О функциональной значимости ассоциаций свидетельствует следующее замечание: «Значение – не ассоциация, но знание ассоциаций» [8, с. 10]. Ассоциативные связи – это и своеобразный этап в овладении значением слова, с опорой на собственный речевой опыт (ср. на уроке в 4 классе – Что значит телеграф? – Это телефон!

– Это почта! Усвоенный ассоциативный ряд по совместности – Почта. Телеграф. Телефон).

Нормативно закреплённые явления в сочетаемости слов, основанные на согласованности их смыслов, создают условия для предсказуемости другого слова по данному. Так по установленным статистическим закономерностям предсказуемость определяемого по определяющему составляет 39%, в обратную сторону – 57%. В эту закономерность не укладываются, очевидно, случаи, когда сочетаемость одного из слов является ограниченной. Так, вероятность определяющего *насущенный* при определяемом *хлеб*, если использовать данные «Словаря ассоциативных норм русского языка», является очень высокой: из 290 реакций, в которых представлены прилагательные-определения, 123 падает на слово *насущенный* (на остальные 20 прилагательных приходится всего 167 реакций). Тут, видимо, не играет роли значение, которое связывается с этим сочетанием. Так, оно сохраняется и при прямом значении слова *хлеб*, т.е. в свободном сочетании: «Мой дед часто рассказывал нам, детишкам, о силе *насущенного хлеба*...Моего деда давно нет на свете, но в сердце таятся золотые слова деда *о крохе* хлеба нашего *насущенного*. Я, ветеран Великой Отечественной войны пережил много страданий, бед, видел и ужасы голодной смерти. И сейчас, когда я наблюдаю бесхозяйственное отношение к *насущенному хлебу* или зерну, - душа немеет» (К.Филонов. «Огонек», №15, с. 9); ср. свободное соединение слов, образующих устойчивое сочетание (ср. «насущенный хлеб – самое важное, необходимое для существования кого-, чего-л.») выступает здесь как экспрессивное средство.

Актуализация ассоциативных потенциалов слова происходит в тексте, в речевом произведении. Отсюда и значимость не только для восприятия, понимания текста, но и для продукции, для текстообразования. Индивидуализированные, нетипичные, маловероятные ассоциации, будучи представленными в тексте, воспринимаются читателем «приобщающимся» к лексикону автора. Ср.: Посреди зимы *кромешной*, Где все замешано, как надо, Один был летний сад – насмешка, Один был летний сад – засада» (И.Моисеева. Летний сад. «Аврора», 1982, №3, с. 40). (Кузнецов) плакал так одиноко, так задушевно и отчаянно впервые в жизни. И когда утирал лицо, снег на рукаве ватника был *горячим* от слез; Франция – это солнце, юг, радость...А в России *горит снег*» (Ю. Бондарев). В последнем случае можно видеть далекий образец в виде *земля горит под ногами* – «Кто-либо должен быстро, стремительно убежать» (ФСРЯ).

Ассоциативные семы, имплицитно содержащиеся в смысловой структуре слова, лежат в основе редких сочетаний. Неожиданные синтагматические связи порождают необычные парадигматические ассоциации.

Ср.: “Его уже лихорадило, мысли *толпились*, отчаиваясь избрать последовательность, он решался наконец, бросался, как в холодную воду, - и тогда оказывалось, что хаоса не было, хаос обращался мощностью, всё становилось вызревшим, необходимым и единственным, и он плыл, плыл...” (А.Битов. Жизнь в ветреную погоду).

“Неосознанным движением он поднял голову и посмотрел вверх: оттуда шёл пыльный свет, больше он ничего не различил. Люди *толпились*, как бы даже *лубились*, попадая в этот узкий луч, *лубились*, как пыльный свет” (А.Битов. Инфантьев).

“Ты здесь, мы в воздухе одном. Твоё присутствие, как город, Как тихий Киев за окном, Который в зной лучей обёрнут....В котором, пропотев листвою, От взятых только что препятствий На побеждённой мостовой, Устало тополя *толнятся*” (Б.Пастернак).

Данные сочетания выходят за пределы типовой лексической сочетаемости и представляют собой нетипичные, маловероятные ассоциации, которые можно воспринять только в текстовой мотивировке. Актуализированной является сема, передающая количественные характеристики.

Ср.: *толпиться*: “Стоять или двигаться толпой, образовывать толпу”. Наличие в статье дескриптора “толпа” (78) семантических множителей “неорганизованный”, “нестройный”, “пыль”, “масса” делает возможной данную сочетаемость глаголов с точки зрения их смыслового согласования.

Ср. ещё: “Рай - это то место, где бессонный сосед читает бесконечную книгу при свете ночной свечи. И тут-то оно и случается: защёлкивается футляр пенсне; шуркнув, журнал перемещается на ночной столик; мадемуазель бурно дует; с первого раза подшибленное пламя выпрямляется вновь; при втором порыве свет *гибнет*” (В.Набоков. Другие берега).

В словаре (МАС) значение глагола *гибнет* отмечается как переносное “исчезать, уничтожаться”. Адекватное восприятие подобных значений, т.е. тех, которые отмечаются словарём как переносные, возможно только в тексте. Все значения полисемантического слова, кроме исходного, являются производными, и переносное значение не составляет исключения. Когда какие-то значения квалифицируются словарём как “перен.”, это и свидетельствует о том, что они воспринимаются в связи с какими-то другими значениями, т.е. являются деривационно связанными. Деривационный аспект анализа переносного значения тесно соприкасается с типологической характеристикой значений многозначного глагола, поскольку в иерархической структуре полисеманта производные значения прямо или косвенно подчинены главному. Если соотносённость значений по ядерным компонентам делает отношения производности между ними прозрачными, очевидными, то отношение периферийных компонентов, напротив, - семантически диффузными, размытыми. В этих отличиях и заключается одна из причин семантического своеобразия переносных значений по сравнению с прямыми.

Подход в исследовании семантики переносных значений с точки зрения лексико-синтаксической координации позволяет решить ряд новых особенностей переносного значения.

Ассоциативная соотносённость переносного значения с исходным обеспечивается актуализацией потенциальных сем мотивирующего значения, содержащихся имплицитно в его семантической структуре, которые и становятся базой для образования и существования переносных значений в границах слова.

Недостаточность презентации ассоциативных связей слов в лексикографических изданиях создает свои трудности для исследования ассоциативных потенциалов слова, важных для определения закономерностей текстообразования, определения функциональных свойств лексических единиц, с которыми соотносится лексическая структура текста. Само понятие лексической структуры текста представляется сугубо функциональным. Это структурированная парадигматически и синтагматически совокупность

слов, сложившая в результате отбора, обусловленная решением определенных коммуникативных задач.

Исследование функциональных характеристик слова, опирающихся на ассоциативные свойства, а в их числе и на те, которые не соотносятся непосредственно с семантическими признаками, это один из этапов в решении задач функциональной лексикологии. Здесь открываются возможности увидеть то, что стоит за словом в создании общего смысла текста, поскольку «смысл текста не сводится к сумме смыслов его конститuentов».

Одним из центральных объектов исследования для функциональной лексикологии являются художественные тексты, а прежде всего те фрагменты, которые могут выделяться по коммуникативным признакам в их структуре: монолог, диалог, их текстовые окружение, раскрывающее ситуацию коммуникации, пространственные и временные ее параметры и т.д., а также речевые произведения – высказывания героя художественного произведения в определении лексикона «языковой личности».

Художественный текст укладывается в общую коммуникативную модель, хотя и со своими осложнениями: здесь, как отмечает Ю.С. Степанов, два типа адресатов – в воображаемом «ты» в рамках художественного текста и реальной адресат – читатель. Здесь и два говорящих – автор, писатель. И хотя писатель – текст – читатель не находятся в таком тесном взаимодействии в пределах единой ситуации, локализованный в пространстве и во времени, коммуникативные закономерности текстообразования выполняют это: «Писатели создают такие формы, такие значения, которые предположительно понятны читателю или которые могут быть эксплицитно ему адресованы, которые возбуждают реакцию, те, которые вообще ориентированы на получателя, как это происходит в разговоре» [9, с. 122].

Художественный текст в своем образовании отражает закономерность устного общения: «При говорении мы часто употребляем формы, которые мы никогда не слышали от данных слов, сочетаем слова, хотя и по определенным законам их сочетания, но зачастую самым неожиданным образом, во всяком случае, не только употребляем слышанные сочетания, но и постоянно делаем новые» [10]. Ср.: «Мемуары меня влекут нещадно. Чем старше, тем мемуарнее» (А.А. Реформатский).

Таким образом, художественный текст создает возможности для адекватного описания реального употребления слов, их естественной организации.

Коммуникативной аспект слова, на который в своих основных устремлениях направлена функциональная лексикология, предполагает двустороннюю обращенность – к системе и к тексту. Функционирование слова раскрывается с учетом правил нормативного образца для употребления слова, который сложился на основе традиционного его употребления, своего рода стандарта, с одной стороны – с учетом представленных в тексте явлений «реального», «естественного» употребления слов, реализующих ассоциативные потенции слов. Первое создает фон, на котором отчетливо выступают свойства, не обобщенные в нормативных рекомендациях толкового словаря, в правилах слов.

Таким образом, разработка функциональной лексикологии, которая предполагает основным объектом анализа художественный текст, в своих

коммуникативных фрагментах отражающий закономерности устной коммуникации, позволит увидеть и интерпретировать явления в употреблении слов, в их отборе, позволяющие считать, что именно на слове строится все здание художественного текста.

Развитие функциональной лексикологии предполагает освещение целого комплекса вопросов, в числе которых первоочередными можно считать вопрос о материале и вопрос о методах его анализа. От решения этих вопросов прежде всего зависит возможность построения функциональной лексикологии на прочной экспериментальной основе.

Литература:

1. Уфимцева А.А. Типы словесных знаков. – М., 1974. – 206 с.
2. Апресян Ю.Д. Формальная модель языка и представление лексикографических знаний // Вопросы языкознания. – 1990. – №6. – С. 123-139.
3. Климкова Л.А. Ассоциативное значение слов в художественном тексте // Филологические науки. – 1991. – №1. – С. 42-48.
4. Шведова Н.Ю. Об ассоциативных потенциях, заключенных в слове // Слово в грамматике и в словаре. – М., 1981.
5. Де-Соссюр Ф. Заметки по общей лингвистике. – М., 1990. – 159 с.
6. Словарь ассоциативных норм русского языка / Под ред. А.А.Леонтьева. – М.: МГУ, 1977. – 257 с.
7. Караулов Ю.Н. Русский язык и языковая личность. – М.: Наука, 1987. – 263 с.
8. Ван Дейк Т.А. Язык. Познание. Коммуникация. – М.: Прогресс, 1989. – 312 с.
9. Щерба Л.В. О тройном аспекте языковых явлений и об эксперименте в языкознании // Языковая система и речевая деятельность. – Л., 1974. – С. 24.
10. Лотман Ю.М. Структура художественного текста. – М., 1970. – 384 с.

Есімқұлов Б.Н.

**ФУНКЦИОНАЛДЫҚ ЛЕКСИКОЛОГИЯ САЛАСЫНДА
ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ ПРОБЛЕМАТИКАСЫ**

Мақалада сөзді өзінің жүйелік және мәтіндік қатынастарының барлық әртүрлілігінде қарастыратын функционалды лексикологияның негізгі бағыттары қарастырылады. Ғылыми дереккөздердің талдауы көрсеткендей, сөздің функционалды қасиеттерін зерттеу табиғи тілді өзінің табиғи жүйесімен талдаудан тұрады. Ассоциативті қасиеттерге негізделген, оның ішінде семантикалық белгілермен тікелей байланысы жоқ сөздердің функционалды сипаттамаларын зерттеу функционалды лексикология мәселелерін шешудің кезеңдерінің бірі.

Тірек сөздер: сөз, жүйе, функция, тілдік коммуникативтік қарым-қатынас, дискурс, контекст, мәтін, ассоциативті сілтемелер, лексикография, тілдік тұлға, адресат.

Esimkulov B.N.

**THE ISSUE OF RESEARCH IN THE FIELD OF FUNCTIONAL
LEXICOLOGY**

The article deals with the main directions of functional lexicology, which considers the word in all the diversity of its systemic and textual relationships. As

shown by the analysis of scientific sources, the study of the functional qualities of the word involves the analysis of natural language with its inherent natural consistency. The study of the functional characteristics of the word, based on associative properties, including those that are not directly related to semantic features, is one of the stages in solving the problems of functional lexicology.

Keywords: word, system, function, communicative approach to language, discourse, context, text, associative links, lexicography, linguistic personality, addressee.

ӘОЖ 82 /574/

Хасанов Ғ.Қ. – филология ғылымдарының докторы,
М.Өтемісов атындағы БҚМУ профессоры

E-mail: Hasan.Gabit@mail.ru

Нұрғалиева Г.Ж. – М.Өтемісов атындағы БҚМУ магистранты

E-mail: 19_gumi_91@mail.ru

М.ЕСЛАМҒАЛИЕВ ПРОЗАСЫНЫҢ ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа. Мақалада М.Есламғалиев шығармаларындағы диалект сөздердің қолданылу ерекшеліктері қарастырылады. Сонымен қатар, кірме сөздердің, атап айтқанда, араб-парсы тілдерінен және орыс тілінен енген сөздердің тілдік қызметі талданады. Мақалада теңеулер ерекшеліктері жазушы М.Есламғалиев прозасынан алынған мысалдар бойынша талданады.

Тірек сөздер: Жазушы, диалектілік лексика, говорлар, кірме лексика, арабизм, русизм, теңеу, ерекшеліктер.

Қазақ әдебиеттану ғылымында ойып орын алмаса да, халық санасында өзінің атын қалдырған жазушыларымыз баршылық. Солардың ішінде, мақтанышымыз, жергілікті жазушыларымыздың бірі – М.Есламғалиев.

Қазіргі әдебиетіміздегі тәуелсіздік кезеңінде шығармалардың өте аз жазылғаны бәрімізге белгілі. Орта буын қаламгерлер шығармашылығы әдеби тұрғыдан әңгіме арқауына ілініп жүргенімен, солардың ішінде М.Есламғалиевтың шығармашылығы тілдік тұрғыдан терең талдауға түсе қойған жоқ.

Бүгінде М.Есламғалиевтың тілі зерттеушілер тарапынан әңгіме болмағанымен жазушы тіліне деген зерттеу жүргізу керектігі айқын.

Алайда, жерлесіміздің қазақ әдеби тілінің дамуына қосқан үлесін бағамдау бір күннің шаруасы емес екені бәрімізге түсінікті. М.Есламғалиевтің тілдік көркемдігінің басты ерекшеліктерін ашу оңай іс емес, сондықтан бұл зерттеу жазушы тілінің көлемді романы «Әйтеке би» шығармасын қамтиды.

Зерттеу нысанына алынып отырған жазушы М.Есламғалиев – өмірден ерте кеткен шебер прозаик, сыншы, публицист, аудармашы. Жазушының тіл құралдарының байлығы мен оны қолдану шеберлігі күні бүгінге дейін арнайы зерттеу нысаны бола қойған жоқ. Жазушы тілінің лексикалық ерекшеліктері, оның ішінде, көнерген сөздер, диалектілердің қолданылуы жете зерттелмей келеді. Оның үстіне, орыс тілінен енген қолданылу ерекшеліктерін айқындау мәселесі де бар. Бұған автор өз шығармаларында

ерекше қолданатын, ұлттық мәдени үрдістен мол хабар беретін лингвокультуремалар мен теңеулерді қосуға болады. Теңеулердің қолданылу ерекшеліктерін айқындау жазушы тілінің басты сиқырын ашу деп есептеген жөн, сондықтан теңеулерге аз да болса тоқтала кету жазушы тілінің біраз өзіндік ерекшеліктерін ашатыны сөзсіз.

Тіл білімінің диалекшілері мен говорларды зерттейтін саласы – диалектология (*диалекто-сөйлеу, говор, логос-ілімі деген грек сөздерінен құралған*) деп аталады. Диалектологияның міндеті – жергілікті тіл ерекшеліктерін тексеру. Қазақ диалектологиясы қазақ тіліндегі говорлар мен диалектілерді зерттейді. *Диалект, говор* деп халықтың, я ұлттың тілінің өзіндік ерекшеліктері бар жергілікті тармақтарын, бөліктерін айтамыз. Ол жалпы тілге тән ортақ белгілерден өзгеше ерекшеліктерді қамтиды.

Диалектілік мағына бөлігінің сөз таңбасын басқалай бергенімен қатар, қосымша рең де жамайтын секілді. Профессор М.Серғалиев жақында жарыққа шыққан «Көркем әдебиет стилі» деген зерттеуінде диалектизмдердің жеке қолданылу ерекшеліктерін қарайды. Жазушы Т.Әлімқұловтың диалектизмдерді орынсыз қолдануын қостамай ғалым мына сөздерді мысалға келтіреді: «Мелдектеген (тойған), шәркез (шексіз), басбілік (білгіш), қыжылы (ыза), диланып (семіріп), қаңқай (мағынасыз), оңаза (дерт), дүр (у), ығытты (ыңғайлы), найлап (бағдарлап), жағдаст (жағдай), бихисап (көп), теткіп (тоқтап) т.б.» [1, 51 б.].

М.Серғалиев былай дейді: «Диалектизм» стилистика мәселесімен тығыз байланысты. Диалектизмнің көркем әдебиет стиліндегі қолданылуы екі түрлі: бірі – авторлық ремаркада, екіншісі – диалогта. Авторлық ремаркада кейіпкер тіліндегімен салыстырғанда, диалектизм аз қолданылады. Мыс: «Кеңкелестің онысы несі-ей? Қарағым-ау, мына ыстықауметіңмен оның о шеті мен бұ шетіне қалай үдәбара шығасың?». Кеңкелес – жынды, ыстықауметіңмен - түрінмен, үдәбара шығу – үлгеру» [1, 86 б.]. Диалектизмдер басқа да эмоцияны туғызады, оған А.Тасымовтың «Туған тілдің бір бұтағы» деген зерттеуінен мысалдар келтірелік. Бұл еңбекте Батыс Қазақстан, көршілес Ресейдің Астрахан, Саратов облыстарында тұратын қазақтардың тіліндегі жергілікті ерекшеліктер сөз болады. Мысалы: «Аданас» – қарындас, сіңлі, апай. Мұрши да біздің аданас болады (Саратов). «Қарымгүл» - ағайын, туыс. Шие-1. Шеше, ана. 2. Ене. О қазақтардың шиесі барды ғой қасына (Саратов). Кемпес – кемпір. Кәрі әйел. Батыс Қазақстан облысының Жалпақтал ауданында жиі қолданылады [2, 45 б.]. Диалект сөздер қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «диал.» белгісімен беріледі. Мысалы: «Үргелек. сын. диал. Қорқақ, үркек, секемшіл. Өзі үргелек еді, ода сайын үркітіп, дүрліктіріп бітті» [3, 557 б.]. Баға екіге бөлінеді. Жағымды, жағымсыз баға, оның өз құрылымы бар. Бұл құрылымның компоненттері мынау: 1) субъектінің бағасы. яғни баға арқылы заттың қасиетін тану; 2) заттың бағасы. яғни заттың қасиеті; 3) бағалардың өздері: абсолюттік («жаксы», «жаман», «бәрібір») және салыстырмалы («керемет», «нашар», «бірдей») және 4) баға берілетін көзқарас, негіз. Мысалға «тозақ» сөзінің түсіндірмесін алайық «Діни наным бойынша өлген кісілерді күнәсі үшін о дүниеде қинайтын жер, тамұқ». 1) субъектінің бағасы жағымсыз; 2) жағымсыз эмоция туғызады, көп жағдайда күнәға берілетін жаза; 3) абсолюттік жағынан «жаман» деген бағаға ие салыстырмалы баға «нашар»; 4) наным, сенім, дінге сенушілік, мысалға дінге сенбейтіндер «тозақты»

мойындамауы мүмкін. Ауыспалы мағына бағалардың өздерінен тұрады. 2. Ауыс. Жан қинайтын азап, қиянат. М.: «Алды мазақ, арты тозақ тірлікке көндіккенше кеткені де жақсы ғой» [3, 158 б.].

Көркем туындыда диалектизмдерді қолданбауға болатыны, ал мақсаты пайдалануға кінә арту ағатшылығы қазір дау тудырмас ақиқатқа айналып келеді. Жалпы жазушының шығармаларында кездесетін диалект сөздер.

Мысалы:

Дәліз (Орда, Арал, Сыр, Жамбыл) ауыз үй, сене, кіреберіс.

Мысалы: Дәлізде сүт пісірім уақыт күтті. («Шашыңа ақ түскен бе, балам?!»);

Әуескер (талиқ) әуесқой.

Мысалы: Жеке таңдау әдісін әуескер колхозшы диқандар шаруашылығында қолдану керек. («Мақташылық»)

Аяқтас (Рур, мағына) замандас.

Ерепан (шығ. Қаз..., Алм., Шел.) Өте орасан, ересек.

Мысалы: Сіз ерепан көп жүре бермеңіз. (Алм., шел.)

Жегелек (Алм., Шел.) қауынның кішкене түрі. Біздің жақта жегелек қауын көп. («Түнгі жолаушылар әңгімесі»)

Жейде (Алм., Шел., Еңб., Қаз., Іле.) ерлердің көйлегі.

Мысалы: Қайырма жағалы жейде, тік жағалы жейделер болады (Алм., Шел.).

Тарихи тақырыпқа алғашқылардың бірі болып қалам тартқан Ә. Кекілбаев прозасының тілін зерттеген С. Ғұбайдуллин жазушы тілінде диалектілердің көптеп қолданатындығын айтады. Ол былай деп жазады: «Көркем туындыда диалектизмдерді қолданбауға болатыны, ал мақсатты пайдалануға кінә арту ағаттығы қазір дау тудырмас ақиқатқа айналып келеді. М.Әуезовтың, академик Ә. Қайдаровтың, профессорлар С.Аманжоловтың, Ш.Сарыбаев пен О.Нақысбековтың және басқа да ғалымдардың пікірлері бір арнаға саяды. Ә.Кекілбаев прозалық шығармаларында 60-тан астам жергілікті тілдік ерекшеліктер кездесіп, олар тілдік қабаттарды (фонетика, лексика, грамматика) түгел қамтиды, дегенмен оның басым көпшілігін лексикалық ерекшеліктер алады. Олар негізінен маңғыстау говорына тән ерекшеліктер. Жазушы бұл диалектизмдерді көбіне сөздің колоритін сақтау үшін, ал қайсы-бірінің (мысалы: деңмент, тұран, шанап, мөтей, ұшалау, алапа т.б.) әдеби тілде ұтымды баламасы болмағандықтан пайдаланатыны байқалады. Автордың диалектизмдерді жиі қолдануға жүгінуі (жәреуке, аңылжыған, ызғындай, салқам т.б.) семантикалық дифференция мақсатын көздеуден туған деп есептеуге болады. 60-тан астам диалектизмдердің онын кейіпкер аузына, ал қалғанданын ортақ төл сөзге салуы жазушының диалектизмдерді қолдану принциптерінен көп ауытқи қоймағанын көрсетеді. Дегенмен, әдеби тілде орныққан баламасы бар сөздердің дүз, құлта, ынты-шынты, дәнденай, дәп т.б. сияқты диалектикалық варианттарын авторлық ремаркаларда стильдік жүк артпастан қолдануын үнемі қабылдауға болмайды» [4, 3 б.].

Диалект сөздерді тарихи диалогияда әртүрлі лексика-семантикалық топтар бойынша жіктеуге болады. Оның ішінде, ең бастылары «әлеуметтік-тұрмыстық лексика», «тұрмыстық құралдар», «киім-кешек», «салт-дәстүр», «төрт түлік» т.т.

М.Есламғалиевтың тарихи романында кейбір батыс аймақта қолданылатын диалект сөздер жиі кездеседі. Бұлар автордың өзіндік

қолтаңбасын көрсетеді, сондықтан оларды көптеп келтіруге болады. Мысалы: «**Би ымырт қалғызанға** дейін сарбаздар жайғасқан қостарды аралап, жай-жапсарға қаныққанда қолқасы суырылып, жүрегі жидіп жүре берді. Шетінен тұттай жалаңаш десе болғандай: бадана, кіреуке, сауытты айтып ауыз ауыртпағанда, көбінде жөні тұзу найза мен қылыш жоқ. Көбінің қолдарындағысы – шоқпар, құрық пен сырық. Жейделерінің жеңін түріп, бастарына орамалдарын **шарта** байлаған **мауыздай-мауыздай** жігіттер күні ертең бес қаруы сай қалмақпен қидаласуға емес, **құдды**, түн жамылып, көрші ауылдан қыз алып қашуға келген желөкпелерге көбірек ұқсайтын» [5, 85 б.]. «Осы не бары елу сегіз жыл бұрын, хижраның бір мың жиырма үшінші жылы Есім ханның кезінде қазақтардан **шылпарасы** шыға талқандалып, аман қалғандары әуіріммен Тобыл асып, кәуірдің қалың орманына тығылып жан сауғалаған **алас-күлес** замандарын бүгінде өтті-кетті түстері құрлы естеріне алса не дейсің!» [5, 107 б.]. «**Жылда-жылда запы болған** шаһар тұрғындарының кәрі-құртаңы, бала-шағасына дейін кетпен-қайласын ала ұмтылып, қасқия қарсы тұрып бағыпты» [5, 108 б.]. «**Араттарының** тең жартысын қарға-құзғынға жем қылып оралған оны айызы қана, іштей табалай сыбады» [5, 108 б.]. «Сонау Әмір-Темір кезінде бой көтерген небір сәулетті ғимараттарды **зерлеудің** орнына **сыпыра құлатып**, тып-типыл ғып жатуының мәнісін тіпті ұға алмай қойған» [5, 160 б.]. «Өзі мұнда келгелі бой тасалап бақса да, бәрібір қалай баршаға мәлімденіп қалғанын, хабар тез жетсе де, іштен жауаптың кідіре бергенін ойлап, іштей **ыдырына** бастаған» [5, 161 б.]. «Шойын қақпаның аржағындағы қырық қабат есіктен өтіп, әмірдің **кәуір кінәздерінің** үлгісіне еліктеп салдырған сарайының **қабылханасына** жеткенше жүйкесін шытынаттып болған **би дияр** бөлмедегі жалпақ ақ мәрмәр **суффа** үстіне парсы кілемін, оның үстіне бес қабат шәйі көрпе төсетіп, дәу үш құсжастыққа қисая жатқан иесін көргенде, ешбір **әмір** мен **патшалардың** қабылдауында ұшыраспайтын «салтанатына» күлерін де, қынжыларын да білмей, табалдырықтан әрі екі-үш аттаған беті қалт тоқтады» [5, 161 б.]. «Қазіргі **жанбағыстары** Жайылханның мойынында [5, 168 б.]. «**Рас** на, мыналардың айтып отырғаны!? **Рас** шығар. Күні ертең жарияланып қалар өтірікке кім **боршықтырды** бұларды! **Тегі** Хиуа жақта **миясарлар** пайда болғаны да қауесет емес – шындық» [5, 169 б.].

Тілімізде әдеби тіл нормасына ене қоймағанымен, ауызекі сөйлеу стилінде актив қызмет атқаратын, эмоционалдық-экспрессивті реңкі жоғары сөздер тобы бар. «Қарапайым сөздер» аталып жүрген бұл лексикалық қабат изоглостық сипаты болмағандықтан да көркем әдебиет стилінде қолданысқа ие болып келеді. Үйлесімді пайдаланғанда олардың контекст көлеміндегі көркемдікпен үйлеспей оны тұрпайыландырып, нұқсан келтіріп тұратыны байқалмайды. Қазақ әдебиетінде кезінде мұны Б. Майлин ұтымды және өнімді пайдаланған болса, қазір М. Есламғалиев оларды мол және мақсатты қолданумен ерекшеленеді. Жазушы оларды авторлық ремаркаларда да төл сөздерде де қолдана береді, бірақ одан шығарманың эстетикалық әсерінің көшіп, қара дүрсіндікке ұрынғаны байқалмайды. Керісінше сөздердің эмоциялық бояуы қоюланып, сөйлемнің экспрессиясы арта түседі, кейіпкер бейнесі де ешбір авторлық түсініктемесіз айтуында қалады. Мысалы: М. Есламғалиев әңгімелерінде қарапайым сөздердің қалың қабаты бар. Мысалы: *малғұн, қақпас, дударбас, қым борбай, жылмақтас, тигеқам, суылдақ, дырқу*

т.б. Олардың арасында эвфемизм де, дисфемизмде кездеседі, бірақ қай-қайсы да стильдік жүк атқара қолданылады. Негізінен жазушы үшін сөздің сыртқы сұлулығынан гөрі оның заманамен үндесуі, эмоциялық бояуы басты роль атқарады. Мысалы: «Қыдырып жүргендер емес, арнаулы **сапаршылар** екенін білсе-дағы үйлеріне бас сұқтырып, дәм таттырып аттандырудың орайын, сәтін, себеп-салдарын табуға келгенде шеттерінен сұңғыла» [5, 180 б.]. «Шетінен **ебшіл**. **Ебшілдік** – «сондай бір ел аузында жүрген адам үйлеріне түсіпті « деген атақ-абырой **дүмітін** қалу үшін емес, есептен тыс, жаймашуақ көңілден ақтарылған ықылас, биге деген ақаусыз, риясыз бейіл» [5, 180 б.]. «Екінің бірі: не ол, не бұл. Әсіресе, кешегі оқиғадан кейін **мұқым жоңғар** бұдан теріс айналмайтынына кім кепіл? Енді тек інісінің ғана емес, барша жоңғардың кеудесін кеулеген күлімсі жеккөрінішті қалай жуып тазартпақ? Аты қараған **беттерін алғаусыз** етіп қалай бері бұрмақ? Көңілі алабұртып, Сайрамға келгенде Бұрхандарының әлі де өзінен теріс айналып кетпегенін көріп, "Уф!" деп демін бір алды» [5, 109 б.]. «Жебесін сағымға сіңіреттік сурмергендердің садағынан қаншама ержүрек араттары мен дойырлары **мүрит кетті** десең-ші!» [5, 109 б.]. «Сол-ақ екен, үш тәулік бойы Сайрам жаққа сыңар жебе тартылмады. Шаһар қорғаушылары көз көрім жерде күні-түні **митың-митың, күйтің-күйтің, мігірсіз** сабылған жоңғарлардың тірлігіне тосырқай таңданысумен жүрді» [5, 110 б.]. «Сыбан Раптанның мыңбасы дойыры Күдердің бұйрығымен **мүтәлім мәмлегерлерді** жебеден жаңбыр жаудырып, жусатып салды» [5, 110 б.]. «**Шарапханалардың** төңірегінде **бозаға** мелдектеген жоңғарлар қыз-келіншектерді шырқыратты, беті жылтырларына иттей ырылдаса таласып, бір-біріне қару ала ұмтылысқандары да қаншама. "**Қарға той**" таң алдында барып саябырсыды» [5, 110 б.]. «Әсіресе Бибіханым кесенесінің алдындағы көздің құртын жейтін **намазақ** пен жазғы Сарайдың **шылпарасын** шығаратындай оған не кеселі тигеніне айран-асыр» [5, 160 б.]. «Түбі өзіме қауіп төндірмесе неғылсын дегендерінің талайы қытай пашасы әкелген «**сусын-сертеден**» шейіт кететіндері де ұшырасқан секілді» [5, 162 б.]. «Басқаны түгендеп жатпағанда, әлемді қаһарымен қалтыратқан Ақсақ-Темірдің өзі сол қытай әміршісі жіберген **күрт жансызының** қолынан **мүрит кеткенін** кім ұмытсын! Әйтеке осы бір **бұралқы** оқиғаларды **жадылағанымен**, күдіктен аулақ» [5, 162 б.]. «Еншісі басқа Әйтекеге халап жасап, тап іргесіндегі қазақты жауықтырар **реуеті** қайсы! [5, 162 б.] «Өр мінезді әулетің бір-ер көзе **серте** мен қос уыс жүзім андитын **қыдырма** еместігін де, ердің артқы қасын сұрамаса да арнайы шаруамен келгенін әуелден-ақ сезген әмір әңгіменің беті аңғарылғанда, сәтте **қоқырайма** мінезіне ауысып, биге бір шекелей қарады» [5, 163 б.]. «**Мүләйім** кейті әлденеге зейін қойған жанның сыңайы. Осындайлардың ғұмырында қаншасын кезіктірді: сырты **мүләйім, нәті** былжыр көрінгенмен, мұндайлардың ішкі сарайлары жынойнақ келеді ылғи» [5, 169 б.]. «Абдолла қара **шағи** шапанының қалтасынан бір манаттық күміс тиынды алып, терезеден алдына күн сәулесіне тосып, **жылтылына** өзі қызыққандай біраз қарап отырды да, шиыра шертіп кеп жіберді» [5, 170 б.]. «Әуелі, Ығдын мен Қара Иуанды базарға апарып, су жаңа киіммен **мүрсіндей** ғып киіндірді. Жуынып, қырынып, киініп шыға келгенде екеуі күнаһар қашқындардан гөрі осы шаһардың көп бегінің біріне ұқсаған кейіптеріне өздері мәре-сәре жүріп, кеше кеште тұрған пәтерлеріне барып, керек-жарақтарын алып, таңертең

оралуға *уағдаласып* кеткен-ді. Мұсарәлі Мәлік *исанның* жанында қалып, үш айдан кейін *бір-ақ оралмақ*» [5, 171 б.]. Міне, осындағы бірқатар диалектілік сипаттағы лексика жазушының бай сөздік қорын көрсетеді.

М.Есламғалиев шығармаларында орыс тілінен, шығыс тілінен енген сөздер қатары да көптеп кездеседі. Мысалы: *дипломант, такси, автомобиль, министр, лифт, газет, стол, шкаф, т.б.*

«Тұман ішіндегі көш» романынан үзінді келтірсек: «Не болды?... Сосын?.. Не дейді, сонда? Интересно! ... Жоқ, ол заттың нағыз қожасы кім екенін біле ме? Бәрін әзірлесін Қайдан тапқанында шаруам жоқ. Жерден қазсын маған десе! Ну, все! Анау сенімді адам ба? Смотри! Со мной шутка... білесің ғой...».

Кейіпкердің бейнесі танылып, жеңіл юмор өріліп тұр.

Мысалы: «- *О, смотри! Кого я вижу! Привет, Ерик! - деген дауысқа жалт қарады.*

Асқар тануын бірден таныса да бұл тосырқап қалды.

- *О, помощник! Немене, танымай қалғаннан саумысың?*

Ол келе мұны құшақтай алды» («Қайырлы таң»)

Немесе,

«- *Значить, бәріне мақұл болып келгенің бе?*

- *Әлбетте» («Операция»)*

Немесе,

«-*Не қалай бірақ! Біз сіздің балаңыз жоғалған зардапкер деп емес, қылмыскер деп іздеудеміз. Қылмыскер! Түсіндіңіз бе? Вот, так, дорогой мой! Теперь, понятно Вам?» («Тұман ішіндегі көш»).* «Қалтасынан Әлінің күміс тиыны толы **күмәнжігі** шығады» [«Әйтеке би», 334 б.] «**Әлгі аққұлақ майыр мен парашының** жайын оңаша ақылдасып алғанның артықтығы болмас ет» [5, 122 б.]. «Қазақтардың қолына түсіп қалғаны, әскери құпияны жария етіп алғаны үшін **Тобыл губернаторы** сол күні-ақ, оны **отставкаға** шығарып, әкімшілік кеңсесі маңынан аластату туралы **Теке ұлықтарына** жедел хабар жөнелткен еді» [5, 127 б.]. «**Өйткені есін білгенде кәуір көпесінің** малайы екен. **Нысы –Иуан. Шошқа** бағып жүріп, жиырма жасының шамасында қашып шығып, ұрлық қылып түрмеге түсіп, одан шығысымен кәуірдің мылтық жасайтын **зауытында** он бес жыл өлместің күнін кешеді» [5, 168 б.]. «**Екіншісі, арғы түбінің түрік** екенін гана біледі. **Сосын ұмытпағаны – атының Бндын** екендігі. **Бес-алты жастың** шамасында **әке-шешесі өліп, басқа бір жақтағы жақын-жуықтарына** бармақ боп ел кезіп жүріп, кәуір **дүбәрәннің** қолына түсіпті» [5, 168 б.].

«Әйтеке би» романында орыс сөздері аса көп қолданылмайды, алайда тілімізге сіңіп кеткен араб-парсы сөздері мен монғол, қалмақ сөздері қолданылады. Л.Рүстемовтың айтуынша, қазақ лексикасында араб-парсы сөздері қырық пайызға жуық қолданылады [6, 12 б.] Қалмақтың лексикасы әскери тақырыпқа қатысты қолданылады, әсіресе, әскери шендердің атаулары көптеп қолданылады. Мысалы: *арат, дойыр, тайша, шерік, лектір, дивархан, қонтайшы* т.т.

Жерлесіміз М.Есламғалиев тарихи тақырып бойынша қалам тербеген жазушы, сондықтан оның тілінде теңеулердің әртүрлі түрлері, яғни вариациялары қолданылады. Қаламгердің қазақ теңеулерін өте шебер қолданатындығын байқаймыз. М.Есламғалиұлы тарихи тақырыпқа жазған шығармаларында теңеулерді сол кезеңнің сөздік қолданысына орай ауызекі

сөйлеу тілінің лексикасынан алады. Мысалы, ол теңеулер: *бедеу қатынның бетіндей, кәрі кемпірдің бөксесіндей, кәнедей, түйенің көніндей, қызыл иттей, сасық көкектей* т.б. болып келеді. Автор үшін сөздің сыртқы сұлулығынан гөрі оның заманмен үндесуі, эмоциялық бояуы басты роль атқарады. Жазушы тілінің көркемдігі туралы бір-ауыз сөз айтпай кетуге болмайды. Жалпы бұл мәселеге болашақта тыңғылықты тоқталу керек, яғни қаламгердің өзіндік талғамының тереңдігі арнайы зертеуді қажет етеді. Дайын, бүтін тілдік материал ретінде де, образдылығымен де тұрақты сөз тіркестері қолданысқа түсуге бейім, алайда бұл ретте де қаламгердің талғамы мен тілдік қоры шешуші роль атқарады. Жалпы, қазақ тіл білімінде теңеулерді алғаш жазған Т. Қоңыров болатын. Ол былай дейді: «Теңеу мүшелерінің бір-біріне осындай қатынасынан, әсіресе, белгінің бір-біріне осындай қатынасынан ассоциациялық теңеулердің бес түрлі структуралық типі келіп пайда болған. Ал бұл структуралық типтердің мүшелерінің бір-бірімен байланысу тәсілдері екі түрлі жолмен жүзеге асырылады. Оның бірі – теңеу мүшелерінің парадигмалық қатынасы, екіншісі – теңеу мүшелерінің синтагматикалық қатынасы» [7, 104 б.].

«Әйтеке би» романында қазақтың ұлттық мәдени өміріне қатысты теңеулер көптеп қолданылады. Олардың бәрін тізбесек те, бірқатарын келтіруді жөн көрдік. Мысалы: *«Мәужіреген кәрінің тісіндей селдіреген қарақалпақ жұрты Сыр бойының жоғарғы жағындағы қонысы жші қазақтарға қарай дүрліге ойысты»* [5, 175 б.]. *«Ал, өзі туралы естігенде есек миын жегеннен бетер бір сәтке мәңгіріп, көзін қан басып, төңірек астанкестен боп жүре берді»* [5, 93 б.]. *«Бес арыс Тұран жамуриятының көк байрағын көкте көлбеңдетіп, отыз елдің патшасы атанып, тірі пенденің көз жауын жерлік Самарқандай көрікті пайтақ салдырған Көреген Темір сан қайыра таңғаларлық таңғажайып жорықтар жасағанда жасағының тең жарымы қазақтар екендігін өзінің «Темір үзігі» кітабында тайға таңба басқандай ғып жазып қалдырмап па еді!»* [5, 233 б.]. *«Бидің бойындағы әлгі сайқал сезім лезде жел үрлеген көпіршікше жоғалып, кәнизактарға көзі түскен сайын із-түзсіз жоғалған қазақ мұңлықтарының соқыр тұман тағдыры жанын бебеулетте бастады»* [5, 189 б.]. *«Адам сүдіні жоқ бейшара аяғы жаңа шыққан балаша тәлтеңдей басып, сүрініп-жығылып бұларға қарай ұмтылғансиды»* [5, 103 б.]. *«Қазақтың сұлтаны солға, онданы оңға тартып, бегі мен батыры өзді-өзі айбар асырысып, дәулет салыстырысып, дәурен кешкен жылдардың ішінде шығыстағы қара, батыстаға құба қалмақ атаулы бақасы көп көлдің сарыүйек жыланынша көбеңденіп алды»* [5, 107 б.]. *«Енді, міне, жоңғар да оқжылан секілденіп талмамай сорып, асықпай жұтып жүріп Жетісудың тең жарымын әкесінің бөлген еншісіндей жамбастап жатыр»* [5, 107 б.]. *«Бар пошымы қолтоқпақтай ғана, жалқын сары, шадырақ көк көз, маңдайы екі елі, ұрты салбырай толысқан әмірдің қазіргі кейіні гайыптан-тайып ішке кіріп кетіп, көпшік үстінен енді секіргелі отырған көлбақадан аумайтын. Егер қазіргідей күні түсіп келмесе, тіріде есігінен қарар жаны ма!..»* [5, 161 б.]. *«Әйтсе де, аржағындағы құмырсақаның илеуіндей құжынаған шүршітке әлдері келмейді»* [5, 163 б.]. Жалпы алғанда, жазушы тілінде теңеулердің көптеп қолданылатын сонша оларды тұрақты және авторлы теңеулер деп екіге жіктеуге болады. Авторлы теңеулер аз болғанымен олар өз орнымен дәл қолданылғанын атап өту керек. Жазушы тіліндегі теңеулер арнайы зерттеуді

қажет ететінін айта отырып, теңеулердің қазақы тұрмыс пен бітімге сай келетінін айтқымыз келеді.

Қорыта келгенде, жазушы тілінде батыс қазақстан өңірінде қолданылатын диалектілік қолданыстар жиі қолданылатыны байқалды. Бұл говорлар жүйесін жазушы кейіпкер мінезін ашу үшін және стильдік әдістер ретінде қолданады. Жазушы тілінде арабизм русизмдердің қатары да көптеп кездесетінін айта кету керек. Мәселен, «Әйтеке би» атты тарихи шығармасында М.Есламғалиевтің кірме лексиканы қолдануындағы басты мақсат – сол кездегі қазақ тілінің лексикалық қорын бейнелеуге тырысканы деп түсінгеніміз абзал. Жалпы алғанда, халқымыздың аяулы ұлы – М.Есламғалиевтің тілі өзінің байлығымен, сөзінің дәлдігімен, тілінің шұрайлығымен ерекшеленеді.

Әдебиеттер:

1. Серғалиев М. *Көркем әдебиет тілі*. – Алматы, 1995. – 172 б.
2. Тасымов А. *Туған тілдің бір бұтағы*. – Алматы, 1995. – 71 б.
3. *Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 9-т.* – Алматы, 1985. – 560 б.
4. Ғұбайдуллин С. «Ә.Кекілбаев прозасының тілі». *Филология ғылымының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясының авторефераты*. – Алматы, 1995. – 20 б.
5. Есламғалиұлы М. *Әйтеке би*. – Алматы, 2003. – 376 б.
6. Рүстемов Л. *Қазіргі қазақ тіліндегі араб-парсы кірме сөздері*. – Алматы, 1982. – 160 б.
7. Қоңыров Т. Т. *Қазақ теңеулері*. – Алматы, 1978. – 192 б.

Хасанов Г.К., Нургалиева Г.Ж.

ЯЗЫКОВЫЕ ОСОБЕННОСТИ ПРОЗЫ М. ЕСЛАМГАЛИЕВА

В статье рассматриваются и анализируются диалектная лексика и заимствованная лексика в произведениях М.Есламғалиева. В статье подвергаются анализу особенности использования диалектной лексики, арабизмов, русизмов на примере прозы писателя М. Есламғалиева. Также исследуются особенности использования сравнения в прозе М. Есламғалиева.

Ключевые слова: Писатель, диалектная лексика, говоры, заимствованная лексика, арабизм, сравнения, особенности.

Hasanov G.K., Nurgalieva G.Zh.

LANGUAGE ESSENCES OF PROSE BY M. ESLAMGALIEV

The article presents and analyzes the dialect vocabulary and borrowed vocabulary in the works of M. Eslamgaliev. The article analyzes the features of the use of dialect vocabulary, Arabisms, Russianisms on the example of the prose of the writer M. Eslamgaliev. Also investigate the features of using the comparison in M. Eslamgaliev's prose.

Key words: Writer, dialect vocabulary, dialects, borrowed vocabulary, Arabism, comparison, features.

ӘОЖ 809,434, 2-4

Садуақас Н.А. – филология ғылымдарының кандидаты, доцент,
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті
E-mail: sadu_ngd@mail.ru

ЛАТЫН НЕГІЗДІ ҚАЗАҚ ӘЛІПБИІ МЕН ЖАЗУЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

***Аңдатпа.** Мақалада қазақ тілінің әліпбиін латын графикасына көшіру мақсатында атқарылып жатқан жұмыстар туралы баяндалған. Латын графикасын қолдану арқылы қазақ тілі мен оның жазуы әлемдік стандарттарға сай болатыны, мемлекеттік тілдің мәртебесі артып, қолданыс аясы кеңейе түсетіні, қазақ тілінің орфоэпиясы да сингармонизм заңдарына сәйкес болатыны айтылып, әліпбидегі латын әріптері мен қазақ тіліндегі дыбыстарға лингвистикалық сипаттама берілген. Қазақ жазуы тарихында әр түрлі графикадағы әліпбилер қолданылса да, оның барлығында да «бір әріп - бір дыбыс» деген принцип болғаны, сондықтан әліпбиде диграф, диакритика, апостроф қолданудың қиындықтары мен ерекшеліктері туралы ғылыми талдау жасалған.*

***Тірек сөздер:** әліпби, қазақ тілі, дыбыс, әріп, графика, диграф, диакритика, апостроф, латын, жазу, орфоэпия, сингармонизм, термин, техника, оқу-білім, ақпарат, технология.*

Қазіргі заман – жазу заманы, ғылым мен техника, оқу-білім, ақпарат, жаңа технологиялар заманы. Әліпби мен жазу - әрбір халықтың рухани, мәдени өсуін, даму деңгейін көрсететін әлеуметтік мәні зор құбылыс. Ол - өткен мен бүгінді, бүгін мен келешекті жалғастыратын алтын көпір. Әліпби мен жазу адамзат тарихындағы құнды дүниелердің бірі ретінде ұрпақтан-ұрпаққа мирас етіп қалдыратын байлығымыз. Сондықтан қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру әлемдік талаптарға да сай келтіру деп түсіну керек. Адамның барлық іс-әрекеті жазумен байланысты. Жазу арқылы білім алады, жазу арқылы бір-бірімен байланыс жасайды, яғни хаттама, түрлі қатынас іс қағаздары, интернет, компьютер, планшет, ноутбук, мобильді телефон, смартфондар, т.б. арқылы хабарласулар - бәрі де жазу арқылы жүзеге асады. Жер бетінде латын әліпбиі барлық салада қолданылатаны байқалады. Барлық дәрі-дәрмек атаулары, математика, физика, химия формулалары, көптеген терминдер, мамандықтарға қатысты ғылыми әдебиеттер т.б. латын әліпбиімен байланысты екенін байқауға болады. Осы жаңа заманда өмір сүріп, білім алу, еңбек ету, белгілі бір мамандықты игеру, т.б. адамның белсенді іс-әрекеттері мемлекеттік тіл мен ағылшын тілінен, оның жазуынан айналып өте алмайды. Латын әріптері - өркениеттің жазуы ретінде өмірдің өзі талап етіп отырған басты қажеттіліктердің бірі. Сондықтан мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» туралы 2017 жылдың 12 сәуірінде жарияланған мақаласында: «Біріншіден, қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек. Біз бұл мәселеге неғұрлым дәйектілік қажеттігін терең түсініп, байыппен қарап келеміз және оған кірісуге Тәуелсіздік алғаннан бері мұқият дайындалдық», - деп латын әліпбиіне көшуге кірісуді міндет етіп қойып, «Латыншаға көшудің терең логикасы бар. Бұл қазіргі заманғы технологиялық ортаның,

коммуникацияның, сондай-ақ, XXI ғасырдағы ғылыми және білім беру процесінің ерекшеліктеріне байланысты», - деп, латынға көшудің маңыздылығына көңіл аударған болатын [1; 2]. Қазақ жазуын латын қарпіне көшіру туралы Елбасының рухани жаңғыру бағытында баяндаған бағдарламалық мақаласындағы терең мәнді ұстанымдарын халықтың ықыласына ие болып, қолдау тауып отырған мәңгі елдің болашағына, мемлекеттік тілдің келешегіне жасалған игі істердің, маңызды тарихи оқиғалардың бірі деп білеміз. Бұл туралы А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының директоры, профессор Ерден Қажыбек: «Біз латын әліпбиіне көше отырып, өркениетті елдердің қатарына қосылып, тіліміздегі дыбыстық жүйелерді нақтылап, қазақ тілінің жазылуы мен дыбысталу кезінде басы артық кірме сөздерден арыламыз. Латын әліпбиіне көшуді сайып келгенде, ана тіліміздің болашағын ойлау, оның қолданыс аясын одан ары кеңейте түсуге, мәртебесін көтеруге жасалған мүмкіндік деп түсіну керек», - деген еді [2].

Қазір латын негізді қазақ әліпбиі қабылданған соң, енді латын графикалы қазақ жазуының емле ережелерін қалыптастыру мәселесіне байланысты атқарылатын жұмыстарға кезек келді. Еліміз егемендік алған алғашқы жылдардан бастап, қазақ жазуын латын графикасына көшірудің артықшылықтары мен тіліміздің болашағы үшін қажетті шара екендігі туралы алғашқы пікірлер тілші ғалымдар арасында айтыла бастаған еді. Елінің болашағын тіліннің болашағымен байланыстыра қарайтын, «Қазақстанның болашағы - қазақ тілінде», «Қазақ тілі- Қазақстан халқын біріктіруші болуға тиіс», «Қазақ қазақпен қазақша сөйлесуі керек» деп мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру ісін үнемі назарында ұстап жүрген Елбасы алғаш рет осы мәселе жөнінде Қазақстан халықтары Ассамблеясының 2006 жылғы 24 қазанында өткен XII сессиясында сөз қозғап: «Қазақ әліпбиін латынға көшіру жөніндегі мәселеге қайта оралу керек. Бір кездері біз оны кейінге қалдырған едік. Әйтсе де латын қарпі коммуникациялық кеңістікте басымдыққа ие және көптеген елдер, соның ішінде посткеңестік елдердің латын қарпіне көшуі кездейсоқтық емес. Мамандар жарты жылдың ішінде мәселені зерттеп, нақты ұсыныстармен шығуы тиіс. Әлбетте, біз бұл жерде асығыстыққа бой алдырмай, оның артықшылықтары мен кемшіліктерін зерделеп алуымыз керек», - деген болатын [3]. Елбасының осы жиында жасаған «Әрқашан бірге, әрдайым алда болайық» атты баяндамасы қоғамда үлкен серпіліс туғызған еді. Осы кезден бастап ғылыми ортада латын әліпбиінің мүмкіндіктері мен оны қазақ әліпбиіне көшіру мәселесі жөнінде түрлі дәрежедегі талқылаулар болып, бірқатар басылымдарда маңызды-маңызды ғылыми мақалалар да жарияланған еді. Түрлі пікірталастарда әр түрлі көзқарастар ортаға ой салынып, «тақырып» жан-жақты талқыланып келді. Мемлекеттік тіл мәселесіне қатысты шаралар өткізілген тұстарда латын әліпбиі туралы, оның қазақ тілінің қолданылу аясын одан әрі кеңейте түсуге қосар үлесі де мол екендігі айтылып жүрді. Әр түрлі қиындықтарды алға тартып, әліпби ауыстырудың машақаты халықтың тұрмыс жағдайына да әсер етпес пе екен деушілер де болды. Бір әліпбиден екіншісіне көшу бір күнде болмайтын, латын әліпбиін әбден меңгерген кезде ғана латын әліпбиіне көшетінімізді біле тұра, таңертең ұйқысынан ояғанда ақшасы теңгеге ауысып кеткенін

бастан кешірген елдегі кейбір адамдарымыз жаңа әліпбиді меңгере алмай қаламыз ба деген алаңдаушылығын да байқатты.

Президент Нұрсұлтан Назарбаев 2012 жылғы 14 желтоқсанда «Қазақстан - 2050» «стратегиясы-қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан Халқына арнаған Жолдауында латын қарпіне көшу мәселесін тағы да көтеріп: «Біз 2025 жылдан бастап әліпбиімізді латын қарпіне, латын әліпбиіне көшіруге кірісуіміз керек. Бұл - ұлт болып шешуге тиіс принципті мәселе. Бір кезде тарих бедерінде біз мұндай қадамды жасағанбыз. Балаларымыздың болашағы үшін осындай шешім қабылдауға тиіспіз және бұл әлеммен бірлесе түсуімізге, балаларымыздың ағылшын тілі мен интернет тілін жетік игеруге, ең бастысы - қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызады», - деп атап көрсетті [4, 73 б.]. Бұл болашаққа батыл қадам жасап, елімізді төрткүл дүниеге танытып келе жатқан Елбасының тағы бір маңызды бастамаларының бірі және дер кезінде қозғалған тіліміздің болашағы үшін жасалған ғылыми мәнді шара деп білеміз. Тәуелсіз елдің негізгі белгілерінің бірі ретінде жазудың маңызы өте зор. Сондықтан да болар Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «біз орыс тіліне қарсы емеспіз, біз оның қазақтар арасына қалай енгізілгеніне келіспейміз» деген сөзі көңілге көп ой салады. Себебі бұл сөз тілінің болашағын ойлаған тіл мамандары мен тілге жанашыр зиялы қауымның көкейіндегі ойды дөп басқандай. Мұны қазіргі кирилл-қазақ әліпбиіне немесе орыс тіліне теріс қарау деп емес, қайта қазіргі әліпбиіміз бен жазуымыздағы халықтың өз еркімен қалап алмаған, кешегі кеудемсоқ жүйенің өктем саясатының әмірімен күшпен таңылған кейбір кірме әріптерден арылып, таза қазақ әліпбиін жасау бағытындағы игілікті қадам деп түсіндік. Латын әліпбиіне көшу, сайып келгенде, ана тіліміздің болашағын ойлап, қолданыс аясы одан әрі кеңейе түсуге мүмкіндік жасап, тіліміздің ішкі табиғатына әліпбиіміз арқылы жазудың айтуға жасап келе жатқан қиянатын болдырмай, қазақы айтылым (орфоэпия) мен жазылым (орфография) талаптарын жүйеге түсіру деп түсінуіміз керек.

Қазақ әліпби мен жазу тарихына зер салсақ, кеңестік жүйе 1929 жылғы 7 тамызда КСРО Орталық Аткару Комитеті мен КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің Президиумы латындандырылған жаңа әліпби – «Біртұтас түркі алфавитін» енгізу туралы қаулы қабылдады. Латын әліпбиінің негізінде жасалған жазу үлгісі 1929 жылдан 1940 жылға дейін қолданылды. Ал 1940 жылғы 13 қарашада «Қазақ жазуын латындандырылған әліпбиден орыс графикасы негізіндегі жаңа әліпбиге көшіру туралы» заң қабылданды. Енді өз таңдауымызбен әліпбиіміз бен жазуымыз дұрыс болуы үшін, ел болып латын әліпбиіне көшудің тез жүзеге асырылуына үлес қосуымыз керек.

Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың рухани жаңғыру бағытында баяндаған терең мәнді мақаласы халықтың ықыласы мен қолдауына ие болып, латын әліпбиіне көшу бағытындағы істерге тың серпін берді. Латын графикасына негізделген қазақ әліпбиінің «Мемлекеттік тілдің бірыңғай стандартты әліпбиінің нұсқасы» деп аталған алғашқы жобасы 2017 жылдың 11 қыркүйегінде Парламент депутаттарының талқылауына ұсынылды [5]. Бұл әліпбиде 25 әріп және 8 дыбысты таңбалайтын 8 диграф(қосарланған таңба) ұсынылған болатын. Диграф деген сөзді «бір дыбысты қос әріппен таңбалау» деп түсінген жөн. Әліпбиде «*бір әріп – бір дыбыс*» ұстанымымен әр дыбысқа бір-бір әріп алынса да, бас-басына латынша жеке әріп жетіспегендіктен, қазақ тілінің «Ә, Ө, Ү, Ң, Ғ, Ч, Ш, Ж» дыбыстары

қосарланған әріптермен (диграф-екі әріппен) таңбаланған еді. Сонымен қатар «і» және «и» екі түрлі дыбысымыз латынның бір ғана «Ii» әрпімен, «х» және «h» дыбыстары латынның бір ғана «Hh» әрпімен, яғни «*бір әріп – екі дыбыс*» ұстанымымен таңбаланды. Сондықтан әліпбидің «*бір әріп – бір дыбыс*» ұстанымы халықтың көңілінен шықса да, «*бір әріп – екі дыбыс*» ұстанымымен алынған «Ii», «Hh» әріптері, «бір дыбыс-екі таңба, диграф жүйесі» ұстанымымен алынған 8 диграф халықтың, соның ішінде тіл мамандары тарапынан толық қолдау таба алмады. Әліпбиде диграфпен берілген 8 әріп жазуда бұрынғыдан әріп саны көп болып тұрады.

Бұл әліпбидің бір жетістігі компьютер пернетақтасына орналастыруға келетіндігі мен классикалық латын әліпбиіне сай жасалғандығы болып табылады. Ал қазақ тіліндегі кейбір дыбыстардың, әсіресе, төл дыбыстарымыздың, қосарланған әріптермен (диграфпен) берілуі «бір әріп - бір дыбыс» деген ұстанымға келмей, көңілге қонбады.

Қазақ жазуы тарихында әр түрлі графикадағы әліпбилер қолданылса да, оның барлығында да «бір әріп бір дыбысты таңбалау керек» деген ұстаным болған. Сондықтан қазақ халқының санасында ғасырлар бойы қалыптасқан «бір әріп – бір дыбыс» ұғымын бірден өзгерте салу дұрыс емес деп ойлаймыз. Бір дыбысты екі әріптің тіркесімен беру, яғни диграф қолдануды ағылшын жазуының жетістігі не кемшілігі деп біржақты қарауға болмайды. Егер бүгінгі күні жазу заңдылығын өзгерту мүмкіндігі болса, ағылшындардың өзі де қазіргіден басқаша қарастырар еді. Себебі, «бір әріп – бір дыбыс» ұстанымындағы жазулармен салыстырғанда, диграф оқу-жазу әрекетіне көп салмақ түсіреді деп ойлаймыз. Қазақ жазуы тарихында болмағандықтан, бір дыбысты қос таңбамен, диграфпен, белгілеу жазуда біздің қалыптасқан әдетімізге де біршама қолайсыздықтар туғызатын еді. Себебі еуропа тілдерінен өзгешелігі қазақ(түркі) тілдері құрылымы жағынан жалғамалы (агглютинативті) тілдерге жататындықтан түбір сөзден кейін жалғанатын қосымшалары да көп болады, соған байланысты қосымшалары арқылы сөз мағынасы да, сөздің тұрқы да ұзара түседі. Ал бір дыбысты екі әріппен(диграфпен) таңбаласак, онда сөз құрылымындағы әріп саны өсе түседі. Бұл жағдай жазуға да қосымша ауыртпалық түсірер еді. Ал еуропадағы роман, герман, славян сияқты тілдерді бір сөзбен флективті тіл, яғни сөздерінің сыртқы тұрқы қысқа келетін тіл, болып саналады. Олардың сөздері қанша өзгеріп құбылса да, тұрқы қысқа күйінде қалады. Сондықтан оларға, «бір дыбыс-екі таңба, диграф» ұстанымы оңтайлы, сондықтан бұл тілдер қосар әріпті пайдалана алады. Осыған байланысты тегі басқа ағылшын тілі мен оның жазуындағы «ерекшеліктерді» туыстығы жоқ, өзге тілдерге үлгі етуге болмайды.

Қазіргі таңда мемлекеттік тілге деген сұраныс артып, керегесін кеңге жайып, егеменді елімізбен қатар дамып келеді. Қазақстан сияқты бүкіл әлемге танылған елдің мемлекеттік тілінің жазуы да заман талабына сай мінсіз болып келуін күнделікті өмірдің өзі талап етіп отырғаны баршаға аян. Сондықтан осы мәселеге байланысты өткізілген шараларда түрлі кәсіп мамандары латын негізді қазақ тілі әліпбиіне алынатын әріптердің тіліміздегі дыбысқа сай келуін және қосымша белгілер алғанда ерекше мұқият болу туралы ұсыныстар көп айтылды. Олар қазақ әліпбиінің «бір әріп-бір дыбыс» ұстанымға сай жасалуын жақтап отырды. Мүмкіндігінше, «бір әріп - бір дыбыс» деген ұстанымда тұрсақ, оқу-жазуға жеңіл болатыны,

цифрлық технология деп компьютер пернетақтасының жағдайын алға ұстап, тілдің оқу-жазу мәселелерін одан кейін қоюға болмайтыны туралы әр түрлі басқосуларда мамандар тарапынан айтылды.

Дәйекшіні қолдану жазу тарихындағы өткен кезең, сондықтан дәйекшіні қолданудың басқа жолын табу керек. Әліпбиге диграфтарды алмауға қалай қарсы болсақ, дәйекшіні қолдану да өткен кезең үшін жетістік болғанмен, қазіргі графикалық лингвистика жетістіктері «бір әріп – бір дыбыс» ұстанымын жақтайтынын тағы да баса айтамыз. Бүгінгі таңда әліпбиде әр дыбыстың өз таңбасы болмаса, олар жаһандану екіпініне қарсы тұра алмай қалады. Жазу тарихына зер салсақ, диграф(қосарланған таңба) қолданатын ағылшын әліпбиі жазудың алғашқы кезеңіндегі түрі болса, одан кейін жазу жетілген кезеңде жазуын жетілдірген елдер диграфтан бас тартып, диакритикамен жазуға көшті. Себебі, екі әріппен бір дыбысты таңбалау оқу-жазуға салмақ түсірді, ал оған қарағанда түрлі қосымша белгілермен (диакритикамен) өзгертіп алынған әріптер тиімді болды. Ал кейбір жерлерде әліпбиде апостроф пайдаланылды. Бірақ бұның әріптен тыс белгі ретінде ұмыт қалатын кездері көп еді. Одан кейін «бір әріп-бір дыбыс» графикасын ұстанған нағыз жетілген әліпбилер дүниеге келді. Бұл жетістікке ие болғандар қатарында орыстың қазіргі кирилл әліпбиін айтуға болды. Кирилл таңбалары арқылы алынған біздің де төл дыбыстардың таңбаларындағы қосымша белгілері сол әріптермен жалғасып жатқандықтан олар бір бүтін ретінде танылды. Мысалы, «ө» дыбысына алынған «о» таңбасының ортасы сызылып, бүтін бір әріп болып тұр. Бүгінгі күні компьютерде жоқ таңбаны алмаймыз деп, төл дыбыстарымызды таңбалауды қиындатып жіберуіміз мүмкін. Бас-басына таңбасы болмағандықтан күнделікті жазылымда адамдар апострофты бірде жазып, бірде қалдырып жазуға жол беруі мүмкін. Осылай болса, әрі тартсақ, компьютер пернетақтасына сыймаймыз, бері тартсақ, «бір әріп - бір дыбысқа» келмей қалады. Қалай болғанда да апострофты алудан басқа шара жоқ, сондықтан ендігі жұмыс, шама келгенше, дәйекшіні азайтуға көңіл бөлінуі керек.

Қазақ тілі әліпбиінің «Латын графикасындағы қазақ әліпбиінің біркелкі стандарты жобасы» деп аталған екінші нұсқасы 2017 жылдың 9 қазанында халық талқылауына ұсынылды [6]. Қазақ тіліндегі барлық дыбысқа латын әліпбиіндегі 26 таңба жетіспегендіктен бұл жолы апостроф (дәйекші) қолданылды. Халық талқылауына ұсынылған бұл екінші әліпби жобасында 32 әріп болды. Оның ішінде латынның «Н» әрпі біздегі [х], [h] дыбыстарын, апострофпен (дәйекші) берілген латын «l'» әрпі [и], [й] дыбыстарын, яғни бір әріппен екі дыбысты таңбалап, «бір әріп – екі дыбыс» ұстанымына сай алынған еді. Бұған қоса, тағы да 7 дыбыс, Ә, Ғ, Ө, Ш, Ч, Ү, У, апострофпен берілді. Әліпбидегі 32 әріптің осылай алынуына байланысты олар 34 дыбысты таңбалап, бұрынғы 42 әріптің ішінен 8 әріп (ё, ц, щ, ь, ъ, э, ю, я) қысқартылды. Латын графикасына негізделген қазақ тілінің әліпбиінің екінші жобасынд 9 дыбыс дәйекші (апостроф) арқылы таңбаланды, яғни қазақ тіліне тән 5 төл дыбыс (ә, ө, ү, ғ, н), 1 кірме дыбыс (ч) және екі тілге де ортақ 3 дыбыс (и/й, ш, у) апострофпен таңбаланды. Бұл жағдайлар қазақ тіліндегі барлық дыбысқа латын әліпбиіндегі 26 таңба жетіспейтіндігіне тағы да көз жеткіздіртіп, сондықтан бұл жолы апостроф (дәйекші) қолданылғаны айтылды. Мамандар арасында біраз талқылаулар

болып, бұл жолғы әліпбидің жақсы жақтары көрсетіліп, мүмкіндігінше әлі де жетілдіре түсуге болатыны айтылды.

Қазақ тілі әліпбиін латынға көшіру бағытындағы талқылау жұмыстары ғылыми қауым, жалпы жұртшылықтың белсене қолдауымен жүргізілді. Қазақ жазуын латын әліпбиіне ауыстыру жөніндегі жұмыстардың барысын өзі тікелей бақылап отырған Президент: «Әлемдегі ешқандай ел дәл біз тәрізді жаңа әліпбиді талқыламаған. Бізге әр адамның пікірі маңызды. Латын әліпбиіне ауысуға қатысты президент әкімшілігіне 300-ден астам үндеу жолданды. Жастардың бұл процеске қолдау көрсеткені қуантарлық жағдай», - деп жастарға да ерекше ризалығын білдірді [6]. Сондықтан Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 26 қазандағы №569 Жарлығымен «Қазақ тілінің латын графикасына негізделген әліпбиі» бекітілді [7].

Елбасы Жарлығымен бекітілген латын графикасына негізделген қазақ тілі әліпбиінде 32 әріп бар. Оның ішінде қазақ тілі дыбыс жүйесіндегі 28 фонема (9 дауысты, 19 дауыссыз) және кірме сөздердегі 6 фонема (и, в, ф, һ, х, ч), барлығы 34 дыбыс таңбаланған. Сонымен бірге бір әріппен екі дыбысты таңбалап тұрған екі әріп бар, олар Нһ-[х], [һ] және Г'-[и], [й]. Әліпбиде 9 дыбыс дәйекші (апостроф) арқылы, яғни қазақ тіліне тән 5 төл дыбыс (ә, ө, ү, ғ, ң), 1 кірме дыбыс (ч) және екі тілге де ортақ 3 дыбыс(и/й, ш, у) таңбаланған еді [6]. Бұрынғы әліпбиімізде 42 әріп болса, бұл нұсқадан 8 әріп(ё, ц, щ, ь, ъ, э, ю, я) қысқарып қалды. Әліпбиде «ң» дыбысының жазылуы екі түрлі (N' n'-[ң], [ng]) таңбаланып берілуі оның әлі нақтылау қажеттігін танытты.

Бұрынғы әліпбиімізде қазақ тілінің қазіргі артикуляциялық базасында жоқ дыбыстардың көп болуы тіліміздің өзіндік фонологиялық заңдылықтарын бұзып келген еді. Мысалы, жаңа әліпбиіміздегі бір таңбаға матап қойылған Нһ - [х] мен [һ] дыбыстары өзіміздің төл «Қ» дыбысымен қапталдаса жарысып, қазақ жазуында «Қ» арқылы айтылатын кейбір сөздер орыстың «Х» және арабтың «Һ» дыбыстарымен жазылып келді. Мысалы, қабар-хабар, қош келдің-хош келдің, қат жазу-хат жазу (қазақ тіліндегі сөздерде); Хадиша-Қадиша; Хакім-Кәкім, әкім, Хамит-Қамит-Әмит; Хорлан-Қорлан (араб тілінен келіп, қазақша игерілген сөздер); «Һ» - қаһарман- қаһарман, мәшһр- мәшқұр, шаһар - шақар, жиһаз- жиқаз; (аһ, оһ, аһыла-үһіле- одағай сөздер); Енді шама келгенше, әліпбидегі апостроф арқылы берілетін әріптер аз болса деген ұсыныс айтылған еді. Себебі апостроф қазіргі таңдағы жазуға деген сұраныстың артып отырған кезеңнің талабын толық қанағаттандырмайтыны мамандарға белгілі жай.

Бұл әліпбиде латын әріптерін барынша қазақ тілі дыбыстарына сәйкес таңбалауға, қазақ тілінің үндесім талаптарына бейімдеуге, «бір әріп – бір дыбыс» ұстанымын сақтауға назар аударылған. Дәйекші қолдану нәтижесінде тіліміздегі барлық дыбыстарды да қалдырмай таңбалау мүмкін болған. Әліпбидің бұл нұсқасын талқылау барысында оның жетілдіре түсер тұсы ретінде, мүмкін болғанша, апостроф санын қысқарта түсу керек, қазақтың төл дыбыстарын шама келгенше дәйекшесіз берілетін әріптермен таңбалауға назар аударған жөн деген ой білдірген едік. Себебі жазуымыздың өткен тарихында дәйекші ұтымды жол болса, қазіргі жаһандану заманында, көптілділік бәсекесінде, адамның тез жазуға сұранысы өскен қазіргі кезеңде, қауіпті аумақта қалғандай дәйекшімен берілген дыбыстар шеттеп қалуы

мүмкін. Сондықтан дәйекшімен берілегін әріптерді әлі де қарап, жетілдіре түсуге уақыт та, мүмкіндік те бар екенін айтқанбыз.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2018 жылғы 19 ақпандағы № 637 Жарлығы бойынша «Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 26 қазандағы №569 Жарлығына өзгеріс енгізілді [8]. Әліпбидің бұл нұсқасының ерекшелігі-апостроф орнына бір ноқат(акут) алынуы. Әріпүсті ноқат жазуға, қабылданымға оңтайлы екені байқалады. Бұл әліпбиіміздің жетістігі деп білеміз. Әліпбиде бұрынғысынша 32 әріп алынған. Оның ішінде қазақ тілі дыбыс жүйесіндегі 28 фонема (9 дауысты, 19 дауыссыз) және кірме сөздердегі 6 фонема (и, в, ф, h, x, ч), және бір әріппен екі дыбысты таңбалап тұрған екі әріп бар, олар Нh-[x], [h] және I-[и], [й], сонда барлығы 34 дыбыс таңбаланған. Әліпбидегі 6 дыбыс әріпүсті ноқат арқылы (ә, ө, ү, ғ, ң, у) және екі дыбыс қос әріппен (диграф) таңбаланған (Ch- [Ч], Sh[Ш]). Бұл жолы алдыңғы бекітілген әліпбиден екі дыбыстың әріптері өзгертіліп, диграфпен таңбаланған (Ch/ch- [Ч] және Sh/sh-[Ш]). Кезінде профессор Қ.Жұбанов өзі ұсынған әліпбиінде «Ш» дыбысын таңбалау үшін латынның «С» әрпін қолданған еді. Әліпбидің бұрынғы нұсқасында I i -[и], [й] апострофпен берілсе, енді бұл жолы ешқандай белгісіз таңбаланған екен. Сонда әліпбиде 10-11 қатарда тұрған «і»және «и,й» әріптері ұқсас таңбаланған деуге болады. Бұл жағдай жазуда қиындық келтіруі мүмкін. Сондай-ақ, ең алғашқы талқылауларда сынға алынған диграф тағы да екі дыбысты таңбалау үшін қайта алынып тұр. «Ш» дыбысы жазуда көп қолданылатындықтан бұл жағдай жазуымызды

Жалпы алғанда, әліпбидің соңғы нұсқасы талапқа сай, көңілге қонымды жасалғанмен әлі де жетілдіре түсуді қажет етеді. Сондықтан бұл әліпбиді жетілдіре түсу үшін төмендегідей ұсыныс айтқым келеді. Әліпбидегі әріптер дыбыстардың өзіндік фонетикалық ерекшеліктеріне сай жүйелі таңбалануы тиіс. Әліпбиде өздерінің жуан-жіңішкелігімен бір-біріне қарама-қарсы қойылатын дауысты дыбыстар «А» мен «Ә», «О» мен «Ө», «Ұ» мен «Ү» тек әріпүсті белгілермен ажыратылып, бірдей әріптермен берілуі өте дұрыс жасалған деп есептейміз. Бірақ жуан-жіңішкелі «Ы» мен «І» дауыстыларының I i -[i], Y y- [ы] болып екі түрлі таңбамен берілуі осы жүйеге сай келмей тұр. Сондықтан бұл екі туыс дауысты да Y y- [ы], Y`y`-[i] болып, бірдей әріппен таңбаланып, басқа дауыстылар сияқты жүйемен, тек әріпүсті белгілермен ажыратылуы тиіс. Егер осылай алсақ, қазақ тіліндегі барлық тоғыз дауысты да жүйелі таңбаланар еді: A a - [a], A`a`- [ә]; O o - [o], O`o` - [ө]; U u- [ұ], U`u`-[ү]; Y y- [ы], Y`y`-[i], Ee-[e]; Сонымен қатар дауыссыз дыбыстар жүйесінде бір-біріне жақын дыбыстар да бірдей әріптермен таңбаланып, тек әріпүсті белгілермен ажыратылуы тиіс. Бұл талапқа сай N n - [н], N`n`- [ң] және G g-[г], G`g`-[ғ] әріптері де дұрыс алынған деп есептейміз. Ал дауыссыз «й», «у», «ш», «ғ», «х», «ч», «h» дыбыстарын таңбалауға төмендегі графемаларды қолдануды ұсынамын: I i - [й]; W w- [y]; C c- [ш], C`c`- [ч]; H h- [h]; X x - [x]; Латын әліпбиіндегі барлық әріптердің қызметі барлық елде бірдей емес, әр ел әріптерді өз тілдерінің дыбыс жүйесіне қарай бейімдеп таңбалаған. Сондықтан латынның «с» әрпін қазақ сөзіндегі «ш» дыбысы үшін алу керек, оны «це» немесе «к» деп оқып кетеді деп қорқуға негіз жоқ.

Қазақ жазуын латын әліпбиіне ауыстыр жұмыстары әліпби қабылдаумен аяқталмайды, ол осы әліпби арқылы жазу емшелерін қалыптастыру ісімен жалғасады. Белгілі ғалым, профессор Әлімхан Жүнісбек: «Бүгінгі қазақ жазуына тек әліпби ауыстыру ғана емес, түбегейлі реформа керек болып тұр. Реформа бір ғана әліпби ауыстырумен тынбайды. Дыбыс, әліпби және емлереже реформасы керек», – деп, «әліпби ауыстыруды жазу реформасына айналдыру керек» деген пікір айтқан еді [9]. Сондықтан қазіргі жазуымыздың осал тұстарына байыппен қарап, А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов сияқты арыстарымыздың да ғылыми мұрасына назар аударуды ұмытпау қажет деп ойлаймыз. Осы орайда, қазақ жазуындағы емле тарихына зер салсақ, «ы», «і» әріптерін қысқартып жазу мәселесіне көбірек назар аударылғанын байқаймыз. Кезінде А.Байтұрсынұлы «ы» жазылмағанда сөздің мағынасы бұзылып, кемшілік келер болса, жазылып, оқуға кемшілік болмаса, сөздің мағынасына кемшілік келмесе, жазуға жеңілдігі болса, «ы» дыбысының харіфін жазбағанда не залал көреміз» деп, «ы», «і» әріптерін барынша қысқартып жазу принципін ұсынған еді [10, 386 б.]. Ол «ы» - жаны, малы, тары деген сөздерде «н, л» - дың, «р» - дың соңынан естілетін дыбыс белгісі. Сөздің басында, ортасында қысқа һәм көмескі естіліп, бар жоғы еленбейтін орындарда жазбаймыз. Мысалы, «қын, қыр, жылым, қырын» деген сөздердің ішіндегі «ы»-ның барлығы сезіледі, хатта сезілмейді деп айтуға болады. Бұл сөздерді «ы»-ны жазғанда да, жазбағанда да осылай оқимыз. Жазбағанда оқуымызға кемшілігі болмаса, оны жазуға да қажет жоқ. «Қаны, жаны, малы» деген сөздерде «ы»-ны жазбай, солай оқи алмаймыз, сөздің аяғында «ы»-ны жазу қажет», -деп, «ы» әрпі бас буында, барша бітеу буында жазылмайды, ал ашық буында қалмай жазылады деген ұстаным да болды [10, 327 б.]. Демек, өз кезінде А.Байтұрсынұлының фонемалық мәні болса да, оқылуда қиындық келтірмейтін позицияда фонеманы да арнайы әріппен таңбаламауға да болатындығын таныта білген бұл ұстанымын маңызды ғылыми жаңалық деп білеміз.

Өз кезінде Қ.Жұбанов та латын негізді қазақ жазуы мен әліпбиіне өзгеріс енгізу туралы ұсынған жобасында жазу барысында нағыз қажеттігі болмаған жағдайда қысаң «ы» дауысты дыбысын таңбаламау арқылы оның қолданысын шектеу керектігі туралы ережелер ұсынады: а) кейінгі буында дауысты «а, о, е, і» дыбыстары келсе, сөз басындағы ашық буында «ы» дауысты дыбысын таңбаламау (бұрынғы жылан, жылау, білек, піризма, т.б. сөздерді жлан, жлау, блек, призма деп жазу); Ал кейінгі буында да «ы» дауысты дыбысы келетін болса, алғашқы буындағы «ы» дыбысын түсірмеу: сытм, ылтм, сылк, қьғқ, сығқ, зьғқ, зьғг ; б) барлық тұйық және бітеу буындарда: zgar, qral, balq, ‘cetm, ‘bork, qrman, brde, cums, blmpaz; в) жазуда «ы» әрпінің жоқтығы барлық ашық буындарда басқа мағынада оқылмаса: asra(асыра), azraq (азырақ), cagna (сағына), baqla (baqyla), batraq(batъraq), alnadъ (альнадъ); г) сөз мағынасына әсер етпесе, сөз басындағы «г, и, і, ь» алдында жазылмауы: гу – род, угу – битъ (гув емес), ret(iret емес), ‘bretu (retu емес) [11, 523 б.]; Қ.Жұбановтың «ы, і» дыбыстарына қатысты айтылған осындай ұстанымдарының кейбірі қазіргі қазақ жазуында пайдаланылады. Мысалы, сөз басындағы «р» дыбысынан кейін «ы, і» дауыстыларынан басқа дауыстылар келсе, сөз басындағы «ы, і» әріптері жазылмайды(рақмет, рұқсат, рас, ру, рет, рең), ал «р» дыбысынан кейін «ы, і» қысаң дауыстылары келсе, олар сөз басында да жазылады(ырыс, ырық, ырым, ырыл, ірі, іріткі,

ірілік). Сонымен бірге тек ілу, іліну, ілесу, ілім сияқты сөздерден басқа «л»-дан келетін сөздерде сөз басында «ы, і» таңбаланбауы Қ.Жұбанов ұстанымдарынан бастау алады. Қазіргі кезде де бір ұстаным мағынаға әсері жоқ жағдайда қысаң «ы, і» әріптерін мүмкіндігінше шектеуді ұсынса, екіншісі қысаң «ы, і» әріптерін қысқарту салдарынан сөз ішінде бірнеше дауыссыз дыбысты қатар жазуға тура келетіндігін, сондай-ақ сөз, буын аяғында келмейтін кейбір ұяң дауыссыздар емлесіне қайшы келетінін айтып, тіліміздің үндесе айтылымына әсер ететіндігін алға тартады. Қысаң «ы, і» дауыстылардың таңбалану емлесіне қазіргі кезде де ғалымдар мен жұртшылық бірдей келісе бермейтіндігін ескерсек, Қ.Жұбанов ұстанымдарының әлі де ғылыми өзектілігі жоғары екендігін біле түсеміз. Қ.Жұбанов бір мағына беретін күрделі біріккен сөздерді бірге жазуды ұсынған: сегмаі (сег –жер, маі-май), бесыдық (bes-бес, сыдық-жылдық), уіқоіан (уіқоіан-үй қоян), қолқар (qol-қол, қар-қап); Алдындағы дыбысталамға бағына айтылатындықтан шылау сөздерді бірге жазу керектігін де көрсеткен(son, ma ?): барам? barganson, kelgesn; [11, 523 б.]. Қазіргі кезде қазақ тілі әліпбиінің латын графикасына көшірілуі кезеңінде жазу емлесіне ерекше назар аударудың маңыздылығы туралы айтып, осы «ы», «і» дауыстылары үстемеленіп жазылған сөздерді көрсетіп, емле мәселелерін сөз етіп жүрген ғалымдардың бірі С.Бизақов жазуда жарыспа тұлғалар мен әдеби норма арасын да дұрыс түсінуге, жазудағы бірізділікті сақтауға, сондықтан емлені ескеруге шақырады [12, 4 б.]. Жазу емлесіндегі қиын мәселелердің бірі сөздерді бірге не бөлек жазудың басты ұстанымдарын айқындау десек, ғалым Қ.Күдерінова зерттеуінде сөздің тұрпат межесі мен мазмұн межесін назарға ала отырып, құрама сөздің сыңарларының тура мағынасы мен ауыспалы мағынадағы қолданыстары арқылы оларды бірге не бөлек таңбалаудың тиімді жолдары көрсетілді [13].

Латыннегізді қазақ әліпбиі бекітілгеннен кейін тіл жанашырлары жаңадан ұсынылған қазақ орфографиясының Ережелері жобасына талқылауға кірісті [14]. Жаңа мазмұнды Қазақ емлесінің негізгі ережелерін дайындау барысында біртуар ғалымдар А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбановтың, латын графикасына ауысу идеясының көшбасында болған академик Ә.Қайдар, қазіргі қазақ жазуының ғылыми ортологиялық негізін қалаған аса көрнекті ғалым академик Р. Сыздықтың ұлағатты тұжырым-пікірлері басшылыққа алынғаны құптарлық жай. Сонымен қатар қазақ жазуының тарихындағы ғылыми қисындары мен жазу практикасы, латыннегізді әліпбиді қолданған және қолдана бастаған түркітөктес халықтардың тәжірибесі, қазақстандық қоғамдағы қазіргі жазуға қатысты шешімін күткен мәселелер жан-жақты зерделенген. Ережелер жобасында емле ұлттық тіліміздің ерекшеліктері мен заңдылықтарына сәйкес болуына, тіліміздің дыбыстық қорының мүмкіншілігін толық қамтуға, тілдің ұлттық сипатының сақталуына және қазіргі таңдағы қолданыс ерекшеліктерін ескеруге ерекше назар аударылған. Сонымен қатар қазақ тілінің құрылымдық сипаты, тіл дыбыстарының фонологиялық үндесу заңдылықтары, дауысты және дауыссыз дыбыстардың айтылым-жазылым ерекшеліктері, үндесу және дыбыстардың өзара үйлесу заңы, қосымшалардың жалғануы, сөздердің тұрпаты мен мазмұнына қатысты ерекшеліктері, түбір сөз, бірге, бөлек жазылатын сөздер мен қосарлы сөздердің жазылуы, бас әріптің қолданылуы, сөздердің тасымалдануы, сияқты емле мәселелері дұрыс және қазіргі ғылым жетістіктеріне сәйкес

ғылыми тұрғыда оң шешімін тапқан. Тілдің қолданысындағы әріптердің әрбір көрінісі назардан тыс қалмай, ереже қағида түрінде нақты, түсінікті тілде берілген. Сондақтан Ереженің тілі мен стилі ғылыми тұрғыда нақты тұжырымдалып, жалпы қарапайым жұртқа түсінікті тілде жазылуымен де ерекшеленетінін атап көрсетпекпіз.

Талқылау барысында тіл жанашырлары тарапынан айтылған ұсыныстар да Ережеде ескерілгенін байқауға болады. Ережеде бұрынғыдай ұу/уу, ый/ій қосар дыбыстардың бір ғана «у», «и» дара әріппен таңбаланатыны, бұл қосар дыбыстар тек сый/тый сөздерінде және осы сөздерге қосымша жалғанғанда ғана жазылатынын дұрыс заңдастырған деп білеміз. Бұрынғы Емлемізде шеттілдік сөздердің түп нұсқасы сақталуы басты орфографиялық талап болса, енді оларды қазақ тілінің ішкі табиғи ерекшеліктеріне бейімдеуге ерекше көңіл бөлінген. Сонымен бірге халықтың қазіргі жоғары сауаттылығына байланысты шеттілдік сөздерді көп өзгеріске түсірмей, халықаралық терминдер мен атаулардың тұрпатын сақтау арқылы жазу заңдылықтарын тым күрделендіріп жібермей, сол арқылы шетел тілдерін оқып- үйренуге де оңтайлы болу жағы ескерілгені байқалады. Мысалы, *rejsior, valy'ta, dizain, y'chilishe, piesa, film, sement, pa'rol, pitsa, komersia, moderator.*

Ағылшын тіліндегі сөздің нұсқасында келген «w» әрпін қазақ жазуында «y'» әрпімен жазуды ұсынған: *y'eb-sait, y'atsap, y'ikepedia*; Шетел тіліндегі танымал бренд, марка, тауар, т.б. атаулар түпнұсқа тұрпатында да, сондай-ақ қазақша игерілген түрінде де таңбаланатыны көрсетілген. Мысалы, *Coca – cola / Koka – kola, Air astana /Eirastana.*

Өз ана тіліміздің табиғатына сай жазу емлесін қалыптастыруды мақсат еткен бұл ережелер жобасындағы шеттілдік сөздер мен кейбір кирилл әріптерінің емлесі туралы жазылған қағидалар да жұртшылық көңілінен шығады деп ойлаймыз. Себебі шығыс тілдерінен енген сөздердегі «х», «h» әріптерінің жазылуы, орыс тіліндегі сөздерде келетін «ё, ц, щ, э, ю, я, ь, ъ» әріптерінің орнына жазылатын баламалары ғылыми тұрғыда дұрыс берілген. Әліпбиден шығарылып тасталған өзге тіл әріптерінің таңбалану ерекшеліктері дұрыс, қазақ тілінің табиғатына сай айтылған [14].

Қорыта айтқанда, Қазақ емлесінің негізгі ережелері Жобасы А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты ғалымдарының тынымсыз еңбегі мен ғылыми дұрыс бағыттағы зерттеулерінің жемісі деп білеміз. Қазақ емлесінің негізгі Ережелерінің жобасын толығымен қолдай отырып, қазақ жазуында қолдануға, оны бекітуге болады деп есептейміз. Латын әріптері - әлемдік талаптарға сай жазу, латын әліпбиі өркениеттің жазуы ретінде өмірдің өзі талап етіп отырған басты қажеттіліктердің бірі деп білеміз. Сондықтан Президентіміз бастап, халықтың қолдауымен қазақ жазуына латын графикалы әліпбиді таңдап отырмыз. Қазіргі кезде талқылау нәтижесінде әліпбиіміз бен жазу емлеміз ғылыми дұрыс құрастырылды деп айта аламыз. Енді латын графикасы арқылы таңбаланған қазақ әліпбиі мен жазуы қазақ елін жаңа биіктерге бастайтынына кәміл сенеміз. Жаңа ғасырда жаңа әліпбиімізді меңгеріп, жазуымызды түзесек, тіліміздің де болашағы жарқын болады деп білеміз.

Әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан Республикасының Президенті: «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» // Ақтөбе облыстық қоғамдық-саяси газет. – 2017. – №44 (20.477). – Б. 1-2.
2. Жаңғырудың жаңа белесі // Айқын газеті. – www.aikyn.kz Пайдаланған уақыты: 08.08.2017 ж.
3. Назарбаев Н.Ә. Әрқашан бірге, әрдайым алда болайық // Қазақстан халықтары Ассамблеясының XII сессиясында сөйлеген сөзі // Егемен Қазақстан. – 2006. – 25 қазан. – Б. 1-2.
4. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан-2050 Стратегиясы - қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты». Қазақстан халқына Жолдауы (14.12. 2012 ж.). – http://www.akorda.kz/kz/events/astana_kazakhstan/participation_in_events/kazakhstan-respublikasynyn-prezidenti-elbasy-nenazarbaevty-n-kazakistan-2050-strategiyasy-kalyptaskan-memlekettin-zhana-sayasi-bagyty-atty-kaza Пайдаланған уақыты: 18.08.2017 ж.
5. Мемлекеттік тілдің бірыңғай стандартты әліпбиінің нұсқасы. – https://bnews.kz/kz/dialog/opinions/memlekettik_tildin_biringai_standartti_alipbiin_in_nuskasi Пайдаланған уақыты: 10.09.2018 ж.
6. Латын әліпбиіне көшу (28) // Қазақстан Республикасы Президентінің арнайы сайты.
7. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан Республикасының Президенті «Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру турлары» №569 Жарлығы. 26.10.2017 ж. – Астана: Ақорда, 2017.
8. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан Республикасының Президенті «Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 26 қазандағы №569 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы. №637 Жарлығы. 19.01.2018 ж. – Астана: Ақорда, 2018.
9. Жүнісбек Ә. Әліпби ауыстыруды жазу реформасына айналдыру керек. – Орал, 2007. – 32 б.
10. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.
11. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1999. – 581 б.
12. Бизақов С. Жазудағы бірізділікті қалай сақтаймыз? // Ана тілі газеті. – 2015. – №34(1292). – Б. 4.
13. Күдерінова Қ. Бірге және бөлек жазылатын сөздердің орфографиясы. – Алматы: «Комплекс» баспасы, 2005. – 144 б.
14. Қазақ емлесінің негізгі ережелері (Жобасы). Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының Ғылыми кеңесінде мақұлданды. – Алматы, 2018. – 152 б.

Садуақас Н.А.

**ПРОБЛЕМЫ КАЗАХСКОГО АЛФАВИТА И ПРАВОПИСАНИЯ,
ОСНОВАННЫЕ НА ЛАТИНИЦЕ**

В статье рассказывается о проделанной работе по переводу казахского языка на латинский алфавит. На основе латинской графики казахский язык и его письмо будут соответствовать мировым стандартам, расширится статус государственного языка, расширится его применение, а орфоэпия казахского языка соответствовать законам сингармонизма. Даны лингвистические

характеристики звуков на казахском языке. Несмотря на то, что в истории казахских рукописных алфавитов использовались разные графики, все они имели принцип «одна буква - один звук», поэтому был сделан научный анализ трудностей и особенностей использования диафрагмы, диакритики, апострофа в алфавите.

Ключевые слова: алфавит, казахский язык, звук, буквы, графика, диаграммы, диаграммы, апострофы, латиница, письмо, орфоэпия, синхронность, термины, техника, образование, информация, технология.

Saduakas N.A.

PROBLEMS OF THE KAZAKH ALPHABET AND ORTHOGRAPHY BASED ON THE LATIN ALPHABET

The article tells about the work that is being done to translate the Kazakh alphabet into Latin graphics. Using the latin graphics, the Kazakh language and its writing correspond to world standards, the status of the state language increases, the scope of its usage expanded, the orphanage of the Kazakh language is in line with the laws of synar monism, describing the Latin alphabet and the sounds in the Kazakh language. While writing the Kazakh alphabet in different graphics, all of them have a «one letter-one sound» principle, so the scientific analysis of the difficulties and peculiarities of using the diagram, diacritic, apostrophe in the alphabet.

Keywords: alphabet, Kazakh language, sound, a letter, graphics, diagram, diacritic, apostrophe, Latin, writing, orphoepic, synarmonism, term, technic, educational, information, technology.

ӘОЖ 82-1(574)

Мүтиев З.Ж. – филология ғылымдарының кандидаты, доцент,
М.Өтемісов атындағы БҚМУ
E-mail: zinulla_mutiev@mail.ru

Амангельдиева Г.Қ. – М.Өтемісов атындағы БҚМУ магистранты
E-mail: gulzhanat.amangeldieva@bk.ru

ӘДЕБИ ӨЛКЕТАНУ: ҒАЙСА-ҒАЛИ СЕЙТАҚ ПОЭЗИЯСЫ, КЕЙІПкерлер Әлемі, Тарихи Дерек, Көркемдік Шешім

Аңдатпа. Мақалада әдеби өлкетанудың даму жай-күйі қарастырылады. Қазіргі қазақ поэзиясының көрнекті өкілі Ғайса-Ғали Сейтақ поэзиясының табиғатына барлау жүргізіледі. Лирикалық кейіпкерлер әлемі, олардың жасалу ерекшеліктері, тарихи дерек көздерімен байланысы, ақынның көркемдік шешім табуындағы ізденісі сарапталады.

Тірек сөздер: әдеби өлкетану, лирикалық кейіпкер, ұлттық поэзия, дала перзенті, тарихи тұлғалар, өнер өкілдері.

Өлкетану – өзіндік даму бағыты бар көп жылдар бойына қалыптасқан үрдістен тұратын, бірнеше бағыттан құралған (айталық: тарихи өлкетану, әдеби өлкетану, ғылыми өлкетану, сәулеттік өлкетану, өнер түрлерімен байланысты өлкетану, жағырапиялық өлкетану т.б.) күрделі құбылыс десек

тежалпы өлкетануға назар аудару мәселелері Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы [1] жарияланғаннан кейін қоғамда рухани құндылыққа деген үлкен серпіліс, жаңаша бетбұрыс пайда болды.

Әдеби өлкенің ХХ ғасырдың 80-90 жылдарындағы поэзияның аға буын өкілдерінің дәстүрлі бастауын одан әрі дамыта тарқатқан жаңа толқын сапында ақын Ғайса-Ғали Сейтақ та жарқ етіп көрінді. Әдеби қауымға «Маңдай» (1990), «Аман бол, Атамекенім!» (1996), «Нарынның нар ұлдары» (1998), «Ай-арудың алқасы» (2001), «Тек пен тамыр» (2005), «Жақыным менің - жалпақ ел» (2007), «Қасиет қонған қара жер» (2018) атты жыр жинақтарымен танылған ақын әдебиет жайлауынан өзіне тән өрісін еншіледі. Ақын шығармашылығында жергілікті өлкеден шыққан тарихи тұлғалар, өнер адамдарының бейнесі тұрақты орын алған. Мәселен, Бөкей ордасы ханымен немесе батырларымен ғана аты шықпай, елге мәшһүр өзге де есімдермен танымал десек, Құрманғазы мен Дәулеткерей, Дина мен Сейтек сынды атақты күйшілердің, қазақтың алғашқы ғалымдарының бірі Мұхаммед-Салық Бабажановтың, Шәңгерей Бөкеев пен Ғұмар Қараш секілді шайырлардың, Қазақ АССР Орталық Атқару Комитетінің тұңғыш төрағасы Сейітқали Меңдешев сынды бірегей тұлғалардың кіндік қаны тамған мекені екені баршаға мәлім. Аталған тұлғалардың көркем сөздегі бейнесін ақын Ғ.Сейтақ олардың ел тарихындағы алар орнына, қоғам өміріндегі сіңірген еңбектеріне сай бағалап, өлең сөздегі образдарын шырқау биікке көтере сомдамаққа ұмтылды. Мысалы, қазақтың тұңғыш драматургтарының бірі Ишанғали Меңдіханов пен ақын Ғұмар Қарашқа арналған «Қос арыс» өлеңінде:

Он тоғызыншы жыл еді,
Жүректі қайғы тіледі.
Қазаның орны толмасын
Тұтқандар аза біледі.

Құтқармай жүйрік аты да,
Жазылмай соңғы хаты да,
Жан еді бітім іздеген,
Қарусыз кеткен қапыда.

Ажалға қимай ардағын,
Аһ ұрып айтып арманын,
Ғұлама Ғұмар сезгендей
Екі-ақ жыл ғұмыр қалғанын.

Жүргізді заман жарлығын,
Талайдың қозғар зар-мұңын.
Салады еске қос арыс
Лермонтов, Пушкин тағдырын.

Жанады оты жаңа үйдің,
Жігерін әркез жаниды ұл.
Үмітін үрлер ұрпақтың
Иманы Ишанғалидың

«Анық біл, қазақ, анық біл!...» -
Бақ құсы оңай қона ма,
Қан жұтқан шығар сол ара.
Көз жасы әлі тамып тұр
Қос арыс жатқан молаға... [2, 32 б.]

(«Қос арыс»)

- дей келе, ешбір дұшпанына бас ұрмай өткен қос арыстың өмірі де бір арнаға тоғысып, өлімінің де тағдырлас болғандығын, яғни адам қолынан қаза болғандығын ашына жырлайды. Ишанғали Меңдіханов та бөкейліктердің мақтанышы болды. Қарға тамырлы қазақтың мәңгілік киесі Алаш мұратына ақтық демі таусылғанша қалтқысыз қызмет еткен, «Алаш зиялыларының имамы» атанған Ғұмар Қараштың орны әлеуметтік-саяси қызметте де, әдебиетте де бөлек болатын. Ғұмар Қараш қайраткер, алғашқы қазақ драматургтарының бірі Ишанғали Меңдіханов опатына «Меңдіханов Ишанғали қазасына» жоқтауын арнап, егілді. Ұлт тарихындағы арда тұлғалардың кемел істерін ілгерілеткен, ерлік пен өрлік тағылымын дәріптеген «нарынның нар ұлдарының» (Ғ.Сейтақ) өнегелі ғибратын акын осы «Қос арыс» атты арнау өлеңінде шынайы жырлай білген.

Поэзиядағы Махамбет сияқты, ғылымдағы Шоқан сияқты, майдан даласындағы Кенесары сияқты, өршіл рухына қылау түсірмей, замана тауқыметін қайыспай арқалап ғұмыр кешкен Құрманғазы Сағырбайұлының асқақ рухы бір ғана музыка саласына сиятын құбылыс емес. Акын біртұтас ұлттың ұлы тұлғасы, күй саңлағына арналған «Бейіт басындағы күй» өлеңінде әсерлі жеткізеді:

Мерт болып арғымақтар, ит өлмеген,
Кей талант шетте қалып, сый көрмеген.
Тып-тыныш жатыр еді көптен бері,
Бейіттің басын бүгін күй тербеген.

Жол жатыр секілденіп тегіс тақтай,
Жүр ме екен талай дарын өріс таппай.
Бейне бір күй атасын жоқтағандай
Бейуақ безілдейді «Терісқақпай».

Қаба алмай арғымақты, ит өледі...
Ұрпақтан өзге нендей сый көреді!
Танытып Құрманғазы күдіретін
Құлаққа бейіттен де
Күй келеді [3, 26 б.]

(«Бейіт басындағы күй»)

Қазақтың әйгілі күйші композиторы, төре күйлерінің негізін қалыптастырушы Дәулеткерей Шығайұлының да күй өнерінде алатын орны ерекше. Еліміз тәуелсіздік алып, жоғын түгендеген шақта күйшінің сүйегі қиырдағы Қарамоладан Ордаға, хан зиратына әкелініп, Жәңгір бабасының қасына жерленді. Ғ. Сейтақ «Күйшіден кешірім» өлеңінде акын Дәулеткереймен сыр ақтарысып, ой бөліседі. «Неліктен мені тастап кетті екен?!» деп Қарамоламен бірге күрсініп жатырсың ба?!» - деген сауалдарды туғызып, оған авторлық ішкі толғаныспен жауап қатады:

Ызыңдар күйің болып нар қамыс та,

Түсті елің талай-талай арпалысқа.
Заманнан тепкі көрген бейітің де
Қашанғы қалу керек қалтарыста!?

Беу, баба, ал ендеше, күрсінбелік,
Талайын мықтылардың жүрсің көріп.
Күмбезің сенің көркем күйлеріңдей,
Халықтың көз алдында тұрсын дедік.

Хандықтың қасиеті тақта қалар,
Өнерді жақын түгіл, жат бағалар.
Бабаңның сен қасына келдің мәңгі,
Сол ғана ісімізді ақтап алар! [2, 27 б.]

(«Күйшіден кешірім»)

Нарын құмының тарландары: дала перзенті Саркенже Сәрсембиев, Батыраш сынды ескі домбырашылардан күй үйренген, дәулескер домбырашы, белгілі күйшілердің ізбасары Есел Қазиев десек, оның да ерен еңбегін ақын әдемілеп жырына қосқан. Күйші-домбырашының репертуарында 100-ден астам күй болған. Соның ішінде ұмытыла бастаған, сирек кездесетін бірнеше күйді білген. «Орыншаның күйі», «Байжұма», «Ортпа», «Науаи», «Көбік шашқан», «Мүсірәлі», «Қу жетім», «Құрманғазы», «Бұлбұл», «Итог», «Сарыкөл», «Самар», «Айдау тілемшек», «Салық өлген», т.б. ескі күйлерді жеткізген. Бір ғажабы Есел күйші өзі орындаған күйлердің бәрінің шығу тарихын айтып таратқан. Қазақ радиосының Алтын қорына 28 күй жаздырған белгілі күйші. Ақын Ғ.Сейтақ «Ел мен Есел» өлеңінде:

Елімен бірге жүрген төсін кере,
Еңбегі босқа кеткен, есіл деме.
Еңіреп өткен ердей болмаса да,
Ей, дала, Есел күйші есінде ме!?

Қанатын үміт құсы қағыпты алдан,
Мал емес, құм Нарында бағыпты арман.
Күйлерін бабалардың
Сарыкенжеден
Осы Есел емес пе еді алып қалған!

Дем беріп баба рухы түлегіне,
Үн де асқақ бірте-бірте үдеді ме!?
Отанын «Сарыарқадай» саздан ұғып,
Нотаны түсірген ол жүрегіне [3, 50 б.]

(«Ел мен Есел»)

- деп құмды өңірдің талантты өкілінің табиғи дарынын жоғары қоя жырлайды.

Қазақ тарихында тәуелсіздікті арман етіп, шындық үшін шарқ ұрып, ақиқаттың түбіне жете алмай қыршын кеткен боздақтарымыз қаншама?! Сондай есіл ерлердің бірі Ғұбайдолла Әнесовтің тәуелсіздік жолында үзіліп кеткен жас ғұмырын ақын Ғайса-Ғали Сейтақ «Бостандық боздағы» өлеңінде кейіпкерін сөйлете, онымен сырласа отырып, шебер жеткізеді:

Кім естіді, кім білді қырдағы үнді,

Жүрек әлі жаралы.
Жыр да мұңды.
Құрбан болып сен үшін кеткен еді,
Қазақстан!
Тік тұрып, тыңда Ұлыңды! [2, 47 б.]
(«Бостандық боздағы»)

Иә, қазақ халқын құлдықтан құтқарам деп жанып кеткен, азаттықты жанымен құптаған Ғұбайдолланың көкірегінде өшпейтін күдірет, аузында халық, тілегінде түбі жақсылыққа деген үміт тұрды. Ерен ер талай алаш арыстарының көз алдында атылып кеткеніне күйініп, «жалғыз өзім жөн болмас алысқаным» деп елдегі жігіттерді бірлікке үндеді. Автор кейіпкерінің батырлық тұлғасын жеткізуде монологтық тәсілді оңтайлы қолданған:

Қайран елім, мен сені ардақтадым,
Иығымда түсіндім салмақ барын.
Көкейімнен кетпейді Қараөзенім,
Жүрегімде тұрады Жалпақталым.

Көз алдымда жоқ болды таныстарым,
Кетті қанша атылып арыстарым!?
Бірігейік жігіттер, бір ұйымға,
Жалғыз өзім жөн болмас алысқаным.

Бостандығы қазақтың - ұранымыз,
Қоятұғын биікке ол құранымыз.
Бүгін айтып қалайық, кім біледі,
Ертең қайда болады тұрағымыз!?

Тік ұстасақ,
Туымыз тербетілер,
Дала гүлдеп, мал өсіп, ел де түлер.
Егер осы бетімен кете берсе,
Қазақ біткен жойылар жер бетінен...

Соңғы сөз:

Жалпақталға сыймадық, даламызға,
Енді біздің жазылмас жарамыз да,
Қайран жастық, әттең-ай, білмей қалдық
Бір сатқынның жүргенін арамызда.

Жұртым барда мықты едім, табанды едім,
Шындықты іздеп, жасымнан, табам дедім...
Уа, жендеттер, ақырғы сөзім осы –
Халқым түбі бостандық алар менің! - [2, 49 б.]
(«Бостандық боздағы»)

Ғұбайдолланың соттағы сөзін асқан шеберлікпен, ерекше екпінмен дәл жеткізгендігін – ақынның шеберлігі деп білеміз. Дәл осы оқиғадан кейін, яғни 1941 жылы желтоқсанның 21-інде Ғ.Әнесов тұтқындалып, ату жазасына кесілді. Халқы болса тура елу жылдан кейін өз тәуелсіздігін алды.

Ақын Ғ.Сейтақтың туған еліне өлшеусіз еңбек сіңірген өнерпаздарына, ақындарына арнаған арнау өлеңдері де аз емес. Мәселен, «Күрең күзде»

қалың жұрты әуезді үнімен қоштасып қалған қоңыр дауыс иесі Мәдина Ералиеваға арналған «Бозторғай-ғұмыр шырылдап..» өлеңі қазақ поэзиясындағы арнау өлеңдерінің жақсы үлгілерінің қатарын толықтыра түседі.

Ұлтының мұны мен сырын, бақыты мен келешек бағытын, өткені мен өтпелі дәуірлерін тұтас алып, жыр теңізін толтырған Жұбан Молдағалиев - желтоқсанның құрбаны. Желтоқсан оқиғасы кезінде Жұбан ақынның Колбин алдында сөз сөйлеп, ұлт жастарын қорғап, қасқая қарсы тұрғандығы барша қазақ еліне мәлім. Ел мұңын арқалай сөйлеген Жұбанның жалғыз ауыз сөзіне жұртының жүрегі жұбанды. Жұбанның көркем бейнесін Ғ.Сейтақ өз туындысында:

Қайран жұрт үнсіз талай жанды көмген,
Батар күн қызылындай қанды көрген.
Қазақтың уыздайын ұл-қызына
Жендеттер желтоқсанда салды шеңгел.

Халқы үшін қайратты ерлер қамалған көп,
Жарқырап тұрды ұдайы жанардан – от.
Кекті сөз болып жауға қайта атылды
Ақынның жүрегіне қадалған оқ.

Жалаулар жығылмаған желбіреді,
Жанарлар жаутаңдаған мөлдіреді.
Жұбанның жалғыз ауыз сөзінен соң
Жұбанып қоя берді ел жүрегі.

Көрінер қыран - қырдан,
Өлең - ойдан,
Кенде емес дана қазақ кемел ойдан:
Жұбатар, жыласа, елді ер керек қой,
Жұбан деп, білмесе егер, неге қойған!? [4, 225 б.]

(«Жұбан»)

- деп жырға қосады.

Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, елім деп еңіреген ерлеріміздің бірі – Хамза Есенжанов та Ғайса ақын өлеңінің кейіпкері. Отарлық езгіден қиналған халық өз бостандығы мен бақыты үшін күрескен ерлердің жиынтық бейнелерін, жана қоғам орнатуда тарих бетінде қалған адамдардың өмір жолын шебер суреттей білген Х. Есенжановты елі «Ақ Жайық» роман-трилогиясы арқылы таниды. Хамза Есенжанов турасында ақын өзінің «Сарыөмірде мәңгілік бір ғұмыр бар» өлеңінде былайша сыр ақтарады:

Кітап жазып қайыңның қабығына,
Жары болып дүние жарығы да,
Өтті ақыры бәрін де бұзып-жарып,
Ұқсап бейне Шалқардың балығына.

Қалмайды енді сөз ақсап, күй қақалып,
Жатады оның атымен сый да аталып.
Қаламына сыйғызып Ақ Жайықты,
Жүрегіне халқының күйды апарып.

Жатса да өзі Алатау бауырында,
Асқақтап-ақ тұрғандай тауы мұнда.
Хамза болып әр үйге еркін еніп,
Бір сағыныш жүргендей ауылында [2, 40 б.]

(«Сарыөмірде мәңгілік бір ғұмыр бар»)

Ақын лирикасының тағы бір тарихи қаһарманы – Жұман Шанин. Ол - қазақтың тұңғыш режиссері, Қазақстанның халық артисі, 1936-1937 жылдары Орал музыкалық драма театрының директоры болып жүргенде ұсталып, «халқы жауы» ретінде атылды. Ж.Шаниннің әдеби бейнесін ақын өмірдің өзінен ала суреттейді:

Ескерусіз қалған бір дана бардай,
Ел есімін әлі де даралардай.
Топырағы мықты ғой Ақ Жайықтың,
Театр болған Оралда!
Және қандай!

Жоғалды ма архиві өртке жанып,
Тінтіп әлде «үш әріп» кетті ме алып?!
Отызыншы жылдардың зобалаңы
Театрдың түбіне жеткені анық.

Аһ ұрды ма Қасымдай текті ақыны,
Қалды ма елдің көмусіз көп батыры.
Абақтыға айдалып артистері,
Жұмат Шанин атылып кетті ақыры

Арнасынан жаңылмай өмірге ағар,
Өлмесе өнер деп қана көңіл алаң.
Бойы бөлек әркімнің,
Сойы да ерек,
Ойнап кетер өзінің ролін адам! [4, 227 б.]

(«Жұмат пен жендеттер»)

–дей келе, Қасым ролін шебер сомдаушы театр әртісі Ж.Шаниннің өнердегі ерен ісін ерлікке балап, дәріптей жырлайды.

Ақын лирикасының тағы бір тарихи кейіпкері біртуар ұл, саңлақ әнші, Мұхит әндерін шебер орындаушы Ғарифолла Құрманғалиев. Ғ.Құрманғалиевтың орындаушылық мәнері – этностық мәдени генофондымызға қосылған дәстүрлі әншілік мектептің озық үлгісінің бірі екені белгілі.

Расында да Ғ.Құрманғалиев секілді тума таланттың орны ерекше. Оның біздің өңірімізден шығуы да жас ұрпақ үшін мақтаныш. Заманымыздың заңғар суреткері Ә. Кекілбаев Ғарифолла жайлы: «Иә, ол құлағы бардың бәрін еліттірмей қоймайтын нағыз Орфей еді. Дала Орфейі. Ғарекенді астына құла жорға мінгізіп, қолына күрең домбыраны ұстатып, шартарапты шарлатып, жалғыз саяхаттауға жіберсе бәрібір үстінен қарақұрым таралмас еді. Соңынан ақ түтек шаң еріп, қойыла түсер еді. Алатаудың құлжасы, Алтай таудың маралы, Көкшетаудың бұланы, Сарыарқаның құланы, Қаратаудың арқары, Бетпақты бөкені пысқырып, түшкіріп соңынан шұбырар еді» [5, 47 б.].

Осы ерек тұлға, талантты дарын жайында жарының атынан ақын былай сыр толғайды:

Дүние шіркін тар екен,
Кетейін беріп бір хабар.
Еркелеу едің,
Ғарекем,
Бабыңды сенің кім табар!?

Соңымда қалып барасың,
Жанарға жасым толды көп.
Жанымның жазып жарасын,
Әніңді салшы соңғы рет.

Осылай мәңгі батар күн,
Кетірсем сенің сәніңді ел.
Жұмақта күтіп жатырмын,
Әлдилей берші әніңмен...
Беу, Ғаре-кем... [2, 46 б.]

(«Әңші жарының аманаты»)

Сөйтіп, ұрпағы мен халқына тапсырып кеткен әнші жарының аманаты бүгінгі күні орындалғандай.

Көркем әдебиеттің бейнелеу нысанының бірі адам десек, бұл лирикалық шығармаларға да қатысы бар мәселе. Ғ. Сейтак лирикасындағы кейіпкерлер тұлғасының суреттелуі қазақ сөз өнеріне қосылған қомақты үлес деп білеміз. Ақынның лирикасының қай кейіпкерін алсақ та, барлығының бейнесі еліне адал қызмет еткен, «адамдық борышың – халқыңа еңбек қыл» (Шәкәрім) деп ұғынған ұлт азаматтарының жиынтық образы қалпында көрініс табады.

Саралай айтқанда ақын Ғ. Сейтакты әдеби өлкетанудың көрнекті өкілі ретінде және өңірден шыққан тарихи тұлғалардың бейнесін өлең сөзде өрнектей білген шығармаларымен де ұлттық поэзияға соны көркемдік бояулар әкелген қаламгер деп бағалауға негіз бар.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың «Рухани жаңғыру» бағдарламасы еліміздің рухын, қоғамдық санасын жаңғыртуда соны серпін, үлкен қозғалыс әкелгені анық. Соның бір жарқын көрінісі әдеби өлкетануға назар аударылып, оның негізін қалаушы ақын-жазушылар мұрасын зерттеу ісіне ден қойыла бастады. Әдебиеттанушы ғалымдардың жетекшілігімен құрылған зерттеушілер тобының «Әдеби өлкетану: қоғамдық сананы рухани жаңғырту (Орал өңірі ақын-жазушыларының шығармашылық мұрасы. XX-XXI ғ.б.): 1-кітап. Монография. (Орал, 2018) [6] және «Әдеби өлкетану: қоғамдық сананы рухани жаңғырту (Орал өңірі ақын-жазушыларының шығармашылық мұрасы. XX-XXI ғ.б.): 1-кітап. Хрестоматия. (Орал, 2018) [7] атты еңбектер ғалымдардың көп жылдық ғылыми жобаларының аясында жарық көрді. Бұл ғылыми кітаптар сериясы болашақта да жалғасын тапақ.

Әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // Егемен Қазақстан. – 2017. – 12 сәуір. – №70 (29051). – Б. 1-2.
2. Сейтак Ғ. Тек пен тамыр. Өлеңдер мен дастандар. – Алматы: Арыс, 2005. – 328 б.

3. Сейтақ Ф. Жақыным менің – жалпақ ел. Өлеңдер мен дастандар. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2007. – 240 б.

4. Сейтақ Ф. Қасиет қонған қара жер. Өлеңдер мен тарихи дастан. – Алматы: Арыс, 2018. – 304 б.

5. Кекілбайұлы А. Қазақ даласының Орфейі // «Ғарифолла Құрманғалиевтің музыкалық-педагогикалық мұрасы» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Орал: М.Өтемісов атындағы БҚМУ БАҚ және баспа орталығы, 2009. – Б. 47.

6. Мүтиев З.Ж., Мұханбетова Ж.Ө. Әдеби өлкетану: қоғамдық сананы рухани жаңғырту (Орал өңірі ақын-жазушыларының шығармашылық мұрасы. XX-XXI ғасырдың басы): монография (1-кітап). – Орал: Шұғыла Принт, 2018. – 418 б.

7. Мүтиев З.Ж., Мұханбетова Ж.Ө., Ақболатов А.А. Әдеби өлкетану: қоғамдық сананы рухани жаңғырту (Орал өңірі ақын-жазушыларының шығармашылық мұрасы. XX-XXI ғасырдың басы): хрестоматия (1-кітап). – Орал: Шұғыла Принт, 2018. – 408 б.

**Мүтиев З.Ж., Амангельдиева Г.К.
ЛИТЕРАТУРНОЕ КРАЕВЕДЕНИЕ: ПОЭЗИЯ ГАЙСА-ГАЛИ
СЕЙТАКА, МИР ГЕРОЕВ, ИСТОРИЧЕСКИЙ ФАКТ И
ХУДОЖЕСТВЕННОЕ РЕШЕНИЕ**

В статье рассматривается развитие литературного краеведения. Исследуется поэзия представителя современной казахской литературы Гайса-Гали Сейтака. Выясняется мир лирических героев и особенности их строения, связь с историческими фактами, также можно найти художественное решение поэта.

Ключевые слова: литературное краеведение, лирический герой, национальная поэзия, сын степей, исторические личности, представители искусства.

**Mutiyev Z.Zh, Amangeldiyeva G.K.
LITERARY STUDY OF LOCAL LORE: GAISA-GALI SEYTAKOV'S
POETRY, WORLD OF THE HEROES, HISTORIC FACT AND ART
DECISION**

In article development literary the study of local lore is considered. Investigate the poetry of therepresentative of modern Kazakh literature Gaisa-Gali Seytakov. The world of lyrical heroes and feature of their building, communication with hictoric facts becomes clear, also to find the art solution of the poet.

Keywords: literary study of local lore, lyrical hero, national poetry, son of steppes, historic figures, representatives of art.

ӘОЖ 821.512.1.0.

Даутова Г.Р. – философия докторы (PhD),
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
E-mail: gulnazdautova@gmail.com

Султан Е. – философия докторы (PhD),
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
E-mail: yertaysultan@gmail.com

ЭПОСТЫҚ ЖАНРЛАРДАҒЫ МИФТІК КЕЙІПкерлер Қызметі: Мыстан кемпір мен жалмауыз

Аңдатпа. Мақалада қазақ фольклорының ертегі, эпос жанрларында кездесетін мифтік кейіпкерлер атқаратын қызметіне, сюжеттегі кеңістігіне қарай бөлініп жан-жақты талданады. Осыған байланысты мифтік кейіпкерлердің оқиға желісінде сипатталатын мекендері де ескерілді. Архаикалық эпостарда жиі кездесетін жалмауыз, мыстан кемпір, қара дәу образдары сараланады.

Тірек сөздер: фольклор, миф, мифтік кейіпкерлер, эпос, көне эпос, батырлық жыр, бейне, функция

Фольклорда мифтік кейіпкерлерді екі түрге бөліп, мифтерден бастау алатын мәдени қаһарман және ертегі, көне эпостарда кездесетін алып, жалмауыз, мыстан кемпір, қара дәу т.б. қарастырылатыны белгілі. Зерттеулер нәтижесі көрсеткендей, мәдени қаһарман әлемді қалыптастырушы, қорғаушы, дамытушы күдіретіне ие. Алайда, оның қызметінің өзі тарихи өзгерістерді басынан өткерген. Фольклорлық шығармаларға негіз болған «мифтік дәуір», «мифтік уақыт», «мифтік кеңістік» ұғымдары адамзат баласының алғашқы ой-танымының көрінісі ретінде бағалы. Онда алғашында адам мен табиғат бөлінбейді, біртұтас түсініледі. Демек бұл кезеңде адамнан аң-құс, табиғаттан адам жаратылып жатады. Ал адамның өзін табиғаттан бөлектеп, ерекшелігін тани бастаған, табиғат сырын түсінуге ұмтылып, сауалына жауап іздей бастаған кезеңнен бастап «жаратушы» тұлғасы пайда болған. Әрине, ол біздің қазіргі түсінігімізден көп алшақ. Себебі, дүние жүзі халықтарының көбіне ортақ жайт: дүниенің адамнан әлдеқайда бұрын пайда болғандығы жайындағы түсінік. Олардың басым көпшілігінде алғашқы дүние сипаттары (түпсіз тұңғыық, шым-шытырық әлем, шексіз ғалам, телегей теңіз, қараңғылық) ұқсас болып келеді.

Қызметіне қарай мифтік кейіпкерлерді жағымды және жағымсыз, ал кеңістік бойынша аспан әлемі (жоғарғы кеңістік), жер үсті әлемі (орта кеңістік), жер асты әлемі (төменгі кеңістік), су әлемі (су асты кеңістігі) деп бөліп қарастыруға тырыстық. Эпостардағы мифтік кейіпкерлерге жеке-жеке тоқталып өтейік. Фольклор жанрларында кездесетін кейіпкерлердің бір түрі – алыптар деп аталады. Түркі фольклорындағы алыптар деп тау көтерген Толағайды, Алаңғасарды, тауға айналған Жеке батыр, Жасыбайларды атайды. «Манас» жырында дәулер өте көп аталады. Мұнда, тіпті, жау адамдар да «дәу» деп аталған (Жолой, т.б.)» [1, 212 б.]. Алып адам ұғымы әлем мифологиясында, антикалық аңыздарда, көне гректерде, тау халықтарында, грузиндерде, алтайлықтарда, башқұрттарда да бар. Алтайлықтар фольклорындағы Сартақпайдың бейнесі Толағайлармен ұқсас келеді. Ол да дене бітімінің өзгешелігімен, қара күшімен ерекшеленеді.

Грузиндерде бұлар «дев» деп аталса, тау халықтары осетиндер «уаги» деп атайды. Осылардың ішіндегі мифтік алыптарға жақыны көне грек мифологиясындағы алыптар. Олардың бірі Зевстің адамнан туған ұлы Геракл, аспанды иығымен тіреп тұрған Атлант немесе су билеушісі Посейдон мен жер билеушісі Геядан туған Антей. Грек мифологиясындағы оқиғалар алуандығы бұларға өзара күш сынастырып та көреді. Онда Гераклмен алысқан Антейдің әлсіз тұсы аяғы жер-анадан ажыраса әлсірейтіні. Осы себепті де күштері тең қос алыптың бірі жеңіліс табады.

Алтайлық Сартақпай бейнесі халық мүддесі үшін күрескер ретінде ашылады. Мұнда оның Толағай бейнесімен типологиялық ұқсастығын байқаймыз. Толағай жұт келген, қуаңшылық орнаған елін құтқармаққа сапарға аттанады. Ондағы мақсаты мәңгі жауыны арылмайтын, жасыл желекті, жайлы етектегі алып тауды әкелу болады. Ақырында тауды көтеріп келген алып бала елге жеткенде аяғының астындағы жануарды басуға аяп, өзі өлім құшады. Бірақ, ерлікке толы еңбегі еш кетпей, халық қуаңшылықтан құтылады.

Міне, осындай алыптар бейнесі көне эпостарда мол кездеседі. Оларды бірде таусоғар, бірде дәу, енді бірде алып бітіміне байланысты тау деп жырлайды. Мәселен, «Дотан Құбақанбайұлы» жырының мәтініне назар аударайық:

Келеді неше қабат таудан асып,
Бар Құдай жапан түзден нәсіп шашып.
Келе жатса, үш биік, сүмбіл шырпы
Алдында төбенің тұр қатарласып.
Ол тауға жетелік деп аяңдайды,
Жүруден, аслан, жанын аянбайды.
Шегіндегі екі тау қимылдап тұр,
Қорыққаннан қасына таянбайды.
Дотанның жібереді жалғыз өзін,
Айтқан соң, қайырмады жолдас сөзін.
Қол бұлғап, жолдастарын шақырады,
Үш тауға өзі барып жақындады.
Ол тауларға Ер Дотан сәлем берді,
Алдына жетіп барып жөн сұрады.
Сәлемін жақсы құптап алады енді,
Жолдастары қасына барады енді.
– Қалай, – деп, – қоқаң-қоқаң еткендерің?
Таулардан мәні-жайын сұрады енді [2, 122 б.].

Мұндағы «тау» деп отырғаны табиғи қалыптағы зеңгір шыңдар емес, мифологиялық түсініктен туған «жанды» таулар, яғни, таудай алыптар, керемет күш иелері.

Сол секілді «Мұңлық, Зарлық» жырында да Қарадәу есімді кейіпкер бар. Ол дәудің қасында шайтаны еріп жүреді деп сипатталады. Өзі керемет күшті, алып болып келеді және адамның қызына ғашық. Күлмес ханның қызы Құралай сұлудың Мұңлыққа ұзатылатынын шайтаны біліп қойып, бір түнде алып қашады. Ол дәудің алыптығы сонша үйінің түңлігі таудай көрінеді. Жырда бұл былай суреттеледі:

Келе жатса Зарлық хан,
Ойнақтап тұрған алдында

Бір биік тауды көреді.

Әлқисса, Зарлық ойлады: «Бұ жақтың тауы көшіп жүреді екен, бір таудың астында қалып өлемін бе», деп қараса, бұл тау Қарадәудің үйінің түңлігі екен, дәу демін алса шошандап тұрған [2, 52 б.]. Яғни, «түңлігі осындай болса» деген тыңдарман Қарадәудің өз кейпін елестете бастайды. Ендеше, дәудің сипатына көз салайық:

«Анда Зарлық батыр атын қызға ұстата салып, өзі үйге кіріп келеді. Қарадәу ұйықтап жатыр екен. Жүгіріп үстіне шықты, оянбады. О жақ, бұ жағына қарады. Көрдікем дәудің шокпары босағада тұр екен. Оны алып дәуді басқа ұрды. Анда дәу көзін ашып қарады.

– Ей, бала! Мені неге ұрасың, сенің ұрғаның шыбынның шаққаны құрлы болмады ғой, – дейді. Анда Зарлық айтты:

– Мен сені өлтірем, – дейді. Дәу айтты:

– Мені өлтірер болсаң, әуелі менің бір аяғымменен күрес. Аяғымды көтеріп тұрайын. Аяғымды жерге басып тигізсең, сенімен күресейін. Аяғымды жыға алмасаң, ұйқымды бұзбай, жөнел! – дейді» [2, 52 б.].

Мұндай гиперболалық суреттеулер қаһармандық эпостарда да ұшырасады. Десек те, бұл жаудың дені бөлек. Өйткені мұндағы Қарадәу адам боп туылған алып ретінде суреттелмейді. Ол адамдардан жырақта тұрады және шайтандарды жолдас етеді. Қарсыластары мифтік кейіпкерлер болғандықтан ба, Зарлық батырдың бейнесі, оның батылдығы, ерлігі одан сайын ашылады.

Көне эпостарда ғана емес, жалпы мифтік жағымсыз кейіпкерлердің бірі «мыстан кемпір» дедік. Мыстан кемпір әрқашан заты әйел, ақылы ерек, айласы бөлек жаратылыс болып суреттеледі. Ол адам кейпінде де, жалмауыз кейпінде де көріне алады. Қаһармандық эпостарда да мыстан бейнесі бар. Ондағы айырмашылық мыстанның үш басты немесе жеті басты жалмауызға айнала алмайтындығында. Көне эпостардағы мыстан түрлі кейіптерге ене алады. Батырлық жырларда мыстан кемпір тек асқан айласымен, аңғал батырды алдап омақастырумен ғана танылса, көне жырларда ол өте алып күш бейнесінде суреттеледі. Бұдан көне эпостарда туған мифтік кейіпкердің уақыт өте келе шындыққа жанаса түскенін, мифтік белгілерінен арылғанын көреміз. Осындағы «мыстан» бейнесі кейінгі қаһармандық эпостарға көне дүниетанымдық уақыттардан өшпей келген көне кейіпкер. Десек те, архаикалық «Мұңлық, Зарлық» жырындағы «...мыстан да ертегілік сипатынан бірсыпыра арылып, нақтылы қастандық иесі бейнесіне анағұрлым жақындаған». Мұндағы мыстанның мифтік келбеті ашылмағанымен, «...бейнесі шексіз жамандықтың, зұлымдықтың жиынтығындай, жан шошырлық болып сомдалған» [3, 80-81 б.].

«Мыстан» бейнесі ерте кездегі анаеркі (матриархат) дәуірінің рухани мұрада көрініс алған сарқыншағы, бір кездерде тұтас қауымға билік жүргізген әйелдердің атаеркі дәуірінде жағымсыз кейіпке ауысқан бейнелері деп тапқан ғалымдар қарасы өте көп. Төл әдебиетіміздегі бұл пікірдің бір қолдаушысы Р.Бердібаев. Ғалымның «Қазақ эпосы» еңбегіндегі «Көне эпос» тарауындағы мына бір жолдарға назар аударайық: «Құламергенде» стадиялық жағынан матриархат дәуірінің нышанын елестететін қабаттар бар. Бұл, әсіресе, «дүниенің жамандықпен түбін тескен» Құртқа есімді кемпір бейнесінен аңғарылады. Мыстан кемпірдің «ақылымен» Құламерген семьясының алай-түлейі шыққанын көреміз. Ол мергеннің сұлу әйелі

Кұнайымды азғырып, теріс жолға түсіреді, Булгар шаһарының ханына зымиян кеңес беріп, бәлені бастаушы болады» [3, 68 б.].

Енді, эпостардағы мыстан бейнесін назар аударайық. Көп жыр мен аңыз-эпсаналарды оқи отырып бір нәрсеге көзіміз жетті. Ол – қартайған қара кемпірдің өзінің әлденедей бір ақылына, қылған қызметінің ақысына немесе ұстап, өлтірмекші болған адамының жанын аман қалдыру үшін ұл бала сұратуы. Ол мыстан кемпір болуы мүмкін немесе жалмауыз кемпір деп суреттелуі мүмкін, маңызды емес. Бастысы бұларға тән сарын біреу. Ол – ұл бала сұрату. Мәселен, «Құламерген» жырына назар аударайық:

Жиып ап тамам халқын ақылдасты,
Ұйғарып һәр нәрсеге жақындасты.
Дүниенің жамандықпен түбін тескен
Бір кемпір сонда отырып тақылдапты.
– Әй, патша, мен сөйлейін саған, – дейді,
Не нәрсе екеніні табам, – дейді.
Тілегім дүниедегі менің осы
Некахлап ұғылың қоссаң маған, – дейді [2, 76 б.].

Мұнда сөз болып отырған оқиға Бұлғар шаһарының ханы балықшы әкеліп сыйға тартқан алтын шаштың не екенін білмей, жұртын жиып ақыл-кеңес сұрауы. Сонда ел білмеген ғажайып дүниенің мәнісін бір жаман кемпір айтамын дейді. Тек, ақысына ұлыңды маған қос деп талап қояды. Мұндай оқиғалар желісін «Ер Төстіктен», «Алтын сақадан» көреміз. Мәселен, «Алтын сақа» ертегісінде суда жүзіп жүрген өкпені таяғымен түртем деп байдың басы бөлеге қалады. Өкпе демде жалмауызға айналып, байды буындыра кетеді. Бай шыбын жанын арашаламаққа қора-қора қойын ұсынса алмайды, үйір-үйір жылқысын ұсынса алмайды. Енді қайтсем тірі қалам дегенінде жалмауыз байдың жалғыз ұлын сұратады.

Десек те, мыстанның өзге бір кейпін «Мұңлық, Зарлық» жырынан көреміз. Мұндағы мыстанның тілегені тіллә (ақша) екені анық. Қай фольклорлық шығарманы алсақ та ондағы мыстан ел білмейтін дүниенің бәрінен хабардар болады, ақылы бөлек келеді. Қара халықты да, ханды да алдап соға алады. Мыстан кемпірлер қара халықпен жымдасып өмір сүретіні де олардың бейнесіне керемет үйлесетін қасиеттері. Оларды жалмауыздан ерекшелетін қасиеттерінің бірі осы. «Мұңлық, Зарлықта» да ел болып, жұрт болып мәнісіне жетпеген кереметтің сиқырын таппаққа мыстанға жүгінеді:

«Әлкисса, анда патша айтады: – Бұ не деген қалта, мұның толатұғын лажы бар ма екен? – деп жұртқа жар салды. Һешкім мәнісін білмеді. Сол уақытта үш жүз елу жасқа келген, ыстық ішкен, сұйық тышқан, қабағы тырысқан, көрінгенмен ұрысқан, тізесіне шекпені жетпеген, басынан жаманшылық кетпеген, кенеп дамбалы к.іне қатқан, өзін туғаннан Құдай атқан, бір жақсылық көрмеген, тілеуін Құдай бермеген бір Мыстан деген кемпір айтты: – Патша менің хақымды берсе, мен қалтаны толтырып беремін, – депті. Патша хақысын береді. Кемпір келіп жерден бір қысым топырақ алып қалтаға салып еді, анда қалта тасып төгіліп, көшеге сыймай кетті» [2, 21 б.].

Байқауымызша, жырда мыстанның сипаты «дүниенің жамандықпен түбін тескен» деп келеді. «Құламерген» жырында да осындай сипат алған мыстан дәл солай суреттелгенімен, жыр кейіпкерлері, халық ол туралы көп хабардар емес. Себебі, «дүниенің жамандықпен түбін тескен, өзін туғаннан Құдай

атқан» мыстанның кім екенін басында білсе, Шаншархан оның ақылына жүгінбес еді.

Енді, ары қарай мыстан бейнесі ашыла түседі. Өздері ақыл таппаған, алайда арам пиғылдары мыстаннан бір мысқал кем емес ханның алпыс әйелі шығармадағы шешуші іс-әрекеттердің біріне сеп болады. Қарайық: «Ендігі сөзді алпыс қатыннан естіңіз. Қатындар жиылып кеңес қылып, мыстанды шақырып алып айтты: – Ей, ене, патша біздерге жолаушыға ұқсап алпыс күнде бір түнеп жүруші еді. Енді мына қатын бала тапқан соң біздер қатындықтан қаламыз ғой. Бұған ақыл тауып баласын жоғалтыңыз, – деп, алпыс табақ тіллә берді. Анда кемпір мақұл көріп, «бұның лажын табам» дейді. Бір күні қатын толғатқанда кемпір келіп бетіне бір дем салып қойып еді, Қаншайым талып жығылып қалды. Анда кемпір иттің екі күшігін алып келіп, Қаншайымның ішін тартты. Бір ұл, бір қыз туды. Ұлдың алтын айдары болды, қыздың күміс айдары болып туды. Кемпір екі күшікті [Қаншайымның] етегінің астына салып, баласын қатындарға алып келді. Қатындар айтты: – Ене, не қылсаң [да], өзің қыл, – деді» [2, 19 б.].

Мыстан ғажайып күштерге ие, сиқырдың түр-түріне қанық. Ол Қаншайым байқамас үшін дем салып, есін жоғалтады. Дем салып, бәрін қалпына да келтіретін мыстан ғана:

«Әлқисса, мыстан кемпір алпыс қатын билән Қаншайымның үстіне келеді. Келіп көрсе, өкпесі зорға соғады. Астында екі күшігі жатыр. Кемпір бетіне бір дем салып қойып еді, Қаншайым басын көтеріп алады. Қатындар «ит баласын тапты», деп, бетіне түкіріп, кете береді» [2, 21 б.].

«Мұңлық, Зарлықтағы» мыстан да, «Құламергендегі» мыстан да әрқашан оқиғаның дамуына, батырдың іс-әрекетіне, отбасын қорғау мақсатында жасаған ерлігіне себепші болып отырады. Мәселен, Зарлық бейнесінің шындалуын, ашылуын оның ұзақ сапарымен байланыстырсақ, осы сапарға батыр қарындасы Мұңлықтың бәленбай айшылық жолдағы бір елден «ат-тон» әкеліп бер деген болмашы уәжімен аттанды. Ал, Мұңлықты осыған азғырған мыстан боп шыға келеді.

Ал, «Құламергенде» аңшының әйелі Күнайымды азғырушы да, Бұлғар ханына желік беруші де мыстан.

Шығармалардағы, эпостардағы мифтік кейіпкер мыстандардың өзге жағымсыз құбыжықтардан ерекшеленуі оқиғаның дамуына себепші болуында екенін атап көрсеткен жөн. Ол классикалық қаһармандық эпостарда да кездесетін жалғыз мифтік кейіпкерлердің бірегейі екенін жоғарыда айттық.

Жоғарыда аталып, талданған мыстан бейнесімен ұқсас, алайда табиғаты өзгеше бір кейіпкер – жалмауыз кемпір. Жалмауыз кемпір мыстан кемпірмен ұқсас, сабақтас мифтік кейіпкер болғанымен екеуін екі бөлек кейіпкер ретінде қарастыратын боламыз. Бір кездері түркі халықтары фольклорындағы осы кейіпкерді Г.Н. Потанин «жал - маус» деп бөліп жіктеген көрінеді. Біздіңше бұл «жалмаған ауыз» деген сөздердің тіркесінен құралып келіп, уақыт өте келе тілдік заңдылықтарға байланысты қысқара түскен атау. Яғни, атау беруге де мән артқан ежелгі түркілердің адамды да, ит-құсты та жалмап жейтін, азық ететін құбыжық бейнені сипаттауынан туған атау. Осы бір кейіпкер туралы Р.Әлмұханова: «Ол жалмауыз кемпір атанудан бұрын, нақтырақ айтқанда, кемпір бейнесінде көрінгенге дейін құбыжық кейпінде болғанын ертегілерден байқауға болады» [1, 148 б.], – дейді. Солай болуы да

бек мүмкін. Осыған байланысты мыстан мен жалмауыздың кейіптері екіге жарылады. Ал, жалпы алғанда кейбір ертегі мен эпостарда бұлар бірдей-ақ суреттеліп жатады. Дегенмен, көп жағдайда жалмауыз кемпірдің құбыжықтық бейнесі, алапат күштері, ғайыптан бітімін өзгерте алуы, аңша жортуы, адамша сөйлеуі басым айтылады. Оның алғашында мүсәпір кемпір бейнесінде көрінуі, артынша демде құбыжық қалпына алмасуы нанымды суреттеледі. Қазақ фольклорында жалмауыз кемпірді алдымен «Ер Төстік», «Алтын сақа» ертегілерінен таныдық. Ер Төстікте батырдың әкесі Ерназар інгенін іздеп жүріп жалмауызға жолығады. Тап беріп ұстап алған оған мені жеме, баламды же деп құтылады. Сөйтіп Төстіктің аңшылыққа шыққанда тастамайтын жанқайрағын қалдырып, осыны алуға келгенде ұстап аларсың деп серт байласып, жөнімен кетеді. Осындағы бір қызық оқиға егеуді алып қашқан Ер Төстік пен Шалқұйрыққа ыза болған жалмауыз жерді қақ айырады да, Төстік жер асты әлеміне түседі. Осыдан соң жалмауыз жер беті мен жер асты өткелін күзеттіріп қояды. Осындағы айқын танылған дүние – жоғарыда сөз еткен жалмауыздың алапат күші болып шығады.

«Алтын сақада» жалмауыз өкпе боп суда жүзіп жүреді де, таякпен түртіп қалғанда лезде жалмауызға айналып шыға келеді. Мұнда оның екінші бір қыры, ғайыптық күші танылады.

Жалмауыз кемпірдің мекеніне қатысты С.Қасқабасовтың жалмауыз бен су асты әлемін байланыстыра қарастырған пікірін келтіре отырып және де жалмауызға ұқсас антикалық мифтік кейіпкерлермен салыстырмалы типологиялық зерттеу жасай отырып, Р.Әлмұханова былай деп ой қорытады: «Осылайша жалмауыз кемпір мен антикалық мифтік кейіпкерлер – Хариба, Кирка, Калипсо, Сирен – бәрінің мекенінде ұқсастық орын алған, ол ұқсастық су немесе су жағасындағы жартастағы қалың орман және өздері иелік ететін сарай, өзі қорғайтын әлемі бар екеніне көз жеткіземіз» [1, 150 б.].

Жалмауыз алғашында жан-жағын тұтас жалмаған құбыжық ретінде дүниеге келіп кейін кемпір бейнесін қосақтаған кейіпкер дедік. Фольклорлық шығармалардың ең көне деп табылған жанрларымен бірге жасап келе жатыр.

«Дотан Құбақанбайұлы» жырында үлкен оқиғаның тууына негіз болатын жалмауыз кемпір екенін білеміз. Дотан қалың ұйқыға кеткенде оның қырық бауырын жалғыз жалмауыз жұтып қояды. Нәтижесінде Дотан бауырларын өлімнен арашалау үшін амалсыздан жалмауызбен келісімшартқа отырады. Оқиғаны қысқаша баяндасaq: алдымен Дотан мен оның бауырлары қойшы сілтеген қалың тоғайға келіп, шаршаған соң ұйқыға кетеді. Осы сәтте адам иісін сезген жалмауыз суретке енеді:

Жағалай келіп түсті ол ағашқа,
Жұпар жағып аңқытып қара шашқа.
Миуа жеп, баршасы жатып қалды,
Аттарын байлап-байлап қойды басқа.
Бәрі бірдей паңдықпен ұйықтап жатыр,
Тіккені бастарына алтын шатыр.
Иісін адамзаттың алғаннан соң,
Бұларға бір жалмауыз келе жатыр.
Білмейді ұйықтап жатып жалмауызды,
Жұтқалы балаларға салды ауызды.
Жалғыз жатқан қалыпты Дотан аман,
Өзгесін, бәрін жұтты ұғыл, қызды [2, 124 б.].

Осында «Дотан Құбақанбайұлы» мен классикалық «Алпамыс батыр» жырын ұқсастыратын эпизод бар екенін көреміз. Алпамыстың тұлпары Байшұбардың арам пиғылды мыстанды сезіп, қос аяқтап тепкеніндей, Дотанның астындағы ат та жалмауызды тебеді. Жырдағы осы жолдарды келтіре кетуді жөн көрдік:

Жалмауыз балаларға келіп қалды,
Бір сұмдық балаларға болып қалды.
Бір ұртына өзгесін тығып тұрып,
Қасына Дотан бала жетіп барды.
Баланы ұйықтап жатқан көрді сонда,
Қайран боп нұсқасына тұрды сонда.
Жұтайын деп баланы келгенінде,
Тай теуіп жалмауызды қалды сонда [2, 124 б.].

Қос жырда да жаман күшті сезіну тұлпарға жүктелген. Бірақ, батырлар бейнесі әртүрлі болып келеді.

Дотан ағайын-бауырдың амандығы үшін кемпірдің дегеніне көнеді. Осылай жеті жылдық сапарға аттанады. Жеті жылдан соң қайтып келгенде мың сан жауды қырған батыр мен оның бір өзі жүз кісіге татырлық қуатты жолдастары жалмауызды өлтіруге бірден әрекеттенбейді. Мұнда жалмауыздың күш-қарымы танылады. Жолдастар енді бірлесіп кемпірді алдамақшы болады. Ол үшін желаяқ қалыңдық кейпін жамылып барып, батыр кеткен соң қашады. Бірақ, бір таңғаларлығы аяқтыдан алдына жан салмайтын желаяқ жалмауызға келгенде шаң қауып қаларлықтай суреттеледі. Қуып жеткен жалмауызды мерген атып құлатады. Осында бір түйеріміз сондай қуатты жалмауыз жеті жылдық сапарға өзі-ақ аттанып, ұлына қалыңдықты өзі алып келуге дәрменді. Тек, кейіпкер оған бармайды. Ол үшін өз ісіне өзгені жегу әлдеқайда оңай.

Осы секілді жырдағы жалмауыздың мифтік, архаикалық бейнесі толық ашылатын жырлардың бірі – «Құламерген». Мұнда батырдың әйелін ақ жолдан тайдырып, көп ретте қиындық әкелуші мыстанның шешесі бар. Ол – жеті басты жалмауыз. Яғни, мифтік түсініктен біршама алшақ алынған әуелгі кейіпкер мыстанның қылмыстарын еңсерген батырларға жаңа қиындық тап болады. Ол мыстан секілді құр айламен, жасырын соғыс жүргізетін кейіпкер емес. Ол енді ашықтан-ашық соғыс салады, керемет айбатын көрсетіп, жекпе-жекке шақырғандай болады. Мұнда, әрине, оған себеп жоқ емес. Құламергеннің ұлы Жоямерген өлтірген Орақ батыр жалмауыздың баласы болып шығады да, жалмауыз ашуға мінеді. Бұлғар шаһарының бір уақытта тап берген үш жүз батырын жеңген Құламерген жан сауғалап қашады.

Қорыта айтқанда, мақалада жалпы мифологияда кең тараған «кеңістік» ұғымының категориялары жіктеліп, мифтік бейнелер шығармалардағы нақты мысалдар негізінде жан-жақты сараланды. Мифтік кейіпкерлердің шығармадағы кездесетін орнына, оқиға желісі өрбитін кеңістігіне қарай ерекшеліктері айқындалды. Эпостардағы мифтік кейіпкерлердің жағымды және жағымсыз категориялары ғылыми тұрғыдан одан әрі терең зерттеле түсті. Аталған кейіпкерлердің жырда сипатталатын мекендері мен оқиға желісі суреттелетін кеңістік те ескерілді.

Әдебиеттер:

1. Әлмұханова Р. Қазақ фольклорындағы антикалық сарындар. – Алматы: Арыс, 2009. – 320 б.

2. *Бабалар сөзі: 100 томдық. Көне эпос. Т. 52. – Астана: Фолиант, 2008. – 352 б.*

3. *Бердібаев Р. Қазақ эпосы: Жанрлық және стадиялық мәселелер. – Алматы: Ғылым, 1982. – 232 б.*

Даутова Г.Р., Султан Е.

**МИФИЧЕСКИЕ ПЕРСОНАЖИ В КАЗАХСКОМ ФОЛЬКЛОРЕ:
МЫСТАН КЕМПИР И ЖАЛМАУЫЗ**

В статье подробно анализируются мифические персонажи казахского фольклора, встречающиеся в сказочных, эпосных жанрах, в зависимости от занимаемой должности, пространства в сюжете. В связи с этим были учтены и роль мифических персонажей, описанные в сюжете событий. В архаических эпосах анализируются наиболее часто встречающиеся образы мыстан кемпир, Бабы-Яги, Великана.

Ключевые слова: фольклор, миф, мифические персонажи, эпос, архаический эпос, героические эпосы, образ, функция

Dautova G., Sultan Y.

**MYTHICAL CHARACTERS OF KAZAKH FOLKLORE: MYSTAN
KEMPIR AND ZHALMAYUS**

The article analyzes in detail the mythical characters of Kazakh folklore, found in fairy-tale, epic genres, depending on the position, space in the plot. In this regard, the role of mythical characters described in the plot of the events was taken into account. In archaic epics analyzed the most common images of the Mystan kempir, Baba Yaga, the Giant.

Keywords: folklore, myth, mythical characters, epic, archaic epic, heroic epics, image, function.

ӘОЖ 415.61

Рысбаева Г.Қ. – филология ғылымдарының кандидаты, профессор м.а.,
Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті

Исаева Ж.Т. – филология ғылымдарының кандидаты, профессор м.а.,
С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті

Тұңғышбаева Ғ.Ж. – аға оқытушы, С.Ж. Асфендияров атындағы
Қазақ ұлттық медицина университеті

E-mail: guldarhan@inbox.ru

**ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ МИФТІК ТАНЫМЫНДАҒЫ
ЖЫЛАН ЖӘНЕ ҮКІ ТОТЕМІ**

Аңдатпа. Мақалада тотемдік түсініктерге қатысты культтік сөздердің лексика-семантикалық топтары және түркі халықтарының мифтік танымындағы жылан, айдаһар, үкі тотеміне қатысты мәліметтер негізінде жете талданған. Зерттеудің нәтижесі бойынша жылан-айдаһар және үкі тотеміне байланысты мақал-мәтелдер де, діни наным-сенімдер де, ырымдар да түркі халықтарының арасында кездесетіндігі тілдік-танымдық модел арқылы көрсетеді. Әр ұлттың өз ғаламның тілдік бейнесі бар, себебі

тіл тек ойлау, қарым-қатынастың құралы ғана емес, тіл бүкіл этностың рухани және мәдени айнасы. Тілдегі мәдени құндылықтар сөздердің мәні арқылы ұлттық мінез бен ұлттық менталитетті қалыптастырады. Тіліміздегі тұрақты тіркестердің халық өмірімен, халықтың ұлттық-мәдени менталитетімен байланыстылығын жылан және үкі сөздеріне қатысты этнолингвистикалық тұрғыдан қарастырылады.

Тірек сөздер: тотемизм, жылан, айдаһар, үкі тотемі, наным-сенім, ырымдар, киелі, қасиетті, мифтік бейне, құрметтеу, табыну.

Қазіргі таңда қоршаған орта, әлем, дүние туралы барлық мағлұматтар халықтың сан ғасырлық дүниетанымы негізінде туындаған тілдік бірліктер яғни жеке сөздер, мақал-мәтелдер, фразеологизмдер, қанатты сөздер, прецедентті мәтіндер арқылы сақталып, атадан-балаға, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, әлемнің тілдегі бейнесі жаңарып та, толығып та отырады. Әр ұлттың өз әлемдік бейнесі бар, себебі тіл тек ойлау, қарым-қатынастың құралы ғана емес, тіл бүкіл этностың рухани және мәдени айнасы. Тіл – мәдениетті сақтаушы, дамытушы, ұрпақтан-ұрпаққа тасымалдаушы ерекше коммуникативтік құрал, салт-сананың, ұлттық ділдің, ұлттық ойлау мен сананың сан қырлы қасиеттерінің көрінетін тұсы.

Тіліміздегі культке қатысты атаулар, терминдер, лексика-фразеологиялық, паремиологиялық бірліктер мен мақал-мәтелдердің қоғамда қалыптасқан ауыспалы мағынасын ғана емес, сонымен қатар сол мағынаның қалыптасуына негіз болған о бастағы әр алуан уәждерін анықтау жұмыстың өзектілігін көрсетеді. Сонымен қатар түркі халықтарындағы культке қатысты атаулардың және ертедегі дүниетаным мен наным-сенімдер, салт-дәстүрлер әлеуметтік-қоғамдық түрткі жайттарға қатысты ұғымдарға негізделген лингвомәдени бірліктердің қолдану деңгейін антропоцентристік тұрғыдан айқындау көзделді.

Тұрмыстық қажеттілікті өтеу жолында тілдің көмегімен ғасырлар бойы қалыптасқан, культтік фразеологизмдер әр халықтың өмір тіршілігіне, әдет-ғұрыпына, дүниетанымына байланысты қалыптасқан. Культтік фразеологизмдер этнолингвистикалық тұрғыдан зерттеу, бір жағынан түркі халықтарының тілдерінің ұлттық ерекшелігін, әдет-ғұрпын, салт-санасын танып білуге, екінші жағынан, тілдердегі этимологиялық, семантикалық, құрылымдық жағынан ерекше қасиеттерін ашуға мүмкіндік береді. Ол қазақ тіл білімінде жаңадан қалыптасып келе жатқан жаңа және келешегі зор салыстырмалы фразеология мен паремиология, этнолингвистика, мәдениеттану, елтану сияқты салалардың дамуына өзіндік үлес қоса алады.

Этностық дүниетаным мен салт-дәстүрге, наным-сенімдерге қатысты байырғы лексикадан қалыптасқан культтік фразеологизмдер сөз жоқ, халықтың рухани өмірін бейнелейді. Ертеде адамдар ру, қауым, тайпа болып өмір сүріп, өздері тұратын жерлерде кездескен жан-жануарға сыйынып, жан-жануарлар, аң-құс, құрт-құмырсқа, жылан тотемдерін тудырған. Осыларды киелі санаған адамдар оларды культке айналдырып, неге киелі екендігі туралы толып жатқан миф, аңыздар тудырған. Тотемдік түсініктер тек аңыз, ертегілерде ғана сақталмаған. Олардың кейбір жақтарын тіліміздегі жан-жануарларға, құстарға, төрт түлік малға байланысты қалыптасқан фразеологизмдер мен мақал-мәтелдерден, қанатты сөздерден, культтік лексемалардан айқын байқауға болады.

Түркі тілдес халықтардың тотемдік нанымдарын зерттеген ғалымдар С.П. Толстов, Н.А. Алексеев, А.Золотарев, В.В. Радлов, Ә.Диваев, Н.И. Ильминский, Т.Д. Баялиева, Г.П. Снесарев, И.И. Ибрагимов, Ш.Уәлиханов, Ә.Х. Марғұлан, Х.А. Арғынбаев, Ә.Төлеубаев, Ә.Ахметов, т.б.

Тотемизм – бір жағынан, белгілі бір қоғам мүшелері мен қандайда бір жануарлар немесе өсімдіктер, жансыз зат түрлері арасында туыстық байланысы бар дейтін көне санадағы түсінік [1, 252 б.]. Алғашқы қауымдық кезеңде адамдар аннан толық бөлінбей, табиғаттың дайын жемісін теріп жеп, тау үңгірлерінде тұрғаны белгілі. Ол кезде адам жыртқыш аңдардан қорғанысы әлі де әлсіз болған, сондықтан болар күштілерінен қорықса, әлсіздерінен көмек күткен. Міне, сол дәуірде тотемдік нанымдар туған деген болжам бар.

Тотемизм элементтерінің бір түрі ғылыми түрде «табу» деп аталады. Табу негізінен алғанда этнографиялық ұғыммен байланысты. Табу сөзі полинезия тілінен алынған, кейбір заттардың аттарын тікелей атауға тыйым салу мағынасын білдіреді. Табу дегеніміз – қоғам дамуының әртүрлі сатыларына тән әлеуметтік себептердің негізінде ашық қолдануға болмайтын, тыйым салынған сөздер [2, 3 б.]. Табудың пайда болуы бүкіл адамзат тарихымен, әсіресе рухани дамудың төменгі сатыларындағы діни ұғымдармен тығыз байланысты. Егер тотемдік түсініктерде жануарлар мен өсімдіктердің адамға қандас туыстық қатынасы бар деп түсінетін болса, табуда кейбір айуандар мен өсімдіктер «қасиетті» деп ұғынылып, олардың өз атын атауға тыйым салынады. Егер өз атын атаса, олар естіп, адамға немесе оның мал-мүлкіне зиян келтіреді деп қорқады.

Тотемдік нанымдардың негізінде қалыптасқан культтік фразеологизмдер өз ішінде: жан-жануарлар тотемі, құс тотемі, төрт түлік малға қатысты тотем, жылан және айдаһар тотемі болып топтарға бөлініп қарастырылды. Тотемдік нанымдар, атап айтқанда, қырғыз, өзбек, татар, якут, алтай, тува, хакас тілдерінде кездеседі.

Тотемдік наным бойынша жан-жануарлар, хайуанаттар, құстар, құрт-құмырсқалар, өсімдіктер, материалдық заттар мен табиғат күштері жеке адамның жарылқаушысы, иесі немесе ата тегі болып саналады. Тотемдік түсініктерге қатысты культтік сөздердің лексика-семантикалық тобын жан-жануарлар, төрт түлік мал, құс, құрт-құмырсқа, жылан-айдаһар атаулары да толықтырады. Енді осы тотемдік ұғымдарға тоқталайық.

Түркі-монғол тайпаларының табынған тотемі – *жылан*. Кейбір түркі халықтарының мифтік танымында «үй жыланы», «жұрт жыланы» (йорт еланы) деген жыланның түрі бар. Жылан тотемизмі, өз тегін, өз ата-бабалары мен атақты адамдарын жылан-анадан яғни жылан-бабадан тарату болған. Бұл – жыланға жағымды сипат беріп, оны өзінің ата тегі деп көрсетіп, оны құрметтеу, табыну дегенді білдіреді. Айдаһар (аждаһа) – қазақтың ертегілік және мифтік дәстүріндегі құбыжықтың (демонның) жалпылама атауы. «Айдаһар» сөзінің көне түркілік этимологиясы: мұндағы «ажи» сөзі «жылан», «жылан-баба, әже» дегенді білдірсе, «даһ» сөзі «бастапқы тіршілік көзі, тіршілік иесі, тірі пенде» немесе «тіршілік, өмір беруші» дегенді білдіреді, яғни Айдаһар – «Барлық жанды жаратушы, тудырушы баба, әже», «Жылан-баба» дегенді білдіретін сөз. Бұл тұрғыдан қарағанда, көне түркілік «Айдаһар» (Аждаһа, Ажи-Даһ, Ажи-Дан) – тіршілікті жаратушы, тәңіриелер мен адамдардың, жалпы тірі мақұлықтардың арғы, түпкі бабасы, «Ұлы Ана»

категориясына кіретін мифтік тұрпат [3, 312 б.]. «Авеста» кітабында айдаһар мифтік бейне – «Ажи-Дахака» түрінде кездеседі. Айдаһар - байырғы наным-сенім бойынша бірнеше басты алып жыртқыш, адам баласына өлім әкелетін дүлей күш, жалмауыз. Айдаһар – әлем халықтарының фольклорында жиі кездесетін кейіпкер. Кейбір қазақ ертегілері мен хикаяларында әйел кейде айдаһардың етіне жерік болады және ол тотемдік сенімнің қалдығы, ал айдаһардың адамды жұтуы фольклорлық шығармада көрініс тапқан.тану ғылымында анықталып отыр. Қазақтардың төл түсінігінде айдаһар жыланның алып түрі ғана. Академик С.А. Қасқабасов айдаһар тотемін жан-жақты талдаған : «Айдаһар түптеп келгенде ғаламат алып жылан» деп пайымдайды. Қазақ ертегілерінде айдаһар «алып жылан» түрінде кей ертеkte, халықаралық сюжеттерде кездесетіндей, сумен қатысты бейнеленеді. Мысалы, әйел бейнесінде құбылып жүріп, жігітке тұрмысқа шығады, шөлге шыдамсыз, түнде тұрып ап, үйдің шаңырағынан мойнын созып, өзеннен су ішкендігі айтылады («Айдаһар»), Кейде ысқырып, аспаннан жаңбыр жауғызады («Айдаһар қатын»), Шөлден қаталап жарылып өлгенде күн бұзылып, жаңбыр жауып кетеді («Арғы мерген»), Әлбетте, бұл сарындар диканшы, отырықшы халықтарда кездеседі. Айдаһарды жауын-шашын, су иесі деген ұғым қазақ этномәдениетіне сыртқы отырықшы жұрттардан ауысып орнықты. Көптеген халықта айдаһарды ұшатын қанаты бар, аузынан от шашатын, сирағы бар мақұлық кейпінде елестетеді. Кейде ертеке айтушылар жылан, айдаһар деген атауларды қатар қолдана береді. Айдаһар төменгі өлілер әлемінің күзетшісі, жанды о дүниеге жеткізуші рух-ие. Ежелгі заманда осы тәрізді неше алуан құбыжықтарға малды, тіпті тірі адамды да құрбандыққа шалатын қатігез салттың талай түрі болғандығы көне мәдениет тарихынан белгілі [3, 31 б.].

Көптеген Евразия континентіндегі халықтардың мифінде айдаһар мен жылан жағымсыз кейіпкер ретінде көрінсе, түркі, монғол және қытай мифтерінде керісінше, жақсы жағынан көрініс табады. Хакас, Тува халықтары жыланды киелі аң ретінде қорғаштайды. В.Я. Бутанаев хакастарда сақталған мынадай мифтік әңгімені баян етеді: «В хакасской мифологии среди пресмыкающихся особое внимание заслужили змей (чылан). По отношению к ним применяли иносказания: «узун хурт» – длинный червь, «сойлаас» – извивающийся и др. Хангорцы остерегаются змей. Согласно легендам, когда-то многочисленный хакасский сеок «аара» был истреблен змеями за враждебное отношение к пресмыкающимся. Сумел спастись только один благородный представитель этого рода, который по Совету царя змей обтянул свою юрту пестрым арканом. С тех пор для защиты от змей хакасы вокруг юрты натягивали пестрый архан из белой и черной шерсти [5, 71 б.]. Жыландардың шабуылына ұшыраған «аара» тайпасы да кезінде жыланға табынған көршілес тайпалардың шабуылынан кейін жылан культін қабылдағандығын көрсетеді. Тува жұртының шаман бақсылары өздерін «аза» атты киелі рухтан тарайтындығы туралы аңыз таратады. Азаны көзімен көрген бақсылар ерекше қасиетке ие болады деп сенген. Ол турасында былай дейді: «Чырык чер кырында аза бар болбайн канчаар. Хамнарның бир кончуг алғаныр чувези аза болгай. Азаны мен көөр кижн мен. Аза кижн болганга козулбес. Аза мээң караамга кижн дурзулуг бооп көстүр чүве. Азаның кол чоруур черлери-кыйыг черлер, орук белдири, эрги чевеглер чаны, кызыл элдер баары, арт кыры, кежиг аксы болгаш эрги хонаш болгулаар». Аудармасы: «Жарық жер бегінде аза әзелден бар. Азаның атын тувалық

бақсылар аса бір сүйіспеншілікпен мадақтайды. Мен өзім азаны көремін. Алайда, ол кез келген адамның көзіне көрінбейді. Менің алдымда ол оғаш адамның кейпінде көрінеді. Азаның сүйікті орындары – бөктер, жолдың торабы, ескі молалы жерлер, қызыл жарлар, асулар, өткел мен ескі қонақалар» [6, 162 б.]. Демек, түркі тайпалары жыланға табынғын, «аара» мен «аза», «ажа» сөздері синоним, «аза» атты киелі күштің өмір сүргендігін суреттейді.

Жылан тотем болуының басты көрсеткіші – ертегілер мен наным-сенімдердегі жыланға деген ерекше көзқарастың болуы.

Жыланның жалпы тіршілігі, өзіндік ерекшелігіне орай жылан культінің символдық бейнесі төмендегідей:

- Жылан – даналықтың символы;
- Жылан – қамшы;
- Жылан – арғықазақ мифтерінде әйел бейнесі;
- Жылан – қоршаған ортаға қауіпті жәндік;
- Жылан – жер асты байлығының иесі;
- Жылан – үйге кірген құт;
- Жылан – мүшел жылы;
- Жылан – арбаушы;
- Жылан – зұлым, тілі ащы, жағымсыз адам бейнесі.

Жылан культтің қалыптасуының алғы шарттары:

- Жыланның "аяғы жоқ", яғни оның жүруінің (қозғалуының, жылжуының) өзі – керемет. Жылан "кез келген" тұрпатты (дөңгелек, спираль, сегіздік, толқын, т. б.) жасай алады. Жыланның қозғалу процесіндегі сыртқы пішіні еректектік белгіні де, әйелдік белгіні де "кескіндей алады".

- Жылан кез келген жерде (суда, жер астында, үйде, молаларда, үңгірлерде, т. б.) мекендей алады, салыстырмалы түрде алғанда мұның өзі де – керемет.

- Жылан жыл сайын түлейді, "терісін ауыстырады". Бұл – сол уақыттың адамы үшін таңғаларлық, ғажайып та тылсым құбылыс болып есептелген. Терісін тастау арқылы жылан "жаңарады", былайша айтқанда, – «қайтадан тіріледі». Сондықтан адам баласы "жылан көне терісін тастау арқасында өзінің жастық шағын қалпына келтіреді, яғни ол – қайта жандану, қайта тірілу құпиясын білетін, сол құпияға ие қожайын" деп түсінген.

- Жылан да, құстар мен бауырымен жорғалаушылар сияқты жұмыртқа салады, жұмыртқадан туады. Ал жұмыртқа тұрпатының мифтік дәстүрлердегі ғалам жарату (космогония), ғалам моделі кескіні мифтерінде қандай орынға ие екендігін білеміз. Жұмыртқа салу арқылы жылан мен құс бейнелері байланыса алады.

- Жылан салқынқанды, сондықтан ол жыл маусымының салқын кезеңдерін "өлі жағдайында" өткізеді де, күн жылынғанда "қайта тіріледі".

- Жыланның уы қатерлі. Жыланның оқша немесе найзағайша атылғанын көрген кезде, оның шаққанының оттың күйдіргеніндей әсері болады. Бұл жыланды отпен және сумен (алдыңғы қисындар бойынша) байланысты етеді [7, 11 б.].

Жылан, айдаһарға байланысты наным-сенім, ырымдар түркі халықтарында кездеседі. Мәселен, Қазақтар жылан үйге кірсе, жақсылық нышаны деп ұрып, өлтірмейді. Басынан ақ құйып, ардақтап далаға шығарады. Мәселен,

«Алтын басым аман болса,
Алты күнде тірілем.
Жез құйрығым аман болса,
Жеті күнде тірілем.
Ортан белім аман болса,

Отыз күнде тірілем» – деген жыланның сөзін ескертіп, жыланды өлтіртпейді.

Әсіресе ордалы ақ жыланды ешқашан да өлтірмейді. Ордалы жылан бәрібір кегін алып, шағып өлтіреді деп сенеді. «*Жылан арбайды, онымен теріс оқитын молдалар арбасып, жыланның атын атап, дәл тапса, онда жылан өледі*» – деген де сенім бар. Шаққан жыланды ұстап алып, құйрығынан төмен қаратып ілсе, шаққан уы қайтып, зақымданушыға жеңіл болады деп санаған. Бұл түсініктер әлі сақталуда.

Дәл осындай сенім өзбек халықтарында да бар. «Өзбектер де ақ жыланның образын қасиетті Қызыр пайғамбардың бейнесі деп, үйіне келсе басына ұн шашып, болмаса сүт құйып шығарған», – дейді Г.П. Снесарев [8, 115 б.]. «*Үйге кірген жыланға да ақ құйып шығарады*» деген мәтел, «*Жылан көрсең ақ құй*» деген де тұрақты тіркес де осыдан шыққан болуы керек. «*Жылан көрсең ақ құй*» деген де тұрақты тіркес – жыланға деген ежелгі құрмет көрсетудің ескерткіш-сарқыншағының көрінісі.

Жылан тотеміне қатысты тұрақты теңеулер мен сөз орамдары эпикалық жырларда жиі кездеседі. Олар *жыланның* физиологиялық қимыл-қозғалысы мен өзіне тән қасиеттеріне қатысты туындаған теңеулер: *абжыландай толғану, белге ұрған жыландай сылқ ету, жас жыланиша сумаңдау, жаралы жатқан жыландай, жеті басты жыландай, жыландай жарау, жыландай жиырылу, жыландай жорғалау, жыландай жұмыртқалау, жыландай жылмыңдау, жыландай ирелеңдеу, жыландай оралу, жыландай тулау, жыландай шағу, жыландай шұбатылу, жыландай ысқырыну, жыланиша арбау, жыланиша бұраңдау, жыланиша бүктетілу, жыланиша жезу*, т.б. Мысалы: *Әбжыландай толғанып*, Шұбарға қарғып мінеді («Алпамыс» жыры). Алтында қамшы қолға алып, *Әбжыландай толғанып*, Бұралып кетіп барады («Қыз Жібекте»). «Естілер де ісіне қуанбай жүр, Ел азды деп надандар мұнаймай жүр. *Ала жылан*, аш бақа күпілдектер. Кісі екен деп үлкеннен ұялмай жүр» (Абай). Бұл тұрақты теңеулер мен сөз орамдары батырдың кереметтігін, әйелдің таңғажайып сұлулығын әбжыланға теңейді.

Жылан жолды кесіп өтсе, жолаушы жолым болмайды деп ырым жасап, бара жатқан жолынан кері қайтқан. Айдаһар жыландардың қабығында қасиет бар, олардың бойларында аруақтардың күші сақталған, қорғап-қоршап жүреді деген нанымдар айдаһардың сыртқы қабыршағына ұқсатып сауыттар жасауға ықпал еткен. Оны батырлар жырындағы «көбе» сауыт түрлері аңғартады. Оның барлық түркі тілдес халықтарға ортақ болып келетіні жайлы, өнертанушы Қ.Ахметжанов өзінің «Жараған темір кигендер» атты еңбегінде былай дейді: «Құстың, жыланның бейнелері, қауырсындары мен жылан қабығы «жылан бастар» өте ерте заманнан адамды, затты түрлі бәледен, көз тиюден сақтайды деп санаған. Құстың қауырсынына, жыланның қабығына ұқсатып сауытты көбелеу, оның қорғаныс қабілетін арттырып ғана қоймай, сонымен бірге магиялық-ырымдық рөлдерінде атқарған» [9, 102 б.].

Осындай жыланның қабығына ұқсайтын сауыттарды скифтер мен сарматтарда киген.

Жыланның кептірілген басын, кейде сыртқы түлеп түсірген терісін жаңа туған баланы тіл-көзден сақтасын деп бесігінің басына, болмаса жастығына ілетін болған. Халықтық сенім бойынша жыланның қабығын бойға сақтап жүрсе, тіл-көзден сақтайды, бойдағы қорқыныш болмайды деген түсінік болған. Жылан белгісінде туған адам – өзгермелі, икемшіл, сезгіш, өзіне сенімді, өз ісіне берілген болып келеді.

Жыланның тотемдік қасиетіне байланысты көріністерді тіліміздегі тұрақты тіркестерден көруге болады. «*Жылан жайлап барады*» – қарны ашты; «*жылан жалағандай*» – ешнәрсе жоқ; «*жыланша ақырды*»; «*жыланша ысқырды*» – қаһарын төкті; «*жыланы қайтты*» – ас ішіп, жүрек жалғады, ашқарақтығы басылды; «*жылан жүрісті*» – ізін білдірмейтін, зымия әрекет иесі деген мағынада қолдаса, «*айдаһардай ысқырды*» – қаһарланды, кәрін төкті деген мағынада. Мысалы: Ат, атан, шөп, астық, соғымның еті, киіз, көрпе, жастық, қап, арқан – бәрінен де ауыл *жылан жалағандай* таза. Сыпырып алып қойған ақтың адамы, алаштың әскері... (І.Жансүгіров).

Айдаһар тотеміне қатысты: *айдаһардай арбау, айдаһардай ысқыру, айдаһардай ақыру, айдаһардай ысылдау, айдаһардай жекіну, айдаһарша аласұру* сияқты теңеулер құйындаған, бұрқасындаған, ұйытқыған жел, боранды сипаттауда немесе аласұрып, таусылған адамды сипаттауда кеңінен қолданылады. Мылалы: Алтынды қамшы қолға алып, *Абжыландай толғанып* («Батырлар жыры»). *Айдаһардай арбадың*, Арбадың да қалмадың (Махамбет). *Айдаһардай патшаның* Азу тісін қаққан күн (Қ.Аманжолов). Орнынан тұра шабасың, Атшабар келсе қышқырып, Ояз келсе, қайтер ең, *Айдаһардай ысқырып* (Абай).

Түркі халықтарында мынадай мақал-мәтелдер бар: «*Жыланды өлтіргеннің сауабы бар*»; «*Иштен шыққан шұбар жылан*»; «*Жыланға түк біткен сайын, қалтырауық болады*»; «*Жылы, жылы сөйлесең жылан да інінен шығады*»; «*Жыланның түсі суық, Уы ем*»; «*Жылан шағады, ит қабады*»; «*Жылан басы ауырса, жолға жатар*»; т.б. Кейбір мақал-мәтелдер түркі тілдес халықтарда айтылуы ұқсас. Мәселен, қырғызша «*Жылаандын териси кооз, тиши – уу*» – «*Жыланның терісі сұлу, тісі – у*»; хакас тілінде «*Чылан теерізін чылнын даа алыстырза, Оолыг тістері поэында халча*» – «*Жылан терісін жылында ауыстырса да, Улы тістері өзінде қалады*»; өзбекше «*Илоннинг сирти юмишок булса хам, ичи захар*» – «*Жыланның сырты жұмсақ болса да, іші зәр*». Осы мақал-мәтелдерден туыстас халықтардың жыланды тотем санап, оны киелі санайтындығын байқаймыз.

«*Жыланның уы басында, бейқамның жауы қасында*» деген егіз ұйқасты қара өлең түрінде айтылатын қанатты сөз бейғам болма, әрқашан да сергек, сақ жүр дегенді мезгейді.

«Жыланның уы басында,

Бейқамның жауы қасында» (Қ.Әбдіқадыров).

Көркем шығармаларда кездесетін мақал-мәтелдер: «*Жылан иреңдеп жүреді, сүйреңдеп күледі. «Жыланның сырты жылтыр, іші у».* «*Жылан иір-иір жүрсе де, Ініне түзу кіреді*». «*Жыланның аузы жесе, құйрығы семіред*». «*Қазына бар жерде жылан бар*». «*Жыланның сүймес асы інінің аузынан шығар*». «*Көп жүрген жылан аяғын көрсетер*». «*Жатқан жыланның*

құйрығын баспа». «Улы жыланның терісі жұмсақ». «Жылан терісін тастаса да жылан». «Жылқының жсауы - бөгелек, Жыланның жсауы - дегелек».

Демек, жылан, айдаһарларға байланысты халықтық сенімдер үш кезенді бастан кешкен. Сонымен «Жылан» концептісінің тілдік көріністерінің ішкі құрылымында Табиғат әлемі (тотемдік) → Жоғарғы әлем (космогониялық) → Төменгі әлем (магиялық, арбаушылық) мифологемалары өмір сүреді. Жылан тотемі адамзат баласы пайда болғаннан бері өмірінде, тұрмыс-тіршілігінде біте қайнасып келе жатқан өзіндік тарихы ерекше бейне. Әрі қорқыныш үрей тудыратын, әрі құт-берекенің иесі деп саналатын жыланның бейнесі халықтың сана-түйсігінде терең сақталып, тілінде, халық ауыз әдебиетінде, салт-дәстүрінде, наным-сенімі мен ырым-жоралғыларында өзіндік бейнесі бар персонаж.

Сонымен қатар қазақтар қастерлейтін қасиетті құстың бірі – үкі. Үкіні халық киелі құс дейді. Үкінің қауырсынындағы қара жолақ сызықтарда «Құран сөзі» бар деген наным бар. Үкінің ұлпа мамығы, қауырсынынан үкі жасап алады. Үкіні әртүрлі тәсілдермен ұстайды. Үкіні ұстап алса, үкісін жүндеп алған соң бір тойдырып, босатып жібереді.

Үкі туралы тотемдік таным түркілерде өте ерте кезде болған, Лев Гумилев түркі ру-тайпаларының діни наным-сенімдері туралы айта келіп: «VI ғасырдың аяғы мен VII ғасырдың бас кезінде ата-бабаларға тотемдік табыну таза күйінде байқалмайды. Ашиннің келгендері мен таулы Алтай тұрғындарының арасындағы тығыз байланыс синкреттік-бірлескен діни сенімнің пайда болуына бастайды. Бұған әлі күнге дейін шешілмейтін жұмбақ тәрізді көрінетін түркі хандарының есімдері дәлел бола алады. Бұл есімдер қытай, парсы мен грек жазбаларында сақталып қалған және оларды әртүрлі салыстырып оқу арқылы талдауға болады. Тобо ханның өз аты Арсила (грекше) ол түрік-монғол сөзімен «Арыслан» деп аударылады. Қытайша «Були», түрікше «Бөрі» деген сөз. Тағы бұл аттың монғолша «Шэни-Шоно» түрі де бар, Батыс хандарының аттары да жиі кездеседі: «Иби» – «Ибрис» (барыс), ал «Юйгу» – «Юкук» (үкі) болып аударылады», – дейді [10, 80 б.]. Ертеде түркі хандарының есімдерінде үкі тотемі қолданылған, қазақ дәстүрінде де адам есімдерінде кездеседі: *Үкібай, Үкілай; Үкіжан* деген сияқты.

Сондай-ақ, қазақ халқы үкіні киелі, қасиетті деп, қадір тұтады. Халқымызда «үкі иесі бар құс, одан жың-шайтан қорқады» деген түсінік бар. Тіл-көз тиюдан сақтануға ырым қылып, балаларға оның тұмсығын, тұяғын тұмар орнына тағады. Үкінің қауырсындарын әртүрлі бәлекеттерден сақтайды деп жорыған. Үкінің қара қасқасын ерлер, балақ жүнінің ұлпасын әйелдер қолданған. Қауырсынын жас баланың бас киіміне, бесігіне іліп қояды және жастардың киімдеріне, түскиіз, домбыраға тағады. Ежелгі бақсылар, сал-серілер, батырлар үкі тағып жүрген. Үкі тағу – белгі салу, ол әрі тіл көзден, пәле-жаладан сақтасын деген болашақ қайын ата мен ененің келінге білдірген тілегі іспетті ырым [11, 93 б.]. Демек, сәндік үшін де қолданылады. Сондықтан болар қазақтар үкінің әр тал қанатын бесікке, балалар тақиясына, әйелдер кимешегіне, жүйрік аттың жалына және түрлі ұлттық аспаптарға тағып қояды. Ұлттық наным-сенім бойынша үкінің ұлпілдеген қанаты жас нәрестелерді жың-періден қорғаса, бас киімге тағылғаны бақыт, ал аспаптарға байланғаны олжаға кенелтеді. «*Үкідей ұшу*», «*үкідей көзі*

жарқылдау», «үкідей желкілдеу», «үкідей бұлғаңдау» деген фразеологизмдер мен теңеулер қалыптасқан. *Үкідей желкілдеп*, гүлдей құлпырып келе жатқан Ботакөзге Асқардың көз қадамуы Айбалаға тамаша көрінеді (С.Мұқанов).

Түркі тілдес халықтардың мәдениетінде орын алған тотемдік нанымдар мен тыйымдарға байланысты культтік ұғымдар мен тілдік бірліктер, наным-сенімдер күні бүгінге дейін жалғасып келеді. Демек, «*Үйге кірген жыланға да ақ құйып шығарады*» деген мәтел қазақ, өзбек халықтарына ортақ. Қазақ, өзбек халықтары үйге кірген жыланға басына ұн шашып, болмаса сүт құйып шығарған. Бұл жыланға деген ежелгі құрмет көрсетудің көрінісі. Жылан және айдаһар бейнесі дүниежүзінің көптеген халықтарының фольклоры мен ертегілерінде кездеседі. Түркі халықтарының ежелгі наным-сенімдерінде жылан өлмейтін және жыланның түлеуі мен сыртқы терісін тастауы өліп-тірілетін сиқырлы күш ретінде сақталған.

Әдебиеттер:

1. *Атеистің қалта сөздігі / Орысшадан ауд. Д.Мадеев, Е.Сапуанов, А.Бермаханов. – Алматы: Қазақстан, 1988. – 288 б.*
2. *Ахметов Ә.Қ. Табу и эвфемизм в казахском языке / Автореф. дисс. ... канд. филол. наук. – Алма-Ата, 1973. – 23 с.*
3. *Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. – Алматы: DPS, 2011. – 228 б.*
4. *Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы. 3 т. – Алматы: Дайк-Пресс, 2004. – 488 б.*
5. *Бутанаев В.Я. Бурханизм тюрков Саяно-Алтая. – Абакан: Издательство Хакасского гос. унив-та им. Н.Ф. Катанова, 2003. – 260 с.*
6. *Монгуш Кенин-Лопсан. Мифы тувинских шаманов – Тыва хамнарның торулгалары. Научно-популярное издание. – Кызыл: «Новости Тувы», 2002. – 544 с.*
7. *Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы. 4 т. – Алматы: Дайк-Пресс, 2004. – 504 б.*
8. *Снесарев Г.П. Реликты домусульманских верований и обрядов у узбеков Хорезма. – М.: Наука, 1969. – 336 с.*
9. *Ахметжанов Қ. Жараған темір кигендер. – Алматы: Дәуір, 1996. – 102 б.*
10. *Гумилев Л. Көне түріктер. – Алматы: Білім, 1994. – 480 б.*
11. *Ғабитханұлы Қ. Наным-сенімге байланысты қазақ тіліндегі тұрақты тіркестер / Фил. ғыл. канд. дис. – Алматы, 1995. – 182 б.*

Рысбаева Г.К., Исаева Ж.Т., Тунгышбаева Г.Ж.

ТОТЕМЫ ЗМЕИ И СОВЫ В МИФОЛОГИЧЕСКОМ СОЗНАНИИ ТЮРКСКИХ НАРОДОВ

В статье на основе сведений по тотемам змеи, дракона, совы в мифологическом сознании тюркских народов детально анализируются лексико-семантические группы культовых слов, относящихся к тотемным понятиям. По результатам исследования пословицы и поговорки, религиозные верования, приметы, связанные с тотемами змеи-дракона и совы выражаются через лингвистико-познавательную модель, характерную для тюркских народов. У каждой нации есть свой языковой образ вселенной, потому что язык является не только средством мышления и общения, но и духовным и культурным зеркалом всего этноса. Культурные ценности в

языке формируют национальный характер и национальный менталитет через сущность слов. Этнолингвистический взгляд на регулярные выражения в языке, относящийся к жизни людей, национальному и культурному менталитету людей, связан со змеями и дубами.

Ключевые слова: тотемизм, тотемы змеи, дракона, совы верование, приметы, святой, священный, мифический образ, почитание, поклонение.

Rysbayeva G.K., Issayeva Zh.T, Tungushbayeva G.Zh.
**TOTEMS OF THE SNAKE AND OWL IN THE MYTHOLOGICAL
CONSCIOUSNESS OF THE TURKIC PEOPLES**

In the article, on the basis of the information on the totems of the snake, dragon, owl in the mythological consciousness of the Turkic peoples, lexic-semantical groups of cult words related to totem concepts are analyzed in detail. According to the results of the study, proverbs and sayings, religious beliefs, signs related to the totems of dragon snakes and owls are expressed through the linguistic-cognitive model characteristic of the Turkic peoples. Every nation has its own linguistic image of the universe, because language is not only a means of thinking and communication, but also a spiritual and cultural mirror of the entire ethnic group. Cultural values in the language form the national character and national mentality through the essence of the words. The ethnolinguistic view of regular expressions in the language relating to people's lives, the national and cultural mentality of people is associated with snakes and owls.

Keywords: totemism, totems of a snake, dragon, owl, belief, omens, holy, sacred, mythical image, veneration, worship.

UDK 82-3 (574)

Sultagalieva R.B. – candidate of Philology,
associate professor of WKSU named after M.Utemisov

E-mail: R.Sultagalieva@mail.ru

Sagidullieva S.S. – undergraduate of WKSU named after M.Utemisov

E-mail: s_sanash_97@mail.ru

**MICRO-SUBJECT PROSE WORKS OF THE INDEPENDENCE PERIOD
AND UNIVERSAL HUMAN VALUES IN THE STORIES OF AYAGUL
MANTAI**

***Annotation.** This article states that the revival of the national spirit was the source of the beginning of new trends in literature through the works of young representatives of modern Kazakh prose. It also examines the problems of society raised in the micro-subject works of the young writer Ayagul Mantai, as well as human values and the author's techniques in conveying the inner state of the character, analyzing the ways in which literary traditions interact, innovative artistic and ideological searches of the artist through analyzing the features of the image of the modern society in their micro-subject works, the ways of the author's depiction of the actions and states of the characters, as well as the worldview expectations about the meaning of human being and nature.*

Keywords: *micro-subject prose, modern literature, interaction of world literary traditions, mythical detail, national spirit, artistic decision.*

At the turn of the century was happened the cognition crisis by the flood of information flow. Modern worldview searches were started on desire the new culture horizon. What are the results of a modern search in the literature? Today this is a terminable question in word art. Let's consider this actual problem through composition of young writer Ayagul Mantay.

"I like to learn the truth, understand the characters in the compositions of F.Dostoyevsky, E.Zolya. I can't accept the writers who "chew and put in your mouth" the thoughts and ideas of their compositions to their readers. If possible how is it well "to shake" the reader's sleeping mind?! All my written and writing compositions are *experiments*. I didn't still write my real composition" – by so given fair assessment Ayagul Mantay's compositions are in the list of the most readable works in web pages, literature portals, social networks at the century of internet popularity [1, 225 p.].

Sad portraits painted by an artist named Margaret Keane in the fifties in America appear before your eyes while reading the stories of Ayagul. She always writes about injured people who grew without feeling the taste of happiness in childhood.

"*Depression*". In fact, this story consists of a dialogue between two girls. If we consider the canons of realistic literature the dialogue of the characters of the "Depression" leaves the impression of a fictional story. Old people don't talk like that. In the thoughts of an old person there is no place for so many conditions. However you will understand when plunge into the inner outlook of history. None of the characters of Ayagul is an "old" person. In the harmony of sensitivity and intelligence Ayagul Mantayeva in most cases peers into the deformed inner world of modern man.

Through this piece Ayagul reached the goal of her composition by raising the topic about the life of childhood friend, which grew up together in the same desk in elementary school. The main character of the "Depression", a childhood friend from one rural area, had to stop communicating with her mother because of her easy virtue. A little girl which had been adrift and grew up without motherly love had to grow up too fast. Having lost her virginity she was of easy virtue like her mother.

This disheartening story is the problem of society today. Currently, the early loss of virginity, girls who trade with their body are a pressing problem of society. However, isn't the time that prompted the choice of this path in life? More frightening the behavior of the villagers who did not seek to correct the situation, but rather gloated over what happened:

"A woman with four daughters married on a modest rural tractor driver attracted the attention of men with her beauty. The name of the woman is Zhupar. Men called the house at the village's extremes "the smell of Zhupar". The women of our village hated the house with the "smell of Zhupar". "My God, how the "Stinky House" can be called "the smell of Zhupar", "- the big sister was indignant. Lovers of card excitement of our village called the naked women on the cards by her name." [2, 8 p.].

Aykorkem, which was born completely white and clean into this world, contaminated by her environment, by mother of easy virtue, by gray eyes, by dirty intentions:

“At night, a black cat and her kittens nibbled my bone, scraping meat from me. When I fall asleep, I am afraid to look at this light world, having opened my eyes. Every time when a black cat lambed, I collected water in an old bucket and drowned it kittens over and over again, which had not yet opened their eyes. In the spring a black cat pounced on me like a tiger, seeing how I kill its kittens, and scratched my face and hands. The kittens, which lived no more than one day under the verdict of the malicious man, had been dragged into the porch of the old house one by one. The body of a small kitten, dangling in the mouth of a black cat, is still in front of my eyes. I killed a black cat by hitting it with a shovel as it licked the dead bodies of her kittens. Justifying my cruelty is a crime in view of childish prank. Feelings of hatred for the mother who gave birth five from five men, contributed to the manifestation of cruelty to the black cat, which lined up two or three times a year. That day I swore to kill my mother, who bore us from various oncoming men like a wild animal. A prostitute has no rights to reproduce offspring, you know, no rights! A prostitute is born from a prostitute. Do you know that I had an abortion twice when I was in the tenth grade?”

Why in this story Aykorkem kills a cat and its kittens? Because of hatred is born from hatred. In order to feel good, a person must grow in caress. The writer brings to us a catastrophic lack of caress. With the help of the image of Aykorkem, she puts the question of the cruelty of man. Can you regret, can you blame, can you be afraid of such a person? “Stalking a black cat” of Aykorkem is her inner psychological opposition to her actions. Therefore you can't blame Aykorkem. As kittens became victims in her arms, she is also a victim of the flaws of necessary caress.

“- Sorry, - she replied looking at the sky. – Forgive me. Sorry to hate you, but loving you. Century... It offended my feelings. Sorry for wish death to the century. Sorry to hate this bright world and the people around me. Do you believe in fate? - she said igniting the cigarette.”

In the above passage it is evident that the young writer can deeply penetrate into the human soul. Aykorkem is looking for solace in the single word "may be this is a fate", not understanding why she was born so unhappy. Every writer can't so subtly describe conflicting feelings, struggling thoughts of a person. Of course this is a benefit of a psychologist and of young writer who often goes deep into both own and another's soul, who can understand the essence of the contradictions in a person.

The second character, the narrator is the opposite image of Aykorkem. She is an "ordinary" girl with not stained childhood, full of affection, shrouded by love. From one side. However, if you look with the keen eyes of Aykorkem, you will notice that the “narrator” is also an unhappy person. *“The relationship between a man and a woman personifies the relationship between a flower and a butterfly. Have you ever seen a butterfly sit on a red flower that is visible from the windows of high-rise buildings?”*[2, 3 p.]. Aykorkem sees in her girlfriend a flower by the window of a high-rise building. So, the higher it is then the lonely at this height. Therefore, Aykorkem says: *“I know that you are afraid of my essence, I am also afraid of you, who is loving, but stifles the feelings...”* [2, 10 p.] General in nature women are divided into two types: going on about the feelings and able to restrain

the feelings. The author accurately describes the psychology of women of these two types.

If you notice the characters of Ayagul can think very educated, intellectually, figuratively. They are not peculiar to weakness and oversimplification. Therefore an unspeakable in real life, but the most important words in her stories are puzzled out one by one.

“Depression” is a social story not only about the life of one prostitute and a beautiful girl, but also a philosophical work about purity and kindness. Unfairly missing this purity Aykorkem will remain with you after completely reading the story. *“My body has found money, which even my girlfriend did not give in loans”* [2, 11 p.]. So she was looking for caress among friends, which she had not seen from her own mother, had hoped for some time, but did not find it in anyone. Whether it is unknown will find further ...

“Tompak”. In "Tompak" the heart is broken off, seeing the hungry child who is looking for food in the house where the funeral takes place. These are details which give a signal of an intuition and to the inner psychological world of the author. It is no secret that in today's Kazakh literature the number of works in such a direction has increased not only in Ayagul. The main character is Ayzhuldyz. But this is what her mother called her, because of her fullness they called her Tompak. The fate of a brave girl causes compassion in the reader, whose father has repeatedly beaten her mother abusing by alcohol. She loved her father, despite getting bruise from a shard of broken glasses and bruises from her father's blows while protecting her mother. Only Tompak could be next to his father lying on the sand. One day her father disappeared. Drinking the alcohol at a friend's house, they broke up with the conflict at the end. He fell asleep in the steppe, lost in the bitter cold. Thus Tompak was left without a father. Another truth of today... Firstly: how many families have been divorced, how many heart-rending situations are happen due to the use of alcohol. Secondly: How many children who grew up without father education? Thirdly: the fate of a single mother, the mother is responsible for the subsequent burdens of life. Is this the most basic problem of society? How many people wander because of a piece of bread? Families of killing each other, divorcing due to exposure of alcohol. Thus an innocent child grows up without education of a full-fledged family. What is the fate of single mothers who left with eight, nine and ten children. Carries the burden of whole fate on the neck ... Tompak gives birth to a child out of marriage at the age of seventeen. The child was born out of marriage. Mother learned about her pregnancy only during the labor pain. The pregnancy was not noticeable because of her fullness. She called the son by the name of Bult, considering the cloud by the father of her child. There were rumors throughout the village that "The father of Tompak's son is crazy Karauyulbek." Karauyulbek was a rural crazy. Another truth of today is an illegitimate child. For centuries our Kazakhs have paid special attention to the issue of posterity. The birth of an illegitimate child was considered offensive and humiliating. At the present time it is unknown whether humanity or time has degraded. The whole problem is in action without the conscience of youth. An illegitimate child is alien to Muslims. Especially for a woman, the birth of a child without a husband is considered demeaning. It is not appropriate to blame illegitimate children. What is their fault. Their parents are responsible for everything. Thus the writer points to the scarcity of education [3, 7 p.].

The psychology of the characters "Zhaukhar" allegedly remained closed. For example, a character's love for a green-eyed guy causes mistrust, and there is no warmth in the description. But in a little story not a character is covered, but a biography. You "understand" the life of the deceased Zhaukhar, who became pregnant by an unloving guy, and the life of a girlfriend who could not help her, and the life of the green-eyed, who made one unhappy and could not become a consolation for the second.

The peculiarity of Ayagul is that in any of her stories there are valuable thoughts about the essence of existence, about the birth of the universe, about the essence of man. "I feel awake in a dream, and sleeping while awake. I feel hot in cold weather and cold in hot weather" says the character of "Zhaukhar". Why do say so? Because in most cases the life becomes alarming, that wants to say "let it be my dream". Why are the characters of Ayagul sad? How does a person become happy? You feel the great loneliness of the characters from two stories. "We make our lives difficult" says one of the characters. Life really becomes complicated when you get into the same space with her characters. And who said that it is a simple... [3, 58 p.].

"Grave flower" is about the first sensation of death by man. One wise man had surprise, "My most miserable day is the day when I realized that all people are mortal. How do adults continue to live as nothing had happened, knowing that everything in the world will disappear?" The first death which the "Grave flower" character that faced was the death of a hunchbacked old man who amused them. And when he learns that all people are mortal, he starts asking questions to adults. "Why don't people live for 600-800 years?" ...

The key of a successful story is narration on behalf of a child. Therefore, the language, style is quite simple. Dialogues are not conditional, but real:

"- We take it. We will not leave our ancestors in your graves, - they said in "chorus".

- When will you take?

- Take away today!

- Do not leave for tomorrow, otherwise ...

- What will you do otherwise?

- What else is there in your village besides graves? Your village is deprived of the culture.

- Why are you so hide revenge to each other? Sooner or later we will all lie down in these graves" [3, 54 p.].

As in "Depression": Despite the absence of such abuse as "you are like a butterfly," "you are like an insect," Ayagul's own perception also plunges into thoughts in this story. For example, read:

"I still remember how long I cried sitting in a corn field on that day. Saying "it turns out our life is like a corn" I keep on crying" [3, 54 p.].

It is noticeable that there is an impact of the European worldview towards our nation living in the period of globalization. In particular, this story of prose writer Ayagul Mantayeva clearly shows the influence of the western tradition in our essence. As a rule, a Kazakh Muslim reads the Koran at the grave, pouring sand. But the characters of Ayagul want to insert a flower at the grave.

In "Grave flower" the writer uses the western mythical element as artistic detail. Regarding the red flower it is introduced the story about Napoleon and Josephine. Now what is the western mythical detail?

“Napoleon's wife loved violet so much that she wore this venerable flower on her hair. The famous commander gave annually his wife violet, not forgetting the day of union with Josephine. One day, his servants returned empty-handed from the market, while he sent them to buy violets. Not wanting to see discontent in the eyes of his wife, the commander went to search of violets by himself. He wandered around the market, but did not find what he was looking for. He searched from the streets. Find nowhere. The commander was worried “how would he look into Josephine’s eyes without a violet?” At dusk, he stumbled upon a frozen, hunchbacked old woman who could not sell violets. The commander returned home with a full armful of violets. When happy Josephine intended to smell the violet: “This is a flower picked in the grave,” she said, being in a semi-conscious state. Humpbacked at the death of an old woman confessed about a flower plucked from the grave, asked to have mercy on her, falling at the foot of the commander. Soon Napoleon lost his intelligent Josephine and was driven away by suffering from loneliness. The commander ordered to plant a violet at the grave of his beloved wife. On his last painful days, he went to Josephine’s grave and put the plucked violet in his breast pocket. Sometime later the great commander also passed away.”

Ayagul in the story “Grave flower” used this detail in her composition:

“At the end of hot July, the news came with great sorrow about the death of Burym, the daughter of uncle Esirkep. She didn’t wake up as she fell asleep at night. When we went to the cemetery, I remembered how he had plucked a scarlet beautiful flower from the grave of Burym, from which a handful of earth had not yet descended.

- The first time I see a flower with such a scent. What a beautiful flower! -she said, sniffing with all heart. That fragrant flower I never met. Then he:

“I would give you this flower, but I feel sorry for it,” - said with a beautiful smile.” [3, 56 p.].

As stated above, this character also dies after sniffing a flower from the grave. Such a recent story is written relating to the Kazakh society, using the details of the world mythical history. But in “Grave flower” you can find a connection with the cult of the snake.

““ Among the mint there are many snakes, do not swim too much in the water, and then you make angry the king of the snakes,”- such words of elders were perceived as a method of simple scaring. Once bathing Kokkoz of Masakbay hid among the mint, running away from Andrey. We were very scared when the snakes climbed to the surface of the water, clinging to each other for fear.” So the king of the snakes was really angry, as the elders said. After this played children swore by themselves [3, 56 p.].

The writer does not say that this is due to the rage of the snakes. In comparison with other contemporaries, Ayagul Mantaeva considers acceptable the formed traditional style. First she psychologically prepares her reader, then, whenever possible, draws conclusions by solving wise thoughts.

Despite the introduction of so many western details in own story by Ayagul Mantaeva, the children's dispute over the location of the grave notifies the Kazakhs special respect for the dead. Children of nationality, who do not care about the dead, will not raise such a conflict due to the grave.

The writer created her own world in the author's attitude towards life and death, love and friendship. Another feature while reading A. Mantayeva you notice her

close acquaintance with the world classics: “sage” in “Depression”, if you remember Abutalip in “Drifty station”, the words of the main character in the story “Zhaukhar”: *“I don't want to bring posterity to this world. And it will die, carrying grief and sorrow. I want to do a good deed without having given birth to one unfortunate person ”* - echoes Hamlet’s words to Ophelia. The value in A. Mantaeva's prose are thoughts in a particular direction, cognitive, aesthetic new levels that were alien to Kazakh literature until that time.

Writer, dramatist Dulat Isabekov in his thank-you word to the collection “Rainy Spring”, states that he reads Ayagul Mantaeva’s stories on the pages of the periodical press and admires her style, different character of her images and true plot [4, 3 p.].

According to the writer: “The reader finds his life from every good story. Stories like “Rainy Spring”, “Tompson”, “Margarita”, “Image”, “Muse” cause longing for his past life from far stranger , or bring them into a state of narration of their experiences. In general, the stories of Ayagul not leave anyone indifferent. After reading the collection, the soul is filled with a sense of satisfaction, as if the warm breeze of the South passes through the breasts” like she gives her assessment [4, 4 p.].

The fate of the Ayagul’s characters, which are full of ridiculous nonsense, full of threats, show the authors' point of view to today's life:

“Loving someone, sympathizing with someone is a very funny, wild, impolite feeling for me. Pity for the people around me is self-pity. When I think that life is not eternal, that all of us will ever die, the heart delights with joy.

Hugging over the shoulder:

- *Love you, - he whispers in my ear.*

I frowned, feeling the smell of the corpse.

- *Do not you smell the corpse from me? – I said.*

- *Playing with death is a mockery of God, - he said, frowning.*

- *We are all toys in the hands of God, - I said stubbornly. - I admit death is more than being a toy”* [3, 78 p.].

Today, the younger generation is spoiling their lives by saying “I admit death is more than being a toy”. Words of the cruel, lack of a sense of responsibility character can be considered an attack of the mind of Western ideology. The modern man, who has not put a filter for a fast pace of information, has lost the tradition, on the occasion of his mind repeats the quirky actions of the monster seen on the television screens.

The hidden guesses and causes of such suddenly born stories reveal the illness of the present generation, the wounds of human souls. Fate, spiritual struggle, the life regrets of today's people require special interest, attention and understanding from writers, which study every phenomenon.

In short, the peculiarity of Ayagul Mantay is that in any of her stories there are valuable thoughts about the essence of existence, about the birth of the universe, about the essence of man.

Generally, if you take, in any story the writer truly describes the complex fate of today's compatriots, various sensual, psychological phenomena in their spiritual world, whirlpools of inner feelings, actions where their traces are visible, obstacles born from inner raging and meditating, decisions of characters. In Kazakh prose the sample of postmodernism has not completely replaced the traditional poetic instruments, they both develop in parallel, as we see in our article.

Literature:

1. Шапьян М. Аягүл Мантай, жазушы: Анам жақсы жазу үшін еңбектеніп жүргенімді білмейді-ау // Жұлдыздар отбасы. – 2016. – №15 (225). – Б. 59.
2. kitap.kz нормалы. – http://dev.kitap.kz/books/ayagul_mantaeva_depressiya Пайдаланған уақыты: 15.04.2018 ж.
3. Мантаева А. Жаңбырлы көктем. – Алматы: Жалын, 2009. – 96 б.
4. Исабеков Д. Көркемдіктің шынайы көктемі / Жаңбырлы көктем. – Алматы: «Жалын», 2009. – 96 б.

Сұлтанғалиева Р.Б., Сағидуллиева С.С.

**ТӘУЕЛСІЗДІК ДӘУІРІНДЕГІ МИКРО-СЮЖЕТТІ
ПРОЗАЛЫҚ ТУЫНДЫЛАР ЖӘНЕ АЯГҮЛ МАНТАЙ
ӘНГІМЕЛЕРІНДЕГІ ЖАЛПЫАДАМЗАТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР**

Бұл мақалада ұлттық рухтың жаңғыруы әдеби әлемде игі өзгерістер мен құбылыстарға жол ашқанына қазіргі қазақ прозасында қалам тербеп жүрген жас прозаиктардың туындылары арқылы көз жеткізіледі. Жас қаламгер Аягүл Мантайдың микросюжетті шығармаларында көтерілген қоғамдық проблемалар, жалпыадамзаттық құндылықтар мен көркем прозадағы кейіпкердің ішкі жан сезімін беру тәсілдері талданады. Тәуелсіздік дәуірінде дүниеге келген микро-сюжетті шығармалардағы заманындағы шырғалаңға тап болған қоғам бейнесін, рухани азғындаған заман көріністерін суреттеу ерекшеліктерін талдау арқылы жазушының қазақ көркем прозасындағы өзіндік алатын орнына, көркемдік-идеялық, жаңашыл ізденістеріне, әлемдік әдеби дәстүр ықпалдастық іздеріне талдау жасалады. Шығармалардың өн бойында шебер әрі шынайы сомдалған кейіпкерлердің іс-әрекеті мен ішкі жан-дүниесін бейнелеудегі қаламгерлік шеберлік іздері мен жазушы әңгімелеріндегі тіршіліктің мәні, ғаламның жаратылысы, адамның болмысы туралы құнды ойлары пайымдалады.

Тірек сөздер: микросюжетті проза, заманауи әдебиет, әлемдік әдеби дәстүр ықпалдастығы, мифтік деталь, ұлттық рух, ұлттық болмыс, көркемдік шешім.

Султанғалиева Р.Б., Сағидуллиева С.С.

**МИКРОСЮЖЕТНЫЕ ПРОЗАИЧЕСКИЕ ПРОИЗВЕДЕНИЯ
ПЕРИОДА НЕЗАВИСИМОСТИ И ОБЩЕЧЕЛОВЕЧЕСКИЕ
ЦЕННОСТИ В РАССКАЗАХ АЯГУЛЬ МАНТАЙ**

В данной статье через произведения молодых представителей современной казахской прозы утверждается, что возрождение национального духа стало истоком возникновения новых веяний в литературе. Также рассматриваются проблемы общества, поднятые в микросюжетных произведениях молодой писательницы Айгуль Мантай, а также общечеловеческие ценности и приемы автора в передаче внутреннего состояния персонажа, анализируются пути взаимовлияния литературных традиций, новаторские художественные и идейные поиски художника через анализ особенностей изображения им картины современного общества в своих микросюжетных произведениях, изучаются способы авторского изображения действий и состояний персонажей, а также мировоззренческие суждения о смысле бытия и природе человека.

Ключевые слова: микросюжетная проза, современная литература, взаимодействие мировых литературных традиций, мифическая деталь, национальный дух, художественное решение.

ӘОЖ 821.512.122.82-3

Кішкенбаева Ж. Қ – философия докторы (PhD),
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
E-mail: zhuldyzaykk@gmail.com

КӨРКЕМ МӘТІНДІ ДИСКУРСТЫҚ ТАЛДАУ: АВТОР, МӘТІН ЖӘНЕ ДИСКУРС

***Аңдатпа.** Қазіргі жаһандану жағдайындағы әдеби даму ғылымның алдына жаңаша пайымдау міндеттерін қойып отыр. Ұлттық әдебиеттануымыз да осы талаптарға жауап бере алуы тиіс. Әдеби үдерісті мейлінше дәл бағамдайтын әдебиеттану әдеби-мәдени дамудың жеделдігіне ілесе алуы керек. Ал бүгінгі күн зерттеудің мүлдем жаңа бағыттарын талап етіп отыр. Осы тұрғыдан келгенде дискурс мәселесін зерттеу бүгінгі ғылыми-зерттеушілік сұраныстардан туындағаны, нәтижелік зәрулігі айқын.*

Мақалада көркем мәтіннің ақпараттық мәні мен эстетикалық табиғатын дискурсты-талдау негізінде ашуда мәтін мен шығарма арақатынасы сараланады, мәтін мен дискурс жайлы ғылыми әдебиеттердегі түрлі анықтамалар талқыланады, әдеби дискурстың түпкілікті мәні айқындалады.

***Тірек сөздер:** филология, әдебиеттану, дискурс, мәтін, автор, шығарма, семантика, структурализм.*

Әдеби туындының көркемдік жетістіктері ғана емес, уақыт пен кеңістік аясындағы құндылық мәні нақтырақ бағалану үшін зерттеудің контекстік сипаты барынша кең болуы тиіс. Сондай-ақ көркемдік қарым-қатынас мәселесі де жіті тексерілуі қажет. «Дискурс» осы мүмкіндіктердің көкжиегін кеңейтетін категориялардың ең бастысына саналады.

«Дискурс» термині әдебиеттануда ХХ ғасырдың соңында қолданысқа еніп, нақты категория ретінде зерттеу нысанына айнала бастады. Филологиялық зерттеулерге назар аударғанда, осы кезеңде «мәтінмен» қатарласа «дискурс» термині де қолданысқа енді. Теорияшылар мәтінді дискурстың ең бастапқы әрі негізгі бірлігі деген көзқарасты алға тартады. Көркем туындыдағы поэтикалық мәтінді тұтастықта қарастырған әдебиеттанушылық талдауларда әдеби туынды табиғатын дискурс аясында танытуды мақсат еткен ізденістер қатары баршылық.

Көркем мәтіннің ақпараттық деңгейін көркемдік, эстетикалық, танымдық тұрғыда талқылау – бүгінгі таңдағы әдеби зерттеу бағытындағы дискурстық талдаудағы маңызды мәселелерінің бірі.

Мәтін – мәнмәтін – шығарма – дискурс желісінде талқылау осы ұғымдардың жақындығы мен алшақтығын, әрқайсысының ұғымдық аясын нақтылап алуды қажет етеді. Толыққанды көркем туындыны дүниеге әкелу –

жазушы шығармашылығындағы басты мұрат. Әдеби туынды, яғни көркем шығарма тілдік белгілердің жүйелі сабақтастығымен, нақтылай түссек, мәтінмен тиянақталады. Туындының тілдік-семантикалық құрылымын анықтауда мәтін тарихын ескеру қажеттігі басым.

Теоретиктер тұжырымдарына сүйене отырып, жинақтаған білім мен қалыптасқан ұғым тұрғысынан байыптар болсақ, мәтін (текст; text) – бұл жалпы тақырып төңірегінде біріккен, сабақтастық пен тұтастықтан тұратын, түрлі деңгейдегі ақпаратты жеткізетін мағыналы сөйлемдердің тізбегі болып табылады.

«Мәтін» сөзінің қаламгердің туындысы, осы туындының ішкі элементтерінің өзара байланыстылығы және туындының сапасы, яки ондағы шеберлік деген семантикалық құрылымдардан тұрады. Аталған үш семантикалық құрылымға сай оны үш пән – мәтінтану, герменевтика және поэтика зерттейді. Мәтінтану қарастырылып отырған мәтіннің қай дәуірге немесе авторға тиесілі екендігін анықтаса, герменевтика мәтінді түсіндірумен айналысады. Поэтика мәтіннің қалай түзілгенін, оның көркемдік бітімі мен композициясын зерттейді. Бұл аталған үш саланың зерттеу нысандары тұтаса келіп дискурстық талдауды жүзеге асырады. Эстетикалық нақтылық тұрғысынан шартты түрдегі бейнелі әлемді танытады. Бұл «бейнелі әлем» суреті әрбір көркем туындының басты ерекшелігі. Екіншіден, мәтіннің өзінде туынды жазылған әдеби текке, халықтық дәстүрге тәуелді түрліше рәсімделген «рама», немесе «рамалы» мәтін, яғни белгілі бір заңдылықтарға еріксіз бағынатын мәтін бар.

«Мәтін» мен «шығарма» ұғымдары синоним емес. Мәтін – бейне мен бейнелілікті материалды тұрғыда ұстаушы, ол қашан оқылғанда ғана шығармаға айналады. Ал, көркем шығарма болса өзін көркемдік тұтастықта танытатыны белгілі. Әдеби-көркем шығарма – үнемі қозғалыс үстінде болатын адам өмірінің қандай да бір шектеулі ортадағы көркем бітімі. Әдеби шығарма сонымен бірге – нақты ұғым. Себебі, біз оны оқимыз, санамен қабылдаймыз. Бір әдеби шығарма басқа өнер туындысының өмірге келуіне де ықпал етеді. Сонымен, біріншіден, әдеби шығарма әуелі өмірдің бейнесі, екіншіден, ақиқат өмірдегі нақты бір рухани зат болып табылады.

Қазіргі филологиялық аспектіде дискурсқа қатысты пікірлер әртүрлі. «Дискурс» ұғымы тілдік қызметті, мәтінді, ой-толғамды да білдіретін көп сипатты термин.

«Дискурс» термині көп мағыналы екенін естен шығармаған жөн. Дискурс теориясы антикалық риторикадан бастау алып, дербес сала ретінде ХХ ғасырдың 60 жылдарында қалыптасты. Бұл терминді ғалымдар мынадай мағыналарда қолданады: Дискурс дегеніміз: 1) байланысқан мәтін; 2) мәтіннің айтылымдағы түрі; 3) диалог (сұхбат); 4) мағыналары жағынан өзара байланысқан сөздер тізбегі; 5) жазбаша немесе ауызша түрдегі сөйлеу шығармасы [1, 479 б.].

Т.А. Ван Дейк тұжырымына назар аударсақ, дискурс әлеуметтік-мәдени қарым-қатынастың маңызды бөлшегі, оған тән ерекшелік белгілер – мақсат пен стиль [2] десе, М. Л. Макаров дискурсты формальді, функционалды және ситуациялық интерпретация көзқарасы тұрғысынан түсіндіреді [3, 119 б.].

Теоретиктер мәтін мен дискурс айырмашылығын талқылағанда, «мәтін дискурстың ең кіші әрі негізгі бірлігі» деген көзқарасқа көбірек тоқталады [4, 176 б.].

Әдебиеттанушы ғалым Ю.С. Степанов: «...дискурс – это первоначально особое использование языка, в данном случае русского, для выражения особой ментальности, в данном случае также особой идеологии; особое использование влечет активизацию некоторых черт языка и, в конечном счете, особую грамматику и особые правила лексики. И, как мы увидим дальше, в конечном счете в свою очередь создает особый «ментальный мир» деп тұжырымдайды [5, 38-39 б.].

Француз философы, структуралист, семиотик Ц.Тодоров әдеби дискурс туралы: «В литературоведческих исследованиях правила, свойственные дискурсу, изучаются обычно в разделе «жанры» (иногда «стили» или «модусы» и т. п.)» [6, 368 б.] деген ойды айтады. Сонымен қатар: «Каждый тип дискурса в свою очередь определяется набором правил, выполнения которых он требует. Так, сонет – это тип дискурса, характеризующийся дополнительными ограничениями, накладываемыми на его метрику и рифмы» деген тұжырымына да назар аударған жөн [6, 367 б.].

Әдеби зерттеу еңбектерде мәтін мен дискурсты ғылыми әдебиетте, бұл жіктеудің талас тудыратынына қарамастан, жазбаша (мәтін) және айтылым (дискурс) формасы түрінде жіктеген көзқарастар да баршылық екені айтылады [7, 26 б.].

Лингвист ғалымдардың бірсыпырасы «дискурс» терминін оның этимологиялық мәніне қарай «әңгіме», «сұхбат», «дискуссия» мағынасында түсіндіруге ұмтылады [8, 8 б.].

В.Тюпа «Жанр мен дискурс» атты зерттеуінде «дискурс» сөзінің екі түрлі мағынасын жанр туралы түсінікпен байланыстыра отырып, былай айқындайды:

«Дискурс 1 – это единичное (монотекстовое) коммуникативное событие, обладающее инвариантной жанровой структурой текстопорождения. Дискурс 2 – это интертекстуальное коммуникативное пространство, как правило, разножанровое полевая структура, ограниченная регулятивными границами социокультурных практик» [9, 40 б.].

Н.Михайлов дискурс туралы зерттеушілер пікірін талқылай келе мынадай түйін жасайды: «Литературно-критический дискурс – это один из видов вербально-когнитивной деятельности, развивающейся внутри другой вербально-когнитивной деятельности, именуемой литературой, и направленный на описание, классификацию, оценку и объяснение противоречивой природы ее произведений, именуемых литературными текстами, через изучение их функций, т. е. связей с реальностью, отражаемой в них, с языковыми кодами, использующимися в их производстве, с авторами, создавшими их, и читателями, для которых они предназначены» [8, 23 б.].

Дискурс өзін түзіп шығаратын нақты мәтіннен тыс әрекет етсе де, түрлі мәтіндердің көмегі арқылы танылады. Мұндай жағдайда мәтінді «дискурсты тұтастық» және дискурстың материалды жүзеге асырылуы ретінде қарастыру дұрысырақ.

Сонымен, дискурс құрылымына жанрлық ерекшеліктен бастап, нарративтілік, яғни оқиға баяны, сол оқиғаға қатысушылар, оқиға өтетін мекеншақ, кейіпкерлерге берілетін мінездемелер кіруі заңдылық. Дискурсты талдау барысында мәтіннен шығармаға дейінгі аралықтағы барлық тілдік-бейнелілік сипат қамтылады. Бұл жерде мәтін – мәнмәтін – шығарма байланысындағы негізгі желілер талқылаудың өзегіне айналады.

Қаламгер өз қиялындағы оқиғаны, көңіл-күйін мәтінге түсіргенде түрлі нұсқаларды туындатып, солардың ішінен таңдау жасайды.

Көркем мәтіннің сапалық деңгейіне үш нәрсе туынды иесі – автор, әрекет иесі – кейіпкер, туындыны тұтынушы – оқырман қатысты. Яғни, мәтін тікелей адамға қатысты дүние. Осыдан келіп туындының әлеуметтілігі туады. Мәтіннің әлеуметтік сипаты белгілі бір кезеңмен, уақытпен, дәуірмен және қоғамдағы әлеуметтік құрылыммен байланысты. Бұл ойды М.Бахтин былай деп нақтылайды: «...всякое литературное произведение внутренне, имманентно социологично. В нем скрещиваются живые социальные силы, каждый элемент его формы пронизан живыми социальными оценками. Поэтому и чисто формальный анализ должен брать каждый элемент художественной структуры как точку преломления живых социальных сил, как искусственный кристалл, грани которого построены и отшлифованы так, чтобы преломлять определенные лучи социальных оценок и преломлять их под определенным углом» [10, 112 б.].

Көркем проза өз дамуында қат-қабат психологиялық мазмұнға, көпқырлы көркемдік-бейнелілік шарттылықтарға ие болды. Нақты қоғамдық-тарихи жағдайларға сәйкес, прозалық туындыларда гуманизм мәселесі әр қилы жағдайда көрініс беріп отырды. Заманның, қоғамдық-әлеуметтік жағдайлардың адам тағдырына әсері көркем туындыда мекеншақтық фонда бейнеленіп, түрлі мінездеу, бейнелеулер арқылы танытылады.

Мәтін құрылымы мен шығарма мазмұны, оның көркемдік-эстетикалық нысаны – дискурсты талдауда назарға алынатын негізгі мәселелердің бірі. Осы талқылауда басты орында тұратын – кейіпкер тұлғасы. Себебі, кез келген әдеби туынды – адам тағдырының, оның рухани бітімінің «алтын ордасы».

Көркем шығарма әдебиеттану ғылымында мәтін деп қарастырылады. Бірақ, көркем мәтін бұл көркем шығарманың өзі емес.

Тұсында Г.М. Мучник: «Көркем мәтін – ол ауызша шығарманың коммуникативті бағыты, қабылдау үдерісі кезінде көрініс табатын эстетикалық құндылыққа ие дүние» [11, 98 б.], – десе, В.В. Савельева: «Көркем мәтін – шығармашылықтың сырлы нәтижесі; талқылаудың және саралаудың нысаны; қаламгер мен оқырманның дүниеге деген өзіндік көзқарасының нәтижесі; ол белгілі бір мәдениеттанудың феномены; лингвистикалық санаты; сублимацияның нәтижесі және невропатологияның куәлігінің айғағы; архетипиялық әлемі; психологиялық нақтылық» [12, 18 б.], – деп көркем мәтіннің табиғатын анықтап берген болатын.

XX ғасырдың 70 жылдарына дейін лингвистика тарихи және құрылымдық тұрғыдан зерттеліп келген болатын. Лингвистика ғылымының жаңа зерттеу бағытының қалыптасуына қозғау салған күш тілді ой-санамен, таныммен, мәдениетпен, ұлттық құндылықтармен, жеке адамның (тілді қолданушының, сөйлеушінің) тұрмыс-тәжірибелік қызметімен тығыз байланыста қарастыру мәселесі деуге болады. Дискурстық талдау теориясы немесе дискурсология жаңа ғылым саласы ретінде тілді антропоэзектік парадигмаға сай зерделеуден туындады.

Дискурсты арнайы зерттеуші ғалым К.Садирова: «Дискурс талдау теориясы пәнаралық сипаттағы ғылым саласы ретінде қалыптасты. Оның пәнаралық сипатта деп танылуының себебі дискурс коммуникациядағы ең маңызды, ажырамас агент болып саналатындығында, яғни дискурста мән,

құндылық, бейне, пікір, менталды және виртуалды білім тасымалданады. Сондықтан да ол лингвистиканың да, философияның да, әлеуметтанудың да, психологияның да, өзге де пәндердің зерттеу нысаны бола алады.

Гуманитарлық және әлеуметтік-саясаттану ғылымдарында дискурс талдау теориясын түрлі методологиялық тұрғыдан зерттеп, белгілі дәрежеде аталған ғылым саласының қалыптасуына ат салысқан ғылымдар бар. Олар: Тойн А.Ван Дейк, Якоб Торфинг, В.Марианна Йоргенсен, Луйза Филлипс», – деп көрсетеді [13, 160 б.].

Н.Д. Арутюнова: «дискурс та – сөз, өмірдің ортасынан ойып алынған сөз», – дейді [14, 160 б.]. Мәтін мен дискурстың тепе-тең ұғым емес екендігі ақиқат. «Тіл мәтінде орналасып, дискурста жанданады, туындайды» деген пікірге сүйенсек, мәтін мен дискурс қатынасы дискурстың динамикалық, ал мәтіннің статикалық (тұрақты, қозғалыссыз) сипаттары арқылы танылады деп түсінеміз. Мәселен, қандай да бір автордың көркем шығармасы біз қолға алып оқығанға дейін «тыныш күйінде» тұрып, мәтін ретінде танылса, оқырман қолына тиіп, коммуникациядағы тілдік құрылым – мәтіннің динамикалық күйіндегі сипатын дискурс деп тануымызға болады. Бұл жерде де тікелей болмаса да, автор мен оқырман (адресат пен адресант) арасында «хабар алысу» жүреді.

Дискурс негізінен коммуникативтік әрекет ретінде танылғандықтан, барлық көркем мәтіндерге де (көлемді де, шағын да) қатысты болып келеді және барлық жағдайда да адресат пен адресант факторы арасында лингвокогнитивтік-ментальдық құрылым болып есептеледі. Басқаша айтсақ, дискурс – коммуникативтік қатысым процесі ретінде анықталса, мәтін – оның жемісі ретінде ұғынылады. Дискурсқа өзек болатын нәрсе – ол, ең алдымен, тілдік қауымға маңызды коммуникативтік жағдаяттар десе болады. дискурстық формациялар құрамы әрдайым қандай да бір тарихи кезеңмен, сол дискурсты өндіруші мен қолданушының әлеуметтік, мәдени қажеттіліктерімен тығыз байланысты болып келеді немесе шарттасады.

Дискурс проблемасын алғаш зерттегендердің бірі Мишель Фуко дискурсты авторлық ұстаныммен жан-жақты ұштастыра қарастырады. Бұл жерде автордың ұстанымын Фуко жалқы есім ерекшелігімен, «автор» қызметі мен оның ғылыми дискурстан көркем дискурсқа қарай ойысуын көрсетеді [15, 74 б.]. Алайда көркем сөз қалай қабылдануы тиіс, оның мәдени мәртебесі қандай болуы керек деген мәселелерге М. Фуко тереңдей бермеген.

Шындық өмірдегі оқиғаның тура мазмұны көркем шығармаға сол күйінде көшіріліп қоймайды. Ол – автор санасы арқылы жаңаша бейнеленіп, басқаша айтқанда, тілдік тұлғаның (автор) шығармашылық қиялы мен білімді оқырманның қабылдауы бірлескен шығармашылығынан туындаған, әрі күрделі ұйымдастырылған кешендік тұтастық [17, 187 б.].

Көркем шығарма әлемінің құндылығы – автор құрастырған тілдік бейне арқылы өз жан-дүниесінің шындығын дискурстық жүйе арқылы қалыптастыру. Ең жоғарғы дәрежедегі тілдік тұлға (мысалы, жазушы) жеке санасы негізінде өзіндік танымын оқырман немесе тыңдаушы санасында қайта жасайды.

Осылайша көркем шығарманың көркемдік әлемі (танымы) мен көркем тілі арқылы айтушы мен оқырманды бір-бірімен байланыстырады. Яғни оқырман автордың «таным әлемі» мен «тіл әлеміне»енеді. Соның нәтижесінде көркем шығарманы қабылдау мен әсерлену арқылы оқырман өз санасында дербес

шындық – көркемдік әлем жасайды. Түсініксіз көркем шығарма өмір сүрмейді, оның интерпретациясы оның мәнінің құрамдас бөлігін құрайтын таныс ассоциация, образдардың және көркемдік шындықтың жинақталуы арқылы іске асады. Бұдан оқырманды қызықтыратын, автордың көркемдік әлемін бейнелейтін қайталанбас ерекше «тіл әлемі» пайда болады. Соның нәтижесінде коммуникативтік-прагматикалық сипатта автордың «көркемдік әлемі» мен «тіл әлемі» тоғысқан дискурстық жүйе қалыптасады. Қорыта келсек, көркем мәтінде (өзге мәтіндерде де) айтылатын ой, сезім тіл арқылы объективтенуге дейін де белгілі бір құрылым түрінде болады, сөйтіп барып, тілдік құрылымға (айтылымға, мәтінге) айналады, бірақ тілдік коммуникация аяқталмайды. Өйткені мәтінді қабылдаушы (реципиент) мәтінде, айтылымда кодқа салынған тілдік, тілдік емес ақпараттарды ашу арқылы автордың коммуникативтік діттемін, мақсатын аңғарады. Осымен байланысты біз көркем мәтінді автор – мәтін – оқырман қатынасында алып зерттеуімізге болады. Бұл арада дискурс талдау теориясын басшылыққа аламыз, себебі, көркем мәтінді зерттеуде лингвистикалық емес құбылыстар тыс қалса, ал дискурста лингвистикалық емес құбылыстар (әлем туралы білім, өзіндік пікір мен көзқарас, мақсат) ескеріледі.

Сонда «көркем әдебиет дискурсы дегеніміз – өмір шындығын, табиғат көркін, жағдаятты, экстралингвистикалық жағдайды, бейвербалдық әрекеттерді, бүкіл болмысты тілмен жеткізу – оқырманмен диалогқа түсуі, оқырманның авторды түсінуі, баяндалушы нәрсені қатесіз қабылдау» [17, 15 б.].

Көркем шығарманың құндылығы – қаламгердің астарлы ұстанымы болып табылады. Қаламгердің шығарма барысындағы шығармашылық ұстанымы онда көтерілген тақырыптың айқын немес жасырын болуы оқырманның ұстанымының қалыптасуына тікелей әсер етеді. Бұл үдеріс қаламгер мен оқырман арасында шығармашылық байланыстың жүзеге асуына себепкер болады. Көркем мәтін мен автор арасындағы байланыс – күрделі, ажырамас үдеріс. Бұл көркем мәтінді оқу барысында оқырманмен арада болатын көзге көрінбейтін шығармашылық үдеріс болып табылады.

Шетел әдебиеттануындағы жаңашыл тұжырымдар теориялық тұрғыда құнды болғанымен, оларды ұлттық әдеби дамуды сараптауға сол күйінде пайдалану мүмкін бола бермейді. Алайда, осы бағыттағы талдауларды ұлт әдебиетіндегі үздік үлгілер арқылы жүзеге асыра алсақ, қазақ әдебиеттануының жетістігі болары сөзсіз.

Әдебиеттер:

1. Николаева Т.М. *Краткий словарь терминов лингвистики текста / Новое в зарубежной лингвистики. Второе издание. Лингвистика текста.* – М.: Прогресс, 2008. – 479 с.
2. Teun V.D. *Ideology: A Multidisciplinary Approach.* – London: Sage, 1998. – <http://www.sagepub.co.uk> Дата обращения: 08.02.2018 г.
3. Макаров М.Л. *Основы теории дискурса.* – М., 2003. – 312 с.
4. Есембеков Т.О. *Көркем мәтін теориясы.* – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 186 б.
5. Степанов Ю. С. *Альтернативный мир, Дискурс. Факт и принцип Причинности // Сб. статей «Язык и наука конца XX века».* – М.: РГГУ, 2013. – 432 с.

6. Тодоров Ц. *Понятие литературы* / Перевод Г.К. Косикова. – М.: Радуга, 1983. – 391 с.
7. Тичер С., Мейер М., Водак Р., Веттер Е. *Методы анализа текста и дискурса*. – Харьков: Гуманитарный центр, 2009. – 356 с.
8. Михайлов Н.Н. *Теория художественного текста*. – М.: Академия, 2006. – 224 с.
9. Тюпа В.И. *Жанр и дискурс // Критика и семиотика*. – 2011. – Вып. 15. – http://www.philology.nsc.ru/journals/kis/pdf/CS_15/cs015tiupa.pdf Дата обращения: 05.04.2018 г.
10. Бахтин М.М. *Эстетика словесного творчества*. – М., 2000. – 321 с.
11. Мучник Г. *Проблемы коммуникативной поэтики*. – Алматы: КазНУ, 1995. – 181 с.
12. Савельева В.В. *Психоантропология и современная художественная литература*. – Караганда: КарГУ, 2002. – 128 с.
13. Садирова К.Қ. *Дискурс талдау теориясы жаңа ғылым саласы ретінде // «Жұбанов тағылымы» X халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары*. – Ақтөбе, 2009. – 160 б.
14. Арутюнова Н.Д. *Дискурс. Лингвистический энциклопедический словарь*. – М.: Большая рос. энциклопед., 2012. – 685 с.
15. Фуко М. *Воля к истине: по ту сторону знания, власти и сексуальности. Работы разных лет / Пер. с франц. яз.* – М., 1996. – 78 с.
16. Кішкенбаева Ж.Қ. *Көркем прозаны дискурстық негізде талдаудың жолдары // «Әдебиеттанудың теориялық мәселелері және Р.Нұрғали зерттеулері» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары*. – Астана, 2015. – Б. 181-188.
17. *Мәдени-философиялық энциклопедиялық сөздік*. – Алматы. Раритет: 2004. – 107 б.

Кішкенбаева Ж.Қ.

ДИСКУРС-АНАЛИЗ ХУДОЖЕСТВЕННОГО ТЕКСТА: АВТОР, ТЕКСТ И ДИСКУРС

Развитие литературы в условиях современной глобализации ставит перед нами задачу ее полного переосмысления в соответствии с новыми реалиями. Национальное литературоведение также должно отвечать данным требованиям. Как наука литературоведение должно остро реагировать на новые литературные тенденции, т.е. должно поспевать за набирающим обороты литературно-культурным развитием. Однако современные исследования должны развиваться в совершенно новых направлениях. С этой позиции безусловно то, что необходимость исследования проблемы дискурса в современной художественной прозе обусловлена научно-исследовательскими потребностями сегодняшнего дня, дефицитом необходимых результатов.

В статье рассматривается информативная значимость и эстетическая природа художественного текста, опираясь на дискурсивный анализ, анализируются различные определения о тексте и дискурсе.

Ключевые слова: филология, литературоведение, дискурс, текст, автор, произведение, семантика, структурализм.

Kishkenbayeva Zh.K.
**DISCOURSE ANALYSIS OF ARTISTIC TEXT:
AUTHOR, TEXT AND DISCOURSE**

The development of literature in the context of modern globalization sets us the task of completely rethinking it in accordance with new realities. National literary studies should also meet these requirements. As a science, literary criticism must react sharply to new literary trends, i.e. must keep pace with the momentum of literary and cultural development. However, modern research should develop in completely new directions. From this position, it is clear that the need to study the problem of discourse in modern art prose is due to the research needs of today, the lack of necessary results.

The article discusses the informative significance and the aesthetic nature of a literary text, based on discursive analysis, analyzes various definitions about the text and discourse.

Keywords: philology, literary studies, discourse, text, author, work, semantics, structuralism.

ӘОЖ 811.512.1

Амангазиева М.К. – филология ғылымдарының кандидаты, доцент,
С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті
E-mail: mika-230376@mail.ru

**ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫ ТІЛІНДЕГІ АСПАН ДЕНЕЛЕРІ
АТАУЛАРЫНЫҢ КОГНИТИВТІК СИПАТЫ**

Аңдатпа. Мақалада тарихи сөздіктердің негізінде түркі тектес халықтар тіліндегі космонимдік атаулар мен олардың мағынасы туралы талдаулар қарастырылады. Аспан денелері атауларының тілдік және танымдық ерекшелігін айқындау, этнолингвистикалық және когнитивтік мәнін ашу арқылы сол кездегі халықтың дүниетанымы суреттеледі. Сонымен қатар ай, күн, жұлдыз космонимдерінің когнитивтік сипаты айқындалып, оларға қатысты атауларға семантикалық талдаулар жасалынды.

Тірек сөздер: космонимдер, лингвомәдениеттану, когнитология, лексикография, мифология, әлемнің тілдік бейнесі;

Кез келген халықтың дүниесін бейнелейтін космонимдердің тілдік табиғатын тану үшін кешенді, жүйелі түрде жаңа бағыттағы зерттеу жұмысын жүргізу қажеттілігі қазіргі таңдағы тіл ғылымының жаңа бағыттарымен тығыз байланысты. Осымен байланысты тіл білімінің тылсым құпиясы басқа да ғылым салаларымен антропология, психология, философия, логика, мифология, этнография т.б. тығыз қарым-қатыныстың нәтижесінде танылып, ашылып отырады. Өйткені ұлттық мәдениет, болмыс, дін сияқты ұғымдарды толықтыратын ұлттық тілдің табиғатын, тілдің өзінің ішкі заңдылықтары негізінде ғана зерттеу жеткіліксіз. Бүкіл рухани қазынасын жинақтап сақтайтын ұлттық тілді халықтың тарихымен, мәдениетімен, ой танымымен, жан ілімімен бірлікте қарау мәселесі тіл ғылымында өзіндік өріс

алып келе жатқан этнолингвистика, психоллингвистика, когнитивтік лингвистика, лингвистикалық мәдениеттану, лингвистикалық елтану ғылымдарының пайда болуына негіз болды. Бұл ғылымдардың тығыз қарым-қатынаста болуы тілдің құрылымдық, функционалдық жүйесінің кешенді үлгілерін айқындауды мақсат етеді.

Қазіргі тіл білімінде әлемнің тілдік бейнесі туралы мәселе Ю.М. Караулов, С.Д. Кацнельсон, Н.Г. Комлев, Г.В. Колшанский, Н.И. Кондако, Е.С. Кубрякова, В.И. Поставалова, В.Н. Телия, Б.А. Серебrenников, Э.Д. Сулейменова, А.А. Уфимцева т.б. ғалымдар еңбегінде қарастырылып жүр.

Тіл арқылы, тілдегі әртүрлі бірліктер арқылы, біз халықтың өмір сүру тәжірибесі мен салт-санасынан хабардар бола аламыз. Космонимдерге байланысты тілдегі тілдік бірліктердің байлығын тарих қойнауындағы тарихи мағынасы арқылы іздеуге, оларды әртүрлі аударма сөздіктердегі лексика-семантикалық құрылымын анықтауға, айқындауға арналады.

Лексикографиялық аударма сөздіктердегі тілдік бірліктерден әлемнің тілдік бейнесін жасайтын ұлттық менталитеттің өзіндік ерекшеліктерін айқындауға болады. Лексикографиялық деректер халқымыздың тұрмыс-тіршілігінен, салт-дәстүрінен, тарихынан хабар беретін анықтағыш. Сонымен қатар, оны этимологиялық, аударма, түсіндірмелі сөздік дей келе, тарихи лексикологиялық ізденістері үшін нағыз құнды дерек көзі деп толық айта аламыз. Сөздікте кездесетін тілдік бірліктер көркемдік-әдеби тәсілдер арқылы халықтың дүниеге қатынасын суреттеп бермегенімен, ұлттық ойлауға тән көптеген мағлұматтарды айқындай алады. Әсіресе лексикографиялық деректердегі ұлттық болмысты танытатын тілдік қолданыстағы космонимдерді жан-жақты зерттеп, танып-білудің, олардың мән-мағынасын ашуға бағытталған терең зерттеулердің өзектілігі даусыз.

Тілдердің сөз байлығы өзін зерттеп танудан бұрын хатқа түседі. Сондай тілдердің бірі – түркі тілі. Түркі тілдерінің фонетикасы мен грамматикалық құрылысының ғылыми тұрғыдан алғаш зерттелуі ХІХ ғасырдың орта тұсынан басталады [1, 4 б.]. Түркі тілінің зерттелу тарихын сөз еткенде орыс ғалымдарының еңбектерін атап өтпеу мүмкін емес. Әсіресе, түркі тілдерінің тарихында өзінің зерттеулерімен елеулі із қалдырған И.Н. Березин, Н.И. Ильминский, В.В. Катаринский, А.Н. Кононов, П.М. Мелиоранский, В.В. Радлов, Г.И. Рамстедт, А.М. Щербак және т.б.

Академик В.В. Бартольд ХІХ ғасырдағы орыс ғалымдарының шығыстанудағы жетістіктерін бағалай келіп: «Обзор русских трудов по изучению Востока показывает, что русской наукой в этом отношении достигнуты, особенно в ХІХ веке, значительные успехи, но что эти успехи большею частью все-таки далеко не соответствуют тем ожиданиям, на которые, казалось бы, дают право географическое положение России, состав ее населения и труд длинного ряда поколений со времен Петра Великого», – деп атап көрсетеді [2, 482 б.]. Әрине, ол кезде патшалық Ресейден ғылымның бұл саласы бойынша көп нәрсені талап етудің өзі қиын еді. Дегенмен, осы салада орыс ғалымдарының орасан еңбек еткендігін мойындауымыз қажет.

ХІХ ғасырда Ресейде шығыстану пәні академияның құрамы мен жоғары оқу орындарында дамыды. Жетекші қызметті академия атқарғаны белгілі. Бұған дәлел түркі тілдерінің ХУІІІ ғасырдан кейінгі дәуірде жіті зерттеле бастауын дәлелдейтін көптеген қолжазбалар мен материалдардың

сақталғандығы. Ресей Ғылым академиясы кітапханасының қолжазба қоры мен Ресейдің жүйелі ғылыми кітапханаларынан бірнеше зерттеулер мен қолжазба сөздіктерді кездестіруге болады. Осы дәуірлерде жазылған шағын тілдескіштер мен сөздікшелер, құнды зерттеу материалдар қазіргі кезде Ресей Ғылым академиясының Петербург бөліміндегі Аделунг архивінде сақталулы. Олар түркі тілдерінің тарихы үшін маңызы зор материалдар. Мәселен, Аделунг архивіндегі 1774 жылы жасалған 1600 сөзден тұратын орысша-қазақша қолжазба сөздікте қазақ тілінің бұдан 200 жыл бұрынғы жағдайынан мәлімет беретіндігін айтуымызға болады.

Осындай еңбектердің қазақ тіліне қатыстылары қазақша-орысша, орысша-қазақша, екі тілді аударма сөздіктер болды. Ал сөздік жасаушы зерттеушілер әр түрлі мамандық иелері – ғалымдар, әскери адамдар, ағартушылар, миссионерлер, практикант-студенттер, аудармашылар т.б. еді. Бұл сөздіктердің ішінде ең сапалы, ең құндылары және басым көпшілігі ғалымдар мен маман-практиктердің тарапынан жасалғандар [1, 4 б.].

Тілдік бірліктерді бір тілден екінші тілге жеткізудің әр түрлі аспектілері бар. Мысалы, белгілі бір сөз құрылымы басқа тілде қолданылғанда негізінен ол аударылып беріледі. Бірақ сөздің лексикалық мағынаға біршама тұрақтылығы тұрғысынан әр алуан ауытқуларға да ұшырайтын болғандықтан, ондай лексикалық бірліктер тек бір сөзбен ғана аударылып қана қоймайды, кейде олар бірнеше сөзбен суреттеме түрінде беріледі. Ал жалпы түркілік сөздердің тұтас бір лексикалық қабаттары басқа тілдерге (орыс, украин, т.б.) сіңісіп, әр алуан диалектизмдер деңгейінде аударылмай да қолданыла береді. Бірақ ондай атауыш сөздер құрылымы бөлек тілдік ортада өзінің түпнұсқа қалпын сақтай бермейді, бөгде тілдің фонациялық ерекшелігіне сәйкес дыбысталады. Осындай алуан текті лексикалық-семантикалық ауытқуларды ескергенде және бұл тәрізді атауларлардың бөгде тілге қай замандардан бастап сіңісіп келе жатқандығын зерделегенде тілдердің дамуының, әр түрлі тіл құрылымдары арасындағы сипатын айқын аңғаруға болады.

Ұлан-байтақ жерді мекендеп келе жатқан түркі халықтарының тілі, әдебиеті, тарихын ғылыми тұрғыда зерттеу тым әріден басталмаса да белгілі тарихы бар. Бұның өзіндік себептері де жоқ емес. Біріншіден, түркі халықтары ру-тайпа күйінде жасаған ерте кездерде көне түркі жазу дәстүріне ие болса да, кейінгі дәуірлерде мәдени даму дәрежесі жағынан басқа халықтардың артта, кенжелеп қалғандығы мәлім. Сонымен бірге тарихи-элеуметтік себептерге байланысты жазу-сызу дәстүрінің барлық дәуірлерде, түркі тайпалары жасаған барлық аймақтарда бірдей дамымауы – түркі халықтарының әдеби үлгілері мен тілінің жүйелі түрде хатқа түсіріліп, ғылыми түрде толық анықталмай келуінің басты себебі болды. Екіншіден, түркі тілдес халықтар тарихи белеске шығып, өздері өмір сүрген өлкелерде, орта ғасырларға дейінгі дәуірлерде айтарлықтай шешуші роль атқарған емес. Осыған байланысты ұзақ уақыт бойына оның тілі мен әдебиеті, тарихы мен әдет-ғұрпы өз ғалымдары тарапынан да, көрші халықтар өкілдері тарапынан да арнайы зерттеліп ғылыми жүйеге түскен емес. Үшіншіден, түркі таңбалары туралы қытай және басқа халықтардың көне ескерткіштерінде кездесетін бірен-саран мәліметтер толық емес, тіпті бірі екіншісіне қарама-қарсы мағынада. Сондай-ақ, басқа тілде берілген мәліметтер сол тілде

аударылмай жеткен де, халықтың, тайпаның, тіпті, жеке адамның аттары да кейінгілерге түсініксіз болып жеткен.

Айталық, ғарыштық көне мифологиялық үлгіде ағаш әлемдік білік, үш әлемді: жоғарғы, ортаңғы, төменгі орталарды біріктіретін негізгі тіректік дінгектің рөлінде көрінеді. Қазақ мифтерінде әлемдік өзек түрінде *Темірқазық* жұлдызы да қолданылады. *Темірқазық* космониміндегі «қазық» термині *өзек, білік, орталық* дегенді білдіреді, оған *Ақбозат* пен *Көкбозат* байланған. Бұлардың жанында *Жеті қарақшы* аңдып, айналшықтап жүр. Әлемдік орталық *Темірқазықтың* беріктігіне, мықтылығына тапжылмастығына жаратылыстың тұрақтылығы байланысты болады.

Егер әлемдік жүйе бұзылып, жаратылыс біліктен тайып кетсе, онда ақыр заман болады деп есептелген. Г. Потанин өзінің зерттеулерінде эсхатологиялық сипаттағы бірқатар қазақ аңыздарын мысалға келтіреді. Солардың бірінде *Жеті қасқыр – Жеті қарақшының* Жеті жұлдызы жорғаларды қуып жетсе, ақыр заман болады, екіншісінде – жеті ұры *Темірқазыққа* байланған екі атты ұрлап кеткен кезде ақыр заман болады; үшіншісінде – *Кіші Аю* шоқ жұлдызындағы екі жұлдыз – бұл аспандағы екі жорға, *Жеті қарақшының* жеті жұлдызы олардың қарауылдары деп баяндайды. Қасқыр бейнесіндегі сайтан жорғаларды аңдып жүреді – оларды жеп жатқан кезде қарауылшылар жан-жаққа қашып, ақыр заман болады-мыс.

Байқағанымыздай, *Темірқазық* космониміндегі қазық компонентінде негізгі мағыналық жүктеме бар, бұл терминмен барлық космонимнің семантикасы таңбалық символика ие және ертедегілердің эсхатологиялық, космогониялық түсініктерімен байланысты. Осы космонимнің семантикалық және семиотикалық потенциалы *Алтын қазық, Жалғыз қазық* сияқты барлық диалектілік нұсқаларда сақталған.

Сонымен бірге, бұл мифокосмонимдерде және оларға қатысты космологиялық мифтерде қазақтардың ежелгі дәстүрлі шаруашылығы – көшпелі мал шаруашылығымен түсіндірілген басқа да семантикалық негіз бар. Қазақтың барлық мифтері аңыз-әңгімелерінің сюжеттік көріністері қазақ этносының көшпелі мал шаруашылығымен байланысты. Мұны көптеген жұлдыздардың аттарынан көруге болады. Мысалы, *Ақбозат, Көкбозат, Қойшының қоңыр жұлдызы, Қарақшы, Күзетші, Арқан жұлдызы, Шідер жұлдызы* т.б. Осы жұлдыздардың этнолингвистикалық табиғаты туралы К.Г. Аронов өз зерттеуінде жазған [3, 20 б.]

Ежелден бері аспандағы *Күн* мен *Ай*, басқа да жұлдыздар адам баласына кеңістік пен уақытта өмір сүруіне көмегін тигізіп келеді. Ежелгі қауым адамдары күннің жарық мезгілінде *Күнге* қарап дүниенің географиялық төрт бағытын анықтаған, сонымен қатар уақыттың да өткенін біліп отырған. *Күннің* шығуы мен батуына қарап күндерді санаған. Ал қараңғы мезгілде жолдан адаспау үшін аспандағы жарық жұлдыздардың ішіндегі орнынан тапжылмай жарқырап тұратын *Темірқазыққа* қарап терістік бағытты анықтап отырған. Сондай-ақ, адаспау үшін *Үркердің* (Плеяды) күн шығыстан шығатынын, оңтүстікпен жүретінін, күнбатыстан бататынын да жақсы пайдаланған. Ал *Үркер, Жеті қарақшы, Орион, Лира, Сириус* т.б. жұлдыздардың көрінісіне қарап «ай календарін», «түнгі мезгіл шақтарын», «ауа райы құбылыстарын», «табиғат мауысымдары мен шаруашылыққа жайлы кезеңдері» де дәлме-дәл анықтап отырған.

Астрономиялық бақылаудың негізінде жинақталған білімді шаруашылық қажеттілігіне жұмсау көптеген әлем халықтарының тәжірибесінен кездестіре аламыз. Мысалы, Африка континентінде тұратын халықтар жылдың басын жұлдыздардың қозғалысынан біліп отырған. *Орион* жұлдыз шоғының маңында бес жұлдыздың пайда болуына орай олар жаңа егістік аландарын дайындауға кірісетін көрінеді. Осы кезеңнің басталар алдында (қараша-сәуірде) аспанда *Үркер* жұлдызы көріне бастайды.

Ай – күнтізбелік көрсеткіш ретінде қолданылған. Жер бетіндегі көптеген халықтардың сенім-нанымдары бойынша жаңа туған *Ай* жақсылық нышаны ретінде қабылданған. Жаңа *Айдың* тууы тіршілікке әсер ететін, амандық пен саулыққа жол ашатын кезең ретінде танылған. Ал *Айдың* соңғы ширекке қарай аяқ алысы жағымсыз сипатта бейнеленген. Бұл кезеңді ескеріп, қазақтар жаңа іске кіріспей, аңға да жорыққа да шықпаған көрінеді. «Хань-шу» деп аталатын қытайдың жазба ескерткішінде, түркілер туралы: «Олар жорыққа *Ай* толған кезде аттанады, *Ай* кеміген шақта – кейін шегінеді» делінген [4, 97 б.].

Жаңа *Ай* туғанда қазақтар: *Жаңа айда жарылқа, ескі айда есірке деген тілек айтқан*. Ежелгі наным бойынша ескі *Айда* кәрі мыстан отырады. Ол *айға* көп қараған адамның кірпіктерін санап қойса, сол адамды сикырлап, жадылап өлтіруі мүмкін деген.

Түрік аңыздарында *Ай* еркек жынысты объект болып сипатталады. Түріктердің аңызында *Ай* бетіндегі дақтардың пайда болуы былай түсіндіріледі: *Айдың* анасы баласына көз тимесін деп оның бетіне кір жағып қойған. Бірақ түркілік халық ауыз әдебиетінде *Ай* әйел жыңысты болып суреттеледі, мысалы, өзбектің «Күнтұғмыш» атты жырында Кутугмыштың қарындасын *Оппоқ Ай* «Аппақ Ай» деп атаған. Сондай-ақ өзбектің «Ой-сулу» атты дастанының басты кейіпкерлері *Айсұлу* ханша мен оның ұлы *Күн батыр* туралы айтылады.

Толған *Ай* – шығыс адамы үшін сұлулықтың символы. Шығыс фольклоры мен поэзиясында *ай* сөзі көптік мәнде жұмсалып, сұлулықты жеткізу үшін қолданған. «Мың бір түндегі» Будур ханшайым *Будур* – арабша «толған ай»), Харан ханзада *Харан* – парсыша «толған ай» деген есімдерді кездестіруге болады.

Күндіз, тәулік, күн райы (ауа райы) тәрізді сөздердің негіз-түбірі – *Күн*. қазақ тілінде *күн көру* деген тұрақты синтагма «өмір сүру» мағынасында, ал *жарық күн* деген метафоралық қолданыс «игілік, қуаныш» мағынасында қолданылып жүр.

Күн туды тіркесінде «күннің аспанда жаралатыны туралы» ежелгі түсінікті байқай аламыз. Белгілі түрколог В.А. Гордлевский мынадай дерек келтіреді: «Некогда солнце было красавицей девушкой, на которую все засматривались. Солнцу наскучило в конце концов видеть вокруг себя надоедливых ухаживателей, и оно, рассердившись, стало слепить глаза» [5, 69 б.].

Тілімізде қолданылатын *оның басына күн туды, басына күн туғанда* деген тіркестердегі *күн туды* деген сөздің мағынасы ауыспалы мәнде жұмсалып, фраземаға¹ айналғанын аңғару қиын емес. Бұл тіркестің арғы мәнін ашу оңай емес, әрі ол біздің зерттеуіміздің міндеті де емес. Дей тұрғанмен, *күн туды* деген сөздің алғашқы мағынасы арқылы уәжделіп тұрғанын байқауға болады. Яғни жаңа өзгеріс, жаңалық (жақсы-жаман) бар

деген ұғымды білдіре алады. Алғашында *күннің тууы* жағымды мәнде жұмсала келіп, кейін антонимдік сипатқа ие болуы да ықтимал.

Қазіргі кезде қолданылатын – *күн шықты, күн ұясынан көтерілді* деген тіркестерде жоғарыдағыдай бейнелілік жоқ. Қазақ тілінде *күннің* көкжиектегі әртүрлі көрінісіне сай: *күн арқан* «ок, қазық, тұсау, құрық» бойы көтерілді сияқты тіркестер айтылады. Қытайдың жазба ескерткіштерінде *хунну* деген елдің тұрғындары аспан денелеріне *ай* мен *күнге* табынатыны туралы деректерді кездестіруге болады. Скиф-сақ тайпаларының адамдары өздерін *Күннің ұрпағымыз* деп есептегені туралы жазылған ғылыми еңбектер мол-ақ. Бұл жайында Геродоттан бастап, кешегі академик Ә. Марғұланға дейінгі аралықтағы ғалымдар терең зерттеп, мол жазған. Ғалымдардың зерттеулерінде *күн, гун* атауларының жақындығы туралы да сенімді жазылады.

Күннің көзі деген тіркестен ежелгі адамдардың ғарышты алып адамға ұқсатқан түсініктің қалдығын аңғаруға болады. Жылан Алдар көсемен айтысып, өзінің жас үлкендігін дәлелдеу үшін: «Мен туғанда *күннің көзі* аттың құлағындай, ал жердің жүзі тоқымдай еді» деген уәж айтады [6, 418-419 б.].

Түркі халықтарының фольклорында *күн* «сұлу қыз», ал *ай* «жігіт» бейнесінде суреттелген. Мысалы, «Бозжігіт» хикаясында *Айдай ұлды тудырып, күндей қызды тудырып...* деген жолдар бар. Ежелгі скандинавиялық аңызда Сол – *Күн* деген кейіпкердің Мани атты қарындасы *Ай* болады. Орыс халқының ауыз әдебиетінде де адамдарды аспан денелерімен теңеу кездеседі жігітті *Аймен*, қызды *Күнмен*. Көптеген халықтардың наным-сенімінде *күнмен таласып ұйықтау* жаман ырымға баланады.

Құс жолы ежелден қыпшақ тілінде «құс йолы», башқұрт тілінде «кош йули», мордва тілінде «тырна жолы» деп айтылса, кейінен «сабан жолы», «сабаншының жолы» деп де айтылады. Қырғыз тілінде *Құс жолын* «сабаншы йолы», өзбек тілінде «омон йоли» түрік тілінде «саман ұрысы», «саман йоли», парсыша *кеһкешан* «саман тасушы», *һакилар йолы* «хажылар жолы» деп атаған. Ежелгі аңыз бойынша ұрылар сабанды ұрлағанда, ол жол бойы шашылып қалады. Татар, башқұрт, чуваш тілдерінен аударғанда бұл космоним «жабайы қаздардың жолы» деп аударылады.

Орыстың кейбір говорларында, түркілердің ықпалымен бұл космоним «гусинная дорога» делінеді. Арабтарда *құс жолын* «умму нәджиум», яғни «жұлдыздардың анасы» деп атаса, түркімендер «ақ маяның жолы» немесе «ақ маяның сүті» деп атаған. Бұл атауды грек тіліндегі *галаксиос* «сүтті шеңбер» немесе ағылшын тіліндегі *milky way* «сүт жолы» дегендермен салыстыруға болады.

Буряттардың аңызы бойынша *құс жолы* құдайлардың анасы Манзан Гүрмен-төөдәйдің төсінен шыққан сүттен пайда болған.

Армян халқының фольклорында да сарындас әңгімелер айтылады. Аңыздарға қарап, космонимнің сүтке қатысты атаулары *құс жолы* деген атаудан көп ерте пайда болған деген тұжырым жасауға болады.

Еуразия материгінде *құс жолы* «өзен, ағын су» деген мағына беретін атаулармен аталады: үнді тілінде «аспан Гангасы», араб тілінде «аспан Нілі», чукот тілінде «құм өзені», қытай тілінде «жұлдызды өзен», жапон тілінде «аспан өзені», корей тілінде «күміс өзен», австралия тілінде «шексіз өзен», африка тайпалары тілінде «ошақтың түтіні», сібір халықтарының тілінде «шаңғының ізі», моңғол тілдес халықтарында «аспан жырығы», Кавказ, Түркіменстан, Жетісу жерінде «жануарлардың атауымен», Азия мен шығыс

Африкада «жыланның атауымен» аталады. Үндіеуропа тілдерінде бұл жұлдызды жолдың атауында көбінесе «жол» деген компонент кездеседі.

Жеті қарақшы, жеті ұры, жеті қарт. Монғол тілінде *doolon ovgon*; *doolon burhan* «жеті қарт, жеті құдай»; үнді тілінде «аспанның жеті данасы» деген атаулар бар. Парсы тілінде *Жеті қарақшының* екі атауы кездеседі: *haftbaradaran* «жеті ағайынды» және *haftourang* «жеті тағ немесе жеті тәж». Қырғыз тілінде «жеті арқар», чуваш тілінде *січче жұлдыр* «жеті жұлдыз», қабарды тілінде «жеті ағайынды жұлдыз». Алтай тілінде *жеті қарақшы* «жеті ағайынды» және *жетіген* «жеті жұлдыз» деп аталса, башқұрт тілінде «йетегән». *Жетіген* сөзі «йеті аға-іні > йеті ағайни > йеті ағайын > йеттіген > жеттіген» түрінде пайда болуы мүмкін.

Қарашай-балқар тіліндегі *Djetegeyli djeti djulduz* атауы қазақтың «қарақшы жеті жұлдыз» атауына пара-пар. Мұндағы *djetegeyli* зат есімі *djete* түбіріне -*qay*, -*key*, -*gay*, -*gey*, -*qan*, -*ken*, -*gan*, -*gen* суффикстері қосылу арқылы жасалған деген пікір бар.

Халық ұғымында *жеті қарақшы* «күндіз қарақшылық жасап, түнде күнәсін шайған жеті қарақшының жұлдызға айналып кеткен жандары».

Жеті қарақшы туралы қазақ халқы арасында тараған сенім-нанымдар туралы А.Н. Афанасьевтің [7, 23 б.] еңбегінен кездестіруге болады. Оның айтуынша *жеті қарақшы* жеті жұлдыз екі жүйрік атты күзетіп жүреді. Егер осы екі атты қасқыр жеп кетсе ақыр заман орнайды-мыс. *Qaraqshi* сөзі «қарауыл, күзетші» деген мағына береді (*qaraq ~ qaraw ~ qara*).

Басқа бір нұсқада *жеті қарақшы* күзетші емес, олар екі атты ұрламақ болып, қуып жүр. Егер олар аттарды ұстаса ақыр заман болады-мыс.

Хакастар жеті жұлдызды «жеті ит» деп біледі. Мүмкін қасқыр мен иттің бейнелері *жеті қарақшының* атауында сақталған, өйткені қазақ тілінде *yitigen*, көне түркіше *yedigan*, төленгітше *djiytigan*, ұйғурша *iytigan*, яғни *жетіген* «жеті ит – жеті қасқыр» дегенді білдіреді (*yeti > jети > jide* «жеті» + *qan* «ит»).

Зерттеуші Р.Авакова өзінің «Фразеологиялық семантика» деп аталатын кітабында мынадай ой айтады: «Ертедегі мифопоэтикалық дәстүрлерде сан ұғымдарына киелі мән беріп, өн бойына космонимикалық мағыналар жүктеген. Адамзат қоғамында сандар діни, тәңірілік және әлемдік символдар ретінде қарастырылып, олардың бойында адам санасы жете қоймайтын құдіретті құпиялар мен сырлар жатқанына, сонымен қатар бұл құдіретті күштердің адамға жақсылық та, жамандық та алып келетініне сенген» [8, 72 б.].

Жетіқарақшы сөзіндегі *жеті* сөзінің қасиетті сан екенін де ескеру орынды болмақ. *Жетіқарақшы* жұлдызы туралы заманының заңғар ғалымы Ш.Уәлиханов бұл ерте заманнан келе жатқан аңыз болуға тиіс, өйткені монғолдар жеті қарияның жұлдызы деп атап, *жетіқарақшы* жұлдызын жеті сақтаушы, күзетуші ретінде қастерлеп, дәріптегені туралы жазады.

Жетіқарақшы жұлдызы туралы аңыздарды өмір шындығымен байланыстыруға тырысқан астрономия ғылымының маманы Мекебаев «Бұл шоқ жұлдыз солтүстік жартышарда орналасқан, түрі ожауға ұқсаған жеті жарық жұлдыз тобы. Ол батпайды. Осыған қарап аңызда оны күндіз ұйықтап, түнде күзететін ұрыға ұқсатады» деп жазады.

Ата-бабамыз бұл жұлдызды құбылнама ретінде пайдаланған және жұлдызға қарап өздерінің көшетін уақытын айқындаған. Далалықтардың танымында ерекше орын алған аспан денелерінің бір. Осыған орай қазақ

халқында *Жеті қарақшыны таныған жеті түнде адаспас* деген мақал сөз бар. Бұл мақалдың мән-мағынасы тереңде. Кейде күндіз, кейде түнде көшіп, малдың ауанын баққан қазақ халқының аспан туралы таным-түсінігі кең әрі өте терең болған. *Жетіқарақшыны* аспан сағаты ретінде таныған қазақ халқы оның жай-жапсарын, өзгеру сәтін жіті бағалап, жақсы зерделеген.

Көне түркі, қытай және т.б. халықтардың астрологиясында жұлдыздар мен шоқжұлдыздар жаны бар құдайлар, я болмаса, аңыздық кейіпкерлер ретінде танылғаны белгілі. Мысалы, *Үлкен Аюды* «Большая медведица, яғни Жеті қарақшы» қытайлықтар *жетіжұлдызды* «князь» деп атаған. Түркілер аспандағы *Тәңір ханды* білсе, алтайлықтар *Үлкер қағанды* «Үркер хан» білген.

Қазақтың есепшілері (жұлдызшылары) *жеті қарақшының* аспанды айналып тұратының жақсы білген. Халқымыздың поэзиялық туындыларында көнеде келе жатқан аңыздарда кездесетін жұлдыздардың атаулары молынан кездеседі. Мысалы, *Қарақшы жеті жұлдыз, Босаға, Үркер, Қыран қарақшы, Үлгілдек, Сұлу сары, Ақбозат, Көкбозат, Арқан, Темір қазық, Күзетші, Қырық қарақшы, Қарақұрт, Қамбар, Қоңырқай жұлдыз, Қосақ, Қызыл жұлдыз, Есек қырған, Сары жұлдыз, Сәуір, Сүмбіле, Шолпан, Алты арқар, Көгалдай мергеннің көк шақпағы* және т.б.

Қазақ дастандарында *жетіқарақшы* туралы жыр жолдары да жиі ұшырасады:

Мысалы:

Жеті жұлдыз: жасапты *жеті жұлдыз* төбесіне,

Жеті ыдыс жасады оның өресіне.

Қасиетін жеті ыдысқа қосты үркердің,

Біліммен сақтап таза оын есіне.

Ғылыммен жеті ыдысқа дәрі толды.

Өлгенде жан енетін денесіне.

Күш берер *жеті жұлдыз* нәрестеге,

Ананың жатқанында құрсағында.

Қыран қарақшы (Мицар) «жеті қарақшының ішіндегі ең жарық жұлдыз».

Қазақтың аңыздарында бұл қарақшылардың басшысы болып саналған. «Ай астында Айбаршын» ертегісінде жәдігөй Қыран деген қарақшының аты аталады.

Үлгілдек (Алькор) «Мицардың жанында орналасқан жұлдыз». Аңыз бойынша *Үлгілдек сұлуды Қыран қарақшы* алып қашады. Алтай ертегілерінде *Үркер хан Жеті қарақшылардың* ізінен қуып отырады, ал қазақша ертегілерде керісінше, *Жеті қарақшы Үркерді қуып жүреді*.

Үркер (Плеяды) түріктерде *Үлкер*, өзбектерде *Хулкар*, башқұрттарда *Өлкәр*, алтайларда *Үлгер* бұл шоқжұлдыздың атауы *үрку* етістігінен жасалған деген пікір бар. Бір жерде шоғырланған жұлдыздар үріккен қойларды елестетеді. Аңызда жеті қарақшы *Үркерге* тигенде, олар қашып жөнеледі, сондықтан оларды *Үркер* атаған екен.

Ш. Уәлиханов мынадай дерек келтіреді: «Плеяды – Үркер. Киргизы заматили поступательное движение Плеяд к Большой Медведице и думают, что они преследуют семь воров, чтобы выручить свою дочь. По Плеядам киргизы узнают часы ночи и времена года» [9, 24 б.].

Еуразия жерінде тұратын халықтардың *Үркерге* қатысты аңыздарын зерттегенде, олардың тарихы тым тереңде жатқаның байқауға болады. Грек аңызында *Үркерді* Атлант пен Плейонаның жұлдызға айналып кеткен жеті

қызы деп білген. Қазақ аңыз бойынша *Үркер* – Айдың ұлы және Шолпанның ағасы ретінде суреттелген.

Ақбозат және *Көкбозат* (Малая медведица). Шығыс астрономиясында бұл жұлдыздардың атауы – *Фархад* және *әл-Фархад*. Қазақ аңыздары бойынша осы екі жұлдызды (атты) жеті қарақшы ұрлағысы келеді, бірақ оларды *Күзетші жұлдызы* күзетіп тұрады.

Арқан. Жоғарыда аталған екі ат *Арқанмен* (үш шағын жұлдызбен) *Темірқазыққа* байланған.

Байқап отырғанымыздай, космонимдер концептісінің өзіндік таным-түсінігі, мифологиялық сипаты мен ерекшелігі бар. Осының бәрі әлем бейнесінің тілдегі көрінісі ретінде когнитивтік аспектіде зерттелуі тиіс тілдік деректер деп пайымдаймыз.

Әдебиеттер:

1. Кононов А.Н. *История изучения тюркских языков в России.* – Ленинград: Наука, 1982. – 256 с.
2. Бартольд В.В. *Собрание сочинений в 9 томах.* – Москва: Наука, 1963—1977.
3. Аронов К.Г. *Этнолингвистическая природа народных космонимов в казахском языке: Автореф. дис. канд. филол. наук.* – Алматы, 1992. – 26 с.
4. *Материалы по истории кочевых народов в Китае III-У вв. Выпуск I.* Сюнну. Москва: Наука, 1989. – 162 с.
5. Васильева О.В. *Временные и пространственные представления в «Книге моего деда Коркута» (Небесные тела).* // Советская тюркология. № 6 – 1978, – 69 с.
6. *Алдар Көсе мен жылан. Дала уалаяты газеті. Әдеби нұсқалар. 1899-1902.* - Алматы: Ғылым, 1992. – 430 б.
7. Афанасьев А.Н. *Мифы, поверья и суеверия славян.* – Москва: Наука, 2002. – 729 с.
8. Авакова Р.А. *Фразеологиялық семантика.* – Алматы: Қазақ университеті, 2003. – 150 б.
9. Валиханов Ч.Ч. *Собрание сочинений: в 5 т.* – Алма-Ата: Кітап, 1985. – 500 с.
10. Юлдашев А.А. *Принципы составления тюркско-русских словарей.* – Москва: Наука, 1972. – 416 с.

Амангазиева М.К

КОГНИТИВНЫЙ ХАРАКТЕР НАЗВАНИЙ НЕБЕСНЫХ ТЕЛ В ЯЗЫКЕ ТЮРКСКИХ НАРОДОВ

В статье рассматривается национально-культурная специфика космонимов тюркских языков. Космонимы характеризуются как хранители культурных ценностей тюркоязычных народов. Представлено семантическое и когнитивное описание небесных тел, эксцерпированных из тюркских лексикографических источников. Также рассмотрены национально-культурная природа и система мифологического мышления космонимов луна, солнце, звезда и их отражение в тюркских языках.

Ключевые слова: космонимы, лингвокультурология, когнитология, лексикография, мифология, языковая картина мира;

Amangaziyeva M.K.
**THE HEAVENLY BODY NAMES COGNITIVE FEATURE IN TURIK
PEOPLE LANGUAGES**

Annotation. The article considers the cosmonim names analysis of Turik nations and their meanings on the basis of historical dictionaries. Moreover, the world views of people of that period are described through defining the linguistic and cognitive features, ethnolinguistic and cognitive meaning of Heavenly body names. Furthermore, the semantic characters of Moon, Sun, Star cosmonims are defined, also their semantic analysis is given.

Key words: cosmonim, linguoculture, cognitology, lexicography, mythology, linguistic world view.

ӘОЖ 82-14

Садықова А.Т. – филология ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор, Х.Досмұхамедов атындағы
Атырау мемлекеттік университеті
Қобданова Р.С. – Х.Досмұхамедов атындағы
Атырау мемлекеттік университетінің магистранты
E-mail: Kobdanova@mail.ru

**С.ЖИЕНБАЕВТЫҢ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ САЯСИ-ӘЛЕУМЕТТІК
ЛИРИКА**

Аңдатпа. Аталмыш мақаламда қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, лирик ақын - Сағи Жиенбаевтың саяси-әлеуметтік лирикалық бағыттағы жазылған туындыларына талдау жасалды. Сезім сыршысы атанған ақынның лирикаға толы бір топ шығармаларын соғыс пен бейбітшілік, туған жер, еңбек, өнер, өмір, ата-ана, бала-перзент тақырыптары бойынша жүйелеп, азаматтық әуені басымдығын айқындадық. Өлеңдерінде көтерілген мәселелерді кең құлашты толықтыру арқасында дүниеге келген бірнеше балладалар, ертегі-жыр негізінде жазылған поэмалар, Ұлы Отан соғысы, ерлік пен еңбек, отансүйгіштік насихатталған дастандары да қамтылды. Оқырмандарын игі мақсаттарға насихаттаған дүниелерінің идеялық-тақырыптық негізі, көтерген мәселелері, сол өмір шындығын жыр жолдарына айналдыру мәнері мен машығы, тәсілі мен әдісі арқылы танылатын шеберлігін көрсеттік. Қашанда өзекті мәселелер төңірегінде өрбіген шығармалардың басқа авторлардың еңбектеріне тоқталып, қаламгердің өзіндік ерекшелігін ашу мақсат етілді. Адам баласының өмірімен өзектес өлеңдердің ешқашан құндылығын жоймайтындығына тағы да көз жеткіздік.

Тірек сөздер: ұлттық поэзия, ақындық өнер, өмірлік кредо, лирикалық жырлар, өмір, туған жер толғаныстары.

Дара дарынды дәуірі дүниеге әкеледі. Уақыт құдіретінің әдебиетке де билігі келеді. Әдебиетте әрбір кезең де күрделі. Қашанда тарих сүзгісінен өткен, табиғаты әр алуан иелері құрайды. С.Асанов: «Әдебиет те өзгермелі дүние. Бір толқын келеді, бір толқын келеді. Толқынға толқын еркелей ме

қайтеді, толқынды толқын желкелей ме қайтеді?» – демекші [1] аға буынның орнына жас буын келеді. Әр ұрпақ өз заманына сай жаңалығымен енеді. Жиырмамыншы ғасыр ортасы қазақ әдебиетінде жаңартау атқылағандай буырқаныстарға толы аса күрделі болды. Сан түрлі ағым, әдіс, тәсіл бой көрсетіп, өркендеді. Қазақ тағдырына қатысты толайым ойдың батыл да байсалды айтылған сәті болды. Сол кезеңдегі өнер саласында жүрген үзеңгілес замандастардың әрқайсысына тән мақамдары бола тұра қазақ әдебиетіне ортақ сарын да әкелді. Өйткені, қандай да бір ірі суреткер заманының, қоғамның, ұлттың тағдыры, дәуірінің рухани кескіні, шығармашылық ортасы, өз тағдыры хақында ойланбай, толғанбай тұра алмайды. Біз ақындық шеберлігі туралы арнайы қалам тарқан Сағи Жиенбаев та осындай ірі тұлғаның бірі. Ол – алдындағы ағаларының әдеби дәстүрін дамытып, жаңаша жалынмен жалғастырды. Өзіне тән сезімге толы мақамымен дараланды. Академик З.Қабдолов өзінің «Сөз өнері» атты еңбегінде көркем өнер тудырушы таланттардың бірнеше ерекшелігіне тоқталып, біріншіден, сезім деп атаған еді: «Нәзік сезімталдық. Өзін қоршаған өмірден әрқашан тың құпиялар іздеп, айрықша әсер алу, көз алдындағы құбылыстарды ерекше сезіну, нәзік түйсіну, сезінген, түйсінген шындығына бейтарап қала алмай, тербеле тебірену, көкірегінде көл-көсір сыр ұялату, - бәрінен бұрын ақынға тән қасиет» [2].

Ұлттық әдебиетімізде «Сағидың сырлы саздары» деген атауға ие болған ақын шығармашылығында саяси-элеуметтік лириканың орны ерекше. Оның ішінде соғыс тақырыбындағы туындылары өз алдына мол қазына. Ақын балалық шағында өзі куә болған қанды майдан жылдарындағы тыл өмірінің тыныс-тіршілігін, сол кезеңдегі жандардың сезімдерін шынайы жеткізді. 1977 жылы Алматы қаласындағы «Жазушы» баспасынан жарық көрген «Алтын қалам» атты таңдамалы жинағына аталмыш тақырыптағы көптеген өлеңдері еніп, қазақ халқының батыр перзенті Әлия Молдағұловаға арнаған «Әлия» атты поэмасымен аяқталды. Поэма бірнеше бөліктен тұрады: Әлияның күнделігінен, алғашқы кездесу, № 956 винтовка, Әлияның хаттарынан, «Казачиха» тұрғындарының айтқаны. Бұл поэма Кеңес Одағының Батыры (1944), мерген, ефрейтор Әлия апамыздың ерен ерлігімен қатар соғыс тақырыбын ашуда, келер ұрпаққа сол жылдар туралы толыққанды ақпарат ұсынуға, патриоттық рухта тәрбиелеуге таптырмайтын туынды. Мысалы:

...Әлия-саптан ұмтылып,
Жүгіріп шықты аптығып,
Құшақтап алған мылтығын,
Кіршігін қақпай қалт тұрып, - деп бір сәтті
суреттейді.

Жалпы қаламгердің аталмыш тақырыптағы жырларының бәрі де оқырмандарының жоғары бағасын иеленіп, қазақ поэзиясынан ойып тұрып өз орынын иеленді деп нық сеніммен айта аламыз.

Сыршыл қаламгердің саяси-элеуметтік лирикаларының ішіндегі ата-ана тақырыбы өз тағдырымен ұйқасып жатыр. 1901 жылы дүниеге келген әкесі-Жиенбай Өмірбаев 1937 жылдың 8 тамызында бұрынғы Табын, қазіргі Байғанин ауданының 11 аулындағы Ақтөбе түрмесінде «үштіктің» ұйғарымымен атылыпты. Бұл жәйтті де ұзақ жылдар бойы ашық айта алмады, өлеңіне өзек ете алмады. Тек ишарамен ғана жеткізді:

Ел де көрді,

Мен де көрдім соққыны,
Бала кездің өтті алаңдап көп күні.
Біздің үйде тұрады ылғи білініп,
Бір адамның жоқтығы.

Еліміз егемендік алып, тәуелсіздік туы салтанат құрғаннан кейін ғана Елбасының жарлығымен 1993 жылы 14 сәуірде әкесі толықтай ақталды. Өкінішке орай Сағи ақын «ақ түйенің қарны жарылған» күнге жетпей дүниеден өтті. Осылайша әкеден солақай саясаттың, қуғын-сүргіннің салдарынан үш жасында жетім қалған жүрегі жаралы жан анасы-Жібектің тәрбиесінде өскен. Жартылай жетім отбасында апасы-Жұмажан, ағасы-Атажан, қарындасы-Ажар төртеуі өмірдің ауыртпашылығын бірге сезінді. Алды сегізде, арты бір жастағы балаларымен жесір қалған келіншек тағдыр мен тіршіліктің бар тауқыметін басынан кешіреді. Шиттей перзенттерін аяққа тұрғызам деген сауыншы анасына соғыс жылдары тіптен қиын соқты. Сұрапыл жылдардың тауқыметі тағы қосылса да, тағдыры мен тіршіліктің қанша ауыртпалығын көтерсе де асыл жан ұл-қызына бірде-бір көз жасын көрсетпей, іштен тынды. Қайғының қанын жұтса да оларды тәлім мен тәрбиеден тарықтырмады. Бәрін аяғына тұрғызып, қатарға қосты. Өмірінің соңғы жылдары Сағидың анасы Қарақалпақстанға үлкен ұлы-Атажанның қолында кетеді және сол жақта қайтыс болады. Қаламгердің «Біз екеуіміз» деген өлеңін осы ағасына арнаған. Бірде көзі тірісінде анасы оған «Қарашығым, қарай жүр», - деп суретін жібереді. Оның әжім басқан жансыз бейнесіне қарап, өткен жылдардың өкініші мен алыстағы аяулы жанға деген сағынышы жыр боп төгіледі. Күйбең тірлікпен байқамай жүріп бір жүздеспей көз жазып қалам ба деген анасына арналған алаңдаушылығын жырмен жеткізеді. Ес жиғалы шешесінің тағдырына куә болып, күйзеліспен күн кешкен ақын анасына деген шексіз махаббатын басқа да жырларына арқау етті. Олардың қай-қайсысын оқысаң да өне-бойында жанұясының, шешесінің мойнына түскен зіл-батпанның салмағы бар. «Менің анам» атты өлеңінде сол ауытпалықтарға жығылмаған, қабағымен сырт көзге сыр бермеген, балаларына қиналғаны байқатпаған қайсар жанды айқын суреттеген.

Ол жас еді, секілді еді тал-шыбық,
Көктемеді кетті соғып, қар суық...
Сол кездегі ол көтерген зіл-батпан

Тауға түссе, қалар еді жаншылып, - дей келе, анасының оларға көрсетпей төккен көз жасы көлге тамса бір-ақ күнде ол да сорға айналатынын жырлады. Сезімтал ақын жүрегі анасы қанша жасырса да қайғысымен бірге қарс айрылатын. «Келіп қалар...» атты туындысында анасы бүлдіршіндерін құсалықпен өтпеуіне алаңдап, кішкентайларынан алысқа кеткен «әкелері келіп қалар» деп алдарқататынын жазады. Кейіннен балалары ер жетіп, қартыққа мойын сұнған анасының өзі де «әкелері келіп қалар» деп өз ертегісіне өзі сеніп алғанын, өмірінің соғына дейін үмітін үзбей балаларынан әкесінің хабарын сұрап отыратынын тебірене толғайды. Сағи Жиенбаевтың әке-шешесіне бағыштаған туындыларының қатарында «Хат» деп аталатын өлеңіне де тоқтала кеткен жөн секілді. Өйткені ол соғыс жылдарын суреттеген шығарма болса да, астарында тағы да терең мағына жатыр. Онда әріп танып хат жазу арманына қол жеткізген балақайдың өз жазбалары мен ауыл қарттарының қажетіне жарап, ұлдарына деген сағынышын қағаз бетіне түсіріп майданға жолдаған қуаныш пен мақтаныш сезімін көресіз. Бірақ

жырдағы жағымды ырғақ өзгереді. Пәк «көңілін су сепкендей басып», үлкендердің де үмітін үзіп хаттар қайта оралды. Соншама ыстық сағыныштың қалай суыққа шалатынын, соншама ынтызар жүректің қайтіп өкситінін сол өлең жолдарынан анық аңғарасыз. Бұл – алғашқы гәп. Екіншіден, осы өлеңнің тасасында сол жеткіншектің тұрақты мекені, бар-жоғы да белгісіз әкесіне хат та жаза алмайтын пұшайман қәлі жасырын жатқандай. Белгілі ақын Е.Ашықбаев: «Ақынның «Ерте көрдім, ерте көрдім барлығын...», «Жолда», «Асықтық сауық, тойларға...», «Сенбеймін» деген тәрізді төл өмірбаяндық деректер негізінде жазылған ғажайып өлеңдерін басқа буынның, яғни кейінгі лектің өкілдері жазып шығуы, тіпті жазып шыққан күнде де тап сондай естен кетпестей толыққанды көркем дәрежеге жеткізу мүмкін емес», деген еді [3]. Өйткені оның мұңға толы өмірі мен шерге толы көңілімен ұштасқан таланты осындай қайталанбас құндылықтарды дүниеге әкелді. Осы орайда ақынның әжесіне арнаған еңбектеріне де тоқталмай кету мүмкін емес.

Шешеге бір сәт ұнамай,
Түнере қалса бұлт келіп,
Әженің бауыры – ұядай,

Кетуші екен соған зып беріп, - деп жырлаған ақын жүрегіндегі аяулы жанға деген шексіз ыстық ықыласы әр тармағынан сезіліп тұр. Әрине әр құбылысты бейнелей отырып сол бір қайта оралмас балалықтың бал кезіннен сыр шертеді. Қарияның да немерелеріне қалтқысыз қамқорлығы көз алдына келеді. Жабағы жұлып, жүн түтіп, текемет басқан, тері илеп, көрпеше құрап, ұршық иірген қазақтың әйелдерінің қарапайым тірлігінен де көрініс береді.

Небір өнер иелерінің шабытына қанат бітіретін кезең – перзент сүйіп, ата-ана бақытына бөлену болса керек. Бала – адам баласының ұрпағы. Әлемге әйгілі ғұламалар мен ақындардың ата-ана махаббаты, перзент парызы жайында тебірене айтпағаны, жазбағаны жоқ деуге болады. Олардан қалған асыл сөздер қаншама! Сыршыл қаламгер Сағи Жиенбаевтың сол сезімнің әсерімен сыйға тартқан туындыларын оқу өз алдына бөлек ләззатқа баурайды. Жұбайы Өзипамен өмірге әкелген төрт перзенті деген әкелік махаббат аталмыш тақырыптағы жырларына шабыт сыйлады.

Сен үшін, жаным, жинаман не бір асыл да,
Қолға түспейтін теңіздің лағыл тасын да.
Жетеді маған – өзіңді ғана күзетіп,
Өзіңнің ғана қарайып жүрсем қасыңда, -

деген жыр жолдар

арқылы ақынның қаншалықты балажан екендігі айқын сезіледі. Перзенттеріне арнап дүние жинап, әшекей бұйым сыйламаймын, дос та таңдамаймын деп жырлаған қаламгер тек олардың амандықтарына ғана тілекші. Баланың ыстық-суығына күймейтін, жақсылығына сүйсінбейтін ата-ана жоқ шығар. Олардың сол ыстық сезімі Сағи ақынның сұлу жырларында төгіліп тұрады. «Тимеші, көкем, балапаныма тимеші», деп басталатын туындысы жан жарына бағыштала отырып жазылған. Оған қарата балаларға «қабағын түймеуін, қолынан қақпауын, жолына тұрмауын», - өтініп, бір ашуын киюды шыр-пыр етіп жырлайды. Осы жолдардан-ақ әкелік мейірімімен қатар иіні жұмсақ жібектей мінезі де өріліп жатыр. Ол жырлары ішіндегі бейкүнә балалық – ақын шығармашылығының алтын өзегі іспеттес. Ол адалдық, азаматтық, кісілік, тазалық ұғымдарының қай-қайсысын да

балалық бейнесінде өрнектейді. Яғни, қаламгер шығармаларында балалық – қарапайым тіке қолданудан бөлек дүние мен тіршіліктегі адалдық деген ұғыммен баламаланып жатыр. Мүмкін ақын соғыс ызғары қарыған балалық шағына парыздар болар, біздер оның сол балғын кезеңін басқыш етіп айтқан оймауыт ойлары мен жамбоз жырларына қарыздармыз. Өйткені өзіңмен сырласып, мұңдасып тіл қататын сол жырлар оқырманын пендешіліктен тазартып періштелікке жетелейді. Сол сәттерде қаламгер сезім құбылыс-құйылыстарын ойнақыландыра, қызындыра, қыздыра жырлай келіп «... жас сәби қаз тұрғанда, Бар дүние кетті ғой сәби болып» - деп қорытады. Ақын үшін Жер бетінде әділдік болуы үшін – бәріміздің сәбилік сезіміміз өшпеуі керек, осылайша өзімізді адалдыққа баулимыз. Жас мөлшеріне қарамастан шыншыл жыр, сыршыл жыр – балғын бөбектерден бастап өлең сүйер өрендердің қай-қайсысын да бейтарап қалдырмайды, ерітеді, елітеді, тебіренеді, тербейді. «Кәмилаға» арналған өлеңін оқысақ:

Алғаш рет ...
Қаз тұрады бүгін бөбек,
Басталады балапан ғұмыр бөлек.
Бел байлады балапан ұлы жолға,
Нартәуекел!
Ал, кәні! Жүру керек! – болып басталатын
жыр

жолдарының алғашқы шумақтарынан-ақ нақты, затты сурет, өлеңге жан берер қимыл-қозғалыс, динамика, өлеңді өнер туындысына айналдырар ақындық ойын байқаймыз. Қаламгер бүлдіршіннің қаз-қаз тұруын әр адам үшін бөлекше қалыптасар ғұмыр философиясымен сабақтастыра толғанады. Өмір болған соң адам баласы інгәләп дүние есігін ашып, қарттыққа жеткенше түрлі кезеңнен өтеді. Әр сатысында лайықты қадамын жасайды. Осы заңдылыққа сәйкес Сағи ағамыздың да балапандары бой түзеп, сары үрпектері қанат қағып, ұясынан ұшады. Әрқайсысы тұлға болып қалыптасып, өз өмір-өзенінің ағысына түседі. Оның бәрін ғазиз ақын жүрегіне жақын қабылдап, жырларына арқау етті. Тұңғышы – Қарлығаш атты қызы тұрмысқа шығады деп естіген сәтте тебіреніп: «Менің ыстық құшағымда еркелеп, Мәңгі бақи жүретіндей көруші ем. «Қарлығашың ұшқалы жүр» дегенде, Бір найзағай ағып өтті денемде...», -дей келе алғашқы қарашығының сапарына сәттілік тілейді. Балаларына деген батасындай болған шумақтар қаламгер шығармаларында көп-ақ. 1976 жылы Алматы қаласындағы «Жалын» баспасында шыққан «Ақ самал» атты өлең кітабы балаларға арналған. Туған еліміздің табиғатын, бал бөбектердің қызықты қылықтарын ақын әдемі жырлайды. Қиялға қанат бітірген қызғылықты ертегі-хикаяларды да осы кітаптан оқимыз. Принципшіл сыншы, көрнекті ғалым, профессор Құлбек Ерғөбек: «Сағи ағам – балалар ақыны емес. Бірақ балалық шақтың әсерін бойында сақтап қалған ақын. Қалам иесі үшін бұл үлкен бақыт. Балалық шақ – Болашақ аталатын үлкен университеттің алтын бастауы», - деген еді [4]. Шынымен жырларын оқыған сайын балаларына бағыштаған жырларының өне-бойынан нәрестедей бейкүнәлік пен періштедей тазалықты көреміз. Жыр – адамның жан-дүниесін тазалайды, маужырап бара жатқан рухыңды сілкілеп оятады. Өмірге, өнерге құлшындырады. Сағи ақынның туындылары бейне бір мөлдір бастаудай. Шөліккеп келіп бас қойсаң сусыныңды басады, мұңға батсаң өзіңмен сырласып шеріңді тарқатады. Бейне бір сырынды сыртқа

білдірмес жан досыңмен сырласып отырғандай күй кешесің. Қаламгердің жырлары үстіне кір тигізбес кірпияз жандай мұнтаздай таза болып келеді. Басы артық бір сөз, бір буын, бір жол жоқ. Әдемілікті сезіндіріп, әсемдік дүниесіне шомылдырып тұрып та тереңге бойлатып, көңіліңді оятып жатады.

Сағи Жиенбаевтың саяси-әлеуметтік лирикасы тақырыбында жазылған шығармаларының бір шоғырын еңбек туралы жазылған жырлармен топтастыруға болады. Ол есін жиғалы жесірліктің салдарынан жетім сәбилерін асыраймын деп тыным таппаған анасының жанқияр еңбегін көріп өскен еді. Ұлы Отан соғысы кезінде де үлкендермен қатар қабырғасы қайыса еңбек еткен ақынға маңдай тердің ащы дәмі таңсық емес еді. Адал жеген астың тіл үйірет тәттілігі де тым таныс. Өз тұсындағы буын өкілдерінің қаламына заңды түрде көп іліккен соғыс тақырыбында Сағи Жиенбаевтың жырларының бір ерекшелігі, ол өз қатар-құрбыларымен бірге көрген сол зәрлі-зарлы күндердің шежірелік шумақтарының соңында әлсіз де болса бір сәулелі шуақ қосуға міндетті секілді болатын. Мысалы, бозбала таңнан қырман басына барған, арба жегіп, шөп тартқан, жаңбыр мен терге жуынған қатыгез балалық шағын жырлай келе, «...Ұмыттық шалқып ойнауды, Бір үйдің бір-бір көзі боп, тездету үшін тойларды, Ержету үшін тезірек» деп нұрлы үміт артады. Әйтпесе жапан түзде өгіз арбамен жалғыз ілбіп келе жатқан кезгі жабырқау кезін жырлайтын өлеңін: «Сонау алыс көкжиекке қараймын, Маңдайымды күн жолына қаратып» деген оптимистік жолдармен жалғайды. Мына жырына көз жүгіртсек:

... Бастым – құм ба, шоғы ма әлде көріктің,

Мен қып-қызыл отқа бір-ақ жолықтым.

Жата кеттім жөргегіме оранып,

Жерді басып жүруге де қорықтым...

Оқи берсең осылай өзінді сол қасіреттің жазылмаған жарасын сипалап отыра беретіндей сезінесің. Бірақ Сағи Жиенбаевтың өмірлік кредосы ол емес, сол суық шумақтар сол күйі біржола ызғар шашып қала бермейді, жіби бастайды. Әлгіндей жан тітіркенерлік суреттерді тізбелей келе ақын бергі күндердің берекетті шүкіршілігіне ойысады. «Осынау жанның бәріне ортақ өмірдің» қызығын көргісі келеді, жар сүйеді, шаңырақ көтереді, балапан ұшырады. Содан соң құбылмалы дүниенің қадірлі кезеңдеріне жолығады: «... Бірте-бірте көңілімді күн қызып, Ұйықтап кеткен гүлдерді жүр тұрғызып. Күнде ертемен оянамын асығып, Мені күтіп қалды ма деп бір қызық», -деп жылуы жоқ жылдардың көкіректі удай ашытар көрінісімен жаза отырып, көп реттерде жұбаныш боларлық бір жарқын ілік іздеп табуға тырысады. Енді осы жерде сәл кідіріп, ақынның ілгеріде жазған туындылары кейінгілерімен тақырып жағынан болмаса да, таным-тілек тұрғысынан туыстас болып келетінін ескере кетсек. Мысалғы жоғарыда «Жата кеттім жөргегіме оранып, Жерді басып жүруге де қорықтым» деді емес пе?! Есейгенде ше? Әлгі қорқыныш санасына мықтап сіңіп қалған қаламгер сол сәтке қайтадан оралады. Тек еміс-еміс есі кіріп келе жатырған қорғансыз сәби емес, жауапкершілігі мол азамат ретінде оралады. Көгілдір көктемнің шуағына бусанған жан шын сырын ақтарады:

...Көктемдей нәзік сезіммен

Кеудені күйлер тербейді.

Қара бір жердің өзін де

Қаттырақ басқың келмейді!

Мақсатына жетер жолда тер төгіп, аянбай еңбек етпесеңіз кез-келген үкілеген үміт пен арман өздігінен келмесі ол ақиқат. Ақын өз жырларында еңбек жолында әр жанның адал болып, кісілік келбеті мен адамгершілік қасиетін қай жағдайда да жоймауын насихаттайды. Сондықтан сәулетті сөздің шебері, жаны жайдары, алтын қалам иесі С.Жиенбаевтың жырлары жас ұрпаққа үлгі өнеге. Оның «Біздің заң» деген шығармасында заңмен бірге ғажап заманда да абырой-атаққа арбалмай лайықты азамат атанып, үлкенге құрмет көрсетуге, пендеге зәбір көрсетпеуге бойында қайратың барда күш-жігеріңді тек елге жұмсап, еңбек етуге шақырады:

Толқысын гүлмен төңірек,
Толқынды сүйреп бауға апар.
Толқынды сүйреп бауға апар.
Егін ек десе, егін ек,
Тау қопар десе, тау қопар.

«Ерте көрдім, ерте көрдім барлығын, Ерте көр деп ерте берді тағдырым», - деп жырлаған өнерпаздың ер жеткен соң таңдаған өнер жолындағы жеңістері де көз майын тауысқан ерен еңбегімен келді. Белгілі лирик ақынымыздың «қуатты ойдан бас құрап, еркеленіп шыққан» жыр жолдары қашанда оқырманның көңіл күйімен әсем келісім тауып жатады. Ол өз ортасында өнерімен беделді болып қана қоймай, «ағаға құрмет, ініге ізет» көрсете білетін салиқалы да салмақты мінезінің арқасында үзеңгілес әріптестерімен сыйлы қарым-қатынаста болды. Өнер майталмандары Сәкен Сейфуллин, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Жұбан Молдағалиев, Сырбай Мәуленов, Хамит Ерғалиев т.б.-ға талантына табынып, өзіне өнеге тұтты. Өмірі мен өнерлері бірге өрілген жандарға деген ізгі ниетінің арқасында өнер тақырыбындағы дүниелерінің тұсауын кесті. Өнер - таусылмас байлық, қазына. Ал оны бойыңа дарытып, сақтай білу - үлкен әрі жауапкершілігі мол іс. Кез-келген өнер түрі мен өнерді иеленуші арқылы сол халықтың мәдениетін таниды. Абай атамыз: «Өнер алды- қызыл тіл, Ой толғаған сырлы тіл» - дегенде ата-бабаларымыздың үрдісін жалғап, қазақ елінің ақындары осы қызыл тілді сайрату арқылы «өрге жүзді». Жыр – адамның жан-дүниесін тазалайды, маужырап бара жатқан рухыңды сілкілеп оятады. Өмірге, өнерге құлшындырады. Сағи Жиенбаевтың туындылары да мөлдір бастаудай. Шөліккеп келіп бас қойсаң сусыныңды басады, мұңға батсаң өзінмен сырласып шерінді тарқатады. Бейне бір сырынды сыртқа білдірмес жан досыңмен сырласып отырғандай күй кешесің. Қаламгердің жырлары үстіне кір тигізбес кірпияз жандай мұнтаздай таза болып келеді. Басы артық бір сөз, бір буын, бір жол жоқ. Әдемілікті сезіндіріп, әсемдік дүниесіне шомылдырып тұрып та тереңге бойлатып, көңіліңді оятып жатады. Жырларын оқыған сайын нәрестедей бейкүнәлік пен періштедей тазалықты көреміз.

Өте берсін жыл шұбап, ғасыр шұбап,
Жыр деген бір сөнбейтін асыл шырақ.
Көпсінбейді аспан да жұлдыздарын,
Жұлдыздардың болмайды жасын сұрап, -

деген төрт шумақ жолдан-ақ Сағи Жиенбаев өнер әлеміндегі жырдың да, ақындардың да даралығын сипаттап берді. Оның бойындағы айта кетерлік қасиеті: ол өз өлеңдерін керемет мәнерлеп оқыған, сондай-ақ «нағыз қазақ қазақ емес, нағыз қазақ-домбыра», - дегендей ұлттық аспабымызды ерекше

кастерлеп, керемет ойнаған екен. «Домбыра» деп аталатын туындысына көз жүгіртсеңіз болғаны халқымыздың қос шекті қасиетісіне деген махаббатқа куә боласыз. Маңдайға біткен дүниесіне балап, шаң баспаған төрінен орын сайлап, қонақ келсе мейманына ойнап, шалдыққанда шаршауып басып, сарғайғанда сағынышын басып, ер көңілін сайрандатар көктеміне балайды. Өзінің ұстазы болған халықтың айтулы тұлғасы – Ахмет Жұбанов өнердегі шәкіртіне домбыра тарту еткенде «Асыл ағам, жан ұстазым сыйлаған, Домбырамды сыйламаймын ешкімге», - деп алтын қазынасына балап жырға қосты. Дүниенің бәрін алса да айырбастамайтын сыйлыққа теңеген сөздерінен қазақтың қара домбырасына деген шексіз құрмет есіп тұрады [5].

Сағи Жиенбаевтың табиғат туралы жырлары - саяси-әлеуметтік тақырыбына жазылған шығармаларының қатарын толықтырады. Дегенмен қаламгердің Махамбет ақын жүрген жерлерде болғандағы «Алғашқы толғаныс», «Бейіт басында» деген жырларына тоқталып, ондағы негізгі желісін жеткізудегі табиғат көріністерін пайдаланған, осылайша екі тақырыпты байланыстырған шеберлікті көрсеткім келеді. Өйткені батыр да ақын баба дәурен кешкен қасиетті топыраққа қадам басқан жан сол өлкенің әр құбылысына, тау-тасы мен аспанына, жазық даласының әр құбылысына сергек қарап, үлкен әсерлі туындылар дүниеге әкеледі. «Алғашқы толғаныста» мүлгіген тыныштықты бозкөдедегі байғұстың боздаған даусы ғана бұзатын жапан бетпақты күн көзі күңгірт тартқанша аралап, Махамбет баба өмір сүрген кезеңді қиялымен шолады. Күркіреп өткен қара бұлттың дауысына құлақ түріп, келмескен кеткен шайқастар туралы тілдеседі. Бұлттарды арғымақ атымен жүйткіген ақынға теңеп, жарқылдаған қылыш, от қамшылар аспанды айырған астан-кестен ұрыс алаңымен алға шыққан батырды суреттейді. «Бейіт басында» деген жырында мәңгілік мекенінде мызғыған ақынды толғандырған жер, шөл қандырған көл, ойландырған қызғыш құсына тамсанып:

Сендер болсаң, неге бір тіл қатпайсың,

Енді неге ақын құсап ақпайсың.

Көп еді ғой оның көргені өмірде,

Соның бәрін неге ішінде сақтайсың, - дей келе, қара жер бауырына басып, жатқанды да көзінен жасырғасын, ешкімге қатысы жоқ сөзімен тек өзімен-өзі тілдескенін жеткізді. Негізгі ойы ғазиз жан жерленген тарихы терең өлкеге сапары болғанмен, тебіреніске тұнған туындылардың өне-бойынан табиғат көріністері арқылы өрбіген ой тұнып тұр. Осында табиғат келбеті, тіршілік мұраты, өлім... бәрі де бар емес пе? Қай туындысы болмасын осылайша ойлы да терең айтылатын Сағи Жиенбаев жырлаған тақырып мейірінше кең. «Қазақ» деген ұлы халықтың ұлттық қасиеттері мен бүгінге дейінгі бастан өткерген қасіреттерін өзіндік өрнекпен, мөлтек сюжетке құрып, мөлдіретіп жеткізе білді. Ақын қаламынан дала суреттері көктегі күн, ай, жұлдыз, жердегі гүл-шалғын, өзен-көл, қыр-қырат, ауадағы самал жел, тұман сиқырлы құбылыстарға айналып шыға келеді. Мысалға қарапайым бұлттардың өзіне ақынның қыл-қаламынан кейін өзгеше көз тігеміз: «... Бір шөкім бұлтқа тіреліп, Сәулелер жерге тұр саулап» немесе «Балапан бұлттар жүр жүзіп, Балбырап тұрған ауада» әйтпесе «Бөлініп қалған үйірінен, Қарайды жуас ақша бұлт...». Көзі қырақты жан үшін қамтылған деталь – бұлт, бірақ бірде сәулелерін саулатқан мейірімді, бірде балбыраған ауада жүзіп жүрген балапандай, ал кейде үйірінен адасып қалған аңқау бұлттар. Осылайша

мөлдір сезім жыршысы табиғаттың бірыңғай сұлу шақтарына сүйсінумен жүреді.

Сағи Жиенбаевтың поэзиясы арқылы Қазақстанның қиыр түкпіріндегі ешқайда құймайтын кішкентай Жем өзені, сонау Ақ жайық пен Атырауға ақ толқын жамыратып, Сырмен сырласып, Ертіске еркелеп, Көкше көріністерімен жалғасады. «Қарақалпақ жерінде», «Қарақұм оттарына» көз тігіп, «Ыстықкөл самалына» құшақ ашып, «Кавказ дәптерінен», «Акеділге» асады. Туған жерге арналған өлеңдері сәбилік сезім өмірінің ақырына дейін Сағи суреткерлігінің жібек желісі, алтын арқауы. Оқи отырып Сағи Жиенбаевтың өлеңдері неліктен, Мұқағалиды таңғалдырарлықтай «бірде-бір тәртіпсіз буыны жоқ, артық өлшемі» жоқ болып келетінін байқаймыз. Шынымен тәртіпті сүйетін оның ойынша қасірет тағдырдың жазуы шығар-ақ, бірақ оның орнын бәрібір қуаныш басуы керек, әр таң бір қуаныш сыйлауға тиіс. Әрине олай жасайтын құдіреті болмаса да ақын соған тілектес, өзі көрмеген қызықты өзгелердің көргенін тілеп тұрады. Бұл жалғанда оның түзеткісі келмейтін құбылыс жоқ еді. Көгілдір көктемнің де барлық аймақта бірдей уақытта бірқалыпты шыраймен тұрғанын қалайды. Осылайша бір құс кикилап, айнала күйге толған шақтың рахатынан ләззат алып отыра берсе еш жанның мазасын алмайтын Сағи ақынның аяқ астынан табанына қызу құмын басқан туған даласына сағынышы оянады.

Жетті ме көктем Жемге де,
Кетті ме қыстың ызғары.
...Жайсыздау еді бесқонақ,
Бесқонақ қалай өтті екен...

Негізінен, бесқонақтың әлегі мен мұз түсуі соншалықты әбігерге саларлықтай құбылыс емес, әр жыл мезгілімен бірге келетін сәттері. Мүмкін өзге өнер иелері оны елемес, тек шырайлы жыл мезгілінің керемет кезеңдерін майын тамыза жырға қосар. Ал сезімтал Сағи Жиенбаев оңтүстік өңірлерде жүріп мамыржай мезгілдің ең алғаш куәсі болғанына қытымыр қысы қайта қоймайтын жерлестерінен ыңғасызданғандай, оларды уайымдайтындей көңіл-күйде. Туған өлкесі – Жемге көктемнің кешігіп келетінін есіне ала отырып, туған жерінен жырақта болса да жан-дүниесімен сол жақты сезінеді. Осылайша жер шарындағы барлық құбылысты әрдайым әсем арнаға ғана тоғыстырғысы келетін ақиық ақын «тәртіпсіз буынға, артық өлшемге» қалайша ұрынсын. Оған қазақтың біртуар қаламгерлерінің айтулысы Төлеген Айбергеновтің «Мен мынау ыстық жүрегімменен қара тасты да сағынам, Қаланып қалса тәртіппен!», - деген жолдары шашбауын көтеріп, қолдау көрсеткендей. Бірақ тәртіпті жыр жолдары жалпыға бірдей жаға бермесі анық. Өзіндік стилімен Жүмекен Нәжімеденовтің қилы-қилы шарпылыстарға толы, қоңыр бояуға үйірсектейтін жыр-толғаулары немесе Мұқағали Мақатаевтың шымбайға батыратын шындықшыл, тізгінді тартып ұстауға құлқы жоқ қарқынды жырлары да оқырмандарының биік бағасын иеленді. Қос қаламгерге кейінгі буын ғана емес, өз тұсында жүрген замандас әріптестері де еліктеп қалам сермеді. Ал байсалды Сағи ақын өз қалпынан ауытқымады. Туындыларынан көрініп тұратын бірқалыпты мінезімен бірге сұлулыққа ғана ынтазарлығы болса керек. Ол сәулелі сәуірі, мамыржай маусымы, шырайлы шілдесі, тамылжыған тамызы бар арбасу мен арпалысы жоқ өз әлемінде жырға баурады. Байқағанымыздай оның өлеңдерінде көктем тақырыбы басымырақ. Иә суық қахарын төкпейтін, бұлтты қабағын

түймейтін, әрдайым жадырап-жайнайтын, кіршіксіз, гүл-шегегі құлпырған дүние – Сағи Жиенбаевтың ең басты стихиясы десек те болады. Оның топтамалары «Ақ самал», «Таң алдында», «Дала гүлі», «Қайырлы таң», «Іңкәр дүние», «Бозторғай» деп аталуы да сондықтан секілді деп ойлаймын.

Сөз сиқырын бойына сіңіре білген, көзі қырағы, қолы зергер Сағи Жиенбаевтың поэзиясындағы саяси-әлеуметтік лирикасы туралы жазу үстінде күнге қызынған құндыз сауыры, аспанға лақтырған айна сынығы сияқты: сәулелі де шұғылалы, нұрлы да сырлы жырларынан ләззат алып, сезімге толы туындылары ерекше әсерге бөледі. Адамға тән қасиеттерді өзіне тән мақамымен жырлаған ақынның өнер айдынынан армансыз сусындап, түрлі тарихи кезеңдерге де шолу жасай келе өміршең өлеңдері уақыттың заңына бағынбайтынына көз жеткіздім. Өйткені, ол қалам тартқан тақырыптар тіршілік иесімен тыныстай бермек, ал Сағи ақынның зергер қолымен жазылған шебер шумақтар өнерді бағалар оқырманы тұрғанда бағасын жоғалпайтыны сөзсіз.

Әдебиеттер:

1. Асанов С. *Бақытымды жырлаймын.* – Алматы, 1980. – 152 б.
2. Қабдолов З. *Сөз өнер.* – Алматы: Санат, 2002. – 32 б.
3. Ашықбаев Е. *Өлең мен өмір.* – Алматы: Дәстүр, 2015. – 95 б.
4. Ергөбек К. *Өлеңсөз.* – Алматы: Ел-шежіре, 2012. – 31 б.
5. Жиенбаев С. *Он томдық шығармалар жинағы. 1 том.* – Алматы: Мереке, 2014. – 166 б.

**Садыкова А.Т., Кобданова Р.С.
СОЦИАЛЬНО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ ЛИРИКА В ПОЭЗИИ
С.ЖИЕНБАЕВА**

В данной статье сделан анализ произведений видного представителя казахской литературы, поэта-лирика Саги Жиенбаева, написанных в лирическом социально-политическом направлении. Систематизировав ряд лирических произведений поэта, прозванного «поэтом чувств», по следующим темам: война и мир, труд, искусство, жизнь, родители, дети, младенец, выявили в них приоритетность гражданских мотивов. Были охвачены несколько баллад, поэмы, написанные на основе сказок и былин, поэмы, пропагандирующие патриотизм, любовь к Родине, события Великой Отечественной войны, героизм и трудолюбие, тем самым был пополнен широкий круг проблем, которые раскрываются в произведениях видного поэта. Через идейно-тематические основы того, что он пропагандировал, поднятые им проблемы, манеру и опыт превращения им реальной истины в поэтические строки, способы и методы, мы показали мастерство поэта. Анализируя труды других авторов вокруг актуальных проблем, мы ставили целью показать и раскрыть своеобразные особенности поэта. Мы еще раз убедились в том, что стихи, созвучные с жизнью человека, никогда не теряют своей ценности.

Ключевые слова: Национальная поэзия, поэтическое искусство, Саги Жиенбаев, лирическое произведение.

Sadikova A.T., Kobdanova R.S.
SOCIAL AND POLITICAL LYRICS IN THE POETRY OF S.
ZHIENBAYEV

This article analyzes the works of a prominent representative of the Kazakh literature, poet-lyricist Sagi Zhienbaev, written in the lyrical socio-political direction. Systematizing a number of lyrical works of the poet, called "poet of feelings", on the following topics: war and peace, work, art, life, parents, children-the baby, revealed in them the priority of civil motives. Several ballads, poems written on the basis of fairy tales and epics, poems promoting patriotism, love for the Motherland, the events of the great Patriotic war, heroism and hard work were covered, thereby replenishing a wide range of problems that are revealed in the works of the prominent poet. Through the ideological and thematic foundations of what he advocated, the problems he raised, the manner and experience of turning his real truth into poetic lines, ways and methods, we showed the skill of the poet. Analyzing the works of other authors around topical issues, we aimed to show and reveal the peculiar features of the poet. We have once again made sure that poems, consonant with a person's life, never lose their value.

Key words: National art, Kazakh poetry, Sagi Zhienbayev, native land, nature.

ӘОЖ 82 (574)

Рахманова Н.М. – филология ғылымдарының кандидаты,
профессор м.а., Алматы университеті
E-mail: 55rnm@mail.ru

ТАРИХИ ТҮЛҒА ЖӘНЕ КӨРКЕМДІК ШЕШІМ

***Аңдатпа.** Мақалада «Абай жолы» эпопеясының бас кейіпкері Абай бейнесін суреттеудегі автор ұстанымдары сөз болады. Автордың кеңестік заман талабы тұрғысынан саналы түрде тарихи шындықтан ауытқуға барған тұстары айтылады. Әуезовтің эпопеядағы Абайдың көңіл-күйін беруде оқушыны алдымен кейіпкердің сыртқы реңіне аудартатыны нақты мысалдармен беріледі. Жазушының кейіпкер портретін беруде кескіндік сипатты іс пен мінездің бірлігіне апаратыны айтылады.*

Төрт кітаптағы Абайдың ұқсастықтары мен ерекшеліктері сараланады. Бірдей де емес, бірақ бөлек те емес Абай бейнесін сомдаудағы Әуезов даналығы мақалада зерделенеді. Эпопеяда Әуезов Абай шығармашылығының лабораториясын сюжет құруда сәтті пайдаланғаны, ақын өлеңдерінің тағылымдық сипаты ашыла түскені мақалада айтылады. Мақалада Абай қасында суреттелген Көкбай мен Шұбар бейнелеріне сипаттама беріледі. Мақалада Абай санасындағы ой арналысы ішкі ой монолог арқылы берілетіні және төртінші томда жазушының психологиялық суреттеу құралдарына, ой ағысына көбірек барғаны айтылады.

***Тірек сөздер:** автор ұстанымы, символдық мағынасы, жиын бейне, кейіпкер портреті, шығармашылық лабораториясы, ішкі ой ағысына, өлімнен кейінгі өмір, символдық форма, антиидеалды кейіпкер, социалистік реализм.*

Эпопеяның бас кейіпкері Абайдың болмысы туралы әңгімелер Әуезов көкірегінде бала күннен хатталған. Абай сынды халықтың ары да, намысы да болған тұлғаның көркем бейнесін әдебиет әлеміне әкелуге жазушының кейіпкерімен бір топырақта дүниеге келуінің де әсері бар. Тағдыр сыйлаған ғұмыры Әуезовке қазақтың Абайын, әлемнің Абайына көтеруге мүмкіндік берді.

1938 жылы бастап, 1940 жылы «Телғара» атты романын аяқтаған Әуезов «Абай туралы роман жазам деген ойда жоқ» дейтіні де бар. Жазушыға бала кезден құлағына сіңісті, көзіне қанықты жайттар жазбауына мүмкіндік бермеген сыңайлы. 1942 жылы «Абай» деген атпен екі томдық кітап жарық көрді. 1940, 1942 жылғы басылымдардағы кейбір кісі аттары кейінгі кітаптарда өзгертілді. Дулат – Барлас, Жанак – Садақ, Түбек – Шүбек, Сабырбай – Қадырбай деген есімдермен ауыстырылды. Бұған бұл ақындардың сол тұста саясаттың ықпалымен байшыл-феодалдық бағытты ұстанушылар деп, оқулықтардан шығарылуының да, автордың жиын бейне жасауға талпынысының да әсері бар.

Жазушының алғашқы романын «Абай», екінші кітапты «Абай аға», кейінгі төрт томды «Абай жолы» аталуында да астарлы мән бар. Автор осы ұстанымын эпопеядағы жиырма алты тараудың аттарын қоюда да басшылыққа алған. Тарау аттары сонда суреттелетін оқиғалардың психологиялық күйін беруді мақсат тұтқан. Эпопеядағы тарау аттарының символдық мағынасы туралы алғаш зерделікпен пікір айтқан – Ғ.Мүсірепов [1, 45 б.].

Бірінші кітапта азамат ретінде қалыптасқан Абай, кейінгі кітаптарда ақын, қайраткер бейнесінде ой мен сананы, сыр мен сезімді қатар ұстап, өрлей өседі. Өмірдегі әр түрлі көрініс, қарым-қатынас, жер дауы, жесір дауы, рулар арасындағы тартыстар Абайдың пісуіне, маңайын танып талдауға ықпал етті. Қимас, қадірлі әкесінен де, әділдік, шындық іздеген көңіл Абайды бірте-бірте жатсындырады. М.Әуезов Абайды оп-оңай халыққа тели салмайды.

Абайдың көңіл-күйіндегі өзгерістерді алдымен оның сыртқы реңінен байқаймыз. Тумысында қоңыр өңді Абай өңі ішкі жан толғанысының реңіне қарай, өзгеріп отырады. Абайдың қоңыр жүзі эпопеяның өн бойында: бірде ұялып қызарады, аурудан кейін бозғылданады, Тоғжанға ғашық болған түні ұйқы көрмей сұлық тартады, Салиха дауына билік айту тұсында көңіліндегі қобалжу, қысылу әсерімен ақшылданады, Әбдірахманның ауырып жатқанын естігенде аппақ қудай болады.

Романда үнемі өсу үстінде бейнеленген Абайдың өзіндік ерекшеліктері мен өзгерістері сан қырлы. Автор өзгерістерді екшей келе, кейіпкер болмысын жете таныту үшін, Абай көзіндегі өзгеше отқа назар аударады. Байдалының Абай көздерін «сексеуілдің шоғына» балауында да астар бар.

Абай бар ықыласымен, адал көңілмен сәлем бергенде Бөжей сенбегендей қалып танытқанда, кінәлап, ренжіген жазықсыз баланың отты көздері жарқ етеді. Құнанбай әділетсіздігін естігенде, Абай көзіндегі от өшкендей болады. Эпопеяда Абай көзқарасы үнемі өзгеріске ұшырап отырады.

Бірінші кітапта суреттелген Абай мен төртінші кітаптағы Абай бір емес, бірақ мүлде бөлек те емес. Төртінші кітапта Абай көздерінде мұң, мысқыл көбірек көрінеді. Әбіш әкесімен қаладағы Шәрібжан, Юнусбек халфелермен сөз қақтығысы тұсында «ақ-қарасы әлі де ап-айқын, шошақтау біткен көздерінде салқын күлкі, ащы мысқыл аралас отырғанын байқайды».

3.Шашкин жазушының кейіпкер портретін беруде кескіндік сипаты іс пен мінездің бірлігіне апаратынын дәл танып, «көздің түсінің ғана бояуы табылмаған. Көзде қандай сыр бар, қандай ойдың көлеңкесі түскен, соны қатар беріп отырады ... көздің бояуымен қабат, көз нұрына толқыған сезімнің әсерін беру Әуезовтің жазушылық ерекшелігі деп білемін» деп баға береді [2, 196 б.].

Эпопеяның бірінші кітабында Абай өскен ортаның әлеуметтік шындығы барынша ашылады. Абайды ерте есейткен сахарадағы әр түрлі қарым-қатынастар тізбегіне Қодар-Қамқа драмасының, Барлас, Байтас, Шөже жырларының, Бөжей, Байсал, Сүйіндік, Байдалы, Қаратайлармен болған әңгімелесулердің, Қарқаралы сапарының, Кәмшат тағдырының өзіндік үлестері бар.

Эпопеяның екінші кітабында көкірегінде көзі бар Абайдың ақындық атты әлемдегі үміт-арманы, ізгілікті аңсауы, бұрын қазақ поэзиясында көрінбеген жаңа ойларды айтуға жолашар болған жағдаяттар көрініс береді. Абайдың ақындық әлемінің қуаттануына екі үлкен құбылыстың әсер еткенін жазушы бағамдап жеткізеді. Абайдың қазақ даласына жер ауып келген ойы озық, саясат қыспағына қасқая қарсы тұрған өжет идеяны тұтынушылармен пікірлес болуы, ақынның қоғамдағы алатын орнын жан-жақты зерделеуі – оның алғашқысы. Ақынның ел келбетін танып, халық мұратын ұғынып, қиянат-қысастықты тізгіндер ізгілікті іздеуі – екіншісі.

Қазақ болмысының табиғатын тануға талпынған Абайдың ақыл-ой ізденістері – ел басындағы келеңсіздіктің бәрі, надандық пен қараңғылықтан дегенге жүгінеді. Ол қазақтың өзге жұртпен байланысының өрісті болмауы, томаға-тұйықтық, жасану үрдісіндегі жаңалықтардан шет қалуы, күнкөріс қарекетіне әсер ететінін терең түсінеді.

Ояз бастығының өтінішімен болыс сайлауының әділ өтуін қадағалаған Абай бұрын бір мәрте болыс болып, елге жақпаған Тәкежанды үміткерлер тізімінен сыздырып тастайды. Бұл оның жақын-жұрағаттың мүддесін емес, көпшіліктің мүддесі орындалуын нысанаға ұстайтынын білдіреді. Сайлауды мүмкіндігінше әділ өтті деп санаған Абай, өзі қолтығынан демеп болыстыққа өткізген адамдарының сертінен тайып, ел мүддесінен өз мүдделерін алдыға шығарғанын естігенде, ізгілік мұратын іздеген көңілі су сепкендей болды. Адал еңбекті аңсаған үміті орындалмағанына қапаланады.

Ералыдағы жатақтардың өмірі де Абайдың бір бүйірінде. Сәті келген мезгілде олардың тіршілік қарекетін көріп, Дәркембай, Дәндібайлармен дидактасуды өзінің парызы санайды. Жаңа тірлікке ойысқан кедей-кепшіктің бұрынғыдай ауқаттының қабағына қарамай, өз күнкөрістерінің көзін тауып жатқаны оны қуантқандай. Жатақ деп аталатын шоғырдың отырықшыға бет бұрғанын, енді баяғысынша тек мал соңынан жүрмей, егін салу, бау-бақша өсіруге талпынысын жақсылықтың хабаршысындай сезінеді.

Майбасар, Тәкежандардың жатақтарға қысастығын, пісіп тұрған егінге жылқы қаптатқанын, бірер қараларын ұрыларға олжалатқанын естіп, тағы да өзім дегендерге көңілі суынып, солардың жөнсіз, сотқар қылықтары үшін топтана қоныстанған тобықтылардан кешірім сұрайды. «Осыншама жауыздықты істеп отырған менімен бір әке, бір шешеден туған – бірі аға, бірі іні болмыс. Сендерге солар үшін мен де қылмыстымын...

«Арсыз қолым істеді, арлы бетім ұялды» дегенім кімді жұбатады? Сендерді не деп уатады?». Бұл – жатақтар басындағы ауыр халді көріп, күйінген өкініш пен наладан туған жүрек шері.

Абай көңіліндегі мұң мен жатақтар мұңының үндестігі байқалады.

Жатақтарға сес көрсетіп, қорқытып ұстауға құмар топпен бітіспес айқасқа шыққан Абай қоғамдағы қайшылықтарды көкірек көзімен сезеді. Тамыры терең қайшылықтан туған тірлік тартысына Абай ақыл көзімен қарайды. Түрлі қақтығыстардың төркіні әлеуметтік теңсіздікке келіп тірелетінін сезінген сайын Абай көңілі құлази түседі. Жатақтарды жұттан құтқарудағы арпалыс, Шүйгінсудағы Әзімбай жанжалының кесірі, Құнанбай соғымға даярлатқан малдарының қолды болуы, Базаралы мен Нұрғаным сыбысы, тоналған керуен, жоғарыдан келген чиновниктердің аттарынан айырылып, жаяу қалулары, Қаумен қарттың балаларының қуғынға ұшырауы – бәрі Абайды күйзелтеді.

Ояздың тапсырмасымен Салика қыздың дауын шешу тұсында Абай өзіне көмекшілікке таңдаған Оразбай мен Жиреншенің параға сатылып, әділетсіз үкімді жақтағандарына налиды. «Ата жолынан өзің де азып, елді де аздырып тұрсың» деген Жиренше мен Оразбайға: «Мен Кеңгірбайдың ұлы емеспін. Адамның ұлымын», - дейді Абай.

Балқыбек сиязында Жиренше, Тәкежан, Майбасарлар Абайды жамандаса, Жиренше мен Оразбайлар «Көрерміз» деп тістерін басып қайтады. Ал даудың иелері Найман мен Керей жағы: «Бұрынғы қара қазақ жолынан жолы басқа, үні басқа, лебінде елге ем болайын деп тұрған жақсы ырым бар, сөзі дуалы, беті алмасты, бұл өңірдің абыройлы адамының бірі болғалы тұрған жан екен!» деп бағалап, тарқасады.

Салика қыз дауын шешуде әділетсіз әдет-ғұрыпқа қарсы жаңа жол ұсынған Абай гуманизмі асқақтай түседі. Теңін аңсап, тілегі болмаса суық құшақтан тұңғыққа батып, өлгенді артық санған Салика қыздың тағдыры мен Абайдың «Бір сұлу қыз тұрыпты хан қолында» балладасында үндестік бар.

Эпопеяның екінші кітабында автор Абайдың ақындық табиғатына, оның бастау бұлағының тамырына, ақын шығармашылығын нәрлендірген және оны тудырған себептерді ашуға көбірек көңіл бөлген.

Абай мен Ербол адасып, тағдыр айдауымен Шүкіманның үйіне түсіп, Абайдың көзшырымын алған сәттегі көрген түсінде ақын болашағына болжам бар. Абай түс пен өңін ажырата алмаған сәтін дұрыс түсіне алмай, тек бал ашқандай боп, бұлдыр болжам жасайды.

Өз өмірінің алдын көруді бақсы-балшы, сәуегейлікке емес, Абай ақындыққа балап, «осы мен тегі ақын болсам керек» деген сөзді тәңірден келген шабыт үстінде айтқан еді.

Әуезов Абай шығармашылығындағы орыс әдебиетінің ықпалын әсерлі суреттеген. Эпопеяның екінші кітабындағы соңғы тарау «Биіктеде» Абайдың Пушкин поэзиясымен табысқаны, одан алған нәрін халқына ұсынғаны, қос ақынның рухани жағынан үндестіктері барынша шеберлікпен айшықталған.

Эпопеяда Абай шығармашылығының лабораториясына жазушы емін-еркін еніп, қазақ қоғамының көркін бейнелеудегі ақынның ақыл-ой, білім-парасатын танытатын біршама өлеңдерінің тағылымдық сипаты заманның рухани мұратына сай дүниелер екенін әдемі сабақтастыра бедерлеген. Абайдың «Айттым сәлем, Қаламқас», «Көзімнің қарасы», «Бір сұлу қыз тұрыпты хан қолында», «Жарқ етпес қара көңілім не қылса да», «Қараша,

желтоқсан мен сол бір-екі ай», «Қансонарда бүркітші шығады аңға», «Жасымда ғылым бар деп ескермедім», «Малға достың мұңы жоқ, малдан басқа», «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы», «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат», «Өлсем орным қара жер сыз болмай ма?», «Әсемпаз болма әрнеге», «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» сынды поэзиясының дүниеге келу тарихы, сол тұстағы ақын көңілінің түкпірі эпопеяда аңғарылады.

Эпопеяның үшінші кітабында Абайдың азаматтық тұлғасын, ақындық талантын тани, құрметтей білген, ақын жанынан табылған ізгілік жанашырларының өрісі, дүниетанымына жазушы ден қояды. «Абай аға» тарауында көшіп келе жатқан Абай аулының көш бастаушыларының алдыңғы қатарына автор Абай, Көкбай, Шұбарды шығарады.

Көкбайға эпопеяда жазушы жылы емеурін танытпайды, қайшылықты кейіпкер ретінде суреттейді. Көкбайдың Абаймен жақын сыйластықтары туралы әңгімеге жете қанық Әуезов оның 1924 жылы ақынның өмірбаянын құрастыруға барынша зор көмек еткенін айтады.

Абай тобындағы үшінші адам – Шұбар, оның түпбейнесі туралы әр түрлі пікірлер айтылуда. Шәкәрімге телу де бар. Шәкәрімді халық жауы деп таныған кеңестік саясат тұсында эпопеяда оны бар болмысымен сипаттау мүмкін емес еді. Өмірдегі Шәкәрімді өзгеріссіз тарихи кейіпкерге айналдыру автор үшін де, шығарма үшін де қауіпті қадам болатын. Ал оны Абай айналдасында болмағандай сызып тастау – тарихи шығармаға сын. Бұл жайды терең түсінген жазушы өмірдегі Шәкәрім бейнесін эпопеядағы басқа кейіпкерге тели суреттейді. Эпопеяда Дәрмен бойына Шәкәрімнің адалдығы, білімдарлығы жинақталғандай.

Үшінші кітапта Оразбай мен Жиреншенің Құнанбай балаларымен бәсекелесуі оларға деген кегі мен ұстасуы жан-жақты сипатталады. Өзгенің қолымен от көсеуге дағдыланған оразбайлар айдаудан келген Базаралыны да өз мақсаттарына тартады.

Қарамола сиязында бас қосқан бір отырыста: «Осы Абайды қазақ неге жақсы дейді? Бұның аузына қарап, алыс-жақынның бәрі неғып ұйып қалады?» деген сұрақ тасталады. Абайға қарсы топ қазақ даласына келіп жатқан жаңалық сәулесінен шошынады, ел ішіндегі дау шырғалаңның түрткісі Абай деп түсінеді, қайтсе де оны сүріндіру – олардың басты мақсаты.

Төртінші кітапта Абай өмірінің соңғы жылдары суреттелген. Ақын енді жеке ру тартысының ортасында емес, халық тағдыры шешілетін жерде, қалың елдің қамқоршысы бейнесінде бедерленеді.

Семей қаласына тараған оба ауруы тұсында халықтың осы қырғынан сақтану жолындағы Абай әрекеті кезінде де автор қоғамдық қатынастың табиғатын сездіріп кетеді. Абайдың дін иелеріне, қазақтың ұлтшыл оқығандары мен түгелтүркіліктерге (панисламистерге) қарсы күресін баяндау тұсында Әуезов өзі өмір сүрген заманның саясатымен санаса ой өрбітеді. Автор қазақ халқының болашақ тағдырына жаны тызылдаған Абайды өзі өмір сүрген кеңестік тұстағы саясатқа ие, бағындыра отырып сөйлетеді.

Өмір тартысы қажытқан шарасыз халдегі Абайдың ішкі ой ағысына «Абай жолының» соңғы кітаптарында көбірек орын берілген. Оспан қазасы Абай көңіліндегі құлазудың, жалғызсыраудың басы болса, сүйікті, сүйеніш етер ұлы Әбіштен айрылу ақынды шошындырады.

Оразбай мен Сәмен небір сұйықтық, қулық, зымияндық әрекеттерін ендігіде жалтақсыз жасау үшін қайтсе де Абайды тұқыртуды, жер қылуды,

тіпті жоқ қылуды ойлаған сұмдық қадамға барарда тобықтының біраз руларының бай-бағландарымен сөзді пісіруімен тынбай, үш Ырғызбай баласы Тәкежан, Әзімбай, Шұбардың да алдарынан өтеді.

Бұл құпия байлаудың түйіні – Абайды аруақ атынан садаға етудің амалы еді. Абайдың оязға кірмек ниетін естіген Сәмен тобы сұмдық әрекетке барады. Осы тұстағы авторлық баяндау әлеуметтік-философиялық ой арқалаған: «Жауыз дұшпандардың күндіз-түн, айлар бойы, жылдар бойы қамауында келе жатқан, талауын тосқан, бірақ тәуекел етіп, шыдап тосқан Абай, бүгін өлімнен бетер жаза шекті. Бұның басына тиген соққы, етіне тиген жара, бетінен аққан қан, беймезгіл заманның адал ұлын қасқырша талаған қас қимылдың айғағы еді. Ол соққы Абайға ғана тиген соққы емес, қазақтың халқының арына соққан сұмдық соққы болды».

Автор кейіпкердің сол сәттегі жан қиналысын, ой арпалысын «Несіне тірі қалдым, өлсем етті!» - деген сөздермен береді.

Абай басындағы қамығу, торығу азасы қоюлана түседі. Мағауияның өз ауруының аңдысын хабар еткен хатын алғаннан кейінгі Абай санасындағы ой сергелдеңіне түседі. Абай басындағы психологиялық ахуалды ішкі ой монологы салмақтандыра түседі. Автор Абайдың сыртқы болмысын (көз жасының құрғауы, сөзден тыйылуы) беру арқылы, оның ішкі жан дүниесіндегі өзгерісті парақтайды. Өлім мен өмірдің аражігі беттескенде, Абай «өтіп кеткен» кісінің күйін басынан кешіреді. Өлімнен кейінгі өмірмен беттеседі. Тіршіліктен баз кешкен қалып танытады. Мағаш өткеннен кейінгі азалы Абайды, іле-шала естіген суыт хабар Ербол мен Базаралының қазасы мүлде есеңгіретіп кетеді.

Мағаштың қырқын беріп болған күннің ертеңінде қайтыс болған Абай өлімін автор символдық формада түйіндейді. Ілгерідегі (бірінші кітаптағы) шыңға шыққан жас шынарға жазушы қайта оралады: «Сонау бір шақта тасты тақыр, жылтыр биік басына жалғыз шыққан зәулім өскен алып шынар құлады».

Қазақты әлемге танытқан эпопеяның тақырыбы, идеясы, көркемдік келбеті туралы көптеген зерттеулер жазылды. Шығарма кеңес заманының талабы тұрғысынан жазылғанын, автор идеалды және антиидеалды кейіпкерлер жасауда социалистік реализм қағидаларына сәйкес дүние тудыруға ынталанғанын да естен шығаруға болмас.

Әдебиеттер:

1. Мүсірепов Ф. *Заман және әдебиет*. – Алматы: Жазушы, 1982. – 350 б.
2. Шашкин З. *Таңдамалы шығармалар*. 6 т. – Алматы: Жазушы, 1979. – 460 б.

Рахманова Н.М.

ИСТОРИЧЕСКАЯ ЛИЧНОСТЬ И ХУДОЖЕСТВЕННОЕ РЕШЕНИЕ

В статье рассматриваются основные принципы описания автором главного персонажа Абая в эпопеи «Путь Абая». В статье рассказывается отклонение автором от исторической правды под влиянием советского времени. Произведение Ауэзова при передаче настроение Абая, внимание читателя обращает на внешний вид где предоставляются примеры. В передаче писателем портрета героя, говорится о единстве действия и характера.

В четырёх книгах анализируется сходство и особенность Абая. В статье исследуется мудрость Ауэзова, где описывается образ Абая неодинаковость, но в то же время неотделимость. В эпосе Ауэзов, творчество Абая удачно использовал в построений сюжета, раскрывающий, познавательный характер стихов поэта. В статье даётся описание образа Кокбая и Шубар находящихся около Абая. В статье рассказывается борьба в сознаний Абая, которая передаётся через внутренний монолог и в четвёртом томе психологическое описание писателя уходит по течению мыслей. Ключевые слова: жизнь после смерти, символическая форма.

Ключевые слова: авторская позиция, символическое значение, собранное изображение, портрет героя, творческая лаборатория, внутренние течения мысли, жизнь после смерти, символическая форма, антиидеальный герой социалистический реализм.

Rakhmanova N.M.

HISTORICAL PERSON AND ARTISTIC SOLUTION

In the article the main principles of the description by the author of the main character of Abai in the epic "Way of Abai" are considered. It is told about numerous contradictions of the author, concerning historical truth with requirements and the point of view of Soviet time. In the epic Auezov to convey the mood of Abai, the students are described the tone of the character with the specific examples given. In the writer's portrayal of the portrait of the hero is told about the actions and character, which together leads to a smooth transition of character.

In four books, Abai's similarities and features are analyzed. The article explores the wisdom of Auezov, who describes Abay's image of one-sidedness and dissimilarity. The article tells about successful applications in the epic Auezov, the laboratory of Abay's work, for plotting the plot, the poet discovers the cognitive nature of the songs. The article describes the images of the characters Kokbai and Shubar, drawn near Abay. The article tells about the consciousness of Abai, the mental struggle, which is transmitted in accordance with the inner mental monologue and in the worm-like volume, more is told about the mental flow, the structure of the author's psychological image.

Keywords: author's position, symbolic meaning, collected images, portrait of the hero, creative laboratory, internal currents of thought, life after death, symbolic form, antiideal hero socialist realism.

УДК 378.02:372.8:81373:811.161.1.

Есимкулов Б.Н. – кандидат филологических наук,
и.о. ассоциированного профессора (доцента)
Жетысуского государственного университета им. И.Жансугурова
E-mail: Esimkulov.63@mail.ru

Щербовских И.Г. – кандидат филологических наук,
и.о. ассоциированного профессора (доцента)
Жетысуского государственного университета им. И.Жансугурова
E-mail: irochka_67@mail.ru

АНАЛИЗ СИНТАГМАТИЧЕСКИХ ОТНОШЕНИЙ ГЛАГОЛЬНЫХ ПОЛИСЕМАНТОВ В АСПЕКТЕ ЛЕКСИКО-СИНТАКСИЧЕСКОЙ КООРДИНАЦИИ

***Аннотация.** В обзорной статье проводится анализ синтагматических отношений глагольных полисемантов в аспекте взаимодействия лексики и грамматики. Объектом описания послужили абсолютные и относительные значения глаголов. Анализ исследуемого материала показал, что абсолютное значение полисеманта не так остро нуждается в анализе, как особенности окружения относительных значений.*

***Ключевые слова:** слово, синтагматика, глагольные полисеманты, валентность, сочетаемость, лексическая сочетаемость, синтаксическая сочетаемость, семантическая сочетаемость, автосемантичность, синсемантичность, диффузность.*

Предметом описания данной статьи являются синтагматические отношения относительных значений глагольных полисемантов в аспекте лексико-синтаксической координации.

Необходимость более глубокого раскрытия функционально-семантических свойств глагольного слова, отсутствие работ, специально посвящённых исследованию синтагматических связей относительных значений глагольных полисемантов средней частотности, определяют необходимость написания данной статьи.

Включение количественного критерия как дополнительного позволяет адекватно описать синтагматические связи многозначных глаголов и определить диапазон их сочетаемости с другими словами, так как "...частотность и значение слова находятся в пропорциональном отношении: чем выше частотность, тем шире значение, абстрактность влечёт более высокую частотность. В толковых словарях это более богатые полисемией лексемы" [1, с. 87].

Анализ синтагматических отношений глагольных полисемантов и исследование их семантической структуры показали, что между «глубиной полисемии» отдельного многозначного слова и его употреблением существует определённая соотносённость. Очевиден тот факт, что возрастающая глубина полисемии в семантической структуре слова ведёт к ослаблению деривационных связей между производными значениями полисемантов и его исходным значением вплоть до полного разрыва и образования омонимов, которые В.В. Виноградов расценивал как семантическую границу слова [2, с. 14].

Основным ядром описания являются глагольные полисеманты, семантическая структура которых содержит от трёх до семи значений и которые определяются как глаголы средней глубины полисемии. Современное состояние изученности лексической системы приводит к выводу о том, что "...Все виды непосредственных семантических отношений, в которые может вступать или которые может развивать данное слово, содержатся в свёрнутом виде в структуре его значения" [3, с. 83].

В связи с этим положением возникает вопрос о соотношении и взаимосвязи "внутренней" семантической организации глагольного полисеманта с межсловными (синтагматическими) связями, наиболее полно проявляющимися на текстовом уровне. Эти две стороны лексико-семантической системы представляют собой неразрывное единство. Описание коммуникативных свойств глагольного слова возможно только при учёте всех имеющихся в составе значения компонентов, так как "...употребление не безразлично к семантической структуре слова" [4, с. 37]. С другой стороны, характеристика значений глагольных полисемантов не ограничивается определением их внутрисловных связей, т.е. отношением к исходному для них значению. "..."Собственное" значение слова ... обусловлено его отношением с другими словами" [5, с. 114], т.е. оно зависит "от общественно осознанных и отстоявшихся контекстов его употребления, от конкретных лексических связей его с другими словами, обусловленных присущими данному языку законами сочетания словесных значений, от семантических отношений этого слова с синонимами и вообще близкими по значениям и оттенкам словами, от экспрессивной и стилистической окраски слова" [2, с. 6]. Иными словами, в характеристику значения входит его отношение к другим словам, то есть парадигматические отношения, создающие основу для установления слов в пределах лексико-семантических групп, а также отношения с другими словами, то есть синтагматические отношения, раскрывающие лексические связи, обусловленные законами сочетания словесных значений. Определяя содержательную характеристику слова, парадигматические и синтагматические отношения являются взаимосвязанными и взаимообусловленными (см. Шмелёв, Стернин, Васильев, Уфимцева и др.).

В лингвистической литературе существует достаточно широкий круг работ, связанный с проблемами синтагматики. Их анализ свидетельствует о наличии различных подходов к решению отдельных вопросов, касающихся сочетаемостных свойств слов. Textoобразующие потенции, присущие глаголу, объясняют усилившийся интерес исследователей к выявлению функциональных свойств глагола. Определение синтагматических характеристик относительных значений глагольных полисемантов требует уточнения ряда положений. Исходной точкой в исследовании синтагматических отношений глагольных полисемантов средней частотности является мысль о делении слов на относительные и абсолютные, т.к. их синтагматические свойства существенно отличаются.

Идея о разделении слов на абсолютные и относительные первоначально нашла отражение в работах немецких грамматистов Пауля, Бехагеля, а затем в трудах чешских и отечественных лингвистов – В.Шмилауера, Л.В. Щербы, В.В. Виноградова и др. Ср.: «Значение многих слов указывает на отношение к другим, что, как правило, требует языкового выражения. Так, такие слова

требуют дополнения со стороны другого, которое рассматривается как зависимое от него» (Бехагель).

Замечание В.В. Виноградова о том, что ... «вернее было бы говорить об абсолютивных и относительных значениях слов» [6, с. 29], вносит существенные коррективы в понимание категории абсолютивности/относительности и выводит проблему сочетаемости в плоскость лексико-синтаксической координации.

Поскольку семантическая типология лексических значений и предлагаемая функционально-семантическая типология, в основе которой лежит выделение абсолютивных и относительных значений глагольных полисемантов, строятся на разных основаниях, следует определить признаки, характерные для той или другой классификации значений, степень их соотносённости, критерии, позволяющие дифференцировать значения в пределах этих семантических типологий.

Коммуникативные свойства абсолютивных и относительных значений находят своё выражение только на уровне коммуникативных единиц, в которых реализуется связь, предопределённая самим словом, как единицей, обладающей комплексом лексико-грамматических свойств, которая не зависит от выполняемой им синтаксической функции в предложении. Это делает необходимым исследование присловных подчинительных связей относительных значений глагольных полисемантов, в которых проявляются лексико-синтаксические свойства соединяемых слов. Поэтому исходным звеном в исследовании синтагматики относительных значений глагольных полисемантов являются словосочетания, т.к. синтагматические лексические связи реализуются в минимальном сочетании двух слов – «слово-слово», в связи с чем «при анализе лексических связей слов предметом изучения являются ... минимальные сочетания однозначных слов, в которых реализуются системные возможности лексем» [7, с. 200-202].

Противопоставление абсолютивных слов и слов относительных в отечественной и зарубежной лингвистике осуществляется в различных терминах: абсолютивные и релятивные слова (В.Шмилауэр, Р.М. Гайсина), абсолютивные и относительные значения (В.В. Виноградов), слова закрытой и открытой семантики (Г.А. Золотова), информативно достаточные и информативно недостаточные слова («Русская грамматика») и др.

В ряде работ выделение вышеназванных типов осуществляется с учётом степени семантической наполненности значения [6, с. 9], Русская грамматика, [8, с. 16). «Некоторые слова для полноты смысла обязательно требуют распространения (...), другие и без такого распространения образуют целостное обозначение действия ...», - указывает В.В. Виноградов [6, с. 9]. Степень семантической наполненности слова определяет и степень необходимости наполнения смысла данного слова другими словами. Общий принцип выделения слов абсолютивных и слов относительных, провозглашённый в названных работах, не свидетельствует, однако, о единых результатах анализа конкретного материала. Так, например, глагол *купить* у В.В. Виноградова отнесён к относительным словам, в то время как подобные глаголы в «Русской грамматике» квалифицируются как информативно достаточные, то есть абсолютивные, хотя и характеризуются высокой степенью регулярности или предсказуемости тех или иных связей. Подобные расхождения наблюдаются в силу того, что значения обладают различной

степенью абсолютности/относительности. Вопрос же о степени заданности восполнения слова с относительным значением изучен недостаточно. Сравните замечание Р.М. Гайсиной о том, что между абсолютными и относительными словами «располагаются слова, в значениях которых релятивные семы сочетаются с нерелятивными» [4, с.13]. Существование переходной зоны от полюса абсолютности к полюсу относительности делают границы между этими полюсами размытыми. Тем более, что эти границы могут пролегать не только между группами слов и отдельными словами, но и между разными значениями одного слова.

В качестве критерия отнесения слова к относительным или абсолютным принимается не только степень семантической наполненности/ненаполненности, но и способность слова к семантическому/и синтаксическому распространению, а также наличие/отсутствие в его значениях релятивных сем. «Абсолютными следует считать слова, не имеющие в своих значениях лексических релятивных сем (...). К релятивным же относятся слова, в значениях которых включается хотя бы одна из разновидностей релятивных (относительных) сем» [10, с. 27-28].

В связи с тем, что описание синтагматики глагольных полисемантов осуществляется по одному из значений многозначного слова, вопрос о выделении абсолютных и относительных значений оказывается тесно связанным с проблематикой семантической типологии лексики. Мысль о необходимости последовательной характеристики относительных значений глагольных полисемантов высказывалась В.В. Степановой: «Сложность и разветвлённость связей, которые присущи многозначным словам, требуют своего осмысления и обобщения с учётом семантических качеств полисемантических слов» [11, с. 4].

Несмотря на то, что семантическая типология лексических значений и функционально-семантическая типология, которая базируется на делении значений на абсолютные и относительные, имеют разные критерии в своём выделении, в одном случае – качества слова как единицы лексической системы, в другом – качества слова как коммуникативной единицы, появляется необходимость их соотнесения как типологий, имеющих общую семантическую основу.

Дифференциальными показателями качественных различий в семантической структуре слова является их предметно-понятийные, парадигматические и синтагматические связи. На основании этих показателей определяется противопоставление свободных и связанных значений. Свободные номинативные значения характеризуются непосредственностью понятийных связей. Синтагматическая характеристика, как правило, отражает необусловленность проявления этого значения лексическими, синтаксическими и парадигматическими связями.

По парадигматическому параметру свободно-номинативное значение характеризуется широтой связей.

Выдвинутая В.В.Виноградовым типология лексических значений ориентирована на многозначные слова, в семантической структуре которых выделяются основные значения, «как бы непосредственно направленные на «предметы», явления, действия, качества действительности и отражающие их общественное понимание» [2, с. 172], а также производные номинативные и переносные значения.

Объединяя производно-номинативное значение с основным (как прямые) и разъединяя их (в плане развития их значения), необходимо учитывать ещё одно вычленение в сфере свободных номинативных значений - переносное значение, которое должно быть выделено в типе свободно-номинативных по признаку участия в номинации и на основании соответствия названным выше параметрам, но его следует отличать от номинативно-производного, так как производность и перенос как семантические процессы имеют разную понятийную и логическую основу.

Номинативная производность опирается на явления субординации понятий, перенос же значения содержит частичное совпадение признаков разных понятий, то есть координацию, что является основой переноса как семантического процесса.

Ср.: ВЕСИТЬ “1. Иметь какой-л. вес. 2. перен. Иметь вес, значение”; ВЕРТЕТЬ “1. перех. Приводить в круговое движение; вращать.// перех. или чем. разг. Держа в руках, руками поворачивать в разные стороны.// чем. Быстро поворачивать из стороны в сторону (голову, шею и т.п.). 2.перен.; кем. Разг. Распоряжаться по своему усмотрению, заставляя действовать по своей воле, приказу”. Например: “Ваши слова ничего не весят. Вы не имеете представления об общем плане войны, не знаете ни её ресурсов, ни сроков” (Ажаев, Далеко от Москвы); “Своим дряхлым патроном он (помощник врача) вертел, как хотел” (Вересаев, На японской войне).

Утрата абсолютного значения отмечается как регулярное явление в развитии полисемии при образовании переносных значений прежде всего.

Особенности глагольного лексического значения: большая связь с контекстом и гибкость семантической структуры – ставят в исследовании задачу последовательного разграничения свободного и связанных типов лексического значения.

В типе свободно-номинативного значения представлены как основное, исходное, значение, так и номинативно-производное значения, которые «бывают уже, теснее, специализированнее, чем основное номинативное значение слова» [2, с. 172], но сохраняют основные характеристики свободного номинативного значения.

Увеличение роли синтагматического фактора в реализации глагольного значения не всегда влечёт за собой изменение его типологических характеристик. Существующие синтагматические ограничения вызваны спецификой лексического значения глагольного слова и складываются на иной основе, чем у глаголов с фразеологически связанным значением. Для последних синтагматические отношения ограничиваются пословным перечислением сочетающихся лексических единиц. Синтагматические рамки глаголов в свободно-номинативных значениях могут лишь “регламентировать” лексическую сочетаемость глагола, обусловленную предметно-логическими связями.

Важность синтагматической характеристики для реализации значения (абсолютного или относительного) глагольного слова обусловлена тем, что «в глагольных лексемах, выражающих по самому своему существу понятие отношения, соотношение понятийной и предметной отнесённости не укладывается только в рамки глагольной лексемы. Понятие отношения конкретизируется через отношения глагольного действия к субъекту и объекту» [12, с. 17-18].

Синтагматические факторы реализации основных (как правило, абсолютивных) и неосновных (как правило, относительных) значений слов описываются Э.В. Кузнецовой [13]. Отмечается, что «основные значения слов как бы «задают» возможный контекст, но даже если этот контекст не будет реализован в полном объёме, основное значение будет выражено, если этому не противоречит наличие в контексте каких-либо элементов, несовместимых с основным значением (...) В неосновных значениях соотношение слова и контекста иное: контекст обуславливает значение, поэтому является необходимым как часть формы выражения синсемантического значения» [13, с. 108].

Синтагматическая незакреплённость является ведущим критерием лишь для определения основного (абсолютивного) свободно-номинативного значения, производным же и переносным (относительным) значениям, как правило, свойственна синтагматическая закреплённость, играющая важную роль в реализации семантики глагольного слова.

Ср.: ЖИТЬ “1.Существовать, быть живым” и “4.Пребывать, проживать где-л.”

Значение “4. Пребывать, проживать где-л.” так же, как и абсолютивное значение, обладает непосредственной понятийной связью, хотя и является более узким, по сравнению с основным, так как имеет указание на ограничения в синтагматике – обязательно требует локатив, что в толковании выражается дейктическим компонентом “где-л.”. Т.е. для реализации относительного значения “4. Пребывать, проживать где-л.” необходима коммуникативная среда

“Жила она с волчатами в неглубокой яме; года три назад во время сильной бури вывернуло с корнем высокую старую сосну, от чего и образовалась эта яма” (И.Бунин.Волчица).

Таким образом, определение синтагматических факторов реализации абсолютного/относительного значения тесно связано с задачами внутрисловного разграничения лексических единиц. Относительные значения глагольных полисемантов, отличающиеся от абсолютивных большей зависимостью от условий реализации, составляют «переходную зону от неполной свободы к неполной связанности» [11, с. 8].

Безусловный интерес представляет сопоставительный анализ синтагматических отношений многозначных и однозначных глаголов. Исследование проблемы в работах лингвистов, в частности С.Н. Муране и других, показало, что полисемантические слова в прямых значениях (основных) сближаются по характеру присущих им связей и соотношений в лексической системе языка с однозначными словами и отличаются по характеру этих связей, как и однозначные слова, от своих «вторичных» значений. Анализ материала указывает на то, что моносемантические слова не свободны от контекста, поскольку при осложнении смыслового объёма моносемантических слов оттенками значения, при образном употреблении таких слов, а также при функционировании их в составе фразеологических единиц и терминологической сочетаемости, отчётливо выступает необходимость рассматривать такие слова в контексте, выходя за рамки словосочетаний.

Уточнения требует и ряд других вопросов, связанных с проблемой синтагматических отношений глагольных полисемантов, в частности, вопрос о валентности.

Способность слова к семантическому и синтаксическому распространению есть не что иное, как его валентность. В лингвистической литературе различаются семантическая и синтаксическая валентности; в ряде работ термилируемая как сочетаемость.

Употребление двух терминов валентность и сочетаемость в качестве синонимов приводит к некоторой расплывчатости понятия, им обозначаемого. Поэтому представляется оправданным проведенное в ряде работ разграничение валентности слова и его сочетаемости. Это разграничение осуществляется в различных терминах: семантическая и синтаксическая валентность, реляционная и конфигурационная валентность (Абрамов, Филичёва), семантическое и синтаксическое управление (Апресян), формальная и содержательная валентность, «поверхностная» и «глубинная» валентности (Кацнельсон), валентность слова и его сочетаемость. Неразграничение валентности (как потенции) и сочетаемости (как реализации) в ряде работ приводит их авторов к определённым противоречиям. Так, например, в работе Н.З. Котеловой под сочетаемостью понимается «не только набор, репертуар распространяющих форм, но и условия их реализации, их организация в линейном и парадигматических рядах» [14, с. 81], то есть сочетаемость как потенция слова (валентность) и сочетаемость как реализация (собственно сочетаемость) одновременно. Однако в той же работе противопоставляется абсолютная сочетаемость (сочетаемость слова, свойственная слову, как таковому, независимо от условий его реализации) и относительная сочетаемость (сочетаемость, реализующаяся при том или ином условии), то есть валентность и собственно сочетаемость. Ср. также определение сочетаемости в работе Е.С. Кубряковой [15, с. 26].

Как уже было сказано ранее, в лингвистической литературе выделяется семантическая (лексическая) и синтаксическая валентности. Синтаксическая валентность слова характеризуется как его «способность или неспособность вступать в синтаксическую связь с некоторым классом слов и участвовать в какой-нибудь структуре с явно морфологической характеристикой» (И.В. Арнольд), как потенциальная способность определённых разрядов или форм слов сочетаться с другими разрядами или формами слов.

Под семантической (лексической) валентностью слова понимается потенциальная сочетаемость слова с другими словами, способность данного слова как определённой лексемы встречаться с другой лексемой и проявлять избирательность в выборе лексического партнёра.

Таким образом, если синтаксическая валентность (и сочетаемость) слова определяется его лексико-грамматической характеристикой, то семантическая (лексическая) валентность и сочетаемость определяются лексическим значением слова.

Синтаксическая и семантическая валентность слова находятся в сложном взаимодействии (Д.Н. Шмелёв). Синтаксическая валентность слов одной части речи выступает как самый общий фактор, определяющий лексические связи. Именно в пределах общих разрешающих возможностей, которые создаются моделями синтаксической сочетаемости, устанавливаются

лексические ограничения. Вопрос об ограничениях, запретах на сочетаемость не получил в лингвистической литературе однозначного решения. В работах Ю.Д. Апресяна, Н.Д. Арутюновой, В.Н. Телии подчёркивается принципиальная разница между лексической и семантической обусловленностью запретов. Так, Ю.Д. Апресян указывает на то, что о семантических ограничениях слова можно говорить тогда, когда они могут быть сформулированы в терминах семантических признаков и любое слово, имеющее эти признаки, сможет заместить соответствующую валентность данного слова. О лексических ограничениях следует говорить в том случае, если они могут быть заданы не иначе, как с помощью списка слов, способных замещать данную валентность.

В.Н. Телия, выделяя три аспекта несвободной сочетаемости – лексический, семантический, семантико-лексический, характеризует их, как 1) «сочетаемость в силу узуально закреплённой реализации лексем», 2) сочетаемость, основанную на реализации словесных значений в строго определённых «фразовых контекстах», 3) сочетаемость, регламентированную природой самих обозначаемых [16, с. 247].

Однако во всех трёх случаях налицо семантическая избирательность слов. (Ср. сочетания, приведённые В.Н. Телией здесь в качестве примеров, иллюстрирующих различные типы избирательности: 1) без зазрения совести, совесть зазрела, 2) железная, твёрдая воля, решимость, твёрдое намерение, 3) подозрная труба, обложной дождь, смежить веки, глаза).

Н.Д. Арутюнова указывает на собственно-лексические и лексико-семантические ограничения. «В первом случае выбор детерминирован таким фактором, как присутствие другого слова, осуществляющего семантическую доминацию и обозначающего опорное (выбираемое ранее) понятие. Во втором случае выбор определяется (...) той категорией реалий, к которой оно относится» [1, с. 85]. Референтно ограниченная, по мнению Н.Д. Арутюновой, сочетаемость иллюстрируется примерами «полный идиот», «круглый дурак» [17, с. 85].

Более оправданным представляется подход, отражённых в работах В.Г. Гака, Г.В. Колшанского, А.А. Уфимцевой и др., подход, в соответствии с которым закон смыслового согласования признаётся единым. Его действие сводится к следующему: «Для того, чтобы два слова составили правильное сочетание, они должны иметь помимо специфических, различающих сем одну общую сему».

Существуют различные точки зрения на действие механизма семантического согласования слов. Так, например, В.Г. Гак утверждает, что слова-акциденции (глаголы, прилагательные) подбираются к словам-субстанциям (существительным), даже если это противоречит формальным грамматическим отношениям зависимости.

Г.А. Золотова приходит к выводу о том, что большинство сочетаний глаголов с именами строится на основе синсемичности, взаимной готовности обеих сторон к соединению.

Закон согласования смыслов действует на различных по объёму синтагматических отрезках. В данной работе его действие рассматривается применительно к минимальному для слова окружению, к минимальному семантическому контексту, то есть применительно к словосочетанию. Минимальный семантический контекст принимается в качестве

самодостаточного для «выведения» «семантических правил» образования сочетаний (см. Амосова, Виноградов, Уфимцева, Шмелёв и др.).

Минимальные сочетания слов являются выражением их семантических свойств, в них «реализуются системные возможности (значения слов и модели их смысловых отношений) лексем» (Харченко). Так как глагол является «как бы конденсированным выражением целой ситуации» (Д.Н. Шмелёв), его минимальные типовые контексты будут содержать в качестве ключевых слова, обозначающие его элементы. При этом ключевыми могут оказаться слова не только со значением субъекта, объекта или каузатора действия, но и слова, обозначающие его пространственные показатели.

Вопрос о взаимодействии значения и его контекста является дискуссионным. Так, например, по мнению Г.В. Колшанского, существует закон прямой зависимости контекста и значения. При этом контекстно связанной признаётся семантика любой языковой единицы.

Иная точка зрения представлена в работе В.А. Звездинцева. Как отмечает исследователь, лексическое значение слова «может складываться из нескольких потенциальных типовых сочетаний, которые с различных сторон характеризуют единое смысловое целое» [18, с. 125-126]. «В плане чисто лингвистическом значение слова определяется его потенциально возможными сочетаниями с другими словами, которые составляют так называемую валентность слова» [18, с. 123].

Для Р.А. Будагова, напротив, факт осмысления основного значения каждого слова независимо от контекста неоспорим.

Независимость основного значения от контекста подчёркивает Е.Курилович, отмечая, что самое важное – главное значение, то, которое не определяется контекстом, в то время как остальные (частные) значения к семантическим элементам главного значения прибавляют ещё и «элементы контекста». Минимальную зависимость основного значения от контекста, его «автосемантизм» отмечает Э.В.Кузнецова. Прежде всего вторичные значения могут быть противопоставлены основному как значения «синсемантические, обусловленные контекстом» [13, с. 106]. Это отнюдь не означает, что контекст основного значения может быть любым, он часто является специализированным. Дело в различном характере взаимоотношений слова и контекста в случаях реализации основных и неосновных значений. «Основные значения как бы задают возможный контекст. В неосновных значениях (...) контекст обуславливает значение...» [13, с. 108-109]. Д.Н. Шмелёв подчёркивает наибольшую парадигматическую и наименьшую синтагматическую обусловленность основного значения [19, с. 112]. Об этом же пишет Л.А. Новиков. Дополняя их высказывания, А.П. Чудинов характеризует основное значение как обязательное, вторичные значения – как факультативные, подчёркивая, что «вторичные значения отчётливо воспринимаются как неосновные, переносные, зависящие, с одной стороны, от основного значения, с другой, - от контекста» [20, с. 8].

Так как основное значение полисеманта «наиболее обусловлено парадигматически и наименее синтагматически», его сочетаемостные характеристики не так остро нуждаются в анализе, как особенности оужения неосновных (относительных) значений.

Литература:

1. Засорина Л.Н. Автоматизация и статистика в лексикографии. (Работа над частотным словарём русского языка). – Л.: ЛГУ, 1966. – 128 с.
2. Виноградов В.В. Основные типы лексических значений слова // Избр.тр. Лексикология и лексикография. – М.: Наука, 1977. – С. 162-189.
3. Никитин М.В. Лексическое значение слова. – М., 1983. – 127 с.
4. Гальперин И.Р. Относительное употребление терминов “значение”, “смысл”, “содержание” в лингвистических работах // Филологические науки. – 1982. – №5. – С. 37- 42.
5. Шмелёв Д.Н. Проблемы семантического анализа лексики. – М.: Наука, 1973. – 280с.
6. Виноградов В.В. Вопросы изучения словосочетаний // Вопросы языкознания. – 1954. – №3. – С.3-24.
7. Уфимцева А.А. Слово в лексико-семантической системе языка. – М.: Наука, 1968. – 272 с.
8. Русская грамматика. Т. 2. – М.: Наука, 1980. – 711 с.
9. Гайсина Р.М. Значение и синтагматика глаголов (на материале глаголов отношения). – Саратов: Изд-во Саратов. ун-та, 1981. – 80 с.
10. Гайсина Р.М. Лексико-семантическое поле глаголов отношения в современном русском языке. – Саратов: Изд-во Саратов. ун-та, 1981. – 195 с.
11. Степанова В.В. Синонимические связи слов в аспекте типологии лексических значений. // Межвуз. сб. науч. тр. «Лексико-семантические связи слов в русском языке». – Л.: ЛГПИ им. А.И. Герцена, 1983. – С. 3-12.
12. Степанова Г.В. Лексико-семантическая группа глаголов понимания // Межвуз. сб. науч. тр. «Вопросы семантики». Вып.1. – Л.: ЛГУ, 1974. – С. 17-28.
13. Кузнецова Э.В. Лексикология русского языка: уч. пособие для фил. фак. ун-тов. – М.: Высш.шк., 1982. – 152 с.
14. Котелова Н.З. Значение слова и его сочетаемость (к формализации в языкознании). – Л.: Наука, 1975. – 164 с.
15. Кубрякова Е.С. Лексическая и синтаксическая сочетаемость слова и её отражение в процессах словообразования // Сб. науч. тр. «Проблемы сочетаемости слов». – М., 1979. – С.24-31.
16. Теля В.Н. Семантический аспект сочетаемости слов и фразеологическая сочетаемость // Принципы и методы семантических исследований. – М.: Наука, 1976. – С. 244-267.
17. Арутюнова Н.Д. Предложение и его смысл. – М.: Наука, 1976. – 393 с.
18. Звегинцев В.А. Семасиология. – М.: Изд-во Моск. гос. ун-та, 1957. – 322 с.
19. Шмелёв Д.Н. Проблемы семантического анализа лексики. – М.: Наука, 1973. – 280 с.
20. Чудинов А.П. Регулярное семантическое варьирование русской глагольной лексики / Автореф. дисс. ... докт. ф. н. – Свердловск, 1990. – 32 с.

Есімқұлов Б.Н., Щербовских И.Г.

**ЛЕКСИКА МЕН ГРАММАТИКАНЫҢ ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛЫНДА
ПОЛИСЕМАНТТАРДЫҢ СИНТАГМАТИКАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРЫН
ЗЕРТТЕУ**

Шолу мақалада лексика мен грамматиканың өзара әрекеті аспектісіндегі егістік полисеманттардың синтагматикалық байланыстары талданады. Оған

мысал ретінде етістіктердің абсолютті және салыстырмалы мағыналары алынды. Талдау қорытындысы полисеманттың абсолютті мәні салыстырмалы шамалардың ерекшеліктерін талдағандай талдауды қажет етпейтінін көрсетті.

Тірек сөздер: сөз, синтагматика, етістіктер, валенттілігі, лексикалық келісімділігі, синтаксистік келісімділігі,, семантикалық келісімділігі, автосемантизм, синсемантизм, диффузия.

Esimkulov B.N., I.G.Chsherbovskikh

AN ANALYSIS OF SYNTAGMATIC RELATIONS OF VERB POLISEMANTIC IN THE ASPECT OF LEXICO-SYNTACTICAL COORDINATION

In article conducts the analysis of syntagmatic relations of polysemantic verb in aspect of interaction of vocabulary and grammar. The object of the description was the absolute and relative meanings of verbs. The analysis of the studied material showed that the absolute value of the polysemant is not so badly in need of analysis as the features of the environment of relative values.

Keywords: word, syntagmatic, the polysemantic verb, valency, collocation, collocations, syntactic compatibility, semantic compatibility, autosemantic, cinematically, diffuse.

ӨОЖ 81' 373

Курмамбаева Ж.Б. – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің докторанты
E-mail: zhuldyzbc@mail.ru

ҚЫРЫҚ СӨЗІНІҢ ЛИНГВОАКСИОЛОГИЯЛЫҚ МӘНІ

Аңдатпа. Лингво-мәдени «қырық» концептыда тілдік топты дамытудың ерекшеліктерін ескере отырып, ұсынылатын құндылық концепциясы қарастырылады, терминология мен терминологияны түсіндіру және түсіндіру тілдік мағыналы инструмент ретінде қарастырылады. Әрбір санның бойында сақталған наным сенімдер, көне мәдени құндылықтар, ырым-тыйымдар және символдық мағына тілдегі концептуалдық жүйе және лингвомәдени бірліктер арқылы танылуда. Ю.Степанов бойынша концепт - бұл ұлттың, халықтың мәдени құндылығын, санасын және өткен өмірін көрсетуге негіз болып келеді. «40» саны қазіргі заманғы қазақ халқының бейнесін толықтырады.

Тірек сөздер: Концепт, сөздік, лингвоаксиологиялық білім, когнитивтік білім, мағынасы, құндылық принципі, құндылықты компонент, сурет әлемі.

Киелі сан ұғымдарын лингвоаксиологиялық тұрғыдан зерттегенде дүниенің тілдік бейнесінен тыс қарауға болмайды. Себебі олар бір-бірімен тығыз байланысты. Ұғымның мәні мен мазмұнына қатысты аксиологиялық ақпараттар дүниенің тілдік бейнесі арқылы танылады. Мәселен, белгілі бір ұғымның мәдени құндылықтары оның тілдегі қолданысының мазмұнынан айқын көрініс табады.

Жалпыадамзаттың мәдени танымында құндылықтың рөлі ереше. Ұлттың мәдени-танымдық әлемінен құндылықтар екшеленіп, өмір тәжірибесінде айрықша қызметке ие бола бастайды. Демек, мәдениеттанымдық білім аксиологиялық қажеттіліктер ретінде санаға сіңеді. Мәселен, салт-дәстүрлер, жосын-жоралғылар, әдет-ғұрыптар, ырым-тыйымдар, кәде, құрмет, тағы басқалар ұлттық құндылықтар қатарынан орын ала бастайды.

Қазіргі таңда тіл білімінде адам санасындағы түсініктер құндылықты ажыратуға бейімделетіні ойлау жүйесінің жетілгенін білдіреді. Сондықтан, құндылықтар бейнесі ұлттанушылық мәртебеге ие болды. Ақиқат дүниені бағалау танымдық әрекеттің имманентті көрінісі, ал соның негізінде қалыптасатын құндылықтар жүйесі - мәдениеттің мәні, маңызы болып саналады. Құндылық - адамзатқа тән болмыс, яғни адамның танымдық ой-түйіні мен бағасының нәтижесі. Мәселен, *баланы қырқынан шығару* - адамның өмірге бейімделуінің алғашқы көрінісі. Қырық күннен кейін нәрестенің денесі сәл болса да қатайып, «қолға ұстауға келетіндей» өсіп, жан-жағына қарап, дүниені тану үдерісінің қарапайым әрекеттері қалыптаса бастайды. Осы ерекшелікті дәл уақытымен (қырық күн) өлшем, арнайы атап өтуі қазақтар танымында құндылықпен тең. Себебі, қырқынан шығарудың үлкен рәсімдері бар. Қырқынан шығаратын кісінің өзі отбасының арнайы қалауымен таңдалады. Оған ризашылығы үшін сый-сияпат, кәде, жосын-жоралғылары жасалады. Иткөйлек шешу рәсімінің өзінде халықтың құндылық танымы жатыр. Сол сияқты қырық қасық су құйып, нәрестеге, оның ата-анасына тілек айту ғұрпы да бүгінгі күнге дейін сақталып келе жатқан рухани құндылық деп танылады. Қырық қасық су құятын кісі келеді. Қырық қасық сумен айтылған тілекке баланы шомылдыруының мәні де, «осы тілектері орындалып, болашағы жарқын болсын» деген наным-сенімнің өзі құндылықтың мәнін терең түсінгенімен дәлелденеді. «*Қырқынан шығару*» салты тілімізде лингвоаксиологиялық бірлік ретінде танылуын нақты дәйектеу үшін осы дәстүрге қатысты ақпаратты толық жеткізгеніміз орынды.

«Қырқынан шығару – баланың дүниеге келгеніне қырық күн толғанда атқарылатын наным-сенімге негізделген ғұрып.

Сәбидің ана құрсағында жатқан уақытынан бұғанасы қатып, есейіп ер-азамат болған шағы, кәрілікке жетіп, о дүниелік болған кезіне қатысты қалыптасқан діни ұғымдар мен тұрмыстық түсініктер бар. Сондай діни, мифтік түсініктердің бірінде ана құрсағына біткеннен бастап сәби жеті жұлдыздың (планетаның) әрқайсында қырық күннен қарамағында болады, ал әр жұлдызда 70 періште бар екен дейді. Сөйтіп, ана құрсағында сәби 280 күн (7x40=280) яғни тоғыз ай, тоғыз күн жеті жұлдыздың бақылауында, 70 періштенің қамқорлығында болады. Ал ана құрсағынан жарық дүниеге келген сәбиді *Қырық Шілтен* күн сайын біреуден келіп, қырық күн күзетеді екен деседі. Қырық күн өткенде шілде күзет аяқталды деп, шілдекүзет немесе шілдехана тойын өткізеді [1, 228 б.].

Қырқынан шығарғанда баланың «қарын шашы», «сүт тырнағы» алынады. Қарын шашты тастамай шүберекке немесе өзінің киіміне түйіп қояды. Оны кейде тіл көзден сақтайды деп бесігінің басына, жейдесіне тұмар ретінде іліп, шошынғанда сонымен қағып аластап емдейтін болған. Кейбір дерек берушілердің мәліметінше баланың сәби шағының ескерткіші ретінде де сақтайтын болған. Негізінен «*қарын шашы алынбаған баланың назасы қатты болады*» деген сенімге орай қарын шашты түгел алатын болған.

Қалыңмалы көп болсын деген ырыммен, қызды қырық күннен асырып, қалың малын аз төлейтін жерден қыз алайық, ер жігіт тез ер жетсін деп, ер баланы 37-39 күнде қырқынан шығаратын болған. Бұдан тыс қыз баланың ұлға қарағанда ширақ болатын ерекшелігін ескерген халықтық тәжірибенің де көрінісі бар деп санауға болады. Баланың шашын, тырнағын алу мен шомылдыруға өнерлі, өжет, ісмер және пысық әйелдер таңдалады. Бұл осы игі қасиеттер балаға да жұғысты болсын, сол адамға тартсын деген ырым. қырқынан шығарарда арнайы алынған жаңа тостағанға жиналған үлкен әжелер мен қыз-келіншектер қырық қасық (кей өңірлерде қырық бір қасық) су құйып, әр қасық су құйған сайын жақсы тілектерін білдіріп отырады. Бала шомылдыратын үлкен ыдысқа осы қырық қасық сумен бірге еселеп тағы су құйылады. Бала малды болсын деген ырымға сәйкес осы суға қырық құмалақ (кей өңірде 41 құмалақты) салып, шомылдыру барысында әр құмалақты бір-бірлеп баланың басына қасық сумен бірге құяды. Бұл рәсім атқарылып біткеннен кейін осы қасық пен тостағанды шомылдырған адамдарға береді, сонымен қоса, жөн жосығына қарай әшекейлерден кәде береді. Ол үшін алдын-ала суға құмалақпен бірге күміс теңгелер, әшекей бұйымдар, асықтар салынады. Салынған нәрселерді, әшекейлерді баланы шомылдырған кісілер бөліп алады. Қырқынан шығарылған суды аяқ баспайтын жерге немесе қой қораның ішіне төгеді. Ал, кейбір аймақта алғашқы шомылдырған суын шілде суы деп атап, одан ыдысқа құйып алып қалады. Кейін баланың денесінде қызарған жер, бөрткен пайда болса осы судан жақса шипа болады деп есептеген. Баланың кіндік шешесі киігізген, қырық күн киген «итжейдесіне» әртүрлі тәттілер салынып, ит мойнына байланады. Итті қуалай ұстап алған балалар оның мойнына оралған тәттіні бөлісіп жейді.

Халықтық наным-сенім бойынша өмірге келген адам қырық күнге дейін екі дүниенің ортасында тұрады. Яғни, қырық күннің ішінде бала әлі де табиғаттан адамдар әлеміне, өмірге өтпейді, өтпелі кезеңде болады деп есептеген. Сол себепті қырқынан шыққанша жаңа босанған әйел мен сәби үйден сыртқа шығып, елдің көзіне түспей ерекше бағым-күтімде болады. Қырқынан шыққанға дейін «адамның қарнынан шыққан» деп баланы иіскеп, сүюге тыйым салынады. Қырық күннен кейін сәби мен анасы ширап, адам қатарына қосылады. Қырқынан шыққан ана мен бала «қырық қадам аттап» қырық үйді аралап қонаққа барған. Барған үйлері «қуыс үйден құр шықпасын» деп әртүрлі сый тартқан. Дәстүрлі ортада баланың қырқынан шығар тойына әнші, ақындар шақырылып, ақсақалдан балаға азан шақыртып ат қойып бата беруді өтінетін. Баланың атын қырқынан шыққан соң қою өмірге енді келгенін әйгілейтін наным-сенімге негізделген көне жосын болып саналады. Жиналғандар тойбастар айтып, арты кішігірім тойға ұласады» [1].

Сонымен «қырық қасық су», «қырық құмалақ салу», «қырық қадам аттап қыдыру» сияқты дәстүр атрибуттары «қырқынан шығару» лингвоаксиологиялық ұғымын толықтыратын түсініктер. Демек, «қырқынан шығару» ұғымындағы қырық саны адамның дүниеге келгеннен кейінгі, дүниеден өткеннен кейінгі жанының сақталу/сақталмау сынағынан өтетін уақыттың мөлшері іспеттес. Сондықтан қырық - қазақ танымында аксиологиялық ұғым.

Лингвоаксиология тіл арқылы халықтың аса жоғары бағалайтын әлемін тануға, шынайы адал өмір сүру үшін өзекті әрі болуға тиісті деп танылатын әрекеттердің таңдалуын зерттеуге негізделеді [2]. Қазіргі дәуірде ғылыми

кеңістіктің коммуникативтік белсенділігі, гуманитарлық ғылымдардың когнитивтік үдерісіндегі қарқынды динамика «Тіл» таңбасы арқылы даму үстінде. Бұндай жағдайда лингвистиканың аса өзекті мәселелер «алаңы» кеңейеді, соған сәйкес лингвистикалық ілімді қажетсіну мұқтажы да өздігінен туындай бастайды. Тілдегі ілім мен білімді түсінуге ұмтылыс көбейеді, тілді философиялық тұрғыдан түсіне отырып, қажетті білім алуы дағдыланады.

Тілдің энергиялық табиғаты жан-жақты пәнаралық зерттеуді талап етеді. Себебі қазіргі гуманитарлық зерттеулерде философияны түсіну үшін тілдің бойындағы кодталған сөздерді тану керек, тілді тану үшін когнитивтік аялық білім басым болуы керек [3, 13 б.] Аксиология сөзі этимологиялық тұрғыдан тіл ғылымына негізделген ежелгі тілдік дәстүрден пайда болған. Көне гректің *ἀξιόλογος* — құнды, маңызды, өзекті деген сөзі мен *λόγος* - сөз, ұғым, термин, ілім сөздерінің бірігуінен жасалған [4, 4-5 б.]. Аксиология атауын философияда ғылыми термин ретінде алғаш рет П.Лапи қолданған болатын. Ол 1902 жылы аксиология ұғымын «құндылықтар туралы философиялық ілім» деп танытты. [5, 3 б.], Аксиология ұғымы кейіннен «мәдениет пен рух туралы ілім» деп жалпы ілімдер жүйесінде көріне бастады. Ал құндылықтың өзі – рухани әлемнің маңызды категорияларының бірі. Сондықтан аксиология адам үшін рухани құндылыққа басымдық беретін, мәдениет әлемін қалыптастыратын, адамзатты тұлға ретінде тәрбиелейтін қажеттілік болып саналады. Бастапқыда аксиологиялық ілім статикалық тәсілде танылды, яғни әлемдік құндылықтар табиғатын жинақтай келе, олардың жүйелілігін, әртүрлілігін айқындады, нәтижесінде «мәңгілік» құндылықтар мен абсолют құндылықтардың ара жігін ашып берді [6].

Ал қазіргі аксиология синергетикалық дүниетанымға сәйкес және әлемдік өзгерістің тұрақты екенін сезінгеннен кейін, «өзгермелі құндылық өзгермелі әлемде танылады» деген көзқараста сипатталады. Демек, аксиология әлеуметтік-мәдени ортадағы өмір болмысындағы құндылықтың қалыптасуы, тұрақталуы, жойылуы, жоғалуы ықтимал болады деген түсінікпен ұғынылады. Сондай-ақ құндылық жалпылықтан жекелікке бет бұрды. Көне дәуірде ұлт, тайпа, халық үшін құндылық ортақ болса, қазіргі өркендеу дәуірінде жеке тұлға көзқарасында танылатын құндылықтар бар.

Қазіргі таңда аксиология - пәнаралық ғылым. Аксиология мен лингвистиканың сабақтастаса зерттелуінен құндылықтардың параметрлері мен маңызы айқындалу үстінде. Себебі құндылық деп танылатын ұғымдар тіл арқылы танылатыны белгілі. Тіл мен құндылықтар ілімінің тоғысуынан лингвоаксиология ғылымы қалыптасты [7]. Расында да құндылық мәніндегі сөздердің ұғынылуы, санада сақталуы, ұрпаққа жалғасуы тіл арқылы жүзеге асырылады. Тіл арқылы адамның әлемге деген құндылық қатынастары қалыптасады.

Бүгінгі күні тіл өзін-өзі басқаратын, коммуникативті жүйе, тілдің дамуы тірі организмнің дамуымен пара-пар [8, 32 б.], « тіл ұлттың санасындағы дүниенің мәдени бейнесін зерделейді, вербалдайды және оны ұрпақтан ұрпаққа жеткізеді [9, 18 б.]. Рухани құндылықтардың түп тамыры мәдениеттен бастау алады, сондай-ақ тілде сақталуға мүмкіндікке ие болады. Рухани құндылықтар жалпыадамзаттық, ұлттық, топтық, отбасылық, дара-тұлғалық болып жіктеледі Духовные ценности глубоко укоренены в культуре и имеют свойство [10, 9 б.].

С.Г. Павловтың зерттеуінде аксиология ілімі «тіл- сана - қоғам- мәдениет- адам» тізбегінің тұтастығында құндылықтың пайда болатынын зерттейтін ғылым екенін дәйектей түседі [11]. Аксиология дегеніміз құндылықтың адамнан адамға, этностан этносқа тарайтын үзілмес, біріді жүйе. Демек, мәдениеттің өркендеу, даму қарқынында құндылықтарды тек мәдениеттанымдық көзқараста ғана емес, сондай-ақ лингвоаксиологиялық тұрғыдан да зерттеу маңызды. Себебі тіл мәдениет дамуымен қатар өрбитін жүйе.

Сонымен, лингвоаксиология аясында, лингвомәдениеттану негізінде әлемдік құндылықтар мен ұлттық құндылықтардың тілдік көрінісін зерттеудің тәсілдері қалыптасты. Құндылықтарды тілдік жүйеде зерттеу арқылы тіл мен мәдениеттің сабақтастығын, ұлттың мәдениетін, этносқа тән құндылықтар жүйесін тануға мүмкіндік туды.

Қазақ танымында «қырық күнде жан біту», «қырық күнде жан кету» ұғымдары бар. Қайтыс болған кісінің қырқын беру ұмытылмас құндылықтардың бірі. Өлікті жөнелтудің бір жылдың рәсіміне енетін дәстүрдің қатарына жатады.

Қырқын беру – адам дүниеден өткеніне қырқын күн толғанда атқарылатын ғұрып. Қырқына дейін марқұмның басына ескерткіш тасын немесе қоршау орнатады. Бұл, сірә, қырқын күнге дейін өлген адамның жаны өз үйіне «келіп» жүреді, тек қырқын күн өткен соң ғана түпкілікті тастап шығады деген көне нанымға байланысты болса керек. Қырқына дейін үйде шырақ немес шамды сөндірмеуге тырысады. Ол үшін оң жақ босағада әр күн сайын қырқын шырақ жағылды. Бұл марқұмның артында қалған «түтінін түтетер, жарығын сөндірмес» ұрпағы бар дегенді білдіреді. Сонымен қатар, егер қараңғыда қалдырса аруаққа зиянкес күштер қастандық жасауы мүмкін деген көне түсініктен туған жосын. Көрдегі мәйіттің денесі 40 күнге дейін толық сақталып, 41-ші күннен бастап бұзылады деп есептеген. Қырқын күннен бастап бұзыла бастаған мәйіт әбден ағып біткен кезде, өлген адамның о дүниедегі «шын өмірі басталады» деп санаған. Рух адамның тәнін өлерден қырқын күн бұрын тастайды. Сөйтіп, құсқа (көгершінге) айналып, ұшып барып бәйтеректің жапырағында өз адамының есімі жазылған бұтаға қонады. Бұнда адамның аты жазылған қисапсыз жапырақтар көктеп-солып, алма-кезек ауысып тұрады. Жан адам өлгенде шыбын бейнесінде денеден шығып (шыбын жаны шырқырау), үй ішінде ұшып жүреді. Тек қырқын күннен кейін барып, үйді біржолата тастайды. Бәйтеректің діңгегі арқылы әлгі жан жерге түсіп, не жерге шығып жүреді де, мезгілі болғанда әйелдің құрсағына қонады, сөйтіп, жана өмір пайда болады [энц]. Қазақтың қырқын беруге ерекше мән беретіні, оны рухани құндылық ретінде бағалауы, ұрпақтан ұрпаққа жеткізу салты ретінде құрметтеуінің түпкі мәні халық санасында өлік жөнелту рәсіміне қатысты аталмыш дүние бейнесінің мызғымай терең сақталуына байланысты.

Қырқын – халықтың мифтік санасында киелі, қасиетті саналатын сандар тобының бірі. Қырқын сөзі сандық мағынаны білдірумен қатар тұрақты сөз орамдарының жасалуына ұйтқы болып, адам өмірінің әралуан саласына қатысты ұғымда жұмсалған.

Тілімізде қырқын санына қатысты пермиологиялық қолданыстар көп. Халықтың айтпақ ойы мен сезімін жеткізуде аксиологиялық еркіндікке ие болатын бейнелі қолданыстардың бірі - фразеологизмдер. Себебі,

фразеологизмдер халықтың ғибратын, дүниенің құндылық бейнесін танытатын тілдік қолданыс. Тіліміздегі паремиологиялық қор халықтың мәдени танымын интерпретациялаушы құрал ретінде қызмет атқарады. Себебі олар - ғасырлар бойы ұрпақтан ұрпаққа жеткен халықтың философиясы, яғни тіл тұтынушысының құнды өсиеттері. Мысалы, «*қызға қырық үйден тыйым*» фразеологиялық қолданысы бар. Бұл қолданыс әрі мәтел ретінде де жұмсалады. Себебі тәрбиелік құндылығы жоғары паремия.

Қазақ халқы қыздың тәрбиесіне ерекше мән берген. Қыздың инабатты, сыпайы, көркем мінезді болып өсуін қадағалайтын болған. Қырық үйден тыйым дегені қырық рулы ел, яғни бүкіл ауыл қыздың жүріс-тұрысына, іс-әрекетіне, сөйлеген сөзіне сынмен қарап, кемшілігі болғанда түзетіп отырған.

Қыз, рулық-фратриялық қоғамда қалыптасқан этикалық қатынас бойынша бір ғана үйдің емес, күллі ауылдың, рудың қызы болып есептеледі, сондықтан қызға қырық үйден тыю деп, қыз тәрбиесіне ауыл-әулет болып көңіл бөледі. Ауыл-әулет болып әлпештеп өсірген қыз сол елдің мақтанышы, абыройы болып, қыз өссе елдің көркі саналады. Әсіресе алыс-жақын жеңгелерімен араласа, әзілдесе жүріп, оларға өзімсініп, өктемдеу сөйлейді. Қыз қой сауу, арқан есе білу, кілем тоқып, кесте тігу, қонаққа шай құю т.б. үй шаруасына үйренуі тиіс болған. «*Қызға қырық үйден тыю*» деп қыз баланы үй іші жұмыстарын игерумен қатар инабаттылыққа тәрбилейді. Анасының тәрбиесін көріп өскен қыз бала тұрмысқа шығып, жеке отбасын құрғанда анасынан алған тәлім-тәрбиесінің арқасында күйеуіне адал жар болып, өмірге ұрпақ әкеліп, тәрбиелейді. Демек, қыз тәрбиесін үшін айтылатын «қырық үйден тыйым» мәтеліндегі қырық үй - бүкіл ауыл дегенді білдіреді. Қырық кісінің ақылын тыңдамай өскен қыз ауылға маскара болатын жағдайлары да кездескен. Мысалы, «Егер қыз күйеуінің алдында пәк болса, қыз жеңгелері сүйінші сұрасып, өзара шүйіркелесіп, қуанып қалады. Ал керісінше болса арты дау-дамайға ұласады. Мұның соңы күйеу жігіттің қалыңдықтан бас тартып, әкелген қалың малын қайтарып алуына әкелген. Дегенмен «*қызға қырық үйден тыю, қала берді есік алдындағы қара күңнен тыю*» деген қағиданы берік ұстанған халық арасында мұндай масқаралыққа жол берілмеген» [1].

Қырық жас - қамал бұзар жас деп түсінген қазақ халқы қырық жасқа ерекше мән берген. Адам жасына қатысты қырық жас – қазақ түсінігінде ақыл тоқтайтын, даналық қонатын, дене күші толысатын кемел жас. Әйгілі Жетес шешеннің: Қырық жас та – бір дәуір, Ақ алмастай жарқылдадым, Сөз кезегі келгенде маған адам жетпеді, – дейтін шешендік толғауын бар. Сондай-ақ, қазақ халқының паремиологиялық қорындағы «*қымыздан артық ас жоқ, қырықтан артық жас жоқ*», «*жақсы қырқында толады, жаман қырқында солады*», «*отызда орда бұзбаған қырқында қамал алмайды*» деген мақалдарда қырық жасты күш-қуаттың эталоны іспетті таниды.

«*Әйелдің қырық жаны бар, әйел - қырық шырақты*» деген фразеологиялық қолданыстардағы қырық саны да бекер емес. Басқа халықтармен салыстырғанда, қазақ тұрмысында әйелдің атқарар қызметі өте көп. Үй тіршілігімен қоса, сыртқы мал шаруашылығындағы тірлігі, бала тәрбиесі, қонақ жайын күтуі, таңдан кешке дейінгі күйбең өміріне басқа халықтың әйелі төтеп бере алмас еді. Осы қиындыққа төзген, сол тіршілікке «қайнап піскен» қазақ әйелінің төзімділігін «қырық жаны» бар деп бейнелегенін байқаймыз. Демек, «*әйелдің қырық жаны бар*» деген тұрақты

тіркестің мәнінде әйелге тән төзімділікті құрметтеу құндылығы жатыр. Қазақ халқы қыздың қырық үйден тыйым өсірсе де, ретімен еркелетіп, келін болған соң, күйбең тіршілікке көшеді деп төрге отырғызып, өз үйінде мәртебесін жоғары қойған. Қыз келін болғаннан кейін балалы болып, өзі келін алғанша, тіпті кәрілік келгенше босағада отырады. Бір үйдің түтінін түтетіп, бүкіл жастық, кемелдік жасын отбасының ұйытқысына арнайды. Қыз кезінде еркелеп, еркімен өскен жанның әйелдік өміріндегі тұрмысы еркімен демалуға, еркімен сауықтап сайраңдауға мейлінше мүмкіндік бере бермейді. Әйелдік өмірге бейімделудің, күнделікті бітпейтін отбасылық тірлікті ретімен орындауға дағдыланудың қиын түсінген қазақ халқы әйелдің мәртебесін «қырық жанды» деп бағалаған. Әйелдік өмірге бейімделудің өзін құнды қасиет деп таныған.

«*Әйел қырық шырақты*» фразеологизмінің астарында отбасының түтінін түтетуші тұлға бейнесін сипаттау мәні жатыр. Қазақта қырық шырақ жағу – исламға дейінгі наным-сенім бойынша қайтыс болған адамның аруағына арнап қырық күнге дейін, яғни қырқы өткенше шырақ тұтатып артын күту. Шырақ жағу жоралғысы әйелдің міндеті болып саналады. Отбасында отағасы немесе баласы, т.б қайтыс болғанда әйелі, анасы шырақ жағуды ұмытпаған. Әйел қырық шырақты деген түсінік осыдан қалған. Марқұмның жаны қырық күн өткенше үйіне келіп, «шырақ жағарым бар ма екен» деп, үйдегілердің жай күйін - біліп жүреді деген түсініктен туған.

Өлік шығарған үйдәі әйелі кеш қараңғысы түсе, есікті айқара ашып, оң жақ босағаға ақ киіз төсеп, аруақ дәмтеді деп тостағанға қымыз құйып, шырақтың қасына қояды. Қайтыс болған адамды еске алғанда ұстағанын шырақ, мінгенің пырақ болсын дейді.

Қыз қырық шырақты, бірінен болмаса, бірінен бағы ашылады деген қазақ мақалы аруақтардың бірі болмаса, бірі орайы келіп, сәті түспей, жолы ашылмай жүрген қызды қолдап, желеп-жебейді деген түсінікті аңғартады.

Адам бар жерде құндылық та қатар жүреді. Ол адамға ғана емес, оны қоршаған ортаға да тікелей байланысты. Құндылық – әлдебір дүниенің маңыздылығын аңғартатын сипаты іспетті. Ол әр затқа табиғатынан тиесілі емес. Әр адамның таным-түсінігіне, көзқарасына байланысты әр түрлі сипатта болмақ. Ұлттың, елдің дамуында ұлттық құндылықтардың алар орны ерекше. Оларсыз маңдайы жарқыраған, төрт аяғын тең басқан өркениетті ел болу да қиын. Қай ғасырда болмасын рухани мұра, рухани құндылық – ұлтты ұлт ретінде қалыптастырып, ұлт ретінде өмір сүруінің кепіліне айналған тарихи дүние. Демек, қазақ танымында құндылық жақсы өмірдің негізі ретінде, тәрбиенің тірегі ретінде қызмет етеді.

Содықтан адам құндылықтарын айқындайтын құралдарды игеру аялық білімнің менталды құрылымы мен оның тілдегі кодталу әрекетімен тығыз байланысты. Аксиологиялық бірліктер әдетте, метафоралы қолданыстарда немесе концептуалды метафора құрамында жиі кездеседі.

Мәселен, *қырық жеті* - айттырылған қыздың әкесіне жігіт әкесінің беретін қалыңмалы. Қырық жеті сый-сияпаттан тұратын дүниені толық беру қалыңмалын өтеумен тең болған. Қазақта қыз дүниеге келсе, «*қырық жеті туылды, қырық жеті келді*» деп сүйінші сұрайды. Демек, қалыңмалы берілетін қыз дүниеге келді деген ақпаратты тұспалдап жеткізудің астарында «көз тимесін» деген ниет те бар. Кейде қырық жеті қалыңмалдың құрамында болатын қырық жылқыны негізге алып, қызды «қырық жылқылы» деп

сипаттаған. Тілімізде «*ат қосшылы болдың ба, қырық жылқылы болдың ба?*» деген көнеден келе жатқан тұрақты тіркес бар. Оның мәнісі «ұлды болдың ба, қызды болдың ба» деген сұрақпен пара-пар. Сондай-ақ «*обалы қырық жылқыға*» фразеологизмі де тілімізде терең сақталған. Аталмыш тұрақты тіркес ұзатылған, қалың малы берілген қыздың жолы болмағанда аянышты өкінішті айтылатын қолданыс деп танылады.

Қазақтың дүниетанымында қырық ұғымы жай ғана сан емес, құндылық ретінде бағаланатынын салт-дәстүрлер мен жосын-жоралғылар, наным-сенім, кәде-қаумет дәлелдей түседі.

Мәселен, күллі пайғамбарлардың тәжі атанған Мұхаммед (с.ғ.с.) расульға Аллаһтан алғашқы уахи *қырық жасында* түскен. Ел ішінде мұсылмандықтың *қырық* парызын біліп, иманға ұйыған тақуа жандар аз болмаған.

Қырық ұғымымен байланысты ел арасында жасалатын ырымдар да кездеседі. Жазатайым қол-аяғы, сүйегі сынған адамға *қырық қазанның қылауы* деп, қырық үйден мертікәс әкеліп беретін болған. Халық тілінде молшылық, көптік ұғымға қатысты айтылатын қырық рулы ел, *қырық пышақ болу, қырық қадам аттау, қырық саққа жүгірту, қырық құбылу*, т.б. біралуан тұрақты тіркестер бар. Байырғы наным сыйыным бойынша қысылып-қиналған, басына тауқымет түскен жан Ғайып ерен, *қырық шілтенді* шақырып, медет тілеген. Батырлар жырында:

Қыдыр ата жар болып,

Қырық шілтен колдай гөр,

Жолымды Құдай оңдай гөр, – деп жалбарынады. «Бақ – ауыс, ырыс – жұғыс» деп ұққан қыр адамы құдайы қонағын *қырықтың бірі – қыдыр* деп, қуана қарсы алған. Мұндағы *Ғайып ерен, қырық шілтен* дегеніміз мұсылмандарды жебеп, қолдап жүретін, көзге көрінбейтін киелі бейнелер. Әуелде Қырық шілтен көзден ғайып (көзге көрінбейтін) кілең ержүрек қырық ер деген ұғымда жұмсалып, батырлардың сиынатын пірі болған. Кейіннен әулиелер санатына қосылып «қос функциялы қызмет» атқарған екен.

Халық ауыз әдебиетінде «*Қырық өтірік*» ертегісі, «*Қырымның қырық батыры*» тәрізді эпостық жыры, «Қорқыт ата» жырындағы *қырық қыз*, т.б. қасиетті қырық санымен аталған. Қазақ фразеологиясы ғылымының негізін салушы академик І.К. Кеңесбаев қырық санымен келетін фразеологизмдерді арнайы талдай келіп, «Қазақ ертегілерінде ұшырысатын бойы бір тұтам, сақалы *қырық тұтам*, Тазшаның *қырық өтірігі* сықылдылар халықтың санасында ертеден орын тепкен [12].

Мақал-мәтел, нақыл сөздер және басқа да сөз орамдары да қырық санының «жай» сан емес, бір кезде киелі мөлшері екендігін көрсетеді. Мәселен, «*қара қылды қырыққа бөлген*» фразеологизмі әділдікті тура айтқан, тең таразыға бөлген, әділ шешім қабылдаған деген мағынаны білдіреді. Аталмыш тұрақты тіркес қазіргі күні «қара қылды қақ жарған» нұсқасымен кең танылуда. Сондай-ақ «*қырық аяқ су*» бейнелі қолданысы нөсерлі жауынды әсірелеп айтудан қалған. «*Қырық жасау*», «*қырық тесік*», «*қырық құрақ*» тіркестері тозығы жеткен ескі киім, бұйым туралы бағалауыш мәнде бейнелі айтылған ұғым. «*Қырық кемпірдің қылауынан жиылған*» деген бейнелі қолданыс әртүрлі, әралуан, бір-біріне ұқсамау, үйлеспейтін мәнінде жұмсалады. Осындағы қырық сөзі бекер алынбаған. Бұлар - халық түсінігінде көптік мәнді бір сөзбен жеткізуде қырық санын жиі қолданғанын

байқататын тілдік деректер. Қазақ фразеологизмдерінде мінез-құлықты, адам мінезінің аумал-төкпелі қалпын сипаттауда да қырық сөзін белсенді қолданған. Мысалы, *қырық қабаттанып отыр* (ренжіп, кейіп, қырыстанып-құрыстанып отыр мағынасында), *қырық құбылды* (сөзінде тұрмай бәтуасызданды, сан алуан күйге түсті мағынасында), *қырық қазанның құлағын тістеді* (қыдырымпаз кісі туралы айтылады), *қырық пышақ болды* (таласып-тартысты, араздасып, ала ауыз болды мағынасында), *қырық саққа жүгіртті* (сан түрлі құбылтты мағынасында).

Тілімізде *«қырық бір шөптің басы болсаң, ақ баты қара қойдың құмалағы болсаң ақ сөйле!»* деген тілек сөз бар. Бұл – құмалақ ашу рәсімінде айтылатын қолданыс. Мұндағы қырық бір шөп қырық бір құмалақты меңзейді. Яғни жолаушының сапарын, аман-есендігін, немесе бір оқиға барысын не болмаса жоғалған мал-мүлікті болжау үшін құмалақшылар құмалақ салады. Бұл фраза сондайда құмалаққа сыйыну ретінде айтылады.

Қырықты сан алуан, бірнеше реттік қуғын-сүргін мағынасында қолдану қазақ тілінде жиі кездеседі. Оның мәнісі де «қырық жаны бар» деген түсініктен, яғни жанның «қырқына шыдап, қырық біріне шыдамай» сияқты халықтың ой түйінінен туындаған ұғымдарымен тікелей байланысты деп ойлаймыз. Мысалы, *«қырық жыл қырғын болса да ажалы келмей өлмейді»*, *«қырық күн қырғын, мың күн сүргін болса да»*, *«қырық жілік болғыр!»*, *«қысқа күнде қырық жерге қойма қойды»*, *«қысқа күнде қырық өлді»* (қайта-қайта қорлық көре беру, ұятқа қала беру мағынасында), *«қысқа таңда қырық тұрды»* (ұзақты түнге тыным болмады мағынасында) фразеологизмдері қырықтың негативті мәндегі қолданыстары деп қабылдаймыз. Қазақ қаншама қиындықты басынан кешірді, қаншама ауыртпалыққа төзімділік танытты. Осы ауыр халді танытуда *«қаншама, біршама, көптеген»* сияқты ұғымдарды қырық атауымен жеткізуінің өзі ұлттық таным-түсініктің айқын ерекшелігі деп білеміз.

Қазақ тіліндегі *«қырықтың қылауынан»* қолданысы өзгеше жаратылған, көп асылдың сынығы деген мағынаны білдіреді. Ал *«қырық темірдің қылауынан»* деген бейнелі тұрақты тіркес әйелдің жеңіл мінезді екенін сипаттау үшін қолданылған. Сондай-ақ поэтикалық тілде *«қырық сідік»* қолданысы да жиі кездесіп жатады. Бұл - ойнастан туған бала мағынасын білдіреді.

Қырықтың көптік мағынасындағы позитивті қолданысы *«отыз күн ойын, қырық күн тойын»* өткізу жайтынан байқалады. Мысалы, «Енді айталық төтесін, Отыз күн ұдай ойын қып, Қырық күн ұдай тойын қып, Құралайды Зарлыққа Молдалар қиды некесін», - [13] өлең шумағынан көреміз. Қазіргі таңда қыз ұзатудан бастап, үйлену тойы аралығындағы құда күту, сырға салу, бұрынғыда ұрын бару, т.б салт-дәстүрлерін қосқанда ұлды ұяға, қызды ұяға қондыру рәсімі отыз, қырық күндік той-думанмен өтетінін растайтын сөзқолданыс екеніне көзіміз жетіп отыр.

Сонымен, қырық санының халық түсінігіндегі сакральдік мәнін былайша бағамдауға болады:

- қырық – екі әлем (сәбидің ана құрсағындағы кезі мен жарық дүние келу уақыты);
- қырық – екі дүниенің, фәни мен бақидың шегі (қырқын беру);
- қырық – қасиетті мөлшер (қырық жеті);

– қырық – молшылықтың символы (отыз күн ойын, қырық күн тойын өткізу);

– қырық – қасиетті жас (жігіттің жетілу, кемелдену кезеңі).

Сонымен, ел аузындағы қырыққа қатысты сөз орамдары халықтың мифологиялық санасында киелі қасиетке ие ерекше сан түрінде қалыптасқандығын байқатады.

Әдебиеттер:

1. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 4-том. – Алматы: DPS, 2011. – 344 б.

2. Лингвистика и аксиология: этносемиотрия ценностных смыслов: коллективная монография. – М.: ТЕЗАУРУС, 2011. – 352 с.

3. Басаранович Е. Аксиология и лингвоаксиология в современном гуманитарном научном дискурсе (на примере исследования концепта «человек» в русской и китайской культурах) // Евразийский союз ученых. – <https://euroasia-science.ru/filosofskie-nauki/%D0%B0%D0%BA%D1%81%D0%B8%D0%BE%D0%BB%D0%BE%D0%B3%D0%B8%D1%8F-%D0%B8-%D0%BB%D0%B8%D0%BD%D0%B3%D0%B2%D0%BE%D0%B0%D0%BA%D1%81%D0%B8%D0%BE%D0%BB%D0%BE%D0%B3%D0%B8%D1%8F-%D0%B2-%D1%81%D0%BE%D0%B2%D1%80/> Дата обращения: 27.04.2017 г.

4. Словарь философских терминов / Науч. ред. В.Г. Кузнецов. – М.: ИНФА-М, 2007. – 731 с.

5. Кирьякова А. В. Теория ценностей — методологический базис аксиологии образования // Аксиология и инноватика образования. – 2010. – №1. – С. 2-32.

6. Ивин А.А. Аксиология. Научное издание. – М.: Высшая школа, 2006. – 390 с.

7. Дронова Л.П., Ермоленкина Л.И., Катунин Д.А. Картины русского мира: аксиология в языке и тексте: сб. монографий / Под ред. З.И. Резановой. – Томск: Издательство Томского университета, 2005. – 353 с.

8. Гураль С.К. Язык как процесс и как саморазвивающаяся система // Вестник Томского государственного университета. – 2007. – №298. – С. 32-35.

9. Гураль С.К. Мироззрение, картина мира, язык: лингвистический аспект соотношения // Язык и культура. – 2008. – №4. – С. 14-21.

10. Алефиренко Н.Ф. Лингвокультурология. Ценностно-смысловое пространство языка: учебное пособие. – М.: Флинта, 2010. – 288 с.

11. Штумпф С.П. Духовность. Аксиологическая направленность и социокультурная природа феномена: монография. – Красноярск.: Красноярский гос. пед. ун-т им. В.П. Астафьева, 2013. – 256 с.

12. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1977. – 711 б.

13. Мұңлық-Зарлық. – Алматы, 1967. – 225 б.

Курмамбаева Ж.Б.

ЛИНГВОКСИОЛОГИЧЕСКОЕ ЗНАЧЕНИЕ КОНЦЕПТА «СОРОК»

В статье рассматривается лингво-культурный концепт «сорок», представляющий ценность для выявления особенностей мироведения языкового коллектива, описываются подходы и классификации концепта как

инструмента формирования и интерпретации языкового менталитета. Центром концепта всегда является ценность, поскольку концепт служит исследованию культуры, а в основе культуры лежит именно ценностный принцип. Концепт, по Ю.Степанову – это как бы сгусток культуры в сознании человека; то, в виде чего культура входит в ментальный мир человека. Ведущая роль ценностного компонента в формировании концепта используется в настоящей статье приоритеты казахской культуры на национальной шкале. Число «40» давало полную картину миру казахского народа.

Ключевые слова: Концепт, сознание, лингвоаксиологическое изучение, когнитивная изучение, менталитет, ценностный принцип, ценностный компонент, картина мира.

Kurmambaeva Zh.B.

LINGUISTIC VALUE OF THE CONCEPT OF "FORTY"

Any concept carries people's value as the value is the core of concept. Through concept we study people's culture and its background. According to U.Stepanov "the most valuable culture of each nation operates in people's mind set for it represents the mentality of people. The article gives a conceptual analysis of valuable culture with the numeral "40" in the cognitive and linguacultural aspect. Number 40 gives a full picture of Kazakh people's world.

Keywords: Concept, mind, mind set, linguacultural study, cognitive study, mentality, valuable component, people's value, people's picture of the world.

ӘОЖ 39:821.512.122

Джумабекова А.А. – филология магистрі, Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық техникалық университеті
E-mail: vip.ainagul1986@mail.ru

Х.ЕСЕНЖАНОВТЫҢ «АҚ ЖАЙЫҚ» ТРИЛОГИЯСЫ ЛЕКСИКАСЫНЫҢ ЭТНОМӘДЕНИ БІРЛІКТЕРІ

Аңдатпа. Мақалада «Ақ Жайық» трилогиясының қазақ әдебиетіндегі орны туралы айтылып, оны этномәдени тұрғыдан зерттеу қажеттілігі жайлы ғалымдар еңбектерімен орайластыра зерделенеді. Рухани мәдениет пен заттық мәдениетті өзара байланыстырып, мысалдар келтірілген. Туыстық атаулар, киім-кешек атауларының, әдет-ғұрыптардың ұлттық сипатын айқын ашып, этнолингвистикалық талдау жүргізіледі.

Тірек сөздер: трилогия, әдет-ғұрып, этномәдениет, этнографиялық ұғым, рухани мәдениет, материалдық құндылықтар.

Қай ұлттың да өзіндік мәдени ескіліктері қашанда алдымен оның тілінде таңбаланады. Сондықтан әрбір халықтың интеллектуалды ерекшелігін оның өз тіл құрылымынан іздеу керек. Алайда бұл ерекшелік оның талай заманғы этномәдени даму процесінде біртіндеп, ұзақ қалыптасатыны белгілі.

«Ақ Жайық» трилогиясында халқымыздың қоғамдық және тұрмыстық, сондай-ақ түрлі салттық ерекшеліктері өзінің тиісті тілдік көрінісін тапқан.

Академик Ә.Қайдаров тілдің осы шежірелік қыры, танымдық қызметі туралы былай деп жазады: «Этностың (бүгінгі ұлыстың, халықтың не ұлттың) тілінде оның басып өткен бүкіл ұзақ өмірінің өрнегі жатыр...» Халықтың, яғни этностың шын мәніндегі болмысы мен дүниетанымы оның тек тілінде ғана сақталады. Әртүрлі заттың, құбылыстың аты-жөні, сыр-сипаты, қоғамдық қатынастар, әдет-ғұрып, салт-сана мен дәстүрлер жайлы мағлұматтардың бәрі де кейінгі буындарға тек тіл фактілері арқылы ғана, яғни тілдегі сөздер мен сөз тіркестері, фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер, аңыз-ертегілер арқылы ғана келіп жетуі мүмкін [1, 18 б.]. Алайда осы этностық ерекшеліктердің тілдік көріністерін зерттеудің өзіндік ерекшеліктері бар. Оларды әдетте этнолингвистика тұрғысынан алып зерттеген ұтымды. Өйткені тіл білімінің бұл саласы лингвистикамен, этнографиямен, фольклористикамен, мәдениеттанумен және әлеуметтанумен ұштасып жатқан, көп жағдайда солардың жетістіктері мен зерттеу материалдарына сүйенетін және кешенді әдістерді кеңінен пайдаланатын дербес білім саласы, шекаралық кешенді ғылым [2, 404 б.]. Ол өзінің осы табиғатына сәйкес тек бір тілдің емес, қажетіне қарай бірнеше туыс тілдің (кейде тіпті өзге жүйелі тілдің де) деректеріне сүйенеді.

«Ақ Жайық» романы – жердің, елдің тарихи оқиғалардың, халық тағдыры үшін күрескен саналы азаматтардың әдеби образы [3, 18 б.]. Автор отарлық езгіден қиналған халықтың бостандығы мен бақыты үшін күрескен ерлердің жиынтық бейнелерін (Хәкім, Әлібек, Әділбек, Шолпан, Нұрым т.б.) жасаумен қатар нақты тарихи тұлғалардың (Дмитриев, Әйтиев, Қаратаев, Белан т.б) өмір жолын шебер суреттеді. Халық тарихының бір қиын-қыстау кезеңдерін автор шеберлікпен, асқан шыдамдылықпен хикая еткен. Қат-қабат оқиғалар мен сан алуан тағдылар ескі мен жаңаның бітіспес айқасы, ту даладағы ғаламат шайқастар жазушы шеберлігінің арқасында құлашы кең эпикалық суреттерге айналған. Жазушы өмірді қозғалыс, өсу үстінде, тарихи шындыққа тән бейнелеу ниетінен ауытқымауға ұмтылды. Тарихи күрес дәуірінің қилы-қилы кезеңдері мен сұрапыл шайқастарын жанды да шындық қалпында суреттеу ниетімен жазушы романда әртүрлі көзқарас пен сенімнің, мінез бен әрекеттің, іс пен сөздің адамдарын күрес сахынасына тартқан.

Ата-бабамыз қалыптастырған заттық және рухани мәдениеттің бір бөлігі уақыттың тезіне шыдап, келесі ұрпаққа өте бағалы және асыл мұра ретінде қалды. Бұл орайда, Р.Ахметьянов: «Чуваштар мен татарлардың эпосы мен мұралары өзара байланысы жоқ және тілдік материалдарды аз береді екен. Себебі, чуваштар да, сол сияқты татарлар да өзінің ұлттық эпосын иеленбегенін өкінішпен еске алады. Бұл дегеніміз, түріктердің эпикалық поэмалары рулық-тайпалық бөлініспен байланысты болған. Ал, тайпалық одақ татарлар мен чуваштарда өзінің құны XIV-XV ғасырларда-ақ жойған екен. Рулық-тайпалық құрылымының бұзылуымен бірге о дүниеге рулық дәстүр болып саналған ата-бабаның ерлігін жырлайтындар да кетіпті. Қыпшақ эпосы тек қана көрші татарларда, ноғайларда, башқұрт пен қазақтарда ғана сақталыпты. Сібір татарларында «Едіге» жыры сақталса, жалпы түркілік эпос «Алпамыс» татар мен чуваштарда қысқа ғана қарасөз үлгі сымағы ғана табылады» - дейді. Р.З. Ахметьяновтың бұл сөзі әр қазақты ойландыруы керек сияқты. Бұндай мәдениет – «мәдени мұра» деп аталады. «Мұрагерлік» - ұлтты біріктіретін өте маңызды фактор. Ол – елді қиын жағдайда ұйымдастырады. «Мәдениет» бұл – атап өткендей аса күрделі, көп

деңгейлі жүйе. «Мәдениетті» тасушысына байланысты бөлу дәстүрге айналған. Осы тәуелділікке байланысты мәдениет «әлемдік» және «ұлттық» болып бөлінеді. «Әлемдік мәдениет» - бұл біздің жер шарды мекендеген барлық әр түрлі халықтардың ұлттық мәдениетінің ең жақсы жетістіктері. «Ұлттық мәдениет» өз кезегінде әр түрлі мәдени кластың синтезі ретінде, қоғамдағы белгілі бір әлеуметтік қабаттың және топтың мүддесінен шығады. Ұлттық мәдениеттің әр түрлілігі оның қайталанбауы және жасампаздығы руханилығынан (тіл, әдебиеті, музыкасы, майлы бояу, діни), сол сияқты заттық мәдениетінен (экономикалық ерекшелік жағдайы, шаруашылықпен айналысу, еңбек дәстүрі және өндіріс) шығармашылық пен тіршілік сферасында т.б. көрінеді. Қоғамның көптеген мүшелері мәдениетінің құндылығын, сенімді, салт-дәстүрді басшылыққа алады. Қоғам бірнеше топқа (ұлттық, демографиялық, әлеуметтік, кәсіби т.б.) бөлінеді және әрқайсысында өзіндік мәдениет қалыптасады. «Рухани мәдениет» - адамдардың талғамына байланысты дамыды. Ол өзінің құрамдас бөлігі ретінде эстетика мен этика нормаларын қабылдауға мәжбүр болды. «Эстетика» (грек. ощущение) – өнер туралы философиялық оқу. «Этика» (грек. адамгершілік, дәстүр қағидасы, мінез нормасы) – адамдардың бір-біріне деген қарым-қатынасы жоғарғы мәдениеттілік келбеті [4, 323-324 б.]. «Салт-дәстүр» – адамзаттың рухани көне құбылыстарының бірі. Әдет-ғұрып аса қарапайым мінез-құлықтардың бүтіндей, үйреншікті өмір салтының үлгілерінің негізінде қалыптасады. Олар қоғамда белгілі бір уақытта, орында, белгілі бір оқиға, жағдайға байланысты қолданылып жатады [5, 63 б.].

Халықтың ерте кездегі әдет-ғұрып, тұрмысы жайындағы этнографиялық ұғымдардың атаулары тарихи сөздіктер мен тарихи шығармаларды сақталып, олар жайында мағлұмат береді. Этнографтар халықтың замандар бойындағы тұрмыс салт, әдет-ғұрпына байланысты жайлар мен халық жасаған материалды байлық, рухани мәдениетке қатысты жайларды зерттегенде, тіл фактілеріне соқпай өте алмайды. Өйткені тіл – солардың бәрін ұзақ замандардың бойында ұрпақтан ұрпаққа жеткізген және сақтап қалған құралдардың бірі.

Трилогиядағы *көңіл айту; жұбату; қолқа салу; садақа беру; той; ашамайға отырғызу; қырқынан шығару; бесікке бөлеу; ас беру; бәйгеге ат қосу; жамбы ату; белдесіп күресу; қалың мал беру; құда түсу; ұзату тойы* т.б. тәрізді этномәдени бірліктер заттық мәдениетке тікелей байланысты халықтың рухани мәдениетінен мағлұмат береді. Енді солардың бірнешеуіне тоқталып өтсек:

Көңіл айту. – *Тояш шырағым, Бақы ағаң дүние салыпты, тәңір иманын жолдас қылсын. Жалғыз сенің ағайының емес, бәрімізге жақын, ақкөңіл адам еді. Басқа не айтамыз, - деп екі-үш шал қосарлана сөйлеп көңіл айтысты* [6, 174 б.] Қазақтың ертедегі салты бойынша, түзде өлген адамды отбасы мүшелеріне жақын туыстарына естіртуші адам айтатын сөзін, естірткелі отырған уақиғаны тұспалдап, жұмбақтап, ишаратпен, өлеңмен кейде әртүрлі салыстырулармен хабарлаған. Кейде ауыр қазаны күймен де естірту дәстүрі болған. *Ол Тояш сияқты Шүйкеге көңіл де айта алмады, зорлаған әйелдерді жұбатуға да кірісе алмады.* Жұбату өлең, тақпақ, жыр түрінде айтылған. Шешендік сөз арқылы көңіл айту басы қаралы, жүрегі жаралы жандарды жақсы лебіз, жанашырлық сөзбен ойын ширатып, көзінің жасын тияды, бойына қайрат береді, қайғысын сейілтуге тырысады. Қаза ортақ, қайғы

кезек, өлім хақ екенін ескертіп, жұбатады, өткенге өкінгенше тірінің тілеуін тіле дейді. рилологияда ер азаматтың ақкөңілділігін, ерлігін адамгершілігі сияқты қасиеттері туралы айтылады. Оны балаларына өнеге ету мақсатында тәрбиелік мәні зор.

Шілдехана. Бұл да нәресте. Бұл да шілдехана тойындай шаттықпен бас қосады. Бұл да қырқынан шығып, бесікке бөліп әлдилеуді керексімеді, қаз тұрып аяқ басқанша күні-түні мәпелеуді тілейді [6, 133 б.] Бала қаз тұрып, тәй-тәй басып жүре бастаған кезде жасалатын салт-дәстүр. Әдетте баланың туғанына 12-14 ай толғанда жасалады. Қазақ баласын ағаш бесікке салып асырайды. Бесік иіп кептірілген талдан жасалады.

Құда түсу. Маған солардың ақымақ болғаны керек еді, ақсақал. Сен қайта-қайта ақылды дейсің, құда түсетін адамша, тегі [6, 343 б.] Қазақ халқы қоғамдық қарым-қатынастарды әдет-ғұрып бойынша реттеп, өздерінің достығын қыз алысып, қыз берісіп, құда болуы арқылы нығайтып келген. Қазақта жеті атаға дейін қыз алыспау дәстүрі, яғни медициналық қан тазарту заңы қатаң сақталған. Х.Есенжанов *құда түсу* деген тіркесті ауыспалы мағынада қолданған.

Қалың мал беру. Екеуімізге қатынды ана Хакім Жүнісіп алып бермейді. Өйткені оның ұғымынша бұл өткен заманның салты: қалың мал беру, құда түсу, келіншекті көру, ұзатып әкелу, жиһазын түгендеу... осы сияқты толып жатқан ескі салт коммунистке лайық емес деседі. Қалың мал төлеу кейбір зерттеушілердің түсіндіріп, жүргеніндей, қызды сатып алу үшін берілетін құн емес, керісінше, қалындықтың жасауына, сәукелесіне, той малына, кәделі алыс-берістерге жұмсалатын қаражат көлеміне сай төленетін төлем. Дәстүрлі қалыңмал мынадай бөлімдерден тұрады: бес жасы, ілу, өлітірі, той малы, сүт ақы, жігіт түйе.

Работа Е.С. Данилко явилась первым комплексным и обобщающим исследованием по истории старообрядчества Южного Урала [21]. В этой работе всесторонне и непредвзято «древнеправославие» исследовано в историческом, этнографическом и культурном аспектах. Автор затрагивает и вопросы развития староверия в Уральском войске, исследуя традиции и особенности обрядовой практики казаков.

Отдельные аспекты миссионерской деятельности официальной православной церкви и истории старообрядчества содержатся в трудах А.Д. Камзиной [22], статье Т.К. Махровой «Раскол и единоверие в казачьих станицах Оренбургской епархии» (Челябинск, 2001). Авторы определили основные задачи православных миссионеров в регионе, на конкретных исторических этапах выявили специфику взаимоотношений местных светских и церковных властей. В диссертационном исследовании А.Д. Камзиной «Старообрядчество как объект миссионерской деятельности Русской православной церкви в Оренбургской епархии (1859-1917 гг.)» раскрыты проблемы миссионерской деятельности и феномен старообрядчества в духовно-практическом и социальном плане. Автором были проанализированы меры, применяемые миссионерами в антираскольничьей деятельности, в том числе и на территории Уральского казачьего войска. Подробно разобрав епархиальные отчёты, Камзина А.Д. приходит к выводу о том, что миссионерство в данном регионе потерпело неудачу.

Истории зарождения и распространения старообрядчества посвящены исследования О.В. Ягудиной. Интересна ее мысль о прочном укоренении позиций староверия среди казаков Яицкого (Уральского) войска: «В других местах империи при малочисленности старообрядцев наблюдался процесс смешения их с православными, а затем уже и вхождение их в лоно официальной церкви. В Уральском войске раскол искоренить оказалось

гораздо труднее, поскольку абсолютное большинство казаков во второй половине XIX века придерживалось старых обрядов» [23, с. 122].

Оригинальную позицию в отношении начала распространения староверия на территории проживания яицких казаков и особенностей его дальнейшего развития высказала Т.С. Романюк: «Слабость позиций официальной церкви и гражданских властей на территории проживания яицких казаков создали благоприятные условия для распространения староверия. Появление первых старообрядческих проповедников в 70-е гг. XVII в. позволяет нам считать Яицкое войско одним из ранних центров формирования староверия. Возможность ведения служб в церквях по старым книгам предопределила широкое распространение в войске беглопоповщины. В то же время, принадлежность казаков к приходам указанных церквей позволяла властям считать их последователями официального православия, и, в том числе, более полутора веков закрывать глаза на реальную религиозную ситуацию» [24, с. 272].

В ряду специальных исследований практический интерес представляют исследования, посвященные характеристике самобытных культурных элементов Уральского (Яицкого) казачества. Среди них можно отметить статьи А.М. Дубовикова [25], [26], Н.Е. Пирмановой [27] и Н.В. Гурской [28].

Таким образом, с точки зрения исторического опыта, изучение и обобщение материалов по теме исследования объективно необходимо и полезно, ибо дает возможность выйти на новый уровень исторического синтеза по актуальным проблемам истории Казахстана.

В целом, анализ историографии современного этапа позволяет сделать вывод о том, что за последнее время произошли заметные количественные и качественные сдвиги в уровне проводимых исследований. Однако проблема распространения мировых религий, история каждой из конфессий все еще остаются актуальными для Казахстана. Предстоит большая работа по проведению исследований на региональном уровне, которые позволят раскрыть новые своеобразные черты конфессиональной истории региона.

Литература:

1. Бекмаханов Е. *Казахстан в 20-40-е годы XIX века.* – Алма-Ата: Санат, 1992. – 182 с.
2. Бекмаханов Е. Б. *Присоединение Казахстана к России.* – М.: Изд-во АН СССР, 1957. – 342 с.
3. Вяткин М. *Батыр Срым.* – Алматы: Санат, 2002. – 344 с.
4. Жусупов С. *Ислам в Казахстане: прошлое, настоящее, будущее во взаимоотношениях государства и религии // Ислам на постсоветском пространстве: взгляд изнутри.* – М.: Арт-Бизнес-центр, 2001. – С. 100-128
5. Султангалиева А. *Эволюция ислама в Казахстане // Центральная Азия и Кавказ.* – 1999. – № 4. – С. 31-40
6. Басилов В.Н., Кармышева Дж. Х. *Ислам у казахов (до 1917 г.).* – М., 1997. – 161 с.
7. Нурбаев Ж.Е. *История распространения мировых религий в Северном Казахстане во второй половине XIX – начале XX вв. / Автореф. канд. ист. наук.* – Караганда, 2010. – 29 с.
8. Султангалиева А.К. *Ислам в Казахстане: история, этничность и общество.* – Алматы: КИСИ при Президенте РК, 1998. – 188 с.

9. Нургалиева А.М. *Очерки по истории ислама в Казахстане*. – Алматы: «Дайк-пресс», 2005. – 224 с.
10. Нургалиева А.М. *Ислам в истории и культуре казахского общества (XVIII -начале XX вв.) / Автореф. дис. д-ра ист. наук*. – Уральск, 2009. – 40 с.
11. Нуртазина Н.Д. *Ислам в истории средневекового Казахстана (историко-культурологическое исследование)*. – Алматы: Фараб, 2000. – 312 с.
12. Бейбит С.А., Барбасов М.-К. *Казахстан: религии и межконфессиональные отношения // Центральная Азия и Кавказ*. – 2002. – № 2 (20). – С.79-88
13. Шаблей П.С. *Оренбургское магометанское духовное собрание в общественно-политической и религиозной жизни населения казахских степных областей: Автореф. дис. канд. ист. наук*. – Челябинск, 2013. – 29 с.
14. Frank Allen J. *Islamic transformation on the Kazakh Steppe, 1742-1917: Toward an Islamic history of Kazakhstan under Russian rule // The Construction and deconstruction of national histories in Slavic Eurasia / Ed. Tadayuki Hayashi*. – Sapporo, 2003. – P. 262-263.
15. Frank Allen J. *Islam and ethnic relations in the Kazakh Inner Horde: muslimcossaks, tatar merchants and kasakh nomads in a Turkic manuscripts, 1870-1910 // Muslim culture in Russia and Central asia from the 18-th to the early 20th centuries*. – 1998. – Vol. 2. – P. 211-242.
16. Каппелер А. *Россия – многонациональная империя. Возникновение. История. Распад / Пер. с немецк*. – М., 2000. – 344 с.
17. Верт П.В. *От «сопротивления» к «подрывной деятельности» // Российская империя в зарубежной историографии. Работы последних лет: Антология*. – М.: Новое издательство, 2005. – С. 48-82
18. Садвокасова З.Т. *Духовная экспансия царизма в Казахстане в области образования и религии (вторая половина XIX - начало XX вв.)*. – Алматы, 2005. – 345 с.
19. Тасмагамбетов А.С. *История конфессий Казахстана в конце XVIII – начале XX вв. (по материалам ислама и православия): монография*. – Уральск: Издат. Центр и СМИ ЗКГУ им. М. Утемисова, 2010. – 376 с.
20. Изюмов А.И. *К вопросу об областной идеологии казаков-старообрядцев р. Урала // Материалы научно-практической конференции «Старообрядчество: История, культура, современность»*. – М., 2000. – С. 58-61.
21. Данилко Е.С. *Старообрядчество на Южном Урале: Очерки истории и традиционной культуры*. – Уфа, 2002. – 244 с.
22. Камзина А.Д. *Старообрядчество как объект миссионерской деятельности Русской православной церкви в Оренбургской епархии (1859-1917 гг.) / Автореф. дис. канд. ист. наук*. – Оренбург, 2004. – 28 с.
23. Ягудина О.В. *Роль старообрядчества в общественно-религиозной жизни оренбургского и уральского казачества (вторая половина XIX – начало XX в.) // Вестник Оренбургского государственного университета*. – 2012. – № 5. – С. 121-126
24. Романюк Т.С. *Распространение староверия на территории Яицкого войска (1670 – 1700-е гг.) // Материалы к международной научной конференции «Русь, Россия: Средневековье и Новое время» (26 октября – 1 ноября 2015 г.). Выпуск 4: Четвертые чтения памяти академика РАН Л.В. Милова*. – М.: 2015. – С. 269-273.

25. Дубовиков А.М. Повседневная культура Уральского казачества (XVI-XIX вв.) // Вестник Оренбургского государственного университета. – 2008. – №10(92). – С. 44-49.

26. Дубовиков А.М. Уральское Казачье войско как военно-административная единица и историко-культурный феномен дореволюционной России // Альманах «Казачество». История. – 2015. – № 9. – С. 42-68.

27. Пирманова От языка уральских (яицких) казаков – к духовной вере и культуре // Филологические науки. Вопросы теории и практики. – 2014. – №10 (40). – С. 139-142

28. Гурская Н.В. Гурская Н. В. Патриархальные обычаи как неотъемлемый фактор складывания самобытных культурных элементов Уральского (Яицкого) казачества // Вестник Челябинского государственного университета. – 2010. – № 16. – С. 74-82.

Рысбеков Т.З., Муканалиева А.М.

**БАТЫС ҚАЗАҚСТАНДА ӘЛЕМДІК ДІНДЕРДІҢ ТАРАЛУЫ
МӘСЕЛЕСІНІҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ТАРИХНАМАСЫНА ШОЛУ**

Мақалада өңірдің конфессиялық тарихы бойынша жарияланымдарға талдау жүргізілді. Кеңес дәуіріндегі бірқатар жұмыстардың құндылығы атап өтілді (Е.Бекмаханова, М.Вяткина).90-жылдардағы бірқатар басылымдардың маңыздылығы атап өтілді. (А.Сұлтанғалиева, В.Н. Басилов және Ж.Х. Кармышева). 2000 жылдары жарияланған еңбектерге басты назар аударылады. Ислам тарихы туралы ең жоғары бағаланған басылымдар А.М. Нұрғалиева, Д.Нуртазина, Р.С. Шабля, Г.С. Сұлтанғалиева, А.Каппелер және П.Верт. Христиандық мәселелері бойынша жұмыстардан А.С. Тасмағамбетовтың зерттеулері бөлінген. А.И. Изюмов, А.Д. Камзина, Т.К. Махрова, О.В. Ягудиной, Т.С. Романюк, А.М. Дубовиков және т.б. басылымдарының құндылығы атап өтілді.

Тірек сөздер: аймақтың тарихы, ислам, христиан, суфизм, татарлар, Жайық казактары, православие, көне діндарлар, орыс православие шіркеуі, миссионерлік жұмыс.

Rysbekov T. Z., Mukanalieva A.

**REVIEW OF MODERN HISTORIOGRAPHY OF THE PROBLEM OF
THE SPREAD OF WORLD RELIGIONS IN THE TERRITORY OF
WESTERN KAZAKHSTAN**

The article analyzes publications on the confessional history of the region. The value of a number of works of the Soviet period (E.Bekmakhanova, M.Vyatkina) is noted. The importance of a number of publications of the 90s is noted. (A.Sultangalieva, V.N. Basilova and J.Kh. Karmysheva). The main attention is paid to the works published in the 2000s. Publications on the history of Islam by A.M. Nurgalieva, D.Nurtazina, P.S. Shabley, G.S. Sultangalieva, A.Kappeler and P.Vert deserve the greatest evaluation. A.C. Tasmagambetov's researches are allocated from works on problems of Christianity. The value of A.I. Izyumova, A.D. Kamzina, T.K. Makhrova, O.V. Yagudina, T.S. Romanyuk, A.M. Dubovikova, etc is noted.

Keywords: history of the region, Islam, Christianity, Sufism, Tatars, Ural Cossacks, Orthodoxy, Old Believers, Russian Orthodox Church, missionary work.

ӘОЖ 93/94

Мұқтар Ә.Қ. – тарих ғылымдарының докторы, профессор,
«Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы
E-mail: muktar64@mail.ru

Жусупов Р.Б. – А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік
университетінің докторанты
E-mail: rus.zhussupov@mail.ru

КІШІ ЖҮЗ ХАНЫ ШЕРҒАЗЫ АЙШУАҚҰЛЫНЫҢ РЕСЕЙМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ

Аңдатпа. Мақала Кіші жүз ханы Шерғазы Айшуақұлының дипломатиялық қызметтерін саралауға арналған. Ол Кіші жүзді ХІХ ғасырдың алғашқы ширегінде, елдегі әлеуметтік-экономикалық, саяси дағдарыс кезеңінде басқарды. Ресей бұл кезеңде өз саясатын толық жүзеге асырып, хандық билікті дағдарысқа ұшыратты, оны күштеп жоюға кірісті. Шерғазы хандық билікті сақтауға күш салды. Оны ханның дипломатиялық қызметтері айғақтайды. Мақала Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі аясындағы № АР 05134572 ғылыми жобасын орындауға арналған.

Тірек сөздер: Қазақ хандығы, Ресей, Шерғазы, дәстүрлі билік, дипломатия.

Кіріспе. Қазақ хандығы тарихында патшалы Ресей бекіткен Кіші жүздің соңғы ханы Шерғазы Айшуақұлының қоғамдық-саяси қызметі бүгінге дейін толыққанды зерттелген емес. Көп жағдайда кешегі орыс зерттеушілері, кеңестік тарихшылар тұсында қалыптасқан тұжырымдар жалғасын тауып, Шерғазы ханды біржақты хандық биліктің жойылуына шешуші ықпал жасаған тұлға ретінде насихатталып келеді. Дегенмен тұлға туралы соңғы жылдары жарияланған тарихшы Г.Ізбасарова мақалалары ханның ел билігіндегі қызметіне жаңа қырынан қарауға негіз қалады. Мәселен, Г.Ізбасарова: «Шерғазы хан туралы осы Эссен қалдырған деректер негізінде пікір айтып келеміз. Ал Шерғазы мен Эссеннің арасы шиеленіске толы болған. Осы жағын ескеру керек. Тимковскийден қалған деректерге көз жүгіртсек, Шерғазы ханды басқа қырынан да көруге болар еді. Сондай-ақ, императормен кездесу кезінде хан жер мәселесін көтерген, қазақтың жерінің тартып алынғанын айтқан» [1] дей келе, тұлғаның қоғамдық-саяси қызметіне жаңаша баға береді. Тарихшы айтып отырған В.Ф. Тимковский 1820 жылы 22 маусымда Орынбор Шекаралық комиссиясы төрағалығына тағайындалған болатын. Ол бұрынғы төраға Г.П. Веселицкийдің саясатын жан-жақты саралап, ХІХ ғасырдың басындағы орыс-қазақ қарым-қатынасының шиеленісу себептеріне үңіледі. Азия комитеті оған қазақтар жайымен танысып, үкіметке арнайы өз пікірін жеткізуді тапсырған болатынды. Көп ұзамай Шекаралық комиссия басшысы Кіші жүздегі шиеленіске негізгі себепкер жергілікті басшылар дей отырып, Орынбор губернаторлары, соның ішінде И.И. Неплюев пен Н.Н. Бахметевтердің «өте-мөте тонаушылығы» әсер етті деген пікірін комитетке жеткізеді. Тіпті В.Ф. Тимковский қазақтарды империя құрамына қосу қажеттігіне де сенімсіздік білдіреді. Ол «мүмкін, бізге қазақтарды Ресей бодандығына қабылдамағанымыз тиімдірек болар.

Оларды тату-тәтті көрші санап келіссөздер, қажетті жағдайда басымдырақ әскери күштер аттандырып ықпал жасасақ, сонымен мүмкін болған пайдаларды алып отырсақ» дегенді ұсынады [2, 457 б.]. В.Ф. Тимковский қазақтар арасында беделді тұлғалар Шерғазы Айшуақұлы, Арынғазы Әбілғазұлы, Қаратай Нұралыұлы арасындағы өзара қарым-қатынасты зерделейді. Оның жазған хаттарына назар аударсақ төраға қазақтың белді тұлғаларымен жеке кездесуге ұмтылмағанын байқаймыз. Шекаралық комиссия төрағасы хан, сұлтандармен жеке кездеспеу арқылы қазақ-орыс арасындағы шиеленісті жағдайға объективті көзқарас қалыптастыруға тырысқандай [3]. Мұның соңы Орынбор губернаторы П.К. Эссен мен В.Ф. Тимковский арасындағы ашық тартысқа ұласады. Ресей Сыртқы істер министрлігіне бағынатын Азия комитеті бір-біріне кереғар губернатор мен Шекаралық комиссия төрағасының ұсыныстарын талқылап, 1820 жылы 19 ақпанда П.К. Эссеннің Кіші жүзді екі хандыққа Шерғазы және Арынғазыға бағынатын иелікке бөлуді қабылдамай, «жалғыз Шерғазы ханды қолдап, оны күшейту» қажет деген шешім қабылдайды [4, 349-350 б.]. Сонымен бірге ханды күшейту үшін губернаторға Шерғазы Айшуақұлының қатысуынсыз сұлтан, старшындармен байланысқа түсуіне қатаң тыйым салынады [5, 1-2 п.]. Осылайша Қазақстанның батыс өңіріндегі күрделі шиеленісті кезеңде Шерғазы хан өз билігін сақтап қалады. Мұның өзі ханның бүгінге дейін қалыптасқан көзқарастың біржақтылығын толық дәлелдейді.

Методология. Зерттеу барысында бүгінгі тарих ғылымындағы салыстырмалы-тарихи, мерзімдемелік, өзектілік, перспективті, логикалық, жүйелілік әдістер кеңінен қолданылады. Оларды пайдалану зерттеу аумағына алынған мәселелерді толыққанды саралауға жол ашады. Зерттеу барысында пәнаралық байланысқа да назар аударылды. Зерттеу мәселесі заң, география, саясаттану және өзге де ғылымдармен тығыз байланысты.

Мәселенің зерттелу тарихы. Сонымен Шерғазы Айшуақұлы кім, ол қазақ тарихында қандай қызметтерімен есте қалды?

Шерғазы Айшуақұлы Қазақ хандығының Бас ханы Әбілқайыр Қажысұлтанұлының Айшуақ атты ұлынан тарайтын немересі. Оның әкесі Айшуақ сұлтан 1797–1805 жылдары Ресей үкіметі бекітуімен Кіші жүздің ханы болып, Қазақ хандығының батыс өңіріндегі билікті іс жүзіне асырды. Қазақ тарихында Айшуақ хан Ресейде аманатта болуымен, сыртқы жауларға қарсы күресте қол бастауымен, өзінің қызуқандылығымен, сонымен бірге 73-74 жасында хандық таққа отырып, 1805 жылы тақтан өз еркімен кетуімен, хандық билікті үлкен баласы Жантөре сұлтанға беруімен есте қалды. Белгілі тарихшы Ж.Қасымбаев тұлғаға арнаған «Хан Айшуақ» монографиясында: «мы можем с полным основанием сказать, что долгая, полная драматизма, насыщенная взлетами и падениями жизнь Айшуака служила интересам казахского народа, и прежде всего интересам султанов – все более слабеющей, а некогда привилегированной прослойки, к которой он сам принадлежал. Прожив 91 год, из них полвека находясь в водовороте бурных событий той эпохи, он ушел из жизни незаметно. Однако его имя, дела, роль и место надолго запечатлелись в истории Центральной Азии, порою давая о себе знать при поседующеих ханах – Жантөре, Шергазы» деп бағалады [6, 204 б.].

1811 жылы 25 қыркүйекте Кіші жүз ханы болып сайланған Шерғазы хан Айшуақ ханның төртінші баласы болғандай. Оның ағасы Апақ сұлтан Сырым бастаған ұлт-азаттық қозғалыс кезеңінде шекаралық казак-орыс әскерлері

қолынан қаза тапса, келесі ағасы, 1805-1809 жылдары Кіші жүз ханы болатын Жантөре 1809 жылы өз қазақтары қолымен өлтіріледі. Бір кезеңде Жантөре де Ресей отарлауына байланысты қол бастады. Дегенмен Айшуақ сұлтан ұрпақтарының Ресейге қарсы күресі 1797 жылы Есім хан өлтірілгеннен кейін архив деректері мен зерттеушілер еңбектерінде көрініс таппайды. Біздіңше оның себебі Айшуақ сұлтанның хан болып сайлануына байланысты. Орыс үкіметі бекіткен ханның басты мақсаты шекарадағы қазақ-орыс қарым-қатынасын реттеу болды. Оны іс жүзіне асыруға алдымен Айшуақ ұрпақтары мүдделі болды. Оған хандық билікке ұмтылған Қаратай сұлтанның қадамдары да белгілі дәрежеде ықпал жасады.

Шерғазы Айшуақұлы 1812 жылы 29 наурызында император жарлығымен хандық билікке бекітіледі. Хандық таққа отыру рәсімінің өткізілуіне байланысты Шерғазы хан өзі бастаған елшілік Орынборға аттанады. Осы жылдың 22 тамызында Орынбор қаласы айырбас сауда сарайының маңында хан тағына отыру сәтінің салтанатты рәсімі өткізіледі [7, 513 б.]. Бұл кезде бір мезгілде Кіші жүзде Бөкей сұлтан Нұралыұлы Ішкі Орданың хандық билігіне ие болғанды. Екі сұлтанның хан тағына сайлау рәсіміне, сондай-ақ Орта Азия аймағынан орыс тұтқындарын сатып алу мақсатында жұмсалуға тиісті ақшаның кірісі 20 мың сомның 16 мың 594 сом 56 тиыны Кіші жүз және Ішкі Орда сұлтандарын Орынборда болған кездеріндегі керек-жарақтарына жұмсалған [8, 53 п.]. Сонымен Қазақстанның батыс өңірінде Ресей мойындаған екі хан бекітілді. Бөкей ханға Астрахан далалары мен Жайық өзенінің Каспий теңізіне құятын салалардағы қазақтарды басқару жүктелді [9]. Жаңадан хандық билікті қолына алған Шерғазы сұлтан Ресейдің ішкі аймағында қоныстанып қалуына ниет білдірген. Л.Мейер оның негізгі себебі «Қаратай сұлтанның орыс үкіметінің Шерғазы сұлтанды хан ретінде бекітілуіне байланысты тегеурінді қарсылығы» деп есептейді [10].

Хан тағына отырған Шерғазы алдымен қазақ-орыс шекарасындағы талас-тартыс, шекаралық әскерилердің қокан-лоқысын тоқтатуға күш салады. Мәселен 1815 жылы маусым айында Шерғазы ханның Орынбор әскери губернаторы Г.С. Волконскийге жазған хабарламасында Жағалбайлы руының Аққұз бөлімінің қазағы Игілік Құтлыбайдың шағымы бойынша 1814 жылы қысқы мезгілінде Табылды Тұтай, Байтуған Қары, Қарақұла Асан есімді қазақтардан еш себепсіз унтер-офицер Молостов 225 жылқыны, 784 ұсақ қара малды, 15 түйені айдап кеткен. Сондай-ақ бұдан басқа 9 кілем, шекпен және т.б. заттар қолды болған. Хан Орынбор басшылығына қазақтардың иелігіне тиісті үлестерін қайтарылуына байланысты шарт қойған еді [11, 13-14 п.]. Сонымен қатар осы жылы Жағалбайлы руының Мақатай бөлімінің қазағы Нұрабай Тұманшының былтырғы жылы қыс мезгілінде қазақтар орналасқан алқапта жалпы табынның ішінен 9 жылқысының жоғалғаны туралы мәлімдеген. Бұл жылқылар ханның тапсырмасымен аттандырылған Елжан Әбілғазыұлы сұлтан 6-шы башқұрт кантонының өкілі Мүслімовтың иелігінен тапқан. Екі арадағы келіспеушіліктің туындап ұласуындағы себептері, бұған дейін жағалбайлы рулары башқұрт Мүслімовтың иелігіне барымталық жасаған. Шерғазы ханның талабы бойынша қазақтардың башқұрт Мүслімовке келтірілген шығынның орны толтырылғандықтан қазақ Нұрабайдың иелігіне тиесілі 9 жылқыны қайтаруға тиісті еді [11, 1-2 п.]. Бұдан шығаратын қорытынды Шерғазы хан өзін қолдаған жетіру тайпалық

бірлестіктеріне қатысты туындаған мәселелерді шешу барысында орыс әкімшілігінің шенеуніктерін дәлелді деректерге көндіре білгендігі.

Шерғазы хан көп жағдайда ірілі-ұсақ мәселелерді Орынбор әкімшілігінің төңірегінде шешуді жөн көретін. Шерғазы ханның тарапынан түсетін шағымдардың көптігі соншалық, тіпті 1815 жылдан бастап Орынбор губернаторы Г.С. Волконский ханнан бағытталған хаттарды алуға тыйым салады. Бұл өз алдына хан мен орыс әкімшілігінің арасындағы қайшылықтардың қаншалықты қиын болғанығын көрсетеді. Мұның бір мысалы ретінде төменде келтірілген мәліметтердің негізінде аңғаруға болады. 1816 жылы тамыз айында Орынбор Шекаралық комиссиясының өкілі Орынбор әскери губернаторы Г.С. Волконскийге жіберілген хабарламасында Шерғазы ханның қонысына тілмаш Ғұбайдолла Қалметов Орынбор шекаралық комиссиясының тарапынан емес, Орынбор әскери губернаторлықтың құзыреттілігінде болған қызметшілерінің тарапынан жіберілгендігі айтылған. Сондай-ақ бұл хабарламада қазақтардың Орынбор шекаралық аймағында орыс шаруаларына тиісті мүліктердің тартып алынғандығы туралы мәселені алға тартады. Ал, енді Шерғазы ханның тікелей Орынбор әскери губернаторы Г.С. Волконскийге жазған хабарламасында егерде жоғарыда аталған тілмаш Орынбор әскери губернаторының тарапынан жіберілген болса, қандай мәселе бойынша келгендігі туралы сұрағанда мән жайды түсіндірмегендіктен қонаққа келген болуы керек деп ұйғарған, бірақ тілмаш Ғұбайдолла Қалметов Шерғазы ханның қонысында жалған ақпаратты негізге ала отырып қазақтарға қоқан-лоққы көрсеткен. Шерғазы ханның бұл хабарламасында себеп ретінде тілмаш пен қазақтың екі арасында келіспеушілік сауда мәселесінің негізінде туындағаны туралы жазылған. Сол себепті Шерғазы хан мұндай іс-әрекеттерге алдағы уақытта жол бермеу мақсатында тілмаш Ғұбайдолла Қалметовты мемлекеттік қызметтен шектеу туралы мәселе көтерген. Бұл жерде біздің байқағанымыздай Орынбор Шекара комиссиясы мен Шерғазы ханның Орынбор әскери губернатордың тарапына бағытталған хабарламалардың екі түрлі мағынада екіндігін көреміз [12, 1-2, 6 п.]. Бұдан кейінгі жылдар аралығында Орынбор шекара аймағында күрделі мәселелердің санаты толастамағанымен ішкі аймақта белгілі бір уақыт аралығында қоныс тебу процесі тоқтаған емес. Мысалы, Шерғазы ханның 1818 жылы Орынбор губернаторы П.К. Эссенге жіберілген хабарламасына жауап ретінде Нарын құмы бойына барлық Жетіру рулары мен кейбір Байұлы руларының иелігіндегі төрт түлікті өткізуге мүмкіндік алады [13, 1-3 п.].

Кіші жүз және Ресейдің ішкі аймағында қалыптасқан саяси ахуалдың түбегейлі өзгеруіне түрткі болған жағдай 1817 жылы Орынбордың губернаторлық қызметіне П.Эссеннің тағайындалуы еді. Жаңадан сайланған губернатордың мақсаты бұрынғы губернатордың тұсында құрдымға кеткен сауда керуен жолдарын қалпына келтіруді ойластырды. Себебі 1815 жылға дейін Кіші жүз және Орта Азия хандықтары мен орыс әкімшілігінің арасында айырбас сауда жасалмаған еді. Бұл оқылықтың орнын толтыру үшін Орынборда тарихи бас қосу болды. Онда Шерғазы, Арынғазы хандар мен Қаратай сұлтан және орыс әкімшілігінің арасында кездесу жүзеге асырылды. Оның барысында Хиуаға бағытталған керуен жолы Қаратай сұлтанға, ал Бұхара керуен жолы Арынғазы ханға жүктеледі [7, 239 б.].

Көп ұзамай Орынбор әкімшілігі мен Шерғазы хан арасында өзара келіспеушіліктер басталады. Бұл саячатты П.Эссен ашық жүргізіп, ханды орнына босатуға күш салады. Мәселен, 1819 жылы губернатор П.К. Эссен 388 қазақ азаматары білдірген өтінішті алға тарта отырып, Шерғазы ханның ел басқарудағы саяси рөлінен еш пайда жоқтығы туралы мәселені императордың алдында көтереді. Хан губернатордың дәрменсіз ретінде императорға көрсеткен дәлелдемелеріне қарсы іс-әрекеттерге көшеді. Сол себепті 1819 жылдың қыркүйек айында Шерғазы хан Сыртқы Істер министрлігіне Орынбор әкімшілігі үстінен арыз түсірді. Хан арызында «Менің халқым бір жерде тұрақтамай, үнемі көшіп жүреді» деп өзінің дәрменсіздігін көшпенділік қағидасымен түсіндіруге тырысқан [14, 58-59 п.]. Шерғазы хан П.К. Эссенмен қалыптасқан екі арадағы мәселені шешу мақсатында 1819 жылы қараша айында Санкт-Петербургке өзінің ұлы Едігемен бірге аттанатындығы туралы Орынбор Шекаралық комиссия басқармасына хат жолдайды. Оралдан Орынборға дейінгі арлықтағы іс-сапар барысында Шерғазы ханмен ілесіп жүруге тиісті экипажды дайындау Орал казак әскерінің атаманы майор Бородинге тапсырылады. Сондай-ақ бұл елшіліктерді керек-жарақпен қамтамасыз ету мақсатында тәулігіне ханға 2 сом, төрт ұлының әрқайсысына 1 сомнан, 6 қызметшілерінің әрқайсысына 50 тиыннан ақша бөлу ұйғарылады. Осы жылдың 4 желтоқсанында Шерғазы хан ұлы Едіге сұлтан, бауыры Тоқжан Айшуақұлы, жиені Мендияр Әбілғазыұлы және 6 қызметшісі баратынын жеткізеді. Олар 1819 жылдың 25 қарашасы мен 3 желтоқсан аралығында Орынборда болады [15, 1 п.]. Елшіліктің Санкт-Петербургке бағытталған іс-сапарын қамтамасыз ету мақсатында ханның өзіне 5 сом, 3 сұлтанаға әрқайсысына 2 сом 50 тиын, 6 қызметшілерінің әрқайсысына 1 сомнан күніне бөлу қарастырылған [15, 12 п.]. Жалпы Шерғазы ханның Орал – Орынбор – Санкт-Петербургке дейінгі 40 күндік іс-сапарына байланысты жұмсалған ақшаның көлемі 5217 сом 30 тиынды құраған [15, 34 п.]. Л.Мейер өз еңбегінде Шерғазы хан өз билігін Кіші жүз аймағына тарату мақсатында Ресей патшасынан тікелей қолдауына ие болуға тырысты деп көрсетеді. Біздіңше Шерғазы ханның Петербургке бағытталған елшілігі арқылы Кіші жүздегі қалыптасқан саяси ахуалға Арынғазы ханның кінәлі етіп көрсетуге тырысады. Шерғазы хан мен Арынғазы ханның арасындағы қалыптасқан саяси оқиғалардың барысы Арынғазытанушы Ұ.Ахметованың ғылыми еңбегінде толығырақ баяндалған. Автордың келтірілген дәлелдемелерінде Шерғазы хан Арынғазы ханды өзінің қарсыласы ретінде санағандықтан, оның саяси аренадан ығыстырылуына бірден-бір себепкер тұлға болғандығы көрсетілген, яғни Шерғазы ханның орыс үкіметінің негізгі саяси мүделерімен сәйкес келгендіктен Арынғазы ханды Ресейде қалдыру пиғылы жүзеге асырылғандығы баяндалады [16]. Бұдан бөлек Шерғазы хан Орынбор әкімшілігінің тарапынан шекара аймағындағы қалыптасқан шиеленістерді шешуге қауқарсыз басшы ретінде көрсетілген іс-әрекеттеріне былай жауап қайтарған: «...когда самое правительство пограничное управляющие людьми не в пример просвещеннейшими противу киргизцев облеченное великою властью, окруженное разными и многими орудиями к обузданию злоченцов, не может совершенно искоронить разбой и воровства, и не редко злодья ускользают от праведнаго наказания то кажется не должно бы требовать от хана с крайнею строгостью того, что не в силах сделать оное

правительство...» [17, 92 п.]. Сондай-ақ хан Азия департаменті шенеуніктерінің тарапынан бірнеше ұсыныстардың орындалуын талап етеді. Сонын ішінде біріншіден, хан өзінің хандық билігін күшейту мақсатында ханға бағынышты қазақтармен орыс шенеуніктеріне оның рұқсатынсыз қарым-қатынас орнатпаулары керектігін көтереді. Екіншіден, қазақтардың Орал аймағындағы жерлерден шамамен 15 шақырымдай ығыстырылғандықтан, бұл аймақты қайтаруды талап етті. Үшіншіден, Елік өзенінің бойындағы жерлердің төңірегіндегі бекіністер жақын орналасқандықтан, оның төңірегіндегі аймақтарды қазақтарға қолдануға шектеу жасалмауы керектігін жеткізеді. Төртіншіден, Оралдың ішкі аймағына өту барысында және сыртқы аймаққа қайтар жолда шекаралық шенеуніктердің тарапынан көрсетілетін өз беттерінше жасалған іс-әрекеттеріне іс-шаралар қолдану керектігін айтқан. Бесіншіден, Төртя полкінің басшысы майор Рычков жазықсыз, тіпті ешбір тонаушылық іс-әрекеттерге қатыспаған қазақтарға шабуыл жасап, 5 мыңға жуық қойды және 1 мыңнан астам жылқыны қуып әкеткендіктерін айта отырып, мұндай әрекеттердің қайталанбауын талап етті. Шерғазы ханның бұл талаптары толық ескеріліп орындалды. Тек Орал аймағындағы 15 шақырымдық жерлерді жазғы уақытта орыс әскерлері, ал қысқы уақытта қазақтар қолданады деген шешімге келеді. Сонымен қатар Елік өзенінің бойындағы жерлер орыс әскерлерінің иелігіндегі төрт түлікті қамтамасыз ету мақсатында қолданылып жатқандықтан оған түсіністікпен қарауды айтады [17, 93-96 п.]. Шерғазы Айшуақұлы 7 ай бойына Кіші жүзде болмай аман-есен 1820 жылдың 8 шілдесінде қайтып оралады. Осы сапарында Шерғазы хан Азия комитеті мен Ресей Сыртқы істер министрі К.В. Нессельродемен келісімге келіп, П.К. Эссенге қарсы Орынбордағы жергілікті әкімшіліктен Шекаралық комиссия басшысы В.Ф.Тимковскийді пайдалана бастайды. Соңында Азия департаменті, Сыртқы істер министрлігі, Шекаралық комиссия - үшеуі бірігіп Арынғазыны 1821 жылы 9 шілдеде Орынбордан Петербургте арнайы кездесуге шақыртып, түйткіл мәселелерді талқылау керектігін ұсынады [2].

Бұл кезде орыс үкіметі көршілес жатқан мемлекеттердің ішкі саяси жүйесіне өз билігін орнықтыру және хандық билікті түбегейлі шектеу мақсатында түрлі деңгейдегі амал-тәсілдерді қолданады. Солардың бірі Шерғазы ханның билік құрған тұсында, оның Кіші жүздегі хандық билігін жою мақсатында «пристав» жүйесі жұмыс істеген болатын. Ол турасында зерттеуші Г.Б. Избасарова жан-жақты талдайды. Мәселен, 1820 жылдың 22 желтоқсан айында Шерғазы Айшуақұлының Кіші жүздегі хандық билігінің негізгі тірегі ретіндегі сылтаумен Орынбор губернаторы П.К. Эссен полковник А.З. Горихвостовты жібереді. Пристав орыс үкіметіне айына бір рет ханға қатысты күнделікті тіршілігінің әрбір қадамдарынан хабардар беруге тиіс болды [18, 22-23 б.]. Дегенмен де Шерғазы хан да Кіші жүздегі хандық билігін нығайту мақсатында Кіші жүз старшындары мен орыс үкіметіне бағынышты халықтардың арасындағы қалыптасқан мәселелерді шешуде қалыс қалған жоқ. Мәселен, 1822 жылдары Кіші жүздің тарханы Жоламан Тіленшіұлы бастаған белгілі старшындары мен орыс үкіметінің арасында күрделі мәселе туындаған. Кіші жүз сұлтандары орыс үкіметі башқұрттардың иелігіне тиісті тұтқындар мен жылқыларды қайтаруға тиісті болатын. Екі арадағы шиеліністің пайда болуын 1822 жылы 14 қарашада Кіші

старшындары Жоламан Тіленшіұлы, Құлмұхамбет Жәнібекұлы, Баймұхамбет, Тоғызбай, Көтібар, Түркібай Артықғали, Түктібай, Арал Есенбай және т.б. полковник А.З. Горихвостовқа жазған хаттарында Әбілқайыр хан мен императордың келісімдеріне сәйкес Орал өзендерінің сахарасы Ордалықтардың пайдасына шешілгендігін айтқан. Сол себепті орыс үкіметі Кіші жүз старшындарына ішкі аймаққа көшуге тыйым салмауы керектігін өз хаттарында жеткізеді және жоғарғы тараптағы шенеуніктердің әділдікті орнықтыратындарына зор үмітпен қарайтындықтарына сенім білдірген. Сол мақсатпен 1822 жылы қыркүйек айында алдын ала Шерғазы ханның тарапынан жіберілген 30 адамы бар Мыктыбай старшын арқылы Ресейге тиесілі тұтқындар мен жылқыларды қайтарып берген [19, 45-48 п.]. Шерғазы ханның приставтарға сенімсіздікпен қарады. Ол оларға құзыреті таралмайтын. Жағдайды ескере келе, хан олардың өзге халықтардың салт-дәстүрін білмейтіндіктерін алға тартып, мүлдем таратып жіберуді талап еткен [18, 23 б.].

1824 жылы П.К. Эссеннің бастамасымен Кіші жүз ел билеушілері Орынборға шақыртылады. Жалпы бұл кездегі Ресей үкіметінің, яғни Сыртқы істер министрлігінің жанындағы Азия істері жөніндегі комитеттің тапсырмасымен П.К. Эссен Кіші жүзде хандықты жоюдың шараларын ұйымдастырған болатын. Сол себепті «Орынбор қырғыздары туралы жарғының» қабылдануымен хандық биліктің жойылуына байланысты Шерғазы хан орнынан алынып, Орынбордағы жаңа мемлекеттік қызметке тағайындалып, яғни «бірінші қатынасушы» (первоприсудствующий) деген мемлекеттік қызметтік атақ беріледі. Кіші территориясы толықтай билік жүргізген аға сұлтандар Шерғазы ханға бағынуы тиіс болды. Бұл кезде Кіші жүз үш бөлікке бөлінді: шығыс, орта және батыс. Батыс бөлігін Қаратай Нұралы, Орта бөлігін Темір Ералы және Шығыс бөлігін Жұма Құдайменді аға сұлтандары басқаруға тағайындалады. 1824 жылы тамыз айында Орынбор шекаралық комиссияның шешімімен Шерғазы ханға айына күміспен есептегенде 150 сом еңбекақы және осы жылдың 1 қыркүйегінен бастап қосымша Орынбор қаласында тұрғын үйді жалға алғаны үшін 1500 сом Ресей үкіметінің қазынасынан бөлінеді [20, 92, 98 п.].

Қорытынды. Шерғазы Айшуақұлы өзінің дипломатиялық қызметінің барысында Әбілқайыр ханның кезіндегі императормен жасалған келісімді ресейлік әкімшілік мекемелердің шенеуніктері мұқият сақтауын талап етті. Сонын ішінде хандық билік Әбілқайыр ханның ұрпақтарына тиесілі болуы және Еділ мен Жайық бойындағы жерлерге иелік етуді шектемеу және орталықтандырылған хандық билікті күшейтудің жолдарын қарастыру. Шерғазы ханның жоғарыда көтерген мәселелердің нәтижесі оңтайлы болғанымен, орыс әкімшілігі хандық билікті әлсірету мақсатында жасалған іс-әрекеттердің негізінде бодандықтың құрсауына түбейгейлі өткізуді көздегендіктен, оның соңы Қазақ елінде ішкі саясатының тұрақсыздығы мен алапат нәубетке соқтырғаны аян. Ал Шерғазы хан және оның ұлы Есғазы хандық билікті сақтау жолында күрескен тұлғалардың қатарынан екендіктеріне қолда бар мұрағат деректері дәлелдейді.

Әдебиеттер:

1. *Архив құжаттары – тарих қазынасы.* – <https://aqparat.info/>
Пайдаланған уақыты: 05.02.2019 ж.

2. Мұқтар Ә., Сыдықов Е. XVIII-XIX ғасырлардағы Қазақ хандығы. – Алматы: «Мерекенің баспалар үйі» ЖШС, 2015. – 688 б.
3. Избасарова Г.Б. Служба В.Ф. Тимковского в Оренбургском крае. – [www.vestospi.ru/archive/2016/...](http://www.vestospi.ru/archive/2016/) Пайдаланған уақыты: 05.02.2019 ж.
4. Материалы по истории Казахской ССР (1785-1828 гг.). – М.-Л.: АН СССР, 1940. – 543 с.
5. Ресей Федерациясы Орынбор облысы мемлекеттік архиві (РФ ОрОМА) 6 қ., 10 т., 2246 іс.
6. Государственные деятели казахских ханств в XVIII – первой четверти XIX вв. Т. 2. Хан Айшуак (1719-1810). – Алматы: Жеті Жарғы, 2001. – 254 с.
7. Эпистолярное наследие казахской правящей элиты 1675 – 1821 гг. // Сборник исторических документов в 2-х томах / Автор проекта, введения, биографий ханов, научных комментариев; составитель и ответственный редактор И.В. Ерофеева. – Алматы: АО «АБДИ Компани», 2014. – 1032 с.
8. Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві (ҚР ОМА) 4 қ. 1 т., 2019 іс.
9. Қапизұлы Ә., Ахметова Ұ. «Шергазы Қайыпұлын білеміз бе?» – Abai.kz Пайдаланған уақыты: 13.02.2019 ж.
10. Мейер Л. Киргизы Оренбургского ведомства // Материалы для географии и статистики России. – СПб, 1865.
11. ҚР ОММ, 4 қ., 1 т., 237 іс.
12. ҚР ОММ, 4 қ., 1 т., 1768 іс.
13. ҚР ОММ, 4 қ., 1 т., 249 іс.
14. ҚР ОММ, 4 қ., 1 т., 496 іс.
15. ҚР ОММ, 4 қ., 1 т., 251 іс.
16. Ахметова Ұ. Арынгазы хан (1786-1833). – Ақтөбе: ЖШС-Полиграфия, 2004. – 168 б.
17. РФ РМТМ, 1291 қ. 81 т. 44а іс.
18. Избасарова Г.Б. Опыт Российской империи по управлению народами окраины (на примере института приставства в Младшем жузе при хане Шергазы) // Известия Самарского научного центра Российской академии наук. – 2016. – №6. – Т. 18. – С. 18-25.
19. ҚР ОММ, 4 қ. 1 т. 1272 іс.
20. ҚР ОММ, 4 қ. 1 т. 274 іс.

Муктар А.К., Жусупов Р.Б.

ВЗАИМООТНОШЕНИЯ ХАНА МЛАДШЕГО ЖУЗА ШЕРГАЗЫ АЙШУАКУЛЫ С РОССИЕЙ

Статья посвящена анализу дипломатических служб Младшего жуза под руководством Шергазы Айшуакулы. Он возглавлял Младший жуз в первой четверти XIX века, в период социально-экономического, политического кризиса в стране. В этот период Россия полностью реализовала свою политику, подвергнув ханскую власть кризису, приступила к ее насильственной ликвидации. Шергазы прилагал все усилия для сохранения ханской власти. Об этом свидетельствуют дипломатические службы хана. Статья выполнена в рамках реализации проекта №АР05134572 Министерства образования и науки Республики Казахстан.

Ключевые слова: Казахское ханство, Россия, Шергазы, традиционная власть, дипломатия

Muktar A.K., Zhusupov R.B.

RELATIONS BETWEEN THE KHAN OF THE YOUNGEST ZHUZ SERGAZY AISHUAKULY AND RUSSIA

The article is devoted to the analysis of the diplomatic services of the Youngest Zhuz under the leadership of of Shergazi Aishuakuly. He headed the Youngest Zhuz in the first quarter of the XIX century, during the socio-economic, political crisis in the country. During this period, Russia fully implemented its policy, subjecting the Khan's power to the crisis, and began its violent liquidation. Sergazy made every efforts to save the Khan's power. It is evidenced by the diplomatic services of the Khan. The article was completed within the framework of the project №AR05134572 of the Ministry of education and science of the Republic of Kazakhstan.

Keywords: Kazakh khanate, Russia, Cherkasy, traditional power, diplomacy.

ӘОЖ 639.21.6

Нығметов Б.С. – тарих ғылымдарының кандидаты,
Атырау мұнай және газ университеті
E-mail: nigmet.bs@mail.ru

БАЛЫҚ ӨНЕРКӘСІБІНІҢ ТҰҢҒЫШ ХАЛЫҚ КОМИССАРЫ

***Аңдатпа.** Мақалада Қазақ балық өнеркәсібінің алғашқы Халық комиссары Шайқы Әбішевтің қызметі, атқарған елеулі істері баяндалады. Балық кәсіпшілігінің өркендеуіне қосқан үлесі және жетекші өнеркәсіпке айналдырудағы қажырлы еңбегі сарапталады. Сол кезеңдегі Қазақ балық өндірісінің даму барысы қарастырылады.*

***Тірек сөздер:** Балық өнеркәсібі, Қазақ балық тресі, Халық комиссариаты, Каспий аң-балық тресі, Жайық-Каспий бассейні, Теңіз ауданы.*

Каспий теңізі, оған құятын ірілі-ұсақты өзендер, осы өңірдің тіршілігі үшін ежелден маңызды рөл атқарған. Анау Еділ, мынау Жайық пен Жем бойларында отырықшылық пен балық кәсіпшілігін қатар үйлестіре пайдаланған ата-бабаларымыз үшін қаншалықты маңызды болғандығын уақыт дәлелдеді. Бүгінгі көзқараспен Каспий өңірінің Қазақстанның балық шаруашылығы дамуындағы алатын орнын сараптар болсақ, біздің аға ұрпақ алдындағы борышымыз айқын көрінеді. Өзен бойын жағалап, су маржанын сүзіп, отырықшылыққа үйренген. Каспий теңізі мен Жайық өзені еліміздегі бекіре тұқымдас, сондай-ақ сазан, көксерке, табан, майшабақ, қаракөз сияқты құнды балықтарға бай бассейн болып табылады. Қазір де дүние жүзі бойынша бекіре тұқымдас балықтардың 70-90 пайызы осы су бассейнінде ауланады. Міне, осыншама байлықты игерген қарапайым балықшылар еді.

Иә, адам баласы өмірден өткен соң, соңында қалған ісі мен өнегесі оның бар ғұмырының мазмұнына айналары сөзсіз. Саналы ғұмырында атқарған қызметі мен лауазымы емес, ел жадында оның жүзеге асырған жарқын істері

қалатыны белгілі. Кеңестік кезде мол байлығымыз орталыққа жөнелтіліп, мемлекет қазынасына ұшан-теңіз пайда әкелген. Бірақ, одан балықшылардың тірлігі түзеліп, жағдайы жақсарған жоқ. Әйтсе де, осы өңірде балық шаруашылығының майталман мамандары жетілді. Солардың бірі-қатардағы жұмысшыдан еліміздің тұңғыш балық өнеркәсібі министрі дәрежесіне жеткен Шайқы Әбішев. Аяулы азаматтың өз қолымен жазған өмірбаяндық деректері республиканың орталық мұрағатында сақталған [1, 1-15 п.]. Сол құжатқа сүйенсек, Шайқы Әбішұлы 1894 жылғы желтоқсанда бұрынғы Гурьев облысының Теңіз ауданындағы Морской елді мекенінде кедей шаруа отбасында өмірге келген. Әкесі Әбіш Астрахан жағында жұмыс жасаған. Шайқы да әкесімен бірге 1913-1919 жылдары балық аулау кәсіпшілігінде істейді. Содан шеберлігімен көзге түсіп, 1919-1926 жылдары Еділ-Каспий мемлекеттік балық тресінде балық аулауды ұйымдастырушы, бригадир лауазымындарын атқарған. Ол кезде бұл саланың мамандары жоқтың қасы еді. Әсіресе, ауыл қазақтары оған әлі бой үйрете қоймаған. Содан Шайқы 1927 жылы балық кооперативінің төрағалығына көтеріледі. Соның алдында Астраханда балық өндірісінің орта буын мамандарын даярлайтын қысқа курстан өткенді. Сол білімі ескеріліп, 1929-1930 жылдары «Төңкеріс» балық ұжымшарының басқарма мүшесі (Гурьев округі Теңіз ауданы), 1930-1931 жылдары Астрахан №11 балық зауыты директорының көмекшісі, Еділ-Каспий мемлекеттік балық тресінің Каменск балық зауытының директорының көмекшісі, келесі жылдары балық қабылдау бөлімінің меңгерушісі, жүзбелі зауыт директорының орынбасары, кейін директоры болады. Сонау 1931 жылы ғылымға жұмыстарды шебер ұйымдастырғаны үшін КСРО Халық Комиссарлары төрағасы А.Микояннан аты жазылған қолсағат алады. 1932-1938 жылдары Жайық-Каспий мемлекеттік балық тресінің №7 балық зауытының директоры, 1938-1939 жылдары «Каспий ан-балық тресі» басқарушысының орынбасары лауазымды қызметтерді абыроймен атқарды.

Екінші дүниежүзілік соғысқа дейінгі бесжылдықтарда Жайық-Каспий бассейнінде балық кәсіпшілігі жеке өндіріс саласы ретінде қалыптасты. Саланың дамуына орай, 1931 жылдың 15 қыркүйегінде Жайық-Каспий мемлекеттік балық өндірістік тресі құрылды. Трест Каспийдің қазақстандық жағалауындағы және Жайық бойындағы балық аулау, өндіру және өңдеу салаларын біріктірді. Мемлекеттік мекемелер және балық аулау ұжымшарлары қажетті балық аулау құралдарымен, моторлы флотпен, т.б. жабдықтармен қамтамасыз етілді [2, 26 п.] Партия, Кеңес және шаруашылық ұйымдары балық аулау ұжымшарларын нығайтуға, ірілендіруге қол жеткізді. Балық өнеркәсібіне қажетті мамандар тапшылығын ескере отыра, кеңес үкімет орындары шаруашылыққа кәсіби мамандарды дайындау ісін назарында ұстады. Өйткені, халық шаруашылығын қалпына келтіру жылдарында экономикамыздың маңызды саласы балық өнеркәсібі болған. 1930 жылы елімізде тұңғыш рет Москва қаласында жоғары білімді кәсіби мамандар дайындайтын балық шаруашылығы институты ашылды, 1932 жылы Астрахан және Владивосток қалаларына жоғары оқу орындары өз түлектеріне есіктерін ашты. Сол жылдары балық өндірісіне қатысты арнаулы орта кәсіптік білім беретін он бір техникум, отыз бір жұмысшы факультеттері мен жиырма бір фабрика-зауыт жанындағы мектептер мамандар дайындады [3, 117-123 б.]. Мамандарды даярлау түрлері мен әдістері әртүрлі болды, яғни

жалпы білім деңгейіне, өндірістің бағытына, құрылымына және еңбекті ұйымдастыру жүйесіне байланысты болды. 1930 жылы Астрахан балық шаруашылық институтына Гурьев округінен қазақ жастары сапынан он адам оқуға жіберілді. Осы жылдары балық кәсіпшіліктерінің мекені Гурьев, Форт-Александровскіде арнаулы курстар ұйымдастырылды. Бұл жерде кәсіпшілікке қажетті мотористер, балық аулау ісінің бригадирлерін, кеме жүргізушілерін, шеберлерді, т.б. жұмысшы мамандарды даярлады. Осы курстарды қысқа уақыттың ішінде 628 адам, 1936 жылы Гурьев балық-құты комбинаты жанындағы арнаулы курсты 45 ұжымшар төрағалары, 60 бригадирлер, 30 бухгалтерлер және 40-тан астам қызметкерлер өз біліктілігін арттырды [4, с. 136]. Әйтсе де, 1931 жылдың қыркүйегінде Гурьев аудандық балық одағы басқармасының 46 мүшесінің тек біреуі ғана жоғары білімді, бесеуінің арнаулы орта білімі болды [5, 7 п.] Міне, осындай жетіспеушілікке қарамастан балықшы ұжымшарлары еңбек өнімділігін арттырып, балық аулауда елеулі табыстарға жетті. Кәсіби ұлттық мамандар өсіп шықпайынша алдағы межелерді орындау мүмкін емес еді. Нақты нәтижелерге жетуге біліктілікті арттыру үшін ашылған курстардың рөлі ерекше болды. Бірақ та кәсіби басшы қызметкерлер жетіспеушілігі анықталды. Шайқы Әбішев білімінің әлі таяз екендігін сезеді. Сөйтіп, 1935-1936 жылдары Мәскеуде балық өнеркәсібі мамандарын даярлайтын жоғары курста оқиды. Оны ойдағыдай тәмамдаған соң қызметін Қазақ балық тресінде жалғастырады. Кеңестік Қазақстандағы балық өндірісінде қалыптасқан жағдайларға сай, қайта құрулар жүргізіліп, 1935 жылы 25 қарашада КСРО Халық Комиссарлар Кеңесінің №2157 қаулысына сай Каспий теңізінен Сарайшық селосына дейінгі Жайық өзенінің жағалаулары одақтық маңыздағы су айдындары, ал Сарайшық селосынан Орал қаласына дейінгі өзен сағалары екінші кезектегі су айдындары деп бөлініп, КСРО балық өнеркәсібі «Главрыбвода» мекемесінің құзырына қарады [6, 17 п.].

1936 жылы 3 маусымда Батыс Қазақстан облысының конференция шешімімен Орал өңіріндегі балық кәсіпшілігі іріленіп балық зауытына айналды. Оның құрамына Шалқар, Ілбішін, Тайпақ, Көшім балық зауыттары енгізілді. Орал балық зауыты Халық комиссариатының жергілікті өнеркәсібінің балық бөліміне бағынды. Жоғарыда аталған кәсіпшіліктер сол кезеңде батыс өлкенің балық шаруашылығының дамуына өзіндік үлестерін қосты [7, 116-121 п.]. Қазақ балық тресінде қызмет атқара жүріп өзінң бай тәжірбиесін пайдалана отыра, республикадағы су айдындарының хал-ахуалын терең меңгеріп, бұл жұмыстың ілгері адымдап дамуына өзінің шебер ұйымдастырушылық қабілетін таныта білді. Шайқы ағамыз, балықшылардың еңбегінің өте қауіпті болатындығын, олар қыста мұз жастанып, қар төсеніп, теңізден балық аулауда жүретіндігін білетін мамандардың бірі. Әрбір балықшы алдында не күтіп тұрғанын білмеді. Мына бір мысалға назар аударалық: 1938 жылдың 15-16 ақпаны еді, солтүстік-батыстан соққан қатты жел Солтүстік Каспийдегі мұзды жарып жіберді, мұз қалыңдығы 20-22 см еді, желдің күштілігінен мұздар ырықсыз, жөнсіз қозғалысқа түсті. Осы кезде Теңіз ауданының 434 итбалық аулаушылары көптеген құрал-жабдықтарымен, арбаларымен мұз үстінде еді. Сол сияқты 200-ден астам Теңіз және Бақсай ауданының балықшылары да теңізде болатын. Жалпы алғанда теңізде 650 адам жіне 550 жылқылар болды. Адамдар мен транспорт күрделі жағдайда қалып, азғана шағын топтармен

алып теңіз кеңестігінде жан-жаққа тарыдай шашылып жатты. Бұларды іздеуге шыққан бригадалар өздерінің өндірістік базаларынан қашықтап, қиын жағдайға тап болды. Міне, осы кезде облыс мекемелері итбалық аулаушылар мен балықшыларды құтқаруға күшті желдің әсерінен су бетінде қалқып жүрген сенге мұз жарғыш кемелерді жіберді, яғни «Каспий», кемелер «Полярник», «Медвежонок», «Чкалов», «Астрахан», транспорттық кеме «На вахте» және бес самолет адамдарды іздеуге атсалысты [8, 174-175 б.]. Жанқиярлық ерліктің арқасында барлық итбалық аулаушылар, балықшылар, сол сияқты итбалық тиелген жүк арбалары құтқарылды. Бұл үстің басында құтқару жұмыстарымен КСРО тамақ өнеркәсібінің комиссары А.Микоян және Қазақстан Халық Комиссарлар кеңесінің төрағасы О.Исаев, Ш.Әбішев басшылық жасап, қалың жұртшылық осы төтенше оқиға өз күштерін аямай, бірлесе қызмет атқарудың нәтижесінде сәтті аяқталды [9, 19 б.]. 1938 жылы 24 маусымда тұңғыш шақырылған Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаттығына Ш.Әбішевтің сайлануы оның іскерлігінің арқасы деуге болады. Жалпы, Ұлы Отан соғысына дейін балық аулау мен өндіру саласында Қазақ балық тресінің рөлі ерекше болды. Трест шаруашылықты басқару, қарамағындағы өндірістердің жұмыстарын жоспарлау есебін тыңдау, құрал-жабдықтармен жабдықтау, қадағалау қызметтерімен айналысты. Соғысқа дейін балық өнеркәсібі Қазақстандағы тамақ өнеркәсібінің жетекші саласына айналып, ірі өндірістік кешенді құрады. Балық шаруашылығы саласына мамандар дайындау ісі қолға алынып, арнайы оқу орындары ашылып, алғашқы түлектері балық аулау және өңдеу кәсіпшіліктерінің мамандары қатарын толықтырды. Аталған саланың дамуы нәтижесінде 1939 жылы шаруашылық ұйымдарын орталықтандыру мақсатында одақтық-республикалық маңызы болған Қазақ КСР-ның балық өнеркәсібінің халық комиссариаты құрылды. Шайқы Әбішев республика Орталық Компартия мүшелігіне сайланып, еліміздің тұңғыш Балық өнеркәсібі халық комиссары болып тағайындалады. Бұл – бүгінше айтқанда, министрдің лауазымы. Осы тұста Каспий жағалауындағы балық өнеркәсібінің мекемелері мен ұжымшарлары КСРО балық өнеркәсібінің Халық Комиссариатына, ал Атыраудан басқа аймақтар Арал, Балқаш, Зайсан, Алакөл, т.б. ішкі су өзендері мен көлдері Қазақстан балық өнеркәсібінің халық комиссариатына бағындырылған. Жалпы Қазақ балық өнеркәсібі қарқынды дамып, шаруашылық-экономикалық көрсеткіштері өсіп, адамдардың тәжірибесі молайып, балық аулау мен балық өнімдерін өңдеудің технологиясы артты. Алайда алда тұрған міндеттерді орындалуына көп ұзамай басталған Ұлы Отан соғысы кедергі жасады. Бұл қызметті Шайқы 1941 жылдың тамызына дейін абыройлы атқарған, Ұлы Отан соғысының алғашқы айларында халықты азық-түлікпен қамтамасыз етуде Каспий, Арал, Балқаш балықшыларын бронь арқылы әскерден алып қалды. Ендігі шаруа кәсіпшілікті дұрыс ұйымдастыра білу. Осындай әрекеттердің арқасында балықшылар аптап ыстықтар мен ызғарлы суықтарға қарамастан, қысы-жазы балық аулауға, оны ұқсатуға, майдан шебіне жіберу жұмыстарына жұмылдырылды. КСРО Халық Комиссарлар Кеңесі мен БКП (б) Орталық Комитеті 1941 жылы 6 қарашада қаулы алып, «КСРО балық өнеркәсібі халық комиссариатына қарасты Азов-Черноморск» және «Каспий», Қиыр Шығыс және «Солтүстік бассейндегі флоттар әскери жағдайда болуы керек» екендігін қаперге берді [10, 61 п.].

Каспий бассейнінде Астрахан қаласында флотилия құрылды. Соғыстың сұрапыл жылдарында кейіпкеріміз балық өндірісінің ең қауырыт орындарында 1941-1943 жылдары Гурьев моторлы балық аулау станциясының директоры қызметіне жіберілді. Әскери уақытқа байланысты кәсіпшіліктің жұмысын қайта құрды. 1943-1945 жылдары «Каспий аң-балық тресінің басқарушысы болып, қызмет атқарып, балық өнімдерін майданға жіберуде жан аямай ерен еңбектің үлгісін көрсетті. Соғыс жылдары Каспий теңізі төрінде балық аулауды ұйымдастыру осы азаматқа тапсырылды. Сол кезде облыстың балық өнеркәсібінде Гурьев балық-құты комбинаты, Баутино және Шортанбай мен Жайық-Каспий зауыттары, мемлекеттік балық аулау базасы болды. Бұған Маңғышлақтағы Каспий аң-балық тресін, сегіз жүзбелі балық зауытын, моторлы-балық стансаларын, 63 балықшы ұжымшарларын қосыңыз. Осыншама жанды жұдырықтай жұмылдырып, майдан үшін тер төккізу – оңай шаруа емес. Бірақ-та осы саланы қиын-қыстау кезеңде ұйымдастыру үшін алдыңғы буын ағалардың ішінде Шайқы да өзінің тәжірибесімен көзге түсіп, біліктілігін сарқа жұмсай білді. 1942 жылы тамыз айында Гурьев қалалық партия комитеті нақты тапсырма берді. Жайық-Каспий бассейні майдан мен тылды жоғары сапалы балық өнімдерімен қанша керек болса, сонша қамтамасыз етуі тиіс болған [11, 46 п.] Гурьев облысында жылына 463 мың центнер балық аулауға мүмкіндігі бар, екі трест Жайық-Каспий (Гурьев қаласы) және Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының аң-балық тресі (Форт-Шевченко) жұмыс жасап тұрды. Аталған тресттердің құрамындағы балық зауыттары, екі қуатты мұздатқыш зауыты, біруақытта 200 мың тоннадан астам сапалы балықты сақтау мүмкіншілігі болған. Қазақстанның Батыс өңірінде Каспий теңізінің балық кәсіпшілік ауданына негізінен Жайық-Каспий және Маңғышлақ аумағы жатады. КСРО Каспий теңізінің жағалауларының ұзындығы жалпы 5390 шақырымды, соның ішінде Батыс Қазақстанның теңіз жағалауындағы үлесі 33,4 пайызды қамтып, 1800 шақырым аумақты алып жатты [12, 71 б.]. Каспий теңізінің кеңестігінде үлкен аумақта алып жатқан Жайық-Каспий бөлігі мен Маңғышлақтың өзіндік ерекшелігі болды. Аталған өлкенің физико-географиялық жағдайы, ихтиофауна құрамы, кәсіптік балық аулау жағдайымен ерекшеленді. Каспий теңізінің Солтүстік бөлігі Еділ мен Жайық өзенінің суының мөлшеріне байланысты тұщы судың келуі жемдік фауна мен балықтардың өсіп-өнуіне, молаюына жағдай туғызды. Осындай ерекшеліктерді біле білген Шайқы ағамыз астамшылыққа жол бермей ашкөздік танытпай, нағыз отаншылдық пиғылда жұмыс жасаған өз ісінің хас шебері еді. Соғыс жылдарында қарқынды жұмыс жасау үшін инфрақұрылым жасакталып, порттардың ауқымы кеңейтіліп, тылдағы балық аулау деңгейін арттыруда өзіндік іскерлігімен көріне білді. Соғыстың қауырт шағында көптеген өндіріс орындары мен түрлі ұлт өкілдері эвакуацияға ұшырап, өлкемізге көшіріліп орналастырылды. Балық кәсіпшіліктеріндегі көптеген жұмыстар әйелдер күшімен атқарылды. Соғыс жағдайына сай қайта құрылған еліміздің балық кәсіпшілігіне қарасты мекемелер жемісті еңбек етті. Жайық-Каспий трест басқармасында балық аулау бойынша еңбек өнімділігі артып, 1940 жылы бір балықшыға шаққанда 45 центнерден, 1945 жылы 90 центнерге жетті. Алдыңғы қатарлы жұмысшылар мен ұжымшаршылар жоғары көрсеткіштерге жетті. Мәселен, «Ново-Лицевой» балық зауытының тартым меңгерушісі С.Қисықбасов, құты зауыты жұмысшылары Б.Құбиева, Т.Балағаева, балық

кесуші А.Жақсыбаева т.б., күндік тапсырмаларды 180-235 пайызға артық орындады. Еңбек өнімділігінің артуы балық өнеркәсібінде стахановшылдық қозғалыстың кеңінен өрістеуіне алып келіп, уақыт өткен сайын олардың саны арта түскен, мәселен, 1941 жылы 495 адам болса, 1945 жылы олардың саны 1759 адамға жеткен. Барлық балықшы ұшымшарлар 1941-1945 жылдардағы өз жоспарларын ойдағыдай аяқтады. Жайық-Каспий бассейнінің балықшылары мемлекетке 3 миллионға жуық центнер ысталған, кептірілген, дегдітілген және тоназытылған балық өнімдерін, бекіре тұқымдас балықтардың уылдырығын, құтыларын, итбалық майын басқа да балық өнімдерін берді [13, с. 96-98]. Ұлы Отан соғысының отты жылдарында қарапайым еңбек адамдарының қажырлы еңбегінің арқасында, майданға күндіз-түні балық өнімдері жөнелтіп, жеңіс сағатын жақындатуға облыс балықшылары өздерінің сүбелі үлесін қосты.

Ұлы Отан соғысы аяқталғаннан кейін Кеңес халқы өзінің барлық күшін социалистік халық шаруашылығын қалпына келтіріп, одан әрі дамытуға жұмсады. Кеңес мемлекетінің аса маңызды міндеті еліміздің экономикасын соғыс жолынан бейбіт құрылысқа көшіру болды. Шайқы Әбішұлы 1945-1946 жылдары Гурьев облысы Бақсай моторлы-балық аулау станциясының директоры, 1946-1948 жылдары Балқаш балық тресін басқарады. Өзінің мол тәжірибесін мұнда да көрсете білді. Әйтсе де, соғыс жылдары тынымсыз еңбек етіп, талай ұйқысыз түнді, күлкісіз күнді өткізу денсаулығына да әсер етіпті. Сөйтіп, 1948 жылғы 21 қаңтарда Гурьевке оралып, аң-балық тресінің директорлығына тағайындалады. Ұлы Отан соғысы аяқталғаннан кейін де, Жайық-Каспий балықшылары халық шаруашылығын қалпына келтіруде зор табыстарға ие болып, өнім мөлшерін жылдан-жылға арттыра түсті. Мәселен, олар 1945 жылы Отанға 533 мың центер, 1947 жылы 606 мың центер, 1948 жылы 641 мың центер, ал 1949 жылы 703 центнер балық аулап мемлекетке өткізді. Қаншама ел, жер байлығы Кеңестер заманында Орталықтың үлесіне тиіп, жергілікті халықтардың өз байлығын пайдаланудан шет қалғанын сол кездегі көзі ашық, көкірегі ояу, талапшыл ұлтжанды Шайқы ағамыз жақсы түсінді. Дегенмен соғыстан кейінгі жылдарда Кеңес Одағында балық шаруашылығы дамуының жалпы өнеркәсіптің өсу қарқынынан тым артта қалуы байқалды. Бұл жағдай бүкіл халық шаруашылығының өрге басуына тежеу болды. Балық шаруашылығының дағдарысты жағдайы бірнеше себептерге байланысты еді. Қаражаттың аз бөлінуі, материалдық-техникалық жағынан жабдықталуының жеткіліксіздігі, жалпы алғанда балық шаруашылығының ауыр өнеркәсіпке тәуелді, қосалқы сала ретінде қарастырылуы анықталды. Оған қоса балық шаруашылығы өндірісін жоспарлаудың шамадан тыс орталықтандырылуы, ұжымшарларды, комбинат пен зауыттар қызметкерлерінің өз еңбегінің нәтижелеріне материалдық ынталығы принципін теріс әсер етті. Баға белгілеуде де кемшіліктерге жол берілді, балық шаруашылығының өнімдерін сатып алу және дайындау бағасы төмен болды. «Баға сәйкессіздігі» ұжымшарлардағы халықтың әл-ауқатының нашарлауына жол ашты, әкімшілік-тоталитарлық жүйенің зардаптары көбіне-көп балық шаруашылығына кері әсер етті. Кеңестік дәуірде қабылданған іс-шаралар балық шаруашылығында қалыптасқан жағдайды түбірінен өзгерте алмағаны белгілі. Себебі нарықтық қатынастар заңдылықтарына негізделмеген бағдарламалардың нәтижелері де тым мардымсыз болды. Бірақ та, балық өнеркәсібінен түскен пайда Республикамыздың экономикасының

дамуына емес, керісінше Кеңестер мемлекетінің қорын молайтты. Еліміздің батыс өңіріндегі балық өнеркәсібіне қарасты мекемелер ұжымшарлар, балық комбинаттары бір орталықтан басқарылып, сол кезеңнен бастап тәуелсіздік алғанға дейінгі кезеңде Жайық-Каспий бассейніндегі балық қорлары байлығы орталық еншісінде болды. Кеңестер өкіметінің экономикалық саясатына сай, Каспий бассейніндегі балық өнеркәсібі басшылығы бір орталыққа бағындырылып, Гурьев территориялық өндірістік балық өнеркәсібі «Каспрыба» басқармасының құрамына берілгеннен кейін республикадағы балық аулаудың өлшемі мен балық өнімдерінің өндірісі екі есеге төмен түсті. Осындай жағдайларға куә болған, жан-тәнімен түсінген кейіпкеріміз ХХ ғасырдың 50-жылдарында өзінің туған ауылына оралып, ауыл әкімі қызметін атқарып, содан 1963 жылы зейнеткерлікке шығады. Бұдан кейін де қоғамдық қызметтен қол үзбей, өзі туған Құрманғазы ауданы, Кудряшево селосының өркендеуіне өзіндік үлесін қосты. Шайқы ағамыз 1968 жылы дүниеден өтті. Ерен еңбегі ескерусіз қалған жоқ. Ол Ленин орденімен, «Ерен еңбегі үшін» және басқа да медальдармен марапатталды. Қазақ Елінің халық шаруашылығының іргелі саласы балық өнеркәсібінің қалыптасуына, дамуына өзінің сүбелі үлесін қосқан аға буын бабаларымыздың алдыңғы тобында Шайқы Әбішұлының есімі лайықпен аталады. Өйткені, Қазақстанның батыс өңіріндегі балық шаруашылығы 1941 жылға дейін біртұтас индустриалды кешенге және балық кәсіпшілігі өндіруші салаға, тамақ өнеркәсібінің жетекші саласына айналуына ағамыздың сіңірген еңбегі зор. Міне, өскелең ұрпаққа еліміздің экономикасының дамуына өз еңбектерін аямаған алдыңғы буын ағаларымыздың өнегесі үлгі болардай.

Бүгінде елімізде балық өнеркәсібін дамытуға түбегейлі бетбұрыс жасалуда. Кеңес дәуірі кезінде Қазақстанның соның ішінде Батыс Қазақстан аймағындағы орналасқан балық кәсіпшіліктері посткеңестік елдермен тығыз байланыс жасай отырып, қалыпты жұмыс жасағанымен, жаңа технологияның жетістіктерімен толыққанды қамтамасыз етілмеді. Енді егемендік алып, тәуелсіз мемлекет болып отырған кезде балық өндірісі тәуелсіз халықаралық стандартқа сай келетін балық және балық өнімдерін шығаратын интеграциялық үрдістерге өзіндік үлес қосатын балық кластерін қалыптастыру уақыт талабы. Балықшылардың байырғы беделін көтеріп, айбынын асыру жолында үкіметіміз жаңа жобалар жүзеге асырмақшы. Осы орайда, байырғы ата-бабалардың байсалды қызметі, осы саланың майталман мамандарының тәжірибелері ескерілсе құба-құп болар еді.

Әдебиеттер:

1. *Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік мұрағаты (әрі қарай ҚРОММ). 1571 қор, 3 тізбе, 7 іс.*
2. *Атырау облыстық мемлекеттік мұрағаты (әрі қарай АОММ) 2 қор, 6 тізбе, 106 іс.*
3. *Нығметов Б.С. Атырау өңіріндегі балық шаруашылығының қалыптасу және даму тарихынан // Материалы XXVI Международной научной конференции «Актуальные научные исследования в современном мире». – Алматы, 2017.*
4. *Ужкенов В.С. Каспий-край рыбацкой славы. – Алма-Ата, 1987. – 183 с.*
5. *АОММ. 57 қор, 1 тізбе, 23 іс.*
6. *Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағаты (әрі қарай БҚОММ). 683 қор, 1 тізбе, 43 іс.*

7. БҚОММ. 683 қор, 1 тізбе, 1 іс.
8. Нығметов Б.С. Қазақ балық өнеркәсібінің тұңғыш министрі. «Аймақтың инновациялық дамуындағы бизнес пен білімнің әріптестігі». «Болашақ» университетінің 15 жылдығына арналған республикалық ғылыми –тәжірибелік конференция материалдары // Adast. – 2010. – Б. 315.
9. Нығметов Б. Жайық-Каспий өңіріндегі балық өнеркәсібі (1941-1991 жж.). – Атырау, 2018. – 224 б.
10. АОММ. 1 қор, 5 тізбе, 2 іс.
11. АОММ. 1 қор, 5 тізбе, 54 іс.
12. Нығметов Б. Жайық-Каспий өңіріндегі балық өнеркәсібі (1941-1991жж.). – Атырау, 2018. – 224 б.
13. Ужкенов В.С. Каспий-край рыбацкой славы. – Алма-Ата, 1987. – 183 с.

Нигметов Б.С.

ПЕРВЫЙ НАРОДНЫЙ КОМИССАР РЫБНОЙ ПРОМЫШЛЕННОСТИ

В статье рассматриваются основные этапы жизнедеятельности Первого Народного комиссара рыбной промышленности Шайкы Абишева. Показан его вклад в развитие рыбной промышленности Казахстана. На основе архивных материалов изложены основные этапы истории развития и становления данной отрасли.

Ключевые слова: рыбная промышленность, Казахский рыбный трест, Народный комиссар, Каспийский зверо-рыболовный трест, Урало-Каспийский бассейн, Денгизский район.

Nigmatov B.S.

FIRST NATIONAL COMMISSAR OF THE FISHING INDUSTRY

The article discusses the main stages of the life of the First People's Commissar of the Fishing Industry Shaiky Abishev. As well as his contribution to the development of the fishing industry of Kazakhstan. Based on archival materials, the main stages of the history of the development and formation of this industry are described.

Keywords: fishery industry, Kazakh fish trust, National commissar, Caspian fishery national, Ural-Caspian basin, Dengiz region.

ӘОЖ 94.058

Рысбеков Т.З. – тарих ғылымдарының докторы, профессор,
ҚР ҰҒА құрметті академигі, М.Өтемісов атындағы БҚМУ
Бахитжанова Ж.Б. – М.Өтемісов атындағы БҚМУ магистранты
E-mail: zhanar_96.3@mail.ru

ЖАҢА ТАТАР СЛОБОДКАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ

Аңдатпа. Мақалада Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласындағы Жаңа татар слободкасының құрылу тарихы, географиялық аумағы қарастырылған. Жалпы, татар халқының Қазақстанға жылжуы қай мезгілде басталғандығы, қай аймаққа шоғырланғандығы көрсетіледі.

Сонымен қатар мақалада сол кездегі қаладағы мешіттер саны, татарлардың қоғамдық-саяси өмірдегі рөлі және демографиялық көрсеткіштері туралы нақты мәліметтер келтіріледі.

Тірек сөздер: этнос, татар, Алтын Орда, Қазан хандығы, Дешті қыпшақ, Курени, Татар слободкасы, Михайло-Архангельск соборы, Жайық қалашығы, Теке ноғайлар, татар-казак.

Қазіргі таңда дүние жүзінде 262 астам мемлекет, 3000-дай этнос өмір сүріп жатыр. Тарихи оқиғаларға байланысты кей халықтар туған жерінен, тұрғылықты мекен жайларынан жырақта, өзге елде өмір сүреді. Көптеген ұлт пен этностардың тарихи қоныстауы қазақ жерінде де орын алды. Ұзақ уақыттан бері біздің жерімізде 140 астам ұлт өкілдері өмір сүріп келеді. Солардың бірі – татарлар. Тарихи деректерге сүйенер болсақ қазіргі заманғы татарлардың тек Еуразия аймағында ғана емес, әлемнің көптеген мемлекеттерінде өмір сүргенін көрсетеді.

Кез-келген аймақтың ұлттық-этникалық құрылымы өзінің тарихи тамырына ие және әрбір жеке тарихи кезеңде экономикалық даму деңгейімен саяси жүйесімен, сондай-ақ үнемі аймақтық графикалық фактормен өзара байланысты.

Қазіргі Батыс Қазақстан аумағы бірнеше ғасырлар бойы қазақ, орыс және еділ-жайық халықтарының: татар, ноғай, қалмақ және башқұрт халықтарының түйісінде орналасқан.

Белгілі болғандай, қазіргі татарлардың ата-бабалары, Алтын Орда мен Қазан хандығының гүлденуі кезеңінде сауда және қолөнер бұйымдарымен айналысып, ауқымды Еуразия аумағында Дешті Қыпшақ деген атаумен өмір сүрді. Олар өздерінің ұлттық ерекшеліктерін және жалпы түрік мәдениетін сақтап және дамыта еркін өмір сүрді.

Бірақ кейіннен, жаңа тарихи талап кезінде, Мәскеу княздығы қатыгез әскери саясат жүргізе бастағанда, бұл аймақтағы жағдай түбегейлі өзгерді. Бұл ең алдымен Қазанның құлдырауы мен Астрахань хандығының жойылуымен байланысты болды.

Сондықтан қазақ даласының кеңістігіндегі Қазан татарларының Волга аймағынан шыққан алғашқы көші – қон толқыны XVI ғасырдың II жартысында бастау алады [1, 17 б.].

Жалпы, татарлар қазақ жеріне XVI ғасырдан бастап келе бастады. Бұл уақытта Қазақстан мен Ресей арасында саяси байланыстар орын алып, сауда жақсы дамыған еді. Патша үкіметі шекараны ұлғайту және Орта Азия мемлекеттерімен қарым-қатынас орнату мақсатын көздегендіктен, қазақ даласын отарлау қажет болды. Патша өкіметі татар-түрік мұсылмандар арқылы жергілікті қазақтармен байланыстарын нығайтуды көздеді. Керуен жолдары қазақ даласынан өтетіндіктен патша өкіметі татар көпестері мен қолөнершілерін отырықшыландыруға итермеледі. Қазақ хандарымен байланыс жасауға талпынып, елшілік жіберді. Ол елшіліктің құрамында татар ұлт өкілдері де болды. Оларды қазақтармен тілдесу үшін тілмаш ретінде пайдаланды. Мысалы, 1595 жылы 28 наурызда орыс патшасы Федор Иванович Мәскеу мемлекетінің қол астына қазақтарды алу үшін Степановты Тәуекел ханға жіберген кезде елшіліктің құрамында татар Данило Семенов болған [2, 6 б.].

Өлкені отарлау негізінде орыс халқын қоныстандырудан басқа, елді болашақта Орал мен Сібір бойын отарлауда базаға айналдыруды көздеді. Орыстандыру саясатының бастамасы ретінде жергілікті халықты православие дініне бағыттау керек еді.

Орыс емес халықтарға қысым көрсету саясаты кезінде өлкеде кезең - кезеңмен көтерілістер болып тұрды, алайда олар қатаң түрде басылып тасталды. Татарларды шоғырланған жерінен босып кетуге итермеледі. Олардың жерлерін тартып алып, өмір сүру көзінен айырды. Саяси қарым-қатынасқа татарларды бағындыру үшін патша өкіметі оларды қалалардан ығыстырды, яғни Қазан қаласынан қуып қана қоймай, қарым-қатынас жасап отырған негізгі өзеннен ығыстырды. (Ескеретін жағдай, патша өкіметінің бұндай саясаты қазақ өлкесінде де болды). Нәтижесінде орыс емес халық өкілдерін қудалау процесі етек алды. Дінді қабылдамаған мұсылмандарды Қазанның оңтүстік шығысына, Башқұртстанға, Қазақстанның солтүстік батысына, Сібірге көшірді.

Қазақ даласына қоныстандырудың екінші легі XVIII ғасырдың ортасында Қазан маңынан көшіру айқындалды. Қазақстанның Ресей империясының құрамына ену кезеңімен сәйкес келді [1, 19 б.].

Жайық (1775 жылдан бастап – Орал) казактарының басқа казактардан ерекшелігі оның құрамында мұсылман казактары, соның ішінде ноғай татарлары болды. Ал казактардың астанасы, Жайық қалашығында (1775 жылдан бастап – Орал қаласы) және кейбір станицаларда әскери мешіттер орналасты. Жайық казактарының құрамында сонымен қатар христиан дінін қабылдаған татарлар да болды [3, 60 б.].

XVIII ғасырдың ортасында тоғысқан жолдарда бекініс-қалалары пайда болуы жағынан Оралдан кейін Орынбор болды. Ертіс әскери шебінің маңына көшуге патша өкіметі рұқсатын бергеннен кейін татарлар Петропавл, Семей, Көкшетау, Ақмола, Павлодар, Атбасар, Верный, Перовск қамалдарына көшті. Кейіннен татарлар қазақ даласынан Бұхараға, Самарқандқа, Ташкентке, Қашқарға тілмаш ретінде экспедиция құрамында болып, жаңа өлкелерге қоныстанды.

Татарлардың Қазақстанға көшуі Екатерина II-нің 1773 жылғы «Дінге төзімділік» деп аталатын бұйрығынан кейін, оның негізінде барлық дін бірдей құқыққа ие болып, күштеп шоқындыру жойылды. Мұның өзі қазақ даласына дін иелерінің ғана емес, педагогикалық қызметпен айналысатын адамдардың келуіне жағдай жасады.

Патша өкіметінің тегеурінін көрген татарлар Еділ мен Кама бойынан көшті. Патша өкіметі өз еркімен қазақ даласына көшкен татарларды марапаттауға тырысты. Осы жағдайдан кейін көпестер мен татар молдаларының көшуі күшейді. Ал, патша солар арқылы жергілікті халықтармен байланысты күшейтті. Осы жерде ескеретін жағдай, татарлар көшкенде ақ көңіл, бауырмал өздеріндей түркі тілдес халықтарға тап болды. Бұл екі халықтың діні, тілі, дәстүрлерінде ертеден келе жатқан этникалық байланыстар болды.

Бұл жерде оларды бір-біріне белгілі, этникалық және мәдени байланыстары, тілдері, салттары, менталитеттері баяғыдан қалыптасқан, өздеріне туыс түркі халықтары жылы шыраймен қарсы алды. Бұл жерге келерде, татарлар өздерінің ағайындарына, өздері сияқты туыс халыққа

келдік деп ойлады. Осыған байланысты барлық татар ауылдары өз орнынан көтеріліп, осы жерлерге көшіп кеткен.

Каспий аймағында жергілікті қазақтар татарлар деп атаған, ал үлкендер қазір де ноғайлар деп атайды.

Қазақстанның ежелгі қалаларының бірі – Оралда (Жайық қалашығы), татар орналаса бастаған алғашқы қалада, олар өмір сүру аймағы бойынша 2 топқа бөлінді. Біріншісі, өмір сүру уақыты көбірегі Курени және екіншісі кішісі – Татар слободасы.

Қазақстандағы миграциялық көшу толқынының ең ірісі XIX ғасырдың аяғында болды.

Мануфактуралық өндірістің дамуы, жаңа капиталистік қатынастар мен Орта Еділ, Солтүстік Орал, Батыс Сібір және қазақ жерлерімен сауда айырбасының өсуі, XIX ғасыр аяғында болгар-татар халқының бұл аймақта ұлғаюына алып келді.

Татарлар өздерінің туып-өскен жерінен қазақ жеріне жақсы өмір сүру үшін келген жоқ. Оның бір себебі қалыптасып келе жатқан орыс капиталы қысым көрсетті.

Көшіп келген татарлар тобы қоныстанған өмір мәдениетін, исламға деген адалдықты сақтады, қолөнер мен сауда дамуына өз үлестерін қосты. Нәтижесінде, XX ғасыр басында татарлар мен олардың жанұясы барлық қазақ жерінде, батыс аудандарды қоса есептегенде, саудагерлер, қолөнершілер, жұмысшылар, дін қызметкерлерін және мұғалімдер тобын қалыптастырды.

Татарлардың мәдени қызметі дінмен және педагогикамен шектелмегені белгілі. Оралда, Семейде, Петропавлда, Троицкде, Атбасарда, Қостанайда және Верныйда өзін-өзі басқаратын татар театрлары жұмыс істейді және газеттер шығарылады. Қазіргі Қазақстандағы барлық аудандардың дерлік жергілікті мәдениеттерінде татарлардың ізінің бірнеше үлгісін келтіруге болады.

Татарлардың Қазаннан жылжуы екі бағытта болды, біреуі – Астраханьға, екіншісі – Оралға, қазақ даласына кіретін қақпа бола алатын екі жақын қалашықтар.

Нәтижесінде, осы Орал мен Астрахань татар диаспорасының қалыптасуына үлкен әсерін тигізді. Каспий аймағы татарларының тарихы Орал және Еділ аймағының татарлары тарихымен тығыз байланысты. Сондай-ақ, Орал - Атырау мен Маңғыстауды қоса алғанда, барлық Каспий маңы аудандарының облас орталығы болды. Гурьев ауданының басқа елді мекендерінен Каспийдің солтүстік шығыс жағалауында Ембі өзенінің аузында орналасқан «Жилая Коса» елді мекенін атап өту керек.

Қазан, Астрахань, Орал және Орынбор сияқты, татар көпестері Жилая Косада да мал, балық шаруашылығын, сауда үйлерін ашты.

Сонымен бірге, осы аймаққа келген татарлар, басқа жерлердегідей, аймақтағы білім беру ісіне әсер етті.

Мұнда тек қана өндіріс және үй тұрмысына қажетті заттарды әкеліп қана қоймай, сондай-ақ Қазан мен Орынбор баспаханаларында басылып шыққан ең көп айналымға енген әр түрлі әдебиеттерді әкелді. Оқыған татарлар Оралда, Гурьевте, Жилая Косада мешіттер мен мектептер салып, ашты. Сол жылдардағы қазақ ағартушыларының кітаптарының басым көпшілігі татарларға тиесілі баспаханаларда жарияланғандығы факт болып табылады.

Барлығымызға белгілі, 115 қазақ авторларының кітаптары, соның ішінде Абай Құнанбаев, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Спандияр Көбеев, Сәкен Сейфуллин және тағы басқа, тек қана татарлардың екі жеке баспаханасынан шықты, бірі- Қазандағы ағайынды Каримовтар баспаханасы, екіншісі – Оренбургтағы «Каримов, Хусаинов және компания» баспаханасы [1, 23 б.].

XVII ғасырда Жайық қалашығында Татар слободкасының болғаны құжаттық мәліметтерден белгілі. 1696 жылы қыста қалаға 200 башқұрт отбасысы қоныс аударды.

Башқұрттар патшаға сайланған адамдарын жіберіп, одан қашқандарын кешіруді және Уфа уезінде қоныстануын рұқсат етуін сұрады, жауап келгенге дейін олар көштерімен татар слободкасына тоқтады [4, 383 б.].

Татар слободкасында татар балаларын үйрететін сауатты адамдар мен мұғалімдер болды.

1716 жылы Мұста Нұрғанеев, 27 жасында, Жайыққа келіп, татар қазағы Иван Салминнің үйінде өмір сүрген. Ол 1723 жылы 23 желтоқсанда өзі туралы: «Татар балаларын сауаттандырып, нанымды тауып жүрмін» деп жазады [5].

Бүгінгі Орал қаласында, бұрынғы Жайық қалашығы орналасқан жер «Курени» деп аталады. Куренидің қай жерінде татар слободкасы орналасты?

1821 жылы 21 шілдеде, сағат түстен кейін, 2 ге таман Орал қаласында «татарлар өмір сүргеннен бастап», «екінші үлкен өрт» болды. (Біріншісі 1807 жылы болған естен кетпес өрт). Өкінішке орай, қатты жел соғып, отты жебені бүкіл қаланың солтүстік шетіне, Савичева көшесінің бойымен бағыттай айдады. Бірнеше кездейсоқ аман қалған үйлерді қоспағанда, өрт бүкіл қаланы, солтүстік, оңтүстік және батыс жағынан Жайық-Орал және Шаған өзендерімен қысылған, тығыз орналасқан құрылыстарды жойып жіберді. Өрт 1219 жеке ағаш үйді және 109 тас үйді жойып жіберді. Екі тастан салынған әскери үй, ағаштан салынған училище өртеніп кетті. Пугачев алаңындағы екі тастан салынған шіркеудің тек қана күйген қаңқасы ғана қалған. Одан басқа, 1810 жылы салынған Қазан шіркеуінің қоңырауында орналасқан алғашқы қала сағаттары да өртеніп кетті. Бұл өрт кезінде татарлардың тастан салынған мешіті де өртеніп кетті. Бұл мешіт қай жерде орналасты, қашан салынды және ол Жайық қалашығындағы ең алғашқы мешіт пе?, - деген сұрақ туындайды.

Жайық қалашығындағы ең алғашқы мешіттер әрине ағаштан салынған болатын. Қаладағы алғашқы татар мешіті деректерде 1717 жылы деп көрсетіледі.

Қазандағы тексеру жұмыстарының кезінде кеңсеге Астрахань татары Ислемесев Келдюшті әкелген кезде ол Астрахань коменданты Чириковтың рұқсатымен 1917 жылдың көктемінде сауда үшін қалмақ ұлыстарына барғанын және үш аптадан кейін ол жерден екі қалмақпен келіп, сырқатына байланысты татар мешітінде төрт айдай жатып, кейін сол қалмақтармен қайтадан қалмақ ордасына келгенін көрсетеді [4, 518 б.].

Қаланың барлық ғимараттары секілді мешіт те ағаштан салынған болатын және 1722 жылы болған өрт кезінде өртеніп кетуі ықтимал. Уақыт өте келе тағы бір ағаштан жасалған мешіт салынды. (алғашқы күйдірілген кірпіштен салынған ғимараттар 1740 жылға жатады).

Бірақ бұл мешіт те, 1751 жылы 10 тамызда болған қатты Шилихиндік өрт кезінде өртеніп кетеді, бұл өрт кезінде тіпті жаңадан тастан салынған Ескі

Собор да өртеніп кетеді. 1751 жылы өрттен кейін тағы бір ағаш мешіт салынады.

Сонда, Жайық қалашығындағы тас Собордық мешіт қашан салынды? Бұл 1807 жылдар шамасында болды деп болжауға болады. Оның орны белгілі: Үлкен Михайлов көшесінің оң жағында, Курендегі Шамсутдинов заманауи көшесінде, бұл көше революцияға дейін Мешіт көшесі болып аталды. Дәл осы көшеде екі этажды, күйдірілген қызыл кірпіштен салынған Ақ мешіт орналасты. Бұл мешіттің халық арасында Ақ мешіт аталған себебі, оның өртке күйген қабырғаларын әкпен ақтаған болатын. Мешіт, Нағим Зұлқарнайұлы Мұсаевтың айғақтарына сәйкес, 1946 жылға дейін тұрып, кейін оның кірпіштері бөлшектелді. Күні бүгінге дейін Достық даңғылында (бұрынғы Михайлов) жердің деңгейімен бірдей қабырғалардың қалдықтары сақталған, олардың қалыңдығы бір метрден астам, ұзындығы он метрдей болды.

Қалашықтағы Жайық казак мұсылмандарының алғашқы ағаш мешіттері қайда орналасты? (Бұл кезде қалашықта бірқатар казак емес халықтар да өмір сүрді, бұл жерде ғимарат салуға тек қана Жайық казактарының ғана құқығы болды). Қаланың шекарасы XVIII ғасырдың ортасында қазіргі Пугачева көшесінен өткен қалалық қабырға болды.

Үлкен Михайловская көшесі Ежелгі Михайло-Архангельск соборына солтүстіктен оңтүстікке қарай, қаланы екі бөлікке бөліп тұрғандай созылып жатты. 1960 жылдың өзінде-ақ қаланың ежелгі Соборға қарайғы жағы – Оралдық деп, қарсы жағы – татарлық деп аталды. Бұл урбонимдар 1821 жылға дейін өмір сүрген алғашқы татар слободкасының және бірінші, ағаштан жасалған татар мешіттерінің ықтимал аймағын болжауға көмектеседі.

1821 жылы өрттен кейін, 1826 жылы 11 шілдеде Ішкі Орданың ханы Жәңгір Орынбор шекаралық комиссиясына өтініш білдірді. Онда, қоластындағы Қарауыл Қожа Бабажанов Орал қаласындағы Мохаммедтіктер жердің шалғайлығына байланысты құдайға құлшылық жасауға орталық мешітке бара алмайтындарын және болған өрттен кейін өзге елді мекендерге көшіп кетулері де кедергі болып отырғанын жазып, Қайре елді мекенінде жаңа мешіт салдыруға өтініш білдіреді. Бес уақыт құлшылық жасайтын мешітті Қарауылқожа қандай материалдан салғандығы құжаттық деректерде анық түсіндірілмеген.

Қазақстанның ірі қалаларында татарлар қоныстанған жерлерді «Татар слободкасы» деп атаған. Татар слободкасы өзінің құрылысымен ерекшеленді. Көшенің нақ ортасында зәулім мешіттері, моншасы, керуендер тоқтайтын сарайы, ауруханасы, сауда үйлері мен базары болған.

Татарлардың көп орналасқан жерінің бірі – Бөкей ордасы болған. Бұл Ордада Жәңгір хан елді билеген кезінде хан ордасына арнайы әкімшілік мекемесін құрған. Орда селосында Жәңгір хан орыс сәулетшілерін шақырып қала үлгісінде үйлер салғызды. 1841 жылы қала үлгісіндегі үйлер 41 болса, ал 1846 жылы 89 үйге жеткен. Хан Ордасында Қазан татарларының 13 үйі болған [6, 58 б.].

Орал көпіріне барар жолда татар слободкасы Курениден бөлініп жатыр. Ол өрттен кейін 1821 жылы салынған. Ол сонау патша Михаил Федоровичтің ерікті адамдардан тұратын Жайық казактарына берілген грамотаға сәйкес олардың ерікті түрде дінге деген төзімділігінің дәлелі бола алады. Татар

слободкасын жиі-жиі бос сулар шайып отырады, алайда бұл жердің жергілікті тұрғындары үйреніп қалғандықтан бұл жерден көшпейді. Слободка қасындағы ежелгі мешіт Бөкей Орда старшыны Қарауыл қожа Бабажановтың талабымен салынған [7, 43 б.].

1826 жылы 9 тамызда хан Жәңгір Орынбор Мохаммедтер діни жиналысының басшылығынан жауап алады. Онда жоғары муфти Абдусалям Абдрахимов, жергілікті діни жиналысқа қатыса отыра Орал қаласының ақыны Сапараев Сагиттан Қайра деп аталатын жерде мешіт салдыруға рұқсат беретіндігі және сенім білдіріп отырған Қарауыл қожаға оның иелігінде екінші мешіт салдыратындығы айтыла келе, Орал қаласындағы мешіт жиналмалы тастан салынатындығы айтылды. Мохаммедтің ережелерге сәйкес Орал қаласындағы құлшылық жасаушылардың көптігіне және Қарауыл қожаның ниет білдіруіне байланысты Орал қаласының әскери кеңесіне мынадай талаптар қойды. Біріншіден, Орал қаласы тұрғындарынан рұқсат алып, жаңа мешіттің Қарауыл Қожаның иелігінде болуына келісімдерін білдіргендерін хатқа түсіру қажет. Ал, келіспеген жағдайда жергілікті діни жиналыстың құзіреттілігіне қалдыратындығын мәлімдейді.

Осы рухани жиында жасалған құжатта, Орал қаласында тас Собор мешіті бар екендігі және 815 ер адамға арналған жуынатын бөлме бар екендігі айтылған.

Бұл құжаттардан, 1826 жылы тас Соборлық татар мешіті қайта салынып, жұмыс жасағандығы белгілі. Қарауыл қожа Бабажанов «бес уақыт құлшылық жасайтын мешітті» Қайра деп аталатын (татар слободкасының орнына), 1821 жылы Жаңа татар слободкасы деп бөлінген жерге салғысы келді.

Жайық казак ұлы Нағим Зұлқарнайұлы Мұсаев пен София Мингасовна Аухариева Куренидің оңтүстік-шығыс жағындағы құмды орынның Қайран деп аталатынын айтады. Қайран «құм» деген мағынаны білдіреді. Дәл осы жерде 1821 жылы Татар слободкасы орналасқан деуге болады.

Жаңа татар слободкасы бұрынғы педагогикалық институт үйінің батыс жағына (Шаған өзеніне қарай) орналасқан. Жаңа слободкада кірпіштен мешіт және медресе салынды. Ал татарлардың жаңа зираты Шаған өзенінің оң жақ жағалуында орналасқан. Жаңа слободкаға тек Еділ татарлары ғана қоныс тепкен. Ал Теке ноғайлар бұрынғы орын – Курениде қалған [8]

Жазушы Н.Ф. Савичев 1824 жылы мынадай дерек қалдырып кеткен: «Орал көпірінің жолында, Куреньнен оқшаулау жерде татар слободкасы орналасқан. Ол 1821 жылғы өрттен кейін салынды; ол ежелден орыс казактарының дінге деген төзбеушілігінің дәлелі ретінде билеуші Михаил Федоровичтің күшімен жайық казактарына ерікті адамдардан жиналған топтарға берілген грамоталарда айтылған.

Татар слободкасы жиі суға кетіп тұрады, бірақ оның тұрғындарының ол жерде тамыр жайғаны соншалық, ешқайда көшпейді. Слободкада орналасқан ағаш мешіт (тасталынған секілді) Бөкей ордасының старшинасы Қарауыл Бабажановтың құлшынысымен салынған.

Татар слободкасының артында Хан орманы орналасқан. Өз атын ол 1825 жылы алады. Ол кезде оның көлеңкесінде хан тағына сай Ішкі Бөкей Ордасының ханы Жәңгір көтеріліп келе жатқан еді [9, 435-436 б.].

Орал қаласының 1890 жылдардың басындағы жоспарында төрт мешіт салынған. Оның екеуі Курениде орналасқан: Татар слободкасындағы ағаш мешіт, екіншісі, Куренидің оң жағындағы, татар жағындағы тастан салынған

Мечетная көшесіндегі мешіт (қазіргі Шамсутдинова көшесі). 1851 жылы қазан татарлары қоныстанған жаңа татар слободкасында Қызыл мешіт салынады. Бұл слободка ескі базар ауданында орналасты: оның сәулеттік көрінісі бүгінгі күнге дейін сақталды.

1897 жылы жаңа базар ауданында тастан Яна мешіті салынады. Сонда, Орал қаласында революцияға дейін үш тастан салынған, бір ағаштан салынған мешіт болған.

XIX ғасырда түгел Батыс Қазақстанда – Орынбор облысының қазақтары мен Бөкей Ордасында және Орал казак әскерінде барлығы 1363460 адам тұрды. Бұл кезде қолөнер мен сауда дамып, пайдалы қазба өңдеу іске асырылып жатты [10, 53 б.].

Қазақстанның революцияға дейінгі халқының демографиялық құрамын зерттеген ғалым Н.В.Алексеевко 1897 жылғы санақ бойынша Далалық Қазақстанда татарлардың барлық саны 41765 адам, яғни 1,6% болғандығын келтірсе [11, 82 б.], ал зерттеуші А.Халиков XX ғасыр басында Ресейдің түрік тілдес мемлекеттерінің ішінде Солтүстік және Шығыс Кавказ, Орал өңірі мен Орта Азияда татар ұлт өкілдерінің көп шоғырланғандығын жазады [12, 57 б.].

1885 жылы Орал казактарының әскерінің аумағында 10079 татар өмір сүрген, оның 5378-і татар-казактар болған (53,4 %). Бір қызығы, Орал қаласының өзінде осы жылы бар жоғы 279 татар-казак және 1600 татар өмір сүрді. Татар-казактардың басым көпшілігі негізінен станицаларда өмір сүрген. Мысалы, Орал бөлімшесінің станицаларында 3000 жуық татар-казак және 1200 басқа қалалық татарлар өмір сүрді; Калмыков бөлімшесінде 2000 жуық татар-казак және 471 өзге қалалық татарлар өмір сүрген.

1897 жылғы санақ мәліметі бойынша Орал қаласында 3461 татар ұлт өкілдері тұрған. Татар тарихын зерттеуші отандастарымыз Г.Т. Хайруллин мен А.Т. Хамидуллиннің ғылыми зерттеулерінде XIX ғасырдың аяғында Орал қаласындағы 36 мың халқының ішінде татарлар сан жағынан тоғызыншы орында болғандығын атап өтеді [13, 61 б.].

1900 жылы 1 қаңтарда Орал казактарының әскерінің аумағында 166360 адам өмір сүрген. Оның 146146 христиан, 19231 мұсылман (Н.А.Бородиновтың айтуынша олардың барлығы татарлар), 19 еврей және 964 қалмақ тілдестер болған [14, 262 б.].

Ойымды қорытындылай келе, XIX ғасыр мен XX ғасырдың бас кезінде Батыс Қазақстан территориясында тұрып жатқан татар ұлт өкілдері елдің саяси өрлеуіне, экономикалық және мәдени дамуына бірден-бір ықпалын тигізді.

Қазақстандағы татарлар көпұлтты Қазақстан халқының құрамдас бөлігі екенін, тарихымызда өзіндік орны бар туыстас халық екендігін, олардың халықтар достығын нығайтатын және Қазақстан Республикасының дамуына ықпал ететін халық екендігін айтқым келеді.

Әдебиеттер:

1. Абузяров Р.А. *История Евразийского центра Габдуллы Тукая.* – Уральск, 2011. – 209 с.
2. *Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках.* – Алма-Ата: Издательство Национальной Академии Казахской ССР, 1961. – 744 с.
3. Рычков П.И. *Топография Оренбургская, то есть обстоятельное описание Оренбургской губернии.* – СПб, 1866. – 405 с.

4. Карпов А.Б. Уральцы. Т. 1. – Уральск, 1911. – 1013 с.
5. Мякушин Н.Г. Секретная экспедиция Уральских казаков. – Уральск, 1903. – 35 с.
6. Мәшімбаев С. Патшалық Ресейдің отарлық саясаты. – Алматы: Санат, 1994. – 136 б.
7. Русский архив. Историко-литературный сборник: 1879. – №11; 1887. – №6; 1891. – Кн. 4.
8. Батыс Қазақстан облысы. Энциклопедия. – Алматы: Арыс, 2002. – 592 б.
9. Савичев Н.Ф. Уральская старина. Рассказы из виденного ислышанного. – Уральск, 2006. – 468 с.
10. Рысбеков Т.З. Өскен өлке тарихы. – Орал, 1997. – 180 б.
11. Алексеев Н.В. Население дореволюционного Казахстана. – Алма-Ата, 1981. – 112 с.
12. Халиков А.Х. Происхождение татар Поволжье и Приуралья. – Казань, 1978. – 160 с.
13. Хайруллин Г.Т., Хамиидуллин А.Т. Татары. – Алматы: Б-Алматы: Білім, 1998. – 128 с.
14. Курлапов А.З. Яицкие-Уральские казаки. Повседневная жизнь и праздники. Том 2. – Уоальск, 2013. – 667 с.

Рысбеков Т.З., Бахитжанова Ж.Б.
ФОРМИРОВАНИЕ НОВОЙ ТАТАРСКОЙ СЛОБОДКИ

В статье говорится об истории, о географическом расположении Новой татарской слободки, расположенной в Западно-Казахстанской области, в городе Уральске. В целом здесь отображен период миграции татар в Казахстан, ассимиляция в регионе. Также указано число их городских мечетей и общественно-политическое влияние и точные демографические показатели.

Ключевые слова: Этнос, татары, золотая орда, Казанское ханство, Дешти кипчаки, Татарская слобода, Михайло-Архангельский собор, Яицкий городок, теке ногаи, татаро-казахи.

Rysbekov T.Z., Bakhitzhanova Zh.B.
FORMATION OF A NEW TATAR SETTLEMENT

This article is written about the slobodka of the New tatars of the West Kazakhstan region, Uralsk, their history of origin and their geographical position. In general it is written about the migration of the tatars to Kazakhstan, it's exact period of time, and their assimilation to the exact region. The other side of the article is about the number of city mosque, their social and political role and accurate demographic indicators.

Keywords: Ethnos, the tatar, The gold horde, Kazan Khanate, deshti kipchaks, tatars village, Michail the Archangel Cathedral, Yaik city, Nogais, Tatar-kazakhs.

ӘОЖ 94 (574)-05

Қасымова С.С. – тарих ғылымдарының кандидаты,
Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті
E-mail: saule.saken2010.kasimova@mail.ru

СӘКЕН СЕЙФУЛЛИННІҢ АШТЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ӘРЕКЕТІ

***Аңдатпа.** Мақалада Сәкен Сейфуллиннің республика үкіметін басқарған жылдардағы Қазақстандағы аштыққа, оның салдарын жоюға бағытталған қызметіне талдау жасалған. Автор мұрағат деректеріне сүйене отырып, ашыққандарға егіске тұқым, көлік малын сатып алуға несие берілгенін, балалар үйлерінің, емдеу пункттерінің көптеп ашылғанының нәтижесінде мыңдаған балалар мен ересек адамдардың өмірі сақталғанын көрсеткен. Босқындарды жұмысқа орналастыру, жұмыспен қамту, салықтардан босату сияқты әлеуметтік-экономикалық шаралар халықтың әл-ауқатын арттыруға, демографиялық жағдайын жақсартуға ықпал еткендігі дәлелденген. Автор Сейфуллин басқарған Қазақ үкіметінің тиімді жұмысының нәтижесінде 1921-1922 жылдардағы ашаршылық салдарынан республикадан тыс жерлерге кеткен халықтың қайтып оралуы қайта жанданды деген тұжырым жасайды.*

***Тірек сөздер:** аштық, балалар үйлері, емдеу пункттері, несие, губерния, қуаңшылық, індет, аштыққа қарсы күрес жөніндегі Орталық комиссия, әл-ауқатын арттыру, демография.*

Қазақстан тарихында ХХ ғасырдың 20-жылдарының басындағы аштық тақырыбы үлкен орын алады. Азамат соғысынан кейінгі елдің еңсесін көтеріп, 1921 жылғы наурызда қабылданған Жаңа экономикалық саясаттың бірден іске асып, халықтың тұрмысының, әл-ауқатының көтерілуіне осы жылдың жазына қарай басталған ашаршылық мүмкіндік бермеді. Алдын ала болжаусыз табиғат апаты қыстың құрғақ, жаздың жаңбырсыз болуынан Кеңес Одағының көптеген аймақтарына, атап айтқанда Еділ бойы, Орал, Оңтүстік Ресей, Украина және Қырымға, 37 млн. аса адамға аштық қаупі төнді [1, 264 б.]. Бұл нәубет Қазақстанды айналып өтпеді, Орал, Орынбор, Қостанай, Бөкей, Ақтөбе губернияларын аштық жайлады. Ашаршылықтың тууына Кеңес өкіметінің азамат соғысы кезінде қолданған төтенше шараларының шаруашылықты құлдырауға жеткізуі де себеп болды.

1921 жылы 18 шілдеде БОАК-нің декретімен БОАК төрағасы М.И. Калининнің басқаруымен Ашыққандарға көмек жөніндегі Орталық комиссия құрылды. Ұйым аштыққа ұшыраған губерниялар мен аймақтарға республикалардан, облыстардан және шетелдерден көмек ұйымдастыру жолдарын қарастырды. В.И. Лениннің үндеуімен Коминтерннің бастамасы бойынша «Халықаралық жұмысшы көмегі» аясында ашыққандарға көмек науқаны етек алды. Әсіресе Кеңес өкіметінің Америка көмек әкімшілігі (АРА – American Relief Administration) — қайырымдылық көмек көрсететін халықаралық ұйымымен шартқа отыруының маңызын ерекше айтқан дұрыс. «Договор с АРА обеспечил тогда пропитание и тем самым спас жизнь приблизительно 10 млн. чел., значительную часть из которых составляли дети. Жертвами голода стали около 5 млн чел.» [1, 265 б.].

1921 жылы шілде айында Қазақ ОАК-нің төрағасы С.Меңдешевтің басқаруымен Қазақ ОАК-і жанындағы ашыққандарға көмек көрсетудегі Орталық комиссия құрылды. Қазақстан басшылығы елдегі жағдайға байланысты халыққа көмек көрсетуде қолдан келгенше барлық күшті жұмылдырды.

Ел басына күн туған сәтте әсіресе қазақ зиялыларының өз еркімен халыққа жәрдем қолын созғанын айту керек. Солардың бірі А. Байтұрсынов өз өтінішімен Ағарту халық комиссариаты төрағасы қызметінен ашыққандарға көмек жөніндегі Орталық комиссияға ауысты. М. Әуезов, Ж. Аймауытов, М. Дулатов, т.б. қазақ зиялылары азық-түлік жеткізіп, халықты аштықтан құтқаруға үлкен үлес қосты.

Сәкен Сейфуллин Қазақ ОАК-інің мүшесі бола отырып, бұл іске белсенді қатысты [2, 1 б.]. Ол ашыққан аудандарға астық, тұқым, мал жеткізумен айналысты. Аштық зұлматынан жұқпалы оба, сүзек аурулары халықты баудай түсірді. Босқын халық талғажу іздеп туған жерлерінен көше бастады. Сәкеннің өзі де сүзек ауруына шалдығып, 1921-22 жылдың қысында туған аулында болады. 1922 жылы көктемде ол Қазақ ОАК-і жанындағы ашыққандарға көмек көрсетудегі Орталық комиссияның адамдарымен бірге Бетпақдала арқылы Түркістанға, одан әрі Ташкентке дейін барып, ондағы ашыққандарға қамқорлық қолын созады [3, 49 б.]. Осы сапарында ол халықтың ауыр, қасіретті жайын өз көзімен көреді.

Жалпы, Сәкен Сейфуллин қоғамдық-саяси қызмет пен жазушылық қабілетті қатар алып жүрген қайраткер. Сондықтан аштыққа ұшыраған қазақ даласын, ондағы халықтың кескін-кейпін куәгер Сәкен Сейфуллиннің өзінің 1922 жылы «Қызыл Қазақстан» журналында жариялаған «Аштардың рухтары» мақаласы арқылы көрсеткен жөн. «Анда-санда қазақтың үшеу-төртеуі бірге отырған қараша жырттық үйлер көрінеді, мал жоқ, жан жоқ, бірен-саран ғана қараша үйлердің жанында түрсіз, қоңыр киімді адамдар қыбырлайды.

Отарба адамға толы. ...бұл адамның дені аштар. Өң жоқ, түс жоқ. Кепкен, солған. ...кір-кір киімдері тозған, жыртылған. Мойындарында, арқаларында асынған шоқпыт-шоқпыт дорбалары бар. Бұл отарбадағы адамдардың бәрін қайғының қара тұманы басқан. Бұлар аштықтан босып шұбағандар. Көбі сақалды, жасы ұлғайған адамдар, жігіттер, 12-13 жастағы балалар, қыздар. Бәрі бұралаң. Аш.

Бұлар жанталасып сенделуде. Қазіргі халдерінің өң екенін, түс екенін білмейді. Бұлар естерінен айырылған» [4, 60 б.] – деп жазғаны ешқандай түсіндіруді қажет етпейді.

1922 жылы 22 сәуірде Ташкентте жазылған «Аш қазақ» өлеңінде аштық жылдарындағы қазақ отбасыларының басына түскен қасірет айқын суреттелген. Сәкен Сейфуллин бұл өлеңінде аштық жайын сипаттап қана қоймайды, бұған кінәлілер кімдер, кім көмектеседі, ел басшылары қайда қарап отыр - деген сұрақтарға жауап іздейді.

Ыстық күні, оттай құмы
Ми қайнатқан елсіз Бетпақ даласы,
Жолда жаяу, жүрісі баяу
Келе жатты қазақтың бір баласы.
Біраз жүрді, біраз тұрды...
Аш-аруақ жол аузына құлады!

Біраз жатты ... ышқынып қатты
Әлін жинап көтерілді, сұлады.
Жомарт едің, мейірімді едің,
Бауырларым, бабам, қазақ қайдасың?
Бар еді ғой сансыз малың,

Ол мал қайда?.. Кім көрді оның, пайдасын? [5, 132-133 б.] – деп, «әскери коммунизм» саясаты кезіндегі азық-түлік салғыртына байланысты эпербақандардың қазақ шаруаларының астығын сыпырып, малын тартып алуының халықты қайыршылық күйге түсірген құбылысын бейнелейді.

Республикада аштық тек табиғат апатынан болып қана қойған жоқ. Астық мол болған Семей және Ақмола губернияларынан Орталықтың, Ресейдің ашыққан аудандарына азық-түлік тасылып алынды. Аштық жайлаған губерниялардың тұрғындары азық-түлік іздеп басқа аудандарға, Ақмола мен Семей губернияларына өз беттерімен жосылып кете бастады. Сонымен қатар, Еділ бойының аштыққа ұшыраған халқы да Қазақстанға көп келді. Босқындардың ағылып келуінен жағдайы жақсы деп есептелінген Семей және Ақмола губернияларындағы ашыққан адамдар саны қауырт өсіп кетті. Соның салдарынан аман-сау аудандардың халқы ашыға бастады.

1922 жылғы қазанда өткен Кеңестердің Бүкілқазақтық III съезінде съезд фракциясының ұсынысымен Сәкен Сейфуллин Қазақ АКСР-і Халық Комиссарлары Кеңесінің Төрағасы болып сайланды [6, 193 б.]. Қазақ ОАК-і Президиумының 16 қазандағы № 1 мәжіліс хаттамасында Сәкен Сейфуллиннің ауырып жатқаны себепті Халком Кеңесінің төрағалығы уақытша А.Вайнштейнге жүктелгендігі көрсетілген [7, 2 б.]. Өзіне жүктеліп отырған міндеттің аса маңызды екенін түсінген Сәкен Сейфуллин денсаулығы оңала қоймағанына қарамастан жұмысқа шығып, 21 қазанда өткен Халком Кеңесінің мәжілісін алғаш рет өзі басқарып, шешім шығарды [8, 23 б.].

Сәкен Сейфуллиннің кандидатурасының Қазақ АКСР-і Халық Комиссарлары Кеңесінің Төрағасы қызметіне тағайындалуын былайша түсіндіруге болады:

Біріншіден, ол 1920 жылғы 13 қазаннан Қазақ ОАК-і Президиумының мүшесі болып, аштыққа қарсы күресіп, оның салдарын жоюға үлес қосты, әсіресе Қазақстанның шекаралық тұтастығын қалпына келтіру, Ақмола және Семей облыстарының Қазақстанға қайтарылуы сияқты мемлекеттік аса жауапты мәселелерді ұлттық мүдде тұрғысынан шешуде, өзіне жүктелген міндетті орындауда, өзінің ұстанымын дәлелдеп іске асыруда батыл шешім қабылдай алатын, іскер тұлға екенін таныта білді.

Екіншіден, бұған дейін оның басқа да жауапты қызметті атқарғандығы анықталды. 1922 жылы 13 маусымда Сейфуллинді Ағарту халық комиссары орынбасарлығына тағайындау жайында шешім шығарылса, сонымен бірге ол 27 шілдеден өзіне міндеттелген «Еңбекші қазақ» газетінің редакторлығы қызметін абыроймен атқарған [9, 82-104 б.]. Олай болса, Сәкен Сейфуллин мемлекеттік деңгейдегі қызметте біраз тәжірибе жинақтап, әріптестерінің арасында үлкен сенімге ие болды деп айтуға толық негіз бар.

Үшіншіден, облыстық партия комитетінің атынан Қазобком төрағасы Г.Коростолевтің 1922 жылдың 17 қарашасында РК(б)П ОК-не жолдаған Сәкен Сейфуллинге берген мінездемесі. Құжат мазмұнын аудармасыз сол қалпында берейік: «Тов. С. Сейфуллин один из малотвердых коммунистов

киргиз. Практика в советской работе средняя. Хороший литератор на киргизском языке. В настоящее время по выбору занимает должность Предсовнаркома. С должностью т. Сейфуллин справляется. В прошлых должностях т. Сейфуллин проявил достаточное руководство работой, умение подбирать работников и руководить ими. Отношение к подчиненным вообще и к партработникам хорошее. Дисциплинированный член партий. Марксистки подготовлен путем самообразования. В политической обстановке быстро ориентируется. Политический устойчив. Никаких уклонов от большевизма не было. Владеть собой и признавать свои ошибки умеет. Наклонностей к склонам и группировкам нет» [10, 17 б.]. Яғни, Сәкен Сейфуллин ісіне адал, әділдікті ұстанатыны, біліктілігі, қызметтестері арасында сыйлы, тіл табыса білу қасиеттерімен ерекшеленді.

Осы жерде мынаны ескерген дұрыс, кеңестік билік қызметке тағайындар уақытта қызметкердің партиялық тазалығына, шыққан әлеуметтік тегіне, саяси тұрақтылығына қарайтын. Белгілі бір лауазым иесі болу үшін міндетті түрде большевик партиясының мүшесі болуы, кедей, жұмысшы отбасынан шығуы керектігі сияқты қасаң талаптар қойылды. Бұл жалғыз Сәкен Сейфуллинге ғана емес, барлығына қойылатын талап болған. Мұндай таптық көзқарастағы солақай саясаттан әсіресе Алаш зиялылары қатты зардап шекті, билік органдарынан шеттетілді, тек ғылыми, әдеби жұмыстармен шектелді.

Сәкен Сейфуллин өзінің қызметіне кіріскен алғашқы күннен-ақ Қазақ республикасының алдында тұрған келелі мәселелерді маңызына қарай сараптай білді. Бұл туралы үкімет басшысы 1923 жылдың басында «Еңбекші қазақ» газетінде жарияланған мақаласында былайша тұжырымдап, талдайды: халықтың әл-ауқатын көтеру, қазақ халқын отырықшы қылу, өнер-білімге жұмылдыру, оқу істерін нығайту, тез арада қызметкерлер даярлау, ауыл шаруашылығын, бұрынғы тоқтап қалған завод, фабрикаларды, кәсіп дүкендерін жөндеп іске қосу [11, 3 б.]. Бұл үкімет басшысының алдағы атқарар істерінің бағдарламасының айқындығын, мақсаты мен міндетін терең түсінгендігін көрсетеді.

Салыстыра қарасақ, сараланған мәселелердің барлығының да республика үшін маңызы зор екені түсінікті. Дегенмен үкімет басшысының есептеуінше, ең алдымен халықтың әл-ауқатын көтеру қажет.

Сәкен Сейфуллиннің 1922-24 жылдарда Қазақ үкіметіндегі басшылық қызметі күйреген шаруашылықты қалпына келтірудегі қиыншылықтар, мал көп қырылған жұт, қуаңшылықтан егіннің шықпай қалуы себепті республиканы аштық жайлаған ауыр кезеңге тура келді. 1921-22 жылдары Орынбор губерниясында – 445000, Қостанайда - 225000, Оралда – 400000, Ақтөбеде – 300000, Бөкей Ордасында – 100000 адам аштыққа ұшырады. Қазақ ОАК-і Төрағасы С. Меңдешев 1922 жылы 8 шілдеде Қазақ ОАК-інің III сессиясында жасаған баяндамасында толық емес мәліметтер бойынша республикада 2 млн. 832000 адам аштыққа ұшырағанын мәлімдеген [12, 186 б.].

Сәкен Сейфуллин өзінің алғашқы қызметін ашыққандарға көмек көрсетуден бастады. 1922 жылы 16 қарашада Қазақ ОАК-і С. Меңдешев, С. Сейфуллин және Ж. Садуақасовтардың қол қоюымен Қазақ ОАК-і жанындағы аштыққа қарсы күрес жөніндегі Орталық комиссияның Ережесі бекітілді [3, 257 б.]. Комиссияның міндеті төмендегідей белгіленді:

а) аштыққа ұшыраған аймақтардың, қысқарған егіс алқаптарының жалпы көлемін, мал басын, істен шыққан құрал-жабдықтардың санын, өнеркәсіппен және мал шаруашылығымен айналысатын аудандарды анықтау;

б) ашыққан, көмек қажет ететіндердің санын анықтау;

в) қираған шаруашылықты қалпына келтіруге, босқындар мен малынан айырылғандарға жеңілдетілген жағдайда егіске тұқым, көлік малын, өндіріс құралдарын беру, ақшалай жәрдем көрсету;

г) соғыс және еңбек мүгедектеріне, панасыз балаларға, жұмыссыздарға бірінші кезекте жәрдем беру;

д) ауыл шаруашылығы және өндіріс орындарын қалпына келтіруге жағдай туғызу.

Іс-шаралардың орындалу жайын Орталық комиссия мәжілісінде аптасына бір рет қарап отыру, әр губернияда аштықпен күрес жөніндегі губерниялық, уездік комиссиялар құру көрсетілді.

Сәкен Сейфуллин басқарған республика үкіметі Қазақ ОАК-і жанындағы аштыққа қарсы күрес жөніндегі Орталық комиссиямен және жергілікті ұйымдармен бірлесе отырып, дереу аштыққа ұшыраған губерниялар тұрғындарына көлік малын сатып алу үшін 2 млн. 677418 сом бөлуді ұйғарды. Аталған қаражаттың 121181 сомын жергілікті ұйымдар қосқанын айту керек. Бөлінген қаржының губерниялар бойынша бастапқы кездегі жұмсалуды төмендегідей: Орынборда – 222 бас, Қостанайда – 63 бас, Ақтөбеде – 18 бас, Торғайда – 24 бас, Бөкейде – 3 бас, Оралда – 125 бас көлік малы алынған [13, 30 б.].

Ашаршылық зұлматынан әсіресе балалар қатты зардап шекті. Жетім, қаңғыбас балалардың саны көбейді, ал мемлекеттің олардың бәрін қажетті жағдаймен қамтамасыз етуге бастапқы кезде шамасы келген жоқ. Бұл туралы Сәкен Сейфуллин өз сөзінде: «Импералистік және азамат соғысынан, құрғақшылық пен жұттың салдарынан туған аштықтан, түрлі індет аурулардан мыңдаған отбасының шаңырағы шайқалғанын» айта келе, республикада панасыз балалар саны 51472-ге жеткенінен хабардар етеді [14, 30 б.].

Үкімет басшысының мұрындық болуымен «Халком Кеңесінің балаларға көмек Жобасы» жасалды. Жобада балалар үйлерін ашу, панасыз балаларды орналастыру, мектепке тарту т.б. атқарылатын іс-шаралар белгіленді. Жер ісі халық комиссариатына, барлық халық комиссариаттарына, шаруа комитеттеріне балалар мекемелеріне пайдалануға жер учаскелерін бөлу, өңдейтін құралдармен жабдықтау, егіске тұқым беру, сүт тағамымен қамтамасыз ету үшін ірі қара малын бөлу міндеттелді.

Ұйымдастырылған жұмыс текке кеткен жоқ, мұрағат материалдарына жүгінсек, нақты нәтижеге көз жеткіземіз. Мәселен, Орынбор губерниясында 8693 баланың 6338-і 92 балалар үйіне орналастырылып, Қостанай губерниясында 19 балалар үйінде 2559 бала, Орал губерниясында 101 балалар үйінде 11310 панасыз баланың 7152-і қамтылған. Ақтөбе губерниясында 1436 балаға 17, Ақмола губерниясында 6223 балаға 32, Семей губерниясында 1801 балаға 43, Бөкей губерниясында 1004 балаға 13, Адай уезінде 30 балаға арналған 1 балалар үйі болса, Торғай уезінде 952 баланың 87-іне арнап 2 балалар үйі ашылған [15, 25 б.]. Салыстыра қарасақ, сол уақыт үшін панасыз балалардың арнаулы балалар мекемелерінде қамтылу жайы жаман емес. Тек Орынбор губерниясы мен Торғай уезінде балалар үйлерінің саны жеткіліксіз.

Аштықтың салдарынан халық арасында көптеген эпидемиялық – сүзек, іш ауруы, қыркұлақ, тырысқақ сияқты жұқпалы аурулар тарады. Емдеу орындарының жетіспеушілігінен жұқпалы ауруларға ұшырағандар саны күн санап ұлғайып, өлім-жітім көбейді. Республиканың Денсаулық сақтау халық комиссариатының мәліметі бойынша 1921 жылғы 1 қарашадан 1922 жылдың 1 шілдесіне дейін Орынбор, Орал, Ақтөбе, Ақмола губернияларында аштықтан 37657 адам өлген [16, 13 б.]. Әсіресе Бөкей және Орал губернияларында жағдай адам төзгісіз ауыр халде. Мәжіліс хаттамаларын парақтағанымызда үкіметтің мәселеге үлкен алаңдаушылық білдіріп, тығырықтан шығудың түрлі жолдарын қарастырғанына көз жеткіздік.

1923 жылы 19 мамырда Мәскеудегі Қазақ Өкілеттілігіне жолдаған хатында Сәкен Сейфуллин республикада сүзек пен оба ауруларының аса жоғары деңгейде меңдеп кетуінен ауруға қарсы күресу үшін Қазақ АКСР-і Халық Комиссарлары Кеңесінің қаулысы негізінде Орталықтан мемлекеттік бюджеттен несие бөлуді сұрап өтініш жасады [17, 9 б.]. Сұраныстың кешікпей қанағаттандырылуының нәтижесінде Бөкей губерниясында 250 орындық, Орал губерниясында 275 орындық емдеу пункттері ашылып, қалған қаржы Орынборда ашылған медтехникумның мұқтажына жұмсалатын болды. Алайда үкімет қаражатты толықтыруды көздеп, қосымша өлкелік қордан 4200 сом бөлуді ұйғарды [18, 36 б.]. Үкіметтің бұл ретте баса назар аударуының мәні мынада еді: аталған медтехникум сол кездегі республикадағы дәрігер мамандарын даярлайтын бірден бір жалғыз оқу орны болатын.

1924 жылы Орталық Қазақстан, оның ішінде Бетпақдалаға жаңа аштық апаты төнді. Мұның себебі 1923 жылы жазда Ақмола губерниясының оңтүстігіндегі Атбасар және Ақмола уездері құрғақшылыққа ұшырап, азық-түлік қорының тапшылығынан туды. Бұл туралы ақпараттар республика басшылығына түсе бастады. 1924 жылдың 26 наурызында Халком Кеңесінің мәжілісіне қатысушыларды Сәкен Сейфуллин осы жылдың 24 наурызында Қазақ ОАК-і Кіші Президиумы қабылдаған «Ақмола губерниясының оңтүстік бөлігіндегі ашыққандарға аймақтық қордан қаражат бөлу туралы» қаулысымен хабардар етті [3, 342 б.].

1924 жылы 17 мамырда үкімет мәжілісінде Ақмола губерниялық атқару комитетінің өкілі Стародубцевтің баяндамасы тыңдалды. Оның хабарлауынша Атбасар уезінің Қарсақпай болысы, Ақмола уезінің Ақмола, Қорғалжын, Нұра-Чернигов, Қарағанды, Асан Қайғы, Сарысу болыстары аштық жағдайында. Жалпы егістік көлемінің 387 мың десятинасы жұтқа ұшыраған. 1 млн. 159 мың пұт астық жетіспейді. 15 наурызға дейінгі мәлімет бойынша Атбасар уезінде ашыққан қазақтар саны – 4871, орыстар – 4328 адам. Уезд бойынша барлық аштыққа ұшырағандар саны – 14738 адам. Бұл көрсеткіш көктемгі егістің соңына қарай 100%-ға өсетіні жайлы болжам бар. Ақмола уезінде қала бойынша - 995 адам, балалар - 1821, уезд көлемінде ересектер - 4190 адам, балалар - 9005, барлығы - 16011 адам. Жазға қарай бұл көрсеткіш 50 мыңға дейін артады деген жорамал бар [19, 41-42 б.].

Қазақ ОАК-і жанындағы аштыққа қарсы күрес жөніндегі Орталық комиссияға түскен барлық ақпараттар жинақталып, нақты оқиғалар анықталды. Қабылданған қаулыда: «Аштық жағдайында деп табылған Ақмола, Атбасар уездеріне 65500 пұт астық босату жөнінде, ауыл шаруашылығын қалпына келтіру, жұмыс көлігін, құрал-жабдықтар сатып алу үшін 1 млн. 780 мың сом

көлемінде қаражатқа БОАК-нің алдына ұсыныс жасау; ашыққандарға азық-түлік бөлу үшін Ақмола губерниялық Балалар Комиссиясына тапсырма беруді Қазақ Балалар комиссиясына жүктеу; Денсаулық сақтау халық комиссариатына медициналық көмек көрсетуді міндеттеу; Ақмола губерниялық білім беру бөліміне ашыққан аудандар үшін балалар тағамына арнайы қаржы бөлуді жүктеу; аталған мәселелерді БОАК-де қарастыру үшін Ақмола губерниялық атқару комитетінен Стародубцевтің өкілдігін бекіту» - делініп, Сәкен Сейфуллиннің қолы қойылған [20, 44 б.].

Сәкен Сейфуллин істің орындалысын өзі жіті қадағалап отырды, аштық жайлаған аудандарды аралап, халықтың жағдайымен, аштыққа қарсы күрес жұмысының барысымен танысуға уақыт бөлді. Ол Ақмола губерниясының Ақмола, Чермак, Көкшетау уездерін аралап халықтың ауыр экономикалық күйіне қатты күйініш білдіреді. 1924 жылы 6 қыркүйектегі «Советская степь» газетінің тілшісіне берген сұхбатында: «Орыс селолары мен қалаларында босқын, аш қазақтар көбейген. Көкшетау уезінің бір ауылында жұмыс пен тамақ іздеген 7 адамды кездестірдік. Ақмоланың өзінде ашыққан қазақтар қайыр сұрауда. Аш-жалаңаш панасыз 50 қазақ баласын көрдім» - дейді [21, 2 б.].

Бұл бағыттағы жұмыстың нақты көрінісін үкімет басшысының өзінің мәлімдемесінен көруге болады. Атап айтқанда, комиссияның үгіт жұмысының ықпалымен ауқаттылар көптеген аш қазақ отбасыларын уақытша қамқорлыққа алған. Қалада 150 орындық қарттар пен балаларға көмек көрсететін мұсылман комиссиясы құрылған. Орталықтан бөлінген 5000 сомға 750 пұт астық сатып алынып берілген. Ағарту халық комиссарының орынбасары І. Темірбеков те үкімет басшысы Сәкен Сейфуллинге Атбасар мен Ақмола уездерінде панасыз балаларға арналған мектеп-коммуналар ашылғандығы жайында хабарлаған [22, 30 б.].

Қысқаша қорытатын болсақ, үкімет аштықтың салдарын жоюға қарсы табанды жұмыс жүргізді. Аштыққа ұшырағандарға егіске тұқым, көлік малын сатып алуға тегін әрі тиімді шарттармен несие берілуінің, балалар үйін, емдеу пункттерін көптеп ашып дер кезінде көмек көрсетуінің нәтижесінде мыңдаған балалар мен ересек адамдардың өмірі сақталды. 1922 жылдың аяғында, 1923 жылдың басында ашаршылық ауыртпалығынан күнкөріс қамын ойлап басқа жаққа ауып кеткен босқындар атамекендеріне қайтадан оралып келе бастады.

Үкіметтің ендігі жұмысы мына бағытта жүргізілді: қайта оралушы босқындарды орналастыру, жұмыспен қамту, салық түрлерінен босатып жеңілдіктер беру, несиеге берген қаражат мерзімін ұзарту. Сәкен Сейфуллин бұл іске үкімет мүшелерін жұмылдырып қана қойған жоқ, Қазақ ОАК-і және аштыққа қарсы күрес жөніндегі Орталық комиссиямен қоян-қолтық бірлесіп отырып атқарды.

Әдебиеттер:

1. Рейман М., Литера Б., Свобода К., Колоновск Д. *Рождение державы. История Советского Союза с 1917 по 1945 год.* – М.: Политическая энциклопедия, 2015. – 839 с.
2. *Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік Мұрағаты (ҚР ОММ) 5-қ. 1-т. 1-іс. 1-б.*
3. Абсеметов М.О. *Сакен Сейфуллин – Председатель Совета Народных Комиссаров Казахстана (г. Оренбург, 1922-1924).* – Астана: Рух-пресс, 2006. – 416 с.

4. Сахара сұңқары: Мемлекет және қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллинге арналады / Құраст. Д.Ж. Омарбекова. – Алматы, 2004. – 406 б.
5. Сейфуллин Сәкен. Көп томдық шығармалар жинағы. Т 2. – Алматы: Қазығұрт, 2004. – 392 б.
6. ҚР ОММ 5-қ. 3-т. 81-іс. 193-б.
7. ҚР ОММ 5-қ. 3с-т. 65-іс. 2-б.
8. ҚР ОММ 5-қ. 3с-т. 65-іс. 23-б.
9. ҚР ПМ 139-қ. 1-т. 266-іс. – 82-104-б.
10. ҚР ПМ 141-қ. 16-т. 1229-іс. 17-б.
11. Сейфуллин Сәкен. Алдағы істер // Еңбекші қазақ. –1923. – 12 март. – Б. 3.
12. Қазақстан тарихы. Бес томдық. 4-том. – Алматы: Атамұра, 2010. – 752 б.
13. СоветскаяКиргизия. – 1924. – № 1-2. – 30 с.
14. ҚР ОММ 30-қ. 1-т. 364-іс. 30-б.
15. ҚР ПМ 139-қ. 1-т. 359-іс. 25-б.
16. Нұрпейіс К. Тарихи тұлғалар / Бас ред. Б. Аяган. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2007. – 376 б.
17. ҚР ОММ 30-қ. 1-т. 270-іс. 9-б.
18. ҚР ОММ 30-қ. 1-т. 230-іс. 36-б.
19. ҚР ОММ 30-қ. 1-т. 301-іс. – 41-42-б.
20. ҚР ОММ 30-қ. 1-т. 301-іс. – 44-б.
21. Тяжелое положение киргизского кочевого населения. Интервью с Председателем Кирсовнаркома Сакеном Сейфуллиным // Советская степь. – 1924. – 6 сентября. - 2 с.
22. ҚР ОММ 30-қ. 1-т. 301-іс. – 30 б.

Касимова С.С.

ДЕЙСТВИЯ САКЕНА СЕЙФУЛЛИНА ПРОТИВ ГОЛОДА

В статье дается анализ причины голода в Казахстане и его устранение в период руководства правительством республики Сакеном Сейфуллиным. Ссылаясь на архивные источники автор отмечает, что при поддержке правительства выдавались кредиты для посевных работ, на покупку крупного скота, также были открыты детские дома и медицинские пункты, которые помогли многим детям и взрослым преодолеть голод. Доказаны, что такие социально-экономические меры, как трудоустройство беженцев, занятость, освобождение от налогов, способствовали повышению благосостояния населения, улучшению демографической ситуации. Автор формирует выводы, что в результате эффективной работы Казахского правительства во главе с Сейфуллиным, возобновилось возвращение населения, покинувшего пределы республики по причине голода в 1921-1922 годы.

Ключевые слова: голод, детские дома, медицинские пункты, кредит, губерния, неурожайность, эпидемия, Центральная Комиссия по борьбе против голода, повышение благосостояния, демография.

Kassimova S.S.

SAKENSEYFULLIN'S ACTIVITY AGAINST HUNGER

The analysis of the reason of hunger in Kazakhstan and its elimination during Saken Seyfullin's leadership of the Republic's government is given in the article. Referring to archival sources the author notes that with the assistance of the

government the loans for sowing works, on purchase of cattle were granted, orphanages and medical aid stations which helped many children and adults to overcome hunger were also opened. It has been proved that such social measures as employment of refugees and tax exemptions contribute to improving the welfare of the population. The author concludes that as a result of the effective work of the Kazakh government, led by Seyfullin, people who left the republic began to return during the famine in 1921-1922.

Keywords: hunger, orphanages, medical aid stations, loan, province, non-productivity, epidemic, the Central Commission on fight against hunger, welfare improvement, demography.

ӘОЖ 94(574)

Мухангалиева Ж.К. – тарих ғылымдарының кандидаты,
М.Өтемісов атындағы БҚМУ доценті
E-mail: Zhan_2102@mail.ru

ӘУЛИЕЛІК КУЛЬТІНІҢ ҚАЗАҚ ТҰРМЫСЫНДАҒЫ РӨЛІ

Аңдатпа. Мақалада діни наным-сенімдер, «әулие» түсінігі, олардың қазақ қоғамындағы рөлі, мәселелері қарастырылған. Бұл үшін әулиелердің тағдырлары мен қызметтеріне тарихи баға берілген ортағасырлық дерек көздеріне, халық ауыз шығармашылығына, іргелі еңбектерге, зерттеулерге талдау, саралау жасалынды. Нәтижесінде «әулиелер», олар кімдер, қызметі қандай, неге біздің ата-бабаларымыз оларға құрметпен қараған деген сұрақтарға жауап анықталып, өткен тарихи, мәдени болмысымызды ашып, одан сабақ аламыз.

Тірек сөздер: әулие, әулиелік орындар, Құран, ислам діні, қасиет.

Табиғаттың бізге беймәлім құпиялары әлі де жетерлік. Соның ішінде адамның бойындағы күш-қуат қайнарының түпсіз терең құпиясы толық ашылып болған емес. Әсіресе, кешегі кеңестік солақай саясаттың әулиелілік, көріпкелдік қасиеттерге ескінің қалдығы ретінде қарағандығы шындық. Алайда, осындай тыйым салу мен тосқауылға қарамастан атадан балаға берілетін қасиеттердің үзілмей келгенін де ешкім жоққа шығара алмас. Пайғамбарлар, әулиелер, атақты сынықшылар, емшілер адамзат ғұмырымен бірге жасасып келеді. Олардың іздері мифтер мен аңыз-әңгімелерде сайрап жатыр. Мұндай тұла бойында ерекше тылсым, жұмбақ қасиет дарыған адамдарды әрине «әулие» деп халқымыз қадір тұтқан. Сол өткен-кеткен әулиелердің феноменін бүгінгі ғылым қаншама шарықтап дамыса да түсіндіріп бере алмай келе жатқаны жасырын сыр емес.

«Әулие» – арабша «уали», көпше түрінде «аулия» – Алланың досы, Аллаға жақын тұрушы адам, Алланың қамқорлығындағы адам, Алланың мейірімі түскен адам, Алланың қалаулы адамы деген мағына береді.

Қасиетті кітабымыз Құран Кәрімде әулие туралы бірнеше аяттар келтірілген. Мәселен Халифа Алтайдың аудармасында «Юныс» сүресінің 62-ші аятында: «Біліңдер! Расында Алланың достарына қауіп-қатер жоқ, әрі олар

қайғырмайды» деп, әулиенің Жаратқан Тәңірі алдында қаншалықты қадір-қасиетке ие екендігін Алла Тағала өзі ескертеді [1, 216 б.].

Келесі «Әли Ғымыран» сүресінің 169-шы аятында «Алла жолында өлтірілгендерді өлі деп ойлама, әрине, олар тірі. Раббыларының жанында олар ризыққа бөлендіріледі» [1, 72 б.]. Тағы бір аятта: «Бақара» сүресінің, 154-ші аятында «Алла жолында өлтірілгендерді олар өлі демедер, олар тірі, бірақ, сендер сезіп біле алмайсыңдар» [1, 24 б.].

Аталған аяттардан біз Алла жолында жүріп өлгендердің өлмейтіндігін білдік, оны бізге Жаратушының өзі ескертіп, олардың ризыққа бөленетіндігін, бірақ, біздің оларды тірі екендігін білмейтіндігімізді айтады. Халық арасында аса беделге ие болған, халық жаппай зиярат ететін барлық әулиенің тарихына тоқталсақ, бәрінің тарихы бір жерде үндеседі, яғни, бәрі де хақ дініміз Исламды өркендетуге өмірлерін қиған. Ал, өмірлерін бір Алла жолына арнап дүниеден өткендерді Алла тағала «Оларды өлді деп есептемедер, олар тірі, бірақ сендер біле алмайсыңдар, олар ризыққа бөленеді» деп ескерткендігі жоғарыда келтірілді. Сондықтан да халқымыздың әулиені зиярат етуі, құрметтеуі, қастерлеуінің бәрінің хақ Құранмен негізделген дәлелдері бар.

Ал, халқымыздың түсінігінде әулиелер хақ Құранда аталғандай «тірі» саналған. Мәселен Үмбетей жырау «Бөгенбай қазасын Абылай ханға естірту» атты жырында:

Анау бір жолы аттанған
Әскерді қырғыз қырғанда,
Басынан оба қылғанда,
Ол хабарды ел біліп,
Көп батырмен сен жүріп,
Көзіңнің жасын көл қылып,
Қысылған әскер басының
Қасына барып тұрғанда,
Ақбоз атты шалғанда,
Мойныңа кісен салғанда,
Баба түкті Шашты Әзіз,
Содан бата алғанда,
Тілеуің қабыл болғанын,
Басыңа Қыдыр қонғанын,
Ұмыттың ба соны Абылай?! – демей ме?! [2, 74 б.].

Бұл жырда аласапыран заманда Абылай ханның әулие Баба түкті Шашты Әзіз басына зиярат етіп, ақбоз атты құрбандыққа шалып, Баба түкті Шашты Әзізден бата алғандығы, одан соң ханның басына Қыдыр қонып, тілеуінің қабыл болғандығы баяндалады. Әулиенің тірі екендігін, тіріге қолдау көрсететіндігін бұл жырдан да анық байқауға болады. Егер де әулиелер тірі адамға қолдау көрсете алмаса, Үмбетей Жырау «Баба түкті Шашты Әзіз, Содан бата алғанда», «Тілеуің қабыл болғанын, Басыңа Қыдыр қонғанын», деп айтпас еді ғой.

Әулиелердің «тірі екендігі» туралы Базар жыраудың мына жырынан байқай аламыз:

Мына бір шолақ дүниеден
«Әулие өлмес» дер едім;
Отқа салса, күймеген,

Залымдардың өмірі
Бір шарпуы тимеген,
Арамды көңілі сүймеген;
Дін мұсылман баласын
Кереметпен билеген;
Саһар тұрып жылаған
Хақтан медет сұраған;
Ол ерлердің тағаты
Құдайына ұнаған,
Бабай түкті Шашты Әзиз,
Ер Сейтпенбет, Мағзамнан,
Марал ишан, софы әзиз –
Солардан да өткен сұм дүние... [3, 90-91 б.].

Мұхаммед пайғамбар хадисінде: «Қайсыбір пендеге Алла жақсылық жасап, оны дін және шариғат ілімдеріне жетік етіп қояды. Оған дұрыс жолды сілтеп тұрады» – дегенді айтады [4, 59 б.]. Сол ілімін әрі қарай дамыта білген әрбір адам көп адамдар жете алмайтын жетістіктерге жетеді. Дін мен шариғатты қатар меңгерсе ерекше қасиетімен түрлі кереметтер, ғажайыптар көрсетеді. Ел ішіне данқы көзінің тірісінде-ақ тарайды, сондай адамдардың қатарында «әулиелер» болғандығын білеміз.

Ислам дінінде әулиелер жоққа шығарылмайды, қайта таза дін ұстанушылар, Алланың досы деп құрметтелінеді. Ислам энциклопедиясында «әулие» ұғымына былайша анықтама берілген: «Әулие» (араб тілінен аударғанда – желеп-жебеуші) – «ерекше діндарлығымен, дін жолына кіршіксіз берілгендігімен халық сеніміне ие болған қасиетті тұлға» [5, 94 б.]. Яғни, керемет қасиетіне ие, дін жолындағы адам.

XIX ғасырдың ғұлама ғалымы Ш.Ш. Уәлиханов зерттеуінде: «Қазақтарда әруақты қастерлеу салты қазіргі күнге дейін өз күшінде. Олар басына қауіп төнгенде, мұсылмандардың әулие-әмбиелеріне сыйынатын, әруағын көмекке шақырады. Қазақтар әруақтарға бағыштап төрт түліктің қайсысын болсын құрбандыққа шалады. Мінәжат етіп, әруақтың басына (моласына) барып түнейді. Құрбандық шалады, өзінің қолы жетпей жүрген көкейтесті арманын өтеуді тілейді» деп атап көрсетеді [6, 56 б.].

Зерттеушілер қазіргі таңда әулиелердің қазақ қоғамындағы рөлін анықтауға аса көңіл бөлуде. Өйткені әулиелер ерте кезден ата-бабаларымыздың аруақтарға сыйыну наным-сенімдері жоғалмай, ислам діні енумен қатар, қазақ қоғамында әулиелерді құрметтеудің кеңінен таралуы жайдан-жай емес еді. Олар салт-дәстүр мен әдет-ғұрыпты сақтап, халықты имандылыққа жетелейтін, Аллаға адал, керемет қасиеттерінің арқасында өздерін, өзге де адамдарды қорғап, сақтайтын тұлғалар болды. Ал қазіргі таңда олардың қызметіне күмәнмен қарайтын жандар да аз емес. Сондықтан «әулиелер» олар кімдер, қызметі қандай, неге біздің ата-бабаларымыз оларға құрметпен қараған деген сұрақтарға жауап іздеу өткен тарихи, мәдени болмысымызды ашуға, одан сабақ алуға мүмкіндік берер еді. Сонымен қатар, әулиелерге құрмет көрсетудің орнына оларға табынуға шақырып, халық арасында жаңсақ пікірдің қалыптасуына себеп болып отырғандар да аз емес. Мұндай жаңсақ ойлар қазақ қоғамында әулиелердің орнын, рөлін түсінбеуден туындап отыр. Қоғам және мемлекет қайраткері Ө. Байгелдиннің: «Жаңа имандылыққа бет бұрған адамдарға неден бастау керек, алдымен нені білу

керек соны түсіндірудің орнына қазақтың жанына қайшы келетін, ешқандай шарасына сыймайтын, ата-бабанды ұмыт, олардан без, әулие дегенге барма деген әңгімелермен елдің зәресін ұшырып, шошытуда. Аллаға ширік келтіруге болмайды деген әңгімені шығарып алды да, міне осыдан шыға алмай жүр. Адамдардың барлығы да он сегіз мың әлемнің жаратушысы және оның иесі бір Алла деп біледі. Бірақ, сонымен қатар, басқа ұлы бабаларының, әке-шешелерінің басына барып та зиярат жасайды. Бұл екеуі бір-біріне қайшы келетін ұғым емес. Әруақтар сендерге не береді дейді. Әруаққа бірдеңе алу үшін бара ма екен? Әруақты риза ету үшін барады. Осы елді, жерді, халықты сақтап қалдырған сол ата-бабаларымыз емес пе?», деген ойы жұмыстың негізгі мақсатын ашып берері сөзсіз [7, 4 б.].

Г.Кеніштайқызы өзінің ғылыми зерттеуінде бұл мәселенің өзектілігін былайша ашып көрсетеді: «Бүгінгі күні «әулие» ұғымын жаңаша көзқараста қарастырудың бірнеше себептері бар. Біріншіден, кенес дәуірі кезеңінде өз тарихымыз бен мәдениетіміздің құнды деректері яғни ауызша деректер ғылыми айналымға дер уақытында түспеуі себебінен ғылыми зерттеулер мен көпшілікке арналған оқулықтарда жаңсақ пікірлер пайда болды. Екіншіден, қоғамымызда кездесетін түрлі кедергілерге байланысты әулие мәселесі ислам дінімен бірге ғана зерттеліп, арнайы зерттеу объектісі ретінде қаралмады» [8, 161 б.].

Б.Әзірханов: «Мұсылмандар, біріншіден, өзін барлық мәселелер бойынша ден қойып тыңдайтын және өздері оның салты мен әдет-ғұрыптарын басшылыққа алып, дегенін орындайтын; екіншіден, қатерлерге ұрындырмай, дұрыс жолға бастайды деп кәміл сеніп, айтқандарына құлақ ұратын; үшіншіден, о дүниеде өздерін Алланың кәрінен қорғайды деп үміттенетін; төртіншіден керемет қасиеттерінің арқасында өздерін бұл жалғанда қорғауға, бәле-жала мен күнәлардан сақтауға және өздерінің барлық қажеттіліктерін қанағаттандыруға қабілетті деп есептейтін адамды әулие санайды», – дейді өткен ғасырда өмір сүрген Абу аль-Аалы аль-Маудуди өз тафсирінде» [9, 32 б.] десе, тарихшы Н.Д. Нұртазина өз еңбегінде әулиелік культке былайша баға береді: «Көп жағынан жасанды тұжырымдама шеңберінде халықтың наным-сенімдерінде шаманизм әсері күшті болды делініп, сонымен қатар әулиелердің рөлін, қызметін бұрмалап, оларды ескі діндердің дәстүрін жалғастырушы етіп көрсетуге тырысып бағу кең тарады. «Әулиелер культі», яғни сопы-әулиелерге табыну туралы халық пен ислам арасына от тастау үшін жасалған «ғылыми» пікірлер алға тартылды. Шын мәнінде, кейбір артта қалған топтар мен жекелеген адамдар арасында болмаса, мұсылман халықтарында, оның ішінде қазақ халқының арасында да, әулиені – тірісін де, өлген аруақты да – Жаратушы Алладан жоғары ешкім қойған емес, әулиелерді қатты сыйлаған, олардың бойындағы қасиетке, киеге сенген, олардың дұғасы қарапайым адамның дұғасымен салыстырғанда нәтижелі деп санаған, бірақ діннен безіп, Аллаға серік қосу, дербес культ жасау болған емес» [10, 104-105 б.]. Бұл ой-қорытындылар қазақ қоғамындағы әулиелердің қызметін айқын түсінуге мүмкіндік береді.

Әулиелерді құрметтеу қазақ халқының діни өміріндегі ең маңызды құбылыстардың бірі, бұл жағдай исламға дейінгі наным-сенімдердің сақталуы нәтижесінде діннің құрамдас бөлігі ретінде қалыптасты. Мұны сол заманнан қазірге жеткен «Әулие – Құдай емес, Құдайдан былай да емес», «Әулиеге түне, Құдайдан тіле», «Әділетті зор тұт, әулиені пір тұт» деген мақал-мәтелдер дәлелдейді.

Сондай-ақ, әулиенің ерекше кереметтерінің бірі – перзентсіз ата-анаға ұрпақ сыйлайтын қасиеті екендігі қазақ эпостарында, аңыздарында тұрақты дәріптеледі. Мысалы, «Қобыланды батыр» жырында бұл жағдай былайша көрініс табады:

Сексенге жасы келгенше
Бір бала көрмей Тоқтарбай,
Қайғыменен қан жұтып,
Ақылынан адасқан.....
Әулие қоймай қыдырып,
Етегін шеңгел сыдырып,
Жеті пірге танысқан.
Әулиеге ат айтып,
Қорасанға қой айтып,
Қабыл болған тілегі,
Жарылғандай жүрегі... [11, 4-5 б.].

Перзентке зар кәрі ата-ана «атса оқ өтпейтін, шапса қылыш кеспейтін» батыр баланы қалайды, нәтижесінде ол ел үшін еңіреген ердің ері болады. Ал, батырды өмірге келуіне о баста шапағат жасаған әулие оны алдағы қиын-қыстау ұрыстарда да ұдайы жеңіске жеткізуші жебеуші пірге айналады.

Ал «Алпамыс батыр» қиссасында бір перзентке зар болған Байбөрі бай әулиеге түнегені былайша суреттеледі:

Қожалардан бата алып,
Жапан кезген атанып,
Жоғары қарап өрледі...
Отырарда Арыстан бап,
Сайрамда бар сансыз бап,
Бәріне бір түнеді.
Әзіреті Қаратау
Әулиенің кені еді.
Өзен, сайын тастамай,
Бәріне бір түнеді... [11, 156-158 б.].

Өткен тарихымызда қазақтың дәстүрлі сенімінде – «әруақты шақырып», «әулиеден, пірінен медет тілеу» дәстүрі болғанын Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы «Өлеңмен берілген аят» атты өлеңінде де әулиеден медет тілеп, пірінен көмек сұрау, қазақ дәстүрінде бар екендігін дәлелдейді. Ол туралы:

Кәміл дүр сенің пірлерің
Барша білер сырларын,
Түркістан-дүр жерлерің,
Хазірет Сұлтан, сенен медет! [12, 232 б.] немесе «Түркістан сапары» өлеңінде:

Шығып ек кешегі айда елімізден,
Мекен-жай, қоныс қылған жерімізден.
Хазіреттің ақ күмбезін зиярат қып,
Қол жайып бата алғалы пірімізден – деп көрсетеді [12, 120 б.].

Сопылар Алланың нұры әулиелерге түседі, сосын барып адамдарға беріледі дейді. Шығыстың ұлы ойшылы Әбу Әли Сина «Аллаға қалтқысыз қызмет еткен, тақуалық жолына түскен, таза шын ниетпен өмір сүрген адамдарға да әулиелік қонып, кереметтер көрсету қабілетіне ие бола алады» деген пікір айтады. Әулиелер туралы тұңғыш жинақ суфизм жайлы алғашқы

жазбалар шыға бастаған X ғасырда жарық көрген. Кейін әулиелердің өмірбаяны ғылымда агиография делінетін олардың киесі мен қасиеттері жайлы жазбалар сондай-ақ әулиелердің кеңестер мен кездесулеріндегі сөздері, жазысқан хаттары өз алдына бөлек кітап болып шығарыла бастаған.

IV ғасырда өмір сүрген араб ғұламасы Убайд Закуни: «Дүние – дәулетке қанағат, қиындыққа сабыр қыла алмайтындардың орны. Ал әулие – дүниеге де, қанағатсыздар мен сабырсыздарға да назар аудармайтын адам», – десе, «Әулие – Құдайдың жердегі хош иісі», – дейді Ибн Муаз. Ал заманының Ұлы Ұстазы атанған Ибн әл-Араби «әулиелер жатқан жерде ерекше энергия болады» деп есептейді. «Қайда жүрсең де, әулиелердің басына зират етіп, дұға оқы», – деп жазады Ашраф Джахангир Симнани.

Жаллал ад-Дин Румидидің пікірінше: «Әулие деген басына бәле жауғанда жүрегінен бақыт табатын адам», – деп есептесе, аль-Имам ан-Науауи «ақылы бар адамға Алланың әулиелері туралы жаман ойлауға болмайды» – дейді [9, 32-33 б.].

Әулиелер туралы түсінік барлық діндерде кездеседі. Мысалы, христиан дінінде «великомученик» (ұлы қасірет шегуші), «апостол» (пайғамбар), «монах», «блаженный» (дәруіш), ретінде кездеседі. Ислам дінінде де әулие ұғымы бірден орныққан. Мұхаммед пайғамбардың серіктерін, туыстарын, кейінгі діни қайраткерлерді әулие тұту, оларға құлшылық ету дәстүрі барлық мұсылман елдерінде бар. Кейде оларды жинақы түрде «әулие-әнбиелер» деп те атайды.

Қазақ халқының дүниетанымында әулиеге табыну дәстүрі ежелден бар. Тәңірге сенген ежелгі түркілер Ұмай ананы, Қызыр атаны, ата-баба аруақтарын желеп-жебеуші санап, оларға үнемі сыйынып отырған. Ел иесі Көкбөріні қасиет тұту, су иесі Сүлейменге жалбарыну, тіршілігінің негізі төрт түлік малдың иелері – Қамбар атадан, Шопан атадан, Ойсылқарадан, Зеңгі бабадан, Шекшек атадан жәрдем күту ислам дініне дейінгі нанымдар қазақ халқының дүниетанымында күні бүгінге дейін сақталған. Бұл бағытта, әсіресе, қазақ даласына ислам дінінің сопылық ілім түрінде енуі үлкен әсер етті. Баба түкті Шашты Әзіз, Арыстан баб, Қожа Ахмет Яссауи, Бекет ата әулиелер білімпаз діндарлығымен де, қарапайым ізгілігімен де халық жадында мәңгілік сақталған. Қазақ халқы, сондай-ақ ел қорғаған батырларды, ұлт бірлігін сақтаған билерді, ақыл-парасатымен тұтас аймаққа үлгі болған аналарды әулиелер қатарына қосып, олардың аруақтарына табынып келеді. Қазақ халқы өз болмысында, өз рухани дүниесінде әлеуметтік тұрақтылықты алға қойған. Рухани және әлеуметтік тұрақтылық қазақ халқының жан тамыры болады десек, әулиелілік қазақ болмысының жан айнасы. Сондықтан қазақтар әулие, көріпкелдікті өзіне пір санаған [13, 37-38 б.].

Әулиелер культі исламда маңызды орын алғаны белгілі. Үлкен аумақты мекендеген, сан ғасырлар көшін басынан өткізген елдің салт-дәстүрлері, наным-сенімдерінде әулиелі жерлерге байланысты ортақ бір іс-әрекеттер бейнеленген. Атап айтқанда: тірі кезінде, кейін қайтыс болған соң қасиетті әулиенің кереметтері ел аңыздарында және өзге де деректерде айтылып отырады, әулиенің мазары қасиетті орынға, ол жердегі қалған заттар құнды қасиетті жәдігерлерге айналады, елдің жадында, түсінігінде қасиетті орындардағы әулиелер Жаратушы мен адам арасындағы дәнекер, оның Жаратушы берген күші пендеге де өтеді деген наным, мазарға ел үнемі зиярат етіп келеді және ол жер рухани орталыққа айналады, әулие мазарларында құрбандық шалу, түрлі рәсімдер жасау [13, 56 б.].

Әулиелер, әулиелік орындар – адам мен жерді, өткен уақыт пен бүгінді, ата-бабалар аруағын бүгінгі пендемен жалғастырып жатқан, реалды географиялық координатқа ие нүктелер болып табылады. Адам осындай жерге зиярат (түнеу) ету арқылы құдды басқа бір өлшемге, арғы дүниеге сапар шеккендей болады, ата-баба аруағынан өзінің тілегінің орындалғанын көрсетер белгі-нышан күтеді. Баяғының сөзімен айтқанда «аруақ қолдайды». Әулиелер бізден бас тартса, әулиелік орындар өздерінің киелілігінен айырылып, кесірлі орындарға, әулиелерге, ата-бабалар рухына деген сенім өз өзектілігін жоғалтса – олардың мекендері жын-жыпырдың ордасына айналады деп сенген.

Әулиенің белгілерін ғұламалар төмендегідей білдірген:

1) Әулиенің кереметі болады. Ғайыпты әулие түгіл, періштелер, тіпті пайғамбарлар да білмейді. Бірақ Аллаһу та'алла қаласа, қалаған құлына ғайыптан кейбір нәрселерді білдіре алады. Пайғамбарымыздың ғайыптан хабар берген көптеген мұғжизалары бар. Әулиелерден де ғайыпты білдірген көп кереметтер көрінген;

2) Әулиені көрген адамның көңілі оған бейімделеді. Әулиенің әр сөзі, әр әрекеті Исламға толығымен сай болады. Қасындағы адамдардың жүректерінде Аллаһ қорқуы мен махаббаты пайда болып, басқа нәрселерге деген қызығушылық өшеді. Әулие өлі (имансыз) жүректерді тірілтеді, тазалайды. Олардың қасында болғандардың күнә істеуге деген қалаулары жойыла бастайды;

3) Сенімінде бұзықтық болған адамдар әулие бола алмайды;

4) Әулие бүкіл жаман мінездерден ұзақ, жақсы мінездердің барлығын өзінде жинаған адам. Өзіне зияны тигендерді кешіреді, араздағанға жақсылық, сый-сияпат көрсетеді. Онда мал-мүлік, лауазым және атаққұмарлық болмайды. Мақтағанды ұнатпайды. Сынағаннан қорықпайды. Қарапайым мінезімен өзін ешкімнен үстем деп білмейді, ешкімді де қорламайды. Ілім иесі және ықыласпен құлшылық етеді. Ешкімнің зиянын ойламайды, қаламайды. Жұрттарға мейірімділік көрсетеді, жаны ашиды. Адамдардың ақыреттегі бақыттылықтары үшін еңбек етеді. Сөзінде, уәдесінде тұрады. Аманатты сақтайды, ешкімге қиянат жасамайды. Өзінікі дұрыс болса да таласпайды. Қиыншылықтарға, бәле-жалаларға сабыр етеді. Нығметтерге шүкіршілік етеді. Күнәлардан, әсіресе имансыз кетуден қатты қорқады. Қысқасы әулие ең жақсы адам деген сөз. Мұхаммед Сәлим хазіреттен «бір адамның әулие екенін қалай білуге болады?» деп сұрағанда «Тәтті сөзі, көркем мінезі, жомарттығы таласып-тартыспауы, кешірімділігі және бүкіл адамдарға, жандыларға мейірімділігінен кісінің әулие екенін білуге болады» деген [14, 35 б.].

Әулие туралы ұғым ислам дінінің тарихының әр түрлі кезеңінде әр қилы мағынаға ие боп, дамып отырған. Сопылық ілімнің ілкі дәуірдегі (IX ғ.) өкілдерінің бірі Зүнүн Мысыри (796-859 жылдар) еңбегінде осы термин теософиялық мәнде қолданылады. Одан кейінгі кезеңдегі авторлар әулиені діни практикада кемелденіп толыққан тұлға, Алла туралы ілім-білімге қанық жан ретінде түсіндіріп, оған жаратушы туралы құпия сырды білуші (ал-ғайб), Алланың дидарын көрген (мушахадат ал-хакк) деген сипаттарды береді. Әсіресе Хаким Термези «Пайғамбар тек Аллаға ғана емес, әулиенің демеуіне де иек артады, себебі әулие пайғамбардан төмен болғанымен оның сайрап

тұрған қызыл тілі ұдайы Алла тағаланы еске түсіруге қызмет етеді, ал лүпілдеген жүрегі Алланың нұрымен нұрланған» деп жазады.

X ғасырда суфизмде әулие иерархиясы жүйелі түзім тапты: әдетте олардың саны 356, кейде 500, ал рухани көшбасшысы «кутб» (жарылқаушы) аталды. Бұл құрылымда сопылық пен шииттік арналар тоғысып кеткен. XII-XIV ғасырда сопылық бауырластық күшейгенде әулиенің қоғамдағы орыны мен мән-маңызы, атқаратын қызметі мен міндеті еселеніп арта түсті. Зерттеушілер сопылық пен әулие ұғымының қанаттас дамығанын және бұл құбылыстың (суфизм) XIII ғасырда ислам дүниетанымында шешуші мәнге ие боп, зор ықпал жасағанын айтады. Ғылымда анықталғандай әулие культі әсіресе ресми діннің орталығынан шеткерілеу аймақтарда тұрғылықты халықтың байырғы наным-сенімдерімен, салт-дәстүрімен, ырым-жораларымен тығыз сабақтастықта қалыптасатыны – анықта, қанық жайт. Түйіндеп айтқанда, әулие культінің орнығуына жергілікті халықтың табиғат нысандарына табыну жорасы (Мысалы: көрікті тау-тас, сырлы үңгір, шипалы көл-бұлақ), шаманистік мифологиясы, аруақтарды ұлықтау рәсімдері өзгеше лепте үндесіп, айырғысыз тұтастықта ұштасып, әбден кірігіп кететіні байқалады. Түптеп келгенде, мұның бәрі халықтық исламның сомдаған төл түсінігі болып табылады, осы ілімге сүйенген ел әулиені таңғажайып керемет иесі (карама), береке-ырыздықтың бастау көзі, тілекті қабыл етіп жарылқаушы, әр түрлі кәсіптің жебеуші иелері, қамқоршысы бейнесінде таниды. Көзі тірісінде елді рухани тура жолға бастаған әулиелердің қайтыс болғаннан кейін де қадір-қасиеті тағы да арта түседі, себебі олардың қабіріне кесене тұрғызылып, бұл қасиетті дүрбе мұсылмандардың тұрақты зиярат ететін киелі мекеніне айналады. Мәселен, Қазақстандағы Баба түкті Шашты Әзіз, Арыстан баб, Ысқақ баб, Бекет ата, Яссауи, Әулие ата, Қоңыр әулие сияқты әулиелердің сағаналарына халық жиі тағзым етуде.

Қазақ арасында ислам дінін таратып, осы жолда өмірін сарп етіп, жанын қиған Арыстан баб, Қожа Ахмет Иасауи, Масат ата, Укаша ата секілді арғы тегі хазірет пайғамбардан таралған әулиелер ерекше ілтипатқа ие. Олардың тұқым-жұрағаттарын халық қожа деген әлеуметтік қабатқа жатқызып, ақсүйек деп ардақтап келеді. Сонымен бірге дінді тарату жолына күш салып, бұқараны имандылыққа үндеген жергілікті халықтан шыққан Әулие ата (Сатық Бұғра Қара хан), Бахауиддин Нақышбанд, Бекет ата, Науан хазірет, Марал ишан секілді тұлғалар да әулиелік жолды жалғастырушылар болып есептеледі.

Қазақтың әпсана-мифтерінде әулие кереметті көрсетуші, тылсым сырды шешуші, жоқтан барды жасаушы, батырларды жебеуші пір, дін жолында құрбан болушы бейне ретінде дәріптеледі. Оның мұндай қызметтері, әлбетте, өңірдегі табиғат нысандарымен тікелей байланыста болып келеді [9, 31 б.].

Г.П. Снесаревтің зерттеуінде әулиелі жерлерді сипатына қарай жүйелеп, төрт топқа бөлген:

1. Нақты өзінің аты жоқ, лақап атпен белгілі әулиелер мазарлары, жерлеу орындары;
2. Құран-библиядағы әулиелер, атап айтқанда Мұса, Нұх, Сүлеймен, Дәуіт және тағы басқалар. Алғашқы исламның кезеңіндегі алғашқы халифтер, Пайғамбар ұрпақтары, ілімін жалғастырып, таратушылар. Осы топта әр түрлі мамандық пен кәсіпті қолдаушы әулиелер аталған;

3. Үшінші топта ортағасырлық сопылар негізін салушылар, жетекшілері, ізбасарлары аталады. Осы топта Г.П. Снесаревтің тұжырымында әулиелер көп және кең танымал болған. Дін таратушы жергілікті әулиелер мен дін аша келген әулиелер кең тарады;

4. Төртінші топта жергілікті билеушілер отбасы мүшелері, жеке адамдар ел арасында әйгілі, кең тараған қасиетті әулиелер жанында жерленген соң белгілі болған адамдар енген.

Г.П. Снесарев Орта Азиядағы әулиелер культінің тарихи тамырын, екі бастауын ата-баба культі және көне өркениет жағдайында қалыптасқан зороастризммен байланыстырған [15, 56 б.].

Қазақ даласында әулиелі жерлер көп. Олардың көп жері – Қаратау алқабы деуге болады. Соларды өлкені зерттеушілер үш топқа бөлген. Біріншісі – Бабтар, екіншісі – сопылар, үшіншісі – аталар, шәкірттер деп бөлінеді. Әулиелер культі бірінші, белгілі бір кезеңде өмір сүрген тұлғалардың әулиеге тән қызметі, уақыт беделінде қиял-ғажайып сипат алған тарихи бейнесі, екінші әулиелерге байланысты мазарлар, ғибадатханалар, молалардың болуы және олардың жанындағы барлық құрылыс, шырақхана, түнек үйі, шырақтар, су көздері, құдықтар, ағаш, тастар – бәрі қасиетті болып есептеу, белгілі бір зиярат ету рәсімінің болуы.

Исламға дейінгі дәстүрдің жұрнақтары тұрмыстық, халықтық ислам ретінде көрсетіліп, исламмен әрекеттесе отырып, өзінің өміршеңдігін жалғастырып келеді. Әулиелер культі исламға дейінгі наным-сенімдердің көптеген бөліктерін өзіне жинақтай отырып, өзінің негізгі ойы бойынша ислам рухын бейнелейді. Әулиелер мазарлары, олардағы белгілер кейбір исламға дейінгі рәсімдерді, салт-дәстүрлерді сипаттайды [7, 3 б.].

Қабірлерге, әулиелерге зиярат ету – қазақ салт-дәстүрлерінің ықпалды бір бөлігі, ғасырлар бойы қалыптасқан тәрбие институты. Мұндай тұтас институтты халықтың санасынан сылып тастау мүмкін емес. Әрі бұл қадам аса қауіпті де. Өйткені зиярат институты жойылған жерде пайда болған рухани бос кеңістікті міндетті түрде әсіресе деструктивті ағымдар жаулайды.

Бүгінгі материалдық дүниенің көзімен қарағанда, «әулие» дегеніміз – көбіне-көп көзге түсе бермейтін жалғыз құлпытас, ағаш түрінде мола ғана. Сондықтан мұндай орындар ресми тарихи-сәулет ескерткіштерінің қатарына қосылмай, ресми ескерткіштер тізіміне енгізілмей қалып жатады. Өйткені әулиелерді құрметтеу бүгінгі діни оқулықтарда қарастырылмаған, қайта керісінше – жоққа шығаруға деген бейімділік байқалады.

Сондықтан олардың басын қарайтып, күніміз түскенде ғана бірдеңе дәмепіп түнеумен шектелмей, олар туралы ақпарат жинап, олардың рухани болмысын тануға да әрекеттену керек. Өйткені олар жөніндегі түсініктердің басым көпшілігі бүгінде естен шығарылған, білетініміз – азын-аулақ, оның өзінде де өңін адам танымастай етіп өзгертіп алған жарымжан аңыздар ғана. Ал шындығында, қай әулиенің болмасын, аңызының астарында ғасырлардың ғана емес, мыңжылдықтардың сыры жасырулы жатыр. «Аңыз түбі-ақиқат» деп бекер айтпаған дана халқымыз [16, 38 б.].

Жалпы әулиелердің қазақ қоғамындағы рөліне келер болсақ, олар белгілі бір өңірде, белгілі бір кезеңде өмір сүрген, ислам дінінің халық арасына таралуына ықпал еткен, сол кезеңнің өзінде халықты өзінің кереметтерімен бас идірген адамдар болған. Осындай тұлғалардың қызметін зерттеу, зерделеу арқылы ұлттық құндылықтарымызды жаңғырту, жаңғырта отырып,

жас ұрпақты рухани бай мұрамен сусындатып, оларды қастерлеуге тәрбиелеуге зор үлес қосамыз.

Әдебиеттер:

1. Құран Кәрим. Қазақша мағына және түсінігі / Аударған Х.Алтай. – Медине: Құран Шәриф басым комбинаты, 1991. – 674 б.
2. Жеті ғасыр жырлайды: 2 томдық. 1 – том. – Алматы: Жазушы, 2004. – 528 б.
3. Жеті ғасыр жырлайды: 2 томдық. 2 – том. – Алматы: Жазушы, 2004. – 400 б.
4. Мұхаммед пайғамбардың хадистері / Аударған Н.Қазыбеков. – Алматы: Жазушы, 1993. – 64 б.
5. Ислам энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Аруна Ltd» ЖШС, 2010. – 592 б.
6. Уәлиханов Ш.Ш. Көп томдық шығармалар жинағы. Т. 4. – Алматы: Толағай групп, 2010. – 496 б.
7. Байгелди Ө. Қазағым қайда барасың? // Егемен Қазақстан. – 2010. – 3 қараша. – №456 (26299). – Б. 1-4.
8. Кеніштайқызы Г. Қазіргі қоғамдағы әулие ұғымы, шығу тегі және дамуы / ҚазҰУ хабаршысы. Тарих сериясы. – 2011. – №4 (63). – Б. 160-162.
9. Әзірханов Б.А. Сопылықтың сусындар бұлағы // Саясат. – 2005. – №9. – Б. 30-35.
10. Нұртазина Н. Қазақ мәдениеті және ислам (тарихи-мәдениеттанулық зерттеу). – Алматы, 2002, – 208 б.
11. Батырлар жыры. 1 том. – Алматы: Жазушы, 2000. – 256 б.
12. Көпейұлы М.Ж. Көптомдық шығармалар жинағы. 4-том. – Алматы: «Алаш» баспасы, 2005. – 336 б.
13. Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. 1-том: біртұтастығы мен ерекшелігі / Құраст. С.Әжіғали – Алматы: «Арыс» баспасы, 2005. – 328 б.
14. Сағындықұлы Б. Ғаламның гажайып сырлары. – Алматы: Ғылым, 1997. – 296 б.
15. Жетесов Ж. Дін, сенім, наным ұғымдарының ерекшеліктері // Саясат. – 2009. – №86. – Б. 55-56.
16. Омарова А.С. Әулие деген қандай адам? // Дана. – 2014. – №1(12). – Б. 35-38.

Мухангалиева Ж.К.

РОЛЬ КУЛЬТА СВЯТЫХ В БЫТУ (В ПОВСЕДНЕВНОЙ ЖИЗНИ)

В статье рассматриваются проблемы роли в казахском обществе религиозных верований, понятие «аулие (святой)». С целью определения исторической оценки судьбы и роли аулие в работе проведен анализ фундаментальных исследований, сведений средневековых источников и фольклорных народных произведений. В результате проведенного исследования мы получаем ответ на вопросы «кто такие аулие», «какова их деятельность», почему наши предки высказывали им большое уважение», что даёт нам возможность восполнить наше исторические и культурные ценности.

Ключевые слова: святой, сакральные (святые) места, Коран, ислам, дар.

Mukhangaliyeva Zh.K.
THE ROLE OF THE CULT OF SAINTS IN EVERYDAY LIFE OF THE KAZARHS

The article deals with the role of “auliye (holy)” in the Kazakh society of religious beliefs. In order to determine the historical assessment of fate and role in the work, the analysis of fundamental research, information from medieval sources and folklore works is carried out. As a result of the study, we get the answer to the questions “who are the auliye”, “what is their activity”, “why did our ancestors show them more respect”, which gives us the opportunity to replenish our historical and cultural values.

Keywords: Saint, sacred (holy) places, Quran, Islam, gift.

ӘОЖ 94(574),,05|16”

Токсанбаев А.К. – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің докторанты
E-mail: almas_0404@mail.ru

**КӨШПЕЛІЛЕР ҚОҒАМЫНДАҒЫ БИЛІК ҚҰҚЫҒЫНЫҢ
ЗЕРТТЕЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Андатпа. Автор өз мақаласында Көшпелілер қоғамындағы ежелгі және орта ғасырлардағы билік құқығына қатысты жазылған еңбектерді саралап, оларға талдау жасады. Отандық тарих саласындағы көшпелілер мемлекеттілігіне байланысты негізгі ұстанымдарға талдау жасалған. Дәстүрлі қоғамдағы билік және әдеттегі құқықтың рухани құндылықтар мен сабақтастығын анықтап, нақты қорытындыларға келген.

Тірек сөздер: мемлекеттілік, империя, қаған, хан.

Бүгінгі таңда көшпелілердің тарихы, мәдениеті мен өркениеттілігі жан-жақты зерттелуде. Қазақ елі өз тәуелсіздігін алғаннан кейін көшпелілер қоғамы туралы мәселелер толығымен түсуде. Соның ішінде қазіргі таңда ғалымдар арасында жиі пікір таласқа түсетін көшпелілердің мемлекеттілігі, және олардағы билік жүйесі мен билік құқығы мәселесі болып отыр. Ол мыңжылдық тарихымен және өміршеңдігімен, адам еркіндігін жақтаған сипаттарымен ерекшеленді. Көшпелілердің құқықтық жүйесінің тарихын зерттеу қазақ қоғамының өмір тіршілігін және мемлекеттің саяси билік, әлеуметтік құрылымы маңындағы күрделі мәселелерді анықтауға жол ашады. Қандай құқық болса да қоғамның талаптарына орай туындайды, бұл жағдай Көшпелілер қоғамына қатысты күрделі мәселелерді қарастыруда әдеттік құқықтық қатынастардың маңыздылығын көрсетеді. Көшпелі мемлекеттердің құқықтық қатынастарды реттеу әрекеті түрлі тарихи кезеңде өткенімен, оның қызметі және ішкі мәні жақын болды. Көшпелілердің мемлекеттік құрылымы, саяси билік формасы, құқықтық мәдениетінің даму үдерісі ертеден бастау алады. Қазақстан территориясында көне дәуірде өмір сүрген тайпалардың және табиғи-дәстүрлі кезеңдегі қоғамдық қатынастар мен құқықтық жүйесінің сипаты қазақ қоғамының өзіне тән құқықтық негіздерінің қалыптасуына ықпалын тигізді.

Шығыстың көрнекті ойшылы Ибн-Халдун «адамның басқа жан-жануарлардан ерекшелігі – ол билік үшін күреседі» деп сипаттаған екен. Ал, ағылшын философы, қоғам қайраткері Бертран Рассель физикада басты ұғым энергия болса, қоғамдық ғылымдарданегізгі ұғым билік болып табылады десе, Американың әйгілі әлеуметтанушысы Талкотт Парсонс экономикалық жүйеде ақша қандай орын алса, саяси жүйеде билік тесоншалықты орын алатындығын атап көрсетеді [1, 30-31 б.]. Орта ғасырда өмір сүрген Жүсіп Баласағұнның «Құтты билік» шығармасында айтылған ойлар бүгінгі күнге дейін де өз мәнін жоймай отыр. Бұл дастанда саясат, мемлекетті басқару әдістері, билеушілердің әдептік ережелері, қоғамдық-саяси мәні бар нұсқаулар мен ережелер, адамдар арасындағы түрлі деңгейдегі қатынастар мәселелері жан-жақты қарастырылған. Ғұламаның негізгі қағидалары әділеттілік, ізгілік, парасаттылық, қанағат, бақыт, ақыл-сана, білімділік туралы болып келеді. Баласағұнның айтуынша, мемлекетті басқарудың сан қилы әдістерін игеру, алуан мінезді қоғамды уыстан шығармау, әлсізді қорғау, қажетті жағдайда күште қолдана білу маңызды [2, 378 б.] Осы тұста біз Жүсіп Баласағұнның бұл ойларын өзі өмір сүрген дәуіріндегі басшыға берген сипаттары десек, онда оның еңбегінен сонау ортағасырдағы биліктің қаншалықты дәрежеде болғандығына куә болып отырмыз. Көріп отырғанымыздай билік пен билік ету мәселесі әрдайым назарда болған және солай болып қала береді де. Әдетте, «билік» деген сөз әр түрлі мағынада қолданылатыны анық. Тек оның ықпалету бағытына, объектісіне байланысты мынадай топтарға бөлеміз: мемлекеттік, экономикалық, саяси, әлеуметтік, құқықтық, әскери, рухани билікжәне т.б. Бірақ, биліктің толық мағынасы мемлекеттік болған кезде ғана айқындалатыны анық.

Біздің мақсатымыз көшпелілер қоғамындағы билік құқығына қатысты зерттеушілердің пікірі қандай болды? Әскери демократиялық, монархиялық, немесе дәстүрлі биліктің қайсысын көшпелілерге тән деп тұжырым жасады? Көшпелілердегі жоғары билеушінің әр түрлі атаулары билік жүргізу ісінде өзіндік ерекшеліктеріне қандай түсініктемелер айтты? Мысалы, Үйсін мемлекетінің билеушісі күнби,ғұндар мемлекетінің билеушісі шаньюйдің, түрік мемлекетінің билеушісі қаған,монғол ұлыстарымен Қазақ хандығында хандар билігінің легитимдігі мен өзіндік ерекшеліктерінеғалымдар қандай анықтамалар берді.Осы тақырыпты ашу үшін біз мақаламызда көшпелілердегі билік құқығын зерттеген кейбір зерттеушілердің еңбектеріне тарихнамалық шолу жасауға ұмтылдык.

Көшпелілер тұрмысы, мәдениеті және әлеуметтік-саяси құрылымы сырттан қарапайым болып көрінуі заңдылық. Сондықтан болар көшпелілер қоғамы алғашқы даму сатысындағы әлеуметтік ұйым ретінде қарау басым болды. Оған қатысты түрлі көзқарастар да айтылды. Көшпелілер тарихында жоғарғы билік пен құқықты зерттеу әрбір тарихи-мәдени кезеңдерде әртүрлі сипатта болды. Жалпы тәуелсіздікке дейін кеңестік ғалымдар «феодализмді аңсаушы», «хан билігін көксеуші» секілді айыптар тағылып, көшпелілердің мемлекеттілігін зерттеу артта қалған еді. Әлі күнге дейін кейбір ғалымдар көшпелі қоғамда мемлекеттілік болғанын жоққа шығарып, көшпелі қоғамда орнаған мемлекеттер жетістіктерін, әлемдік өркениетке қосқан үлесін жоққа шығарып бағуда. Ал енді зерттеушілердің басқа бір бөлігі көшпелілер ерте мемлекеттік деңгейге жетті десе, екіншілері көшпелілер өркениеттік деңгейгекөтеріле алмады деген қорытындылар жасады. Қазіргі таңда бұл

сұрақтың мазмұны өзгерді. Көшпелілер тарихын зерттеушілер арасында көшпелілер қоғамы күрделі әлеуметтік ұйымдасуын дәлелдей келіп олардағы билік жүргізудің жоғарғы деңгейде болғандығын анықтайтын жаңа тұжырымдар енгізілді. Көшпелі қоғамдағы билік мәселесіне баса назар аударыла бастады. Олардың өзіне тән ұйымдасуы, ішкі реттеушілік қызметінің құқықтық мәдениетте орын алуы, көшпелі қоғамның күрделі қатынастарға негізделген әлеуметтік ұйым болғанын көрсетеді. Әлеуметтік ортаның өзара тығыз байланыстылығы, көшпелілердің өмір сүру кеңістігінде қоғамның әрмүшесінің қызметі мен жауапкершілігінің шарттары айқындалады.

